D-ID Creative Reality™ Studio AI Video Generator веб қосымшасы кез келген бір суретке жан бітіріп, сандық адамдардың AI бейнелерін жылдам және оңай жасауға мүмкіндік береді. Бұл инновациялық тәсіл уақыт пен ресурстарды үнемдей отырып, назар аудару және іскерлік дағдыны орнату үшін кәсіби бейнелерді тиімді жасауға мүмкіндік береді.

<https://studio.d-id.com/>

Физика және информатика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану маңызды орын алады. Цифрлық технологияларды сабақта дұрыс қолдану функционалдық сауаттылықты арттырып, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, сондай-ақ оларды заманауи қоғамға қажетті дағдылармен қамтамасыз етеді. Бұл тәсілдер оқу процесін жандандырып қана қоймай, студенттердің логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыруға, өз бетінше ізденіс пен талдауға ынталандыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Виноградова Н.Ф., Кочурова Е.Э., Кузнецова М. И. және т. б. бастауыш сынып оқушысының функционалдық сауаттылығы: мұғалімге арналған кітап. Ред. Н.Ф. Виноградова. М.: орыс оқулығы: Вентана-Граф, 2018. 288 б.
3. Калинин Е. Н. 5-9 сынып оқушыларының функционалдық математикалық сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмалар жинағы. - Новокуйбышевск, 2019.
4. Математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік материалдар / редакциялаған Н.В. Долматова 2021ж.
5. Пожарова Г. А. оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырудың маңызды элементтерінің бірі ретінде тәжірибеге бағытталған есептер / Г. А. Пожарова. - Мәтін: тікелей // Жас ғалым. - 2021. - №1(343)
6. Селевко Г. К. Заманауи білім беру технологиялары. Оқу құралы. М. 1998

БІЛІМ БЕРУДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ҮШІН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Кадыржанова А.К

«Жаңақала колледжі» МҚКК, БҚО, Жаңақала ауданы.

Аңдатпа: Білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігі артып отыр. Функционалдық сауаттылықты арттыру үшін заманауи технологияларды қолданудың маңызы зор. Ақпараттық технологияларды қолдану білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беріп, жол ашады.

Қазіргі уақытта нәтижелі білім беруде және оның сапасын арттыруда ең басты мәселелердің бірі – оқытудың жаңа заманауи технологияларын енгізу, білім

беруді ақпараттандыру болып табылады. Бірінші орынға білім алушылардың өмірде кездесетін барлық өзгерістерге тез бейімделуі, ақпаратты өз бетінше таба білуі, оны талдауы, қолдана білуінің қажеттілігі маңызды болмақ. Ең бастысы әрбір білім алушының функционалды сауатты болуы маңызды, өйткені бұл білім алушының қолданбалы білім негізінде өмірдің және қызметтің әртүрлі салаларында стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілеті. Осы қабілет – функционалды сауаттылық болып табылады.

Функционалды сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалды сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалды сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Жалпы функционалды сауаттылықтың түрлері:



Оқу сауаттылығы – мәтіндерді оқу және түсіну қабілеті, мәтіннен ақпарат алу, түсіндіру және күнделікті өмірде пайдалану қабілеті.

Математикалық сауаттылық – тұжырымдау, қолдану және түсіндіру мүмкіндігі. Математикалық ұғымдарды, процедураларды, фактілер мен құралдарды қолдану қабілеті.

Жаратылыстану сауаттылығы – бұл адамның жаратылыстану ғылымдарына қатысты мәселелер бойынша белсенді азаматтық ұстанымға ие болу қабілеті.

Қаржылық сауаттылық – қаржылық ұғымдар мен тәуекелдерді білу және түсіну. Әртүрлі қаржылық жағдайларда тиімді шешімдер қабылдау және экономикалық өмірге қатысу мүмкіндігінің қабілеті.

Жаһандық құзыреттілік – әлемдік және мәдениетаралық мәселелерді әр түрлі тұрғыдан қарау, тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті.

Креативті ойлау – бұл инновациялық және тиімді шешімдер алуға, идеяларды қабылдау, әзірлеу, бағалау және жетілдіру қабілеті.

Білім беруде функционалдық сауаттылықты арттыру үшін заманауи технологияларды қолданудың маңызы зор. Ақпараттық технологияларды қолдану білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Оқытушы сабақтарында бұл технологияны белсенді қолдану қажет. Компьютерлік презентациямен жұптық және топтық жұмыс, кластерді өз бетінше құрастыру, тақырып бойынша тірек сызба құру, бейнефрагментке сұрақтар құрастыру, интерактивті тақтаны пайдалану және т.б. жатады. Компьютерді пайдалану арқылы пәндерден әртүрлі эксперименттерді модельдеуге, визуализациялауға және өз бетінше зерттеушілік ізденістерге мүмкіндік береді. Басты мақсат білім беруде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азамат қалыптастыру, оның әлемге әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- ✓ белсенділік;
- ✓ шығармашылық тұрғыда ойлау;
- ✓ өз бетімен оңтайлы шешім қабылдай алу;
- ✓ талапқа сай кәсібін дұрыс таңдай алу;
- ✓ өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Жалпы сабақ барысында білімді меңгеру деңгейі төрт сатыдан тұрады:

Үйренушілік деңгей	• Білу	функционалдық сауаттылықтың төменгі деңгейі
Алгоритмдік деңгей	• Түсіну • Талдау	функционалдық сауаттылықтың орта деңгейі
Эвристикалық деңгей	• Қолдану • Жинақтау	функционалдық сауаттылықтың жоғары деңгейі
Шығармашылық деңгей	• Бағалау	функционалдық сауаттылықтың ілгері деңгейі

Шығармашылық деңгейдегі білім алушылар танымдық қабілеті қалыптасқан, толық құзырлыққа ие. Білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді жиі пайдалану қажет. Білім беруде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді әдістері өте көп.



Жаңа заманауи технологияның басты мақсаты – өздігінен дамуға ұмтылатын, білімін әрдайым жетілдіріп отыратын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жаңа ақпараттық технология құралдарын оқу, тәжірибеде қолдану әдістері сан алуан. Білім беруде функционалдық сауаттылықты арттыру үшін ақпараттық технологияларды қолданудың басты артықшылықтары:

- ✓ Білімнің сапасы артады;
- ✓ Жүргізілетін жұмыстың дәлдігі артады;
- ✓ АКТ-ны пайдаланғанда мұғалімнің атқаратын қызметі жеңілдейді.

Еліміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Осы орайда кез-келген ұстаз сабағын түрлендіріп, өмірмен байланыстырып өткізсе, білім алушылардың функционалдық сауаттылығының одан әрі артуы жүзеге аса береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрғынбаева Б.А. «Дамыта оқыту технологиялары» Алматы, 2000 ж.
2. «Электрондық оқулық – заман талабы» облыстық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы 2022 ж.
3. Информатика негіздері. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №5(131) 2023 ж.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ.

Казмагамбетова К.Г.

Уральский политехнический колледж. ЗКО. г. Уральск.

Аннотация. В статье рассматривается влияние цифровых технологий на повышение функциональной грамотности учащихся на уроках математики. Анализируется, как использование интерактивных платформ, математических приложений и образовательных игр может улучшить понимание математических концепций и развить навыки их применения в реальных жизненных ситуациях. Описываются практические примеры внедрения цифровых технологий на уроках математики и их положительное влияние на мотивацию и активность учеников.

Современное образование требует от учащихся не только усвоения теоретических знаний, но и умения применять эти знания на практике. Функциональная грамотность становится ключевым понятием, отражающим способность использовать математические навыки в повседневной жизни. В этой связи применение цифровых технологий на уроках математики открывает новые возможности для повышения уровня функциональной грамотности у подростка.

Цифровые технологии могут существенно обогатить учебный процесс, сделать его более интерактивным и доступным. Использование различных образовательных платформ и приложений помогает учащимся не только глубже понять математические концепции, но и научиться применять их в реальных ситуациях.

[1]

Функциональная грамотность на уроках математики включает в себя способность решать задачи, интерпретировать данные и использовать математические знания для принятия обоснованных решений. Это означает, что учащиеся должны уметь:

Применять математические знания в различных жизненных ситуациях. Интерпретировать графики и таблицы, анализировать информацию и делать выводы. Разрабатывать и проверять гипотезы, используя математические методы.

Развитие функциональной грамотности требует от учителей не только передачи знаний, но и создания условий, способствующих активному познанию и применению математики.

Цифровые технологии открывают новые горизонты для обучения математике и повышают уровень функциональной грамотности следующим образом: [2]

Интерактивные платформы

Современные интерактивные платформы, такие как GeoGebra, Desmos или KhanAcademy, предоставляют учащимся возможность визуализировать математические концепции, экспериментировать с ними и наблюдать за изменениями в реальном времени. В платформе GeoGebra учащиеся могут строить графики функций, изменять параметры и сразу видеть, как это влияет на график. Это позволяет развивать интуицию и лучше понимать связи между различными математическими понятиями.[4]

Математические приложения

Существует множество мобильных приложений, которые помогают учащимся развивать математические навыки. Такие приложения, как Photomath, позволяют мгновенно решать уравнения и получать пошаговые инструкции, что способствует более глубокому пониманию процесса решения. Кроме того, такие приложения часто включают игровые элементы, что делает обучение более увлекательным.

Образовательные игры

Игровые методики становятся все более популярными в образовательном процессе. Образовательные игры, такие как MathBlaster или Prodigy, помогают учащимся развивать математические навыки в игровой форме. Они создают соревновательную атмосферу и мотивируют детей к обучению, позволяя им видеть результаты своего труда в виде достижений в игре.

Внедрение цифровых технологий на уроках математики может принимать разные формы. Приведем несколько примеров применения цифровых технологий на уроках математики:

Проектная деятельность

Учителя могут организовывать проекты, в которых учащиеся используют цифровые технологии для решения реальных задач. Например, группа учащихся может исследовать вопросы, связанные с геометрией, создавая трехмерные модели объектов с помощью программы SketchUp. Это не только развивает их математические навыки, но и учит работать в команде и применять полученные знания в практике.

Интерактивные уроки

Применение интерактивных досок и презентаций позволяет активно вовлекать учащихся в процесс обучения. Учителя могут задавать вопросы, на которые учащиеся отвечают в режиме реального времени, используя свои устройства. Это помогает развивать навыки быстрого мышления и применения математических знаний в процессе обсуждения.

Обратная связь и самооценка

Цифровые технологии также предоставляют возможности для обратной связи. Учащиеся могут выполнять тесты и получать мгновенные результаты, что помогает им осознать свои успехи и недостатки. Например, платформы, такие как Quizlet, позволяют проводить викторины, которые не только оценивают знания, но и помогают учащимся запомнить важные концепции через игровой процесс.

Использование цифровых технологий на уроках математики является эффективным способом повышения функциональной грамотности учащихся. Интерактивные платформы, математические приложения и образовательные игры делают обучение более увлекательным и познавательным, развивают навыки применения математических знаний в реальных жизненных ситуациях.[3]

Список литературы

1. Налётова Н.Ю., Троицкая Л.М. Использование цифровых технологий на уроках математики для старшеклассников. 2020 г
2. Останов К., Усмонов Х.З., Марданов А.Х. Об использовании цифровых технологий в преподавании математики. 2022 г
3. Слепухин А.В., Семенова И.Н. Проектирование методов формирования функциональной грамотности у обучающихся средней школы в условиях использования цифровой образовательной среды. 2022 г.

4. <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-tsifrovyyh-tehnologiy-na-urokakh-matematiki-dlya-starsheklassnikov>
5. <https://cyberleninka.ru/article/n/proektirovanie-metodov-formirovaniya-funktionalnoy-gramotnosti-u-obuchayushchih-sredney-shkoly-v-usloviyah-ispolzovaniya>
6. <https://cyberleninka.ru/article/n/ob-ispolzovanii-tsifrovyyh-tehnologiy-v-prepodavanii-matematiki>

ФИЗИКА ПӘНІНЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Калыкова Ш.К

*Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы
«Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Жогары техникалық колледжі» МККҚ*

1969 жылы қыркүйек айында Тегеран қаласында өткен сауатсыздықты жою бойынша ағарту саласы министрлерінің Дүниежүзілік конгресінде

«функционалдық сауаттылық» термині енгізілген болатын, ал 1978 жылы БҰҰ ұсынысы бойынша конгресс шешімі қайта қаралып, «Білім беру саласы статистикасын халықаралық стандартизациялау» туралы құжатқа өзгерістер енгізілді. Термин мазмұнының қайта редакциялануына орай функционалды топтардың тиімді әрекет етуіне қажетті барлық іс - әрекет саласына еркін енуі функционалдық сауаттылықтың жаңа көрсеткіші болып табылады.

Сауаттылық ұғымы – дәстүрлі түрде жеке тұлғаның грамматикалық нормаларға сай оқу, мен жазу дағдыларын игеру дәрежесі. Ұлттың мінез - құлқына сай – бірден - бір базалық көрсеткіштер мен әлеуметтік - мәдени дамуының бет - бейнесі болып табылады.

И.А.Мещеряков функционалдық сауаттылық - (ағылшын тілінде functional literacy) - дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны дамытуға, жаңа білім алу мен мәдениет жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, жанұялық өмірдегі сәтті үйлесімділік құра білу, өмірлік түрлі жағдаяттарды шеше алу деп анықтама берді.

Функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Сонда, функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі болып табылады.

Сол себептен физика сабағында студенттерге функционалды сауаттылықты енгізіп қана қоймай, оны түсіндіріп, ойлау қабілеттерін арттыру болып саналады.

Қазіргі білім беру жүйесі тек пәндік білім беру емес, сонымен қатар студенттердің жан-жақты дамуын, олардың өмірде кездесетін нақты мәселелерді шешу қабілеттерін арттыруды мақсат етеді. Бұл тұрғыда функционалды сауаттылықты дамуы ерекше маңызды. Функционалды сауаттылық – бұл адамдардың өз білімін, дағдыларын және ойлау қабілеттерін күнделікті өмірде қолдана білуі. Физика пәні – табиғаттағы құбылыстар мен заңдылықтарды түсіндіретін ғылым болғандықтан, функционалды сауаттылықты дамытуға үлкен үлес қосатыны айдан анық. Студенттерге тек теориялық білім ғана беріп қоймай, оны практикада қолдана білуді, мүмкіндіктеріне жарату. Физика пәні арқылы студенттер табиғаттың әр түрлі құбылыстарын мен процестерін түсінуге, оларды талдауға, қорытынды жасауға үйретеді. Бұл дағдылар күнделікті өмірде де, кәсіби қызметте да аса маңызды. Кәсіби қызметтерде электриктердің мамандығын оқыған студенттер энергияның сақталу заңын түсініп, зертханалық жұмыстарды орындау арқылы дағдыланады. Ал аспазшы мамандығында оқитын студенттерге келсек, олар заттың физикалық қасиеттерін, электр энергияның қауіпсіздік ережелерін, диффузия тағы басқа құбылыстарды білуді қажет етеді.

Сабақта функционалды сауаттылықты дамытудың бірнеше маңызды жолдарына тоқталғанымыз жөн:

- Ол үшін студенттерге өмірде кездесетін мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмалар беру, олардың функционалды сауаттылығын арттырудың тиімді әдісі. Мысалы: электр энергиясын үнемдеу, механикалық құрылғыларды тиімді пайдалану, климаттық өзгеруі сияқты проблемаларды талқылау барысында өмірмен ұштастырып өткен жөн. Осында тапсырмалар арқылы студенттер теория мен практика арасындағы байланысты түсініп, өз білімдерін қолдануға машықтанады.

- Кейс-стади әдісін пайдалану арқылы студенттерге нақты жағдайлармен жұмыс істеп, олардың шешімдерін физикалық заңдар мен принциптерге сүйене отырып табады. Мысалы: автомобиль қозғалтқышының тиімділігін арттыру немесе экологиялық таза энергия көздерін табу сияқты мәселелерді шешу барысында физика пәніндегі теорияларға сүйене отырып білімдерін толықтырады.

- Студенттер зертханалық жұмыс жүргізген кезде, алған білімдерін тәжірибе жүзінде тексеруге мүмкіндік береді. Зертханалық жұмыстардың нәтижесінде студенттер физикалық заңдарды оқып қана қоймай, оларды өздері байқауға және қолдануға мүмкіндік береді.

- Студенттерге физикалық мәселелер бойынша зерттеу жобаларын жасауға тапсырма беру де, функционалды сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі студенттерді тек пәндік білім ғана емес, сонымен бірге өмірде қолданылатын дағдылармен де қамтамасыз етуі тиіс. Физика пәні функционалды сауаттылықты дамытуда үлкен рөл атқарады, өйткені

ол студенттерге табиғаттың заңдарын түсінуге, тәжірибеде қолдануға, күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар функционалдық сауаттылықтың артуы студенттердің ойларын жеткізу қабілетін жақсартады, қоғамдағы әртүрлі жағдайларға байланысты өзгертуге көмектеседі. Бұл, өз кезегінде, студенттердің өздерін жауапкершілікті сезінетін, белсенді азаматтар ретінде қалыптасуына әсер етеді. Осылайша, физика сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту- студенттердің тек ғылыми білімін арттырып қана қоймай, олардың болашақтағы өмірде табысты болуына да негізін қалайды дегенге сенемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет желісі – Википедия <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Н.Закирова, Р. Аширов, Физика 10-11 сынып Арман –ПВ 2019
3. Д.М.Қазақбаева, Ж.Ж.Абжалелова Физика әдістемелік-нұсқаулық, Мектеп, 2019
4. С.Тұяқбаев, Ш.Тынтаева, Ж.Бакынов, В.Загайнова Физика. Дидактикалық материалдар. Мектеп, 2015
5. А.В. Казанцева. Сборник дидактические материалы по физике


ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ФИЗИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ: ONLINE TEST PAD ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ, КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУ

Кенебаева С.О

Астана қаласы әкімдігінің "Міржақып Дулатұлы атындағы № 68 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК

Online Test Pad – бұл онлайн тест құрастыруға және өткізуге арналған құрал, оны физика сабағында қолдану білім беру процесін тиімді әрі интерактивті етуге көмектеседі. Бұл платформа мұғалімдер мен оқушыларға білім деңгейін бағалау, теориялық материалды пысықтау және түрлі типтегі тесттер арқылы физикалық есептерді шешу мүмкіндіктерін ұсынады.

Менің Online Test Pad-ғы парақшаммен танысыңыз




1. Білімді бағалау және бақылау

Тесттер құрастыру: Мұғалімдер әр түрлі деңгейдегі физикалық тақырыптар бойынша тесттер құрастыра алады (механика, термодинамика, электродинамика және т.б.). Тесттерде бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар сұрақтарды пайдалануға болады.

-Автоматты бағалау: Оқушылар тест тапсырғаннан кейін жүйе нәтижелерді автоматты түрде тексеріп, бағасын шығарып береді. Бұл мұғалімдерге уақыт үнемдейді және объективті бағалауға мүмкіндік береді.

-Тақырыптық тесттер: Әр бөлімді оқып болған соң, оқушылардың білімін тексеру үшін тақырыптық тесттер жасауға болады, бұл оқу барысындағы олқылықтарды уақытылы анықтауға көмектеседі.




Оқыту процесін жекелендіру

- Тесттерді деңгей бойынша бөлу: Оқушылардың білім деңгейіне қарай тесттерді қиындық деңгейлеріне бөліп жасауға болады. Мысалы, бастапқы деңгейдегі оқушылар үшін жеңіл сұрақтар, ал тереңдетілген топ үшін күрделі есептер енгізуге болады.

-Жеке тесттер құрастыру: Оқушылардың жеке білімін дамыту мақсатында жеке тесттер құрастырып, әр оқушыға оның дайындық деңгейіне қарай тапсырмалар беруге болады.

Қашықтықтан оқыту және бақылау



Онлайн тест
тапсыру:
Online Test
Pad

платформасын қашықтықтан оқытуда қолдануға болады. Оқушылар кез келген жерде және кез келген уақытта тест тапсыра алады, ал мұғалімдер олардың нәтижелерін қадағалап, бағалап отырады.



Тест нәтижелерін сақтау: Тест нәтижелері автоматты түрде сақталып, мұғалімдер мен оқушылар оларды кез келген уақытта қарай алады
Осы код арқылы жұмыстармен танысуға болады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Стюарт Рассел, Питер Норвиг - "Искусственный интеллект: современный подход"
2. Жюльен Дьедонне - "Искусственный интеллект и его использование в науке"
3. Интернет беттері
4. Физика оқулығы, 7 сынып,

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қошманова Ә.С.

Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі, Шиелі ауданы

Математика пәнінің функционалдық сауаттылығы дегеніміз—білім алушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін колледжден тыс жерде, кез

келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни білім алушының колледжде алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, математика пәнін терең білудің маңызы зор. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға. Білім алушыларға функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі болып табылады. Білім алушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

- білу (еске түсіру); терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу. қолдану (байланыстарды орнату); нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу

- ойлау (пайымдау, тұжырымдау); объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Сондықтан білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан білім алушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ білім алушының қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады[1].

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады.

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күретамыры ретінде қарастырылады.
2. Математика ең алдымен білім алушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдайтүседі.

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы білім алушының «математикалықсауаттылықты» меңгере білу қабілетін шыңдайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар[2].

Білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып математикадан түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интеллектуалдық деңгейін көтеру кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылық пен жұмыс істеуін, логикалық ойлау және функционалдық сауаттылық қабілеттерін артып, кеңінен іс жүзінде қолдануды талап етеді. Оқуға қабілеттілік деп білім алушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Оқуға қызықтырудың басты элементтерінің бірі-нәтижеге жетуге ынталандыру. Осы қойылған талаптарды әр білім алушы өз мүмкіндігі деңгейінде орындайды. Жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту мен оған жан –жақты терең білім беру мақсатында баланы оқыта отырып, оның математика сабағында және функционалдық сауаттылығын арттыруды жауапты іс деп таныдым.Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлде жаңа міндеттер қойып отыр. Ол міндет – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халық аралық дәрежеге жеткізу.

Ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір білім алушыда сапалы және терең білім іскерлігінің болуын, олардың шығармашылық пен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын етеді. Математика пәнін оқыту процесінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты жүйелі түрде пайдаланып білім алушылардың интеллектісін, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады.Білім алушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру – білім алушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады.

Білім алушылардың оқу процесіндегі белсенділігін арттырудағы, функционалдық сауаттылықтың дамуындағы мұғалімнің үздіксізденуі – бүгінгі күннің негізгі талабы[3].

Оқу бағдарламасында жекелеген тақырыптар ретінде логикалық сұрақтар қарастырылмайды, дегенмен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда логикалық есеп-жаттығулардың алатын орны ерекше. Мысалға келтірсек:

Бірінші дөңгелекте алғашқы санды ең кішісін алсақ (16) қалғандары $ap+1=ap:2*3$ формуласымен алынады. Осы ереже екінші дөңгелекте де сақталады. $v1=40$, $vp+1=vp:2*3$ $v = 3a-1$ қарама-қарсы сандар. Әрбір үшбұрыштың ортасында

орналасқан сан астыңғы екі санды өзара көбейтіп, үшбұрыш төбесіндегі санға бөлсек ізделінді сан шығады.

Біріншіден – білім алушының функционалдық сауаттылығын арттыруда білім алушыға даяр күйінде берілмейді, оған өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Екіншіден білім алушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып, өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр білім алушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы білім алушы», «Жаман білім алушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады. Үшіншіден білім алушының жеке басын дамытатын басты құрал- ол өзінің әрекеті. Сол себепті функционалдық сауаттылығын арттырудағы оқыту әдістері білім алушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды. Төртіншіден оқыту жүйесінің нәтижелі болуы білім алушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым – қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді.

Міне, математика–адамның ақыл-ойын, сана-сезімін, ойлау қабілеттерін дамытатын бірден-бір құрал. Сондықтан да математика пәнін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру күн тәртібіндегі ең бірінші тұрған мәселе. Ұстаз қандай әдіс-тәсіл қолданса да мақсаты біреу, ол білім алушыларға тиянақты да сапалы білім беру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рослова Л. О., Краснянская К. А., Квитко Е. С. Концептуальные основы формирования и оценки математической грамотности // Отечественная и зарубежная педагогика. 2019. Т.1, № 4 (61). С. 58–79.
2. Математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020. — 60 бет
3. Основные результаты международного исследования PISA-2015, АО «Информационно-аналитический центр», Нур-Султан, 2017
http://iac.kz/sites/default/files/nac_otchet_pisa2015.

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ВИРТУАЛДЫ ЛАБОРАТОРИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Куздеубаева П.С

И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру - жаңаша педагогикалық теория мен практиканың өзекті мәселесі болып тұр. Оқушылардың

функционалдық сауаттылығын дамыту - оқу тәрбие процесіне ықпал етудегі өмір талабы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары, олардың танымдық қабілеттері мен өзіндік іс - әрекеттерді дамыту педагог, психолог, әдіскерлер және мұғалімдердің міндеті.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - мәселені шешуде, оқу сапасының артуына, технологияларды ұтымды қолдануға көмек беретін негіз болып табылады. Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу ұстаздардың басты міндеті.

Жаңа технологияның тиімділігі сол, оқушы:

- мақсат қоюға үйренеді;
- есте сақтау қабілеттері дамиды;
- басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;
- кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;
- қатарынан қалмауға тырысады;
- дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;
- әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.
- күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.
- білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді
- өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады

Қазіргі кезде оқушының сөйлеу, талдау, салыстыру, логикалық ойлауын көтеру, шығармашылық қабілетін дамыту, алған білімін практикада қолдана білуге баулу, әртүрлі ғылыми әдебиеттерді пайдаланып, өзінің білімін тереңдетуге үйрету мәселелеріне айрықша мән берілуде.

Осы міндеттерді атқару жолында басқа пәндермен қатар физика пәнінің атқаратын ролі де зор болмақ. Себебі физика жаратылыстану ғылымдарының тірегі, ал оның зерттеу әдістері қазіргі заманғы ғылыми танымның тұғыры. Физиканы оқытуда эксперименттік әдіс оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда маңызды рол атқарады. Оны пайдаланбай, негізгі білімді толық игеруге қол жеткізу, әсіресе физика саласында пәндік күзиреттіліктерді қалыптастыру мүмкін емес [1].

Дегенмен, қазіргі уақытта орта мектептегі оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын және оны оқыту сапасын қалай арттыруға болады деген сұрақ туады. Менің ойымша, бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы физиканың оқыту әдістемесінің ең тиімді, ұтымды тәсілдерін таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті технологияны қабылдауы, ынтасы, күштарлығына көңіл бөлінуі тиіс. Физика сабағында оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы және өзінің сана-сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары және шығармашылық іс-әрекеті қалыптасады [2].

Белсенді оқыту үдерісінде пайдаланылуы мүмкін мультимедиялық жүйелер соңғы кезде жоғары сұранысқа ие. Осындай оқыту жүйесіне виртуальды зертханалар мысал бола алады. Олар шынайы өмірдегі нысандарды компьютерлік білім беру ортасына моделдеу арқылы физика, химия, биология сынды ғылыми-жаратылыстану пәндерінде жаңа білім мен дағдыны игеруге көмектеседі.

-Виртуалды зертхана оқушыларды ынталандырады және олардың білімдерін бір жүйеге келтіреді;


- Күрделі ұғымдар мен ғылыми құбылыстар қарапайым тілде түсіндіріледі;

- Кешен оқушыға өз бетінше, сондай-ақ мұғаліммен бірге тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.

- Оқушылар виртуалды зертхананың көмегімен шынайы зертханада орындау қауіпті немесе қолжетімсіз болуы мүмкін тәжірибелерді орындай алады.

Виртуалды эксперименттер дәстүрлі эксперименттерді толықтай жоққа шығармайды, тек оны толықтырады. Дәстүрлі зертханалармен салыстырғанда виртуалды зертханалардың бірнеше артықшылығы бар.

Біріншіден, қымбат тұратын жабдық пен қауіпті радиоактивті материалдарды сатып алудың қажеті жоқ. Мысалы, кванттық немесе атомдық немесе ядролық физикадағы зертханалық жұмыс үшін арнайы жабдықталған зертханалар қажет. Виртуалды зертханалық жұмыс фотоэлектрлік эффект, Резерфордтың альфа-бөлшектердің шашырау тәжірибесі, кристалдық тор периодын электрон дифракциясы арқылы анықтау, газ заңдарын, ядролық реакторларды зерттеу сияқты құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді.



α, β –ыдырау

Екіншіден, зертханалық жағдайда жасау қиын процестерді имитациялауға болады. Атап айтқанда, молекулалық физика мен термодинамика бойынша классикалық зертханалық жұмыстардың көп бөлігі тұйық жүйелер болып табылады, олардың шығуында электрлік шамалардың белгілі бір жиынтығы өлшенеді, одан электродинамика мен термодинамиканың теңдеулерін қолданып қажетті шамалар есептеледі. Тәжірибеде болып жатқан барлық молекулалық кинетикалық және термодинамикалық процестер бақылау үшін қол жетімсіз болып қалады. Физиканың осы салалары бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау барысында оқушылар анимациялық модельдерді қолдана отырып, зерттелетін физикалық және химиялық құбылыстар мен процестердің нақты экспериментте бақылауға қолайсыз динамикалық иллюстрацияларын байқай алады. [3].

Үшіншіден, виртуалды зертханалық жұмыс дәстүрлі зертханалық жұмыспен салыстырғанда физикалық немесе химиялық процестерді көрнекі түрде

бейнелейді. Мысалы, электр тогын жасайтын зарядталған бөлшектердің қозғалысы немесе р-п қосылысының жұмыс істеу принципі сияқты физикалық процестерді толығырақ және визуалды түрде зерттеу мүмкін болады. Сіз сондай-ақ секундтың бір бөлігінде болатын немесе бірнеше жылға созылатын процестерге ене аласыз, мысалы, орталық дененің гравитациялық өрісіндегі планеталардың қозғалысын зерттеу.

Дәстүрлі зертханаларға қарағанда виртуалды зертханалардың тағы бір артықшылығы - қауіпсіздік. Атап айтқанда, виртуалды зертханалық жұмыстарды жоғары кернеулі немесе қауіпті химиялық заттармен жұмыс жасайтын жағдайларда қолдану.

Алайда виртуалды зертханалардың кемшіліктері де бар. Ең бастысы - зерттеу объектісімен, құралдармен, жабдықтармен тікелей байланыстың болмауы.

Қорытындылай келе айтарым, мұғалімнің балалармен жұмысы күрделі әрі үздіксіз процесс. Сол себепті педагог заман талабына сай барлық салада өзін үнемі жетілдіріп отыруы керек. Әсіресе, АКТ-ны тиімді пайдалану виртуалды эксперименттерді жүргізу кезінде құбылыстың моделін түсіну үшін, процесс кезіндегі кейбір параметрлерді өзгерте отырып, өзара тәуелділіктерді анықтау үшін көп көмегін тигізеді.

Физика пәнінде виртуалды зертханаларды пайдалану, тек тақта мен борға, ескірген, істен шыққан немесе мүлдем жетіспейтін құрал-жабдықтарға сүйенуге қарағанда әлдеқайда тиімдірек. Уақыт үнемдеумен қатар кәптеген артықшылықтары жоғарыда айтылған болатын. «Виртуалды зертхана шынайы тәжірибелердің алмастырушысы емес, оны толықтырушы».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Копишев Э. Е., Ниязова Г. Б., Мнанова Г. О. Мектептегі орта білім үшін виртуалды химиялық зертхана әзірлеу
2. Г.М.Ерғалиева, Қ.Н.Жұмаділлаев «Физика есептерін шығару әдістемесі» Алматы, 2007
3. Ә.Б.Түркменбаев «Физиканы оқыту үдерісіне ақпараттық технологияларды қолдану»
4. А.Қ.Ершина, Н.А.Сәндібаева «Оқу экспериментін ұйымдастыру және зертханалық жұмыстар» Алматы, 2010ж.
5. М.Құдайқұлов, Қ.Жаңабергенов «Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі» Алматы, «Рауан», 1998

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ФИЗИКА ПӘНІНЕН ТАПСЫРМАЛАР ДАЙЫНДАУ

Макашева З.Т

Астана қаласы әкімдігінің "Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназия" МКК

Мақалаға ұсынатын тақырыбым ерекше білімді қажет ететін оқушыларға бейімделген, қарапайым тілде түсіндіру мен көрнекілікке баса назар аударылады. Әр бөлімде оқушылардың білім деңгейіне сәйкес жеңілдетілген есептер, суреттер мен кестелер түріндегі тапсырмалар қамтылады.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған тапсырмаларды дайындаудың маңыздылығы:

1. Түсінікті оқу материалдарын қамтамасыз ету: Физика – абстрактілі ұғымдар мен математикалық есептерге бай пән. Ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін стандартты тапсырмалар күрделі болуы мүмкін. Оқушылардың деңгейіне сай бейімделген тапсырмалар оларды қорқытпайды, керісінше, сабақ материалының мәнін оңай қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тапсырмаларда физикалық құбылыстарды нақты түсіндіру үшін суреттер, диаграммалар, қысқа анықтамалар және дайын формулалар қолданылады.

2. Оқуға деген қызығушылықты арттыру: Оқушылардың оқу пәніне деген қызығушылығы оқыту процесінде ерекше рөл атқарады. Инклюзивті тәсілдер қолданылғанда, оқушылар өздерін оқуға қабілетті сезінеді, бұл олардың өзін-өзі бағалауын арттырып, пәнге қызығушылығын оятады. Көрнекі тапсырмалар, қарапайым тілде жазылған нұсқаулықтар оқушылардың физикаға қызығушылығын арттырады.

3. Тақырыпты жеңіл қабылдау және есте сақтау: Физикада көптеген жаңа ұғымдар мен заңдар кездеседі, оларды әрқашан жеңіл қабылдау қиын. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға материалды бейімдеу арқылы бұл түсініктер жеңілдетіледі. Оқушылардың материалды жақсы есте сақтауы үшін тақырыпты кезең-кезеңімен түсіндіретін, практикалық мысалдар мен көрнекі тапсырмалар қолданатын жеңілдетілген тапсырмалар беріледі.

4. Күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту: Физикадағы көптеген заңдар мен ұғымдар өмірде қолданылады. Оқушыларға өмірлік жағдайлармен байланысты қарапайым тапсырмалар беру олардың алған білімдерін шынайы өмірде қолдануына мүмкіндік береді. Мысалы, жылдамдықты есептеу, қысымды түсіну, энергия түрлерін ажырату сияқты тапсырмалар күнделікті тәжірибеде кездесетін құбылыстарға негізделсе, балалар оны жақсы қабылдайды.

5. Логикалық ойлауды дамыту: Физикалық құбылыстарды түсіндіруге арналған тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлауын дамытады. Мысалы, күштерді анықтау, қысымды өлшеу, энергияны есептеу сынды тапсырмалар баланың

логикалық ойлау қабілетін жақсартады. Бұл дағды оқушының тек физикада ғана емес, басқа пәндерде де нәтижелі білім алуына ықпал етеді.

6. Сенімділікті арттыру: Оқуда қиындық көретін оқушылар жеңілдетілген тапсырмаларды орындай отырып, өз күштеріне деген сенімділікті арттырады. Бұл олардың физика пәніне деген қызығушылығын арттыруға және жалпы оқу процесінде белсенді болуына мүмкіндік береді. Педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету: Инклюзивті тапсырмалар арқылы мұғалімдер оқушыларды жақсырақ түсінеді және олардың әрқайсысына жеке әдістеме таңдай алады. Арнайы әзірленген тапсырмалар педагогтерге әр оқушының қандай қиындықтары бар екенін анықтауға, сол қиындықтарды жоюға және тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға көмектеседі.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған физика тапсырмаларының негізгі элементтері:

- Жеңілдетілген тіл мен қысқартылған терминология: Тапсырмалар қарапайым әрі қысқа тілде жазылады, әр терминнің анықтамасы түсінікті және қысқа болады.
- Көрнекілік элементтер: Суреттер, диаграммалар, сызбалар арқылы физикалық құбылыстарды көрсету.
- Дайын формулалар мен анықтамалар: Қажетті формулалар мен қысқаша анықтамаларды алдын ала беру, бұл есептерді жеңіл шығаруға көмектеседі.
- Практикалық және өмірлік мысалдар: Оқушыларға физиканың өмірде қолданылуын көрсететін мысалдарды қосу.
- Қадамдық түсіндіру: Әр тапсырманың кезең-кезеңімен шешімін түсіндіру арқылы, әрбір қадамды түсінікті етіп жасау.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін физика пәніне қызығушылықты арттыратын және материалды терең меңгеруге мүмкіндік беретін инклюзивті тапсырмалар олардың білім алу процесінде өте маңызды.

Тапсырмалардың мысалдары:

Көру қабілеті бұзылған балалар үшін: әртүрлі материалдарды қолдана отырып, жылу, суық, қысым сезімдеріне байланысты тапсырмалар.

Есту қабілеті бұзылған балалар үшін: заттардың қозғалысын, дыбыстық құбылыстарды (діріл, Жарық) бақылауға байланысты міндеттер.

Сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін: қысқа жауап беруді, дұрыс нұсқаны таңдауды қажет ететін тапсырмалар

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған инклюзивті тапсырмалар, кестелер мен суреттерді қосу арқылы, физика сабақтарын көрнекі және түсінікті етіп өткізуге болады. Мұнда ұсынылған тапсырмалар түрлі оқу қажеттіліктерін ескере отырып, визуалды құралдар мен инклюзивті әдістерді қамтиды. Мұнда 7-сынып физикасындағы негізгі тақырыптар бойынша дайын формулалар мен анықтамаларды қолданып, ерекше білімді қажет ететін оқушыларға жеңілдетілген тапсырмаларды ұсынамын.

«Қысым» тақырыбындағы ЕББҚ оқушыға арналған тапсырмалар

1. Көп және аз қысым түсіретін столды таңда

1



2




3



2. Суреттегі мәліметті пайдаланып:

1. Аз күштің мәнін жаз
2. Көп күштің мәнін жаз



3. Функционалдық сауаттылыққа арналған есеп:

Аспаптардың атын және не үшін қолданылатынын жаз



.....



.....



.....

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 7 класс.Физика, Башарұлы
2. МОН РК - "Физикадан ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған әдістемелік нұсқаулар"
3. Ә. Абдрахманов, Р. Өмірбеков – "Физикадан тәжірибелік есептер жинағы"
4. Тұрым А. С., Қалиева Ш. А. - "Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері"

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ПОМОЩНИКИ НА БАЗЕ ИИ КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ФИЗИКИ

Мантарида И.Н.

Общеобразовательная школа №10 г.Кокшетау

Аңдатпа. Мақала физиканы оқытуда жасанды интеллекттің қолданылуын зерттейді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін зияткерлік көмекшілерді пайдалануға ерекше назар аударылады. Автор аталған тәсілдің артықшылықтары мен қиындықтарын талдап, сәтті жобалардың мысалдарын келтіреді және білім берудегі жасанды интеллекттің болашағын болжайды.

Аннотация. Статья исследует применение искусственного интеллекта в обучении физике. Особое внимание уделяется использованию интеллектуальных помощников для развития функциональной грамотности у учащихся. Автор анализирует преимущества и вызовы такого подхода, приводит примеры успешных проектов и предсказывает будущее ИИ в образовании.

Annotation. The article explores the use of artificial intelligence in teaching physics. Special attention is paid to the use of intellectual assistants for the development of functional literacy among students. The author analyzes the advantages and challenges of this approach, provides examples of successful projects and predicts the future of AI in education.

Современный мир все больше интегрируется с технологиями, и образование не является исключением. Искусственный интеллект (ИИ) предлагает новые возможности для персонализации обучения и повышения его эффективности. Одним из перспективных направлений применения ИИ в образовании является создание интеллектуальных помощников, способных оказывать индивидуальную поддержку учащимся в изучении различных предметов, в том числе физики.

Цель данной статьи – рассмотреть потенциал интеллектуальных помощников на базе ИИ в развитии функциональной грамотности учащихся на уроках физики.

Что такое функциональная грамотность и почему она важна?

Функциональная грамотность – это способность человека использовать знания, умения и навыки для решения задач в различных жизненных ситуациях. В контексте физики, функционально грамотный ученик должен уметь:

- Применять физические законы и теории для объяснения явлений окружающего мира.
- Анализировать информацию и делать выводы на основе физических данных.
- Решать задачи различной сложности, используя математические методы и физические модели.
- Проводить эксперименты и интерпретировать полученные результаты.
- Использовать информационные технологии для поиска и обработки информации, связанной с физикой.

Развитие функциональной грамотности является одной из ключевых задач современного образования, поскольку она позволяет выпускникам успешно адаптироваться к быстро меняющимся условиям жизни и работы.

Интеллектуальные помощники на базе ИИ могут существенно повысить эффективность обучения физике за счет следующих возможностей:

- Персонализация обучения: Каждый ученик имеет свои темпы и стиль обучения. ИИ-помощник может адаптировать задания и объяснения к индивидуальным потребностям каждого ученика, обеспечивая оптимальный темп усвоения материала.
- Постоянная доступность: Ученики могут обращаться к ИИ-помощнику в любое время и в любом месте, получая мгновенную помощь и поддержку.
- Разнообразие заданий: ИИ-помощник может генерировать большое количество разнообразных заданий, что позволяет поддерживать интерес учащихся и развивать их творческие способности.

Примеры практического применения интеллектуальных помощников:

1. Использование сервисов ChatGPT и Gemini для создания задач на развитие функциональной грамотности. При использовании ИИ очень важно правильно задавать промпт. Например в чате задаем запрос: «Разработай задачи по физике на тему «Расчет количества теплоты» для учащихся 14 лет на развитие функциональной грамотности». Важно: указывать не класс, а возраст учащихся. Вот что предлагает ИИ. Задача: Для отопления комнаты площадью 20 м² необходимо повысить температуру воздуха на 10°С. Какое количество теплоты потребуется, если считать, что воздух в комнате имеет массу 60 кг и удельную теплоемкость 1000 Дж/кг·°С?

Развитие навыков: Применение полученных знаний в практической ситуации, оценка количества теплоты, необходимого для отопления.

Так же можно усложнить запрос и добавить дифференциацию в задания для учащихся с разной познавательной активностью.

ИИ предлагает следующий вариант задачи:

Задача: У вас есть холодильник с температурой $+4^{\circ}\text{C}$ и морозильная камера с температурой -18°C . Вам нужно заморозить 1 литр воды, начальная температура которой $+25^{\circ}\text{C}$. Сколько энергии потребуется для охлаждения воды до 0°C , а затем для её замораживания? Используйте удельную теплоёмкость воды $4,2 \text{ кДж}/(\text{кг}\cdot^{\circ}\text{C})$ и удельную теплоту плавления льда $334 \text{ кДж}/\text{кг}$.

На другие темы: Тормозной путь автомобиля

Задача: Водитель автомобиля едет по шоссе со скоростью $90 \text{ км}/\text{ч}$ и замечает впереди препятствие. Если время его реакции составляет $1,5$ секунды, а тормозной путь при такой скорости равен 45 метрам, какое расстояние пройдёт автомобиль от момента, когда водитель увидит препятствие, до полной остановки?

Затраты времени на зарядку электромобиля

Задача: Вы управляете электромобилем, который расходует $15 \text{ кВт}\cdot\text{ч}$ на 100 км пробега. Ваша поездка составит 250 км , а в начале пути у вас полный заряд батареи на $60 \text{ кВт}\cdot\text{ч}$. Учитывая, что ваш автомобиль можно подзарядить на быстрой зарядной станции, которая выдаёт $50 \text{ кВт}\cdot\text{ч}$, сколько времени потребуется для подзарядки, если на полпути вам нужно будет зарядить батарею. *Подсказка:* задача тренирует расчёт энергии, необходимой для движения, и времени, необходимого для её восполнения на зарядной станции.

2. Еще один сервис-помощник для учителя: Diffit (<https://app.diffit.me/>), который помогает создавать образовательные материалы на основе текста, адаптируя их под нужный уровень сложности и различные возрастные группы. Diffit позволяет добавлять к тексту изображения и инфографику, что делает материал более наглядным и привлекательным для учеников. Это полезно для визуализации сложных понятий и облегчения восприятия. Хотелось бы отметить, что данный сервис хорошо распознает не только русский, но и казахский языки. Его удобно применять при дистанционном формате обучения, так как все задания можно сгенерировать не только для бумажного носителя, но и в Google форму и скинуть ссылку учащимся.

Интеллектуальные помощники на базе ИИ открывают новые возможности для развития функциональной грамотности учащихся на уроках физики. Персонализация обучения, постоянная доступность, разнообразие заданий и детальная обратная связь – это лишь некоторые из преимуществ использования таких инструментов. Однако важно понимать, что ИИ-помощники не могут полностью заменить учителя. Их роль заключается в том, чтобы дополнить и усилить традиционные методы обучения, создавая более эффективную и увлекательную образовательную среду.

Список литературы

1. Родионов О. В., Тамп Н. В. Технологии искусственного интеллекта в образовании // Воздушно-космические силы. Теория и практика. 2022. № 22.

[Электронный ресурс]. Режим доступа:

<https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologiiskusstvennogo-intellekta-v-obrazovanii-1>.

2. Дьячкова Анна Викторовна: «Искусственный интеллект в образовании: вызовы, возможности, перспективы», с 433

https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/133849/1/978-5-91256-641-7_2023_103.pdf

3. Т. В. Купчинова «Искусственный интеллект в образовании: современные вызовы» <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/296795/1/132-135.pdf>, с.132

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ФИЗИКИ

Мерикенова Т.К.

*Коммунальное государственное казенное предприятие
«Алматинский колледж моды и сферы обслуживания» г. Алматы*

Использование интерактивных платформ, таких как Kahoot!, Nearpod и Quizizz, позволяет делать уроки более увлекательными и интерактивными. Эти платформы предлагают различные форматы заданий – от тестов до увлекательных викторин. Преподаватель может создать задания, которые способствуют развитию критического мышления и аналитических навыков, вовлекая обучающихся в процесс решения задач.

2. Виртуальные учебные пособия и симуляции

Цифровые симуляции и виртуальные лаборатории открывают новые горизонты для изучения математических концепций. Например, платформы вроде GeoGebra позволяют визуализировать математические задачи и создавать интерактивные модели, что помогает учащимся лучше понять сложные теории и методы. Это особенно полезно для обучения геометрии и алгебре, где важно увидеть взаимосвязь между абстрактными понятиями и их практическим применением.

3. Видеоуроки и онлайн-курсы

Цифровые ресурсы, такие как Khan Academy, YouTube и Coursera, предлагают огромное количество видеоматериалов, которые объясняют математические концепции различного уровня сложности. Дает возможность изучать материал в удобном для них темпе. Это помогает развивать самостоятельность и уверенность в своих силах.

4. Использование мобильных приложений

Мобильные приложения, такие как Photomath или Microsoft MathSolver, позволяют студентам получить помощь в решении домашних заданий и изучении новых тем. Эти приложения не только предоставляют решения, но и объясняют шаги, что способствует лучшему пониманию материала. Таким образом, студенты

развивают навыки самоконтроля и критического анализа, что является важной частью функциональной грамотности.

5. Проектная деятельность с использованием цифровых инструментов

Проектная деятельность является эффективным способом реализации идей функциональной грамотности на уроках математики. Студенты могут быть вовлечены в выполнение проектов, направленных на решение реальных задач. Это может быть, например, работа над бизнес-планом, в котором используются математические модели для прогнозирования доходов и расходов. Такой подход не только развивает практические навыки, но и способствует командной работе и креативности.

Организация проектной деятельности с применением цифровых инструментов способствует развитию навыков командной работы и критического мышления. Студенты могут работать над проектами, связанными с реальными задачами, такими как анализ данных или финансовое планирование, используя программы для обработки данных (например, Excel) или программирование. Это позволит интегрировать математические знания с практическими навыками, что положительно скажется на их функциональной грамотности.

Применение математических навыков в контексте реальных профессий, таких как повар, строитель и сварщик, помогает студентам увидеть значимость и практическую ценность изучаемого материала. Несмотря на некоторые недостатки, внедрение функциональной грамотности в обучение математики может существенно повысить качество образования и подготовленность будущих специалистов.

Плюсы и минусы функциональной грамотности на уроках математики

Плюсы:

- практическое применение: студенты видят, как математика связана с их будущей профессией, что повышает интерес к предмету.
- развитие критического мышления: решение реальных задач развивает аналитические навыки и умение принимать решения.
- подготовка к будущей профессии: знания, полученные на уроках, напрямую влияют на качество работы и успешность в профессии.

Минусы:

- сложность интеграции: у преподавателей может не быть достаточного опыта в создании междисциплинарных заданий.
- необходимость индивидуального подхода: уровень математических знаний у студентов может сильно варьироваться, что усложняет подготовку универсальных заданий.
- временные затраты: решение практических задач может занимать больше времени, чем традиционные уроки, что требует пересмотра учебного плана.

Цифровые технологии открывают новые горизонты для развития функциональной грамотности на уроках математики. Использование интерактивных платформ,

симуляций, видеоуроков и мобильных приложений позволяет сделать обучение более увлекательным и эффективным. Важно, чтобы преподаватели осознали потенциал этих технологий и интегрировали их в образовательный процесс, создавая условия для самостоятельного и критического мышления учащихся. Результат — не только высокий уровень знаний, но и способность применять их в реальной жизни, что является важной частью функциональной грамотности.

Список литературы

1. Громова, Н. А. Цифровая образовательная среда, как средство повышения функциональной грамотности. *Современные проблемы науки и образования*, (4), 2020
2. Кузнецова, Е. В. Инновационные методы преподавания математики с использованием цифровых технологий. *Учебное методическое пособие*. Москва: "Просвещение", 2021
3. Ларин, А. Г., Смирнова, И. А. Функциональная грамотность и современные образовательные технологии: пути интеграции. *Образование и информационные технологии*, 2019

ФИЗИКА ПӘНІНДЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨМЕГІМЕН ҒЫЛЫМИ – ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сагадиева К.Б

*Қостанай қ, «Педагогикалық шеберлік орталығы»
ЖМ филиалының аға менеджері*

Андатпа. Бұл мақалада физика сабақтарында жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты дамытуда ақпараттық технологияларды қолдану мысалдары келтірілген. Қолданыстағы мультимедиялық технологияларды, виртуалды зертханаларды, симуляторларды пайдалана отырып, сабақтарда ақпараттық технологияларды іске асыру жолдары қаралды.

Аннотация. В данной статье приводятся примеры применения информационных технологий в развитии естественно-научной грамотности на уроках физики. Рассмотрены пути реализации информационных технологий на уроках с использованием существующих мультимедийных технологий, виртуальных лабораторий, симуляторов.

Annotation. This article provides examples of the use of digital technologies in the development of natural science literacy in physics. The ways of implementing digital technologies in the classroom using existing multimedia technologies, virtual laboratories, and simulators are considered.

Біздің уақыт-өзгеріс уақыты. Әр ұйымның түлектеріне қойылатын талаптар да өзгеруде. Түлектер өмірде болып жатқан барлық өзгерістерге тез жауап беруі керек, ақпаратты өз , талдай, қолдана білуі керек. Ең бастысы-функционалдық

сауаттылық, өйткені бұл "адамның қолданбалы білім негізінде өмір мен қызметтің әр түрлі салаларындағы стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілеті". Оның бір түрі-жаратылыстану сауаттылығы.

Өкінішке орай, PISA [1] халықаралық зерттеуінің нәтижелері көрсеткендей, біздің білім беру жүйеміз көптеген білім алушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыруда жеткіліксіз деңгейде екендігін көрсетеді. Білім алушыларға тапсырмаларды орындауда қиындық тудыратын тұстары:

* стандартты емес нысанда ұсынылған деректер,

* талдау жүргізуді, деректерді интерпретациялауды түсіндіруді талап етуде.

* практикалық мазмұн.

Білім алушылар табиғи құбылысты тұтастай сипаттау үшін пәндік оқу кезінде алған білімдерін күнделікті өмірде, өмірлік жағдайда қолдануда көрсете алмайды, жаратылыстану сауаттылығын дамыту үшін өз сабақтарда сандық технологияларды келесі бағыттарда қолдану ұсынылады: жаңа материалды түсіндіруді мультимедиялық сүйемелдеу арқылы тапсырмалардың оңайдан қиындата отырып күрделі деңгейін арттыру, демонстрация жасау арқылы оқушыларға білім алушыларға тудыра отырып практикадан теорияға көшуді ойластыру. Тақырыпты зерттеудің кез-келген кезеңінде виртуалды зертханалардың барысын зерделеу арқылы шешімін ұсыну.

Сабақтың басында білімді өзектендіру кезеңінде жалпы күнделікті өмірде кездесетін құбылысты жариялай отырып нәліктен осы процесс болуының шындығын зерделеу үшін оқулықтағы ақпараттармен жұмыс барысында ғылыми дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмаларды қолдануға болады.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығының құбылыстарды ғылыми түсіну компонентін қалыптастыруда келесідей тапсырма түрлерін қолдануға болады:

Мысалы:

1. «Ақиқат-жалған»- дығын анықтаңыз. Бұршақ-физикалық құбылыс; термометр-физикалық дене; килограмм-физикалық шама; сағат-физикалық құрылғы.

2. "Якутияда қыста термометрдегі сынап бағанының -70 градустан төмен түсетінін жиі көруге тура келеді" деген сөзден физикалық қатені табыңыз

3. Жаздың қатты күні шөлдеген туристер ауылдың маңайында орналасқан тас құдықтан таза суық су алды. Олар суды пластикалық бөтелкелерге құйып, судың жақын арада қызатынын түсінді. Туристердің қолында термостары болмады, бірақ олар суды ұзақ уақыт суық күйінде ұстағысы келді. Судың жылып кету жылдамдығын төмендететін пластикалық су бөтелкесін сақтау жолдарын ұсыныңыз. Жауабыңызда қандай физикалық құбылыстармен заңдылықтарға сүйенетінін атап түсіндіріңіз.

Осыған ұқсас тапсырмаларды сабақтың басында тақырыпты ашып, ойды шоғырландыру кезінде презентация немесе learningapps.org қолдана отырып білім алушыларға орындатуға болады.

Жаңа зерттелетін материалды түсінуді қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар енгізуде білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға мән беріледі. Оқулықтағы немесе қосымша ресурстағы ақпараттарды зерделеу кезінде тұтас емес мәтіндермен жұмыстар ұсыну маңызды. Себебі білім алушылар тұтас емес мәтіндегі негізгі ақпараттарды алу оны мәселені шешу үшін қолдану дағдылары кесте, графиктерді сөйлету үшін маңызды болып саналады. Сонымен қатар, эксперименттерді сөйлету арқылы ғылыми жаратылыстану сауаттылығының ерекшеліктерін түсіну компонентін қалыптастыруға бағытталады.

Мысалы:

1. Штативте жіңішке жіпке ілінген шыны таяқша, жібек мата жолағы және жеңіл металл фольга ілінген. Осы қондырғының көмегімен фольга зарядталған таяқшамен байланыста болған кезде зарядталатынын көрсетіңіз. Сіз не көріп отырғаныңызды сипаттаңыз? Егер жібекке ысқыланған шыны таяқша оң заряд алатыны белгілі болса, корпус қандай заряд алады?

2. 1-суретте бірдей массадағы екі дененің t температурасының берілген жылу мөлшеріне тәуелділігі көрсетілген Q . бастапқыда денелер қатты агрегаттық күйде болды.

Диаграмма деректерін пайдаланып, ұсынылған тізімнен екі дұрыс мәлімдемені таңдап, олардың нөмірлерін көрсетіңіз.

1) Бірінші дененің балқу температурасы екіншісіне қарағанда 4 есе жоғары.

2) Қатты агрегаттық күйде денелердің меншікті жылу сыйымдылығы бірдей.


3) Қатты агрегаттық күйдегі екінші дененің меншікті жылу сыйымдылығы біріншіге қарағанда 3 есе көп.

4) екі дененің де балқу жылуы бірдей.

5) денелер сұйық агрегат күйінде бірдей меншікті жылу сыйымдылығына ие.

3. Қарақопа көлі-тұщы судың үлкен қоймасы. Қарақопа көліндегі көктемнің басталуы жағалау аймағының климатына әсеретеді. Қарақопа маңайына көктемнің басталуы көршілес аудандармен салыстырғанда 10-15 күнге кеш келеді, ал күз керісінше ұзаққа созылады. Неліктен Қарақопа көлінің жанындақыс пен көктем көршілес аудандарға қарағанда кешірек келеді. Жауап алу үшін анықтамалық материалды пайдаланыңыз. [3]

Физика сабақтарында виртуалды зертханалық және симуляторлармен жұмыстар жүргізу, білім алушылардың ерекше қызығушылығын тудырады. Білім алушылар қажетті компьютерлік эксперименттер, симуляторларды қоса отырып құбылыстардың ерекшеліктерін, шамаларды өзара тәуелділіктерін зерттей отырып қорытынды шығару



1 сурет

Мысалы: Баллистикалық қозғалысты зерттеу кезінде оқушыларға "көкжиекке қарай лақтырылған дененің қозғалысы" тақырыбында зерттеу жүргізіп, виртуалды зертхана арқылы келесілерді анықтап, қорытынды жасатуға болады:

1. Көлденең бағытта лақтырылған дененің құлау уақыты бастапқы қозғалыс жылдамдығына тәуелділігін анықта.
2. Көлденең бағытта лақтырылған дененің ұшу қашықтығы бастапқы қозғалыс жылдамдығына тәуелділігін түсіндір.
3. Көлденең бағытта лақтырылған дененің құлау уақыты лақтыру биіктігіне тәуелді екенін дәлелде.
4. Бастапқы жылдамдығы көлденең болатын еркін құлаған дененің қозғалыс траекториясы анықта.
5. Көкжиекке бұрышпен лақтырылған дененің ұшу қашықтығы жылдамдық векторы мен көкжиек арасындағы бұрышқа тәуелді екендігін сипатта.
6. Жылдамдық векторы мен көкжиек арасындағы бұрышта дененің ұшу қашықтығы есепте.
7. Сіз компьютерлік экспериментті орындап болсаңыз, дене қозғалысын суреттеу кезінде қандай фактор ескерілмейтіндігін түсіндіріңіз.
8. Егер эксперимент нақты жағдайда жүргізілсе, сіздің өлшемдеріңіз қалай өзгеретіндігін тұжырымдаңыз. [2]

Сонымен қатар, әртүрлі тапсырмаларды құрылымдау кезінде аралас тапсырмалар ұсынып сандық, сапалық, графиктік және симуляторлардың көмегімен шешетін тапсырмаларды сандық технологияда теріп оны тексеру жолдарын жеңілдетуге де болады. Осындай жағдайда білім алушылар өзіндік бағалауды жүргізе отырып, сандық технологияларды қолдану дағдыларымен қатар, ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын да қалыптастыра алады.

Физиканы оқыту процесінде функционалдық сауаттылықты сандық технологиялар қолдану арқылы қалыптастыру:

- компьютердің есептеу, модельдеу және басқа да мүмкіндіктерін пайдалану арқылы білім беру мазмұнына енгізілуі мүмкін оқу міндеттерінің ауқымы кеңейту, құбылыстарды ғылыми түрде түсіндіруді;
- ақпараттық-анықтамалық жүйелерді пайдалану арқылы оқу процесінде білім алу көздерін кеңейту академиялық білімдерін қолдануды;
- Білім алушылардың құралдармен жасаған тәжірибелерін симулятор көмегімен тексеріп, екі тәжірибенің орындалу барысын салыстыруға, ғылыми жаратылыстану зерттеулерінің ерекшеліктерін түсінуге;
- Модельдеу және зертхананы виртуалды орындау нәтижесі бойынша қорытындыларды алып оларды ғылыми тұрғыда түсіндіруге мүмкіндіктер ашады. [4]

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оқушылардың білім жетістіктерін халықаралық зерттеудің негізгі нәтижелері. PISA – 2018 ж. – М., 2020 ж.
2. Шерлок Холмспен Физика / Е. В. Ермакова./ - Мәскеу: АСТ баспасы, 2019 . Интернет:
3. <http://ispolzovanie-sovremennyh-tehnologiy-na-urokah-fiziki-dlya-povysheniya-funktionalnoy-gramotnosti>
4. [Функц. гр. через призму физики.pdf](#)

ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Сатымбекова М.А

Түркістан облысы, Арыс қаласы, №17 колледж МКҚК

Андатпа. Бұл мақалада физика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында цифрлық технологияларды қолданудың озық тәжірибелері қарастырылады. Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Физика пәні бұл процесс үшін тиімді алаң болып табылады, себебі ол табиғаттың негізгі заңдылықтарын түсінуге бағытталған. Мақалада цифрлық құралдар мен инновациялық әдістердің көмегімен физика сабағында оқу процесін қалай тиімді ұйымдастыруға болатыны талқыланады. Виртуалды зертханалар, интерактивті тақталар, онлайн платформалар, қосымша шынайылық (AR) және виртуалды шынайылық (VR) технологиялары сияқты құралдардың білім беру сапасын арттырудағы рөлі көрсетіледі. Сонымен қатар, бұл технологиялар білім алушылардың сыни ойлау, математикалық және ақпараттық сауаттылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Баяндамада келтірілген тәжірибелер мен әдістер педагогтердің цифрлық білім беру құралдарын пайдалану арқылы білім алушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, олардың білімін тереңдетуге бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесі әлемде болып жатқан жылдам өзгерістерге жауап ретінде жаңаруда. Әсіресе, цифрлық технологиялардың білім беру саласындағы рөлі күннен-күнге артып келеді. Қазақстанда да білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұнына сәйкес, функционалдық сауаттылықты дамытуға үлкен мән берілуде. Физика пәні — бұл табиғат заңдылықтарын түсінуге бағытталған ғылым саласы, сондықтан білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Осы орайда цифрлық технологиялар, мысалы, онлайн ресурстар, симуляциялар, интерактивті құралдар, виртуалды зертханалар және басқа да инновациялық тәсілдер білім беру процесін тиімді ету үшін қолданылады.

1. Цифрлық технологиялар және функционалдық сауаттылық
Функционалдық сауаттылық — бұл жеке тұлғаның өмірде кездесетін түрлі жағдайларда ақпаратты қолдана білу, мәселені шеше білу, логикалық ойлау және

сыни көзқарас қалыптастыру қабілеті. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін:

- Мәтінмен жұмыс: Білім алушыларға физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды оқып, талдап, оларды өмірлік жағдайларда қолдану тапсырмалары беріледі.

- Математикалық сауаттылық: Білім алушылардың ғылыми есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі есептерді және моделдерді цифрлық құралдар арқылы шешуге мүмкіндік береді.

- Ақпараттық сауаттылық: Цифрлық технологиялар арқылы білім алушылардың ақпаратты іздеу, өңдеу және талдау қабілетін дамыту.

2. Физика сабағында цифрлық технологияларды қолданудың озық тәжірибелері

Қазіргі уақытта физика пәнін оқытуда цифрлық технологиялар тиімді қолданылуда. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және олардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін бірнеше инновациялық әдістер қолдануға болады:

- Виртуалды зертханалар: Бұл құралдар білім алушыларға физикалық тәжірибелерді виртуалды түрде орындауға мүмкіндік береді. Мысалы, PhET симуляциялары арқылы білім алушылар электрлік күштерді, механикалық қозғалыстарды зерттеп, теорияны тәжірибемен байланыстыра алады. Бұл әдіс физикалық құбылыстарды шынайы өмірде жүргізуге мүмкіндігі болмаған жағдайда пайдалы.

- Интерактивті тақталар мен мультимедиялық құралдар: Интерактивті тақта және мультимедиялық ресурстар білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Білім алушылар әртүрлі физикалық эксперименттерді графикалық түрде көріп, талдап, мәселені шешу әдістерін бірге талқылай алады. Мысалы, динамикалық графиктер мен диаграммалар физикалық процестерді түсінуді жеңілдетеді.

- Онлайн платформалар мен қосымшалар: Khan Academy, Coursera, EduOpen сияқты онлайн платформалар арқылы білім алушылар физика пәнінен қосымша материалдармен таныса алады. Бұл платформаларда видео сабақтар, тестілер, тапсырмалар бар, олар білім алушыларға өз бетінше оқу мен өзіндік бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.

- Қосымша шынайылық (AR) және виртуалды шынайылық (VR): AR және VR технологиялары білім алушыларға физикалық құбылыстарды 3D үлгіде көруге мүмкіндік береді. Мысалы, VR арқылы атом құрылымын немесе ғарыштық қозғалыстарды визуализациялау физикадағы абстрактілі концептілерді түсінуге оң әсер етеді.

- Геймификация: Ойын элементтерін оқу процесіне енгізу білім алушылардың мотивациясын арттырады. Мысалы, Quizlet немесе Kahoot сияқты платформалар арқылы білім алушыларға физика бойынша викториналар ұйымдастыру, оларды тапсырмаларды орындауға және білімдерін тексеруге ынталандырады.

3. Цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі

Цифрлық технологиялар физика сабақтарында келесі артықшылықтарды береді:

- Оқу материалдарын визуализациялау: Абстрактілі және күрделі физикалық құбылыстарды 3D модельдер, анимациялар және графиктер арқылы көрсету оқу процесін айқын әрі түсінікті етеді.

- Белсенді оқу әдістері: Білім алушыларға тек тыңдап қана қоймай, тәжірибелер жасауға, эксперименттер жүргізуге, түрлі модельдермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

- Өзіндік жұмыс дағдыларын дамыту: Білім алушыларға өз бетінше ізденуге, зерттеуге және проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін құралдар мен ресурстардың көптігі функционалдық сауаттылықты дамытуға септігін тигізеді.

- Тапсырмалар мен бағалаудың объективтілігі: Онлайн платформалардағы автоматтандырылған тестілеу жүйелері білім алушылардың білімін объективті түрде бағалауға көмектеседі, әрі оқыту процесінде кері байланыс алу тиімді болады.

Цифрлық технологиялар білім беру саласында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін маңызды құрал болып табылады. Физика пәні бойынша цифрлық ресурстар мен инновациялық әдістерді қолдану білім алушылардың тек ғылыми білімдерін ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, ақпаратты талдау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Осыған байланысты, әрбір білім беруші өзінің білім беру тәжірибесіне заманауи технологияларды енгізу арқылы білім алушылардың білім сапасын жақсартып, олардың ғылымға деген қызығушылығын арттыра алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Садықова, Г. Ә. «Жаңа білім беру технологиялары: теориясы мен практикасы» / Г. Ә. Садықова. – Астана: Фолиант, 2017. – 256 б.

2. Мектепте физика пәнін оқытудың инновациялық әдістері: теория және практика / Қ. С. Мусина, М. А. Жұмағалиев, Л. Ш. Нұржанова. – Алматы: Рауан, 2016. – 320 б.

3. Digital Learning in Physics Education: Innovations and Best Practices / A. P. Smith, J. A. Wright. – New York: Springer, 2021. – 215 p.

4. Шойбекова, М.Т. «Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану» / М. Т. Шойбекова. – Алматы: Эталон, 2018. 200 б.

5. Жұмабеков, Т. Ж. «Қазіргі заманғы физика оқыту әдістемесі» / Т. Ж. Жұмабеков, А. Қ. Айтқожина. – Алматы: ҚазҰУ, 2017. – 212 б.

6. Khan Academy. (2024). Physics – Fundamentals. Available at: <https://www.khanacademy.org/science/physics>

7. PhET Interactive Simulations. (2024). University of Colorado Boulder. Available at: <https://phet.colorado.edu>

ARLOOPA ПЛАТФОРМАСЫН ФИЗИКА САБАҒЫНА ҚОЛДАНУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Серікова А.Т

Қаратау құрылыс-техникалық колледж, Жамбыл облысы, Қаратау қаласы

Аннотация. В данной статье рассматривается актуальность использования платформы ARLOOPA на уроках физика. Технологии дополненной и виртуальной реальности позволяют визуализировать физические явления и законы с помощью трехмерных моделей, что повышает интерес студентов к предмету и упрощает понимание сложных тем.

Аңдатпа. Бұл мақалада ARLOOPA платформасын физика сабағында қолданудың өзектілігі қарастырылады. Толықтырылған шындық пен виртуалды шындық технологиялары арқылы физикалық құбылыстар мен заңдарды үшөлшемді модельдер арқылы көрсету мүмкіндігі білімгердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, қиын тақырыптарды жеңілдетеді.

Abstract. This article discusses the relevance of using the ARLOOPA platform in physics lessons. The ability to demonstrate physical phenomena and laws through 3D models using augmented reality (AR) and virtual reality (VR) technologies enhances students' interest in the subject and simplifies complex topics.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың инновациялық әдістері мен құралдары үлкен рөл атқарады. Жаңа технологиялар, әсіресе толықтырылған шындық және виртуалды шындық, оқу процесін жаңартып, оны тиімдірек, қызықты әрі көрнекі етіп жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда ARLOOPA платформасы – физика сияқты күрделі және абстрактылы пәнді оқытуда тиімді қолданылатын құрал болып табылады. ARLOOPA – бұл толықтырылған шындық және виртуалды шындық технологияларын қолдануға мүмкіндік беретін инновациялық платформа. ARLOOPA арқылы пайдаланушылар физикалық әлемге виртуалды элементтерді қосып, үшөлшемді модельдер мен анимациялар арқылы күрделі физикалық құбылыстарды көре алады. Физика пәні табиғат құбылыстарын түсіну үшін терең теориялық білім мен практикалық тәжірибені талап етеді. Дегенмен, кейбір физикалық заңдар мен эксперименттерді дәстүрлі әдістермен түсіндіру өте қиын болуы мүмкін. ARLOOPA платформасы осы мәселені шешуге мүмкіндік береді, себебі ол күрделі тұжырымдамаларды визуализациялауға және оларды студенттерге үшөлшемді үлгілер арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Физика сабағында ARLOOPA платформасын қолдану арқылы студенттер абстрактілі түсініктерді нақты көре алады. Мысалы, планеталардың гравитациялық әсерлері денелердің қозғалысы, механикалық толқындар, планеталардың орбиталық қозғалысы сияқты күрделі тақырыптарды 3D модельдер арқылы түсіндіру өте тиімді. Студенттер бұл модельдермен интерактивті түрде жұмыс

істей отырып, физикалық құбылыстарды нақты уақыт режимінде бақылай алады. Физика пәні үшін көрнекілік өте маңызды. ARLOOPA платформасы арқылы физикалық заңдарды анимациялай отырып, студенттер әртүрлі эксперименттер мен құбылыстарды «жандандырады». Мысалы, планеталардың орбиталық қозғалысын ARLOOPA платформасы арқылы көрсетудің арқасында студенттердің пәнге деген қызығушылығы артады. Бұл әдіс студенттердің теориялық білімін нақты өмірдегі мысалдармен байланыстыруға мүмкіндік береді. ARLOOPA платформасы физика пәні бойынша түрлі эксперименттерді қауіпсіз және ыңғайлы ортада өткізуге мүмкіндік береді. Өйткені кейбір физикалық тәжірибелер нақты жағдайда қауіпті немесе күрделі болуы мүмкін.

ARLOOPA платформасының артықшылықтары: ол күрделі физикалық құбылыстарды көрнекі түрде көрсету, тәжірибелерді қауіпсіз орындау, қашықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңейту және студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Деңгейлік тапсырмалар студенттердің білімін әртүрлі деңгейде тексеруге және олардың түсініктерін тереңдетуге бағытталған. ARLOOPA платформасын пайдалану арқылы студенттердің пәнге қызығушылығын арттырып, теория мен практиканы байланыстырған жөн. Төменде ARLOOPA платформасын физика сабағында қолдану тақырыбына арналған бірнеше деңгейлік тапсырмалар берілген:

1. Бастапқы деңгей (Негізгі түсініктерді тексеру)

Тапсырма:

ARLOOPA платформасында «Жарықтың сынуы» құбылысын зерттеңіз. Осы құбылысты сипаттаңыз. Жарықтың сыну бұрышы мен сәуле арқылы өткізілген орта арасындағы байланысты түсіндіріңіз.

Нұсқау:

ARLOOPA платформасында жарық сәулесінің әйнек пен ауа арасындағы шекарада қалай сынатынын көрнекі түрде көрсету. Жарықтың сыну заңы (Снеллиус заңы) бойынша есептер шығару.

Бағалау критерийлері:

- Жарықтың сыну бұрышы мен сәуле өтетін ортаның арасында қандай тәуелділік бар екенін дұрыс түсіндіру.
- ARLOOPA арқылы көрнекілік жасау және оны дұрыс түсіндіру.

2. Орта деңгей(Күрделі құбылыстарды талдау)

Тапсырма:

ARLOOPA платформасында «Жердің тартылыс күші» мен «Атмосфералық қысым» арасындағы байланысты зерттеңіз. Бұл құбылыстарды 3D модельдермен көрсетіп, олардың қалай әсер ететінін түсіндіріңіз.

Нұсқау:

ARLOOPA платформасында әр түрлі биіктіктерде атмосфералық қысымның

өзгеруін және Жердің тартылыс күшінің әсерін көрсету. Атмосфералық қысымның биіктікке қарай қалай өзгеретінін модельдеу.

Бағалау критерийлері:

- Атмосфералық қысым мен тартылыс күшінің арасындағы байланысты дұрыс түсіндіру.
- Көрнекі үлгілер мен анимациялар арқылы ғылыми түсініктерді көрсету.

3. Жоғары деңгей (Зерттеу және эксперимент жасау)

Тапсырма 3:

ARLOOPA платформасын қолдана отырып, «Термодинамиканың I заңы» бойынша эксперимент жасап, оқушыларға энергияның сақталуы мен түрленуін көрсету. Эксперимент нәтижелерін талдап, теориялық қорытындылар жасаңыз.

Нұсқау:

ARLOOPA платформасында термодинамикалық процесс (мысалы, қысым мен көлемнің өзгеруі) анимацияларын көрсету арқылы оқушыларға энергияның сақталу заңын түсіндіру. Экспериментті жасап, нәтижелерін салыстырып, оларды талдау.

Бағалау критерийлері:

- Термодинамиканың I заңы бойынша эксперименттің дұрыс тығын тексеру.
- Энергияның түрлену процесін нақты және түсінікті түрде көрсету.
- Эксперимент нәтижелерін дұрыс талдау және теориялық қорытындылар жасау.

4. Творчестволық деңгей (Жаңа тұжырымдар жасау)

Тапсырма 4:

ARLOOPA платформасында «Кванттық механика» негізіндегі құбылыстарды модельдеңіз. Оқушыларға атом құрылымы мен кванттық энергияның деңгейлері туралы түсінік беріңіз.

Нұсқау:

ARLOOPA платформасында атом құрылымының 3D моделін көрсету арқылы оқушыларға электрондардың қозғалысын және кванттық энергия деңгейлерін түсіндіру. Электрондардың жоғарғы және төменгі энергия деңгейлері арасындағы ауысуды көрсету.

Бағалау критерийлері:

- Кванттық механиканың негізгі түсініктерін дұрыс түсіндіру.
- 3D моделдер мен анимациялар арқылы ғылыми тұжырымдарды көрнекі түрде көрсету.
- Творчестволық тұрғыдан жаңа идеялар мен модельдер ұсыну.

Осы деңгейлік тапсырмалар студенттерге ARLOOPA платформасын тиімді түрде қолдана отырып, физика пәнінің теориялық және практикалық аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді. Әр деңгей студенттердің білімін тереңдетіп, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

ARLOOPA платформасы студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, физиканы түсіну жолдарын жеңілдетеді. Осы себепті, ARLOOPA платформасын білім беру үдерісіне енгізу өзекті және болашақта білім сапасын арттыруға айтарлықтай үлес қосады. ARLOOPA платформасы физика сабағында теория мен тәжірибені біріктіруге мүмкіндік береді. Студенттер үшін бұл әдіс қызықты әрі тиімді, өйткені олар нақты уақыт режимінде физикалық заңдардың қалай жұмыс істейтінін көреді және тәжірибелік дағдыларын дамыта алады. Осылайша, ARLOOPA платформасын физика сабағында қолдану — қазіргі заман талаптарына сай тиімді және өзекті әдіс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. **Галимова, З. Р.** (2021). Жаратылыстану пәндерін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. ҚазҰУ хабаршысы. - Алматы: ҚазҰУ баспасы.
2. **Айтмұхамедов, С. Қ., & Абдуллаева, Ж. Қ.** (2020). Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар: теориясы мен практикасы. Астана: Фолиант баспасы.
3. **Валентинов, И. В.** (2019). Кеңейтілген шынайылық технологиясын қолдану білім беру саласында. Жаңа педагогикалық технологиялар журнал. №4, 22-25 бет.
4. **Абдуллина, Р. Х.** (2020). Қашықтан оқыту жағдайында кеңейтілген шынайылықтың тиімділігі. Жоғары мектеп педагогикасы. №2, 58-61 бет.
5. **Мұратбаев, Қ. А.** (2019). Қазіргі заманғы технологиялар арқылы білім беру үрдісін жетілдіру. Оқыту мен тәрбиелеу мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті.
6. **Лукин, П. А.** (2021). Augmented Reality (AR) және оның білім беру саласындағы қолданылуы. Мәскеу университетінің педагогикалық журналы, №3, 14-19 бет.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ТҰРЫНДА ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРАСТЫРУ

Сулейманова Г.О

*«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК әдіскері*

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы.

Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік

бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттіліктерінің бірі білім алушының функционалдық сауаттылығын арттыру болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты арттыруда сабақ үрдісінде қолданылатын тапсырмалар мен ғылыми білімнің маңызы өте зор. Осы тұрғыдажаратылыстану сауаттылығы адамның ғылыми-техникалық прогреске және тез өзгертін жағдайларға сәтті бейімделуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Жаратылыстану сауаттылығы үш негізгі компонентті қамтиды:

* Ғылыми ұғымдар мен теорияларды білу және түсіну: білім алушылар негізгі ғылыми ұғымдарды түсіндіре білуі керек.

* Білімді нақты жағдайларда қолдана білу: бұл практикалық мәселелерді шешу және қоршаған әлем құбылыстарын түсіндіру үшін ғылыми білімді пайдалану мүмкіндігін білдіреді.

* Ғылыми ойлау және ақпаратты бағалау: сыни тұрғыдан ойлауды, деректерді талдауды және ақпараттың маңыздылығын бағалау қабілетін қамтиды.

Пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Осыған орай физика пәні бойынша оқушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру негізінде 6 деңгей бойыншатапсырмалар құрастырып, сабақ үдерісінде қолдануға болады.

Жаратылыстану сауаттылығын дамыту үшін физика пәнінің мұғалімдері өз жұмысының келесі аспектілеріне де назар аударуы керек:

1. Білімді қолдану тәжірибесі: оқушылар контекстік тапсырмалармен жұмыс істей алуы қажет.

2. Аналитикалық дағдыларды дамыту: сыни ойлау мен зерттеу дағдыларына назар аударуы керек.

3. Деректерді пайдалану: графиктер мен кестелерді түсінін, қолдана алуы қажет.

Сол себепті тапсырмалар құрастыруда осы мәселелерді назарға алған жөн. Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығына арналған тапсырмалар көбінесе нақты өмірлік жағдайлармен тікелей байланысты болады. Мысалы, төменде берілген «Жел электр станциясы (ЖЭС)» тақырыбындағы тапсырма энергияны түрлендіру принциптерін түсінуге, табиғи энергия көздерін пайдаланудың экологиялық салдарын бағалауға және энергетикалық көрсеткіштерді түсіндіруге мүмкіндік береді, білім алушылардан энергия өндіру процестерін талдау үшін жел энергетикасы туралы білімді қолдануды талап етеді. Мұндай тапсырмалар білім алушыларға алған білімдерін күнделікті өмірде пайдалануға үйретеді:


ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ (ЖЭС)

Қазақстандағы алғашқы жел электр станциясы (ЖЭС), Қордай ЖЭС болып табылады, ол 2011 жылы Жамбыл облысында салынып, пайдалануға берілді, энергетикалық қуаты 1500 кВт. 2020 жылдың басында итальяндық Ені энергетикалық компаниясы Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан


қуаты 48 МВт Бадамша жел электр станциясын іске қосты. Жел электр станциясы көмір электр станцияларындағы көмір қышқыл газының (CO₂) шығарылуын жылына 172 мың тоннаға қысқарта отырып, өңірді шамамен 198 ГВтсағ электр энергиясымен қамтамасыз етеді деп күтілуде. Сонымен қатар, жақында еліміздің оңтүстігінде жаңа Жаңатас ЖЭС құрылысының салынатындығы жарияланды. Жел электр станциясы 100 МВт сағ энергия өндіреді және көмір электр станцияларының жыл сайынғы көмір қышқыл газының CO₂ шығарындыларын 262 мың тоннаға азайтады деп күтілуде

1 сұрақ. Мәтіннен Қазақстанның қандай Жел энергетикалық станциясы ең үлкен экологиялық пайда әкелетіндігін анықтаңыз.

2 сұрақ. Жел қондырғыларының номиналды қуаты қондырғы биіктігіне, жел жылдамдығына және ротордың (жел дөңгелегінің) диаметріне тура пропорционал бола ма? Суретке сәйкес салыстырмалы талдау жүргізіңіз және дәлелдеңіз.



3 сұрақ. Жел атласының деректеріне және графикке сәйкес Қазақстан аумағындағы жел электр қондырғыларының энергетикалық қуатын анықтаңыз және түсіндіріңіз.



4 сұрақ. Қазақстанның жел атласының деректерін қолдана отырып талдаңыз: Қазақстанның шығысы мен оңтүстік шығысына ЖЭҚ мен ЖЭС орнату экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімді ме? Неліктен?

5 сұрақ. Жел энергетикасы құрылғыларының сипаттамаларын қолдана отырып, ротордың жиілігі мен айналу периодын анықтаңыз. Жел жылдамдығын өзгерте отырып, ротордың айналу жиілігінің қалай өзгертетінін сипаттаңыз және талдаңыз.

Номиналды энергия	1,5 кВт сағ
Мах энергия	2,5 кВт сағ
Ротор (жел дөңгелегі) диаметрі	4м
5м/с кезіндегі энергия	400 Вт сағ
Желдің жұмыстық жылдамдығы	13 м/с
Генератор салмағы	98 кг

6 сұрақ. Көмірдің жануы кезінде бөлінетін энергия мәтінде берілгендей Бадамша ЖЭС өндірген энергиямен бірдей мәнге ие болатын болса, бір жыл ішінде көмірдің қандай массасын үнемдеуге болады? Көмір қышқыл газының CO₂ шығарындыларын азайту туралы мәліметтерді зерттеңіз және жел энергиясының басқа энергия көздерінен артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып талдаңыз.

Тас көмірдің меншікті жану жылуы шамамен 36,3 МДж/кг тең.

Мұндай тапсырмаларды орындау арқылы оқушы келесі дағдыларды меңгереді:

✓ Эксперименттерді талдау: жүргізілген эксперименттің нәтижелерін талдауға және берілген мәліметтер негізінде қорытынды жасай алады.


✓ Мәселелерді шешу: мәселелерді шешу үшін ғылыми білімді қолдана алады. Мысалы, белгілі бір табиғи құбылыстардың неліктен пайда болатынын түсіндіреді.

✓ Ақпаратты сыни бағалау: оқушылар өздерінің білімдері мен мәліметтерді қолдана отырып, ғылыми тұжырымдарды бағалай алады және зерттеу жүргізе алады.

Ғылыми – жаратылыстану сауаттылығы тапсырмаларын оқушылардың білім деңгейлерін диагностикалау және кез келген тапсырмаларды орындау үшін қажетті оқушылардың құзыреттіліктерін дамыту үшін пайдалануға болады. Мұндай тапсырмалар сабақтарды қызықты және қолданбалы етеді, бұл білім алушыға физиканың практикалық мағыналарын жақсы түсінуге және бағалауға көмектеседі.

4, 5-8 сынып оқушыларының функционалдық дағдыларын зерттеуге бағытталған Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен әзірленген «Зейін» облыстық әлеуметтік-педагогикалық жобасы да осы міндеттерді шешуге көмектеседі.

«Зейін» жобасы аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейі зерделеніп, физика пәні бойынша тапсырмаларды орындауда келесі нәтижелерді көрсетті: оқушылардың 38%-ы 1-ші деңгейлі тапсырмаларды, 43%-ы 2-ші деңгейдегі тапсырмаларды, оқушылардың 15%-ы 3-ші деңгейлі тапсырмаларды, оқушылардың 4% -ы 4 (орташадан жоғары) деңгейлі тапсырмаларды орындап шықты. Ал 5 және 6 деңгейдегі (жоғары деңгей) тапсырмаларды өкінішке орай ешқандай оқушы орындай алған жоқ.



Функционалдық сауаттылық тапсырмаларын қолданған сабақ пен әдеттегі стандартты сабақтарды зерделеу арқылы 8 сынып оқушыларының іс әрекетінің келесі көрінісін байқауға болады:



Бұл диаграммадан функционалдық сауаттылық тапсырмаларын қолданған сабақтың әдеттегі стандартты сабақтардан едәуір нәтижелі болатындығын көруге болады, өйткені мұндай сабақтарда оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдап, өзін жеке дара тұлға ретінде танып, өз ойын ашық, еркін айтып, пікір алмасып, проблемаларды бірлесе отырып шешіп, алған білімдерін өмірде пайдалана алатын функционалды тұлға қалыптасады.

Облыстық «Зейін» жобасын іске асыру аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жұмыста функционалдық сауаттылық апталықтарын өткізудің де маңызы өте жоғары. Себебі апталықтар барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда ауқымды іс-шаралар өткізіледі.

«Зейін» жобасы аясында 10 функционалдық сауаттылық апталығы өткізіледі:

1. Эстетикалық сауаттылық апталығы.
2. Тарихи сауаттылық апталығы.
3. Оқу сауаттылығы апталығы «XXI ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры!».
4. «Математика айналамызда» математикалық сауаттылық апталығы.
5. «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығы,

6. «Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы.
7. Дене сауаттылығы апталығы.
8. «Қаржы әлемі» қаржылық сауаттылық апталығы.
9. "Ғылым әлемі" ғылыми-жаратылыстану сауаттылығының интеграцияланған апталығы.
10. «Жасыл Қазақстан» экологиялық сауаттылық апталығы.

Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруда, оқушының қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, мектепте алған білімін өмір бойы пайдалана алатын тұлға өсіру – білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет екені белгілі. Осы орайда жасап жатқан жұмыстарымыз нәтижелі болатынына сенемін.

Өз ойымды Марк Туллий Цицеронның «Барлық нәрсені біліп, талдау жасай білу аз. Сонымен қатар, соған байланысты сауатты қадам жасай білу керек» деген қанатты сөзімен аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Математика және физика» ғылыми әдістемелік журналы
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. // «Егемен Қазақстан» газеті. <http://www>
3. Н.Ә.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты, 2012ж. «Ана тілі» газеті №5 7-8. Бет
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс- қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің №832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым. Астана. Үкімет Үйі.
5. Қазақстан білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы.

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ: ЛУЧШИЕ ПРАКТИКИ И ПОДХОДЫ

Султангазинова Д. С.

КГП на ПХВ «Колледж информационных технологий», г. Павлодар

Функциональная грамотность – способность человека использовать постоянно приобретаемые в течение всей жизни знания, умения и навыки для решения широкого диапазона жизненных задач в окружающей обстановке, различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений [1]. Тогда

как математическая грамотность – второй по значимости компонент функциональной грамотности, после читательской грамотности [2].

На уроках математики развитие функциональной грамотности становится важной задачей, поскольку математические знания позволяют обучающимся анализировать информацию, делать логические выводы и решать практические задачи. В современном мире цифровые технологии играют ключевую роль в образовательном процессе и могут эффективно использоваться для достижения этой цели.

Современные цифровые инструменты, такие как интерактивные приложения, онлайн-платформы и обучающие игры, помогают оживить уроки математики, делая их более наглядными и интересными. Такие ресурсы, как GeoGebra, Wolfram Alpha и так далее помогают визуализировать математические концепции, которые традиционно трудно понять через обычные графики и формулы на доске. Эти инструменты делают обучение более интерактивным, что способствует вовлеченности и интересу учащихся к этой дисциплине.

Использование таких технологий позволяет обучающимся самостоятельно исследовать математические концепции и закономерности, развивая критическое мышление и аналитические навыки. В результате цифровые ресурсы помогают построить мост между теоретическими знаниями и практическими навыками, делая математику более понятной и применимой в повседневной жизни.

Современные образовательные платформы, такие как Khan Academy, позволяют педагогам организовывать дифференцированное обучение с учетом уровня подготовки каждого студента. Эти платформы предоставляют задания разного уровня сложности и подстраиваются под темп усвоения материала каждым обучающимся.

Эффективность этих технологий заключается в том, что они предоставляют студентам возможность учиться в собственном темпе и повторять сложные темы по мере необходимости. Кроме того, такие платформы позволяют преподавателям отслеживать прогресс студентов в режиме реального времени, что помогает своевременно выявить пробелы в знаниях и скорректировать учебный план. Это особенно важно для развития функциональной грамотности, так как обучающиеся могут фокусироваться на практическом применении знаний, проходя через материал в удобном для них темпе.

Важной составляющей функциональной грамотности является способность интерпретировать данные и применять математические модели для решения прикладных задач. Цифровые технологии предоставляют возможность использовать симуляции и инструменты для визуализации данных, которые позволяют обучающимся лучше понять, как математические концепции работают в реальных ситуациях.

Например, использование симуляций для исследования зависимости роста населения от разных факторов (смертность, рождаемость и миграция) позволяет

обучающимся наглядно увидеть, как математические формулы и функции связаны с реальными процессами. Инструменты для анализа данных, такие как Excel, Google Таблицы или специализированные программные пакеты, позволяют студентам работать с большими массивами данных, строить графики, таблицы и диаграммы, что развивает навыки аналитики и критического мышления.

Визуализация данных также помогает обучающимся лучше понять такие темы, как статистика и вероятность, позволяя им применять знания к реальным жизненным сценариям, например, для анализа данных о погоде, экономике, демографии и других сферах.

Развитие мобильных технологий делает обучение более доступным и гибким. Для обучения математике можно применять такие мобильные приложения как Kahoot или Quizlet. С помощью которых будет удобно создавать различные тесты, а обучающиеся смогут получать доступ к учебным материалам в любое время и в любом месте. Также можно решать задачи, проверять правильность выполнения домашних заданий и готовиться к экзаменам.

Такие приложения позволяют студентам самостоятельно решать математические задачи, получая мгновенную обратную связь. Это особенно полезно для самостоятельной подготовки, так как обучающиеся могут развивать навыки самоконтроля и самооценки. Важно отметить, что при правильном использовании эти приложения становятся эффективным инструментом для поддержания постоянного интереса к предмету и практического применения математических знаний.

Несмотря на широкое распространение цифровых технологий, роль педагога в процессе обучения математике остаётся ключевой. Преподаватель помогает обучающимся эффективно использовать цифровые ресурсы, формирует навыки критического мышления и учит анализировать полученную информацию. При правильной интеграции технологий педагог становится не только наставником, но и координатором цифрового образовательного процесса, направляя обучающихся к осознанному применению математических знаний.

Важно, чтобы педагоги умели выбирать подходящие цифровые инструменты и адаптировать их под конкретные образовательные цели. В этом контексте критическое мышление и способность анализировать технологические ресурсы становятся необходимыми навыками для современного педагога.

Использование цифровых технологий на уроках математики открывает широкие возможности для развития функциональной грамотности обучающихся. Интерактивные приложения, образовательные платформы, инструменты для визуализации данных и мобильные приложения помогают студентам лучше усваивать материал, применять знания в реальных ситуациях и развивать критическое мышление. Однако для достижения наилучших результатов важно, чтобы преподаватели грамотно интегрировали эти технологии в учебный процесс,

создавая условия для осознанного и целенаправленного использования цифровых инструментов.

Таким образом, цифровые технологии могут стать мощным средством повышения уровня функциональной грамотности обучающихся, способствуя развитию необходимых для жизни навыков и формируя у студентов интерес к математике как к практическому и полезному предмету.

Список литературы

1. Леонтьев, А. А. Педагогика здравого смысла. Избранные работы по философии образования и педагогической психологии / А. А. Леонтьев ; сост., предисл., комм. Д. А. Леонтьева. – М. : Смысл, 2016. – 528 с.
2. Дударева, Н. В. Модель формирования функционально-математической грамотности в процессе обучения математике / Н. В. Дударева, Е. А. Утюмова. – Текст : непосредственный // Педагогическое образование в России. – 2021. – № 4. – С. 14-25. – DOI: 10.26170/2079- 8717_2021_04_02.

3D МОДЕЛИРОВАНИЕ НА УРОКАХ ФИЗИКИ В СОВРЕМЕННОМ КОЛЛЕДЖЕ

Такирова А.М.

Уральский колледж информационных технологий, г.Уральск

***Аннотация.** В статье рассматривается возможность использования натуральных 3D-моделей в учебном процессе при обучении физике и технологии для формирования визуальной грамотности учащихся. Определены возможности натуральных моделей по формированию визуальной грамотности учащихся: визуальное исследование модели (рассмотрение, получение информации); интерпретация полученного результата рассмотрения (эксперимента) на реальные объекты или теоретический материал; применение полученных знаний в новых условиях; оценивание параметров модели; проведение анализа соответствия модели и моделируемого объекта или процесса. Предложены натурные 3D-модели, которые можно создать на основе учебного материала по физике, технологии и использовать в классно-урочной деятельности учащихся.*

Цифровые технологии и современное общество тесно связаны друг с другом. Каждый день мы используем различные гаджеты, порой, не представляя нашу жизнь без них. И к современному образованию предъявляются новые требования. Колледж сегодня все больше использует цифровые технологии. **3D моделирование-это важная грань в жизни современного общества. Оно нашло свое применение в сфере маркетинга, архитектурного дизайна и кинематографии,**

не говоря уже о промышленности. Именно 3D-моделирование позволяет создать прототип будущего сооружения, коммерческого продукта в объемном формате. Без 3D моделирование практически невозможно представить проведение презентации и демонстрацию какого-либо продукта или услуги.

Возникает вопрос: «Где сегодня используют 3D моделирование?»

- Создание различных моделей персонажей. Обычно это используется при создании мультфильмов и при проектировании современных компьютерных видеоигр. А на уроках физики - это решение практических задач о параметрах физических тел.
- 3D визуализация зданий. Этим занимаются проектные организации. Визуализация объектов с помощью компьютерных программ позволяет лучше представить будущий проект в реальности. Изображение и восприятие зависит от тона света, яркости, выбора точки наблюдения за объектом. Все это изучается в разделе «Световые явления».
- Создание 3D моделей предметов интерьера и мебели. Дизайнерские компании создают 3D модели предметов интерьера, чтобы осуществить демонстрацию эстетических экспозиций. Знание основ физики позволяют определить функциональность интерьеров надежность сооружений.
- Реклама и маркетинг. Для рекламы и эффективного воздействия на потребителя часто требуются нестандартные объекты. Например, при изготовлении слоистых коктейлей необходимо обратиться к таким темам как «Плотность», «Удельный вес».
- Изготовление эксклюзивных украшений. Профессиональные художники и ювелиры используют специальные программы, которые позволяют создать оригинальный и неповторимый эскиз. И изучение проекций на уроках физики помогают это сделать.
- Медицинская сфера. Например, при проведении пластической операции или же хирургическом вмешательстве, все чаще используют трехмерную графику для того, чтобы наглядно продемонстрировать пациенту, как будет проходить процедура, и каким будет результат. Еще в 1584 г. Леонардо да Винчи описал способность мозга воспринимать объем благодаря различиям изображения одного и того же предмета, видимых правым и левым глазом. В 1611 году немецкий оптик Кеплер изложил теорию стереоскопического восприятия в сочинении «Диоптрика». Эти открытия, сделанные в физике, постепенно стали продуктами широкого потребления.

Из всего этого следует, что современный студент должен уметь решать задачи с использованием информационных технологий. Задача каждого преподавателя найти область межпредметных взаимосвязей в разделах тем своего предмета. Современные занятия по внеурочной деятельности открывают перед студентами интереснейший мир естественнонаучных исследований, робототехники, 3D-прототипирования, инженерной графики. Учащиеся могут найти для себя

интересные проекты. Это изготовление модели молекул в разделе «Строение вещества», изготовление комплектов в разделе «Электрические явления» и др. Ученик получает возможность самостоятельно изготовить ту или иную физическую модель. В итоге происходит одновременное развитие творческого, логического, технического мышлений, пробуждается интерес к естественнонаучным предметам через использование новых цифровых технологий.

Список литературы

1. Елесева М.А. Проект «Использование 3D-моделирования на уроках физики для развития научно-технического творчества учащихся» [Электронный ресурс] – URL: <http://docplayer.ru/33277664-Proekt-ispolzovanie-3d-modelirovaniya-na-urokah-fiziki-dlya-razvitiya-nauchno-tehnicheskogo-tvorchestva-uchashchihsya.html> (дата обращения: 20.01.2018)
2. Сидоров Н. А. Проект «Использование информационных технологий в процессе обучения физике»

ФИЗИКА ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ.

Тлесова Ғ.К.

Талдықорған қаласының “Авиценна” медициналық колледжі

Андатпа. Бұл мақалада физика және математика пәндерінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары қарастырылады. Цифрлық құралдар, симуляциялар және интерактивті ресурстар оқушыларға теориялық материалдарды жақсырақ түсінуге, пәнге деген қызығушылықты арттыруға және практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Озық тәжірибелер оқушыларға күрделі ұғымдарды жеңілдетіп көрсетуге және оларды заманауи технологияларды қолдануға бейімдеуге бағытталған.

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути развития функциональной грамотности учащихся на уроках физики и математики с помощью цифровых технологий. Использование цифровых инструментов, симуляций и интерактивных ресурсов позволяет учащимся лучше понимать теоретический материал, повышать интерес к предмету и развивать практические навыки. Передовой опыт помогает представить сложные понятия более доступно и адаптировать учащихся к использованию современных технологий.

Annotation. This article explores ways to enhance students' functional literacy in physics and mathematics through the use of digital technologies. The application of digital tools, simulations, and interactive resources enables students to better understand

theoretical concepts, fosters interest in the subjects, and develops practical skills. Advanced practices help simplify complex ideas, making them more accessible, and prepare students to effectively use modern technologies.

Қазіргі білім беру жүйесі жыл сайын өзгерістерге ұшырап, заман талабына сай жаңа әдіс-тәсілдер мен технологиялар енгізілуде. Әсіресе физика және математика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту, оқушылардың өз бетімен білім алу қабілетін қалыптастыру және цифрлық технологияларды тиімді қолдану маңызды орын алады. Бұл мақалада физика және математика пәндерінде функционалдық сауаттылықты дамыту үшін цифрлық технологияларды қолданудың озық тәжірибелері қарастырылады.

Физика және математика сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану – қазіргі заманғы білім берудегі маңызды бағыттардың бірі. Бұл әдіс оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың пәнді тереңірек түсінуіне, сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Цифрлық құралдар мен қосымшалар, интерактивті тақталар, симуляциялар, виртуалды зертханалар және онлайн платформалар сияқты ресурстар оқушыларға күрделі ұғымдарды визуализациялау, тәжірибе жасау, есептерді шешу және жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді [1].

Мысалы, физика пәнінде оқушыларға күштер, қозғалыс, энергия, электр құбылыстары сияқты ұғымдарды 3D моделдеу және анимация арқылы көрсету оңайға түседі. Математикада интерактивті графиктер мен диаграммалар арқылы функцияларды, статистикалық деректерді көрнекі түрде түсіндіруге болады.

Озық құралдар:

- Симуляция және анимациялар: Физикадағы әртүрлі құбылыстарды визуалды түрде көрсету үшін.

- Мобильді қосымшалар: Мысалы, Photomath, Khan Academy қосымшалары есептерді шешу мен түсіндіруге көмектеседі.

- Виртуалды зертханалар: Физикадағы зертханалық жұмыстарды қауіпсіз жағдайда, онлайн орындауға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды осылайша қолдану оқыту процесін қызықты әрі тиімді етеді, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және оларға нақты өмірде қолданылатын білім алуға жағдай жасайды.

Функционалдық сауаттылықты дамыту: мақсаттары мен маңызы:

Функционалдық сауаттылық - білім алушылардың өмірде кездесетін нақты жағдайларға бейімделу қабілетін арттыру, ақпаратты сыни ойлау және оны қолдану дағдыларын дамыту. Бұл білімнің тек теориялық тұрғыдан меңгеріліп қана қоймай, сонымен қатар практикалық тұрғыдан қолданылуын да қамтамасыз етеді [2].

«Цифрлық технологияларды қолдану артықшылықтары

Цифрлық технологиялар физика және математика сабақтарында бірнеше артықшылықтар береді:

1. Визуализация: Абстрактілі ұғымдарды визуалды түрде көрсетіп, оқушылардың түсінуін жеңілдетеді. Мысалы, физикадағы түрлі құбылыстарды анимациялар мен симуляция арқылы көрсетуге болады.

2. Қолжетімділік және шапшаңдық: Онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар арқылы оқушыларға қажетті ақпаратты тез және оңай табуға мүмкіндік береді.

3. Дербестендірілген оқыту: Әр оқушының жеке қабілеттеріне бейімделген тапсырмаларды ұсынып, өзіндік білім алу қарқынын қолдайды.

Физика және математика сабақтарында қолданылатын цифрлық құралдар:

1. Интерактивті тақталар және планшеттер: Мұндай құрылғылар мұғалімдерге сабақты интерактивті түрде өткізуге мүмкіндік береді, ал оқушылар тапсырмаларды бірден орындап, нәтижесін жылдам көре алады.

2. Симуляциялар мен анимациялар: Мысалы, физика пәнінде кинематика, динамика сияқты күрделі тақырыптарды түсіндіру үшін арнайы симуляциялық бағдарламалар қолданылады. Бұл оқушыларға эксперименттер жасау арқылы білімдерін тәжірибелік тұрғыдан кеңейтуге мүмкіндік береді.

3. Қашықтан оқыту платформалары: Google Classroom, Moodle және басқа да платформалар оқушылардың үй тапсырмаларын орындауы, оқытушылармен кері байланыс орнатуы үшін таптырмас құрал.

4. Мобильді қосымшалар: Қазіргі кезде математикалық және физикалық есептерді шешуге арналған мобильді қосымшалар көп. Олар оқушыларға үйде де сабаққа дайындалуға көмектеседі[3].

Озық тәжірибелер

1. Финляндия тәжірибесі: Финляндияда оқушылардың сауаттылығын дамыту үшін білім беру процесінде кең ауқымды цифрлық технологиялар қолданылады. Олар интерактивті сабақтар мен топтық жобалар арқылы оқушылардың білімін тереңдетіп, нақты дағдыларын қалыптастырады.

2. Сингапурдың математика оқыту әдістемесі: Бұл әдістеме оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Сабақтарда түрлі визуалды құралдар қолданылып, есептерді шешу процесі кезең-кезеңімен түсіндіріледі.

3. Қазақстандағы тәжірибелер: Қазақстанда да цифрлық технологияларды білім беру процесінде қолдану кеңінен қолданыс табуда. Кейбір мектептерде робототехника, STEM жобалары сияқты пәндер енгізіліп, оқушылардың функционалдық сауаттылығы артуда[4].

Физика және математика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамытуда цифрлық технологияларды қолдану білім сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Озық тәжірибелерді қолдана отырып, оқушылардың сыни ойлау қабілетін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға

жағдай жасай аламыз. Жаңа технологияларды білім беру үдерісінде енгізу арқылы болашақта білім деңгейі жоғары, заман талабына сай кәсіби білікті мамандарды тәрбиелеп шығаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану: Білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды енгізу және олардың оқу процесіне ықпалын талдау. [bilimger.kz](https://bilimger.kz/151028/).
2. UST.KZ - Білім беру материалдары мен ресурстар: Қазақстандағы педагогтарға арналған ресурстар, цифрлық технологияларды қолдану бойынша тәжірибелер. (ust.kz).
3. Финляндиядағы білім беру жүйесі: Финляндияның білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану туралы талдау. Сааринен, Х. "Финляндияда білім беру: Озық тәжірибелер мен инновациялар". Хельсинки, 2020.
4. Математикалық білім берудегі цифрлық құралдар: Математика пәніндегі цифрлық құралдар мен олардың оқу процесіндегі артықшылықтары. Журнал "Математикалық білім беру", №3, 2021.

ПРОАКТИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ ҮШІН МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Төлегенова С.Т

«Мақат мұнай және газ технологиялық колледжі» КМҚК, Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі.

Андатпа. Бұл баяндамада математика сабағында проактивті дағдыларды дамыту үшін цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі қарастырылған. Цифрлық құралдар математикалық түсініктерді көрсетуге, зерттеу және жетілдіруге мүмкіндік берді. Цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, олардың өз бетімен білім алу қабілеті, проактивті дағдылары дамыды.

Аннотация. В этом докладе рассматривается эффективность использования цифровых технологий для развития проактивных навыков на уроках математики. Цифровые инструменты позволили продемонстрировать, исследовать и совершенствовать математические концепции. Благодаря эффективному использованию цифровых технологий у учащихся повысился интерес к предмету, развилась их способность к самостоятельному обучению и навыки проактивности.

Annotation. This report discusses the effectiveness of using digital technologies to develop proactive skills in mathematics lessons. Digital tools have made it possible to demonstrate, research and improve mathematical concepts. Through the effective use of

digital technologies, students' interest in the subject has increased, their ability to learn independently, and proactive skills have developed.

“Мұғалім өз мамандығының мәңгілік оқушысы”

Джон Дьюи

Мұғалім өмір бойы оқу дағдысын ие болуы керек мамандықтар басында тұрады. Себебі басқа барлық мамандықтар иесі осы мұғалім оқытуынан, қолынан өткен. Мұғалімге өмір бойы оқу дағдысы кәсіптік шеберлігінің шарықтауына кең жол ашады. Өмір бойы оқуға шыдаммен сабырға ие болуымыз керек. Қазіргі уақыт жылдам дамып, тез құбылуда. Барлық нәрсенің моделі сәт санап өзгеруде. Кеше ғана үйреніп-білген білімнің бүгін жарамай қалатын дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Білімді адамның кез келген іс әрекеті, адаммен сөйлесу мәдениеті, ұжымды басқару қабілеті, ұрпақ тәрбиелеудегі жұмысы, жасаған кәсібінде өзгеше болады. Бұл жайлы Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: “Білім — бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді”.

Білім алушылардың оқуға қызығушылығын арттыру мұғалім қызметінің бірі. Білім алушыны болашақ тұлға ретінде қарасақ біз оның бойына өмір бойы оқу дәнігін егуіміз керек. Проактивті болу - ойланбай жауап бере салу емес, кез келген жағдайда ойланып барып жауап беру деген сөз. Проактивті болу үшін өмір бойы оқу дағдысын білім алушыда қалыптастыру үшін біз мұғалімдер сол үлгінің алтын көшін бастар үлгісі, эталоны болуымыз керек.[2] Қазірге жаһандану дәуірінде цифрлық сауаттылық, цифрлық дағды маманның кәсіби қызметін сапалы атқаруына көмек береді. Прогрессивті қоғам дамуында мұғалімде де цифрлық дағдылар болуы керек. 2019 жылы әлемдік эпидемия оқытудың қашықтан оқыту формасына енуіне байланысты цифрлық дағдылардың болуының маңыздылығын айқындап берді. [3]

Менің цифрлық дағдыларымның компоненттеріне:

- 1) Сабақтарды көрнекі, қызықты етіп өткізу үшін интернет ресурстарды пайдалана білу (mathwarehouse.com, qazmath.net, gamma.app сайттары). Сабақтарды жоспарлауда қолданамын.
- 2) Виртуалды зертханалар мен математикалық симуляциялар білім алушыларға теорияны практикамен байланыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, PhET Interactive Simulations сияқты платформаларда математикалық ұғымдарды нақты түсінуге болады. (1-кесте)
- 3) Виртуалды сынып жасауға дайындау (teacher.desmos.com, geogebra.org) т.б қызметтерде оқыту мүмкіндігі ғана емес, бұл білім алушыларды осы ресурстарды тиімді пайдалануға үйретуге бағытталады. Білім алушыларға сабақ барысында тапсырмалар орындатуға қолданамын. (1-кесте)
- 4) Әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін тиімді қолдану. Khan Academy ресурсы видеосабактар мен жаттығулар арқылы математикалық білімді өзгертуге мүмкіндік береді. Білім алушыларға өздігінен білім алуға қолайлы платформа.

Қазір білім алушылардың басым бөлігі Tiktok, Instagram, Youtube аккаунттары бар белсенді қолданушылар қатарын құрайды. Қысқа ғана 30 секундтық ролик, сіздің 45 минуттық сабағыңыздың негізгі формуласымен есебін шығарудың жолын көрсетіп бере алады.

5) Интернеттен ақпаратты тиімді іздей білу. Ақпараттық заманда бұл өте қажет дағды. Расында, қазір ақпарат ағыны өте көп, ақпарат жоқтығынан емес көптігінен қиналатын заманға тап келдік. Осы жағдайда бізге сыни ойлаудың үлкен бір функциясы — көзсіз сенуден, дәлелсіз қабылдаудан бас тартатын – скептицизм яғни күмәндану көмекке келеді. Ақпараттың барлығы дұрыс бола бермейді. Керек ақпаратты пайдаланарда сыни ойлау арқылы қабылданғаны дұрыс[1](chatgpt.com, eduaide.ai). Өзіме керекті ақпараттарды нақты әрі жылдам табуыма мүмкіндік береді.

1-кесте

Цифрлық технология	Сипаттамасы	Мүмкіндіктері	Қолдану саласы
GeoГebra	Геометрия мен алгебраны визуализациялауға арналған математикалық платформа.	Фигуралар мен графиктерді интерактивті құру, геометриялық конструкциялар жасау, есептерді визуалды реттеу.	Геометрия, алгебра, тригонометрия
Десмос	Онлайн графиктер калькуляторы, функцияларды графикалық түрлендіруге арналған құрал.	Функция графиктерін интерактивті құру, өзгерістерді бақылау, теңдеулерді зерттеу.	Алгебра, анализ, статистика
Хан академиясы	Тегін онлайн білім беру платформасы, әртүрлі тақырыптар бойынша видео сабақтар мен жаттығулар ұсынады.	Тақырыптық видеосабақтар, жаттығулар және бағалау, өзіндік оқу мен тест арқылы білімді бағалау.	Барлық математика пәндері
PhET интерактивті модельдеулері	Ғылым мен математикаға арналған интерактивті симуляциялар	Теориялық білімді тәжірибемен құру,	Алгебра, статистика, геометрия

	ұсынылатын онлайн платформа.	математикалық құбылыстарды модельдеу.	
Qazmath	Қазақ және ағылшын тілдерінде тесттер, жаттығулар, видеосабактар және теориялық материалдар ұсынады.	Мұғалімдер мен оқушыларға арналған құралдар (калькулятор, сөзжұмбақ генераторы, топтастыру құралдары) арқылы сабақтарды интерактивті және қызықты етеді.	Математика пәні

Осы аталған цифрлық технологиялар көмегімен білім алушылардың өз сабағыма деген қызығушылықтарын арттырып, үлгерімі төмен білім алушыларға материалды оңай түсінуге жағдай жасай алдым.

Қорытындылай келе, математика сабағында цифрлық технологияларды қолдану студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыруға тиімді әдістердің бірі болып табылатынын байқаймыз. Мен қолданатын технологиялар пәнге деген білімді арттыруға, білімді тереңдетуге және практикада өмірге ықпал етуге жағдай туғызады. Білім беру жүйесінде осы әдістерді кеңінен қолдану, әрі қарай жетілдіру арқылы математикалық сауаттылықты дамытуға болады.

Цифрлық технологиялар арқылы сабақты жүйелі түрде енгізу өзіндік зерттеулер жүргізуге және шешуге шығармашылықпен қарауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Стивен Р. Кови «Жасампаздың 7 дағдысы» // «Franklin Covey Co» баспасы. // Аудармашылар: Ғосман Төлеғұл, Жақсылық Самұрат, Өмірзақ Ақжігіт. — 2018ж //
2. Қайрат Жолдыбайұлы «KEMEL ADAM» // «Самға» баспасы, Алматы. — 2021ж. //
3. Қажымов Андас Марленұлы «Проактивті ойлау дағдылары» // <https://qazmath.net/>

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Төленұлы Д.

Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі, Алматы облысы, Есік қаласы

Андатпа. Бұл мақалада колледж студенттеріне математика пәнінен функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары қарастырылады. Математикалық сауаттылықтың маңыздылығы, оны арттырудың тиімді әдістері мен стратегиялары талқыланады. Сонымен қатар, студенттерді өмірлік жағдайларда математикалық білімдерін қолдануға үйрету, жобалық жұмыс, топтық жұмыс, модельдеу, ақпараттық технологияларды пайдалану және геймификация әдістері қарастырылады. Мақалада берілген ұсыныстар студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, функционалдық сауаттылығын дамытады.

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути развития функциональной грамотности по математике среди студентов колледжа. Обсуждаются значение математической грамотности, эффективные методы и стратегии её повышения. Также приводятся методы обучения студентов применению математических знаний в жизненных ситуациях, такие как проектная работа, групповая работа, моделирование, использование информационных технологий и геймификация. Предложенные рекомендации способствуют повышению интереса студентов к предмету и развитию их функциональной грамотности.

Annotation. This article explores ways to develop mathematical functional literacy among college students. It discusses the importance of mathematical literacy and effective methods and strategies for enhancing it. Additionally, it examines approaches to teaching students how to apply mathematical knowledge in real-life situations, including project-based work, group collaboration, modeling, the use of information technology, and gamification. The recommendations provided aim to increase students' interest in the subject and improve their functional literacy.

Математика пәні тек формулалар мен есептер емес, оны түсініп, өмірде қолдану маңызды. Бұл мақсатқа жету үшін колледж студенттерінде математикалық функционалдық сауаттылықты дамыту өзекті мәселеге айналуға. Математикалық сауаттылық – бұл жеке тұлғаның математикалық білімдерін күнделікті өмірде қолдана алу, логикалық ойлау, проблемаларды шеше алу қабілеті. Сондықтан математика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар тиімділігі жоғары.

Қазіргі заман талабына сәйкес, студенттердің алған білімдерін іс жүзінде қолдана алу дағдыларын дамыту қажеттілігі туындап отыр. Өмірде кездесетін түрлі қаржылық, экономикалық, техникалық мәселелерді шешу, деректермен жұмыс істеу үшін математикалық сауаттылықтың болуы маңызды. Мысалы, әр түрлі

пайыздық есептерді жүргізу, статистикалық деректерді талдау және нәтижелерге негізделген шешім қабылдау қабілеттерін меңгеру колледж түлегінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.


Математикалық функционалдық сауаттылықты дамытудың әдістері

Колледж студенттерінің математикалық сауаттылығын арттыру үшін әр түрлі әдістер қолдануға болады:

1. Өмірлік жағдайларға арналған есептерді енгізу.

Студенттерге теориялық материалды күнделікті өмірге қатысты есептер арқылы түсіндіру. Мысалы, банк қызметіне қатысты пайыздық есептер, экономикалық есептеулер, тұрмыстық шығындарды жоспарлау. Бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, өмірде қолдана білу қабілетін дамытады.

3. Интернетте хабарласу



Марк (Австралияның Сиднейінен) және Ганс (Германияның Берлиннен) бір-бірімен интернет арқылы жиі хабарласады. Олар сөйлесу үшін, интернетке бір уақытта қосылуы керек. Хабарласуға тиімді уақытты анықтау

үшін, Марк дүние жүзінің әртүрлі жерлердің уақыты көрсетілген кестеден төмендегі құжатты тапты: Гринвич 24:00 (түн ортасы) Берлин 1:00 Сидней 10:00

1-сұрақ.(01)

Егер Сиднейде сағат 19:00 болса, Берлинде сағат неше?


2-сұрақ.(0123)

Марк пен Ганс бір-бірімен сағ 9:00 мен 16:30 аралығында сөйлесе алмайды, себебі бұл уақытта мектепте болады. Сағат 23:00 мен 7:00 сөйлесе алмайды, себебі бұл уақытта олар ұйықтайды. Балалар бір-бірімен сөйлесу үшін, қай уақыт тиімді болады? Кестеде әр қаланың жергілікті уақытын көрсет.

Қала	уақыт
Сидней	
Берлин	

7. Кітап сөрелері

сұрақ. (01)



Бір кітап сөресін жинау үшін, ағаш шеберіне

- 4 ұзын тақтай,
- 6 қысқа тақтай,
- 12 кішкене қысқыш,
- 2 үлкен қысқыш,
- 14 бұранда қажет.

Ағаш шеберінде 26 ұзын тақтай, 33 қысқа тақтай, 200

кішкене қысқыш, 20 үлкен қысқыш және 510 бұранда. Осы бөліктер арқылы шебер неше кітап сөресін жинай алады?

2. Математикалық модельдеу және деректерді талдау

Модельдеу – нақты жағдайларды қарапайым математикалық модельдермен көрсету. Мысалы, статистикалық мәліметтерді талдап, графиктер құру. Мұндай есептерді орындау студенттердің логикалық ойлау қабілетін дамытады.

3. Жобалық жұмыс

Жобалық әдіс студенттердің шығармашылық ойлауын, зерттеу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, қаржылық есептеулерге арналған жобалар жасау, кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерін талдау бойынша жұмыс жасау, деректерді зерттеу және қорытынды жасау.

4. Ақпараттық технологиялар мен онлайн платформаларды пайдалану Сандық технологияларды қолдану студенттерге өз бетімен зерттеу жұмыстарын жасауға, интернет-ресурстардан ақпарат алуға, арнайы бағдарламалар арқылы деректерді өңдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, математикалық есептерді шешуге арналған GeoGebra, Excel және басқа да бағдарламаларды қолдану.

5. Топтық жұмыстар мен диалогқа негізделген сабақтар

Студенттерді бірлесіп жұмыс істеуге, әр түрлі шешімдерді талқылауға, ойларын еркін жеткізуге үйрету. Студенттермен пікір алмасу арқылы студенттер түрлі көзқарастарды қабылдауды және өз шешімін қорғай алууды үйренеді.

6. Ойын технологиялары мен геймификацияны пайдалану

Сабақта ойын элементтерін қолдану студенттердің қызығушылығын оятады. Математикалық викториналар, жарыстар ұйымдастырып, білімді ойын түрінде игеру арқылы білім деңгейін арттыруға болады.

Математикалық функционалдық сауаттылықты дамыту – қазіргі заман талабына сай колледж білімінің ажырамас бөлігі. Бұл тек студенттердің математикалық білімдерін нығайтып қана қоймай, оларды өмірге дайындайды. Мақалада ұсынылған әдістер: өмірлік жағдайларға арналған есептер, математикалық модельдеу, жобалық жұмыстар, топтық жұмыс, ақпараттық технологияларды пайдалану және геймификация – студенттерге өз білімдерін практикада қолдануға көмектеседі.

Мұндай тәсілдер білім алушылардың логикалық ойлау, деректерді талдау және шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді. Бұл дағдылар оларды болашақ кәсіби және жеке өмірде өз бетінше жұмыс істей алатын, ойы жүйрік, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастырады. Осылайша, колледжде математикалық функционалдық сауаттылықты дамыту студенттердің білім сапасын арттырудың, олардың қызығушылығын оятудың және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды дайындаудың тиімді құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — Нұр-Сұлтан, 2019.

2. Нұртаева, Л.А., және басқалар. Функционалдық сауаттылық: түсініктер мен міндеттер. — Алматы: «Өрлеу» БАҰО АҚ, 2018

3. Пизаның халықаралық зерттеуі бойынша оқу дағдыларын бағалау: оқу құралдары / ЮНЕСКО. — Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2017.

4. Көшекбаева, Н.А. Колледждегі математиканы оқытудың функционалдық сауаттылыққа бағытталған әдістері. — Алматы: Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2021.

5. Сейітқазы, А.С. Математиканы оқыту әдістемесі. — Астана: Фолиант, 2019. 6. Қазақстан Республикасында орта және жоғары білім беруді жаңғырту:

[электрондық ресурс]. — Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми сайты: www.edu.gov.kz.

7. OECD. PISA 2018 Results: What Students Know and Can Do. — OECD Publishing, 2019.

8. Асқарова, Г. Математикалық білімді тәжірибеде қолдану әдістемесі. — Оқу құралы. — Шымкент, 2020.

9. Савин, Н.В. Математикадағы практикалық есептерді модельдеу. — Москва: Просвещение, 2017

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗІ

Тубитбаева Ж.Х.

«Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы
инновациялық технологиялар колледжі» МКҚК

Андатпа. Бұл мақалада физика сабағында білім алушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселелерін көрсетеді. Білім алушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыратын және қоғамға пайда келтіретін күрделі мәселелер айтылған.

Аннотация. В данной статье отражены проблемы формирования не только знаний обучающегося на уроках физики, но и навыков их применения, в частности функциональной грамотности. Высказываются сложные вопросы, формирующие у обучающихся навыки самообразования, анализа, конструирования, умения использовать знания для всестороннего самовыражения в общественной жизни и приносящие пользу обществу.

Abstract. This article reflects the problems of forming not only the student's knowledge in physics lessons, but also the skills of their application, in particular functional literacy. Difficult questions are raised that form students' skills of self-education, analysis, design, and the ability to use knowledge for comprehensive self-expression in public life and benefit society.

Білім алушының сыни ойлауын дамытуға бағытталған жаңа инновациялық «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» жобасының да басты міндеттерінің бірі — оқытушылардың жаңаша ойлай алатын, өз мәселесін өзі шеше алатын адам тәрбиелеуге жәрдемдесуі, ұстаздардың дәстүрлі сабақ беруден өзгеруіне, балаға бағытталған сабақ процесін ұйымдастыра алуы, сабағын белсенді, білім алушымен тең құқылы дәрежеде жүргізуі, жобаның философиясын терең меңгерген ұстаздардың шәкірттерін өз пікірін ашық айтып, өзара шынайы сұхбат жүргізетін,

рухани жағынан дамыған жеке тұлға ретінде дамуына ықпал жасауы болып табылады.

«БББ» кестесінің алғашқы екі кестесін, яғни «не білемін», «не білгім келедіні» білім алушылар жаңа тақырып басталмас бұрын толтырады. Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады. «Жұптағы ой қозғау» –Білім алушылар қандай да болмасын ақпарат туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт 2-4 минут қана, білім алушылар өз жұптарымен жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады. Ойлан, жұптас, пікірлес – білім алушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтадасұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбірбілім алушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін білім алушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Оқытушы 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл топқа жариялауын сұрануына болады. Алдын-ала берілген атаулар – оқытушы сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау, терминдер жазып қойып (3-4 атау) білім алушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты білім алушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін оқытушының бірнеше білім алушының ойы мен пікірін тыңдауына болады.

Сабақтың негізгі бөлімінде оқытушы білім алушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігінен жаңа мәліметті жан – жақта қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Білім алушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады. Сұрақ қою қайтадан сұрақ қою – мәтіннің әр бөлігінен кейін білім алушыларға бір – біріне немесе өзгеде білім алушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Мәтіннің бірінші бөлігі оқылып жатқанда А білім алушы В-ға бірнеше сұрақ жазбаша дайындайды. Мәтін оқылып біткеннен кейін В білім алушы жауап береді. Екінші бөлімнен кейін керісінше В білім алушы А білім алушыға сұрақ қояды. Үшінші бөлімнен кейін екеуі С және Д білім алушыларға сұрақ қояды. Жеке тұлғаны анықтау атты ойынның да тиімді жағы көп. Жүргізуші (мұғалім) физик ғалымдардың портреті жапсырылған беттерді таратады. Білім алушылар ғалымның фамилиясын, физика саласындағы өмірін, жаңалықтарын есімімен байланысты оқиғалар т.б еске түсіру керек. Талдау ұзақтығы 5 минут.

Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер: *Ыстық орындық* - Бір білім алушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұндық қылу үшін, білім алушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, білім алушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады (мысалы, Гордон Браун немесе жалғыз басты жас ана).


Физика сабағында ойынды ұйымдастырғанда білім алушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Колледжде физика курсының оқытудың ең маңызды мақсаттарының бірі – физиканың қолданбалы мүмкіндіктерін ашу. Математикалық, химиялық немесе географиялық, т.б. мазмұнды есептерді шешу барысында білім алушылар физикалық ұғымдар мен заңдылықтарды тереңірек түсініп, ұғынып, сонымен қатар кәсіби даярлықтың негіздерін меңгереді.

Мысалы, физика сабақтарында мынадай функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмалар беріледі:

1) Сәбит сабақтан кейін, ауыл маңындағы көлге барып, тас лақтыруды әдетке айналдырды. Сәбиттің бұл әдеті қарындасы Айданаға қызық еді. Бір күні Айдана ағасымен бірге баруды ұйғарды. Айдана ағасының тас лақтыру шеберлігіне қарап, таңданысын жасыра алмады, себебі ағасы тек тасты лақтыруды қызықтамайтын, Сәбит тасты су бетіне ыршыта лақтырып, секіру уақытын есептеп, секірген тастың санын санаушы еді.

I. Сәбиттің лақтырған тасы 4 с ішінде секіру биіктігі 0.2 м болса, оның амплитудасының мәнін көрсетіңіз (1 сурет);

- A) 20 см
- B) 20 м
- C) 0.2 см
- D) 0.05 м
- E) 0.8 м



1 сурет

II. Тастың ең үлкен секіру биіктігі 0.2 м болып, 4 с сайын қайталанып отырса тербеліс графигін салыңыз;

III. Егер Сәбиттің лақтырған тасы 24 секундта 6 рет секірсе, жиілігі қандай екендігін анықтаңыз;

IV. А. Графикке қарап тастың секіру амплитудасын көрсетіңіз;

В. Циклдік жиілігін есептеңіз;

Циклдік жиілігі арқылы периодын есептеңіз;

V. Тасты неге секіртіп лақтыру себебін түсіндіріңіз;

VI. Сіздің ойыңызша Сәбит неге тастың секіру санын және уақытын есептейтінін түсіндіріңіз;

VII. Тағы қандай әдісі арқылы тасты лақтырып, тербеліс жасатуға болады, өз нұсқаңызды жазыңыз.

2) «Өз ісінің үздігі» атты колледжаралық мамандықты қорғау фестивалі Алма-Арасан демалыс орынында, табиғат аясында өтуде. Фестивальге «Инновациялық технологиялар колледжінің» 2-курс студенті Айбол қатысуда. Айболдың дәнекерлеу жұмыстарын аяқтауға жақындағанда баллондағы газдың азаюына байланысты жалынның жану қарқыны төмендеді.

- 1) Айболдың осы тығырықтан шығуына қандай идеялар ұсынасыз?
- 2) Ұсынған идеяларыңызды газ заңдарымен сипаттаңыз.

3) Газ баллонды шайқағанда, газдың қысымы 1,5 есе артты. Газдың температурасы 10°C -қа төмендеді. Бастапқы температураны анықтаңыз.

4) Байқау басталған кездегі баллондағы газдың температурасы 25°C , көлемі 5 л. Газдың 70°C температурадағы көлемі қандай?

5) Қалыпты жағдайдағы баллондағы газдың қысымы 1,6 МПа, температурасы 15°C . Егер байқауда дәнекерлеу жұмыстарын жасау барысында газдың 80%-ы пайдаланылса және бұл кезде температура 10°C төмендесе, газ қысымы неше есе азаяды?

Сонымен функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Развитие функциональной грамотности обучающихся основной школы: методическое пособие для педагогов/Под общей редакцией Л.Ю. Панариной, И.В. Сорокиной, О.А. Смагиной, Е.А. Зайцевой. – Самара: СИПКРО, 2019.-117с.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚҰРЫЛЫМДАНҒАН ЕСЕПТЕРДІ ҚҰРАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Тугелбаева Ж.С

Атырау облысы, Сарайшық ауылы

«Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі» КМҚК

Қазіргі қоғамның назарын педагогикалық білім берудің заманауи трендтеріне аудару, білім беру мазмұнының жаңаруы - халықаралық инновациялық технологияларды таратуды мақсат етіп отыр. Заманауи білім беру трендтеріне инновациялық білім беру мен цифрлы Қазақстан жатады.

Бүгінгі таңдағы алда тұрған басты міндет – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесуі, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Функционалдық сауаттылық- білім алушылардың алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Мұғалім

сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып өтуінде, пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және сауаттылығына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті - мұғалім білім алушыға білім бере отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және білім алушыға өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру[2].

Функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі - білім алушылардың алған білімдерін өмірлік және әлеуметтік жағдайда сәтті пайдалануға мүмкіндік береді. Берілетін білімнің мазмұнын білім алушыға жүйелеп, өңдеп, дайын күйінде жеткізу ол мына біздерге мұғалімдерге байланысты. Сондықтан мұғалімдер «қалай оқытамыз» деген сұрақ төңірегінде әдістемелік ізденістер жасаймыз.

Деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалана отырып білім алушыларға функционалдық сауаттылыққа негізделген құрылымдық есептер құрастырғанда деңгейлік тапсырмалар беремін. Деңгейлік оқыту әдісін қолдана отырып, білім алушыны оңайдан қиынға, сатылып білім дәрежесін көтеруге ықпал етемін. Сабақ барысында білім алушының деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасау арқылы өзіндік дамуы, ынтасы, ойлауы, есте сақтауы арта түсетінін байқадым. Физика сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың бір жолы – оқу бағдарламаларында графиктер мен сызбаларды оқи алуы, оларға талдау жасай алуы, өзара салыстыру арқылы қорытынды жасауы. Тақырып бойынша графиктер мен сызбалар физиканың барлық бөлімдерінде кездеседі. Графиктер мен сызбаларды талдау барысында білім алушы бірнеше функционалдық сауаттылықты қамтиды. Сабақтың ерекшелігі мен тиімділігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – білім алушыларға деңгейлік тапсырмалар беру. Білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру барысында өз іс тәжірибемде деңгейлеп оқыту әдісін қолданамын. Білім алушыларға өзіндік жұмысты ұйымдастыруға және оны өткізуге көмегін тигізеді. Білім алушылар өзіндік жұмыстарын орындап, білімдерін мониторингтік жүйе арқылы өздері бағалап, диагностикалауға қол жеткізеді [3].

Деңгейлік тапсырмалар беру арқылы білім алушының функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. Әр сабақ жоспарын жасағанда осы функционалдық сауаттылыққа негізделген құрылымданған есептер дайындаймын. Сол функционалдық сауаттылыққа негізделген құрылымданған есеп деңгейлік тапсырмалардан тұрады. Мысалы:

«Табиғи радиоактивтілік. Радиоактивті ыдырау заңы» тақырыбында өткізген сабағымның жоспарын құрғанда функционалдық сауаттылыққа байланысты құрылымданған есепті қарастырайын.

Теңіз кен орны ҚР-ның Атырау облысындағы Жылыой ауданында орналасқан. Теңіз кен орны дүние жүзіндегі ең ірі мұнай кен орындар қатарына жатады. Теңіз кен орнында ауаға күкірт таралып жатқанын білеміз. Күкірт – радиоактивті элемент болғандықтан ол қоршаған ортаға таралады. Күкірттің жартылай ыдырау периоды 87,4 тәулік. ($^{16}_{32}\text{S}$)


ЕБҚ: Күкірт ядросы α және β ыдырауға ұшырағанда қандай ядро пайда болады?

1. Массасы 2 кг күкірт 5 сағат уақытта ыдырағанда қанша массасы қалады?
2. Ыдырап кеткен ядроның массасын табыңыз?
3. Ыдырап кеткен ядроның санын табыңыз.

«Электр тоғы. Тізбек бөлігіне арналған Ом заңы. Өткізгіштерді аралас жалғау» тақырыбы бойынша

Зертханалық жұмыс кезінде білім алушы Болат кедергілері 5Ом, 10Ом, 15Ом үш резисторді алып электр тізбегін тізбектей жалғады. Мұнда тоқ көзі 24В кернеуге тұрақты жалғанған.

ЕБҚ: Сызбадағы шарты белгілерді пайдаланып құралдардың атын жазыңыз.



1. Тізбек бөлігінде жалпы кедергісін анықтаңыз.
2. Ом заңның пайдаланып жалпы тоқ күшін және әр резистордың кернеуін анықтаңыз.
3. Егер сызбадағы шамаларды параллель жалғағасақ ондағы жалпы тоқ күші мен кедергісін анықтаңыз.

«Қатты денелердің механикалық қасиеттері» тақырыбы бойынша

Еліміздің ірі қалаларында көп қабатты зәулім үйлер көптеп салынуда. Жұмыс барысында құрылыс материалдарын жоғары қабаттарға көтергіш кранның көмегімен жеткізеді.



1-сурет Жүк көтергіш кран

ЕБҚ: Кестені пайдаланып көтергіш кранның тросын неден жасайтынын анықтаңыз. 1-кесте Созылуға беріктік шегі $\sigma_{ш}$

Зат $\sigma_{ш}$, МПа

Алюминий	100
Латунь	50
Қорғасын	15
Күміс	140
Болат	500

1. Ұзындығы 4 м көлденең қимасы $0,5 \text{ мм}^2$ болат сымды 2 мм ұзарту үшін оның ұштарына қандай күш түсіру керек?

2. Егер трос сымының диаметрі 5 см болатын кран бір мезгілде 10 т жүкті көтеретін болса, сымға түсірілген механикалық кернеуді табыңыз.

3. Кірпіштен салынған ғимараттың максимал биіктігін табындар. Кірпіштің сығылу беріктігінің шегі $1,5 \cdot 10^{10} \text{ Па}$, тығыздығы $1,8 \cdot 10^3 \text{ кг/м}^3$

Қорыта келе құрылымдалған тапсырмаларды құрастыру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, оқыту үрдісінде білім алушының белсенді ортасын құру. Осындай деңгейлік тапсырмаларды орындағанда білім алушы бойында мынадай қасиеттер қалыптасады: белсенділік; шығармашылық тұрғыда ойлау; шешім қабылдай алу; өзіне деген сенімділігі артады. Әрбір мұғалім күнделікті өз сабақтарында оқу мақсаттарына сәйкес білім алушылардың ғылыми сауаттылығын, функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмаларды дайындап отырса, керемет болар еді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы»
2. «Қазіргі жағдайдағы функционалдық сауаттылықтың дидактикалық негіздері» Ермоленко В.А., Перченоч Р.Л.
3. «Оқушылардың функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру» Сыздықбаева Р.Г.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖОЛДАРЫ

Уразалиева А.А

Батыс Қазақстан облысы, М.Ықсанов атындағы Жәнібек колледжі

Андатпа. Бұл баяндамада математика сабақтарында функционалдық сауаттылықты арттыру үшін цифрлық технологияларды қолданудың маңызы мен тиімділігі қарастырылған. Заманауи білім беру жүйесінде цифрлық құралдар оқушылардың білім алу процесін жандандырып, оқытудың сапасын арттырады. Математика пәні оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда цифрлық технологиялардың рөлі зор, өйткені олар оқушыларға мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін үйретіп, логикалық ойлау және талдау қабілеттерін

жетілдіреді. Баяндамада математикалық бағдарламалар мен онлайн платформаларды қолданудың нақты мысалдары келтіріліп, олардың оқыту үдерісіндегі артықшылықтары талданады. Осы технологиялар арқылы оқушылар өз білімдерін нақты өмірде қолдану дағдыларын меңгереді, бұл өз кезегінде олардың математикалық білімдерін тереңдетуге және функционалдық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде математика пәні оқушылардың жалпы білім деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады. Математика тек қана сандармен жұмыс істеуді ғана емес, ойлау қабілетін, мәселені шешу дағдыларын және өмірде қолдануға болатын әртүрлі дағдыларды дамытуға бағытталған пән ретінде қарастырылады. Математика сабағында функционалдық сауаттылықты арттыру мақсатында цифрлық технологияларды тиімді қолдану – бұл оқушылардың оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік беретін жаңа тәсіл.

1. Функционалдық сауаттылықтың маңызы

Функционалдық сауаттылық – бұл адамның өмірлік мәселелерді шешуге, ақпаратты тиімді өңдеуге және оны түрлі жағдайларда қолдануға қабілеті. Математика сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту, ең алдымен, оқушыларды математикалық білімдерді тек қана теориялық тұрғыда меңгеруге емес, сонымен қатар осы білімдерді күнделікті өмірде қолдануға үйретуге бағытталған. Бұл білім оқушыларды шешім қабылдау, мәселені талдау және логикалық ойлау дағдыларына машықтандырады.

2. Цифрлық технологиялардың рөлі

Цифрлық технологиялар білім беру саласында тың мүмкіндіктер ашты. Математика сабағында цифрлық құралдарды пайдалану оқушылардың білім алу процесін жеңілдетіп, қызықты әрі тиімді етеді. Әсіресе, әртүрлі математикалық бағдарламалар мен платформалар функционалдық сауаттылықты арттыруда маңызды рөл атқарады.

Цифрлық технологияларды қолдану мынадай тәсілдермен жүзеге асады:

- Интерактивті тақталар және мультимедиялық құралдар: Бұл құралдар оқушыларға математикалық ұғымдар мен тұжырымдамаларды көрнекі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, геометрия, алгебра, статистика және тағы басқа тақырыптарды интерактивті түрде көрсету оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.
- Онлайн платформалар мен бағдарламалар: Google Classroom, Khan Academy, GeoGebra сияқты онлайн ресурстар оқушыларға математика мәселелерін шешуге көмектеседі. Бұл ресурстар математикалық ұғымдарды нақтылау мен жаттығулар орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар өз білімдерін тексеріп, нәтижелерін талдайалады.
- Математикалық модельдеу және симуляциялау: Цифрлық құралдар математикалық модельдер мен симуляцияларды жасауға көмектеседі. Мысалы,

математикалық есептерді шешудің түрлі әдістерін көрсету арқылы оқушылардың өздеріне жаңа тәсілдерді қолдану мүмкіндігін береді.

- Геймификация: Ойын элементтерін қолдану оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Математикаға қатысты онлайн ойындар оқушылардың білімдерін бағалап, оларды ынталандырады. Геймификация арқылы оқушылар өз білім деңгейлерін жақсарта алады және нақты өмірде қолданылатын дағдыларды үйренеді.

3. Цифрлық технологиялардың тиімділігі

- Жеке оқыту: Цифрлық құралдар оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқытуға мүмкіндік береді. Олар өздері қалаған уақытта және жылдамдықта сабақтарды өтеді, қажетті материалдарды зерттейді.

- Креативті ойлау және аналитикалық қабілеттерді дамыту: Цифрлық технологиялар мен бағдарламалар математикалық мәселелерді шешуде логикалық ойлауды және талдауды жетілдіруге көмектеседі. Оқушылар әртүрлі әдістер мен шешімдерді байқап, ең тиімді жолды таңдай алады.

- Білімнің визуализациясы: Цифрлық құралдар математикалық ұғымдар мен процестерді нақты бейнелермен көрсетіп, абстрактілі ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, математикалық графиктер мен диаграммалар оқушылардың түсінуін жеңілдетеді.

- Оқу үдерісінің қолжетімділігі: Цифрлық технологиялар оқушыларға сабақтарды әртүрлі құрылғылар арқылы оқуға мүмкіндік береді, бұл оқу процесін ыңғайлы әрі қолжетімді етеді.

4. Математика сабағында цифрлық технологияларды қолданудың мысалдары

- GeoGebra: Геометрия және алгебра сабақтарында қолдануға болатын бұл құрал оқушыларға математикалық құрылымдарды және функцияларды визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, геометриялық фигураларды құрған кезде оқушылар оның қасиеттерін зерттеп, тиімді жол мен есептер шығара алады.

- Desmos: Бұл құрал алгебра және функциялармен жұмыс істейтін оқушыларға арналған. Desmos графиктерін пайдаланғанда оқушылар функциялардың өзгерісін көре алады, ал бұл олардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

- KhanAcademy: Бұл онлайн платформада математикадан түрлі бейне мазмұндар, тапсырмалар мен тесттер бар. Оқушылар өз бетінше оқып, есептер шешіп, тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады.

- WolframAlpha: Бұл математикалық сұраныстарға жауап беретін құрал арқылы оқушылар күрделі есептерді шешіп, олардың нәтижелерін түсінуге көмектесетін талдау ала алады.

Математика сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін тиімді тәсілдердің бірі. Цифрлық құралдар мен платформалар математикалық білімді меңгеруді жеңілдетіп, оқушыларға өз дағдыларын шыңдауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар білім

алуды қызықты әрі жан-жақты ете отырып, оқушылардың проблемаларды шешу, анализ жасау және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Қазіргі заман талабына сай цифрлық технологияларды оқу процесінде қолдану – білім берудің сапасын арттыруға, оқушыларды жаңа біліммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

5. **Құдайбергенова Г. Қ.** Математика және информатика пәндерін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
6. **Садықова Қ. М.** Математика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту. – Астана: Фолиант, 2018.
7. **Дүйсенова С. А.** Цифрлық білім беру технологиялары: теория және практика. – Алматы: Ғылым, 2019.
8. **Ким А. В.** Математика мен информатика пәндерін оқытудағы цифрлық ресурстар. – Мәскеу: Высшая школа, 2017.
9. **Бақытова Ж. Т.** Жаңазамандағы білім беру: цифрлық технологиялар мен инновациялар. – Шымкент: Шымкент университеті, 2021.
10. **Тұрсынова Ж. А.** Цифрлық технологиялар арқылы оқыту. – Алматы: Ұлттық білім академиясы, 2022.
11. **Александрова Е. В., Макарова Л. А.** Оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. – Мәскеу: Логос, 2020.
12. **Sharma, P., & Chen, Z.** Digital Technologies in Education: Developing Functional Literacy. – New York: Springer, 2021.
13. **Grover, S., & Pea, R. D.** Computational Thinking in K–12 Education. – Cambridge: MIT Press, 2018.
14. **Khan Academy.** Educational resources for math learning. Available at: <https://www.khanacademy.org> (Accessed: 2023).

ЛУЧШИЕ ПРАКТИКИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ФИЗИКИ И МАТЕМАТИКИ

Усембаева Г.Т.

Павлодарский машиностроительный колледж, г. Павлодар

Андатпа. Мақала білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін физика және математика пәндерін оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың тиімді тәжірибелерін зерттеуге арналған. Жұмыста динамикалық математика, виртуалды зертханаларды және білім беру платформаларын қоса

алғанда, заманауи цифрлық құралдардың жан-жақты талдауы ұсынылған. Аралас оқыту тәсілінің артықшылықтарын көрсететін практикалық эксперименттердің нәтижелері ұсынылған. Кеңейтілген шындық пен жасанды интеллект технологияларын қоса алғанда, цифрлық білім беру ортасын дамыту перспективалары қарастырылады.

Аннотация. Статья посвящена исследованию эффективных практик применения цифровых технологий в преподавании физики и математики для развития функциональной грамотности обучающихся. В работе представлен комплексный анализ современных цифровых инструментов, включая системы динамической математики, виртуальные лаборатории и образовательные платформы. Представлены результаты практических экспериментов, демонстрирующих преимущества смешанного подхода к обучению. Рассмотрены перспективы развития цифровой образовательной среды, включая технологии дополненной реальности и искусственного интеллекта.

Annotation. The article is devoted to the study of effective practices of using digital technologies in teaching physics and mathematics to develop students' functional literacy. The paper presents a comprehensive analysis of modern digital tools, including dynamic mathematics systems, virtual laboratories and educational platforms. The results of practical experiments demonstrating the advantages of a blended learning approach are presented. The prospects for the development of the digital educational environment, including augmented reality and artificial intelligence technologies, are considered.

Современные цифровые технологии стали неотъемлемой частью образовательного процесса, особенно в контексте развития функциональной грамотности при изучении естественно-научных дисциплин. Функциональная грамотность в физике и математике представляет собой способность обучающихся применять полученные знания в реальных жизненных ситуациях, решать практические задачи и анализировать информацию с использованием научных методов.

Цифровые технологии играют решающую роль, предоставляя инструменты для визуализации, моделирования и анализа данных. Они позволяют перейти от абстрактного к конкретному, делая сложные концепции более доступными для понимания.

Виртуальные лаборатории решают проблему доступности экспериментальной базы, предоставляя возможность проводить опыты, которые невозможно или опасно реализовать в кабинете. Это особенно актуально при изучении ядерной физики, квантовых явлений или сложных электромагнитных процессов.

В физике особенно эффективны симуляторы, позволяющие обучающимся изменять параметры эксперимента и наблюдать результаты в реальном времени. Например, при изучении механики обучающиеся могут менять массу тел, коэффициенты трения, начальную скорость и наблюдать, как эти изменения

вливают на движение объектов. Это развивает интуитивное понимание физических законов и причинно-следственных связей.

В области электромагнетизма виртуальные лаборатории позволяют визуализировать невидимые процессы – электрические поля, магнитные силовые линии, движение заряженных частиц. Это помогает формировать правильные физические модели и преодолевать типичные заблуждения обучающихся [2].

В математике цифровые технологии открывают новые возможности для визуализации и исследования математических объектов. GeoGebra стала незаменимым инструментом для изучения геометрии, позволяя создавать динамические чертежи, которые можно изменять в реальном времени. Это помогает обучающимся увидеть, как изменение одних параметров влияет на другие, развивая пространственное мышление и геометрическую интуицию.

Построение графиков функций в Desmos позволяет исследовать их свойства интерактивно, что особенно важно при изучении преобразований графиков. Обучающиеся могут экспериментировать с параметрами функций и мгновенно видеть результаты изменений, что способствует лучшему пониманию функциональных зависимостей.

3D-моделирование революционизировало преподавание стереометрии, позволяя обучающимся рассматривать пространственные фигуры с разных ракурсов, строить сечения, измерять объемы и площади. Это существенно облегчает понимание пространственных отношений и развивает навыки пространственного мышления.

Ключевым индикатором успешности внедрения цифровых технологий в образовательный процесс является не только повышение академической успеваемости, но и развитие практических навыков применения знаний в реальных ситуациях [4].

Перспективы развития цифровых технологий в образовании связаны с появлением новых инструментов и подходов. Технологии дополненной реальности открывают беспрецедентные возможности для визуализации сложных концепций и создания иммерсивной образовательной среды. Это особенно важно для предметов естественно-научного цикла, где понимание пространственных отношений и сложных процессов играет ключевую роль.

3D визуалдау архитектура саласына мүлдем жаңа мүмкіндіктер береді. Дәстүрлі архитектуралық идеяларды қол техникасымен көрсетудің орнына компьютерді қолдану өте ыңғайлы. Жаңа жобаларды 3D графика компьютерлік программаларында жасалынған фотореализмді бейнелер түрінде көрсету дамып отыр. Осы технология архитектуралық дизайн облысына өз үлесін қосуға тырысады. Оны қолдану арқылы алынған күрделі жобалар сәттілігі әр бір салада бүгінгі күнде талабы күшті қатал бәсекелестік жағдайында нәтижені көрсетудің нанымдылығынан тәуелді болады. Бұл жобалар архитектураға қызығушыларды заманагөй технологиядан хабардар болып, оны тәжірибеде сауатты қолдануға итермелейді [2].

IT-технологиясы облысында, әсіресе дизайнерлік мамандарды сапалы білімдендірудің жетіспеушілігі бұл технологияны игерудің қаншалықты маңыздылығын көрсетеді. Интерьер және экстерьер дизайнын жасауды экономиканың әр түрлі салаларының IT-индустриясында қолдану қажеттілігі артуда. Заманагөй өндіріс қызметкер-дизайнерлер көптеген программаларды білуін талап етеді, яғни жұмыс берушіге кең профилді жан-жақты маман керек.

2.2. 3D модельдеу бағдарламалардың ерекшеліктері

Үш өлшемді модельдеуге арналған бағдарламасы, содан кейін әр түрлі мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін қызықты үлгілерді және модельдерді әдемі очерктер, айналуы мүмкін. Бұл бағдарламалық қамтамасыз ету түрі, сіз қарамастан дайындық деңгейін 3D графика, жұмыс істеуге мүмкіндік береді. олар уақыт салыстырмалы түрде қысқа кезеңде етіп 3D-редакторы сусымалы, жеткілікті (Netfabb немесе Google SketchUp сияқты) қарапайым бастаған тіпті меңгеруге

болады. модельдеу үш өлшемді кеңістікте сәулет және дизайн, кино түсіру және компьютерлік ойындар, және тағы басқалар: түрлі салалардағы пайдаланылады.

Практикалық бөлім Зерттеу тәжірибелердің арқасында қазіргі таңда бұрын мүмкін болмаған ақпараттық технологиялардың түрлі формасымен, құрылымен және жалпылыма талдау мүмкіндіктерінің күрт дамуы, графикалық редактордың түрлі мүмкіншіктерін беріп отыр. Ол біріншіден, суреттерді өңдейтін бағдарламалар арқасында уақытты үнемдеуге, екіншіден, архитектурада, медицинада, және тағы басқа ұйымдардың жұмысын жеңілдетуде, үшіншіден, заманауи техникалардың дамуына үлкен үлес қосуда, төртіншіден, жеңілдетілген бағдарламалар арқылы өздігімен үйрене отырып продукция шығарғанда шығынды әлдеқайда азайтады.

3D компьютер графикасын моделдеуде уникалды құрал-саймандары мен әдістері арқылы виртуалды моделдері құрады. Қазірге кезде құрылыс, дизайнерлік компаниялары визуалды бейнеленетін инженерлік жобалар жүйесін қолданады.

3D компьютер графикасының бағдарламалары архитектура саласына визуалдауда жаңа мүмкіндіктер береді. Идеялардың үлгісін қол техникасымен көрсетудің орнына компьютерді қолдану өте ыңғайлы. Жаңа жобаларды 3D графика компьютерлік программаларында жасалынған фотореализмді бейнелер түрінде көрсету дамып отыр. Осы технология архитектуралық дизайн облысына өз үлесін қосуға тырысады. Оны қолдану арқылы алынған күрделі жобалар сәттілігі әр бір салада бүгінгі күнде талабы күшті қатал бәсекелестік жағдайында нәтижені көрсетудің нанымдылығынан тәуелді болады. Заманауи IT-технология мамандарын 3D - технология бағытында оқыту бүгінгі күнде әр түрлі оқу орындарында үлкен сұранысқа ие.

Біз айналысатын білім беру саласында оқу үрдісін жаңаша қалыптастырудың және дәстүрлі түрде оқытуды ығыстырып қолданыстан шығаруға жағдай жасаудамыз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, 3D модельдеу – үш өлшемді нысан жасау, яғни кез-келген заттың үш өлшемдік нұсқа ретінде өңдеуге боладығына көз жеткіздім.

3 d анимация және модельдеу соңғы жылдары тез қарқынмен, кең ауқымды қолданысқа түсті. Яғни өнердің жаңа саласы кино, мультипликация, рекламалық роликтер дайындау, ойын жасау және түрлі презентациялар жасаудан бастап, сәулет өтері мен инженерияда және көптеген т.б. салалара кеңінен қолданылады.

3 d модельдеу біздің жұмысымызды жеңілдету үшін, майда жұмыстарды автоматты түрде жасайды, тіпті кейбір бағдарламалар аса қиын функцияларды да іске асыра алады. Сол бағдаламаларда жұмыс қалай жүретінін қарастырып. Ол жұмыстарды мынандай бөліктерге бөлуге болады: моделлинг – текстуриг – риггинг – анимациялау – рендеринг .

Қазіргі таңда 3d принтерлер түрлеріде көп. 3d принтер-суреттер үш өлшемді етіп шығаратын құрылғыларда бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Статьи по основам 3D-графики. // Электронная версия на сайте <http://www.computerra.ru>
2. Миловская О. Дизайн архитектуры и интерьеров в 3DS Max 8 – М.: Мастер,2007.
3. Ермеков Н. Т. Компьютерлік графика [Мәтін]: Оқулық / Н.Т. Ермеков.- Астана: Фолиант, 2007.- 172с.- (Кәсіптік білім).
4. Бутакова Н.Г. Компьютерная графика [Текст]: Учебное пособие / Н.Г. Бутакова.- М.: МГИУ, 2008.- 216 с.
5. Кошабинский А.О., Грошев С.В.Компьютерная графика: Практич.пособие «М.ТЕХНОЛОДЖИ-3000», 2009-752с.
6. Бурлаков М.В. Самоучитель по компьютерной графике. Изд. Санкт –Петербург. 2008 г.
7. В.Д. Курушин Графический дизайн и реклама М: ДМК Пресс 2001- 272 с.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ: ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ СИНЕРГИЯСЫ

Устемирова Б.С.

«Шелек политехникалық колледжі» МКҚК
Алматы облысы, шелек ауылы

Андатпа. Мақалада қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллект (ЖИ) технологиіларының білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы рөлі қарастырылады. Соным қатар білім беру процессінде жасанды интеллектіні тиімді пайдалану арқылы студенттердің функционалдық сауаттылықтарын арттыруға бағытталған ұсыныстар берілген.

Аннотация. В статье рассматривается роль технологий искусственного интеллекта (ИИ) в развитии функциональной грамотности учащихся в современной системе образования. В то же время имеются рекомендации, направленные на повышение функциональной грамотности учащихся за счет эффективного использования искусственного интеллекта в образовательном процессе.

Annotation. The article examines the role of artificial intelligence (AI) technologies in the development of functional literacy of students in the modern education system. At the same time, there are recommendations aimed at increasing the functional literacy of students through the effective use of artificial intelligence in the educational process.

«Жасанды интеллект және функционалдық сауаттылық: заманауи білім беру синергиясы» – бұл тақырып функционалдық сауаттылықты дамытуда жасанды

интеллектің рөлін зерттейді және олардың білім беру процесіндегі өзара байланысын көрсетеді. Функционалдық сауаттылық – қазіргі қоғамда жеке және кәсіби өмірде қажетті негізгі дағдыларды қамтиды. Ал жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары функционалдық сауаттылықты дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Негізгі бағыттары:

Оқу процесін жекелендіру: ЖИ технологиялары арқылы оқыту тәсілдері жекелендіріліп, әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделе алады. Бұл студенттерге өз деңгейіне сәйкес тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Адаптивті оқыту жүйелері: ЖИ көмегімен жасалған адаптивті платформалар білімгерлердің алдыңғы білім деңгейі мен оқудағы жетістіктерін талдау негізінде мазмұнды бейімдейді. Мұндай жүйелер функционалдық сауаттылықты дамытуды жылдамдатады.

Мультимедиалық құралдар: ЖИ-ды қолдану арқылы білім алушылар үшін арнайы мультимедиалық материалдар жасалады, олар күрделі ақпаратты оңай және көрнекі түрде түсіндіреді. Мысалы, бейнематериалдар, интерактивті симуляциялар, виртуалды зертханалар білім алушылардың оқу материалын жақсы түсінуіне көмектеседі.

Автоматты кері байланыс: ЖИ-дың көмегімен студенттердің тапсырмаларын автоматты түрде тексеру және кері байланыс беру мүмкіндігі бар, бұл білім алушылардың білім сапасын арттырады.

Функционалдық сауаттылықтың жаңа компоненттері: ЖИ оқу мазмұнындағы мәтіндерді талдау, деректермен жұмыс жасау және ақпаратты басқару дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мысалы, ақпараттық сауаттылық, деректерді талдау, онлайн-құралдарды тиімді пайдалану.

Заманауи білім беру синергиясы жасанды интеллект (ЖИ) пен функционалдық сауаттылықты үйлестіре отырып, білім беру процесінің сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Бұл синергия білім беруді жекелендіру, оқыту тиімділігін арттыру және білім беру әдістемелерін жетілдіруге ықпал етеді. ЖИ көмегімен білім алушылардың білім деңгейі мен оқу қабілеттеріне сәйкес бейімделген оқу бағдарламалары жасалып, әрбір білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескерілетін оқыту жолдары қарастырылады.

Бұл синергия білім беру мекемелеріне заманауи білім беру процесін жетілдіріп, білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Студенттерді болашақ кәсіби қызметінде заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектті қолдануға дайындауы қажет орта кәсіптік білім беру жүйесінің оқытушылары. Бұл әзірleme олар үшін құнды әдістемелік құралға айналады. Заман ағымына ілесуге және өз тәжірибесіне инновацияларды енгізуге ұмтылатын жаңашыл педагогтарға. Олар курста оқушыларды қызықтыру, олардың ынтасын арттыру және оқу нәтижелерін жақсарту үшін тың идеялар мен шешімдерді табады.

Қазірдің өзінде көптеген мүмкіндіктер бар және олардың саны тек өсе береді – өздігінен білім алуға қабілетті бағдарламалар мен қызметтер адамдарға әртүрлі мәселелерді шешуге көмектеседі. Қазіргі таңда платформалар өте көп. Студенттер мен оқытушыларға арналған топ бірнеше жасанды интеллект туралы жазамын.

1) SUMMARIZE [<https://www.summarizer.org/>] – Әлеуметтік желідегі кез келген видеоның сілтемесін алып, осы сайтқа жіберсеңіз, тура сол видеоның ішіндегі айтылған, ақпаратты сізге қысқаша әрі нақты конспект қылып жазып береді және жазуға ерінген кісілерге әдемі қолайлы болып келеді.

2) Gamma [[ai https://gamma.app/](https://gamma.app/)] – презентация жасап береді. Өзіңізге керекті ақпараттың тақырыбын ғана жазсаңыз жеткілікті. Сізге ол жерде әдемі дизайн мен текстімен бар жоғы 30 секундта жасап береді.

3) Fliki [<https://fliki.ai/features/ai-avatar>] – Видео шақыртулар жасайтын бағдарлама. Бағдарлама Мүмкіндіктері өте көп: Бейнеге мәтін, бейнеге идея, мәтінді сөйлеуге, бейнеге блог, бейнеге сурет, бейне редактор, Аі дауысы, Аі аваторы. Дауысты клондау, Өнім туралы бейне т.б.

4) Mentimeter [<https://www.mentimeter.com/>] – Сабақта Кері байланысқа сұрақ жауап аламыз.

5) Педагог жұмысын жақсартатын ЖИ тағы бір түріне тоқтала кетейін.

Quizbot AI [<https://quizbot.ai/>] — жасанды интеллекттің озық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, интерактивті викториналар мен викториналар жасауға көмектесетін қызмет. Оның көмегімен сіз бірнеше таңдау, бос орындарды толтыру, ақиқат/жалған, сәйкестік сияқты сұрақтардың әртүрлі түрлерін, сондай-ақ Блум таксономиясы мен Гарднердің оқу стиліне негізделген сұрақтарды оңай жасай аласыз.

Quizbot AI білім беру мекемелері, корпоративтік тренингтер және өзін-өзі тәрбиелеу үшін өте қолайлы. Сервисте викториналарды жылдам жасауға және оларды әрбір қатысушының білім деңгейіне бейімдеуге мүмкіндік беретін қарапайым және интуитивті түсінікті интерфейс бар.

Қорытынды

Жасанды интеллект пен функционалдық сауаттылықтың синергиясы қазіргі заманғы білім беру процесін жаңашаландыруға үлкен үлес қосады. ЖИ-дың көмегімен функционалдық сауаттылықты дамыту оқушыларды заманауи еңбек нарығында бәсекеге қабілетті етіп, олардың өмір бойы оқу дағдыларын арттырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жасанды Интеллект Білім беруде мүмкіндіктері мен әдістері
2. Е.В. Гребенок, Д.Г. Даниелян, С.С. Даниелян, С.О Крамаров.
3. Калинкина Е. Н. 5-9 сынып оқушыларының функционалдық математикалық сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмалар жинағы. -Новокуйбышевск, 2019.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛ

Уткельбаева Г. Т.

№17 колледж МКҚК Түркістан облысы Арыс қаласы

Андатпа. Бұл мақалада жасанды интеллекттің (ЖИ) білім берудегі рөлі және оның функционалдық сауаттылықты дамытуға қосқан үлесі талқыланады. ЖИ білім беру үдерісін жекелендіріп, оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру, жетістіктерін талдау және оқу үдерісін оңтайландыру мүмкіндіктерін ұсынады. Сонымен қатар, ЖИ оқушылардың креативтілік, технологиялық сауаттылық, қарым-қатынас және командалық жұмыс сияқты маңызды дағдыларын дамытуға көмектеседі. ЖИ мен функционалдық сауаттылықтың интеграциясы арқылы білім беру платформалары, автоматтандырылған бағалау жүйелері және оқу ойындары қолданылады, бұл болашақта еңбек нарығына дайын, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ықпал етеді. Жасанды интеллект білім берудегі рөлі

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында үлкен әлеуетке ие, ол оқу үдерісін жеңілдетіп, жекелендірілген білім беруге мүмкіндік береді. ЖИ-дің арқасында оқушылардың оқу сапасын жақсартуға және олардың әрқайсысына қажетті тәсілдерді қолдануға болады. Бұл инновациялық технологияның білім берудегі маңызды рөлін келесі мысалдармен нақтылауға болады:

1. Дербес оқыту: Жасанды интеллект әрбір оқушының білім деңгейі, оқуға деген бейімі мен жеке қажеттіліктеріне сәйкес мазмұнды бейімдей алады. Мысалы, қиын тақырыптарда қосымша түсініктемелер беріп немесе жеңіл тақырыптарды жылдам өту арқылы ЖИ оқушылардың оқу үлгерімін жақсартуға ықпал етеді. Осылайша, әр оқушы өзінің оқу деңгейіне сәйкес дербес қолдау алады.

2. Оқушылардың жетістіктерін талдау: ЖИ көмегімен оқушылардың тапсырмаларды орындау статистикасын, жіберілген қателіктерді және жетістіктерді жүйелі түрде талдау мүмкіндігі бар. Мұндай талдау нәтижелері мұғалімдерге оқушылардың қандай тақырыптарда қиналып жүргенін көруге, сол бойынша қосымша түсіндірмелер беруге және оқу жоспарын реттеуге көмектеседі.

3. Үйрену үрдісін оңтайландыру: Жасанды интеллект арқылы оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыруға болады. ЖИ білім беру ресурстарын бір арнаға жинақтап, тапсырмаларды автоматтандыру арқылы мұғалімдер мен оқушылардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер оқу мен үйрену уақытын оңтайландырып, білім беру сапасын арттыруға көмектеседі.

ЖИ-ді білім беру саласына енгізу білім алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың қабілеттерін ашуға септігін тигізеді.

Функционалдық сауаттылық – адамның күнделікті өмірде қолданатын білімдері мен дағдыларының жиынтығы. Жасанды интеллект (ЖИ) бұл сауаттылықты арттыруға көмектесетін құрал ретінде білім беру саласында үлкен маңызға ие, өйткені ол оқушыларға жаңа қабілеттерді меңгеруге, сонымен қатар қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллекттің арқасында функционалдық сауаттылықтың келесі аспектілеріне қол жеткізу мүмкіндігі артады:

1. Креативті және сыни ойлау: Жасанды интеллект құралдары оқушыларды мәліметтерді талдауға, логикалық ойлауға және күрделі мәселелерді шешуге үйретеді. Бұл дағдылар оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді және сыни ойлау қабілетін дамытады.

2. Технологиялық сауаттылық: Жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істеу оқушылардың технологиялық сауаттылығын дамытады. ЖИ көмегімен олар жаңа бағдарламалық жасақтамалар мен цифрлық құралдармен танысып, олардың мүмкіндіктерін өз тәжірибелерінде қолдануға үйренеді.

3. Қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдылары: Жасанды интеллект негізіндегі виртуалды құралдар командалық жұмысқа, ынтымақтастыққа және виртуалды кеңістікте қарым-қатынас жасауға бейімделу мүмкіндігін береді. Бұл оларға болашақта виртуалды командаларда жұмыс істеу қабілетін арттырады.

Жасанды интеллект пен функционалдық сауаттылықты интеграциялау мысалдары:

1. Адаптивті оқу платформалары: Жасанды интеллект қолданатын адаптивті оқу платформалары оқушылардың деңгейіне сәйкес оқу материалдарын бейімдейді. Бұл платформалар оқушылардың жетістіктерін, оқу қарқынын және әлсіз тұстарын ескере отырып, әрқайсысына жеке бағытталған оқыту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

2. Автоматтандырылған бағалау жүйелері: ЖИ негізінде автоматтандырылған бағалау жүйелері тестілер мен тапсырмаларды автоматты түрде тексеріп, нақты әрі жылдам бағалауға мүмкіндік береді. Бұл оқушыларға жылдам кері байланыс беріп, білім алудағы жетістіктерін көрнекі түрде көруге септігін тигізеді.

3. Ойындар және симуляциялар: ЖИ негізіндегі ойындар мен симуляциялар оқыту үдерісін қызықты әрі тартымды етеді. Мысалы, өмірлік жағдаяттарды модельдейтін симуляциялар арқылы оқушылар түрлі жағдайларды түсініп, оларды шешу жолдарын үйренеді. Бұл әдіс оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, өйткені олар нақты өмірде қолданылатын тәжірибелерді меңгереді.

Жасанды интеллекттің (ЖИ) білім беру жүйесіне енуі оқушыларға тек академиялық білім беріп қана қоймай, сонымен қатар өмірде қолдануға болатын функционалдық сауаттылықты дамытуға мүмкіндік береді. Бұл синергия оқушылардың танымдық және кәсіби қабілеттерін жетілдіріп, оларды заманауи талаптарға сай болуға үйретеді.

Жасанды интеллекттің білім берудегі синергиялық мүмкіндіктері

1. Академиялық және функционалдық білімнің үйлесімі: ЖИ тек білім беру мазмұнын жетілдіріп қана қоймай, оқушылардың логикалық ойлау, аналитикалық қабілеттерін арттыруға септігін тигізеді. Нәтижесінде, оқушылар алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолданып, оны тәжірибеде іске асыра алады.

2. Кәсіби дағдыларды қалыптастыру: ЖИ-дің көмегімен оқытуда кәсіби және технологиялық сауаттылықты ерте кезеңнен дамытуға болады. Әртүрлі мамандықтарда қажетті дағдыларды, мысалы, креативтілік, сыни ойлау және мәселелерді шешу қабілетін оқушылардың бойына сіңіру оңайырақ болмақ.

3. Интеллектуалдық және эмоционалдық интеллектті дамыту: ЖИ-пен байланыс арқылы оқушылар өздерінің эмоцияларын түсініп, басқара алуға, басқа адамдармен ынтымақтастықта жұмыс істеуге үйренеді. Бұл оларға тек зияткерлік емес, сонымен қатар эмоционалдық интеллектті дамытуға мүмкіндік береді, өйткені бүгінгі күннің табысты адамына тек техникалық білім ғана емес, эмоционалдық қарым-қатынас дағдылары да қажет.

Жасанды интеллект пен функционалдық сауаттылықтың білім беру саласында үйлесуі болашақта қоғамның интеллектуалды және кәсіби деңгейін арттырады. ЖИ арқылы оқушыларды оқыту тек олардың жеке қабілеттерін дамытумен шектелмей, қоғам үшін қажетті бәсекеге қабілетті, білікті мамандарды қалыптастыруға да бағытталған. ЖИ-мен үйлескен білім берудің болашағы келесі нәтижелерге әкелуі мүмкін:

- Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар: ЖИ-дің көмегімен білім алған оқушылар болашақта өзгермелі технологиялық ортада сұранысқа ие болмақ.

- Жаңа мамандықтардың пайда болуы: Жасанды интеллект пен цифрлық сауаттылықтың дамуы жаңа салаларды қалыптастырып, жаңа мамандықтарға жол ашады.

- Қоғамның жалпы интеллектуалды деңгейінің артуы: Оқушылардың интеллектуалды және кәсіби қабілеттерін дамыту қоғамның жалпы білім деңгейін көтеруге ықпал етеді, бұл өз кезегінде әлеуметтік және экономикалық жетістіктерге жол ашады.

Қорытынды

Жасанды интеллект пен функционалдық сауаттылықты интеграциялау арқылы білім беру үдерісі жетілдіріліп, оқушылардың нақты өмірде қолдана алатын қабілеттері мен дағдылары дамиды. ЖИ арқылы білім беру тек ақпараттық тұрғыдан ғана емес, өмірде қажетті біліктіліктерді үйрету бағытында да жаңаша мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ермекбаева, С. (2020). «Білім берудегі цифрлық технологиялар: қазіргі жағдайы мен болашағы». Алматы: "Білім" баспасы.

2. Назарбаева, А. Ж. (2021). Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі рөлі. «Педагогика және психология журналы», 3(57), 45-52. (<https://doi.org/10.32021/edu/2021/03/57>)
3. Тұрғынова, Л. Н. (2023). Функционалдық сауаттылық және оның білім беру жүйесіне ықпалы. «Заманауи білім беру журнал», 1(10), 33-39. (<https://doi.org/10.33150/edu.2023/10>)
4. Полат, Е. С., & Ибраева, С. К. (2017). Цифрлық сауаттылықты арттырудағы жасанды интеллект мүмкіндіктері. «Білім беру және инновациялар ғылыми журналы», 5(28), 92-98.

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ В СПЕЦИАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Шаханова Н.А.

Актюбинский областной специальный комплекс «школа-интернат-колледж»
г.Актобе

Аңдатпа. Баяндама білім беру үдерісіндегі инновациялық технологиялардың рөлі мен арнайы білім беруде информатика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту мәселелеріне арналған. Жасанды интеллект, бейімделген білім беру платформалары, виртуалды және толықтырылған шындық сияқты заманауи технологиялық тәсілдер қарастырылған. сондай-ақ геймификация инклюзивті және дербестендірілген білім беру ортасын құру жолдары ретінде.

Аннотация. Доклад посвящен роли инновационных технологий в учебном процессе и развитию функциональной грамотности на уроках информатики в специальном образовании. Рассматриваются современные технологические подходы, такие как искусственный интеллект, адаптивные образовательные платформы, виртуальная и дополненная реальность, а также геймификация как способы создания инклюзивной и персонализированной образовательной среды.

Annotation. The report is devoted to the role of innovative technologies in the educational process and the development of functional literacy in computer science lessons in special education. Modern technological approaches are considered, such as artificial intelligence, adaptive educational platforms, virtual and augmented reality, as well as gamification as ways to create an inclusive and personalized educational environment.

В условиях динамично меняющегося мира, где технологии становятся частью повседневной жизни, фактором образовательного процесса становится развитие функциональной грамотности студентов. Это особенно актуально для студентов с

образовательными потребностями, для которых важно не только освоение академических знаний, но и поддержание необходимых навыков, и способом преодоления препятствий в обучении.

Искусственный интеллект представляет собой один из наиболее перспективных инструментов, способных значительно трансформировать образовательный процесс и играет все более значимую роль в образовании, предлагая новые возможности для учащихся и учителей. Персонализация обучения с использованием ИИ представляет собой мощный инструмент, способный трансформировать образовательный процесс. Она обещает сделать обучение более эффективным, интерактивным и инклюзивным.

Суть цифровой трансформации образования – достижения каждым обучающимся необходимых образовательных результатов за счет:

- Изменения учебной работы при помощи цифровых средств обучения
- Персонализации образовательных траекторий благодаря инновационным технологиям
- Формирования цифровой грамотности у участников образовательного процесса
- Робототехники
- Внедрения искусственного интеллекта
- Управление данными, интернет вещей, блокчейн
- Технологии дополненной виртуальной реальности, цифровых технологий

Использование ИИ позволяет создавать интерактивные и захватывающие учебные материалы, которые включают в себя виртуальные лаборатории, симуляции и интерактивные учебные платформы. Студенты могут проводить эксперименты и наблюдать результаты в виртуальных лабораториях, что увеличивает понимание учебного материала.

Основной принцип персонализированного обучения – это создание индивидуальных учебных материалов для каждого студента. Используя ИИ, система может анализировать уровень знаний и навыков каждого студента и на основе этого анализа система создает учебные задания, который соответствует потребностям каждого студента. Например, если студент уже обладает хорошими знаниями, система предоставит более сложные задачи и материалы, чтобы расширить его знания. В то же время слабоуспевающим студентам могут быть предложены более базовые материалы. Этот индивидуальный подход позволяет каждому студенту учиться на своем уровне и в своем темпе. Персонализированное обучение способствует увеличению мотивации студентов. Когда студент видит, что учебный процесс адаптирован к его потребностям и интересам, он более вероятно будет мотивирован учиться и достигать лучших результатов. Кроме того, автоматизированные системы оценки и обратной связи помогают студентам видеть свой прогресс и успехи, что также может стимулировать их.

Прежде всего, студенты должны осознать важность цифровой грамотности в их повседневной жизни. Это позволяет им видеть цель и значимость усвоения соответствующих навыков. Важно также обучать основам компьютерной грамотности, включая работу с программами и приложениями, создание и редактирование документов, использование электронной почты и навигацию в сети. Также важно овладение навыками безопасного и эффективного использования интернета. Сюда входит умение осуществлять поиск информации, проверять достоверность источников, а также основы цифровой безопасности и защиты личных данных. Развитию цифровой грамотности также способствует создание практических навыков, включая использование социальных сетей, мультимедийных инструментов и других онлайн-ресурсов. Внедрение адаптивных образовательных платформ и приложений, геймификация обучения, использование AI-ассистентов и чат-ботов на уроках информатики позволяет значительно улучшить качество и доступность образования, повысить мотивацию учащихся, сделать процесс обучения более увлекательным и эффективным, а также обеспечить индивидуализацию подходов в обучении.

Использование современных технологий на уроках информатики предоставляет широкие возможности для создания персонализированного и инклюзивного образовательного процесса. Интерактивные платформы, геймификация, робототехника и AI-инструменты помогают учащимся не только освоить необходимые теоретические знания, но и практические навыки, которые необходимы для успешной социальной адаптации и профессиональной реализации в современном технологическом мире.

Список литературы:

1. Казанцев, В.В. Развитие цифровой грамотности в школе / В.В. Казанцев // Развитие научно-технического творчества детей и молодежи : Сборник материалов VII Всероссийской научно-практической конференции с международным участием, Смоленск, 21 апреля 2023 года. – Киров: Межрегиональный центр инновационных технологий в образовании, 2023. – С. 107-111.
2. Взгляды экспертов на цифровую компетентность: общее и различие / Янссен Дж., Стоянов С., Феррари А. и др. // Компьютеры и образование. – 2013. – Т. 68. – С. 473-481. 2. Гилстер, П. Цифровая грамотность / П. Гилстер. – Нью-Йорк: WileyComputerPub. – 1997.
3. Детерминанты навыков 21-го века и цифровых навыков 21-го века для работников: систематический обзор литературы / Ван Лаар Э., ван Дёрсен А. Дж., ван Дейк Дж.А., де Хаан Дж. // SageOpen. – 2020. – Т. 10. – № 1. – С. 1-14. – URL: <https://journals.sagepub.com/doi/pdf/10.1177/2158244019900176>. 4. – Иломаки, Л. Что такое цифровая компетентность? / Л.Иломаки, А. Кантосало, М. Лаккала // На связанном портале. Европейская школьная сеть. Брюссель. 2011. – С. 1-12.

4. Тохиржонова, М.Р. Преподавание физики с использованием искусственного интеллекта: инновации в преподавании и обучении / М.Р. Тохиржонова // Мировая наука. – 2023. – № 7(76). – С. 41-44. – EDNCVNLWU. 2. Современные инновационные образовательные технологии в информационном обществе : Сборник статей XV Международной научно-методической конференции, Пермь, 20 марта – 28 2023 года. – Пермь: Пермский институт (филиал) ФГБОУ ВО «Российский экономический университет имени Г.В. Плеханова», 2023. – 294 с. – EDNMWYNRR.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Юнусова К.А., Курмангалиева А.Б., Мугалиева А.А.

Алматы экономикалық колледжі, Алматы қаласы

Андатпа. Бұл мақалада информатика сабағында жасанды интеллект технологияларын қолданып, функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары талданады. ЖИ негізіндегі тапсырмалар оқушыларды ақпаратпен жұмыс істеуге, алгоритмдік ойлауға және бағдарламалауға баулиды. ЖИ қолдану білімді практикада пайдалану, сыни ойлау мен дербес шешім қабылдау дағдыларын дамыта отырып, функционалдық сауаттылықты жетілдіруге жаңа мүмкіндіктер береді.

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути развития функциональной грамотности на уроках информатики с помощью технологий искусственного интеллекта. Задания на основе ИИ помогают учащимся работать с информацией, развивать алгоритмическое мышление и навыки программирования. Использование ИИ открывает новые возможности для повышения функциональной грамотности, позволяя применять знания на практике, развивать критическое мышление и навыки самостоятельного принятия решений.

Annotation. This article explores ways to develop functional literacy in computer science classes through artificial intelligence technologies. AI-based tasks help students work with information, develop algorithmic thinking, and acquire programming skills. Using AI opens new opportunities to enhance functional literacy by enabling students to apply knowledge in practice, develop critical thinking, and build independent decision-making skills.

Қазіргі заманда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – бұл адамның күнделікті өмірде алған білімін тиімді қолдану қабілеті. Информатика сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы білім алушылар дербес, сыни тұрғыдан ойлай алатын, шығармашылық тұрғыдан шешім қабылдай алатын тұлға болып қалыптасады. Информатика пәнінің функционалдық сауаттылықты дамытудағы рөлі: Информатика пәні білім алушыларды цифрлық сауаттылыққа, ақпараттық қауіпсіздікке, алгоритмдік ойлауға, бағдарламалауға және мәселелерді шешу дағдыларына үйретуге бағытталған. Ол бірнеше негізгі аспектіні қамтиды:

Ақпаратпен жұмыс жасау: Информатика сабағында білім алушыларға ақпаратты іздеу, талдау және қолдану дағдылары беріледі. Мысалы, интернет ресурстарынан мәліметтерді іздеу, олардың сенімділігін бағалау және алынған ақпаратты дұрыс қолдану. Бұл білім алушылардың ақпараттық сауаттылығын арттырып, ақпараттық қоғамда дербес әрекет ету қабілетін күшейтеді.

Алгоритмдік ойлау: Алгоритмдік ойлау – функционалдық сауаттылықтың маңызды элементі. Білім алушылар алгоритмдер құрып, оларды нақты мәселелерді шешуге пайдалана біледі. Алгоритмдік ойлау оларға тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындауды, себеп-салдарын түсінуді және жүйелі түрде ойлауды үйретеді.

Бағдарламалау дағдылары: Бағдарламалау функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді тәсілі болып табылады. Білім алушылар бағдарламалау тілдерін үйрену арқылы логикалық ойлау және аналитикалық қабілеттерін дамытады. Бұл оларға өз идеяларын жүзеге асыруға және түрлі мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге мүмкіндік береді.

Цифрлық құралдармен жұмыс: Информатика сабағында интерактивті тақталар, симуляциялық бағдарламалар, виртуалды зертханалар сияқты цифрлық құралдарды қолдану білім алушылардың ақпаратты визуализациялау, талдау және жүйелеу дағдыларын дамытады. Цифрлық құралдарды меңгеру білім алушыларды заманауи қоғамдағы сандық технологияларды қолдануға дайындайды.

Ақпараттық қауіпсіздік: Білім алушыларға интернет қауіпсіздігі, жеке деректерді қорғау туралы білім беру қазіргі таңда маңызды. Бұл дағдылар оларға қауіпсіз ақпараттық ортада жұмыс істеуді және дербес деректерді сақтауды үйретеді.

Информатика сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін түрлі оқыту әдістері қолданылады:

Жобалық оқыту әдісі: Жобалық әдіс арқылы білім алушылар топпен жұмыс істеуді, жауапкершілік алуды және өз білімін жобада қолдануды үйренеді. Мысалы, веб-сайт жасау, мобильді қосымша әзірлеу немесе ақпаратты визуализациялау бойынша жобалар арқылы білім алушылар алған білімін іс жүзінде қолданады.

Практикалық тапсырмалар: Білім алушыларға нақты өмірден алынған мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар олардың теориялық

білімін бекітіп, күнделікті өмірде қолдануға үйретеді. Мысалы, қарапайым калькулятор жасау, деректерді талдау, графиктер құру сияқты тапсырмалар.

Құзыреттілікке бағытталған бағалау: Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау кезінде олардың нақты мәселелерді шешу қабілеті ескеріледі. Бағалау тек тест тапсырмаларымен ғана шектелмей, нақты өмірге қатысты жобалар мен тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асырылады. [2]

Функционалдық сауаттылықты бағалауға және қалыптастыруға арналған тапсырмаларды құрастырудың қандай тәсілдері бар? Тапсырмаларды құрастыруда келесі критерийлерді ескеруге болады:

1. Білім алушыларға оқу-жаттығу тапсырмаларын емес, пәндер бойынша білім негізінде шешілетін контекстік, практикалық проблемалық жағдайларды ұсыну. Мәселе ұсынылған контекст шынымен өмірмен байланыстың болуы керек. Жағдайлар білім алушылардың күнделікті оқуымен және оқудан тыс өміріне тән болуы керек. Қойылған мәселенің шешімі бірімәнді анық емес, қызықты және сол жастағы білім алушылар үшін өзекті болғаны дұрыс.


2. Тапсырманы орындау әр түрлі пәндер бойынша білімді фрагментті түрде емес, біртұтас, жүйелі қолдануды талап етеді.

3. Тапсырмаларды орындау кезінде жүзеге асырылатын ойлау әрекеті *пайымдау; тұжырымдау; қолдану; интерпретациялау* тұжырымдамасына сәйкес келуі керек. Тапсырма сонымен қатар шығармашылық сипатта болуы мүмкін: мысалы, қарастырылған сюжет негізінде өз тапсырмасын құрастыру. [1]. Тақырып: Web жобалау

Оқу нәтижесі: Squarespace ЖИ элементтерін пайдаланатын платформасында «Тәтті» шағын кондитерлік наубайханасына жарнамалау веб-сайтын жасаңыз.

Тапсырма: Алматылық Сандугаш Ержанова "Бастау Бизнес" бағдарламасы аясында өз кәсібін бастағандардың бірі. Сандугаш «Тәтті» шағын кондитерлік наубайхана ашты. Наубайханада торттардың әртүрлері, сондай-ақ түрлі печенье, вафли, кекс сынды дәмі тіл үйретін тәттілерді де дайындайды. Наубайханада шығарған өнімдерін жарнамалау үшін «Тәтті» шағын кондитерлік наубайханасына сайт жасау үшін тапсырыс берді.

Тапсырысты орындау үшін «Тәтті» шағын кондитерлік наубайханасына жарнамалау веб-сайтын жасаңыз.



Сурет 1. – squarespace алғашқы беті [4]

Информатика сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектісі. Дағдыларды игеру арқылы білім алушылар дербес, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын және бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Колледжде информатиканы оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы - 2023;
2. Информатика сабағында цифрлық құралдарды пайдалану арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары - **Сағабаева Ш. К.**, *Инновациялық білім беру журналы* -2020;
3. Информатика сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту әдістемелері. **Ахметова Г. М.**, & **Төлеуова С. Р.**, *Педагогика және психология журналы* - 2019;
4. <https://www.squarespace.com/>.

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

М.М.Адилова

Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі, Есік қаласы

Аңдатпа. Қазіргі білім беру жүйесінде студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру ерекше маңызға ие. Бұл сауаттылық студенттердің тек теориялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар оларды нақты өмірде қолдана білу дағдыларын дамытуға бағытталған. Биология пәні арқылы функционалдық сауаттылықты арттырудың түрлі тәсілдері бар. Олардың қатарында мәселелік жағдайларды шешу, жобалау әдісін қолдану, критикалық ойлау дағдыларын дамыту және жаңа технологияларды пайдалану сияқты әдістер ерекше орын алады. Бұл тәсілдер студенттердің ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, өмірлік жағдайларда биологиялық білімдерін қолдануға, сондай-ақ экологиялық, денсаулық сақтау және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты өзекті мәселелерді түсініп, талдауға мүмкіндік береді. Биология сабақтарында функционалдық сауаттылықты арттыру – студенттердің белсенділігін көтеріп, олардың өмірде кездесетін қиындықтарды шешуге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді.

Аннотация. Повышение функциональной грамотности учащихся имеет особое значение в современной системе образования. Данная грамотность направлена на развитие у учащихся не только теоретических знаний, но и умений применять их в реальной жизни. Существуют разные способы повышения функциональной грамотности с помощью предмета биологии. Среди них особое место занимают такие методы, как решение проблемных ситуаций, использование метода проектирования, развитие навыков критического мышления, использование новых технологий. Эти методы позволяют студентам сформировать навыки научного исследования, применить свои биологические знания в жизненных ситуациях, а также понять и проанализировать текущие проблемы, связанные с вопросами экологии, здравоохранения и безопасности пищевых продуктов. Повышение функциональной грамотности на уроках биологии повысит активность учащихся и поможет им стать личностью, способной решать жизненные задачи.

Annotation. Improving the functional literacy of students is of particular importance in the modern education system. This literacy is aimed at developing students not only theoretical knowledge, but also the ability to apply it in real life. There are different ways to improve functional literacy with the help of biology. Among them, a special place is occupied by such methods as solving problem situations, using the design method, developing critical thinking skills, and using new technologies. These methods allow students to develop scientific research skills, apply their biological knowledge in life situations, and understand and analyze current problems related to environmental issues, health care, and food safety. Improving functional literacy in biology lessons will

increase the activity of students and help them become individuals capable of solving life problems.

Биология сабақтарында функционалдық сауаттылықты арттыру – бұл студенттердің ғылым мен білімді өмірлік жағдайларда қолдана білуін дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыстардың жиынтығы. Бұл бағытта бірнеше тиімді тәсілдерді атап өтуге болады:

1. Мәселелік жағдайларды шешу: студенттерге биология пәнінен күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді ұсыну, мәселен, экология, денсаулық сақтау, азық-түлік қауіпсіздігі сияқты тақырыптар арқылы оларды зерттеу және шешім қабылдауға дағдыландыру.
2. Жобалау әдісі: студенттерге жеке немесе топ болып ғылыми жобалар жасауға мүмкіндік беру, оның барысында зерттеу жүргізіп, ақпарат жинап, қорытынды жасауға үйрету. Бұл әдіс оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.
3. Жаттығулар мен тапсырмалар: студенттердің алған білімдерін нақты өмірде қолдануын қамтамасыз ететін практикалық тапсырмаларды орындау. Мысалы, өсімдіктер мен жануарларды зерттеу, экосистемалар туралы есептерді шешу.
4. Интерактивті әдістерді пайдалану: Оқыту барысында компьютерлік модельдер, виртуалды зертханалар мен анимацияларды қолдану арқылы теориялық білімді практикамен байланыстыру.
5. Критикалық ойлау дағдыларын дамыту: студенттерге ақпаратты дұрыс сараптап, оны нақты жағдайда қалай қолдануға болатынын түсінуге көмектесу. Мысалы, биологиялық процестердің себеп-салдарын талдау, эксперимент жүргізу арқылы гипотезаны тексеру.

Студенттердің білім деңгейлеріне қарай тапсырмалар: төмен, орташа, жоғары болып бөлінеді:

А. Төмен деңгейлі студенттер бір сатылы тапсырмаларды орындайды: фактілерді, терминдерді, принциптерді немесе ұғымдарды тану, диаграмма, сызба, кестеде, суреттер т.б.

В. Орташа деңгейлі студенттер құбылыстарды сипатау немесе түсіндіру үшін тұжырымдамалық білімді пайдалану және қолдану, екі немесе оданда көп қадамдарды қамтитын тиісті тапсырмаларды таңдау, кестелер, графиктер, схемалар т.б. түріндегі қарапайым мәліметтер жиынтығын түсіндіру және қолдану.

С. Жоғары деңгейлі студенттер күрделі ақпаратты немесе деректерді талдау, дәлелдемелерді қорытындылау немесе бағалау, әртүрлі ақпарат көздерін ескере отырып тұжырым жасау, мәселені шешуге әкелетін жоспар немесе қадамдар тізбегін жасау.

1. Төмен деңгейдегі студенттердің бір сатылы тапсырмалары:

Бұл тапсырмада «Ойлан, тап, ізден» әдісін қолданамын.

1. Көбею - тірі ағзалардың бірқатар ұрпақтарда түрлердің сақталуын камтамасыз ететін ең маңызды қызметі. Бұл процестің молекулярлық мәні ДНҚ-ның молекулалардың өздігінен еселенуіне бірегей қабілетінде көрінеді. 1 митоздық бөліну нәтижесінде канша аналық жасуша түзіледі?

- A.1
- B.2
- C.3
- D.4

2. Орташа деңгейдегі студенттерге тапсырмалар:

1. Кесте жануарлардың төрт тобына тән кейбір ерекшеліктерді көрсетеді. Жануарлардың әр тобының атының астына осы топқа тән ерекшеліктің жанына Х белгісін қойыңыз. Жануарлардың кейбір топтарында бірнеше ерекшеліктер болуы мүмкін.

Ерекшеліктері	Сүтқоректілер	Қосмекенділер	Балықтар	Құстар
Сүт бездері				
Қабыршақ				
Қауырсындар				
Ылғал тері				
Желбезектер				
Жүн				

2. Төмендегі кестеде 1996-2004 жылдар аралығында белгілі бір аумақта қояндар мен сілеусіндердің популяциясының саны көрсетілген.

Жыл	Популяция саны	
	Қояндар	Сілеусіндер
1996	60000	1200
1998	40000	800
2000	30000	600
2002	10000	200
2004	6000	135

3. Жоғары деңгейдегі студенттерге тапсырма:

«Фосфордың тәуліктік мөлшері» және «Құрамында фосфоры бар өнімдер» кестелеріндегі мәліметтер негізінде. Кестедегі мәліметтерді пайдалана отырып, ересектерге (ерлер мен әйелдерге) қарағанда, қыздар мен ұлдар (14-18 жас) үшін фосфорды қабылдау деңгейі неге әр түрлі екенін түсіндіріңіз. Екі себеп айтыңыз. Екіден көп себептерді енгізсеңіз, тек бірінші аталған екеуі ғана бағаланады.

Фосфорды қабылдаудың күшдік мөлшері	Қарамағалық фосфор бар тағамдар	Фосфор, мг
Ерлер	тағам	1000 г.да
60 жылдан жоғары ер адамдарға	Қарағай ағашы	1250
Әйелдер	Ыспай кезеңі	1200
60 жылдан жоғары әйел адамдарға	Балдызталың қызық	1030
Жүкті (2-сәуіртен бастап)	Қарағай жаңғағы	650
Бала әйелдері (1-6 ай)	Балды	550
Сәбиілер (0-3 ай)	Жауынгерлік сарысы	500
Сәбиілер (4-6 ай)	Балдыр паштезі	450
Сәбиілер (7-12 ай)	Пасырған өксерке	430
Балалар (1-3 жас)	Шошқаның бүйрегі	430
Балалар (3-7 жас)	Сыны балдыр	380
Балалар (7-11 жас)	Грек жаңғағы	380
Ер балаларға (11-14 ж.)	Салы	380
Қалы балаларға (11-14 ж.)	Қой бүйрегі	350
Жасөспірімдер (14-18 жас)	Тауық терісі	310
Қалы (14-18 жас)	Сүт	92

Қорытынды:

Биология пәні арқылы студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Мәселелік жағдайларды шешу, жобалау әдісі, критикалық ойлау, жаңа технологияларды қолдану және дербес зерттеу жүргізу секілді әдістерді тиімді пайдалану арқылы студенттердің ғылыми көзқарасын қалыптастырып, оларды өмірлік маңызды мәселелерді шешуге даярлау мүмкіндігі артады. Бұл тәсілдер студенттердің тек теориялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар оларды практикалық тұрғыдан қолдана алу дағдыларын да дамытуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер және оқу құралдарының тізбесі

Негізгі

Н.Г. Асанов, А.Р., Соловьева, Б.Т., Ибраимова, Биология, 10 сынып.– Алматы: Атамұра, 2019ж.

Н.Т. Аблайханова, А.М. Калыбаева, А.М. Паримбекова, Биология, 11 сынып – Алматы: Мектеп, 2019 ж.

Мәліметтер базасы және интернет–ресурстар

1. <http://bilimdiler.kz/>

2. <http://alemadebiety.kz/>

3. <http://kk.wikipedia.org/>

4. <http://14mektep.asia.kz/37622>

5. <http://litevv.narod.ru/teoriy.html>

6. <http://www.trk.kz>

7. ikitap.kz

8. www.mektep.kz

9. www.sabak.kz

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

М.А.Ақжигитова

№ 8 колледж МКҚК, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы

Андатпа.Мақалада білім алушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастырудағы жалпы білім беру ұйымдары іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері қарастырылған. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады. Функционалды біліктерді қалыптастыруда білім беру ұйымдарындағы оқыту процесі оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталуының қажеттігі аталып көрсетілген.

Аннотация.В статье рассматриваются содержание и виды деятельности образовательных организаций в формировании функциональной грамотности обучающихся. Повышение функциональной грамотности учащихся является основой образовательного процесса. Подчеркивается необходимость того, чтобы процесс обучения в образовательных учреждениях был направлен на развитие функциональной грамотности учащихся.

AnnotationThe article discusses the content and types of activities of educational organizations in forming students' functional literacy. Increasing students' functional literacy is fundamental to the educational process. It emphasizes the need for the teaching process in educational institutions to be oriented towards developing students' functional literacy.

Келешек елдің тұтқасын ұстайтын бүгінгі жас ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие беру ұстаз алдындағы ең ауыр міндеттің бірі. Бүгінгі жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелеуде, мұғалім үздіксіз ізденіп, кез-келген тосын сұраққа жауап бере алатын, кез-келген жағдаяттан шыға алатын, білімді болу қажет. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді, еңбектенуді тоқтатса оның мұғалімділігі де жойылады» деген қағидасын ұлы педагог К.Д.Ушинский айтқан болатын. Мұғалімнің негізгі мақсаты - сабақ барысында оқушыларға терең теориялық және тәжірибелік білім беру.

Функционалды сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік; шығармашылық тұрғыда

ойлау; шешім қабылдай алу; өз кәсібін дұрыс таңдай алу; өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.[1]

Қазіргі уақытта, ақпараттық технология қарқынды дамып келеді, олар педагогикалық кеңістікте терең еніп, білім беруде кеңінен қолданылады. Видео сабақтар – қазіргі заманғы педагогикалық әдістердің заманауи түрі. Бұл әдістің оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында мұғалімдер арасында онлайн-сабақ, бейне-конференция, жаңашыл сабақтар қолданысқа ие болып тұр. Бүгінде интернет желісіне қосылу үшін көп уақытымызды алмайтын жағдайға жеттік. Интернет желісіне жылдам қосылып, уақытын тиімді қолданып, белсенді жұмыс істеп жүрген заманауи мұғалімдеріміз бар екені белгілі. Қазіргі таңда оқушы тек білім тұтынушы емес, білімді өз бетімен оқып, меңгере алатындай жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдануы қажет. Қазіргі өзекті проблемаларды шешуде жалпы биология пәнінің алатын орны ерекше. Биология сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, алған білімдері маңызды практикалық мәселерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады. Сыни ойлауды дамытатын оқу шарттарын, яғни оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін оқушыларға еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру, сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету, кез-келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік білдіру, сыни ойлауды бағалау, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға мүмкіндік беру. Сыни тұрғыдан ойлауда ең басты - сұрақтың дұрыс қойылуы. Сыни ойлауда - оқушылар қай нәрсеге болса да терең оймен қарайды, салыстыра отырып талдау жасайды, өз көзқарасын білдіреді, өзіндік мәнін қалыптастырады, өз ойын тұжырымды жеткізе алады. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда сұрақтардың маңызы ерекше.

Биология сабақтары ұсынылған тапсырмалар арқылы проблемалық жағдайларды шешуге мүмкіндік береді. Берілген жағдаяттарды бүгінгі және ертеңгі «ғылыми сауатты» адам түсініп, шешуі керек. Биологияны оқыту процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі жағдаяттық тапсырмаларды шешу және білімді жаңа жағдайларда өз бетінше қолдана білу қабілеттерін қалыптастыру аспектісінде жүзеге асырылады. Жағдаяттық тапсырмаларды сабақтарымда қолдану оқушыға ақпаратпен жұмыс істеу процесінде интеллектуалдық операцияларды бірізді меңгеруге мүмкіндік береді: білу-түсіну-қолдану-талдау-синтездеу-бағалау.[2]

Оқушы зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыра алуы үшін оның оқу дайындығының жоғары деңгейде болуы; зерттеушілік және практикалық даярлығының ұштастырылуы; өз білімін үнемі жетілдіріп отыруына, зерттеу іс-әрекетін

ұйымдастыру ұстанымын практикада қолдана білуге ынталы болуы қажет. Оқушыларда келесідей қасиеттер қалыптастырылуы тиіс: байқағыштық, жоғары дәрежедегі танымдық белсенділік, ізденімпаздық, зерттеушілік қызметке қызығушылық, сыншылдық, шығармашылық-ізденуде бағыттылық, жаңашылдық, адамгершілік, мақсаткерлік.

Сыныпта қойылған әртүрлі сипаттағы сұрақтарға жан – жақты жауап беруге үйретіп қана қоймай, дағдыландырып, нақты ортаны жасау керек. Сабақ барысында функционалдық сауаттылықты сұрақтар қою арқылы пайдалануға болады. «Жасуша органоидтерінің құрлысы мен қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбына «**Wordwall**» платформасы арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады.[3]

(<https://wordwall.net/ru/resource/16787792/%D0%B6%D0%B0%D1%81%D1%83%D1%88%D0%B0-%D2%9B%D2%B1%D1%80%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D1%81%D1%8B>)

1 – кесте

Органоидтар	Қызметтері
Эндоплазмалық тор	Жасушаның энергетикалық станциясы.
Лизосома	Екі мембраналы, іші кариоплазмамен толтырылған, хромосомалар мен ядрошық болады.
Рибосома	Жасуша шырынына толы мембрана көпіршігі.
Гольджи жиынтығы	Тек өсімдік жасушаларының органоидтері. Олардың үш типі бар .
Нағыз Вакуоль	Асқорыту ферменттеріне толы мембрана көпіршіктері.
Пластидтер	Заттардың жасушаішілік тасымалын, майлар мен көмірсулардың модификациясын, синтезін, лизосомалардың түзілуін жүзеге асырады.
Митохондрия	Нәруыз биосинтезін жүзеге асырады.
Ядро	Тегіс – майлар мен көмірсуды, түйіршіктісі нәруызды синтездейді.

10 – сыныптағы «Жасуша органоидтерінің құрлысы мен қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбына «**LearningApps.org**» платформасы арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. <https://learningapps.org/view16845353>

Қорытынды:

- ✓ Білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін әдістерді жетілдіру
- ✓ Білім алушылардың өзі іздеп табатын жас ерекшелігіне сәйкес тапсырмаларды көбірек беру
- ✓ Білім алушылардың тақырып бйынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік беру.

Әдебиеттер тізімі

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлтық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

Химиялық ақпарат дағдылары: ғылыми мақалалар, кестелер, графиктер, қауіпсіздік нұсқаулары, эксперимент нәтижелері және химиялық деректер сияқты әртүрлі ақпарат көздерін оқу, түсіну және пайдалану қабілеті.

Болжау және тәуекелді бағалау қабілеті: химиялық процестердің немесе реакциялардың ықтимал салдарын бағалау және олардың нәтижелерін ғылыми білімге негізделген болжау мүмкіндігі.

Экологиялық сауаттылық: Химиялық процестердің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерін түсіну, сонымен қатар химиялық өндірісте қауіпсіз және экологиялық таза технологияларды қолдана білу.

Сандық құралдармен жұмыс істеу: Химиялық процестерді зерттеу үшін компьютерлік модельдеуді, виртуалды зертханаларды, химиялық модельдеу және деректерді талдау бағдарламаларын және басқа да сандық технологияларды пайдаланады. [1].

Сонымен, химия пәнінен функционалдық сауаттылық студенттерге тек химиялық құбылыстарды түсініп қана қоймай, осы білімдерін өмірде қолдануға, ғылыми-практикалық есептерді шешуге белсенді қатысуға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын қамтиды.

Студенттердің ынтасын, қызығушылығын арттыру үшін Wordwall және SuperKid.online платформаларды қолданамыз.

Wordwall - бұл химия сабақтарында қолдануға болатын интерактивті әрекеттерді жасауға арналған онлайн платформа. Бұл нұсқаушыларға студенттердің белсенділігін арттыратын және химиялық ұғымдарды түсінуін жақсартатын

эртүрлі интерактивті жаттығулар жасауға мүмкіндік береді. Химияны оқытуда Wordwall қолданудың негізгі артықшылықтары:

1. Оқушыларды қызықтыруға арналған интерактивті тапсырмалар

Wordwall викториналар, кроссвордтар, сәйкестіктер, флэш-карта ойындары және т.б. сияқты эртүрлі ойын пішімдерін ұсынады. Бұл әрекеттер химияны оқуды қызықты етуге және оқушыларды ойын тәсілі арқылы оқуға тартуға көмектеседі.

Мысалы, оқушылар таңбаларды атауларға сәйкестендіретін химиялық элементтер әрекеттерін жасай аласыз немесе...

«Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының студенттері үшін химия пәнінде Wordwall бағдарламасын қолдану олардың қолданбалы білімдерін және химияны тәжірибеде қолдану қабілетін айтарлықтай байыта алады.

SuperKid.online – бастапқыда мектеп оқушыларына арналған платформа, бірақ оның ойын және интерактивті мүмкіндіктері «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» сияқты техникалық мамандықтардың студенттері арасында химиядан қолданбалы білімді дамыту үшін пайдалы болуы мүмкін. [2]. Міне, платформа осы мамандық үшін пайдалы болуы мүмкін:

1. Негізгі химиялық білімді бекіту үшін ойынды оқыту

SuperKid.online студенттерге атом құрылымы, периодтық жүйе және химиялық реакциялар сияқты негізгі химиялық ұғымдарды жылдам меңгеруге көмектесетін интерактивті ойындар мен әрекеттерді ұсынады. Бұл студенттерге өз мамандығына қатысты қолданбалы химияны құру үшін берік негіз береді.

2. Материалдар мен отындардың қасиеттерін зерттеу

Платформаны автомобиль өнеркәсібінде қолданылатын эртүрлі заттардың: жанар-жағармайдың, майдың, жағармайдың, антифриздің құрамы мен қасиеттерін зерттеу үшін пайдалануға болады. Студенттер бұл заттардың құрамын ойнап зерттей алады, содан кейін олардың эртүрлі жұмыс жағдайларында (мысалы, жоғары температурада, металдармен жанасуда және т.б.) өзін қалай ұстайтынын талқылай алады.

3. Виртуалды эксперименттер және химиялық реакцияларды модельдеу

Платформадағы кейбір әрекеттер студенттерге, мысалы, жанармай жанғанда немесе металдар тоттанғанда болатын реакцияларды елестетуге көмектеседі. Студенттер бұл реакциялардың қалай жүретінін көреді және коррозияны болдырмау немесе қозғалтқыштардың тиімділігін арттыру үшін қандай заттардың қолданылатынын жақсы түсінеді.

4. Химиялық заттармен жұмыс істеудің экологиялық аспектілерін талдау

SuperKid.online экология тақырыбы бойынша интерактивті сабақтар өткізуге мүмкіндік береді. Студенттер отынның жануынан шығатын зиянды заттардың шығарындыларын зерттей алады, қандай химиялық заттардың қоршаған ортаға зиянды екенін және оларды экологиялық таза материалдармен алмастыруға

болатынын біледі. Бұл болашақ автокөлік мамандарына қоршаған ортаны қорғау туралы түсініктерін дамытуға көмектеседі. [1].

5. Өз бетінше оқу дағдыларын дамыту

Платформаның интерактивті әрекеттері мен ойындары формулалармен, химиялық теңдеулермен және материалдармен жұмыс істеу сияқты тәуелсіз дағдыларды дамытуға көмектеседі. Бұл әсіресе автокөлік құралдарында сұйықтықтардың химиялық құрамын және материалдарды талдау үшін химия білімін қолдануды қажет ететін студенттер үшін өте пайдалы.

Осылайша, Wordwall және SuperKid.online мұғалімдерге химияны көрнекі және автомобиль өнеркәсібіндегі нақты әлемдегі қиындықтарға қатысты ететін әрекеттерді жасауға көмектеседі.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1: <https://astana-modern.edu.kz/>

2. <https://eduindex.kz/>

3. Ғылыми-педагогикалық журнал «Химия мектепте» наурыз-сәуір 2004ж

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Г.И.Досыбекова

Туркестан облысы Кентау қаласы Политехникалық колледжі

Андатпа Болашақ мұғалімнің алдында тұрған ең қиын міндеттердің бірі-елді бақылауда ұстайтын бүгінгі жас ұрпаққа білім беру және оқыту. Бүгінгі жана ғасырдың жаңашыл оқушыларын тәрбиелеуде мұғалімнің үздіксіз ізденісімен білімді болу, кез-келген тосынсыйларға жауап бере білу, кез-келген жағдайдан шығу қажет. "Мұғалім-бұл өз білімін үнемі жетілдіріп отыратын мұғалім. Егер ол оқуды, іздеуді, жұмыс істеуді тоқтатса, мұғалімдері жойылады", - деді ұлы ұстаз К.Д. Ушинский. Мұғалімнің негізгі мақсаты-сабақ барысында оқушыларға терең теориялық және практикалық білім беру.

Аннотация. Будущее это одна из самых сложных задач перед учителем-дать образование и обучение сегодняшнему молодому поколению, которое держит под контролем страну. В воспитании сегодняшних учеников-новаторов нового века необходимо быть образованным, с непрерывным поиском учителя, уметь реагировать на любые неожиданности, выходить из любой ситуации. "Учитель-это только учитель, который постоянно повышает свои знания. Если он перестанет учиться, искать, трудиться, его учителя будут уничтожены», - сказал великий педагог К. Д. Ушинский. Основная цель учителя-дать учащимся глубокие теоретические и практические знания во время урока.

Annotation. One of the most difficult tasks for a teacher is to educate and educate today's young generation, which holds the grip of the future country. In the education of innovative students of today's new century, it is necessary to be educated, able to respond to any surprises, get out of any situation, in constant search for a teacher. "The teacher is only a teacher when he continuously raises his knowledge. The great teacher K. D. Ushinsky expressed the principle that if he stops studying, searching, working, his teaching will also be destroyed." The main goal of the teacher is to provide students with deep theoretical and practical knowledge during the lesson. notation.

Кіріспе. «Биология сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту»

Биология пәні табиғат құбылыстарын, тірі ағзалардың құрылымы мен қызметін, олардың қоршаған ортамен өзара байланысын зерттейді. Биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылардың ғылыми білімді қолдану дағдыларын қалыптастырып, өздерінің айналадағы әлемді түсіну деңгейін арттырады. Оқушылар тек теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдылармен де қарулануы тиіс, бұл олардың әртүрлі мәселелерді шешуде және ақпаратты дұрыс пайдалануда мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылық – адамның алған білімін күнделікті өмірде тиімді пайдалану, ақпаратты іздеу, өңдеу, талдау және қолдана білу қабілеті. Биология сабағында бұл дағдылар оқушылардың табиғат заңдылықтарын түсіну мен қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты сақтау мәселелерінде шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары

Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерді жүргізу

Биология сабағында оқушылар табиғаттағы құбылыстарды эксперименттер арқылы зерттеу дағдыларын меңгереді. Мысалы, өсімдіктердің фотосинтез процесін зерттеу, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігін бақылау және зертханалық жұмыстар орындау арқылы оқушылар ғылыми әдістерді, ақпарат жинау мен талдауды үйренеді. Оқушылар өздерінің деректерін өңдей алады, қорытынды жасайды және нәтижелерін негіздей алады.

Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәселелерді талдау

Биология сабағында экология мен табиғат қорғау мәселелерін қарастыру оқушыларды экологиялық сауаттылыққа үйретеді. Қазіргі заманғы экологиялық мәселелер, мысалы, климаттың өзгеруі, биоалуантүрліліктің азаюы, ауаның ластануы сияқты тақырыптарды зерттеу арқылы оқушылар экологиялық жағдайларға жауапкершілікпен қарауға, шешімдер қабылдауға үйренеді. Бұл мәселелерді талдау барысында оқушылар ғылыми ақпаратты өмірлік жағдайларда қолдануды үйренеді.

Сыни ойлауды дамыту

Биология пәнінде сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін оқушыларды ғылыми мәселелерді талдауға, зерттеулер мен тұжырымдамаларға сыни көзқараспен қарауға ынталандыру маңызды. Мысалы, биология бойынша нақты фактілерді салыстыру, нәтижелерді талдау және қорытынды жасау арқылы оқушылар өздерінің ойлау қабілеттерін дамытады. Оқушылар биология пәнін зерттей отырып, өздері кезіккен мәселелерді шешу үшін деректерді қалай тиімді жинау және қолдану қажеттігін түсінеді.

Интерактивті оқыту әдістері

Биология сабағында оқушыларды функционалдық сауаттылыққа үйрету үшін интерактивті әдістерді қолдану өте тиімді. Мұндай әдістерге жобалық жұмыс, зерттеу тапсырмалары, дебаттар, пікірталастар және топтық жұмыстар жатады. Оқушылар биология пәні бойынша ғылыми жұмыстарды жүзеге асыра отырып, нақты шешімдер мен ұсыныстар жасауға дағдыланады. Олардың пікірлерін тыңдап, талқылау барысында сыни ойлау және зерттеу дағдылары қалыптасады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану

Биология сабағында АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) құралдарын қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады. Интернеттегі дереккөздерді пайдалану, ғылыми бейнемазмұндарды көру, виртуалды зертханаларда жұмыс істеу оқушылардың ғылымды қолдануға деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, биология бойынша интерактивті симуляциялар немесе онлайн зерттеулер оқушыларға нақты табиғи процестерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін қолданылатын әдістер

Жобалық әдіс

Жобалық әдіс оқушыларды ғылыми зерттеу жүргізуге, ақпарат жинауға, оны өңдеуге және талдауға бағыттайды. Бұл әдіс арқылы оқушылар өз білімдерін тереңдетіп, өмірде қолдану дағдыларын меңгереді.

Зерттеу әдісі

Биология сабағында зерттеу әдісін пайдалану оқушылардың ғылыми тұрғыдан ойлауын дамытуға, алынған мәліметтерді өңдеп, зерттеу қорытындыларын жасауға мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту

Проблемалық оқыту әдісі оқушыларға нақты өмірде кездесетін мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, экологиялық мәселені шешу, тірі ағзалардың тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды анықтау.

Қорытынды

Биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту — оқушылардың өмірлік дағдыларын жетілдіру, олардың ғылыми білімді өмірде қолдана білу қабілетін арттыру және қоршаған орта мен табиғат құбылыстарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер оқушыларды сыни ойлау, ақпаратты тиімді

өңдеу, шешімдер қабылдау дағдыларына үйретеді. Осылайша, биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды бағыт болып табылады.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі.

1. Қолданған әдебиеттер тізімі:
2. Айтпаева, С. Ә. (2017). Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесі. Алматы: Рауан.
3. Құдайбергенова, Ж. Б. (2020). Пәнаралық оқытудың негіздері. Алматы: Қазақ университеті.
4. Мамыраева, А. Ш. (2018). Тарих және география пәндерін пәнаралық негізде оқыту. Тараз: ТарМУ баспасы.
5. Нұрсейітова, Ә. Н. (2019). Оқытудың пәнаралық әдістері және олардың білім сапасына әсері. Қарағанды: ҚарМУ

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

А.А.Дүйсембек

Талдықорған қаласының «Авиценна» медициналық колледжі

***Андатпа.** Бұл мақалада функционалдық сауаттылықты дамытудағы биологияның рөлі қарастырылады. Функционалдық сауаттылық-бұл оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде және нақты жағдайларда қолдану қабілеті. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдістер ретінде проблемалық оқыту, зерттеу және жобалау әдістері, интерактивті және цифрлық құралдар, сондай-ақ нақты өмірлік жағдайлар қарастырылады.*

***Аннотация.** В этой статье рассматривается роль биологии в развитии функциональной грамотности. Функциональная грамотность-это способность учащихся применять полученные знания в повседневной жизни и в реальных ситуациях. В качестве методов, направленных на развитие функциональной*

грамотности, рассматриваются проблемные методы обучения, исследования и проектирования, интерактивные и цифровые инструменты, а также реальные жизненные ситуации.

Annotation. *This article examines the role of biology in the development of functional literacy. Functional literacy is the ability of students to apply their knowledge in everyday life and in real situations. Problem-based teaching methods, research and design, interactive and digital tools, as well as real-life situations are considered as methods aimed at developing functional literacy.*

Функционалдық сауаттылық-бұл оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде, нақты жағдайларда қолдану қабілеті. Қазіргі уақытта функционалдық сауаттылықты дамыту білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Биология студенттерге қоршаған орта, табиғи процестер туралы түсінік беретін және зерттеу дағдыларын қалыптастыратын маңызды пәндердің бірі болғандықтан, осы пән бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту ерекше маңызға ие. Функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі құрылымдық элементтері [1].

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың биология бойынша білім деңгейін арттыратын және олардың практикалық дағдыларын дамытуға ықпал ететін бірнеше негізгі компоненттерден тұрады:

* Ақпараттық қауіпсіздік-ақпаратты іздеу, талдау және өңдеу дағдыларын қалыптастыру.

* Ғылыми негізділік-биологиялық процестерді ғылыми түсіндіру және талдау қабілеті.

* Экологиялық сана-табиғат пен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.

* Зерттеу құзыреттілігі-эксперименттер жүргізу және нәтижелерді талдау дағдылары.

Биология сабақтары осы құрылымдық компоненттерді дамытады және оқушыларға ғылыми ойлауды, деректерді талдауды және негізделген шешімдер қабылдауды үйретеді [2].

Функционалдық жарамдылық ұғымы және оның құрамдас бөліктері: ақпараттық, ғылыми, экологиялық және зерттеу жарамдылығы.

Биологияның жаратылыстану ғылымдары ретіндегі ерекшеліктері және оның функционалдық сауаттылықты дамытудағы рөлі.

Биологиядағы функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылардың тіршілік ету ортасы мен табиғи құбылыстар туралы түсініктерін кеңейтеді және оларға талдауға ғылыми көзқарасты үйретеді.

Биология саласындағы функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдістер:

Проблемалық оқыту әдісі: оқушыларды биологиялық мәселелерді өз бетінше шешуге және қорытынды жасауға шақыру.

Зерттеу және жобалау әдістері: эксперимент

Интерактивті және сандық құралдар: виртуалды

Кейс әдісі: нақты өмірден

Сандық құралдар мен платформаларды пайдалану

Білім беру платформалары мен ресурстарын пайдалану: оқушылардың биологияны үйренуіне арналған арнайы бағдарламалар мен сандық құралдар.

Интерактивті қондырмалар және онлайн эксперименттер: нақты биологиялық процестерді зерттеу үшін интерактивті құралдарды пайдалану [3].

Деректер мен ақпаратты талдау: оқушыларға ақпаратты талдау негізінде қорытынды жасауға көмектесетін әдістер.

Биология саласындағы функционалдық сауаттылықты бағалау әдістері

Практикалық жұмыстар мен жобалар: алынған білімді қолдану және нәтижелерді көрсету.

Зейінге негізделген сынақтар: функционалдық жарамдылықты бағалауға арналған арнайы сынақтар.

Өзін-өзі бағалау және рефлексия: оқушылардың өз жұмысын талдау және кері байланыс дағдыларын дамыту.

Биология сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту студенттерге алған білімдерін өмірде тиімді пайдалануға көмектеседі. Осы пән арқылы студенттер ғылыми ойлауды, аналитикалық қабілеттерді және зерттеу дағдыларын дамытады.

Бұл бағытта оқытушылар цифрлық технологияларды, интерактивті және зерттеу әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүйелі түрде арттыруы қажет.[4]

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Г. Ж., Жанұзақов Б. Б. (2020). Биология саласындағы функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары. Білім беру инновациялары журналы.
2. Лаккин, Р., Холмс, в., Гриффитс, М. және Форсье, Л.Б. (2021). Жасанды интеллект және оқытудың болашағы. ЮНЕСКО баспасы.
3. PISA және функционалдық сауаттылық: оқытудың заманауи әдістері. баспасы (2018).
4. Сағындықова, Д. К. Жасанды интеллект және автоматтандырылған оқыту жүйелері: білім беру саласындағы функционалдық сауаттылықты арттыру. Педагогика және психология. (2021).

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Г.М.Дюсембаева

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі. Талдықорған қаласы.

Аннотация. Бұл мақалада биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту мәселелері қарастырылған. Биология пәні табиғат заңдылықтарын, тірі организмдердің құрылымы мен функцияларын, экологиялық қатынастарды зерттейтін пән болғандықтан, оны оқыту барысында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру маңызды міндет болып табылады. Бұл үшін оқу процесінде интерактивті әдістер, зертханалық жұмыстар, проблемалық жағдайлар және жобалық тапсырмалар қолдану тиімді екендігі атап өтілген.

Аннотация. В статье исследование вопросы развития функциональной грамотности на уроках биологии. Поскольку биология изучает законы природы, строение и функции живых организмов, а также экологические отношения, обеспечение функциональной грамотности при преподавании этого предмета является важным фактором. В этой связи достигается эффективность использования интерактивных методов, лабораторных работ, проблемных ситуаций и проектных работ в процессе обучения.

Annotation This article discusses the issues of developing functional literacy in biology lessons. As well as, biology is the subject that studies the laws of nature, the structure and functions of living organisms, and ecological relationships, it is important to foster functional literacy while teaching this subject. To achieve this, it is noted that interactive methods, laboratory work, problem-solving situations, and project-based tasks are effective.

«Функционалдық сауаттылық» кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Еліміздің оқу-тәрбие жүйесінде ең маңызды міндет – өз бетінше үйренуге және жетілдіруге қабілетті, функционалды сауатты білім алушыларды қалыптастыру қажеттілігі жазылған. Оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, қаржылық сауаттылық, жаһандық құзыреттер, шығармашылық ойлау сынды функционалды сауаттылық бағыттарының мәнін ашып көрсеткен.

Қазіргі жалпы білім беру оқушының жеке басын дамытуға бағытталған. Білім алушы өз бетінше ойлауды, саралауды, қазіргі әлемде туындап жатқан қиындықтарды көре білуі және салмақты шешімдер қабылдай отырып, оларды ұтымды жеңудің жолдарын іздеуі керек. Өйткені, ұлы философ Гадамер айтқандай: «Мәселені шеше білу-білімге апаратын жол».

Бүгінгі таңда ең маңызды міндеттердің бірі-өз бетінше үйренуге және жетілдіруге қабілетті функционалды сауатты білім алушыларды қалыптастыру. XIX ғасырдың ұлы ұстазы К.Д. Ушинский: "Адамды өмір бойы үйрету мүмкін емес, оны өмір

бойы үйренуге үйрету керек!" – деген екен. Бұл оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы мүмкін болады [1].

Функционалдық сауаттылықты дамыту еліміздің ұлттық мақсаттары мен стратегиялық міндеттерінің қатарына енді. Функционалдық сауаттылық адамдарға қолда бар ақпарат қорын пайдалануға, оны іс жүзінде қолдануға және күрделі өмірлік міндеттерді шешуге көмектеседі. Бұл адамдардың нақты сауаттылығына және олардың әлем туралы білімдерінің кеңдігіне негізделген, бұқаралық мәдениеттен тәуелсіз ойлауға көмектеседі. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін білім алушының жеке басының өзін-өзі барынша іске асыруына, өз қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау қажет.

Болашақта функционалдық сауаттылық өркениеттің, мемлекеттің, ұлттың, әлеуметтік топтың, жеке тұлғаның дамуының көрсеткіші болады. Сондықтан мектеп пен мұғалімге қойылған мақсат: қажет болған жағдайда мамандықты тез өзгерте алатын, жаңа әлеуметтік рөлдер мен функцияларды игере алатын, бәсекеге қабілетті мобильді тұлғаны дайындау. Бүгінгі таңда қоғам мен экономика жаңа білімді игергісі келетін және игере алатын, оларды жаңа жағдайларға қолдана алатын және туындаған мәселелерді шеше алатын мамандарға сұраныс жасайды, яғни функционалды сауатты мамандарға сұраныс бар.

Биология сабақтарында үнемі функционалды сауаттылықты дамытуда өмірмен байланысты мысалдар келтіріп отырамын. Мысалы қан топтары тақырыбында әр адам өз қан тобын жатқа білуі немесе телефон, блокнотта жазылып тұруы тиіс. Әр түрлі жағдайларда осы білімді пайдалана алады.

«Фотосинтез» тақырыбында керекті теориялық базаны білу де кейін агротехникалық салада бұл білімді пайдалана алады.

Функционалдық сауаттылықтың бағыттары: оқу сауаттылығы; математикалық сауаттылық; жаратылыстану сауаттылығы; қаржылық сауаттылық; жаһандық құзыреттер; шығармашылық ойлау. Оқу сауаттылығы – бұл адамның мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ойлау және мақсаттарына жету үшін оқумен айналысу қабілеті [2].

Студент қажетті ақпаратты табуға, алуға, оны түсіндіруге және біріктіруге, мәтіннің мазмұнын түсінуге және бағалауға, алынған ақпаратты пайдалануға үйренуі керек. Математикалық сауаттылық – функционалдық сауаттылықтың екінші маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол нақты мәселелерді шешуге көмектесу үшін математиканы қолдана білуді, сонымен қатар математиканың "тілін" түсіну қабілетін қамтиды. Жаратылыстану сауаттылығы – бақылаулар мен эксперименттерге негізделген тұжырымдар жасау үшін ғылыми әдістер арқылы зерттелуі және шешілуі мүмкін мәселелерді нақты жағдайларда бөліп көрсету үшін жаратылыстану білімін пайдалану мүмкіндігі. Жаһандық құзыреттілік – бұл жаһандық сипаттағы және мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін әртүрлі көзқарастардан сыни тұрғыдан қарастыру қабілеті; мәдени, діни, саяси, нәсілдік және басқа да айырмашылықтар адамдардың қабылдауына, пайымдауына және

көзқарасына қалай әсер ететінін түсіну; адамзатқа деген құрмет негізінде басқалармен ашық, құрметті және тиімді қарым-қатынасқа түсе алуы.

Шығармашылық ойлау – адамның өз қиялын идеяларды дамыту және жетілдіру, жаңа білімді қалыптастыру, бұрын кездеспеген міндеттерді шешу үшін қолдана білуі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде мұғалімдердің сабақта 7 модульді қолданудың тиімділігі байқалады. Сабақтарда ынтымақтастық атмосферасын құру. Жүйеде сыни ойлауды дамыту әдістерін қолдану. Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың жұптық жұмыс, топтық жұмыс сияқты формаларын қолдану.

Диалогтық оқытуды, өзара оқытуды оқушыларды оқытудың тиімді әдістерінің бірі ретінде пайдалану. Өзін-өзі бағалау мен өзара бағалауды қолдану. Дарынды және талантты балаларды дамыту үшін сабақтарда жағдай жасау. Студенттердің функционалдық сауаттылығын ойдағыдай қалыптастыру үшін қажетті келесі функцияларды бөліп көрсету қажет:

- тұлғалық- мәдени, әлеуметтік, рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруіне бағытталған;
- компьютерлік, ғаламтор желісіндегі ақпаратты іздеуді; электрондық поштаны пайдалануды;
- мәтіндерді құруды және басып шығаруды; электрондық кестелермен жұмыс істеуді; графикалық редакторларды пайдалануды қамтиды;
- дұрыс қарым-қатынас шеңберін құра білу сабақта да, сабақтан тыс уақытта да кеңейтуге мүмкіндік беретін коммуникативті, ынтымақтастық ережелері мен нысандарымен танысуға, серіктестерге құрметпен қарауға, диалог жүргізу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- әлеуметтік-бейімделу, оқушыны өмірлік мәселелерді шеше білумен қамтамасыз етеді [3].

Сондықтан, заманауи білім беру мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Веряев А.А., Нечупаева М.Н., Татарникова Г.В. Функциональная грамотность учащихся: представления, критический анализ, измерение.

2. Нурмуртова К.А. Функциональная грамотность как основа развития гармоничной личности в современных условиях. «Педагогическая наука и практика»

3. Бұзаубақова К.Ж. Құзыреттілік тұрғыдан білім берудегі білім сапасының мәні //«Шаяхметов оқулары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар, 2015. – Б.237-243.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Л.Б.Ержаханова

*Талдықорған қаласының «Авиценна»
медициналық колледжі*

Аңдатпа. Бұл мақалада жаратылыстану бағытындағы химия пәні бойынша функционалдық сауаттылықтың маңызы туралы баяндалады. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілінің бірі сыни ойлау технологиясын химия пәніндегі тақырыптарда қалай қолдануға болатыны, медицина мамандығы білімгерлеріне функционалдық сауаттылықтың маңызы түсіндірілген.

Аннотация. В данной статье проводится описание формирования функциональной грамотности на уроках химии естественно-математического направления. Рассматривается внедрение в процессе обучения технологию развития критического мышления как один из инновационных методов при изучении тем по химии, определяется необходимость эффективного развития функциональной грамотности обучающимся медицинского профиля.

Annotation. This article describes the formation of functional literacy in chemistry lessons of the natural-mathematical direction. The introduction of critical thinking development technology in the learning process is considered as one of the innovative methods in the study of chemistry topics, the need for effective development of functional literacy for medical students is determined.

Білім алушының функционалдық сауаттылығы дегенді қалай түсінеміз? Функционалдық сауаттылық білім алушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білім-дағдысын сабақтан тыс жерде, түрлі жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Яғни, функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық қызметке белсене араласып, жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай кез-келген уақытта білімін жетілдіріп отыруы. Сонымен бірге, функционалдық сауаттылық-адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті, сол ортаға тез бейімделуінің көрсеткіші болып табылады[1].

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін оған білім беріп қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлау, білім-дағдыларын күнделікті өмірде пайдалану, проблеманы шешу, зерттеушілік дағдыларын дамыту керек. Ол үшін дағдының оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым сияқты төрт түрлі әдістерін қолдана білу керек. Сол себепті, химия пәнін терең меңгерту тұрғысында қазіргі таңдағы түрлі оқыту технологияларын пайдалану маңызды болып табылады. Мұндай түрлі әдіс-тәсілдер білім алушының оқуға деген қызығушылығын арттырып, ұжымда жақсы қарым-қатынас орнауына білім алушының өз бетінше ойлануына, ізденуіне дағдыландырады[2].

Білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда рольдік ойын, сұрақ-жауап, жағдаяттық тапсырмалар, сұхбаттық тапсырмаларды орындату өз тиімділігін көрсетуде. Колледж білімгерлері арасында химия пәнінен сыни ойлау технологиясының әдістерін қолдану арқылы түрлі сабақтар өткізілуде, онда венн диаграммасы, топтастыру әдісі, жеке, топтық, рольдік ойындарды пайдалану оң нәтижелер көрсетуде. Мысалы, органикалық химия пәнінен «Көмірсутектердің табиғи көздері» тақырыбын түсіндіру барысында білімгерлерді бірнеше топтарға бөліп, топтарға атаулар беріп, сол бойынша әр топ әр түрлі суреттер, кестелер, акпараттар жинап, постер, кластер сызып, әр топ өзі жинақтаған мәліметтерді қорғайды ал оны келесі топ тыңдайды. Мұндай әдіс-тәсілдер білімгерлердің сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға да зор ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Жалпы сабақ процесі тек білім беру қызметін ғана емес, тұлғаны тәрбиелеу қызметін де қоса атқаруы керек. Осындай сабақтарды өткізу нәтижесінде білім алушылардың бойында бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, бір-біріне жауапкершілік сезімінің болуы, өзін және басқаны бағалай, тыңдай білу қасиеттері қалыптасады. Оқушының өздігінен шешім қабылдауға дағдыланып, сөздік қорлары дамиды. Демек, сабақ барысында жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану білімгердің сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, танымдық ойлау қабілеттерін арттырудың, яғни функционалдық сауаттылығын дамытудың негізгі көзі болып табылады[3].

Функционалдық сауаттылықты арттыруда химия пәнін әртүрлі пәндермен мысалы, физика, биология, анатомия, тарих сияқты пәндермен кіріктіре оқыту да тиімді болмақ деп есептеймін. Мұндай әдіс жалпылай алғанда оқушының жаратылыстану ғылымы бойынша оқу сауаттылықтарының дамуына зор әсерін тигізеді. Жалпы, химия пәнінің әр тақырыбын, басқа пәндермен, тіпті медициналық пәндермен де байланыстыруға болады. Мысалы, «Металдар, Темір, оның қосылыстары, Құймалар» сияқты тақырыптарды игертуде, оны физиология, анатомия сияқты медициналық пәндермен байланыста өткізу, болашақ медицина мамандары үшін маңызды болмақ. Қорыта келе, функционалдық сауаттылық-білімгердің тек теориялық білім алып қана қоймай, оны практикада, өмірде қолдана білуінің негізгі кілті болып табылады. Менің өз ойым бойынша, химия

пәнінен оқытудың сыни тұрғыдан ойлау технологиясы пәнді меңгертудегі ең озық әдіс болып табылады, себебі дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі, яғни нақты жағдайда мынаны былай жазу немесе айту керек деп көрсетпей, оқушының шығармашылық ойлауының орын алуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету[4].

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Химия мектепте, Ғылыми-педагогикалық журнал. Алматы
2. Білімдегі жаңалықтар журналы, № 2-4 сандары
3. Елбасы жолдауы «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014 жыл
4. Учительская плюс газеті, 2014 жыл

ХИМИЯ ПӘНІНЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ДАМУ – ӨЗІНДІК ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫҢ КЕПІЛІ

С.С.Еркинбекова

Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі Талдықорған қаласы.

Аңдатпа: Бұл мақалада функционалдық сауаттылық дағдыларын дамыта отырып студенттердің кәсіби құзіреттілігі мен оқу сауаттылығын арттыру және функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыруға арналған тапсырмалардың маңызы, олардың түрлері жайлы жазылған. Білім алушылардың оқу үрдісінде алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана отырып, өз мақсаттарына қарай дұрыс тұжырымдай алу дағдыларымен бірге, функционалдық сауаттылығы білігін қалыптастыру мәселесі қозғалды.

Аннотация: В данной статье изложено значение заданий для повышения профессиональной компетентности и грамотности чтения студентов с развитием навыков функциональной грамотности и формирования функционально грамотной личности, их виды. Были затронуты вопросы формирования у обучающихся навыков функциональной грамотности, умения правильно формулировать полученные знания в процессе обучения в соответствии со своими целями, применяя их в повседневной жизни.

Annotation: This article describes the importance of tasks for improving the professional competence and reading literacy of students with the development of functional literacy skills and the formation of a functionally literate personality, their types. The issues of formation of students' functional literacy skills, the ability to correctly formulate the acquired knowledge in the learning process in accordance with their goals, applying them in everyday life were touched upon.

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту- білім берудің басты мақсаттарының бірі болып айқындалып отыр. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделіп қарым қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз білім алушылардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесе отырып, үнемі білімін жетілдіріп, толықтырып отыруы деп санаймын. [1]

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға. [2]

Білім сапасын жетілдіруде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз етуде оқытушы келесі факторларды назарда ұстау керек деп санаймын. Білім алушының бойына әлеуметтік ортаға беімделуіне, алған білімін практикалық жағдайда тиімді пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Мынадай негізгі құзыреттіліктер бала бойында қалыптасса онда болашақ маманның тұлға ретінде өмірде өз орнын таба алатынына сенімдімін. Оларға: көшбасшылық. Мәселені шеше білу қабілеті, ойы, сөзі, ісі бірлікте ұйымшылдықта көрініс беруі, адалдық функционалдық сауаттылық контексттері ұстанса.

1. «Дыбыстар сөйлейді» стратегиялары, «Миға шабуыл», «Идеялар тақтасы», «Лездеме» әдісі, «Графикалық органайзер», «ПОПС» формуласы, Венн диаграммасы сынды әдістері арқылы теориялық білімдеріне талдау жасайды, тақырыптарға сай функционалды сауаттылық тапсырмаларын оқу нәтижелеріне сай құрастыру,

2. Тапсырмалармен жұмыс жасау әдістемесі мен мысалдары.

Функционалдық сауаттылық бұл берілген тапсырманы зейін қоя оқуы , өз болжамы мен пікірін жүйелі жеткізуі және логикалық тұрғыдан ойланып, сыни көзқарастарының қалыптасуына мүмкіндік береді. Жаратылыстану ғылыми сауатты адам жаратылыстану ғылымдарымен технологияларына байланысты мәселерді дәлелді талқылауға қатысады. Нәтижесінде құбылыстар мен үрдістерді ғылыми түсіндіру, бағалау және мәліметтерді ғылыми түсіндіру және дәлелдер келтіре білу құзыреттіліктері қалыптасады.

Химия – практикалық ғылым және жаратылыстану сауаттылығын дамытуға арналған көптеген практикалық тапсырмаларды құрастыруға болады. Оқытушы мұндай тапсырмаларды сабақтың әр кезеңінде қолдана алады. Ми қызметін белсендіру үшін жаңа материалды меңгеру кезінде де, өтілген материалды бекіту кезінде де оқытушы оқушыларды осындай тапсырмалар құрып сабаққа қызықтыра алады. Бұл материалды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Шығармашылық ұстанымдарын және ақпараттық талдау, берілген материалдан негізгі түйінді бөлу қабілетін дамытады.

Әр тапсырмада міндетті түрде проблемалық сұрақ болуы керек және ол білім алушы оған жауап бере алатындай етіп тұжырымдалуы тиіс. Проблема әртүрлі жергілікті, жеке, жаһандық деңгейлерде қамтылуы тиіс. Оқытушы әртүрлі жұмыс түрлерін соның ішінде топтық, жұптық немесе жеке түрде өткізе отырып, өз сабағын қызықты мазмұнды өткізуге мүмкіндік алады. Мұндай оқу үрдісі жеке тұлғаның өзін өзі дамытуына әкелетіні сөзсіз. Осындай тапсырмалардың берілуі білім алушылардың жаратылыстану саласындағы білімдерін тексеруге арналған.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға «Қорытпалар», «Ақуыз», «Қышқыл жаңбырлар» «Азот топшасы» т.б тапсырмаларды қолданамын. Сонымен қатар тақырып бойынша білім алушыларға шығармашылық ізденіс туғызатын, өмірмен байланыстыра отырып жауап беретіндей тапсырмаларды құрастыруға болады.

Түркі әлемінің ойшылы Жүсіп Баласағұнның: «Білім – адам баласының ортақ қазынасы» деген терең пікіріне зер салып, ой түйсек терең мән бар. Бүкіл адамзат баласының ғылымды игеріп, жаңалықтар ашып, әлемнің жұмбақ сырларын ашқаннан бері де талай ғасыр өтті. Бүгінде біз, ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында өмір сүріп жатырмыз. Ақпараттың молдығы сондай, қабылдау мен түйсінудің өзі адам баласына көп күш түсіруде. Ал осындай заманның жас өскінін қалай оқытамыз, халық даналығына бой салсақ, «жақсыға үйретеміз, жаманнан жирендіреміз». Бұл бүгінгі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен міндет. Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылыққа негізделіп отырған жаңартылған білім мазмұны оқушыға әр түрлі білік дағдыларын қалыптастырып, ақыл-ой қабілетін жан-жақты дамытуды мақсат етеді. Осы орайда, білім беруде шәкіртке тек дайын білімді меңгертіп, оны қайталаумен шектелмей оқушының өзіндік ізденісіне, өзіндік әрекетіне бағдар беріп, өзін және жолдастарының білімін өздігінен бағалай білу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1.Сызыдкбаева Р , Оқушылардың функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру//Білімді Ел:Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті.7.02.2022

2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832> //Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.

3. TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағы // Астана, 2016

РОЛЬ КИБЕРПЕДАГОГИКИ В ПРЕПОДАВАНИИ ПРЕДМЕТА ХИМИИ И БИОЛОГИИ В ШКОЛЕ

Д.Ермекқызы

Таразского Высшего колледжа «Парасат» г. Тараз, Казахстан

Аңдатпа. *Заманауи білім беру технологиялық прогреске және білім беру әдістерінің өзгеруіне байланысты қарқынды және маңызды өзгерістерге ұшырауда. Киберпедагогика немесе оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану білім беруде барған сайын маңызды болып келеді.*

Аннотация. *В современном образовании происходят быстрые и значительные изменения, вызванные технологическим прогрессом и изменением образовательных методик. Киберпедагогика, или использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в обучении, становится все более важной в сфере образования.*

Annotation. *Modern education is undergoing rapid and significant changes caused by technological advances and changes in educational methods. Cyberpedagogy, or the use of information and communication technologies (ICT) in teaching, is becoming increasingly important in the field of education.*

В эпоху стремительного развития технологий и цифровой трансформации образования, вопрос о роли киберпедагогика в контексте преподавания биологии и химии в школе становится более актуальным и неотъемлемым элементом образовательного процесса. Перед современными педагогами возникает вызов – эффективно интегрировать цифровые средства и методы в предметную область, чтобы сделать процесс обучения биологии и химии более увлекательным, доступным и адаптированным к потребностям цифрового поколения.

Киберпедагогика позволяет создавать интерактивные уроки, которые могут быть адаптированы под разные уровни знаний и стили обучения учеников. В преподавании биологии и химии это особенно важно, поскольку предметы часто требуют визуализации анатомических структур, экосистем и биологических процессов, создавать модели молекул, показывать химические связи атомов, иллюстрировать химические формулы, что может быть сложно представить без применения современных технологий.

Интерактивные задания: учителя могут создавать интерактивные задания и тесты, которые позволяют ученикам активно принимать участие в уроке, отвечать на вопросы, решать задачи и получать обратную связь это делает процесс обучения более захватывающим и позволяет учителям быстро оценивать уровень понимания учениками материала.

Виртуальные лаборатории: с помощью виртуальных лабораторий ученики могут проводить эксперименты и наблюдения без необходимости использования реального оборудования. Это особенно полезно в случае химии, где некоторые эксперименты и реактивы могут быть опасными или недоступными из-за ограниченных ресурсов.

С помощью киберпедагогики учителя могут представлять сложные биологические и химические процессы через визуальные средства и моделирование. Это делает обучение более наглядным и понятным для учеников, помогает им лучше понять анатомию, физиологию и другие аспекты биологии, а в химии помогает ученикам и преподавателям лучше понять молекулярные структуры пространственное расположение и взаимодействие становятся более понятными.

Визуальные презентации и демонстрации: Учителя могут использовать визуальные презентации и демонстрации для объяснения сложных биологических концепций и химических механизмов. Это может включать в себя использование анимаций, видеороликов, интерактивных графиков и других средств визуализации. Визуальные презентации делают уроки более интересными и запоминающимися, а также помогают ученикам лучше понимать материал. С использованием специальных программ и приложений учителя могут создавать трехмерные модели биологических объектов, таких как клетки, органы, анатомические структуры, молекулы и даже целые организмы, эти модели могут быть визуализированы на интерактивных досках, компьютерных экранах или даже в виртуальной реальности.

Интернет и цифровые ресурсы предоставляют широкий доступ к актуальной информации и научным исследованиям в области биологии и химии. Киберпедагогика позволяет учителям интегрировать эту информацию в учебный процесс, делая уроки более содержательными и актуальными.

Научные исследования и публикации: Интернет также предоставляет доступ к научным исследованиям и публикациям в области биологии и химии. Ученики могут изучать последние научные открытия, ознакомиться с актуальными исследованиями и узнать о современных тенденциях по определенному предмету. Это помогает ученикам понимать, как развивается наука, и показывает им, какие возможности открываются перед ними в случае выбора карьеры в научной сфере.

Электронные библиотеки и базы данных: Многие учебные заведения имеют доступ к электронным библиотекам и базам данных, где хранится большое количество научной литературы, журналов, книг и других ресурсов по биологии и

химии. Это позволяет учащимся проводить более глубокие исследования и расширять свои знания в интересующих их областях.

Существуют интерактивные образовательные платформы, специально разработанные для обучения биологии и химии других научных дисциплин. Эти платформы предлагают различные учебные материалы, задания, тесты, а также возможность общения с преподавателями и другими учащимися.

Доступ к информации через интернет и другие цифровые ресурсы играет ключевую роль в преподавании биологии с использованием киберпедагогика. Это помогает ученикам быть в курсе последних научных достижений, развивать свой критический мыслительный процесс и глубже погружаться в изучаемый предмет.

Использование киберпедагогика в преподавании биологии и химии помогает учащимся развивать цифровые навыки, которые будут им полезны в будущем. Умение работать с информацией, анализировать данные и использовать цифровые инструменты становится все более важным в современном мире.

Использование цифровых инструментов: киберпедагогика включает в себя использование различных цифровых инструментов, таких как компьютеры, интерактивные доски, планшеты, программное обеспечение для создания презентаций и мультимедийных материалов. Учителя используют эти инструменты для создания интересных и эффективных уроков, а также для визуализации сложных биологических процессов и концепций.

Интернет и поиск информации: Ученики при работе с киберпедагогикой учатся искать, оценивать и выбирать информацию в интернете. Это включает в себя умение использовать поисковые системы, оценивать достоверность и качество информации, а также критически мыслить и анализировать полученные данные.

Креативное использование технологий: Киберпедагогика поощряет учеников к креативному использованию технологий для решения задач и создания собственных проектов. Это может быть создание мультимедийных презентаций, цифровых видеороликов, веб-сайтов, цифровых арт-проектов и многого другого.

Заключение. Киберпедагогика играет ключевую роль в современном преподавании биологии и химии в школах. Она делает уроки более интересными, наглядными и доступными для учеников, способствует развитию их цифровых навыков и позволяет обучать биологии и химии более эффективно. Поэтому внедрение киберпедагогика следует рассматривать как важное направление развития образования, особенно в контексте преподавания естественных наук. В современном мире, где цифровые технологии становятся все более важными во всех сферах жизни, киберпедагогика выступает важным инструментом в преподавании биологии и химии в школах. Развитие этой сферы образования приносит существенные изменения в процесс обучения, делая его более интерактивным, эффективным и доступным для учеников различных возрастов и способностей.

Список литературы:

1. Clark, R.C., Mayer, R.E. e-Learning and the Science of Instruction: Proven Guidelines for Consumers and Designers of Multimedia Learning. Wiley, 2016.
2. Roblyer, M.D., Doering, A.H. Integrating Educational Technology into Teaching. Pearson, 2016.
3. Koehler, M.J., Mishra, P. Teaching with Technology: Creating Student-Centered Classrooms. Teachers College Press, 2019.
4. Puentedura, R. Transformation, Technology, and Education. Harvard Education Press, 2014.
5. Siemens, G. Connectivism: A Learning Theory for the Digital Age. Routledge, 2017.
6. Siemens, G., Downes, S. (Eds.). Connectivism and Connective Knowledge: Essays on Meaning and Learning Networks. Athabasca University Press, 2018.

МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ӨСІМДІКТЕР МЕН АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Н.С. Әкімова

Г.Е.Жабасова

*ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәнишук Мәметова атындағы
Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК*

***Аңдатпа.** Өсімдікке қажетті элемент атына байланысты тыңайтқыштар азотты, фосфорлы және калийлі болып бөлінеді. Азот пен калий тыңайтқыштары суда жақсы ерісе, фосфорлы тыңайтқыштардың ерігіштігі әр түрлі. Жай суперфосфат жартылай ерісі, CaKPO_4 , CaHPO_4 әлсіз сілтілік ортада ерімтал келеді.*

***Аннотация.** В зависимости от названия элемента, необходимого растению, удобрения делятся на азотные, фосфорные и калийные. Хотя азотные и калийные удобрения хорошо растворяются в воде, растворимость фосфорных удобрений различна. Просто суперфосфат частично растворяется, CaKPO_4 , CaHPO_4 нерастворим в слабощелочной среде.*

***Annotation.** Depending on the name of the element needed by the plant, fertilizers are divided into nitrogen, phosphorus and potassium. Although nitrogen and potash fertilizers are well soluble in water, the solubility of phosphorus fertilizers is different. It's just that superphosphate partially dissolves, CaKPO_4 , CaHPO_4 is insoluble in a slightly alkaline medium.*

Пайдалы элемент концентрациясына қарай концентрлі (аммофос, карбамид, азофоска) және балласт (жай суперфосфат, сільвинит, карналлит, т.б.) деп бөлінеді.

Тыңайтқыш ретінде қосылатын элементтердің мөлшері Mn, Cu, Zn, Mo, I, B өте аз мөлшерде қажет болса (1кг/га), оларды микротыңайтқыштар деп атайды.

$(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$ – аммоний сульфаты – әлсіз негіз бен күшті қышқылдың тұзы болғандықтан, сульфат ионының SO_4^{2-} топырақта жинақталуы оның қышқылдығын арттырады, сондықтан ондай жерге біраздан кейін әк төгу қажет болады.



NH_4NO_3 - аммиак селитрасы – ол өте гигроскопиялы болғандықтан ауадағы су буын тартып алып езіліп кетеді. Оның өзін жеке қолдануға келмейді, сондықтан суперфосфатпен не преципитатпен қосып себеді.

Минералды тыңайтқыштардың адам ағзасына әсері

Минералды тыңайтқыштармен өскен жемістер тыңайтқышсыз өскен жемістерге қарағанда үлкен, ірі, жалпы сөзбен айтқанда әдемі болып келеді. Бірақ думендер құрамында тек азғантай мөлшерде ғана болады. Мысалға минералды тыңайтқышпен өскен бір кг алмада 0,002 мг темір болады, ал минералды тыңайтқышсыз өскен 1 кг алмада 0,038 мг темір болады және минералды тыңайтқышпен өскен өнімдер адам ағзасына теріс ықпал етеді: ішек қабырғасының осмос қасиетін шамадан тыс төмендетуге, ас қорыту сөліне, бүйрекке әсер етеді.

Минералды тыңайтқыштардың өсімдікке әсері.

Ауылшаруашылық дақылдарын өсіруде минералды тыңайтқыштың алар орны ерекше. Минералды тыңайтқыштардың өсімдіктерге әсерін тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеу мақсатында топырағы бар 5 құмыраға шалқанды бес түрлі жағдаймен өсірдік. Яғни, бірінші құмыраға сынама ретінде табиғи тыңайтқыштар: көң, құс саңғырығы пайдаланып өсірілді. Ал екінші құмыраға сынама ретінде азотты тыңайтқыштар NaNO_3 , үшінші құмыраға фосфорлы тыңайтқыштар $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$ Төртінші құмырадағы сынама тыңайтқышсыз тек су мен жарық пайдаланылды, ал бесінші құмырадағы сынама қараңғы жерде жарықсыз, сусыз, тыңайтқышсыз өсірілді.

1- кесте. Тәжірибеге шалқан (редиска) өсімдігін өсіру үшін алынған 5 құмырада өсірілген сынамалар

Құмыра №	№ 1 сынама	№ 2 сынама	№ 3 сынама	№4 сынама	№ 5 сынама
Минералды тыңайтқыш	Көң, құс саңғырығы	азотты тыңайтқыштар NaNO_3	фосфорлы тыңайтқыштар $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$	тек су мен жарық	қараңғы жерде жарықсыз

Минералды тыңайтқыштардың өсімдіктерге әсерін тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеу мақсатында топырағы бар 5 құмыраға шалқанды бес түрлі жағдаймен өсірдік. Яғни, бірінші құмыраға сынама ретінде табиғи тыңайтқыштар: көң, құс

саңғырығы пайдаланып өсірілді. Ал екінші құмыраға сынама ретінде азотты тыңайтқыштар NaNO_3 , үшінші құмыраға фосфорлы тыңайтқыштар $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$



1-сурет

Табиғи тыңайтқыштар: көң, Фосфорлы тыңайтқыштар құс саңғырығы пайдаланылған сынама пайдаланылған сынама



2-сурет

$\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$



3-сурет

Азотты тыңайтқыштар NaNO_3



4-сурет

Су мен жарық пайдаланылған сынама Жарықсыз, сусыз өсірілген сынама



5-сурет

Төртінші құмырадағы сынама тыңайтқышсыз тек су мен жарық пайдаланылды, ал бесінші құмырадағы сынама қараңғы жерде жарықсыз, сусыз, тыңайтқышсыз өсірілді.

Шалқан өсімдігінің тұқымын еккен себебіміз, ол топырақ таңдамай төзімді әрі тез өсе алады. Ал біз қызанақ, қияр алсақ т.б алсақ олар жылуды, жарықты өте қажет етер еді. Жоғарыда аталған минералды тыңайтқыштарды алған себебіміз бұлар ауылшаруашылығында кеңінен пайдаланады. Тыңайтқыштарды 50 гр суда ерітіп, ерітінді күйінде жетісіне 1-рет 500 мл-ден құйып отырдық.

Тәжірибе бір ай уақыт көлемінде жүргізілді.

2-кесте. Сынамалардағы өсімдіктердің өсу нәтижелері


Құмыра №	№1 сынама	№ 2 сынама	№ 3 сынама	№ 4 сынама	№ 5 сынама
Минералды тыңайтқыш	Көң, құс саңғырығы	азотты тыңайтқыштар NaNO_3	фосфорлы тыңайтқыштар $\text{Ca}(\text{H}_2\text{PO}_4)_2$	тек су мен жарық	қараңғы жерде жарықсыз
10 наурыз	3,21 см	2,81 см	2,93 см	2,10 смм	0,61 см
24 наурыз	5,25 см	4,12см	4,53 см	3,58 см	2,44 см

31 наурыз	8,32 см	7,29 см	7,72 см	6,25 см	3,56 см
9 сәуір	10,12 см	9,03 см	9,27 см	8,69 см	-

Нәтижесінде ең жоғары нәтиже көрсеткен № 1 сынама (Көң, құс саңғырығы), 2-ші № 3 сынама (азотты тыңайтқыштар NaNO_3), келесі 3-ші № 2 сынама (азотты тыңайтқыштар NaNO_3), 4-ші көрсеткішті № 4 құмыра (тек су мен жарық), № 5 құмыра (қараңғы жерде жарықсыз).

Минералды тыңайтқыштар өсімдіктердің жылдам өсіп, тез және көлемді жеміс беретіндігін көруге болады. Бірақ, олар топырақтың бұзылуына әкеліп соғады, яғни топырақ құрамындағы өсімдіктерге қажетті барлық дәрумендерін жойып жібереді, егер де біз осы топыраққа келесі жылы тағы да тұқым сеуіп, өсімдік егетін болсақ ол толық өнім бере алмайды. Сондықтан да табиғи тыңайтқыштарды пайдаланған жөн.

Нәтижесінде: ең жоғары нәтиже көрсеткен № 1 сынама (Көң, құс саңғырығы) орта есеппен 59 гр, 2-ші № 3 сынама 50 гр (азотты тыңайтқыштар NaNO_3), келесі 3-ші № 2 сынама 46 гр (азотты тыңайтқыштар NaNO_3), 4-ші көрсеткішті № 4 сынама (тек су мен жарық) 42 гр құрады, № 5 сынама өнім бермеді.



6-сурет. Тәжірибе нәтижесі

Құмыра №	№1 сынама	№ 2 сынама	№ 3 сынама	№4 сынама	№ 5 сынама
Салмағы	59 гр	46 гр	50 гр	42 гр	Өнім бермеді

Бұл ғылыми жобада ауылшаруашылық дақылдарын және көкөніс пен жеміс-жидектерді өсіруде минералды тыңайтқыштың әсері мен адам ағзасына әсері айтылады. Қарапайым тілмен айтқанда, тыңайтқыш – өсімдіктің қорегі. Бірақ тыңайтқышпен өскен өсімдік жемістерді дәрумені аз мөлшерде және адам ағзасына кері әсерін тигізеді. Осыдан табиғи тыңайтқыштар өсімдіктердің жылдам өсіп, тез және көлемді жеміс беретіндігін көруге болады. Бірақ, олар топырақтың бұзылуына әкеліп соғады, яғни топырақ құрамындағы өсімдіктерге қажетті барлық дәрумендерін жойып жібереді, егер де біз осы топыраққа келесі жылы тағы да тұқым сеуіп, өсімдік егетін болсақ ол толық өнім бере алмайды.

Қорытынды. Бұл ғылыми жобада ауылшаруашылық дақылдарын және көкөніс пен жеміс-жидектерді өсіруде минералды тыңайтқыштың алар орны ерекше. Қарапайым тілмен айтқанда, тыңайтқыш – өсімдіктің қорегі. Бірақ тыңайтқышпен өскен өсімдік жемістерді дәрумені аз мөлшерде және адам ағзасына кері әсерін тигізеді. Шалқан өсімдігінің тұқымын еккен себебіміз, ол топырақ таңдамай

төзімді әрі тез өсе алады. Ал біз қызанақ, қияр алсақ т.б алсақ олар жылуды, жарықты өте қажет етер еді.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

- 1.Химия: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Ә. Темірболатова, Н. Нұрахметов, Р. Жұмаділова, С. Әлімжанова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 352 бет,
2. Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред.,
3. Потсаев Ә.Қ. «Бейорганикалық және физколлоидтық химия».
4. Шоқыбаев Қ Бейорганикалық химия - Алматы. Мектеп , 2003 ж.

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ХИМИИ И БИОЛОГИИ

Б.К.Жармуханова

КГКП «Щербактинский аграрно-технический колледж»

Аннотация: *Функционалдық сауаттылықты дамыту – қазіргі білім берудің талабы. Колледж студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әрбір оқу пәні контекстінде шешілуі мүмкін. Функционалдық сауаттылықтың негізгі дағдысы-оқу сауаттылығы. Ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігі (ең алдымен оқу) сәттіліктің міндетті шарты болып табылады.*

Аннотация: *Развитие функциональной грамотности - требование современного образования. Формирование функциональной грамотности студентов в колледже может решаться в контексте каждого учебного предмета. Основные навыки функциональной грамотности - учебная грамотность. Возможность работы с информацией (прежде всего чтение) является обязательным условием успеха.*

Abstract: *The development of functional literacy is a requirement of modern education. The formation of functional literacy of students in college can be decided in the context of each academic subject. The main skills of functional literacy are educational literacy. The ability to work with information (primarily reading) is a prerequisite for success.*

Для повышения уровня функциональной грамотности студентов выдвигаются определенные требования к профессиональным компетенциям преподавателей: они сами должны быть функционально грамотными и выступать в качестве организаторов продуктивной деятельности студентов. Учителю в эпоху развития информационных технологий необходимо проектировать учебные задания, направленные на развитие функциональной грамотности. Это могут быть предметные, межпредметные, практико-ориентированные, ситуационные задачи. На уроках биологии есть много возможностей формирования естественнонаучной

грамотности студентов: формировать умения объяснять явления, процессы, выдвигать гипотезы, ставить вопросы и отвечать на них, научить применять полученные знания на практике и использовать в процессе социальной адаптации, проводить анализ и синтез, исследовать и делать выводы с привлечением полученных ранее знаний. Проводя урок в соответствии с ГОСО, преподаватель должен использовать задания на развитие не только предметных знаний, но и метапредметных. При этом наиболее удачными педагогическими средствами являются учебное задание и учебные ситуации. Уроки должны быть выстроены так, чтобы каждая следующая тема показывала студентам границы применимости предыдущих знаний, заставляла обучающихся искать новые способы для движения в предметном материале. Каждое новое занятие должно вооружать их новым способом действия. Виды работ на занятиях должны постоянно меняться. Виды деятельности обучающихся на занятиях при формировании функциональной грамотности: объяснение и описание явлений; использование и построение моделей процессов; формулирование выводов на основе имеющихся данных; выдвижение гипотез; анализ данных и оценка их достоверности. Например:

Тема урока: «Учение об эволюции органического мира. Основные положения эволюционной теории Ч. Дарвина» (1 курс).

Этап урока: Первичное усвоение новых знаний.

Читательская грамотность.

Задание по тексту: 1. Найдите в тексте и выпишите в тетрадь определения понятий: «искусственный отбор», «естественный отбор», «борьба за существование». 2. Составьте не менее 3-х тонких вопросов (требующих простого, односложного ответа) и 3-х толстых вопросов (требующих подробного, развернутого ответа).

Тема урока: Фенотипическая изменчивость. Лабораторная работа «Изучение модификационной изменчивости и построение вариационной кривой»

Этап урока: Первичная проверка понимания

Естественнонаучная грамотность.

Задание по тексту: Прочитайте текст, странный объект на речке растет. Нижние листья вода изовьет, Средний на воду уложит как плот, Верхний же –к небу стрелюю скользнет. Задание: почему так удивительно данное растение? Какой вид изменчивости здесь проявляется? Что можно сообщить о наследовании ее? Каково ее биологическое значение? Какую форму листьев будет иметь стрелолист полностью, погруженный в воду, например в аквариуме. Деятельность: давать развернутый ответ на вопрос в свободной форме. Выделять дополнительную необходимую информацию из вопроса к поставленной задаче.



Формированию функциональной грамотности на уроках химии способствует рассмотрение явлений из жизни через призму химических знаний, исследовательская и проектная деятельность. Для обучающихся с базовым и минимально достаточным уровнем подготовки необходимо подбирать задания, связанные с умениями обобщать, работать с информацией, представленной на рисунках, в таблицах, текстах, соотносить ее между собой. Для обучающихся, демонстрирующих повышенный уровень читательской грамотности необходимо: предлагать вопросы к тексту, формулировать задания исследовательского характера, в которых информацию требуется перенести на новую ситуацию, предложить разные варианты решения проблем. Студенты, достигнув высокого уровня естественнонаучной грамотности, могут связывать информацию и объяснения из различных источников и использовать их для обоснования решений, а также готовность использовать свои знания для обоснования решений, принимаемых в незнакомых ситуациях. От студентов требуется продемонстрировать компетенции в определенном контексте. Задания имеют межпредметную основу. Приоритеты в заданиях: с точки зрения содержания – экологические вопросы, с точки зрения компетенций – методы научного исследования.

Тема урока: «Соли аммония» (1 курс).

Этап урока: Этап актуализации знаний.

Естественнонаучная грамотность.

Задание по тексту: Известно, что водный раствор аммиака (нашатырный спирт) применяют при укусах комаров, муравьев и мошки. Объясните, на основании какого свойства применяется нашатырный спирт в данном случае.

Тема урока: «Азотная кислота» (1 курс).

Этап урока: Этап систематизации знаний.

Естественнонаучная грамотность.

Задание по тексту:



Азотную кислоту применяют для определения примесей в золотых изделиях. Объясните, чем в ряде случаев обуславливается появление бурого газа и голубого раствора при обработке золота кислотой?

В заключении можно отметить, что работа преподавателя химии и биологии с материалами банка заданий по оценке читательской грамотности должна быть систематической, базироваться на анализе содержательных характеристик заданий, осуществляться на разных этапах изучения темы, кроме того, учителю необходимо учитывать особенности формирования различных умений на материале химии и биологии; использовать различные педагогические технологии.

Список литературы:

1. Бондарук М.М. Биология. Дополнительные материалы к урокам и внеклассным мероприятиям по биологии и экологии в 10-11 классах. Волгоград. Учитель, 2017.
2. Волокова Т.В. Сборник заданий по формированию функциональной грамотности по биологии и химии. Инфоурок. 2020.
3. Демидова М.Ю. Подходы к разработке заданий по оценке естественнонаучной грамотности обучающихся. Педагогические измерения. 2023. № 2. С. 8-19.
4. Величко А.Н., Москвина А.Н. Уроки функциональной грамотности. Новосибирск. Издательство НИМРО. 2021. 180 с.
5. Крюкова А.А. Формирование естественнонаучной грамотности в колледже на уроках биологии и химии. Педагогический журнал «Современный урок». 2022.

ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША STEM АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Г.А.Жиенбаева

Түркістан облысы.Мақтаарал ауданы

Мақтаарал аграрлық колледжі

***Аңдатпа** Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді.*

***Аннотация** В настоящее время STEM-образование, связанное с быстрым развитием цифровых технологий и быстрым развитием цифровизации всех сфер деятельности человека, является важным и актуальным вопросом, требующим особого внимания на всех уровнях системы образования.*

***Annotation** Currently, STEM education, associated with the rapid development of digital technologies and the rapid development of digitalization of all spheres of human activity, is an important and urgent issue that requires special attention at all levels of the education system.*

Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді. Бәсекеге қабілетті елдер қатарында болу үшін STEM–білім беру мен оқуды бірдей бағытта ілгерілетуіміз қажет. STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылымтехникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Қазір бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM

(ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика). STEM нені білдіретінін айтып көрейік.

Қазіргі, ақпараттық жаһандану заманында жаңа технологиялардың тез дамуы кезінде машина жасау, IT технологиясы, ғылым, өнер, және т.б. мамандықтарға сұраныс көбейді. Болашақта елестету қиын болатын мамандықтар пайда болып жатыр. Олар жаңа био, нанотехнологиялар, жаратылыстану ғылымдары, инженерлік салада білімділікті талап етеді. Таяу және алыс шет елдерде жоғары технологиялар саласында мамандарды даярлаудың негізі STEM білім беру болып есептеледі. Оқушылардың есептік ойлау дағдыларын ерте дамыту, ғылыми зерттеу жұмыстарын, жобалық топтық, жұптық жұмыстарға деген қызығушылықтарын арттыру, нақты инженерлік, технологиялық нәтижелер шығаруға бағытталған. STEM деген сөздің мағынасын ашып алайық: Мұнда айта кететін жай СТЭМ оқытуда оқушылардың топтық, жұптық жобалармен жұмыс істеуі маңызды. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуді интеграциялық тұрғыда қарастыру қажет. Бұл идея STEM-білім берудің негізі болды, яғни жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, инженерия және математика салалары бойынша бір уақытта дағдылар дамиды (Science, Technology, Engineering and Mathematics).

Білім беру ұйымдарында STEM тәсілінің енгізілуі балаларға: 1.ақпарат ағынында жылдам бағыт алуға 2.алған білімдерін тәжірибеде қолдануға; 3.қазіргі өмірде жоғары сұранысқа ие болатын қосымша практикалық дағдыларды дамытуға; 4.шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға ықпал жасайды. 130 STEM технологияны қалай жүзеге асыруға болады 1)Конструктивті сабақтарды ұйымдастыру. Ол үшін түрлі модельдер құрылғыларын қолдануға болады. Әр түрлі құрастырушылыққа бағытталған тапсырмалар балаларға логикалық және алгоритмдік ойлауды дамытуға көмектеседі, балалар практикалық тапсырмаларды тез шешуді үйренеді және өздері үшін бағдарламалау бойынша негізгі білімдерге ие болады. 2) Экскурсиялық іс -шаралар өткізу. Балалармен далада серуендеу арқылы қоршаған ортаны зерттеуге, суды,химиялық құбылыстарды талдауға мүмкіндік береді. Бұл оларға таңғажайып туындыларға деген ерекше сүйіспеншілікті сезінуге және олардың алдындағы жауапкершілікті сезінуге көмектеседі. 3) Ойын әрекеттерін ұйымдастыру. Бұл балаларға қарым -қатынас дағдыларын жақсартуға, химиялық тілмен сөйлеуге,өз іс-әрекеті арқылы жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, балалар таныс объектілердегі жаңа және белгісіз қасиеттерді де анықтайды. STEM технологияны енгізу арқылы көптеген негізгі мақсат –міндеттерді шешуге болады

№	Бағыттары	Нәтиже
1	Модельдеу	Программалау негіздерін қалыптастырады, жоспарлау, модельдеу қабілеттерін дамытады, деректерді өңдеуді үйренеді
2	Жобалау	Жоба бойынша ұжымдық жұмыстың ұйымдастырылуы

3	Пәндердің кіріктірілуі	Зерттеу негіздерін қалыптастырады, жоспарлау, модельдеу қабілеттерін дамытады, деректерді өңдеуді үйренеді. Креативті ойлау мен белсенділік қарқыны бағытын таңдау мүмкіндігі
4	Компьютерлік сауаттылық	АКТ элементерін меңгереді, шығармашылық қабілеттерін дамытады

5E моделіндегі оқытудың бес кезеңі - еліктіру, зерттеу, түсіндіру, толықтыру және бағалау. 5E моделі сызықтық емес ойлау. 5E циклын аяқтау үшін бірнеше күн немесе бірнеше сабақ қажет болуы мүмкін. STEM 5E циклы көмегімен сабақты толыққанды мақсатқа жету жолында қолдануға болады: 1-кезең: Engage – еліктіру, қызықтыру (миға шабуыл). Алдымен сабақтың тақырыбына сәйкес проблемалық жағдай тудыратын мәселені анықтап алыңыз. Бұл оқушылардың жаңа тақырыпты игеруге деген құлшынысын арттырып, оқыту үрдісіне белсене араласуына ықпал етеді. (кейс «Энергетикалық сусындар») 2-кезең: Explore - зерттеу. Осы қадамда сіз проблемалық жағдайды шешуде қандай пәндердің байланысы орындалатынын, оны оқушылар қалай көретінін зерттеңіз. Осының негізінде оқушылармен жүргізілетін шағын зерттеулердің сұрақтарын, оны шешудегі оқушылар әрекетін, сұрақтың жауаптарын болжап, анықтаңыз. Мысалы, №1. Пластикалық ыдыста 1 литр энергетикалық сусын бар. Дәрігерлер энергетикалық сусындарды жиі тұтыну ұйқысыздықты, шаршауды, жүрек-қан тамырлары, жүйке жүйесінің проблемаларын, дене ресурстарының тез сарқылуын тудыратынын сенімді түрде айтады. Неліктен ағзада айтылған жағдайлар орын алады? Топтық жұмыс: Энергетикалық сусындардың химиялық құрамын тәжірибе арқылы зерттеу. 1-топ «Cola» сусыны. 2-топ «Gorilla» сусыны. 3-топ «Red Bull» сусыны. 1-тәжірибе: Сынауыққа 5мл сусынды құйып, штативке орналыстырыңыз. Спирт шамы арқылы қыздырыңыз. Байқағаныңызды бақылау кестесіне жазыңыз. 2-тәжірибе: Газ түтігі бар сынауыққа 2-3мл сусынды құйып, спирт шамымен қыздырамыз, газ түтігін әк суы құйылған ыдысқа саламыз. Сол кезде бөлінген газ әк суын лайлайды және ақ тұнба түзіледі. Бұл реакция нені дәлелдейді? Бақылау кестесіне жазыңыз. Төменде берілген көмірсуларды жіктеңіздер: глюкоза, сахароза, целюлоза, фруктоза. Берілген көмірсулардың формулаларын жазыңыздар. Жауаптарыңызды негіздеңіздер 3-кезең: Explain – түсіндіру, қолдану. Алдыңғы қадамда анықталған байланыстарды жүзеге асырудың жолдарын нақтылаңыз, яғни оқушылардың сабақтағы әрекеті деректерді талдау және түсіндіру, өзара түсіністік және ықтимал шешімдер туралы хабарлаңыз, талдау және байланыс үшін технологияны дұрыс қолданыңыз.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Зуева М. В. Развитие учащихся при обучении химии. - М.: Просвещение, 2000.

2. Данилова А. Г. Как организовать и провести урок-исследование. / Химия в школе. - 2000, № 7.

3.«STEM»-Білім беруді жаңғырту,әлеуметтік көзқарас,стратегиялық бастамалар,технологиялық шешімдер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік online конференция материалдар жинағы 2019 жыл

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

А.Н.Жунусбекова

«Абай Құнанбаев атындағы орта жалпы білім беру мектебі» КММ


Аңдатпа. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру-күрделі, көпжақты, ұзақ процесс. Бұл мақалада оқушылармен мектепте оқыту кезінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтын болғаны маңыздылығы сипатталған. Бүгінгі таңда оқушылардың белсенді ақыл-ой әрекетін қажет ететін оқыту әдістер және тәсілдері алдыңғы қатарға шығады, сол әдістердің көмегімен алынған ақпаратты талдау, салыстыру, жалпылау, мәселелерді көру және олардың шешу жолдарын тауып, зерттеу жасау және эксперимент жүргізу әдістемесін керекті негіздері қалыптасады.

Аннотация. Формирование функциональной грамотности – сложный, многогранный, длительный процесс. В данной статье описывается важность научной грамотности при обучении учащихся в школе. Сегодня на первый план выходят методы и методы обучения, требующие активной мыслительной деятельности учащихся, с помощью которых закладываются необходимые основы методики анализа, сравнения, обобщения информации, видения проблем и поиска путей их решения, проведения исследований. и проведения экспериментов.

Annotation. The formation of functional literacy is a complex, multifaceted, long-term process. This article describes the importance of scientific literacy in teaching students in school. Today, teaching methods and techniques are coming to the fore that require active mental activity of students, with the help of which the necessary foundations are laid for methods of analysis, comparison, summarizing information, seeing problems and finding ways to solve them, and conducting research. and conducting experiments.

Функционалдық сауаттылықты дамыту – қазіргі білім берудің талабы. Мектепте оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әрбір оқу пәні контекстінде шешілуі мүмкін. Функционалдық сауаттылықтың негізгі дағдысы-оқу сауаттылығы. Ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігі (ең алдымен оқу) сәттіліктің міндетті шарты болып табылады. Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық — адамның, қоғамның сыртқы

ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті және өзгертін жағдайларға тез бейімделу мүмкіндігі. Функционалдық сауаттылықтың негізгі нысандары бар:



мен тапсырмаларды анықтау үшін мектеп мұғалімдерінен сауалнама алынды. Сауалнама барысында мұғалімдер келесі сауалдарға жауап берді:

1) Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін қандай жұмыс түрлерін жасауға болады? 2) Мәтінмен жұмыс жасауда өзіңіз пайдаланатын және маңызды деп есептейтін әдіс-тәсілдерді атаңыз.

Қазір оқушыларға білім беріп қана қоймау керек, сол сияқты оларға әлеуметтік бейімделу барысында меңгерген білімдерін қолдана алуға үйрету керек дейтін болсақ, сауалнама нәтижесінен оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін мектепте педагогтердің көптеген әдіс-тәсілдерді қолданатындығын анықтадым. Яғни, пән мұғалімдері сабақтарда белсенді оқыту, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясының «Жұптағы ой қозғау», «Ойлан, жұптас, бөліс». «ДЖИГСО» сияқты стратегиялары мен Блум таксономиясы, сатылай кешенді талдау, мән беріп оқыту технологиясын қолданады. Белсенді оқытуда қысқа әңгіме, ойын түрлері, сөздік ойыны сияқты жұмыстарды атауға болады. Сабақта оқу сауаттылығында қарастырылған мәтінді толық түсінуге қол жеткізу керек. Функционалдық сауаттылық - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау, тез бейімделу және онда жұмыс істеу қабілеті. Функционалды сауатты тұлға-бұл қоғамды түсінетін және әлеуметтік құндылықтармен, үміттермен және хоббилермен үйлесімді жұмыс істейтін адам. Өз сабақтарымызда біз оқушылардың жеке ерекшеліктерін, уәждерін, танымдық қызығушылықтарын дамытуға, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды қолдануға тырысамыз. Оқу процесінде функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды қолдану тұлғаның жеке әлеуеті ашылатынына сенімдіміз. Жұмыс тәжірибемізден бірнеше мысал келтіргіміз келеді.


Тақырып: «Қарапайымдылар және біржасушалы жануарлар». 7 сынып. Білу: 1. 1.1 суретті қарастырып, қарапайымдыларды атаңыздар. Жалпы ұқсастықтығын анықтап, неге оларды бір патшалыққа жатқызатындығы туралы фактілерді келтіріңіздер

Қорытынды: 1 _____ 2 _____ 3 _____ 4 _____

5 _____ 6 _____

Түсіну: Неге ғалымдар жасыл эвгленаны өсімдіктерге де жануарларға да жатқызады?

Қолдану: 1. Суретті қолдана отырып, амеба мен эвгленаның құрылысын салыстырып зерттеңіз. Олардың ұқсастығы мен айырмашылығы неде?




Анализ: Екі суретті қарастырыңыз. Осы организмдер арасында қандай байланыс бар екенін анықтап, салыстырыңыз. Кестені толтырыңыз:

Біржасушалы жануарлардың белгілері	Біржасушалы өсімдіктердің белгілері



Ызда қарапайым,



е, не болар еді? Өзіңіздің гипотезаңызды ұсыныңыз. Бұл қандай салдарға әкеледі? Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Бағалау: 1. Ұсынылған жасушалардың ішінен қай жасуша көп қызмет атқаратынын анықтаңыз: а) қарапайым ағзаның жасушасы. б) көпжасушалы жасуша.

Өздеріңіздің дәлелдеріңізде ұсыныңыз:

2. Тұщы су қарапайымдыларында жиырылғыш вакуольдер болмаса қандай қауіп төнер еді? Жауапты негіздеңіз?

Функционалдық сауаттылықты және әдеттегі стандартты сабақтардың салыстырмалы диаграммасын нәтижелілігі келесі көрінісі байқалды. Сабақтың әрбір кезеңдерінен өткен сайын оқушылар тапсырмаларға тез, дұрыс жауап беруге тырысып ұйымшылдыққа тәрбиеленді, белсенділіктері, қызығушылықтары артты. Сабақ бойы оқушылар берілген тапсырманы орындауда белсенділік көрсетеді. Мұндай бағалау жүйесінде біз балаларды оқытуда жеке жұмыс, топтық жұмыс, ой қозғау, топтастыру, рефлексия сияқты бірнеше әдістерді қолдана аламыз. Осы әдістерді қолдана отырып оқушылардың оқуға деген ынтасының, қызығушылығының арта түскенін байқауға болады. Критериалды бағалау жүйесін әрбір сабақта тиімді пайдалануға болады. **"Жетістік баспалдағы"** рефлексиясы арқылы оқушылардың сұрақ қою дағдылары қалыптасады. Ашық және жабық сұрақтардың айырмашылығын ажырата алады.

«Ойлар бұлты», «Желпуіш», «Ғажайып үштік» әдісінің жаңа тақырыпты бекітуде қолданған өте тиімді.

Сабақта оқушы өзі зерттеуші, талдаушы, автор болады. Нәтижесінде оқушылар өзін-өзі тану жолымен алға жылжиды, қоршаған табиғатын жақсы түсіне

бастайды. Сабақта оқушы мақсатқа қол жеткізіп қана қоймай, өзінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін барынша іске асыру керек.

Сабақ барысында шешілетін негізгі міндеттер:

- 1) Оқушылардың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- 2) Білімді, іскерлікті меңгеру;
- 3) Өмір бойы өз білімін толықтырып, дамыту қажет.

Функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар сабақтың көп бөлігін алмау керек, бірақ оның әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Әр мұғалім өз сабақтарында оқушының қажеттілігін ескере отырып қолданса біз мақсатқа жету арқылы міндеттерімізді орындаймыз. Оқушыларымыз кез келген қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық зерттеулерден жоғары нәтиже көрсететіндеріне нақты сенімдіміз. Қорыта келгенде, білім мазмұнын жаңарту барысында оқушылардың қызығушылықтары мен сауаттылықтарын арттырып, заман талабына сай етіп тәрбиелеу, кез келген ұстаздың тікелей парызы деп ойламын.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Крупник, С.А. Функциональная грамотность / С.А. Крупник, В.В. Мацкевич. М.: Педагогика, 2020.
2. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам естественно-научного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 48 с.
3. «Қазақстан мектебі» ғылыми-педагогикалық журналы № 10 қазан, 2018 жыл.
4. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық журнал «12 жылдық білім беру» № 2, 2018 жыл.
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері, әдістемелік курал, Атырау, 2019 жыл



БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

А.Т.Зайнуллина

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі. Орал қаласы
Аңдатпа Бұл баяндамада колледж студенттерінің биология пәнінен функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылған. Функционалдық сауаттылық студенттердің ғылыми ойлау, мәселені шешу және ақпаратты тиімді түрде пайдалану қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Баяндамада оқу процесінде иновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану, студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіру және биология пәнін оқытуда жан-жақты көзқарастың қажеттілігі талданады.

Аннотация В данном докладе рассматривается важность формирования функциональной грамотности у студентов колледжей по предмету биология. Функциональная грамотность играет ключевую роль в развитии научного мышления, решения проблем и эффективного использования информации. В докладе анализируется использование инновационных методов в учебном процессе, совершенствование практических навыков студентов и необходимость комплексного подхода к обучению биологии.

Annotation. This report discusses the importance of developing functional literacy among college students in the subject of biology. Functional literacy plays a crucial role in fostering scientific thinking, problem-solving skills, and the effective use of information. The report analyzes the application of innovative methods in the educational process, the enhancement of students' practical skills, and the necessity of a comprehensive approach to teaching biology.

Функционалдық сауаттылық — бұл адамдардың білімдерін, дағдыларын және құзыреттіліктерін нақты өмір жағдайларында тиімді пайдалану қабілеті. Биология пәні студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуда айтарлықтай рөл атқарады, өйткені ол табиғат туралы, тіршілік иелері мен экологиялық жүйелердің өзара әрекеттестігі туралы білім береді. Оқу барысында студенттер ғылыми зерттеулерге, практикалық жұмыстарға қатысып, өздері алған білімдерін өмірдегі жағдайларда қолдана алуды үйренеді. Негізгі функционалдық сауаттылықтың мәні мынада: Функционалдық сауаттылық тек оқудың, жазудың немесе есеп шығарудың қабілеті емес, сонымен қатар ақпаратты талдау, сын тұрғысынан ойлау, проблемаларды шешу қабілеттерін де қамтиды. Сонымен қатар биология пәні арқылы студенттер ғылыми әдістерді меңгереді, зерттеулер жүргізеді, эксперименттік жұмыстарға қатысады. Бұл олардың аналитикалық ойлауды дамытуға ықпал етеді. Биология сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің

бірі болып табылады. Студенттердің функционалдық сауаттылығын дамыту үшін оларды теориялық біліммен қатар, оны өмірде қолдану дағдыларын үйрету қажет. Биология сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тәсілдері ретінде мынадай жұмыстарды атап көрсетуге болады:

1. Жобалық жұмыстар яғни студенттер нақты экологиялық немесе биологиялық мәселелер бойынша жобалар жасап, шешу жолдарын ұсынады. Бұл оларға зерттеу жүргізуге, ақпарат жинауға және оны қорғауға мүмкіндік береді.

2. Практикалық сабақтар бұнда лабораториялық жұмыстар студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға, зертханалық тәжірибелерден алынған нәтижелерді бағалауға көмектеседі.

3. Топтық талқылаулар арқылы студенттер арасындағы диалог, пікір алмасу — сын тұрғысынан ойлауды дамыту мен араласу қабілеттерін арттырады.

4. Кейс-стадилер бұл нақты өмірден алынған жағдайларды зерттеу арқылы студенттер теорияны практикамен ұштастыра алады.

Осы аталған мәселерге жеке мысалдар арқылы тоқталсақ: Жобалық жұмыстарды орындау арқылы студенттер зерттеу жүргізуді, ақпарат жинауды және өз жобаларын қорғауды үйренеді. Бұл оларға үлкен жобалармен жұмыс істеуді және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы: "Менің қаладағы жасыл аймақ" жобасы бойынша студенттер қаланың жасыл аймақтары туралы деректер жинап, олардың экожүйеге әсерін зерттеп, жобаларын топ алдында қорғап шығуы мүмкін. Мәселеге негізделген оқыту - студенттерге өмірден алынған биологиялық мәселелерді шешуге арналған тапсырмалар беріледі. Бұл тәсіл оқушылардың аналитикалық ойлау, ақпаратты жинақтау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мысалы: Студенттерге экологиялық мәселелер туралы нақты мысалдар (мысалы, орманның жойылуы, ластану, биоалуантүрліліктің азаюы) беріледі. Олар бұл мәселелердің шешімдерін іздеп, биологиялық білімдерін қолдана отырып қорытынды жасайды. Практикалық зерттеу жұмыстарында биология пәні нақты зерттеулерді қажет ететін ғылым болғандықтан, зертханалық жұмыстар арқылы функционалдық сауаттылықты арттыруға болады. Студенттер зерттеу арқылы алған білімдерін практикада қолдануды үйренеді. Мысалы: Студенттер өсімдіктердің фотосинтез процесін зерттеу үшін тәжірибе жасап, осы процестің өсімдіктер мен адамдардың өміріндегі рөлін түсінеді. Мұнда олар ғылыми әдіс пен бақылау, деректерді талдау және қорытынды жасау сияқты дағдыларды меңгереді. Пәнаралық байланысты биология пәнін басқа пәндермен, мысалы, экология, химия, география, математикамен байланыстыру арқылы функционалдық сауаттылықты арттыруға болады. Бұл тәсіл оқушыларға биологиялық білімді басқа салалармен байланыстырып, кешенді ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оған мысал ретінде қоршаған ортаның ластану тақырыбын талдағанда оқушылар химиялық реакциялар туралы білімдерін, статистикаға сүйену үшін математика дағдыларын қолдана алады. Сыни ойлау және рефлексия бұл студенттерге талдау

жасауға, өз ойларын білдіруге және өз оқу процесіне баға беруге мүмкіндік беретін тәсілдер функционалдық сауаттылықты дамытады. Мысалы: Студенттерге қазіргі кездегі ғылыми жаңалықтар мен олардың этикалық жағы туралы рефлексия жүргізу ұсынылады. Мысалы, гендік инженерия тақырыбында әр түрлі көзқарастарды талдап, өз көзқарастарын білдіру.

Сонымен қатар биология пәнінен функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған PISA (Programme for International Student Assessment) тапсырмалары студенттердің алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдану қабілеттерін бағалайды. Сабақ кезеңінде PISA тапсырмаларын орындатуда ғылыми сауаттылыққа, сыни ойлауды және экологиялық мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға бағыттайды. PISA тапсырмалары өмірдегі нақты жағдайларға негізделіп, оқушылардан биологиялық және экологиялық білімдерін қолдануды талап етеді. Мұндай тапсырмалар бірнеше бөлімнен тұрады, олар мәтінді түсіну, ақпаратты талдау, диаграммалар немесе кестелерді оқу, ғылыми тұжырымдар жасау және шешім қабылдау.

Қорытындылай келе функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін сабақтарды өмірмен байланыстыру, зерттеулер мен тәжірибелер жүргізу, пәнаралық байланыс орнату, жобалық және шығармашылық тапсырмалар беру маңызды. Осы тәсілдер студенттердің биологияны тек оқулықтағы білім ретінде ғана емес, шынайы өмірде қолданылатын ғылым ретінде қабылдауына ықпал етеді.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. PISA халықаралық зерттеуінің әдіснамалық негіздері және нәтижелері. (2019). – Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі. – PISA-ға арналған әдістемелік нұсқаулық.
2. Нұрғали, А., Сұлтанова, Ж. (2020). "Биология пәнін оқытуда студенттердің функционалдық сауаттылығын дамыту." Образование и Наука, 4(72), 45-60.
3. Карабаева, А. (2019). "Функционалдық сауаттылық: заманауи талаптар мен әдістемелер." Педагогика ғылымдары, 12(2), 23-30.
4. Мұстафина, Г., Омарова, С. (2021). "Биология пәнінде функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары." Тәрбие және білім, 3(1), 12-17.
5. Сейітбекова, Б. (2022). "Колледж студенттерінің оқу процессіндегі функционалдық сауаттылықтың рөлі." Қазақ білім, 6(4), 78-85.

БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН PISA ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚҰРАСТЫРУ ЖОЛЫ

А.А. Имандинова

Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі Талдықорған қаласы.

Аннотация: Ғылыми жаратылыстану білімдерін күнделікті өмірде қолданып, жағдаятқа сәйкес сындарлы шешім қабылдай алатын, өзіндік ерекше ой түйіні бар студенттер қатары көбейген сайын, отандық ғылымның дамуына үлес қосатын, қиялы бай, ойы кең, дербес жеке тұлғалар қалыптасады.

Трек сөздер: креативті ойлау; әсерлі, ерекше, таңқаларлық түпнұсқалық ой; проблемалық дәрістер; кейс технологиялары; діни ұстанымдарына нұқсан келтірмей оқыту.

Аннотация: По мере роста числа студентов, способных применять естественнонаучные знания в повседневной жизни, принимать конструктивные решения в соответствии с ситуациями, иметь свой уникальный мыслительный узел, формируются самостоятельные личности, обладающие богатым воображением, широким мышлением, способствующие развитию отечественной науки.

Ключевые слова: креативное мышление; впечатляющая, необычная, удивительно оригинальная мысль; проблемные лекции; кейсовые технологии; обучение без ущемления для религиозных позиций.

Annotation: As the number of students who are able to apply scientific natural science knowledge in everyday life and make constructive decisions in accordance with the situation increases, independent individuals with a rich imagination, broad mind are formed, who contribute to the development of domestic science.

Key words: creative thinking; impressive, original, surprisingly original thinking; problematic lectures; case technologies; teaching without prejudice to religious principles.

PISA тапсырмаларын құру - бұл әр пәннің ерекшеліктерін терең түсінуді қажет ететін күрделі процесс. PISA тапсырмалары білімді тексеріп қана қоймай, бұл білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін бағалайды.

PISA халықаралық зерттеуіндегі барлық сұрақтар мен тапсырмалар жалпы үш топқа бөлінеді:

- «Қалай білуге болады?» – бұл тапсырмалар тану әдістерін қолдануға арналған.
- «Түсіндіріп көр» – құбылыстар мен фактілерді түсіндіруге арналған.
- «Пайымдау» – берілген деректердің көмегімен қорытынды құрастыруға арналған тапсырмалар.

PISA тесттерінің «Жаратылыстану сауаттылығы» бағыты төрт компонентті біріктіреді.

Бірінші блок. «**Контекст**» шынайы өмірлік жағдаяттарда берілетін үш тапсырмалар тобын қарастырады. Бұл «Жеке», «Әлеуметтік» және «Жаһандық».

Екінші блок. «Құзыреттер» үш дағды тобын бағалайды, «Білу және ғылыми сұрақтар қою» (мәселелерді анықтау, басты сөздерді айқындау және негізгі ерекшеліктерін табу), «Құбылыстарды ғылыми түсіндіру» (білімін қолдану, құбылыстарды негіздеу немесе интерпретациялау, білу) және «Ғылыми дәлелдерді қолдану» (қорытындылау мен салдарына баға бере алу). Үшінші компонент. «Білім» «Тірі организмдер жүйесі» (клетка, адам, популяция, экожүйе және биосфера, технологияның байланысы өнертабыстары). Төртінші блок. «Қатынастар» білім алушылардың ғылымға және зерттеу мәселелеріне қызығушылық таныту дағдылары жатады. PISA тапсырмаларын құрастыруда осы контекстке қарай құру қажет. PISA тапсырмаларын құруда мынандай аспектілерге назар аударыңыздар

Тапсырмалар оқушылар үшін нақты және өзекті жағдайларға негізделуі керек. Мәдени бейімділіктеріне нұқсан келтірмейтіндей, контекст студенттерге түсінікті және қызықты болуы керек. Сұрақтар анық, түсінікті болуы керек. Жауап нұсқаларын әзірлеу қажет (егер бұл жабық сұрақ болса). Жауап нұсқалары бір-бірін жоққа шығаратындай, екі ұшты болмауы керек. Бағалау критерийлерін әзірлеуде қандай жауаптар дұрыс деп саналатынын және неге екенін нақты анықтап жазу ұсынылады. Ішінара дұрыс жауаптар үшін ұпайларды көрсету. Ашық сұрақтардың қалай бағаланатынын сипаттау (эссе, кеңейтілген жауаптар).

PISA тапсырмаларының түрлері:

- Жауап таңдау тапсырмалары: студент ұсынылған бірнеше нұсқаның ішінен бір дұрыс жауапты таңдайды.

- Қысқа жауап тапсырмалары: оқушы сұраққа қысқа жауап береді.

- Толық жауап берілген тапсырмалар: студент өзінің білімі мен дағдыларын көрсете отырып, сұраққа толық жауап береді. Тапсырмаларды құру кезінде ескерілетін аспектілердің мысалдары:

Реализм - тапсырмалар оқушылардың нақты өмірімен байланысты болуы керек.

Өзектілігі - тапсырмалар заманауи мәселелер мен қиындықтарды көрсетуі керек.

Мәдени сезімталдық - тапсырмалар әртүрлі мәдени ортадағы студенттерге түсінікті және қолжетімді болуы керек.

Вариативтілік - тапсырмалар құзыреттіліктің әртүрлі аспектілерін қамтуы керек.

Сапалы PISA тапсырмаларын жасау-бұл мұқият жоспарлауды, әзірлеуді және тестілеуді қажет ететін процесс.

Қазіргі білім берудің басты міндеттерінің бірі – білім алушыларды дайын материалды жаттап алмай, ақпаратты өздігінен табуға, сұрақтарға жауап алуға үйрету. Ол үшін проблемалық оқыту әдістері ең қолайлы, яғни проблемалық жағдаяттар құру арқылы материалды беру. Оларды шешу арқылы балалар білім, білік, тәжірибе жинақтайды. Оқытушының басты міндеті сол тақырыпты студенттердің өздері меңгере, отырып ой түйін жасай алуға жетелейтін проблемалық сұрақтарды, тапсырмаларды құрастыра білу. Мысалы, Ақуыз тақырыбына мынандай функционалдық сауаттылық тапсырмасын құрадық.

Жасөспірім Аянның бойы 165см, салмағы 57 кг. Ол кейінгі кезде өз бойынан үнемі әлсіздік сезінді, шашы мен терісінде проблемалар болды, үнемі шаршап, депрессияға ұшырады, бұлшықеттердің әлсіреуі, иммунитеттің төмендеуі және өсудің тежелуі сияқты әртүрлі денсаулық проблемалары көрініс тауып жүргені жайлы анасына шағымданды. Анасы екеуі емханаға барып қаралып, дәрілік препараттар алып, дәрігермен кеңесіп, диетасын өзгертті. Күндік рационында ет, балық, жұмыртқа, сүт, жаңғақтар және бұршақ дақылдары сияқты тағамдарды диетаға енгізгеннен кейін Аянның жағдайы айтарлықтай жақсарды. Диета мен бірге дәрілік препараттар құрамында O_2 , H, C, N, S, P және металлдық элементтер болғандықтан молекула-иондық деңгейде зат алмасу тез қалпына келді. Адам денесі орташа алғанда 15 — 20% нәруыздан, 0,6% көмірсудан, 19% майдан, 60 — 65% судан, 5,8% тұздан тұрады. Тиімді тамақтану үшін әр жасөспірімнің (14жас-18 жас) күндік рационында ақуыз мөлшері 2-1,5г әр кг болуы қажет.

А) 1. Сұрақ мәтінді мұқият оқып, Аянға қандай диагноз қойғанын болжаңдар?

2. O_2 , H, C, N, S, P бұл элементтер қандай заттарды құрайды?

3. O_2 , H, C, N, S, P адам ағзасының қанша пайызы осы элементтерден тұрады?

Б) Мына таблицаға қарап, Аянға күніне тиімді тамақтану үшін күндік рационында қанша грамм тауық еті қанша грамм сиыр және ірімшік пен балық қабылдау керек? Аянның күнді рационын құрыңдар.

Тағам атауы	Мөлшері кКал/100г	Ақуыз мөлшері/100г	Көмірсу мөлшері/100г	Ма мөлшері/100г
сиыр	90	18,9	-	12,4
Қой еті	203	17,5	-	13,2
Тауық	99	19,2	-	8-9
Жұмыртқа	17	12,7	0,7	11,5
Сазан балық	82	16,1	-	1,3

Биология пәні бойынша білім алушылардың дербестігі мен пәнге деген қызықушылығын жоғарылату, есте сақтау қабілетін белсендіру мен креативті ойлау деңгейін қалыптастыру. Ғылыми жаратылыстану білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсінуге және оған сәйкес шешім қабылдайтын, түпнұсқалы өз ой түйінін жасай алатын студенттер қатары көбейген сайын елімізде отандық ғылымның дамуына салмақты үлес қосатын, қиялы бай, ойы кең, жан-жақты, дербес жеке тұлғалар қалыптасатынына сенімім зор.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Очкур.Е.А «Биология» 2-бөлім; Алматы «Мектеп» 2019ж. 98 б, 101б, 107б.
2. Грин.Н, Стаут.У. Тейлор.Д «Биология» 2 т. «Мир» 1990г. 278 с.
3. 3.TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағы // Астана,2016

ХИМИЯНЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Д. Ж. Қалдарова

*«С. Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік-техникалық колледжі» МКҚК.
Қаскелең қаласы*

Аңдатпа: Мақалада функционалды сауатты білім алушының – әлеуметтік, Адамзат қоғамын алға жетелеп, биікке көтеретін де, жетістікке жеткізетін құдіретті күш – білім. Әрбір білім алушыға функционалды сауатты білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау – бұл бүгінгі педагогтың негізгі мақсаты.

Аннотация: В статье функционально грамотный обучающийся является мощной силой, которая ведет социальное, человеческое общество вперед, возвышает его и достигает успеха. Обеспечить каждого учащегося основами функционально компетентного образования и культуры и создать благоприятные условия для его всестороннего развития – главная цель сегодняшнего учителя.

Annotation: The article discusses the role of a functionally competent learner in society. Education is a powerful force that leads human society forward, elevates it to the heights, and leads to success. Providing each learner with the foundations of functionally competent knowledge and culture and creating favorable conditions for their comprehensive development is the main goal of today's teacher.

Функционалды сауатты білім алушы - бұл пәндік, пәнаралық, интегративтік білімдер, ептіліктер, дағдылар және функционалды мәселелерді шешу әдістері жиынтығы ретінде алынатын іс процесінде пайдаланылатын, қабылдау, ақпаратты өзгерту, типтік оқулық және қоғаммен қарым-қатынас есептерін шығару процесімен байланысты қажетті және жоғары деңгейдегі білімге ие болатын тұлға. Функционалды сауаттылық – деңгей қабілетімен сипатталатын білім, әртүрлі стандартты өмірлік мәселелерді шешу және өмір сүру салаларына негізделген қолданбалы білім. Функционалды сауаттылықты дамыту мәселесі білім алушылар жаратылыстану ғылымдарын меңгеру процесінде пәндер тұрғысынан жүзеге асырылуы тиіс есептерді өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту білімді жаңа жағдаяттарға қолдану.

Ғылыми сауаттылық –жаратылыстану білімдерін пайдалану қабілеттілігі, жағдаяттарды анықтап, қажетті қорытынды жасау, бізді қоршаған әлемді және оған адам әрекетімен болатын өзгерістерді түсіну үшін тиісті шешімдер қабылдауы.

- Жаратылыстану пәндерін оқыту процесінде студенттердің функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі есептерді шешу және білімді жаңа жағдайларда өз бетінше қолдана білу аспектісінде жүзеге асырылуы керек.

- химиялық тапсырмаларды құрауға мүмкіндік береді, коммуникативтік, интеллектуалдық құзыреттіліктер, студенттік жұмыстың әртүрлі формаларын қолдану: жеке, жұптық және топтық, сабақты студенттер мен педагог үшін мазмұнды және қызықты ету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға ықпал етуі.

Интегративті тапсырмалар – әр түрлі сабақтарда қолдануға болатын оқу тапсырмаларының бір түрі. Олардың ерекшелігі әр түрлі ғылымдардан, әртүрлі оқу пәндерінен, тақырыптардан, мәселелерден алынған білім мен біліктердің синтезделуінде, олардың айналасына біріктіруінде және бір мәселені шешу үшін, бір объектіні немесе пәнді білу үшін біріктіруінде. «Интегративті тапсырмаларды қолдану мақсатында студенттердің функционалдық сауаттылығын химия сабақтарында дамыту.

Химиядағы функционалдық сауаттылықтың дамуы - жаңа уақыт - жаңа шешімдер

- қазіргі адам әлемде болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе білуі керек.

- заманауи білім беруде бірінші орынға нақты пәндік білім емес, оның көмегімен мәселелерді шеше білу керек

- функционалдық сауаттылық - сапалы білім

Химия сабағында өмірмен байланыстыра отырып көптеген тапсырмалар беру арқылы студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру өте тиімді.

Мысал: Қандай химиялық элементтер елдердің атымен аталады?

Бірнеше мысалдар келтіріңіз және атомдар ядроларындағы протондар мен нейтрондардың санын көрсетіңіз.

- Полоний (Po) – Польшаның құрметіне; протондар 84, нейтрондар 37
- Франций (Fr) – Францияның құрметіне; протондар 87, нейтрондар 35
- Германий (Ge) – Германияның құрметіне; протондар 32, нейтрондар 40

Проблемалық оқыту технологиясын пайдаланып ситуациялық тапсырмаларды беру де тиімді әрі қызықты. Студенттердің проблемалық жағдайды құруы, оны талқылауы кез-келген оқу тақырыбында кездеседі. Проблемалық ситуациялар оқу процесінің барлық кезеңдерінде жасалуы мүмкін:

Тақырып
«Оттегі»

Мысалы

Неге балықтар қалың мұз қабатының астында өлмейді?

Судағы қоспалар

Табиғи су ешқашан таза болмайды. Оның құрамында еріген минералдар мен атмосфералық газдар. Осы қоспалардың кейбірі суға жағымды дәм беріңіз. Бірақ заттар құрамында сынап, қорғасын және

басқа да ауыр металдар бар, тіпті аз мөлшерде болса да адам денсаулығына қауіпті.

Галогендер

Тапсырма 1. Шығу тегі әртүрлі дақтарды кетіру керек: тот, май, кофе, йод, сәбіз шырыны, шие шырыны, ет соусы. Сіздің қолыңызда мына өнімдер бар: тұз, кір жуғыш ұнтақ, ультракүлгін шам, тіс ұнтағы, бензин, лимон қышқылы. Тапсырма: Барлық дақты кетіру өнімін таңдаңыз.

«Көмірсулар»

Дельфиннің көз жасы тәтті, өйткені олардың көз жасының құрамында кант бар - галактоза және фруктоза. Тауық жұмыртқасының ақтығын еске түсіретін көмірсу-ақуыз, көз жасы майлаушы ретінде қызмет етеді. Дельфиндер жақсырақ көру үшін және тезірек жүзу үшін жылайды екен.

Элементтердің массалық үлесі: 40,0% (C), 6,6% (H), 53,4% (O) болатын фруктозаның молекулалық формуласын анықтаңыз.

Бағдарланған оқыту технологиясында балалардың жеке тәжірибесіне сүйене отырып, рефлексия, талдау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан сабақта адамның өзіне, оның ортасына қатысты сұрақтар білім алушылар үшін өте қызықты. Мысал:

- неге дәмді сорпаны дайындаған кезде етті салқын суға салады, ал екінші тағамдарды дайындағанда ыстық суға салып қояды?
- Неліктен улану үшін белсендірілген көмір қолданылады?
- Бұл химиялық элемент негізінен тырнақтарда шоғырланған. электрондық формуласы $1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 3d^1 4s^2$. Бұл қай элемент?

Осы және басқа да сұрақтар химияны оқу кезінде студенттердің өздерінде туындайды және қызықты нәрсе есте қалады және жақсы меңгеріледі.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Веселова, Л. А. Активизация функциональной грамотности учащихся на уроках химии / Л. А. Веселова. / —/ Молодой ученый. — 2023. — № 48 (495). — С. 155-157. — URL: <https://moluch.ru/archive/495/108507>.

2. Всероссийский семинар "Формирование и оценка функциональной грамотности" https://edsoo.ru/Funkcionalnaya_gramotnost.htm • Материалы онлайн-конференции «Функциональная грамотность. Учимся для жизни» https://uchitel.club/pedsovet_2020/pisaregion/
3. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы/ *Конференция материалы «Құндылықтар негізінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру»/
4. Маркина И.В. Қазіргі заманғы химия сабағы. //Тренинг сабақтарының технологиялары, әдістемелері, дамуы. Ярославль - 2008. б. 8-16.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛІ

А.Ж.Калмурзаева

*Қармақшы аграрлы - техникалық колледжі
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы*

***Аңдатпа.** Бұл мақалада орта мектептердегі білім беруді жүргізу барысында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту негізінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмаларды тиімді әдіспен оқыту қарастырылады. Жаратылыстану ғылымдары ішіндегі химия ғылымының қыр-сырын зерттеуге оқушылардың қызығушылығын арттыру, алған білімдерінің өмірде, тұрмыста қажет екенін ұғындыру мақсатында қысқа мерзімді сабақ жоспарында функционалды сауаттылыққа бағытталған тапсырмаларды жоспарлау көрсетіледі. Қолданылатын контекстік тапсырмалар оқу мақсатына негізделген, ғылыми сипатта және практикалық маңызды, пәнаралық ұстанымдарды оқытуда толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тапсырманы білім алушы ойдағыдай орындау үшін, тапсырма олардың біліміне немесе өмірлік тәжірибесіне негізделуі қажет.*

***Кілтті сөздер:** функционалды сауаттылық, оқу әдістері, ақпараттық технология, жаңа технология, математикалық сауаттылық, креативті ойлау, жаратылыстану– ғылыми сауаттылық.*

Студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытудың мынадай артықшылығын ұсынуға болады:

1. Студенттер алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйренеді.
2. Әлеуметтік талаптарға сәйкес келу үшін студенттер ақпараттық технологияларды қолдана отырып, проблемалардың шешімін таба алады.
3. Оқушылар өзгермелі өмірге бейімделуін үйренеді.
4. Студенттер жеке өз қабілеттерін дамытады.
5. Студенттердің әлеуметтік – мәдени дағдылары дамиды.

Біздің еліміздің негізгі тірегі – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Студенттеріміздің алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамытуға мүмкіндіктер берілуі тиіс. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге

қабілетті маман дайындау.Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұсы - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі.

Функционалдық сауаттылықтың белсенді стратегиялар арқылы оқытудың тиімділігі:

Мұғалім үшін: Әрбір баланың ерекшелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін: Өз білімін жете түсіну,өмірде қолдану,өз жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін: Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

3. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.

МҰҒАЛІМДЕР МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАЗАЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ, ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА ҮШІН ОЛАРДЫ АРТТЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

А.Т.Мырқасым

Тараз қаласы, “Парасат” колледжі жаратылыстану пәндері кафедрасының оқытушысы

Аңдатпа. Бұл мақалада химия пәнінің оқу жүктемесі төмендеген кездегі функционалдық сауаттылықты дамыту проблемасының өзектілігі талқыланады. Мақалада сондай-ақ функционалдық сауаттылық және жаратылыстану ғылымын дамыту міндеттерінің кейбір мысалдарын келтіреді.

Аннотация. В данной статье обсуждается актуальность проблемы развития функциональной грамотности при снижении учебной нагрузки по химии. В статье также приводятся некоторые примеры задач функциональной грамотности и развития естественных наук.

Annotation. This article discusses the relevance of the problem of developing functional literacy while reducing the academic load in chemistry. The article also provides some examples of the tasks of functional literacy and the development of natural sciences.

Функционалдық сауаттылық бүгінгі күні білім берудегі басты тақырыптардың бірі болып табылады. Қазіргі заманға сай жаңа технологиялардың, кәсіптердің, экономика салаларының, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық салалардың пайда болуы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда күрделі бола бастады. Бұл күрделіліктерге қажет білім беру процесі мен педагогикадағы ерекше көзқарасты былайша түсіндірсек болады: айналадағы өзгерістердің нәтижесіне байланысты аналогтық-мәтіндікті, визуалды-сандықпен алмастыруымыз қажет және бұл үшін функционалдық сауаттылық ұғымын кеңейту және қайта ойластыру қажет. Цифрлық құзіреттілік әлемнің түрлі елдерінде осыншалықты көп көңіл бөлінуі кездейсоқ емес. Біздің алдағы мақсатымыз ғылыми білім жүйесін жетілдіру, оның ішінде химиялық білім беру жүйесіне көбірек көңіл аудару.

Химия жаратылыстану пәні бола тұра, оқу мен дамудың орасан зор әлеуетіне ие. Заттардың химиялық формасын білмей жатып дүниенің қазіргі заманғы ғылыми көрінісін елестету мүмкін емес. Білім алушылардың әртүрлі деңгейдегі ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігін ашу және оны қолдану әртүрлі танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін қажет.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру химия пәнін оқытудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Сабақ барысында әртүрлі кезеңдерде функционалдық сауаттылықты дамыту үшін таңдап алынған міндеттер кешенін пайдалану қажет. Барлық тапсырмаларды орындау үшін оқушылар әрқашанда қызығушылығын көрсету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер бар. Сабақ барысында оқушылар интернет ресурстарын тиімді пайдалану(компьютер, смартфон және т.б гаджеттер). [1]

Аслан әрқашан әжесіне көктемгі және жазғы демалыс уақытында көмектеседі. Әжесімен бірге көктемде көшетке тұқым себеді, жазда өсімдіктерге қарайласады. Бір күні Асланның әжесі осы жылы оларда азот жетіспейтіндіктен қиярдың өнімі нашар болатынын айтқан. Аслан өсімдікке жетіспейтін химиялық элементтің азот екенін білген. Азот ауаның 78%-ын құрайды. Аслан өсімдіктерге азоттың қалай жетіспейтінін түсінбеді, себебі ауа құрамында азоттың мөлшері жеткілікті. Аслан бұл сұраққа жауапты химия кітаптарынан және интернет желісінен іздеуді жөн көрді. Аслан өсімдіктерге бұндай жағдайда азотты тыңайтқыштар қажет екенін түсінді. Студенттерге келесі тапсырманы орындау ұсынылады: Аслан азот тыңайтқышын сатып алуды жөн көреді. Ол калий және аммиак селитрасын таңдады. Калий нитратының 20 г 150тг, ал аммиак селитрасын 500 тг ге тапты (1кг). 1 шаршы метрге 5 литр тыңайтқыш тұтынылады, Асланға қайсы тыңайтқышты сатып алған тиімді болып саналады. Тапсырманың бұл түрі жаратылыстану ғылымының қалыптасуына ықпал етеді. Математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, қаржылық сауаттылықты (сатып алу үшін ең тиімді тыңайтқышты табыңыз) дамытады. Екінші жағынан, тапсырманың шарттары логикалық түрде қойылады: тапсырма орындаған кезде оқушы жаратылыстану

пәндерінен алған білімдерін қолдану, жорамалдар жасау және оларды қабылдау процестерінен өтеді[2].

Химия сабақтарында осындай тапсырмаларды 7-сыныптан пайдалану оқушылардың жаратылыстану-ғылым сауаттылығының ерте жастан қалыптасуына ықпал етеді[3]. Тағы бір мысал — кальций карбонатын алайық. Бұл тапсырма бірнеше бөлімнен тұрады. Әрбір бөлімде теориялық бөлім бар. Кальций карбонатының физикалық-химиялық қасиеттері, қолданылуы және оқушыларға арналған сұрақтармен толтырылған. Міне, осы тапсырманың фрагменті: «Кальций – негізгі минерал» сүйек компоненті болып саналады. Денедегі кальцийдің 99%-ы сүйек құрылымында және тісте кездеседі. Кальций зат алмасу процесіне де әсер етеді. Тамақта кальций карбонаты E170 қоспасы түрінде кездеседі. Кальций карбонаты жұмыртқа қабықтарында кездеседі. Ол қабықтың салмағының 90%-ға жуығын құрайды. Кейбір адамдар кальцийдің жетіспеушілігін толықтыру үшін өз тағамына жұмыртқа қабығын қосады. Жасөспірімдер үшін кальцийдің тәуліктік нормасы 1200мг құрайды. Кальцийдің тәуліктік нормасын алу үшін 16 жасар бала қанша тауық жұмыртқасын қабылдауы қажет? Жұмыртқа қабығының салмағы орта есеппен 5 г болатынын есте сақтаңыз. Бұл тапсырма жаратылыстану ғылымының қалыптасуына соның ішінде оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Тапсырмаларды әзірлеу кезінде әдебиеттің алуан түрлілігі пайдаланылды, соның ішінде химия және биология пәндері бойынша оқулықтар, ғылыми әдебиеттер, интернет көздері және сондай-ақ танымал ғылыми әдебиеттер қолданылады[2, 44-б.].

Қорыта айтқанда, химия сабақтарында тәжірибеге бағдарланған міндеттерді пайдалану оқушыларға өз білімдері мен дағдыларын қолдануға және ғылым мен өмір арасындағы байланысты көруге көмектесіп қана қоймай, жаратылыстану ғылымы мен функционалдық сауаттылықтың басқа да түрлерін дамытуға ықпал етеді. Бұл қазіргі заманғы химиялық білім беру үшін маңызды міндет болып табылады[2].

Оқу құралдары оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға және жаңа дағдыларды дамытуға көмектеседі. Оларды пайдалану кезінде біз мыналарды аламыз: сөйлеу дағдысы: оқушылар диалогты алдымен слайд түріндегі тұспалмен жаңғыртады, содан кейін оны өз бетінше көрсетеді. Бақылау дағдысы: оқушылар тапсырма түрін таңдап, осы бағдарламаның сөздік қорын пайдаланып, өз қиялдарын көрсете отырып, диалог құрастырады. Құрал ретінде компьютерлік технология қолданылады. Тыңдау дағдысы: Компьютерлік технология интернет желілері, смартфон т.б. қажет хабарды тыңдауды пайдаланады. Осылайша, ақпараттық технологиялардың арқасында оқушылардың арасында коммуникативті құзыреттіліктің дамуы оңай бейімделетін түрде жүреді. Ақпараттық технологиялар құралдарының негізінде оқушылары сөйлеу, тыңдау дағдыларын меңгереді, бұл олардың әрі қарай білім алуына, жұмысқа орналасуына және қоғамдық өміріне көмектеседі. Бұл технологияларды қолдану білім беру сапасына

жағымды әсер етеді, оны қол жетімді және қызықты етеді. Оқушыларының ынтасы артады, бұл әсіресе жасөспірімдік шақта маңызды. Оқушыларда алған білім жақсы игеріліп, болашаққа сенімді қадамдар жасауға әкеледі. [3]

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаева Б.М., Абсатова А.Д. (2017). Компьютерлік технологиялар студенттердің шет тілі сабақтарында коммуникативті құзіреттілігін қалыптастыру құралы ретінде. Гуманитарлық және Жаратылыстану ғылымдарының өзекті Мәселелері, (2-1), 104-106.
2. Петрова, Л.В. (2013). Қазіргі мектептегі ақпараттық технологияның орны. Ресейдегі педагогикалық білім, (4), 139-142. Магомедов Р.М. (2010). Орта мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселелері мен болашағы. Ғылым және Мектеп, (3), 150-154.
3. Кудабаяева П.А. (2016). Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды қолдану. Ресей Халықтар Достығы университетінің хабаршысы. Серия: білім Беруді Ақпараттандыру, (2), 43-50.

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХИМИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИКТ

Г.А.Муканова

«Талгарский высший медицинский колледж»

г. Талгар

Аңдатпа Функционалдық сауаттылықтың ерекшелігі оның қазіргі қоғамдағы барлық адамдарға қажет қолданбалы білім негізінде адам қызметінің әртүрлі салаларындағы өмірлік міндеттерді шешуге бағытталуынан көрінеді. Осылайша, бұл адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке, өмір бойы білім алуға қатысуына әсер ететін фактор.

Мұғалімнің міндеті-олардың танымдық белсенділігін ынталандыратын сұрақтар қою, барлық мүмкін ресурстарды қолдана отырып, белгілі бір мәселелерді шешуге деген ұмтылыс, олардың кейбіреулері Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ету..

Аннотация. Особенность функциональной грамотности проявляется в ее назначении решать жизненные задачи в различных сферах человеческой деятельности на основе прикладных знаний, необходимых всем в современном обществе. Таким образом она является фактором, влияющим на участие людей в

социальной, культурной, политической и экономической деятельности, в образовании на протяжении всей жизни.

Задача учителя способствовать развитию функциональной грамотности учащихся через постановку вопросов, мотивирующих их познавательную активность, стремление решать те или иные проблемы используя при этом все возможные ресурсы, одними из которых являются информационные технологии..

***Annotation.**The peculiarity of functional literacy is manifested in its purpose to solve life tasks in various spheres of human activity on the basis of applied knowledge necessary for everyone in modern society. Thus, it is a factor influencing people's participation in social, cultural, political and economic activities, and in lifelong education.*

The task of the teacher is to promote the development of functional literacy of students through the formulation of questions that motivate their cognitive activity, the desire to solve certain problems using all possible resources, one of which is information technology.

«Цель обучения ребенка состоит в том, чтобы сделать его способным развиваться дальше без помощи учителя» (Хаббарт)

В современном, быстро меняющемся мире, функциональная грамотность становится одним из базовых факторов, способствующих активному участию людей в социальной, культурной, политической и экономической деятельности, а также обучению на протяжении всей жизни. [1]

Задача педагога - создание соответствующих педагогических условий для самостоятельной познавательной деятельности обучающихся, массовое внедрение проблемного обучения и проектного метода, групповой и коллективной работы на уроке, использование электронных образовательных ресурсов, технических средств. [2]

Одним из эффективных приемов, направленных на формирование функциональной грамотностей учащихся является решение практико-ориентированных задач. [2]

Примеры практико-ориентированных заданий для учащихся, способствующих развитию функциональной грамотности и познавательного интереса на уроках химии.

Пример №1

При изучении темы «Электролиты и неэлектролиты» в разделе «Теория электролитической диссоциации» учащимся предлагается ответить на

1 вопрос:

«Для чего необходим в автомобиле аккумулятор?»

Учащиеся обсуждают между собой и предлагают варианты ответов, среди которых наиболее верным является предположение что он дает заряд, являясь источником электрической энергии.

Далее им предлагается ответить на другой вопрос:

«Каким образом в данной коробке, именуемом аккумулятор возникает электрический ток? Ведь он не подсоединен к источнику электрического тока.»

Данный вопрос, как правило, вызывает познавательный интерес у учащихся. И для того, чтобы разрешить его им предлагается посмотреть познавательный видеопыт через YouTube «Электролитическая диссоциация». В данном опыте испытываются различные вещества и растворы веществ на электрическую проводимость. Просмотрев данное видео, учащиеся приходят к выводу, что растворы некоторых веществ электропроводны. И им предлагается 3 вопроса:

«Как называются вещества, растворы которых пропускают электрический ток?»

Для ответа на данный вопрос организуется поисковая деятельность с использованием различных источников: учебник, интернет, словари и т.д.

Пример №2

При изучении темы «Свойства щелочей» учащимся предлагается следующая проблемная ситуация: «Вы производили побелку помещения известью не используя перчаток. В конце работы вы обнаружили, что на коже ваших рук появились болезненные язвочки.»

Учащимся предлагается ответить на несколько вопросов?

1 вопрос: что представляет из себя известь?

2 вопрос: почему появились язвочки?

3 вопрос: как помочь себе и какие меры предосторожности необходимо предпринять в будущем, для предотвращения подобных ситуаций?

Учащиеся, используя различные ресурсы ищут ответы на поставленные вопросы и приходят к выводу, что известь является щелочью.

Учитель предлагает опыт. Проверить pH раствора известковой воды с помощью лакмусовой бумаги и цветовой палитры- теста. Либо, если нет возможности продемонстрировать данный опыт, посмотреть на YouTube подобный опыт «Лакмусовая бумага для измерения pH, обзор и тест»

Для того, чтобы ответить на второй вопрос, учащиеся изучают химические свойства щелочей, узнают, что одно из свойств щелочей их едкость. Они разъедают кожу рук и при работе с ними необходимо соблюдать меры предосторожности, а именно одевать резиновые перчатки.

К данной теме урока можно так же продемонстрировать образец шампуня для волос на котором указан $\text{pH}=5,5$. И спросить учащихся, что означает эта запись? После ознакомления с pH шкалой учащиеся легко определяют среду данного шампуня, как слабо кислую, не способную разъесть кожу головы.

Пример №3

При изучении темы «Свойства металлов» можно предложить следующую проблемную ситуацию: почему в крупных промышленных городах ржавление железа идет быстрее? С чем это связано?

Для разрешения данной проблемы учащимся предлагается просмотр видео «Кислотные дожди – причины и следствия» на YouTube. После просмотра учащимся предлагается изучить химические свойства металлов, а именно взаимодействие металлов с кислотами. Они приходят к выводу, что причиной коррозии металлов является окружающая среда. Причиной загрязнения воздуха в крупных промышленных городах являются отходы производственной деятельности человека. В контексте данной проблемы учащимся можно предложить подготовить рефераты, связанные с экологическими проблемами своего города, страны, планеты. Например, «Химия и окружающая среда», «Спасем нашу планету от загрязнения» и т.д.

Используя на уроках ситуационные задачи учащиеся осваивают интеллектуальные операции последовательно в процессе работы с информацией: ознакомление – понимание – применение – анализ – синтез – оценка. Специфика ситуационной задачи заключается в том, что она носит ярко выраженный практико-ориентированный характер, но для ее решения необходимо конкретное предметное знание.

Список литературы:

1. Развитие функциональной грамотности обучающихся основной школы: методическое пособие для педагогов / Под общей редакцией Л.Ю. Панариной, И.В. Сорокиной, О.А. Смагиной, Е.А. Зайцевой. – Самара: СИПКРО, 2019
2. Кендиван, О. Д. Практико-ориентированные задания в обучении химии / О.Д.Кендиван // Химия в школе. – 2009. – №8. – С. 43–47 с.
3. <https://nsportal.ru/shkola/mezhdistsiplinarnoe-obobshchenie/library/2019/12/05/otsenka-kachestva-obrazovaniya-monitoring>

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.Е.Асқаров

А.А.Нурмаханова

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Аңдатпа. Бұл мақалада биология пәнін оқытуда жасанды интеллект құралдарының қолдану мүмкіндіктері мен артықшылықтары қарастырылады. Жасанды интеллект технологиялары білім беру процесін жетілдіруге, оқушылардың білім сапасын арттыруға және оқу тәжірибесін жекешелендіруге мүмкіндік береді. Мақалада жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформалары, виртуалды зертханалар мен симуляциялар, 3D моделдеу және визуализация құралдары, автоматтандырылған бағалау жүйелері, ақпараттық

ресурстарға қолжетімділік және интерактивті білім беру қосымшаларының биология пәнін оқытудағы рөлі мен тиімділігі талқыланады.

Аннотация. В этой статье рассматриваются возможности и преимущества использования инструментов искусственного интеллекта в преподавании биологии. Технологии искусственного интеллекта позволяют совершенствовать образовательный процесс, повышать качество знаний учащихся и приватизировать учебный опыт. В статье обсуждаются образовательные платформы на основе искусственного интеллекта, виртуальные лаборатории и симуляции, инструменты 3D-моделирования и визуализации, автоматизированные системы оценки, доступ к информационным ресурсам, а также роль и эффективность интерактивных образовательных приложений в преподавании биологии.

Annotation. This article discusses the possibilities and advantages of using artificial intelligence tools in biology teaching. Artificial intelligence technologies make it possible to improve the educational process, improve the quality of students' knowledge and privatize the learning experience. The article discusses educational platforms based on artificial intelligence, virtual laboratories and simulations, 3D modeling and visualization tools, automated assessment systems, access to information resources, as well as the role and effectiveness of interactive educational applications in teaching biology.

Биология сабағында жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мәселелері. Бүгінгі таңда оқушының міндеті білімді көбейту емес, осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралмен қамтамасыз ету және оқушының жекелей дамуы, жеке тұлғаның қалыптасуы, өзін өзі жетілдіру және қоршаған әлемді жетілдірудің инновациялық қажеттіліктерін қалыптастыру. Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды дамыта оқыту, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жоғарлатуды көздейді.

Қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің қолданылуы білім беру үдерісін едәуір өзгертіп, оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Биология пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамытуда жасанды интеллект технологиялары жеке оқу траекторияларын құру, интерактивті құралдарды қолдану және деректерді талдау арқылы маңызды рөл атқарады.

Жасанды интеллекттің биология пәнінде қолдану құралдары

Виртуалды зертханалар мен симуляциялар

Labster — виртуалды зертханалар мен интерактивті симуляциялар ұсынатын білім беру платформасы. Бұл құрал биология, химия, физика және басқа пәндерде тәжірибе жүргізуге мүмкіндік береді. Labster оқушыларға зертханалық жұмыстарды қауіпсіз және интерактивті түрде орындауға жағдай жасайды. Бұл зертханалар нақты өмірдегі зертханаларға ұқсас болып келеді, бірақ олар компьютер экранында жүзеге асырылады. Онда оқушылар зертханалық

жабдықтарды, реагенттерді және әдістерді интерактивті түрде пайдалана алады. Симуляциялар нақты тәжірибенің барлық қадамдарын орындауға мүмкіндік береді.

Клетка құрылымы: Оқушылар клетка құрылымын зерттеу үшін виртуалды микроскопты қолдана алады. Олар клетка компоненттерін нақты уақытта визуализациялап, олардың функцияларын түсіне алады.

ДНҚ амплификациясы: Виртуалды зертхана арқылы оқушылар ПЦР (полимеразды тізбекті реакция) әдісін орындап, ДНҚ-ны амплификациялау процесін үйренеді. Бұл тәжірибе биологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылады.

Пайдасы:

Оқушылар қауіпті химиялық заттарды немесе жабдықтарды қолданбай -ақ тәжірибе жүргізе алады.

Виртуалды зертханалар кез келген уақытта және кез келген жерде қол жетімді болады, бұл оқушылардың тәжірибе жүргізу мүмкіндігін арттырады.

PhET Interactive Simulations — әртүрлі пәндер бойынша интерактивті симуляциялар ұсынатын білім беру платформасы. Бұл құрал биология, физика, химия және басқа пәндерде концепцияларды визуализациялауға көмектеседі. Биология пәнінің түрлі концепцияларын (мысалы, клетка құрылымы, экологиялық жүйелер) визуализациялауға арналған интерактивті симуляциялар бар. PhET-симуляциялары биологиялық концепцияларды визуализациялауға арналған интерактивті модель. Оқушылар модельдермен өзара әрекеттесіп, концепцияларды тереңірек түсінеді. Симуляциялар қарапайым интерфейстер мен түсінікті графиктер ұсынады, бұл оқушыларға күрделі биологиялық процестерді оңай түсінуге мүмкіндік береді.

Клетка мембранасының құрылымы: Оқушылар клетка мембранасының құрылымын және оның функцияларын интерактивті модель арқылы зерттей алады. Симуляция мембрананың түрлі компоненттерін көрсету арқылы оның қалай жұмыс істейтінін түсінуге көмектеседі.

Генетикалық кроссинг: PhET симуляциясы генетикалық кроссингтің нәтижелерін визуализациялайды, бұл оқушыларға генетикалық ережелер мен тұқым қуалаушылықты түсінуге көмектеседі.

Пайдасы:

Визуализация: Симуляциялар биологиялық концепцияларды визуализациялауға мүмкіндік береді, бұл түсіну мен білімді нығайтуға көмектеседі.

Интерактивтілік: Оқушылар симуляциялармен өзара әрекеттесіп, тәжірибелік дағдыларды жетілдіреді.

3D моделдеу және визуализация құралдары

BioDigital Human — адам денесінің 3D моделін ұсынатын білім беру платформасы. Бұл құрал оқушыларға анатомия мен физиологияны визуализациялау және зерттеу мүмкіндігін береді. Олар әртүрлі жүйелер мен органдарды визуализациялап, олардың функцияларын түсінеді. Оқушылар дене

мүшелерінің құрылымын және олардың функцияларын интерактивті түрде зерттей алады.

Анатомиялық құрылымдар: Оқушылар жүрек, өкпе, ми сияқты орган жүйелерінің 3D моделдерін зерттей отырып, олар әр органның орналасуын және жұмысын түсінеді.

Ауруларды зерттеу: BioDigital Human оқушыларға белгілі бір аурулардың әсерін және олардың ағзаға қалай әсер ететінін визуализациялауға мүмкіндік береді.

Пайдасы:

Көрнекілік: 3D моделдер анатомиялық құрылымдарды нақты әрі түсінікті түрде көрсетеді.

Интерактивті зерттеу: Оқушылар өздері зерттеу жүргізе алады, бұл білімді тереңдетуге көмектеседі.

Zygote Body — адам денесінің 3D моделін зерттеуге арналған онлайн құрал. Бұл құрал анатомия мен физиологияны интерактивті түрде түсінуге көмектеседі. Оқушылар адам денесінің әртүрлі анатомиялық құрылымдарын зерттей алады. Олар мүшелерді, сүйектерді, бұлшықеттерді және жүйелерді интерактивті түрде қарастырады. Бұл құрал арқылы оқушылардың тері асты құрылымдарын, жеке мүшелерді немесе толық жүйелерді, жүрек-қантамыр жүйесін, тыныс алу жүйесін немесе асқорыту жүйесін толықтай зерттеуіне болады. Сонымен қатар дене мүшелерінің қалыпты және патологиялық жағдайларын салыстыра алады.

Пайдасы:

Толықтық: Дененің барлық анатомиялық құрылымдарын толық 3D модель арқылы зерттеу мүмкіндігі.

Интерактивтілік: Пайдаланушылар модельдермен өзара әрекеттесіп, түсінбеген тұстарын зерттей алады.

Қорытынды

Виртуалды зертханалар мен симуляциялар биология пәнін оқытуда маңызды рөл атқарады, себебі олар оқушыларға тәжірибе жүргізуге және күрделі концепцияларды визуализациялауға мүмкіндік береді. Labster, PhET Interactive Simulations, BioDigital Human және Zygote Body сияқты құралдар оқушыларға биологиялық процестерді қауіпсіз әрі интерактивті түрде зерттеуге көмектеседі, оқу материалдарын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Жасанды интеллекттің биология пәнін оқытуда қолданылуы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, оқу үдерісін тиімдірек және тартымды етуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект технологиялары оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделіп, олардың оқу үлгерімін жақсартуға ықпал етеді. Мұғалімдер жасанды интеллект құралдарын белсенді қолданып, оқу процесін үздіксіз жетілдіруге ұмтылуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров Ә. «Биологияны оқыту әдістемесі». Алматы: Қазақ университеті, 2015.
2. Төлегенов Н. «Жасанды интеллект және оның білім беру саласындағы қолданылуы». Алматы: ҚазҰУ, 2017.
3. ҚазҰУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ғылыми-зерттеу жұмыстары.
4. Ә. Қайдаров, Н. Төлегенов, С. Нұрғалиев. Биология, педагогика және жасанды интеллект туралы қазақ тілінде жазылған кітаптар мен оқу құралдары.

ТЕХНИКАЛЫҚ БЕЙІНДЕГІ КОЛЛЕДЖДІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

3.А Нұрлыбаева

Ақтөбе құрылыс – монтаж колледжі, Ақтөбе қаласы

***Аңдатпа.** Мақалада техникалық бейіндегі колледждің оқу процесінде биологияны оқыту әдістемесінің ерекшелігі көрсетілген. Колледждің оқу процесінде "Биология" пәні оқу стандартының базалық деңгейінде оқытылады, ол ең алдымен студенттердің жалпы мәдениетін, ғылыми дүниетанымын сондай - ақ негізгі құзыреттіліктерін дамытуға бағытталғандығын сипаттайды.*

***Аннотация:** В статье показана специфика методики преподавания биологии в учебном процессе колледжа технического профиля. В учебном процессе колледжа дисциплина "Биология" изучается на базовом уровне учебного стандарта, который характеризует, прежде всего, направленность на развитие общей культуры, научного мировоззрения студентов, а также ключевых компетенций.*

***Annotation.** The article shows the specifics of the methodology of teaching biology in the educational process of the College of technical profile. In the educational process of the college, the discipline "Biology" is studied at the basic level of the educational standard, which characterizes, first of all, the focus on the development of general culture, the scientific worldview of students, as well as key competencies.*

Биология бұл, жаратылыстану ғылымдарының арасындағы сұранысқа ие пәндердің бірі болып табылады, бұл ғылым студенттерге ең алдымен қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуі туралы ғылыми идеялардың негіздерін тәрбиелей отырып, қоршаған ортаға, ғылыми дүниетанымға жауапкершілікпен қарауды қалыптастырады. Осыған байланысты биологиялық білім берудің басты міндеті студенттердің алған биологиялық білімдерін практикада сауатты пайдалануы болып табылады.

Биологияны оқыту әдістемесі - бұл оқу процесіндегі студенттерді оқыту, тәрбиелеу және жеке дамыту туралы сипаттайтын педагогикалық ғылым. Білім

беру процесінің мазмұнын және студенттердің биологиялық материалды игеру заңдылықтарын зерттейді.[1]

Биологияны оқыту әдістемесінің міндеттері:

- студенттерді оқыту мен тәрбиелеу жүйесіндегі биология пәнінің рөлін анықтау;
- студенттердің жасына сәйкес оқу пәнінің мазмұнын, оқу ретін және әртүрлі сыныптарға арналған бағдарламаны анықтау;
- биологиялық ғылымдардың ерекшеліктерін ескере отырып, студенттердің оқыту әдістері мен сондай-ақ ұйымдастырушылық формаларын әзірлеу;
- оқу процесінің жабдықталуын тексеру: кабинеттегі тірі табиғат бұрышының болуын, оқу-тәжірибелік зертханасын ұйымдастыру сонымен қатар көрнекі құралдарының, жұмыс құралдарының және т.б. болуы.

В. В. Пасечников колледждегі биологияны оқыту әдістемесінің жұмысын ұйымдастыру кезінде келесі белгілерді анықтайды:

- 1) топтың әрбір мүшесінің күш - жігерін біріктіруді талап ететін оқу процесінің жалпы мақсатын түсінуді;
- 2) жұмысты орындау кезінде өзара жауапкершілік орнату;
- 3) мұғалімнің басшылығымен студенттер өздерінің нәтижелерін бақылауды, түзетуді және бағалауды жүзеге асыруды;

4) білім берудің, оқу материалдарын игерудің, оны бақылау мен түзетудің негізгі процесі топтық жұмыс барысында өтеді, бірақ әр студент үшін білімді, іскерлікті және дағдыларды жеке бағалау қажет болады.[2]

Колледждің оқу процесінде "Биология" пәні оқу стандартының базалық деңгейінде оқытылады, ол ең алдымен ғылыми дүниетанымды дамыта отырып, студенттердің жалпы мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ орта кәсіптік білім беру жүйесі шеңберінде студентті әлеуметтендіруге бағытталған.

Биология пәнін игеру нәтижесінде студент кәсіптік білім беру жүйесінің білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік білім, білік және практикалық тәжірибеге сәйкес келетін іс-әрекеттің сипаттамалары ретінде тұжырымдалған жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерді игереді.

Бүгінгі таңда техникалық колледждерде биологияны оқытудың мақсаттары, студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады және бұл бірқатар аспектілерге байланысты:

- студенттердің жас ерекшеліктері, өйткені "Биология" пәні колледжде тек бірінші курста оқытылады, бұл 10-11 сыныптың бағдарламасына сәйкес келеді, бірақ колледжде биологияның дәріс сабақтарын оқытудың ерекшелігі жалпы білім беретін мектептің сынып жүйесінен айтарлықтай ерекшеленеді;
- студенттердің бейімделу кезеңі, көптеген студенттер орта кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқытудың жаңа талаптары мен жағдайларына бірден бейімделе алмайды, өйткені жалпы білім беретін пәндерден басқа кәсіби модульдер де қосылады;

- студенттердің жалпы білім беру циклінің пәндерін оқуға деген ішкі мотивациясының болмауы байқалады, бұл пән бойынша үлгерімнің төмендігіне әкеледі;

- биология сабақтарына дайындық кезінде қосымша әдебиет көздермен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларының болмауы;

- конспект құра алмау және дәрістерді жинақтау дағдыларының болмауы.

Д. И. Трайтак, биолог - әдіскер, аудиторияның жас ерекшеліктеріне ерекше назар аударды. Оның айтуынша "көбінесе біз биологияны оқыту әдістері туралы сипаттғанда олар қандай жас тобына сәйкес келетіндігі туралы ойланбастан айтамыз. Өйткені, кіші мектеп оқушыларымен жұмыс істеу әдістерін жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істеуде қолдануға болмайтынын бәрі біледі".[3]

Демек, биологияны оқыту әдісі студенттердің оқу материалын игеруін қамтамасыз етеді. Сондықтан іс-әрекетінің сипаты тұрғысынан жіктеу орынды деп санаймыз:

- оқытудың түсіндірме-иллюстрациялық әдісі. Студенттер әңгімелесу, талқылау, оқулық оқу, әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулық карта арқылы ақпарат алады. Материалды түсіндіру биологиялық құбылысты немесе процесті көрсетумен бірге жүреді;

- репродуктивті әдіс үлгі бойынша тапсырмаларды орындауға негізделген, мысалы генетика бойынша есептерді шешу, схемаларды құру, жалпылама кестелерді толтыру және т. б.;

- ішінара іздеу әдісі, студент проблеманы, проблемалық жағдайды шешу әдісін дербес тандайды;

- зерттеу әдісі студенттің максималды тәуелсіздігіне негізделген, шығармашылық тәсілді, стандартты емес шешімді қажет етеді, көп жағдайда студенттердің жобалық қызметі есебінен жүзеге асырылады.[4]

Орта кәсіптік білім беру жүйесінде биологияны оқыту әдістемесінің ерекшелігі - оқу іс-әрекетінің дағдыларын дамыту, танымдық қызығушылықты қалыптастыру, бұл оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мазмұнын игеруге әкеледі. Биологияны оқыту техникалық бейіндегі колледж студенттерінің ғылыми танымы мен дүниетанымын қалыптастырудың қазіргі деңгейіне сәйкес келетін биологиялық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Қорыта келгенде, техникалық бейіндегі колледжде биологияны оқыту әдістемесінің ерекшелігі студенттердің жас ерекшеліктеріне байланысты. Биологияны оқыту әдістері, формалары мен құралдарын сауатты таңдауға байланысты. Сондай-ақ, мұғалім студенттің жеке басына, оның дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына назар аударуы қажет. Техникалық бейіндегі колледжде биологияны оқыту процесіндегі негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған оң мотивацияны қалыптастыру ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Гризодуб Н. В., Чернышев Д. И. Теоретический анализ проблемы самостоятельной работы студентов колледжа технического профиля / № 2 (33), 2017.
- 2.Пасечник В. В. Проблемы и перспективы биологического и экологического образования в период модернизации средней и высшей педагогической школы // Всеросс. научно-практическая конференция. - Челябинск: ЧГПУ, 2003.
- 3.Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Алматы, 2009. 66, 164-беттер
- 3.Бейсембаев Г.Б., Булатбаева К.Н., Шахметова Н.А. Новые подходы к обновлению содержания профессионального образования учителей языковых дисциплин //Иновационное развитие науки и образования, - Пенза: «Наука и просвещение», 2021. - С. 88-101
- 4.Esteban A., Zafra A., and Romero C., “Helping university students to choose elective courses by using a hybrid multi-criteria recommendation system with genetic optimization,” Knowledge-Based Systems, vol. 105385, p.105385, 2019.

МЕТОДЫ ПОВЫШЕНИЯ ЦИФРОВЫХ НАВЫКОВ У ПЕДАГОГОВ ДЛЯ УСПЕШНОГО ПРЕПОДАВАНИЯ БИОЛОГИИ

І.А.Ойратова

«Бурлинский колледж», ЗКО., Бурлинский р-н., п. Бурлин

***Аңдатпа.**Бұл мақалада биология сабағында оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында педагогтердің цифрлық дағдыларын дамыту әдістері қарастырылады. Цифрлық құралдарды пайдалану мұғалімдерге білім беруді қолжетімді әрі қызықты ете отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытады. Оқытушылардың біліктілігін арттыруда цифрлық оқыту платформалары, вебинарлар, онлайн-курстардың маңызы қарастырылған.*

***Аннотация.**В статье рассматриваются методы развития цифровых навыков у педагогов для повышения эффективности преподавания биологии. Использование цифровых инструментов делает обучение доступным и интересным, развивая функциональную грамотность учащихся. Обсуждается значение цифровых образовательных платформ, вебинаров и онлайн-курсов в повышении квалификации преподавателей.*

***Annotation.**This article discusses methods for enhancing teachers' digital skills to improve the effectiveness of biology teaching. The use of digital tools makes learning accessible and engaging while developing students' functional literacy. The importance of digital educational platforms, webinars, and online courses in teacher training is considered.*

Современная цифровая эпоха требует от педагогов владения новыми технологиями для повышения качества преподавания и заинтересованности учащихся в учебе. Цифровая грамотность становится неотъемлемой частью образовательного процесса, поскольку инструменты ИКТ позволяют сделать уроки биологии более наглядными, интерактивными и вовлекающими. В данной статье рассматриваются различные методы повышения цифровых компетенций педагогов, направленные на создание современного и эффективного учебного процесса.

Основные методы повышения цифровых навыков

1. Использование онлайн-курсов и вебинаров

Одним из наиболее доступных и популярных методов повышения цифровых компетенций является участие в онлайн-курсах и вебинарах. Современные платформы предлагают специализированные курсы для преподавателей, обучая их навыкам работы с инструментами для создания и управления цифровым образовательным контентом. Такие ресурсы, как Coursera, EdX, и отечественные образовательные платформы, предлагают курсы, адаптированные для преподавателей естественных наук.

Пример: программа «Digital Literacy» от Coursera охватывает базовые навыки по использованию цифровых инструментов для обучения, что особенно полезно для преподавателей биологии, стремящихся повысить интерактивность уроков.

2. Цифровые образовательные платформы и виртуальные лаборатории

Цифровые платформы, такие как Google Classroom, Microsoft Teams и Moodle, позволяют преподавателям создавать образовательное пространство для учеников, где можно хранить материалы, выполнять задания и проверять успеваемость. Виртуальные лаборатории, такие как Labster, позволяют проводить опыты и моделировать биологические процессы, что особенно полезно при невозможности выполнения экспериментов в реальных условиях.

Пример: на платформе Labster доступны виртуальные лаборатории, где ученики могут проводить эксперименты по темам генетики, клеточной биологии и экологии. Это помогает учащимся не только понять теорию, но и визуализировать сложные процессы, улучшая усвоение материала.

3. Интерактивные приложения и ресурсы для обучения

Интерактивные приложения, такие как Kahoot, Quizlet и Nearpod, позволяют вовлечь учащихся в учебный процесс, создавая викторины, опросы и интерактивные слайды. Эти приложения могут использоваться для проверки знаний, самостоятельного повторения и углубленного изучения тем.

Пример: приложение Quizlet помогает учащимся учить терминологию и понятия по биологии через карточки и тесты, что особенно полезно для закрепления сложной информации.

4. Профессиональные сообщества и обмен опытом

Участие в профессиональных сообществах, образовательных форумах и вебинарах для педагогов способствует обмену опытом, позволяет учителям делиться новыми методами и подходами к преподаванию. Такие платформы, как TeacherTube, дают возможность обмениваться образовательным контентом, участвовать в тематических обсуждениях и находить новые подходы к обучению.

В заключении хочу сказать, что повышение цифровых навыков у педагогов играет ключевую роль в создании современного учебного процесса, адаптированного к требованиям XXI века. Использование онлайн-курсов, виртуальных лабораторий и интерактивных приложений помогает не только сделать уроки биологии более интересными и наглядными, но и способствует развитию функциональной грамотности учащихся. Развитие цифровой компетенции педагога влияет на качество образовательного процесса, что, в свою очередь, положительно отражается на результатах обучения и заинтересованности школьников в науке.

Список литературы:

1. Селезнева, А.И. Цифровая грамотность в образовании: методические подходы и рекомендации. – М.: Просвещение, 2021. – 152 с.
2. Смирнов, Ю.В. Цифровая компетентность педагога: как достичь успеха. // Образование в XXI веке. – 2022. – №2. – С. 25–30.
3. Иванова, Н.А., Петрова, Е.В. Использование виртуальных лабораторий в преподавании биологии. // Биология в школе. – 2023. – №4. – С. 46–50.
4. Платформа Coursera для повышения квалификации преподавателей // Официальный сайт Coursera. URL: <https://www.coursera.org> (дата обращения: 01.11.2024).
5. Лавров, П.П. Развитие цифровых навыков у педагогов: современные методики и подходы. – СПб.: Лань, 2022. – 200 с.

ХИМИЯ ПӘНІНЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚСАУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Л.Ш.Омарова

№ 8 колледж МКҚК, Ленгір қаласы, Төлеби ауданы, Түркістан облысы

Аңдатпа: Қазіргі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы жаһандық білімді құзыреттілікке бағыттауға байланысты туындап отыр. Қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу үдерісінде білім алушының өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күтілетін нәтижеге бағытталуы жаратылыстану пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың

тиімді әдіс тәсілдерін, білім нәтижелерін түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені туралы сөз етіледі.

Аннотация. В статье рассматривается о том, что сегодня в учебном процессе из актуальных проблем это развитие функциональной грамотности обучающихся путем формирования жизненных навыков. А также об изменениях в методике преподавания естественных дисциплин, начиная от содержания образования, видов обучения, методов обучения, результатов образования.

Annotation. The article considers that one of the urgent problems in the educational process today is the development of functional literacy of students through the formation of life skills. And also about changes in the methodology of teaching natural sciences, starting from the content of education, types of training, teaching methods, educational results.

Жоғары жылдамдықты ақпарат ағындары, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларына өзгерістер енгізуде. Серпінді дамып келе жатқан әлемде білім беру саласы да елеулі өзгерістерге ұшырауда. Заман көшіне ілесу талабының бірі – оқу үрдісінде жаңа әдіс – тәсілдерді пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым қатынасжасай алу деңгейінің көрсеткіші. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз - студенттің пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін кез - келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай болса, елдің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Химия сабағын оқыту барысында әр түрлі PISA тапсырмаларын ұсына отырып, студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін, өздігімен шешім қабылдай алу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, сыни ойлау қабілеттерін дамыту басты міндет болып табылады. Жаратылыстану ғылымдары ішіндегі химия пәнін оқу кезінде білім алушының пәнге қызығушылығын қалыптастыру, алған білімдерін өмірде, тұрмыста қажет екенін түсіндіру мақсатында функционалды сауаттылыққа бағытталған түрлі тапсырмалар мен өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру деңгейін жоғарылату басты назарға алынды.

Мысалы мына тапсырманы «Судың кермектігі» тақырыбын өткен кезде білім алушыға (ТТБ Мамандығы: 07161300 - «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану») беруге болады.

1-тапсырма: Елестетіп көріңізші, орман жолдарында ұзақ жүру кезінде радиаторға таза су құю керек. Бұл аймақтағы табиғи су тек бұлақ және құдық, өте қатты. Қолыңызда реактивтер болмаса, қандай жағдайында радиатор үшін суды қалай жұмсартуға болады?

Жауап: Алдымен суды отқа қайнату керек, содан кейін оттан күл жинап, суға қосу керек. Шүберек арқылы сүзіңіз немесе тұндырғаннан кейін үстіңгі қабатты

абайлап төгіңіз. Күл құрамында кальций мен магний тұздарын тұндыратын калий карбонатының едәуір мөлшері бар.

2-тапсырма: Екі үй шаруасындағы әйел кір жууға дайындалып жатты. Біріншісі суды 60 градусқа дейін қыздырып, кірді салды, екіншісі суды 5 минут қайнатты, содан кейін 60 градусқа дейін салқындатты, содан кейін ғана жууды бастады. Киімді кім жақсы жуады? Мұны қандай қарапайым тәжірибемен дәлелдеуге болады және оны қалай түсіндіруге болады?

Жауабы: Сабын және басқа жуғыш заттар жұмсақ суда қолданған тиімді. Судың кермектілігі оның құрамында кальций мен магний гидрокарбонаттарының болуына байланысты, олар қайнаған кезде карбонаттар түрінде тұнбаға түседі:



Суды 60 градусқа дейін қыздырғанда бұл реакциялар болмайды және су кермек болып қалады. Сондықтан кірді суды қайнатқан үй шаруасындағы әйел жақсы жуады. [3]

3-тапсырма: (Мамандығы: 10130300-«Тамақтандыруды ұйымдастыру») Лимон шырыны мен алма («Металдардың жалпы сипаттамасы»). Назгүл алма және лимон шырынымен эксперимент жасамақ болды. Ол алманы екіге бөліп, кесілген жағымен жайпақ ыдысқа салды.

Алманың бір бөлігіне лимон шырынын сығып тамызды. Біраз уақыттан кейін лимон шырынымен «қорғалған» бөлігінің ақ қалпында қалғанын, ал алманың «таза» бөлігі қарайғанын байқады. Алманың «таза» бөлігі неліктен қарайды? Бұл тапсырмада оқушылар лимон шырынының алмамен әрекеттесуін таба отырып, алманы сақтау жолын біледі, таза бөлігінің қараюында алма құрамында темірдің болуымен түсіндіреді. Күнделікті өмірде қолдана алады.

4-тапсырма: Белсенді әдіс «Қызықты деректер»: «Бір минуттық пікір» әдісі

Проблемалық мәселе: Көмірсутектер, атап айтқанда бензол және олардың туындылары ауыл шаруашылығына пестицидтер (пестицидтер) ретінде пайдаланылады. Пестицидтер егістіктер мен ормандарды зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден қорғау үшін қолданылады. Пестицидтер мынадай негізгі топтарға бөлінеді: инсектицидтер (зиянды жәндіктерден қорғайтын), фунгицидтер (патогенді микробтардан), зооцидтер (кеміргіштерге қарсы), гербицидтер (арамшөптерге қарсы). Бір жағынан, пестицидтер ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырады (35% дейін), олар экономикалық тиімді. Екінші жағынан, оларды қолдану пестицидтердің көбейтілген дозаларына төзімді зиянды жәндіктердің пайда болуына әкеледі, топыраққа теріс әсер етеді, топырақ фаунасы мен микроорганизмдерін тежейді.

1. Осы жерден қандай мәселе туындайды деп ойлайсыз және оны қалай шешер едіңіз? Әр топ қоршаған ортаға тигізетін зардабы мен оны қорғаудың жолдары туралы өз пікірін білдіреді.

2.Берілген «Проблемалық мәселе» ақпараттын пайдаланып, «Қоршаған ортаны қорғауға қосар біздің үлесіміз» деген тақырып бойынша ұсыныстар жазындар және басқа топтармен бөлісіңіздер.

Мұндабірін бірін тыңдау, бірін біріннің пікірірін толықтыру дағдысы қалыптасады. Білімалушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және теориялық алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу мақсатында саралап оқыту тапсырмасы берілді.Арнайы зерттеу дағдылары мен дамыған оқуды қажет ететін түрлі ресурстар алынды.Кейбір білім алушылар басқаларға қарағанда күрделі ресурстармен жұмыс істеуге бейім екенін ескере отырып, тақырып әртүрлі қырынан алынды.

Осылайша химия сабағында студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы келесі сапалы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді:

- студенттердің ойлауын дамыту, белсенді түрде талқылап, салыстырып, қажетті қисындық (логикалық) байланыстарды өздігінен тұрғыза отырып, қорытынды жасауына, химиялық тілдің дамуына;
- студенттердің танымдық қызметінің белсенділігі, оның дербестігі мен зерттеушілік сипатының жоғарылауына;
- сабақтың әрбір минутында танымдық қызметке іс жүзінде әрбір студенттің қатыстырылуына;
- топтық, өз бетінше жұмыс жасай алуына;
- Студенттің оқу еңбегінің тиімді дағдыларының қалыптасуына.

Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе,нәтижелі болатыны анық.[2]

Заман көшіне ілесу талабының бірі –оқу үрдісінде жаңа әдіс – тәсілдерді пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Бүгінгі таңдағы білім беру саласында тек мұғалімнің айтқанын орындау немесе оқулықты пайдалану заман талабын қанағаттандырмайды. Бүгінгі таңда студенттеріміз білім беру сапасын көтеру және олардың білімі терең, ойы ұшқыр, функционалдық сауаттылығы жоғары адам болып қалыптасуына ықпал жасау біздің міндетіміз деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы: 2012 жылдың 25 маусымы, №832 бекітілген // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832> (02.08.2022.).

2.Клок Г.Д. Формирование функциональной грамотности на уроках химии в общеобразовательной школе<https://urok.1sept.ru/articles>. 01.08.2022.

3.«Функционалдық сауаттылықты дамытуда критериалды бағалау ролі» «Химия мектепте» журналы 2016ж №1 56-б

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ә.М.Оралбаева

Жоғары инженерлік-технологиялық колледжінің Орал қ.

Аңдатпа Бұл мақалада биология сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың маңызы мен тәсілдері қарастырылады. Функционалдық сауаттылық – бұл оқушылардың білімді тек теориялық тұрғыдан меңгеруі емес, сонымен қатар оны нақты өмірде тиімді қолдана білу қабілетіне негізделген дағдылар жүйесі. Биология пәні экологиялық мәселелер, денсаулық сақтау, табиғат пен қоғамның өзара байланысын зерттей отырып, оқушылардың ғылыми ойлау, шешім қабылдау және өмірлік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мақалада биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін қолданылатын әдістер, оның ішінде проблемалық оқыту, жобалау әдісі, интернет-ресурстар мен сандық технологияларды пайдалану, дискуссиялар мен пікірталастар, сондай-ақ экологиялық жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру жолдары талқыланған. Биология пәні арқылы оқушылардың ақпаратты жинау, талдау, бағалау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту маңыздылығы көрсетілген. Сонымен қатар, бұл мақала оқушылардың тек ғылыми білімдерін ғана емес, сонымен қатар оларды қоғамда жауапты, экологиялық тұрғыдан сауатты және ғылыми көзқарасқа ие тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал ететін білім беру әдістемелерін ұсынады.

Аннотация: В данной статье рассматриваются значение и подходы к формированию функциональной грамотности на уроках биологии. Функциональная грамотность-это система навыков, основанная на способности учащихся усваивать знания не только теоретически, но и эффективно применять их в реальной жизни. Дисциплина Биология позволяет учащимся развивать научное мышление, принятие решений и жизненные навыки, исследуя экологические проблемы, здоровье, взаимосвязь природы и общества. В статье обсуждаются методы, используемые для развития функциональной грамотности на уроках биологии, включая проблемное обучение, метод проектирования, использование интернет-ресурсов и цифровых технологий, дискуссии и дискуссии, а также способы формирования навыков экологической ответственности. Показана важность развития у учащихся навыков сбора, анализа, оценки и решения проблем с помощью предмета Биология. Кроме того, эта статья посвящена исключительно научному воспитанию учащихся

Annotation. This article discusses the importance and approaches to the formation of functional literacy in biology lessons. Functional literacy is a system of skills based on the ability of students not only to acquire knowledge theoretically, but also to effectively apply it in real life. The subject of biology allows students to develop scientific thinking,

decision-making and life skills, studying the relationship between environmental issues, health care, nature and society. The article discusses the methods used to develop functional literacy in biology lessons, including problem-based learning, the design method, the use of internet resources and digital technologies, discussions and discussions, as well as ways to form environmental responsibility skills. The importance of developing students' skills in collecting, analyzing, evaluating information and solving problems through biology is shown. In addition, this article presents not only the scientific knowledge of students, but also educational methodologies that contribute to the formation of them in society as responsible, environmentally competent and with a scientific approach.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Жаһандық білім беру кеңістігінде функционалдық сауаттылық білім беру нәтижесі ретінде қарастырылып, оқушыларды тек теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар оларды өмірде кездесетін нақты мәселелерді шешуге дайын болатындай дағдылармен қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр.

Функционалдық сауаттылық деп адамның білім мен дағдыларды пайдалана отырып, өмірде кездесетін түрлі мәселелерді шешуге қабілеттілігін айтады. Оған ақпаратты іздеу, өңдеу, талдау, қолдану, шешім қабылдау және әрекет ету сияқты дағдылар кіреді. Функционалдық сауаттылықтың басты мақсаты – адамның білімін нақты өмір жағдайларында қолдану қабілетін дамыту.

Биология сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту тәсілдері:

Проблемалық оқыту әдісі оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруге және шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Биология сабағында осы әдіс арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуеті мен зерттеу қабілеттері дамиды. Оқушылар нақты биологиялық мәселелер мен жағдайларды талқылай отырып, оларды шешудің жолдарын іздейді.

Биология сабағында дискуссия мен пікірталас жүргізу оқушылардың зерттеу, талқылау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар биологиялық мәселелер бойынша пікірлерін білдіріп, дәлелдер келтіреді, сонымен қатар өзге пікірлерді тыңдап, дұрыс шешім табу жолдарын ұсынады. Бұл әдіс сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Мысалы, экология мен табиғат қорғау мәселелері бойынша пікірталас ұйымдастыру арқылы оқушылар биологиялық сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәселелерге қатысты жауапкершілік сезімін де қалыптастырады.

Биология пәнінде функционалдық сауаттылықты дамыту тек ғылыми білімдермен шектелмей, адамгершілік және экологиялық жауапкершілікті дамытуға да бағытталады. Оқушылардың табиғатқа деген құрметі, экологиялық сауаттылығы, денсаулық сақтау туралы түсінігі де қалыптасады. Биология сабақтарында табиғат қорғау, ресурстарды үнемдеу, экологиялық теңдікті сақтау туралы талқылаулар оқушылардың өзара жауапкершілікті сезінуін арттырады.

Ойындар мен симуляциялар оқушыларға биологиялық процестерді практикалық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырады және оларды өз бетінше зерттеу мен шешім қабылдау процесіне белсене қатысуға ынталандырады. Мысалы, экологиялық ойындар немесе биологиялық жүйелерді моделдеу арқылы оқушыларға табиғаттағы өзгерістер мен өзара байланыстарды зерттеу мүмкіндігі беріледі. Биология сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың нәтижесінде оқушылардың:

- Ақпаратты жинақтау және талдау дағдылары артады.
- Шешім қабылдау және проблемаларды шешу қабілеттері дамиды.
- Табиғатпен және экологиямен байланысты мәселелерге деген жауапкершілік сезімі қалыптасады.
- Ғылыми зерттеу дағдылары мен критикалық ойлау қабілеті нығайтылады.

Биология пәні функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда үлкен әлеуетке ие, себебі ол оқушыларды табиғатпен, экологиямен, адамның денсаулығымен байланысты мәселелерге жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Әртүрлі әдіс-тәсілдер мен стратегияларды қолдана отырып, мұғалімдер оқушылардың биологиялық білімдерін өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыра алады. Проблемалық оқыту, жобалау, дискуссия, сандық технологиялар және экологиялық жауапкершілік сияқты тәсілдер оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, олардың болашақта биология пәні бойынша алған білімдерін нақты өмірде тиімді қолдана алатын тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Тұрсынова, А.Ж. (2015). «Биология пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту: теория мен тәжірибе». Қазақстандағы білім беру жүйесі: даму және болашақ. Алматы: Қазақ университеті.
- 2.Ахметова, Г.Т. (2017). «Оқушылардың экологиялық білімін қалыптастыруда биология пәнінің рөлі». Қазіргі білім берудің проблемалары. Астана: Фолиант.
- 3.Мухамедова, С.Б. (2016). «Инновациялық технологиялар арқылы биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту». Білім берудегі жаңа әдістер мен технологиялар. Алматы: Рауан.
- 3.Жамалова, С.С. (2019). «Биология пәні арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту: оқу үдерісіндегі жаңа тәсілдер». Ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттары. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
- 4.Сағиев, А.Е. (2020). «Жобалау әдісінің биология сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы рөлі». Қазіргі мектептегі әдістемелік өзгерістер. Алматы: Атамұра.

КРИТЕРИИ ОЦЕНИВАНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КЕЙС-ТЕХНОЛОГИЙ

*А.К.Оспанова М.Б. Бекмухамбетова,
КГКП «Геологоразведочный колледж» УО области Абай
преподаватели химии и экологии*

Аңдатпа. Мақалада *Worldskills* стандарттары бойынша студенттердің жұмысын критериалды бағалауды қолдана отырып, аналитикалық химия сабақтарында кейс әдісін қолдану сипатталған.

Аннотация. В статье описывается как применяется метод кейсов на уроках аналитической химии с использованием критериального оценивания работ студентов по стандартам *Worldskills*.

Annotation This article describes applying of the case study method in analytical chemistry lessons using a criteria-based assessment of students' work according to *Worldskills* standards.

Современный урок — это ограниченный во времени период каждодневной жизни преподавателя и студента, который наполнен напряженным трудом и творческими поисками, рутинной работой и радостью успеха. Основная задача учителя состоит в том, чтобы, прежде всего, заинтересовать и увлечь учащихся процессом познания.

Проблема оценивания и его объективности остро стоит перед преподавателями в практике преподавания и перед студентами для оценивания успешности своего обучения. Для преподавателя важно, как с помощью оценки не погасить интерес к предмету, а наоборот, стимулировать ученика к продвижениям по отношению к самому себе. Оценка должна стать инструментом в руках преподавателя, который будет направлять, открывать новые возможности студенту на пути познания. Применение новых технологий активного обучения является «кейс» - технология и технология критериального оценивания дает возможность решить данную проблему.

Отличительной особенностью данного метода является создание проблемной ситуации на основе фактов из реальной жизни. При этом сама проблема должна быть актуальна на сегодняшний день и иметь несколько решений. Для работы с такой ситуацией необходимо правильно поставить учебную задачу, и для ее решения подготовить «кейс» с различными информационными материалами (статьи, литературные рассказы, сайты в сети Интернет, статистические отчеты и пр.)

Метод кейсов способствует развитию умений: анализировать ситуации, оценивать альтернативы, выбирать оптимальный вариант решений, составлять план осуществления решений.

Кейс дает возможность учителю использовать его на любой стадии обучения и для различных целей. Кейс – метод возможно использовать и в качестве экзаменов или зачетов.

В КГКП «Геологоразведочный колледж» УО области Абай по специальности 05320100 «Геологическая съемка поиск и разведка МПИ» по РО 10.5. Определять (диагностировать) минералы, руды, горные породы полевыми химическими методами РО 10.6. Выполнять минералого-петрографические исследования используем метод кейсов.

В эти результаты обучения можно внедрять кейс-задания, связанные с будущей профессией. На этих результатах обучения дается характеристика I-VI аналитических групп катионов, I-III аналитических групп анионов описываются качественные реакции катионов и их аналитический эффект, применение катионов и анионов в геологии и их биологическая роль.

Практическая часть описывает задания качественного и количественного анализа, а также алгоритм проведения лабораторных работ. Лабораторные работы даются в виде кейсов.

Тема «Проводить качественные реакции III аналитической группы катионов»

Кейс №1. Карбонат кальция – одно из самых распространенных на Земле соединений. Минералы на основе карбоната кальция покрывают около 40 млн. км² земной поверхности. Мел, мрамор, известняки, ракушечники – все это карбонаты кальция с небольшими примесями. Известняки встречаются в отложениях почти всех геологических возрастов. В чистом виде известняки – белого или светло – желтого цвета, но примеси придают им более темную окраску. Известняк незаменим в производстве цемента, карбида кальция, соды, всех видов извести (гашеной, негашеной, хлорной), белильных растворов и многих других полезных веществ. Без известняка не обходится ни одно строительство.

Задания:

- Назовите основные минералы Ca²⁺
- В какую группу катионов входит кальций Ca²⁺
- Напишите уравнение реакции обжига известняка
- Сырьем для какого производства является известняк
- Какое месторождение известняка известно в области Абай?
- Какие правила техники безопасности вы должны соблюдать при лабораторной работе?

Тема «Количественный анализ. Титриметрический анализ. Перманганатометрия»

Кейс №1. Перманганат калия применяется в качестве мощного окислителя в химической промышленности. Его используют для окисления и очистки воды от загрязнений и органических веществ. В медицинской сфере применяется для дезинфекции инструментов и поверхностей, обладая высокой активностью

против микроорганизмов. В аналитической химии перманганат калия используется в качестве реактива для определения содержания различных веществ. Применяется для обеззараживания воды в системах водоснабжения и водоочистки.

Для нейтрализации 20 мл раствора щавелевой кислоты $\text{H}_2\text{C}_2\text{O}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$, взятой из мерной колбы, емкостью 500 мл, пошло 18,25 мл 0,1 н раствора KMnO_4 . Сколько граммов щавелевой кислоты содержалось в колбе?

Задания:

- Напишите уравнение реакции между щавелевой кислотой и перманганатом калия в кислой среде
- Решите задачу
- Назовите области применения перманганата калия
- Какие правила техники безопасности вы должны соблюдать при лабораторной работе?

Алгоритм работы по технологии критериального оценивания:

- определить цели и задачи преподавателя и студента при изучении данной темы, в соответствии с требованиями к результатам освоения ОП;
- подобрать или составить задания, которые помогут сформировать компетенции в соответствии с результатами освоения учебных программ;
- определить критерий оценивания задания;

Критерии оценивания для лабораторно-практических работ по разделу

№	Темы	Критерии оценивания	баллы
«Качественный анализ»			
Организация рабочего места, подготовка оборудования и реактивов			25
1	Катионы 1-6 групп, анионы 1-3 групп	Использование перчаток, халата, очков	5
2		Нет разбитой стеклянной посуды	5
3		Маркировка лабораторного оборудования	5
4		Чистое рабочее место, без разлива реагентов	5
5		Утилизация отходов	5
Техника выполнения и решение кейс-задания			45
1		Соблюдает технику безопасности	10
2		Решение кейс-задания	15
		Техника выполнения лабораторной работы	20
Обработка, анализ и оформление полученных результатов			30
1		Записывает уравнения качественных реакций катионов и анионов в молекулярной форме	10
2		-ионной форме	5
3		-сокращенной форме	5
4		оформление полученных результатов в лабораторной тетради	5

5		делает вывод	5
6		ИТОГО	100

Таким образом, решение кейс-заданий и критериальное оценивание воплощает в себе принципы, которые лежат в основе обновления образования. При условии соблюдения методики ее применения, трудоёмкость и издержки адаптационного периода окупаются сохранением познавательного интереса ребёнка, развитием в нем желания учиться, трудиться, т.е. повышением качества знаний обучающихся.

Список литературы:

1. <https://neiros.ru/blog/business/kak-sozdat-uspeshnyy-keys-dlya-kompanii-i-kuda-ego-razmeshchat/>
2. <https://znaniya.com/task/776281>
3. https://aptechestvo.ru/interes/articles/permanganat_kaliya_ili_margantsovka_dlya_chego_nuzhny/

АКТУАЛЬНЫЕ ПОДХОДЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЦИФРОВОЙ ТЕХНОЛОГИИ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ХИМИИ

К. С. Өтеулиева

Европейский высший колледж экономики, бизнеса и права, г. Актобе

Аңдатпа. Жұмыстың мақсаты қазіргі заманғы жетістіктердің барлық салаларына, соның ішінде компьютерлік пен цифрлық технологияның артықшылықтарын қолданатын химияға да, кеңінен енген адам қызметінің бағытын қозғау болды.

Аннотация. Целью работы явилось затронуть направление деятельности человека, которое внедряется во все сферы современных достижений, в том числе и химии, где используется все преимущества компьютерной и цифровой технологии.

Annotation. The aim of the work was to touch the direction of the human which is being introduced into all spheres of modern achievements including chemistry, where all the advantages of computer and digital technology are used.

Еще с конца прошлого века отмечается распространение информационных и коммуникационных технологий практически во всех сферах деятельности человека. Во всех областях науки, техники и образования имеют место процессы компьютеризации, интернетизации, информатизации, а теперь и цифровизации.

Стоит отметить, что информационные технологии (ИТ), прочно закрепившись в нашей жизни, также и облегчили нашу жизнь. Ведь сколько сил и времени уходило на вычисление экономических процессов, так как включается много факторов, влияющих на экономику, а если и вычислить как-то результаты экономических процессов одного предприятия, то на уровне одного региона или

всей страны вычисления производились несколькими днями, да и точность этих вычислений не всегда была на уровне. На сегодняшний день любые вычисления выполняются с помощью компьютеров. При этом результаты точные и вычисляются за считанные секунды[1].

Созданы программы, помогающие банковским работникам, экономистам, бухгалтерам, проектировщикам, а об освоении космоса вообще человечество могло только мечтать. Этот список можно продолжать до бесконечности и перечислить все профессии, так как информационные технологии проникли практически во все сферы человеческой жизни. Знание компьютера – наиболее важное требование при трудоустройстве.

Всем нам известна история человеческого общества, в которой в самом начале для передачи информации использовался язык жестов, а потом только появилась устная речь. Информация должна быть полной и точной, чтобы человек мог точно ориентироваться в окружающем мире. Получение полной и точной информации о технике, обществе и о природе – это задача науки. Сам процесс научного познания начался после изобретения книгопечатания. Современный человек живет и действует в окружении «моря информации», получая определенную информацию с помощью органов чувств и храня их в памяти. Через мышление человек обрабатывает и анализирует этот поток информации, обменивается с другими людьми, что способствует развитию и прогрессированию самого общества.

Понятие «Информационное общество» было введено в научный оборот в 1960-х годах. В зарождающемся информационном обществе в ресурс превратилась сама информация. Здесь уместно привести существующую поговорку: «Кто владеет информацией, тот владеет всем»[2].

В современном информационном обществе главным ресурсом является информация. Все процессы, связанные с ней базируются на информационных и коммуникационных технологиях. Информационные и коммуникационные технологии — это методы устройств и производственных процессов, используемых обществом для сбора, хранения, обработки и распространения информации.

На компьютерах в основном, до недавнего времени обрабатывалась числовая и текстовая информация. Однако большую часть информации человек получает с помощью изображения и звука и тогда компьютеры начали работать с изображением и звуком. Особенно важным и значительным является изображение, ведь недаром говорится: «лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать».

Особого внимания заслуживают технологии, используемые в сфере образования, их значение сложно переоценить. Найти школу, в которой не было бы компьютерного класса, можно, наверное, только в каком-нибудь уж очень захолустном уголке. Чего уж говорить про Интернет, который предоставляет

каждому из нас массу информации, получить которую можно за несколько минут, без долгого корпения над книжками в библиотеке. Быстрое развитие информационных коммуникационных технологий позволяет реализовать два главных принципа будущей системы образования: принцип доступности и принцип непрерывности. Таким образом, информационные технологии могут значительно облегчить процесс образования и обучения[3]. Скорость передачи информации растет ежедневно, возрастают и технологические мощности. С помощью технических средств люди с разных концов Земли могут общаться друг с другом, интернет – это один из популярнейших способов связи на сегодняшний день, главным образом потому, что он общедоступен.

Использование готовых электронных продуктов позволяет отразить существенные стороны химических объектов, многочисленных химических процессов, которые становятся доступными нашему взору. Одна из таких программ - PL Table, представляющая многофункциональной периодической системой элементов + химический калькулятор. Программа позволяет иметь под рукой подробную информацию о химических элементах (более 30 полей данных о каждом из них). Информацию можно пополнять и отображать различными способами, включая наглядное графическое представление, а также сохранять для последующего использования в других программах. Благодаря встроенному химическому калькулятору, программа «умеет» уравнивать химические реакции и решать типовые химические задачи.

Возможности компьютерной технологии можно сказать неисчерпаемы. Могли кто-нибудь раньше представить себе, что можно осуществить какие-либо химические превращения, не производя самого эксперимента и не имея под рукой необходимых реактивов. Это стало достижимым с программой Virtual Chemistry Lab 2.0 Portable, являющейся портативной химической лабораторией. Программа представляет из себя виртуальную химическую лабораторию со множеством возможностей. Программа имеет базу данных реакций и может визуально показывать большинство из них. Способ, каким в этой программе ставятся эксперименты, очень напоминает работу реальной лаборатории. В программе также предусмотрено самотестирование, имеется научный калькулятор и возможность выполнять лабораторные работы[4].

В сегодняшний день ИКТ все больше охватывает разные сферы, в том числе и образование, где молодое поколение постигает основы человеческого бытия, важные законы окружающей среды и общества. Изучение дисциплин осуществляется по разным ресурсам, к которым относятся учебные пособия, а их могут заменить интерактивные мультимедиа учебники, к примеру «Органическая химия». Учебник предназначен учащимся старших классов средней школы для компьютерной поддержки изучения органической химии. Может быть полезен выпускникам средних учебных заведений для систематизации и углубления знаний при подготовке к единому государственному экзамену (ЕГЭ) по химии[5].

Совершенствование информационных коммуникационных технологий (создание локальных и глобальных сетей, баз данных и знаний, а также экспертных систем) формирует специфическую учебную информационную компьютерную область, которая обогащает традиционные формы обучения. Процесс информатизации и компьютеризации общества трансформировал привычные представления об образовании и раскрыл необходимость новых подходов связанных с открытым образованием. Стратегическое значение информационных и компьютерных технологий, применяемых в области образования неоспоримо.

Подводя итог, можно сказать, что информационные технологии очень глубоко проникли в жизнь современного человека, и не будет преувеличением тот факт, что они не будут оставаться в том виде в каком есть на сегодняшний день, ибо темп развития их просходит достаточно большими шагами.

Список литературы:

1. Дендербер С.В., Ключникова О.В. Современные технологии в процессе преподавания химии, М.: 5 за знания, 2007
2. Маркова А.К. Учебно-познавательные мотивы и пути их исследования / Формирование учебной деятельности обучающихся / Под ред. В.В. Давыдова, И. Ломпшера, А.К. Марковой; Научно-исслед. ин-т общей и педагогической психологии Академии пед. наук СССР, Научно-исслед. ин-т педагогической психологии Академии пед. наук ГДР. – М.: Педагогика, 1982. – С.163-169.
3. Леташкова Екатерина Владимировна «Использование информационных технологий на уроках химии», <http://festival.1september.ru>
4. Чернобельская Г.М. Методика обучения химии в средней школе. – М. Владос, 2000
5. Интернет-ресурсы: ict.edu.ru; <http://konf-sot-2011/ucouz.ru>
<http://www.proshkolu.ru/club/chemistry/file2/229659>
<http://festival.1september.ru/articles/601741/>

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ж.М.Полатова

Алматы облысы, Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі

Аңдатпа. Бұл мақалада колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын арттыру әдістері қарастырылады. Биология пәнінде қолданылатын тапсырмалар теориялық білімді күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Негізгі механизмдерге мәселелерді шешу, деректерді

талдау, модельдеу, ғылыми мәтіндермен жұмыс жасау және күнделікті өмірмен байланыстыру кіреді. Бұл тәсілдер студенттердің ғылыми ойлау қабілетін жетілдіріп, білімді практикада қолдануға мүмкіндік береді.

Аннотация В статье рассматриваются методы повышения функциональной грамотности студентов колледжа. Задания по биологии направлены на развитие навыков применения теоретических знаний в повседневной жизни. Основные механизмы включают решение проблем, анализ данных, моделирование, работу с научными текстами и связь с реальной жизнью. Эти подходы способствуют развитию научного мышления и практическому применению знаний.

Annotation. This article discusses methods to enhance the functional literacy of college students. Biology tasks are designed to develop skills for applying theoretical knowledge to everyday life. Key mechanisms include problem-solving, data analysis, modeling, working with scientific texts, and real-life connections. These approaches foster scientific thinking and practical application of knowledge.

Функционалдық сауаттылық биология пәнінен тапсырмалар оқушылардың тек теориялық білімін емес, сонымен қатар оларды күнделікті өмірде қолдана білу дағдыларын дамытады. Мұндай тапсырмаларға мыналар жатады:

1. Мәселені шешу: Оқушылар биологиялық мәселелерді (мысалы, экосистема өзгерістері, тұқым қуалаушылық мәселелері) талдайды, нәтижелерін болжайды.

2. Деректерді талдау: Графиктер, диаграммалар, кестелер бойынша ақпаратты талдау, қорытындылар жасау. Мысалы, өсімдіктердің өсу жағдайларын зерттеу.

3. Симуляциялар мен модельдер: Экологиялық процестердің модельдерін қолдану, биологиялық үдерістерді компьютерлік модельдермен түсіндіру.

4. Ғылыми зерттеулерді түсіну: Биология ғылымының жаңа жетістіктерін түсініп, ғылыми мәтіндерден ақпаратты меңгеру.

5. Күнделікті өмірмен байланыс: Биология саласындағы мәселелерді нақты өмірмен байланыстырып, мысалы, тамақтану, денсаулық сақтау, экология мәселелерін қарастыру.

6. Табиғи процестерді түсіну: Оқушыларға экосистемаларда жүретін энергия ағыны мен заттардың айналымы туралы нақты мысалдар беру. Мысалы, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігін қамтамасыз ететін қоректік тізбектерді түсіндіру.

Бұл тапсырмалар оқушылардың биология пәнінен алған білімін нақты өмірде қолдана алуға, сондай-ақ ғылыми тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Биология пәнінен функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған тапсырмалар

Көмірсулар (фруктоза, глюкоза)

Жоғары фруктоза жүгері сиропы тамақ өнеркәсібінде кеңінен қолданылатын материал болып табылады. Фруктоза глюкозаға қарағанда тәттірек деп адамның дәм бүршіктері арқылы ажыратылады; бұл азық-түлік өндірушілеріне көмірсутекті

азырақ пайдалану арқылы тағамның тәттілігін сақтауға мүмкіндік береді. Фруктоза барлық жасушаларда («глюкоза сияқты») метаболизденбейді, бірақ гликоген түзу үшін бауырда метаболизденеді және кейіннен майға айналуы мүмкін. Денсаулық сақтау жөніндегі науқаншылар HFCS қолданудың жоғарылауы семіздікке ықпал етеді деп мәлімдеді.

1-тапсырма. Неліктен адамдарда фруктозаны метаболиздеу механизмі бар екенін сипаттаңыз.

Жауабы:

Адамдар фруктозаны метаболиздей алады, себебі...

Төмендегілердің кез келген екеуі :

Фруктоза табиғи моносахарид болып табылады, мысалы, көптеген жемістерде; [1 ұпай]

Фруктозаның жоғары калориялық мазмұны бар, сондықтан жақсы тағам көзі болып табылады; [1 ұпай]

Фруктоза сахарозаның бір бөлігін құрайды, сондықтан табиғи түрде қамыс/қызылша/асқан қантының ас қорыту өнімі ретінде түзіледі; [1 ұпай]

[Барлығы: 2 ұпай]

Бәсекеге қабылетті спортпен айналысатын қатысушылар мен жаттықтырушылар спорттық сусындардың оңтайлы құрамын зерттеуге қатысты. Осындай зерттеулердің бірі төменде келтірілген. Сегіз дайындалған, бәсекеге қабылетті ерлер велошабандоздарды зерттеуге қатысты, олар 12 сағат бойы ораза ұстады, содан кейін 10 мильдік уақыт жарысында жарыс алдында бірден су, глюкоза ерітіндісі немесе 2:1 глюкоза, фруктоза сусыны берілді. Нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

сусын	Жұтылған моносахаридтің жалпы массасы/г	Сынақтың аяқталу уақыты/ минут, секунд
су	0	25:00
Глюкоза ерітіндісі	30	23:32
2:1 глюкоза, фруктоза қоспасы	30	20:30

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. М. Саркисов, В. И. Горбачев — «Биология. Жалпы бөлім» (Оқу құралы).

Бұл оқу құралы биология пәнінің негіздерін түсінуге бағытталған, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға көмектеседі.

2. Н. С. Құрманалиев — «Биология» (Мектеп оқушыларына арналған оқулық).

3. Ж. А. Қабдолова, Б. Т. Әлиев — «Экология және табиғат қорғау» (Оқу құралы).

Бұл кітапта экологиялық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар мен мысалдар беріледі.

4.М. М. Сарсембаев — «Табиғатты қорғау және экология негіздері».

Экологиялық білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған материалдар.

А. С. Бенашвили — «Биологияның жалпы принциптері».

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Г.Ж.Санкайбаева

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі

***Аңдатпа.** Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға. Бүгінгі таңда функционалдық сауаттылық қоғамның даму деңгейінің көрсеткіші болып саналады, сондықтан ол білім беру жүйесінде ерекше маңызды. Химия пәнінде теория мен тәжірибенің тығыз байланысы функционалдық сауаттылықты дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылар тек формулаларды, заңдарды, химиялық реакцияларды үйреніп қана қоймай, оларды нақты өмірде қолдану жолдарын түсінуі қажет.*

***Аннотация.** В настоящее время становится все более актуальным взять за основу в системе образования вопрос «функциональной грамотности». В современном быстро меняющемся мире функциональная грамотность становится одним из основных факторов, способствующих активному участию людей в социальной, культурной, политической и экономической деятельности, а также обучению на протяжении всей жизни. Сегодня функциональная грамотность считается показателем уровня развития общества, поэтому она особенно важна в системе образования. Тесная связь теории и практики в химии способствует развитию функциональной грамотности. Студенты должны не только выучить формулы, законы, химические реакции, но и понять, как их применять в реальной жизни.*

***Annotation.** Currently, it is becoming increasingly important to take the issue of “functional literacy” as a basis in the education system. In today's rapidly changing world, functional literacy is becoming a key factor in facilitating people's active participation in social, cultural, political and economic activities, as well as lifelong learning. Today, functional literacy is considered an indicator of the level of development of society, so it is especially important in the education system. The close*

connection between theory and practice in chemistry contributes to the development of functional literacy. Students must not only learn formulas, laws, and chemical reactions, but also understand how to apply them in real life.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алу өзектілігі артып отыр. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. «Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға. PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады.

Функционалдық сауаттылық — бұл жеке адамның күнделікті өмірде, қоғамда және кәсіби салада әртүрлі ақпаратты тиімді қолдана білу қабілеті. Бұл қабілет тек оқу мен жазу дағдыларын ғана қамтымайды, сонымен қатар, адамның ақпаратты өңдеп, талдап, оны шешім қабылдау үшін қолдана алуын білдіреді. Бүгінгі таңда функционалдық сауаттылық қоғамның даму деңгейінің көрсеткіші болып саналады, сондықтан ол білім беру жүйесінде ерекше маңызды. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы жоғары болса, олар өздерінің білімін тек қана теорияда емес, практикада да тиімді қолдана алады. Әсіресе, цифрлық сауаттылықтың маңызы артты.

Химия пәнінде теория мен тәжірибенің тығыз байланысы функционалдық сауаттылықты дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылар тек формулаларды, заңдарды, химиялық реакцияларды үйреніп қана қоймай, оларды нақты өмірде қолдану жолдарын түсінуі қажет.

Халықаралық PISA зерттеулерінде барлық сұрақтар мен тапсырмалар жалпы үш топқа бөлінеді, олар: «Қалай білуге болады?» атты таным әдісін қолдануға арналған тапсырмалар. «Түсіндіріп көр» – құбылыстар мен фактілерді түсіндіруге арналған тапсырмалар. «Қорытынды жаса» – берілген деректер негізінде қорытынды құрастыруға арналған тапсырмаларды орындау.

Оны төменде берілген колледж білім алушыларының функционалдық сауаттылықтарын тексеруге арналған, құрылымы жағынан бір-біріне ұқсамайтын тапсырмалардың үлгісінен көруге болады.

1-мысал. Көкөніс-жемістерді тот баспайтын болаттан немесе керамикадан жасалған пышақпен тазалау қажет екенін бәрі біледі. Тот баспайтын, аса мықты болатты медициналық құралдар жасауға қолданады, сондықтан оны «медициналық» немесе «хирургиялық болат» деп те атайды. Тот баспайтын болат өзінің гигиеналық қасиетімен ерекшеленеді, оның жылтыр бетінде бактериялар

жиналатын жарықшақтар мен ұсақ тесіктер болмайды және кез келген кірлеуден тез тазаланады. Керамикадан жасалған пышақтардың өткірлігі ұзақ мерзімге шыдайды, бөтен иіс пен дәмді жұтып алмайды және шығармайды, сонымен қатар бактерицидтік қасиетке ие.

Сұрақ. Неліктен көкөніс-жемістерді тазалағанда тез тотығатын металдан жасалған (темірден, мыстан) пышақты қолдануға болмайды?

А. Металл иондары катализатор ретінде тотығуды жеделдетеді, нәтижесінде көкөніс-жемістердің құрамындағы көмірсуларды ыдыратады.

В. Металл иондары катализатор ретінде тотығуды жеделдетеді, нәтижесінде көкөніс-жемістердегі С витаминінің көзі болып табылатын аскорбин қышқылын ыдыратады.

С. Темірден және мыстан жасалатын пышақты көкөніс-жеміс шырынының әсерінен тот басады.

Д. Көкөніс-жеміс арқылы темір пышақтың металл иондары ағзаға түседі.

Жауабы. Кейбір металдардың – темірдің және мыстың иондары аз ғана мөлшердің өзінде көкөніс-жеміс құрамындағы аскорбин қышқылының (витамин С) тотығуын катализатор түрінде күшейте алады. С витаминінің бұзылу үдерісінің болмағаны дұрыс, әрине, сондықтан жеміс-жидектер үшін алюминийден, тот баспайтын болаттан жасалған пышақтар, қасықтар мен шанышқылар қолданылады. Өйткені бұл материалдар осыған ұқсас катализаторлық қасиеттерге ие емес.

2-мысал. Азот топшасы

1. Азот – теңдесі жоқ биогенді элемент, өйткені ол ақуыздар мен нуклеин қышқылының құрамына кіреді. Азот – түссіз, иіссіз, дәмсіз химиялық элемент.

Атмосфера – азоттың таусылмас көзі, бірақ тірі ағзалардың негізгі бөлігі бұл, азотты сол күйінде пайдалана алмайды: ол химиялық қосылыс күйінде алдын ала байланысқан болуы қажет. Ауадағы азотты аулап, оны өсімдікке лайықты формаға айналдыруға қабілетті азоттаушы бактериялар өмір сүреді.

1-тапсырма. Азоттаушы бактериялардың көмегімен жақсы өнім алынғанда жоңышқа бір маусымда 150-160 кг/га азот жинақтауы мүмкін. Азоттың осындай массасын ауаның қанша көлемі m^3 қамтиды?

2-тапсырма. Маусым ішінде 100 кг/га азот жинақтаған 1 га жоңышқа тыңайтқыш түрінде қолданылатын аммиак суының 10% ерітіндісінің қандай массасын алмастыра алады?

Химия пәні функционалдық сауаттылықты дамыту үшін өте тиімді алаң болып табылады. Теориялық білім мен тәжірибені, сандық сауаттылықты, математикалық дағдыларды, экологиялық мәселелерді және сын тұрғысынан ойлауды байланыстыра отырып, білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етуге болады. Мұндай тәсілдер білім алушылардың химия пәнін түсініп қана қоймай, оны нақты өмірде қолдана алатын қабілеттерін қалыптастырады.

Функционалдық сауаттылықты химия пәнінде дамыту – бұл білім алушылардың тек химиялық білімін ғана емес, сонымен бірге олардың заманауи қоғамда тиімді әрекет ету дағдыларын да қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. PISA-2015 халықаралық зерттеуге дайындықты әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Әдістемелік жинақ. – Астана: Б. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 118 б.
2. «PISA-2018/ компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары»: Жинақ –«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ.Астана, 2016-126бет.
- 3.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚИТУДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Р.Темірғалиев

Атырау қаласы, Атырау энергетика және құрылыс колледжі

Аңдатпа. Мақалада студенттердің функционалдық сауаттылықтарын дамыту арқылы танымдық белсенділіктерін, шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін, өз бетінше жұмыс жасай білу қабілетін дамыту қарастырылған. Химия сабағында оқитудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жағдайлары қарастырылған.

Аннотация. Статья предусматривает развитие познавательной активности, творческого, логического мышления, способности к самостоятельной работе через развитие функциональной грамотности студентов. На уроке химии предусмотрены условия для развития у студентов способности к логическому мышлению, расширения теоретических знаний при повышении творческих поисков, активности самостоятельной работы с применением различных методов обучения.

Annotation. The article provides for the development of cognitive activity, creative, logical thinking, the ability to work independently through the development of functional literacy of students. The chemistry lesson provides conditions for the development of students' ability to logical thinking, the expansion of theoretical knowledge while increasing creative searches, the activity of independent work using various teaching methods.

Қазіргі, тез өзгертін әлемде функционалды сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке, сондай-ақ өмір бойы оқуға белсенді қатысуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады [1]. Функционалды сауаттылықты арттыруға химия пәнінің мұғалімі ретінде бірден – бір қосар үлесіміз жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын арттыру. Жаратылыстану ғылымдары ішіндегі химия ғылымының қыр-сырын зерттеуге оқушылардың қызығушылығын арттыруға, алған білімдерінің өмірде, тұрмыста қажет екенін ұғындыру мақсатында қысқа мерзімді сабақ жоспарында функционалды сауаттылыққа бағытталған тапсырмаларды жоспарлап отырамыз.

Қазіргі заманда еліміздің болашағы – жастар деп айтып жатамыз. Алдағы жылдарда елді дамытатын да, сол дамыған дәуірдің жемісін көретін де – жастар. Жастарымыздың білімді, денсаулықтары мықты болып өсулері үшін ғана емес, сонымен қатар, олардың өз елінің шынайы патриоттары болып ержетуі жолында тер төгу бүгінгі аға буынның өкілдері үшін зор міндет деп білемін. Сондықтан, әрбір білім нәрімен сусындататын ұстаздың міндеті болғандықтан, оқушылардың пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалды сауаттылықты дамыту бағытында білім, білік - дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.[2]

Осыған орай, химия пәнінің қызығы мен ғажайыбын көрсету мақсатында әр сабақты оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында үнемі байланыстырып тәрбиелеу бағытында өткізіп отырамын. Химия сабағында алған білімдерін оқушылар күнделікті өмірдегі байланыстармен қамтамасыз ету менің бірінші міндетім болып саналады. Химия пәні күрделі пән екендігі бәрімізге де аян. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсіну керек.

Міне, осындай әр түрлі ойлардан кейін бала жүрегіне жол тауып, білімге жетелеу үшін мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы тиіс. “Ғылымды күшті меңгерген және оны сүйетін мұғалім ғана өз шәкіртінің бәріне жемісті ықпал жасайтын болады” деп Д.И. Менделеев айтқандай, оқушының терең білімді болуының басты шарттарының бірі мұғалімнен оқушыға берілетін білімнің көлемі жеткілікті, толық әрі нақты болуы керек және де білім оқушының ішкі жан дүниесінде қалыптасып, керек кезде белгілі бір дамитын күш ретінде қажетке жарау керек деп ойлаймын.

Химия пәнінде шығармашылық есептер студенттердің шығармашылығын шыңдайтын есептер болып табылады. Шығармашылық есептерді пәнге деген қызығушылығы жоғары студенттер орындайды. Химия сабағында сандық есептерді шығару – ойды, зейінді қызықтыратын тартымды есептер болып табылады. Әсіресе 1 курстың химияны бастағанда сандық есептерді көбірек шығарса, студенттердің пәнге деген қызығушылықтары артады. Сондықтан, сандық есептер оқушыларды әртүрлі ой әрекетіне: салыстыруға, жалпылауға, талдауға үйренеді. Сонымен қатар, сандық есептер оқушылардың есте сақтауын қалыптастырады, танымдық мүмкіншіліктерін кеңейтеді, химиялық білім

деңгейінің жоғарлауына, мектеп курсы саналы қабылдауына жетелейді. Студенттер осындай танымдық белсенділігін дамыту барысында төмендегідей нақты жұмыстар атқарып жүрмін: “Жас химик” атты үйірме сағатында және “Химия және экология” тақырыбында факультативтік курсты жоспарлы түрде ұйымдастырып, студенттердің шығармашылығын дамыту мақсатында жұмыстар жүргізіп келемін. Сабақта студенттер қиын деңгейлі есептерді шығаруға әр түрлі әдісті қолдана отырып, тиімді, ықшамды жолмен шығаруға қалыптасуда. Әр түрлі қиындықтағы тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен оқып, қосымша анықтамалық материалдарды қолдануды меңгергендіктерін байқатып келеді. [4]

Студенттердің жаратылыстану – ғылыми функционалдық сауаттылықты дамытудағы біліктері мен дағдыларының үлгілік тізбесі

- өмірлік жағдайларда жаратылыстану білімдерін пайдалану;
- қорытынды жасау;
- ғылыми құбылыстарды сипаттай, түсіндіре және болжай білу;
- зерттеу әдістерін түсіну;
- құбылыстарды, фактілерді, оқиғаларды тізімдеу;
- нысандарды, оқиғаларды, фактілерді салыстыру;
- оқиғаларды, құбылыстарды және т. б. мәселелердің мәнін көру;
- рефераттар, жоспарлар және т. б. құру.

Функционалдық сауаттылықты диагностикасы келесі аспектілерді қамтиды:

- сауаттылықты игеру процесі химиялық тілді және символдық жүйелерді игеру, онсыз химиялық ақпарат алу және өмір мен қызметтің белгілі бір саласында білімді пайдалану мүмкін емес;
- оқу процесі пән және оқу пәндері бойынша білімді, іскерлікті, дағдыларды игеру;
- дайындық процесі. Практикалық, зертханалық жұмыстарды орындау үшін қолда бар және алынған білімді, дағдыларды бейімдеу, есептерді шешуде немесе белгілі бір әлеуметтік жағдай.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әдістерінің бірі химиялық эксперимент болып табылады, ол зерттеу және коммуникативтік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, оқушылардың тіршілік қауіпсіздігі тұрғысынан оқу үдерісіндегі әртүрлі жағдайларды талдау білігін қалыптастырады. Сабақтарда виртуалды химия зертханасын пайдалану пәнге деген қызығушылықты едәуір арттырады, компьютерлік технологияларды дамытуға ықпал етеді. Тағы бір әдіс – жоба әдісі. Өзгеретін жағдайларға бейімделу, әртүрлі жағдайларда шарлау, түрлі ұжымдарда жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Ойын технологияларын пайдалану (ребустар, кроссвордтар, рөлдік ойындар) – бұл мінез-құлықпен өзін-өзі басқаруды дамытатын және жетілдіретін қоғамдық тәжірибені құруға және игеруге бағытталған әртүрлі жағдайлардағы қызмет түрі [5].

Сондай-ақ, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға проблемалық оқыту ықпал етеді. Мәселе әрқашан кедергі болып табылады. Кедергілерді жеңу – қозғалыс, дамудың тұрақты серігі. Сабақта проблемалық тапсырмаларды қолдану тапқырлық, стандартты емес шешімдер қабылдау қабілеті, ақыл-ойдың икемділігі, ұтқырлық, ақпараттық және коммуникативті сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан - 2050” стратегиясы
2. ҚР Ұлт көшбасшысының Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсу, реформалар, даму” баяндамасы
3. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы
4. “Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары”
5. И.Нұғыманов “Химияны оқыту әдістемесі”
6. Қазақстан мектебі. №4 “Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері”
7. “Функционалды сауаттылықты дамытуда критериалды бағалау рөлі “ Химия мектепте” журналы

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ МЕХАНИЗМДЕРІ

И.Қ.Төлбасиева

Кентау көпсалалы колледжі, Кентау қаласы.

***Аңдатпа.** Функционалдық сауаттылық - студенттің алған білімін практикада тиімді қолдана алу қабілетін, мәселені шешу, ақпаратты талдау және өз ойларын еркін жеткізу дағдыларын дамытуға негізделген.*

***Аннотация.** Функциональная грамотность - основана на развитии у студента умения эффективно применять полученные знания на практике, навыков решения проблем, анализа информации и свободного изложения своих мыслей.*

***Annotation** Functional literacy-based on the development of the student's ability to effectively apply the acquired knowledge in practice, the ability to solve problems, analyze information and express their thoughts freely.*

Кіріспе:

Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, студенттердің функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс - шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған

стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылық – бұл студенттердің күнделікті өмірде алған білімдерін қолдана алу қабілеті. Бүгінгі таңда білім беру саласында осы құзыреттілікті дамыту маңызды міндет болып табылады, әсіресе химия сияқты пәндерде. Функционалдық сауаттылық химия сабағында студенттердің ғылыми танымын қалыптастырып, оны өмірде қолдануға үйретеді.

Негізгі бөлім:

Функционалдық сауаттылықтың маңызы және химиядағы рөлі:

Химия пәнінен жаңа тақырыптарды және үй тапсырмаларын бекіту кезінде студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін, теория жүзінде алған білімді практикада қолдана білу үшін функционалдық тапсырмаларды қолданудың маңызы зор. Себебі функционалдық сауаттылық тапсырмалары сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады, ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырады, алған білімін өмірде қолдана білуге бағыт-бағдар береді.

Функционалдық сауаттылық – студенттердің теориялық білімдерін практикалық мәселелерді шешу үшін қолдана білу қабілеті. Химиядан функционалдық сауаттылықты арттыру:

- Студенттердің ғылыми көзқарасын қалыптастырады;
- Қоршаған ортаны түсінуіне көмектеседі;
- Жеке тәжірибеде қолданылатын практикалық білім береді.
- Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрлым танымал халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment – PISA) болып табылады.

2. Функционалдық сауаттылықты дамыту механизмдері

Химия сабағында функционалдық сауаттылықты арттыру үшін келесі механизмдер қолданылады:

Проблемалық оқыту әдісі: Студенттерді зерттеушілік жұмыстарға баулу, мысалы, химиялық реакциялардың адам денсаулығына әсері туралы мәселелерді талдау. Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін дамытады.

Интерактивті әдістерді қолдану: Сұрақ-жауап, рольдік ойындар, пікірталастар, «миға шабуыл» секілді тәсілдер. Интерактивті әдістер оқу үдерісін қызықты етеді.

Жобалық оқыту: Студенттерді химия саласындағы ғылыми-зерттеу жобаларға қатыстыру. Мысалы, экология мәселелерін зерттеу, тұрмыста химиялық заттарды қауіпсіз қолдану жобалары.

Ситуациялық тапсырмалар: Әрбір сабақта өмірдегі нақты жағдайларға байланысты тапсырмалар беру. Мысалы, тұрмыстық химия өнімдері және олардың құрамындағы заттар туралы талқылау.

Тәжірибе жасау және зертханалық жұмыстар

Химия пәнінде зертханалық жұмыстар – студенттердің қызығушылығын арттыратын маңызды әдіс. Тәжірибелер студенттердің логикалық ойлау қабілетін дамытып, теориялық білімді тәжірибе арқылы бекітеді. Мысалы:

- Қышқылдар мен негіздердің әсерін зерттеу.

- Химиялық реакциялар мен олардың өнімдерін анықтау.

3. Функционалдық сауаттылықты бағалау және кері байланыс

Студенттердің функционалдық сауаттылығын бағалау үшін диагностикалық тесттер, практикалық тапсырмалар мен жобалық жұмыстар арқылы бақылау жүргізу.

Бағалаудың тиімді жүйесін жасау және жетістіктері бойынша кері байланыс орнату.

Қорытынды: Химия сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту – студенттердің болашақта ғылым мен қоғам үшін маңызды тұлғалар ретінде қалыптастырудың негізгі . Осы тәсілдер студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, болашақта өмірде қажетті дағдыларды қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан - 2050” стратегиясы
2. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы
- 3.”Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары” 2012 ж-66
4. И.Нұғыманов “Химияны оқыту әдістемесі” Алматы Print-S.2005
5. Интернет желісі

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Д. Ж.Төлеген, Қ. Е.Ақсамбай

Талдықорған қаласының “Авиценна” медициналық колледжі

***Аңдатпа.** Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамның барлық салаларына әсер етіп, білім беру жүйесіне де үлкен өзгерістер алып келді. Бұл өзгерістердің негізгі бағыттарының бірі – мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту болып табылады. Оқыту процесінің*

тиімділігін арттыру және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін цифрлық құралдар мен ресурстарды қолдану өте маңызды. Биология пәні осы бағытта ерекше рөл атқарады, себебі табиғат туралы білімдер тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық және зерттеу жұмыстарымен байланысты түрде берілуі керек.

Аннотация. В настоящее время динамичное развитие цифровых технологий затронуло все сферы общества и привело к большим изменениям в системе образования. Одним из основных направлений этих изменений является развитие цифровых компетенций учителей и учащихся. Использование цифровых инструментов и ресурсов имеет решающее значение для повышения эффективности процесса обучения и формирования функциональной грамотности. Дисциплина Биология играет особую роль в этом направлении, поскольку знания о природе должны передаваться не только теоретически, но и в практической и исследовательской деятельности.

Abstract. Today, the rapid development of digital technologies has affected all sectors of society and led to major changes in the education system. One of the main directions of these changes is the development of digital competencies of teachers and students. It is very important to use digital tools and resources to improve the efficiency of the learning process and the formation of functional literacy. The subject of biology plays a special role in this direction, because knowledge about nature should be transmitted not only theoretically, but also in a practical and related way to research work.

Цифрлық құзыреттілік – бұл ақпараттық технологияларды тиімді қолдана білу және осы құралдар арқылы білім алу мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған дағдылардың жиынтығы. Базалық цифрлық құзыреттіліктерге мыналар жатады:

1. Ақпаратты табу және өңдеу: Оқушылар мен мұғалімдер интернетті пайдаланып, қажетті ақпаратты іздеп таба білуі және оны талдай білуі қажет.
2. Құралдарды қолдану: Білім беру процесінде әр түрлі бағдарламалық қамтамасыз етулерді (мысалы, мәтіндік редакторлар, презентациялар, визуализация құралдары) қолдану.
3. Коммуникация және ынтымақтастық: Цифрлық платформалар арқылы білім алушылар мен мұғалімдер арасында тиімді байланыс орнату, білімді бөлісу және бірлесіп жұмыс істеу.
XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Барлық сала компьютерлендіріле бастады. Сонымен бірге еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ компьютерді терең меңгеруі тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі - «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

- проблемалық шығарма әдістері;
- презентациялар пікірталастар;
- топпен жұмыс;
- миға шабуыл әдісі;
- сын тұрғысынан ойлау әдісі;
- викториналар;
- зерттеулер;
- іскерлік ойындар;
- рөлдік ойындар;
- инсерт әдісі т.

Биология сабағын қызықты әрі уақытымды үнемді пайдалану үшін бір сабақтың өзінде түрлі әдістерді өткіземін, мысалы; уақыт шеңбері, кемпірқосақ топтары, қар кесегі, жұптық әңгіме, ыстық орындық, үш қадамдық сұхбат, стикердегі диалог, стоп-кадр т.б. Білім берудегі интерактивті технология (интерактив сөзі-*inter* (бірлесу) *act* (әрекет)) сабақ барысында оқушылардың сабаққа қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып, өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады деп ойлаймыз. Мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметі (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептілік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Оқытушылық жүктемені, сабақ кестесін, үлгерім мониторингі мен оқушылардың сабаққа келуін, педагогтің қызметін, есептілікті директордың орынбасары жүзеге асырады. Жүйе әкімшісі оқшау және ғаламдық есептеу желісін, телефон жүйесін немесе дауыс поштасы жүйесін қоса алғанда, көп қолданыстағы компьютерлік

жүйенің жұмыс істеп тұруына жауапты болады» – деп көрсетілген. Сонымен қатар барлық білім беру ұйымның қызметкерлері үшін білімдердің біртұтас стандартын қамтамасыз етеді және мынадай мүмкіндік береді:

педагог ұжымына – тақырыптық жоспарлауды, электрондық сынып журналдарын және күнделіктер жүргізу, білім беру үрдісінде сандық білім беру контентін қолдануға мүмкіндік береді;

оқушыларға әр түрлі пәндер бойынша өз үлгерім рейтингісінің өзгерістерін қадағалайды, сабақ кестесіндегі өзгерістерді, үйге берген тапсырманы уақытында біледі;

ата-аналарға — өз баласының бағаларын, сабақ кестесін, үйге берген тапсырмаларын, сабаққа қатысу және дайындық сапасын бақылайды, баласының мектептегі оқу үлгерімін және оның қоғамдық қызметіндегі табыстары жайлы біліп отырады;

Сонымен бірге баласының бағалары туралы мәліметті ата-аналардың тілегімен sms-тің түрінде де жолдана алады — немесе e-mail бойынша хабарлама алады. Мектепке – біртұтас деректер қорын жасау, электрондық журнал жүргізу, мәліметтердің ашықтығы, ата-аналармен кері байланысты қалыптастыру, оқушылардың бос уақыттын ұйымдастыру мүмкіндігі болады. Өзіміз қызмет жасайтын мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектеп кабинеттерінде интерактивті тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймыз. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Ақпараттық-технологиялық күзиреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

Ақпараттық технологиямен оқыту барысында оқушылардың дайындық деңгейін анықтау, келесі деңгейге өткізу сияқты жұмыстарды мұғалім орнына компьютердің басқару мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, оқушылардың дайындық деңгейлерін компьютер анықтап, егер оқушы білімі қанағаттандырса келесі тапсырмаға өтуге рұқсат береді, яғни мұнда оқытуды тікелей компьютер басқарады.

Бүгінге дейін біз 100% ғаламтор желісіне қосылуға қол жеткіздік. Компьютер техникасын тиімді пайдаланудың өлшемі болып, оны басқа да пәндерді оқыту кезінде қолданады:

Ғаламторда қажетті материалдарды іздеп табуға, сондай-ақ түрлі пәндерді оқыту бойынша сабақтардың толық кешендері;

Компьютер уақытты үнемдеуге және көрнекілік материалдарды тиімді пайдалануға да болады. Оқу-тәрбиелеу үрдісіне ғылым негіздерін тереңірек оқытуға, оқушылардың танымдарын кеңейтуге, түрлі бағдарламаларды меңгеруге бағытталған үйірмелер, факультатив пен курстар енгізу компьютерлік техниканы тиімді қолдану жағдайының бірі болып табылады. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, дидактикалық тұрғыдан негізделген оқыту және оқушының оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарында ақпараттық технологияны қолдану моделі жасалды. Болашақта білім беру компьютер технологияларының дамуымен тығыз байланыста болатыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім заңы. Алматы, 2010 ж.
2. С.Т.Мұхамбетжанова, Ж.Ә.Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008ж.
3. А.Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000 ж.
4. Орта мектеп жаршысы. Республикалық оқу-әдістеме журналы, № 2, 3, 2011 ж.
5. Оқыту –тәрбиелеу технологиясы Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №3, 2010ж.
6. С.Т. Мұхамбетжанова. Ғ.Н. Толықбаева, Ж.Ә.Жартынова Электрондық оқыту бойынша мониторингінің жүргізу әдістемелік құралы. Алматы 2011

ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Б.Хуаниш

Ақсу қара металлургия колледжінің оқытушысы, Павлодар қаласы

Аңдатпа. Цифрлық технологияларды қолдану білім берудің басымдықтарының бірі болып табылады. Жаңа талаптарына сәйкес, инновациялық технологияларды енгізу, ең алдымен, оқыту сапасын жақсартуға, оқушылардың жаңа білім алуға деген ынтасын арттыруға, білімді игеру процесін жеделдетуге арналған. Инновациялық бағыттардың бірі-компьютерлік және мультимедиялық технологиялар. Мұның бәрі осы білім беру практикасының өзектілігін және оның дұрыстығын анықтайды, өйткені ол мультимедия арқылы оқушылардың логикалық ойлауын барынша қол жетімді және тартымды, ойын түрінде дамытуға, оқу процесінің шығармашылық компонентін күшейтуге мүмкіндік береді.

Аннотация. Использование цифровых технологий является одним из приоритетов образования. Внедрение инновационных технологий призвано,

прежде всего, улучшить качество обучения, повысить мотивацию учащихся к получению новых знаний, ускорить процесс усвоения знаний. Одним из инновационных направлений являются компьютерные и мультимедийные технологии. Все это определяет актуальность данной образовательной практики и ее правильность, так как позволяет с помощью мультимедиа развивать логическое мышление учащихся в максимально доступной и увлекательной, игровой форме, усиливать творческую составляющую учебного процесса.

Annotation. The use of digital technologies is one of the priorities of education. The introduction of innovative technologies is designed, first of all, to improve the quality of education, increase the motivation of students to acquire new knowledge, and accelerate the process of learning knowledge. Computer and multimedia technologies are one of the innovative areas. All this determines the relevance of this educational practice and its correctness, as it allows using multimedia to develop students' logical thinking in the most accessible and exciting, playful way, to enhance the creative component of the educational process.

Ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі мақсаты

– Оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы – коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Өзім жұмыс жасайтын колледжде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кезінен қарастырылған. Интерактивті тақтаны, электронды оқулықты қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Сабақ барысында, соның ішінде химиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде жиі қолданамын.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық — бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе.

Білім беруде инновациялық технологияларды сабақта қолдану, оларды тиімді пайдалану өте маңызды. Яғни ол технологияларды сабақтың белгілі бір кезеңдерінде үй жұмысын тексеру, бекіту, жаңа сабақты меңгеруде маңызды. Олардың түрлері өте көп. Мысалы: Kahoot, learningapp, wordwall, quizziz, wooclar сияқты түрлері өте көп. Солардың ішінде кең таралған Wordwall платформасы.

Заманауи білім беруде Wordwall платформасы білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін әмбебап оқу ресурсы.

Wordwall қолданбасын пайдаланудың негізгі мақсаты оқу тиімділігін арттыру болып табылады:

- оқу мотивациясын арттыру;

- оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту;
- сабаққа дайындық кезінде оқушылардың дербестігін ынталандыру;
- білім беру сапасын арттыру;
- оқу процесін ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жетілдіру. [1, 15]

Химия-биология пәндерінің зертханалық сабақтарын STEM технологиясын пайдалану арқылы жүзеге асыру маңызды деп санаймын. STEM зертханаларының мақсаты — теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, әртүрлі шамаларды өлшеудің әдістемелерімен танысу, әртүрлі құралдардың жұмыстарын зерттеу, тәжірибелік мәліметтерді жинау және өңдеу технологияларын үйрену, инженерлік графика және дизайн жасау дағдыларын дамыту

Әлем өзгеруде және білім бір орында тұрмауы керек. Күн сайын жұмыстың, технологияның, кәсіптің жаңа түрлері пайда болады, сондықтан қазіргі мұғалімдер өздері үйрететін білім мен дағдылар уақыт сұраныстарына сәйкес келе ме деп ойлауы керек. Білім өз идеясын ойлап табуға көмектеседі, бірақ бұл идеяны шындыққа айналдыруға тек нақты жұмыс көмектеседі. STEAM тәсілі алынған білімді нақты дағдылармен біріктіруге үйретеді.

Бүгін мен сіздермен биология сабақтарында STEAM тәсілін қолдану мүмкіндіктерімен бөліскім келеді. Мен сіздің назарыңызға "өсімдіктегі су мен минералды заттарды тасымалдау" тақырыбын ашуға STEAM тәсілін ұсынамын. Бұл тақырыпты 7-сыныпта жеңілдетілген деңгейде де, жоғары сыныптарда тереңдетілген деңгейде де қарастыруға болады.

STEM әдісін химия пәні бойынша -10 сыныпта «Тотығу-тотықсыздану реакциялары» тарауында «Гальваникалық элементтер» тақырыбында қолдану оқушылардың біліктілігін тәжірибе тұрғысында дамытады. Бұл кезеңде STEM зертханалық сабағы жоспарлап ұйымдастырылды. Батареяны нақты электрохимияның қосымшасы ретінде қолданып, оқушыларға зертханада орындауға мүмкін «Қарапайым батареяны қалай дайындауға болады?» тәжірибесі ұсынылды. Бұл тәжірибе оқушыларды сабаққа қатысты химия, физика, математика пәндерінен тек теориялық білімді алып қана қоймай, сонымен бірге ХХІ ғасырда талап етілетін дағдыларды дамытуға көмектесетін әрекеттер мен жағдайларды жасауға итермеледі. [4,3 б].

Сабақ барысында:

Батареялар туралы мәліметтерден бастап оқушылар аккумуляторлар туралы ақпаратты табу үшін зерттеу дағдыларын қолданды.

Электрохимиялық ұяшықтар құру және электрохимиялық ұяшықтарды пайдалану арқылы шамды қосу үшін жұмыс жасайтын батарея құру тәжірибесі орындалды.

Ең жарық шамды жасау үшін электрохимиялық ұяшықтардың аккумуляторын құрастыру тәжірибелері орындалды.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары

деп есептеймін. STEM «концепциясы» технологиялық дамыған әлемге болашақ мамандарды дайындау болып табылады, сондықтан ол бүгіннен басталуды көздейді. Болашақта STEM әдісі оқу үдерісінде кең көлемде жүргізіліп, биік нәтижелерге жететініне сенеміз. Егемен еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында десек, неге оларды заман талабына сай тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатпасақ. Оқытушы қауым химияны оқыту әдістерінде жаңа ақпараттық технологияның тиімді жағын пайдаланады деген оймен сөзімді аяқтаймын. [5 б].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» [1, 15 б]
2. Химия мектепте журналы №1-3, 2015ж [4,3 б]
3. Нұрахметов Н.Н. Химия. Әдістемелік нұсқау. 6. Исабек. Н. «Компьютерлік технологияны пайдаланудың оңтайлы өлшемдері» [5 б]

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ВИРТУАЛДЫ ХИМИЯ ЗЕРТХАНАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Ә.А.Шагирова

Ақтөбе техника-технологиялық колледжі. Ақтөбе қаласы.

Аңдатпа. Бұл мақалада виртуалды зертханалардың жұмыс істеу принциптері талқыланады. Виртуалды зертханалар нақты химиялық зертханаларда жүргізілетін тәжірибелердің процедураларын имитациялауға жағдай жасайды. Олар колледждің химия білім беру бағдарламасында қамтылған химиялық тәжірибелерді қамтиды.

Аннотация. В этой статье обсуждаются принципы работы виртуальных лабораторий. Виртуальные лаборатории создают условия для имитации процедур экспериментов, проводимых в реальных химических лабораториях. Они охватывают химические практики, включенные в учебную программу колледжа по химии.

Annotation. This article discusses the principles of virtual laboratories. Virtual laboratories create conditions for simulating experimental procedures conducted in real chemical laboratories. They cover chemical practices included in the college's chemistry curriculum

Қазіргі қоғамның даму үрдістері білім беру мәселелерін бұрынғыға қарағанда өткір етіп қойып отыр. Білім беру саясатының басым бағыты барлық оқыту деңгейлерінде білім сапасын арттыру болып табылады.

Оқу процесін белсенді түрде компьютерлендіру бірнеше жыл бұрын басталғанымен, көптеген адамдар оны білім беру саласындағы жаңа тәсіл деп

есептесе де, ол дәстүрлі әдістерге қарағанда экзотикалық болып көрінеді. Қазіргі уақытта оқу процесінде компьютерді қолдану әрдайым сәттілікке кепіл бола алмайды, бірақ оны дұрыс пайдалану арқылы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізу мүмкін. Бұл мәселе әсіресе колледж деңгейіндегі білім беруде өзекті болып тұр. Қазіргі кезде колледж оқу бағдарламаларының шамадан тыс жүктемесімен бетпе-бет келуде. Бұл жағдайды шешудің жолы ретінде бір сағаттық пәндерді алып тастап, интеграцияланған сабақтарды енгізу, сынып-сабақ жүйесінен бас тарту және виртуалды зертханалар мен электронды оқу материалдарын пайдалана отырып сабақтарды кеңінен қолдану ұсынылады.

Студенттер сонымен қатар нақты зертханада жасау қауіпті және қымбат болуы мүмкін эксперименттерді симуляция арқылы жүргізе алады. Бұдан басқа, виртуалды эксперименттер студенттердің зертханалық журналда бақылау жазбаларын жазу, есеп беру және мәліметтерді талдау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Заманауи зерттеушілер зертхананың компьютерлік модельдері студенттерді тәжірибе жасауға және өз ашуларынан ләззат алуға ынталандыратынын атап өтті. Бірінші курс студенттерінің дамуы барысында виртуалды зертханаларды қолданудың ерекше аспектісі ретінде оларды әр түрлі іс-шараларға біріктіру арқылы дәстүрлі оқыту құралдарымен қатар жаңа құндылық бағдарлары қалыптастырылады. Виртуалды химиялық-білім беру зертханалары жағдайында (оқытуды модельдеу арқылы) білімнің жаңа салаларын зерттеу ынтасы артады, оқушылардың практикалық дағдылары дамып, танымдық белсенділігі жандана түседі. Кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарында негізгі колледжде жаратылыстану-ғылыми пәндерді (оның ішінде химияны) оқыту барысында келесі мақсаттарға жету көзделеді.

- Химияның символдары, ұғымдары, негізгі заңдары мен теорияларын меңгеру;
- Химиялық құбылыстарды бақылау және химиялық эксперимент жасау дағдыларын үйрену.

- Химиялық әрі тәжірибелік білімді игеру барысында танымдық қызығушылықтарды, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Виртуалды зертхананы - қашықтықтан қол жеткізу зертханасын түсіну, онда нақты оқу-зерттеу жабдықтары математикалық модельдеу құралдарымен ауыстырылады. Жоғарыда аталған білім мен дағдыларды алу және дамыту оқу процесінде виртуалды зертханаларды пайдалану кезінде мүмкін болады деп болжауға болады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасының алғашқы кезеңінде 1 курс студенттерінің білім беру үдерісінде виртуалды зертханаларды қолданудың жалпы жағдайын анықтауды мақсат еттік. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін бірнеше кезеңдерден тұратын анықтау эксперименті өткізілді:

- Химия пәні бойынша кәсіби білім беретін колледждердегі үлгілік және жұмыс бағдарламаларын, сондай-ақ мемлекеттік білім беру стандарттарын талдау.

- Көрсетілген пәнге қатысты оқу құралдарын, оқулықтарды, әдістемелік нұсқауларды және оқу бағдарламаларын қарастыру.

- Колледж студенттерімен бақылау жүргізу, әңгімелесу, сауалнама алу, тестілеу. Зерттеудің алғашқы кезеңінде біз негізгі кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартын, 1 курста оқытылатын жаратылыстану пәні (химия) бойынша үлгілік және жұмыс бағдарламаларын, сондай-ақ оқу құралдары мен әдістемелік нұсқауларды талдадық. Осы пәндердің мазмұны мен оқыту әдістемесін талдағаннан кейін, оқытудың бір типті және стандартты әдістері ғана қолданылып жүргені анықталды. Бұл әдістерге дәрістер, зертханалық және практикалық сабақтар жатады, алайда көптеген теориялық мәселелер практикалық сабақтарда расталмайды. Қазіргі оқыту жүйесінде келесі кемшіліктер байқалады:

- Ақпарат көлемін ұлғайтып, оқыту процестерін жеделдетуге бағытталған дәстүрлі әдістер қолданылады, бұл ақпаратты сығымдауға әкеледі. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін виртуалды ақпараттық-білім беру зертханаларын практикалық сабақтар мен зертханалық жұмыстарда қолдану орынды деп санаймыз. Виртуалды зертханаларды төмендегі бөлімдерді зерттеу үшін пайдалану ұсынылады:

Химия бойынша ("Электрондық оқу басылымы, Химия (8-11 сынып, виртуалды зертхана", "Органикалық химия")):

- Бейорганикалық заттармен тәжірибелер жасау және олардың қасиеттерін анықтау

- Периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі (Д. И. Менделеев)

- Атомдар құрылымы және электрондық қабықтар

- Молекулалардың құрылымы

- Химиялық байланыс

- Заттардың қатты, сұйық және газ тәрізді күйлері

- Химиялық реакцияларды түрлі белгілер бойынша жүргізу

- Виртуалды зертханада химиялық тәжірибелерді көрнекі түрде өткізу

Қорытынды. Компьютерлік технологиялар саласындағы ғылымның қазіргі жетістіктері негізінде жалпы білім беретін мектептердің ақпараттандырылуына жаңа мүмкіндіктер ашылуда. 1 курс студенттерінің білім беру дайындығында виртуалды химиялық-білім беру зертханаларын пайдалану барысында келесі маңызды компоненттерді бөліп көрсеттік:

- Оқу материалын алдын ала логикалық өңдеу арқылы педагогикалық және әдістемелік қажеттіліктерді анықтау

- Оқу материалының мазмұнын ақпараттық тұрғыдан байыту

- Оқу материалын құрылымдық қайта құру арқылы оны оңтайландыру

- Оқу процесін жобалау

- 1 курс колледж студенттерінің оқу іс-әрекетіне деген уәждемесін күшейту

- Білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін шығармашылық тапсырмаларды көбейту

- Білім саласындағы жаңалықтарға сәйкес оқу материалын тұрақты түрде жаңарту

Колледж педагогтері виртуалды химиялық-білім беру зертханаларын қолдана отырып, бірінші курс студенттеріне химияны оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар әзірледі. Біз жасаған 1 курс студенттеріне арналған "Виртуалды оқу-танымдық зертхана" факультативтік курсы заманауи ақпараттық технологияларды, атап айтқанда, виртуалды ақпараттық-білім беру зертханаларын қолданудың арқасында студенттердің химия пәніндегі білім сапасын жақсартатынын дәлелдеуге мүмкіндік берді. Кәсіби білім беретін колледждің оқу процесінде виртуалды ақпараттық-білім беру зертханаларын қолдану оқытуды әлемдік үрдістерге сәйкес келтіруге және мемлекеттік стандарттардың талаптарын асыра орындауға мүмкіндік береді. Бұл шешім мұғалімдер мен студенттерге шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді және дәстүрлі оқыту формаларын ақпараттық технологиялар арқылы байытады. Ақпараттық технологиялар жағдайында оқу процесін оңтайландыру виртуалды зертханаларды тиімді пайдаланудың ажырамас бөлігі болып табылады, бұл жаратылыстану-ғылыми пәндерді қызықты әрі жемісті етуге және зерттеу проблемаларын шешуге бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреев В. А. Педагогика: шығармашылық өзін-өзі дамытуға арналған оқу курсы. 2-ші басылым. Қазан, 2000. 307 бет.
2. Асмолов А. Г. Мәдени-тарихи психология және әлемдердің құрылысы. Мәскеу: Практикалық психология институты баспасы, Воронеж: МОДЭК ҰЕҰ, 1996. 768
3. Бабанский Ю.К. Таңдамалы педагогикалық еңбектері. Мәскеу: Педагогика, 1989.
4. Бабанский Ю.К. Оқытуды оңтайландырудың жеке факторы // Вопросы психологии. 1984. №1. 51-57 беттер.
5. Педагогикалық үдерісті оңтайландыру: сұрақтар мен жауаптарда. 2-ші басылым. Мәскеу: Радян мектебі, 1983. 287 бет.
6. Бабетов А.А. Білім беруді ақпараттандыру: ішкі көзқарас // Қазіргі мектептегі білім. 2003. № 4. 10-11 беттер.

ВИДЫ ЗАДАНИЯ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ПО ХИМИИ

М.Ж.Шалабаева

ГККП «Строительно-технологический колледж, город Кокшетау»

***Аннотация:** в статье рассматриваются виды заданий по формированию функциональной грамотности обучающихся на уроках химии с помощью использования их из разных областей науки, культуры, истории. Отмечается,*

что благодаря, таким заданиям обучения обеспечиваются положительные результаты обучения, повышается уровень мотивации обучающихся, приобретаются ценные навыки по применению химических знаний в повседневной жизни.

Аннотация: Мақалада ғылымның, мәдениеттің, тарихтың әртүрлі салаларынан қолдану арқылы химия сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша тапсырмалардың түрлері қарастырылады. Оқытудың осындай тапсырмаларының арқасында оқытудың оң нәтижелері қамтамасыз етіледі, білім алушылардың мотивация деңгейі жогарылайды, күнделікті өмірде химиялық білімді қолдану бойынша құнды дағдылар алынады.

Annotation: The article discusses the types of tasks for the formation of functional literacy of students in chemistry lessons by using them from different fields of science, culture, and history. It is noted that thanks to such training tasks, positive learning outcomes are provided, the level of motivation of students increases, valuable skills in the application of chemical knowledge in everyday life are acquired.

Функциональная грамотность в контексте уроков химии означает способность обучающегося использовать химические знания и навыки на практике, в различных ситуациях и для решения конкретных задач. Это включает в себя не только понимание основных химических концепций, но и умение применять их в реальных ситуациях, коммуницировать и общаться на химическую тему, а также критически мыслить в отношении химической информации. В этой статье мы более подробно остановимся на видах заданий, направленных на функциональную грамотность по предмету химия. В процессе преподавания химии обучающимся для развития особого интереса к составу, свойствам и превращениям веществ, выделению химических явлений, химических законов из окружающего мира и использованию их в жизни как элементов химической направленности сознания требуется химия. учителям отдавать приоритет инновационным методам обучения. Один из них заключается в том, что задания должны быть основаны на развитии функциональной грамотности обучающихся.

В ходе выполнения таких заданий обучающихся всесторонне развиваются и убеждаются в том, что смогут использовать полученные знания в данной области в будущем. По своему опыту я классифицировала. типы заданий, направленных на функциональную грамотность, следующим образом: текстовые, табличные, проектные и креативные задачи.

Текстовые задания.

Для составления текстовых заданий и упражнений в качестве текста использовались не только первоисточники, учебники, но и отрывки из произведений литературной и публицистической литературы. В ходе выполнения текстового задания наряду с химическими знаниями у обучающихся развивается читательская грамотность. Особенность текстового задания в том, что данный

текст напрямую связан с повседневной жизнью, обучающийся, читая текст, запоминает необходимую информацию и использует ее в ходе выполнения задания. Примеры текстовых задач: Задание 1. Чтение «Нечистой силы» В. Пикуля. Найдите в доме Юсупова в 1916 году фрагмент неудавшейся попытки отравить Г. Распутина лепешками, наполненными цианистым калием. Почему эта попытка провалилась? Объясните химическим языком. Напишите уравнения реакции циановой кислоты и цианида калия с глюкозой.

Задание: №2. Химики считают, что «любовь» — это сложный биохимический процесс в организме человека, сопровождающийся выбросом амфетамина, адреналина, дофамина и фенилэтиламина. Постройте структурные формулы этих соединений и опишите их химическое действие на организм, напишите соответствующие уравнения реакций.

Задание: №3. Курящие люди должны знать о заболеваниях, вызываемых пассивным курением. Создайте сравнительную схему основных компонентов сигаретного дыма и возникающих заболеваний. Напишите формулу никотина, никотиновой кислоты и никотиламида. Ответьте на вопрос: можно ли провести резкую грань между понятиями «яд» и «лекарство»?

По предмету Химия много табличных задач. Чтобы сосредоточить такие задачи на функциональной грамотности, эти задачи должны быть связаны с ситуациями, с которыми обучающиеся сталкиваются в своей повседневной жизни. Например: специальные таблицы с составом препарата, таблицы со сравнительной характеристикой химических элементов в неживой природе и организме человека, биологической роли и физиологического действия химических элементов в организме, а также таблицы по классификации и биологической классификации химических веществ. элементы живых организмов можно использовать в клиниках и больницах.

Примеры табличных задач:

Задание 1

Количество химических элементов в лекарственных препаратах:

Проанализируйте химические элементы пяти лекарственных средств и заполните следующую таблицу.

Лекарственные препараты	Химический элемент	Физиологические действие
1.	1. 2. 3.	

2.	1. 2. 3.	
----	----------------	--

Особую роль при превращении задач в конструкторские задачи на уроке химии играет творчество учителя. Конструкторские задания имеют важное значение в развитии функциональной грамотности обучающихся. Небольшие проектные задачи, используемые в классе, можно доработать и привести к более масштабной исследовательской работе.

Практический интерес представляют контекстные задачи, позволяющие обучаемому использовать имеющиеся теоретические знания, самостоятельно добыть недостающие знания и объяснить полученные результаты.

Креативные задачи по химии могут включать в себя элементы творчества, исследований и нестандартного мышления. Вот несколько идей:

1. Химические загадки:

- Предложите ученикам создать химические загадки или головоломки, где ответы связаны с химическими процессами или веществами.

2. Химический калейдоскоп:

- Используйте цветные реакции для создания "химического калейдоскопа". Ученики могут создать композиции из различных химических экспериментов и записать результаты.

Эти креативные задачи помогут учащимся не только изучать химические концепции, но и воспринимать предмет как увлекательный и творческий процесс.

Список литературы:

1. Мендубаева З.А., Макарова О.А., Гринченко Е.Л., Уварова Т.А. ЗАДАЧИ И УПРАЖНЕНИЯ С ХИМИЧЕСКИМ СОДЕРЖАНИЕМ К КОНТЕКСТАМ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ВУЗА КАК РЕАЛИЗАЦИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ НАГРУЗКИ УЧЕБНОЙ КНИГИ // Современные проблемы науки и образования. – 2020. – №

2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29590> (дата обращения: 12.01.2024)

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН
АРТТЫРУДА
ХИМИЯ ПӘНІНЕН ТАПСЫРМАЛАР**

А.М. Шешенханова

Жаркент жоғары педагогикалық колледжі. Жаркент қаласы

Аңдатпа. Функционалдық сауаттылық – қол жеткізуге болатын білім деңгейі білім алушылар оқып жүрген кезінде және адамның негізінен алған біліміне сүйене отырып, өмір мен қызметтің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілетін болжайды.

Аннотация. Функциональная грамотность – это уровень знаний, который может быть достигнут во время обучения студентов и на основе полученных человеком базовых знаний прогнозирует способность решать стандартные жизненные задачи в различных сферах жизни и деятельности.

Annotation. Functional literacy-the level of knowledge that can be achieved presupposes the ability of students to solve Standard Life tasks in various areas of life and activities during their studies and mainly based on the knowledge acquired by a person.

Функционалдық сауаттылық бұл білім алушылар пәнді терең түсіне отырып, сол алған білімін кез келген жерлерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білу.

Функционалдық сауаттылықтың мынандай түрлері бар:

- Оқу сауаттылығы
- Математикалық сауаттылық
- Ғылыми – жаратылыстану сауаттылығы
- Қаржылық сауаттылық
- Жаһандық құзыреттер
- Шығармашылық ойлау

Ғылыми - жаратылыстану сауаттылық

- ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу;
- қоршаған әлемді және табиғатта болып жатқан құбылыстарды талдау, салыстыру, жіктеу, жүйелеу;
- адамның іс –әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсіну;
- заттар мен құбылыстардың негізгі және жанама белгілерін ажырату;
 - білімдері мен дағдыларын түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу

Білім алушылар тапсырмаларды орындаудағы функционалдық сауаттылығы:

- берілген тапсырманы зейін қойып тыңдауы;
- логикалық ойлана отырып, сыни көзқарас қалыптастыруы;
- берілген сызбаларды салыстыруы;
- өзінің ойындағы түсінік, болжам, пікірлерін жүйелі жеткізе білуі;
- креативті ойлау дағдыларын қалыптастыратын тапсырмаларды орындау

Мен өз пәнімде, яғни химия, биология сабақтарында білім алушыларға оқу мақсатына сай, ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тапсырмалар құрып, ондағы төменгі деңгей білу, түсінуден гөрі қолдану, жинақтау, талдау, бағалауға мән беремін, яғни орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмаларды беру.

Мысалы, «Судың кермектілігі және оны жою жолдары» тақырыбына байланысты әзірленген тапсырмаларға назар аударсақ.

Тапсырма. «Шәйнектің жылдам істен шығуы»

Анардың үйінде су сүзетін тұрмыстық сүзгілері істен шығып қалды. Олар күнделікті ас суын сүзбей бірден құбырдан күнделікті пайдаланып жүр. Бірде Анар таңғы шәйін әзірлеу барысында шәйнектің ауырлап, жылуды нашар өткізе бастағанын байқады.

Сұрақ: Шәйнек ауырлап, жылуды нашар өткізу себебі ?

Сұрақ: Шәйнектің ішінде қас қайдан пайда болады?

Төменде келтірілген мүмкін пайымдауларды «иә» немесе «жоқ» деп белгілейсіз

Шәйнекке құйған судың құрамында мына заттар болады ма?	Иә / жоқ
Гидрокарбонаттар түрінде кальций мен магнийдің тұздары бар	
Хлоридтер түрінде кальций мен магнийдің тұздары бар ма?	
Сульфаттар түрінде калий және натрий тұздары бар	
Сульфаттар түрінде кальций мен магнийдің тұздары бар ма?	

Сұрақ: Біраз күннен кейін Анар шәйнектің ішін тазартып қойды. Шәйнектегі қасты қалай жойды? Химиялық реакция теңдеулерін жазыңдар.

Соданың әсерінен.

Соданы қосқанда барлық Ca^{2+} және Mg^{2+} катиондары CaCO_3 , MgCO_3 түрінде тұнбаға түседі $\text{CaSO}_4 + \text{Na}_2\text{CO}_3 \rightleftharpoons \text{CaCO}_3\downarrow + \text{Na}_2\text{SO}_4$

«Химия және өмір тарауы» бойынша «Атмосфера, гидросфера және литосфераның ластануы» тақырыбындағы тапсырмалар.

Білім алушыларға бейнеролик сілтемесі <https://youtu.be/nC9AvEqzKg> және мәтін беріледі қышқыл жаңбырдың түзілуі.

[Мәтін] Атмосфера құрамына енген өндіріс қалдықтары күкірт диоксиді (SO_2) және азот оксидтері (NO_2) ондағы ылғалмен әрекеттесіп күкірт және азот қышқылдарын түзеді. Соның әсерінен жерге жауатын жаңбыр мен қар қышқылданады. Күкірт және азот оксидтері металлургия өндірісінде және көмір, мұнай мен әр түрлі газдар жиналған кезде түзіліп атмосфера құрамына енеді, күкірт оксиді ЖЭС –нан бөлінсе, азот оксиді автомобиль көлігінде жанармай жанған кезде түзіледі. Қышқыл жаңбырдың әсері: топырақты және беткі суларды қышқылдандырады, ескерткіштер және ғимараттардың шатырларының коррозияға ұшырауы, өсімдіктерге кері әсерін тигізеді. Озон қабатын бұзылуына әкелетін ең негізгі ықтималды себептің бірі болып фреондар деп аталатын, химиялық жағынан хлорфторкөміртектілерге жатады. Газдардың қызуынан атмосферада жылу энергиясы пайда болады. Ал осының нәтижесінде планета бетіндегі температура көтеріледі. Осы құбылыс парниктік эффект деп аталады. Жердегі парниктік әсерге әкелетін негізгі газдар – су буы және көмірқышқыл газы. Парниктік эффектпен күресудің өте тиімді әдісі - қалдықтардың мөлшерін азайту. Адам ресурстарды

екінші рет пайдалануды үйренуі керек, бұл метанның маңызды көзі болып табылатын полигондарды жояды немесе олардың көлемін едәуір төмендетеді. Білім алушылар бейнероликті көре отырып, брілген мәтінді оқиды.

Тапсырма: Шындық әлде жалған. Білім алушылар төменде берілген тұжырымдар арқылы «**шындық**» әлде «**жалған**» екенін белгілеп көрсетеді.

№	Тұжырымдар	Шындық / жалға
1	Қышқыл жаңбыр күкірт және азот оксидтерінің әсерінен пайда болады.	
2	Қышқыл жаңбыр магний және күкірт оксидтерінің әсерінен пайда болады. Азот оксиді автомобиль көлігінде жанармай жанған кезде түзіледі.	
3	Күкірт оксиді ЖЭС –нан бөлінеді	
4	Фреондар (ХФК) – жоғары ұшқыш, химиялық инертті зат.	

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру барысында тапсырмаларды орындау арқылы белсенді оқыту формалары қалыптасады. Білім алушыларға уақыт талабына сай білім беру, алған білімін қоғам игілігіне жұмсай алатындай іскерлік дағдыларын қалыптастыру және дамыту болып табылады.

«Мен ешқашан өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін – тек қана оқушылардың оқуы үшін жағдай жасаймын» деген екен Альберт Энштейн. Осыдан түйеріміз, әр мұғалім білім алушыға дайын білім бермей, ізденулеріне жағдай жасаулары қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. PISA Халықаралық зерттеуі –Әдістемелік құрал, 2013ж. URL: <https://bilimaktobe.kz/images/PISA-.pdf>
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс–қимыл жоспары. – Астана, 2012 ж. 25.06.2012.
3. PISA халықаралық зерттеуін жнргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НЕЙРОСЕТЕЙ НА УРОКАХ ХИМИИ И БИОЛОГИИ

Б. К. Шоманова

Алматинский Экономический Колледж, г Алматы

Аңдатпа. Мақала химия және биология сабақтарында оқу процесінде нейрондық желілерді қолдану мүмкіндіктерін қарастыруға арналған. Оқу материалын қабылдауды жақсарту, интерактивтілік деңгейін және студенттердің қатысуын арттыру үшін білім беру бағдарламаларына жасанды интеллект технологияларын

енгізудің заманауи тәсілдері талқыланады. Биологиялық процестерді модельдеу, химиялық реакцияларды болжау және күрделі деректерді талдау үшін нейрондық желілерді пайдалану мысалдарына ерекше назар аударылады. Мұндай технологиялар сыни ойлау мен деректер дағдыларын дамытуға қалай көмектесетінін көрсету үшін практикалық жағдайлық зерттеулер мен зерттеу нәтижелері берілген.

Аннотация. Статя посвящена рассмотрению возможностей использования нейронных сетей в образовательном процессе на уроках химии и биологии. Обсуждаются современные подходы к внедрению технологий искусственного интеллекта в учебные программы для улучшения восприятия учебного материала, повышения уровня интерактивности и вовлеченности студентов. Особое внимание уделяется примерам применения нейросетей для моделирования биологических процессов, прогнозирования химических реакций и анализа сложных данных. Приводятся практические кейсы и результаты исследований, демонстрирующие, как подобные технологии могут способствовать развитию критического мышления и навыков работы с данными.

Annotation. The article is devoted to the consideration of the possibilities of using neural networks in the educational process in chemistry and biology lessons. Modern approaches to the implementation of artificial intelligence technologies in technological programs to improve the perception of educational material, increase the level of interactivity and informativeness of students are discussed. Particular attention is paid to the use of neural networks for the study of biological processes, forecasting the economic climate and analyzing complex data. With the correct compilation of cases and research results demonstrating such technologies can ensure the development of critical thinking and data handling skills.

Актуальность: сегодня нейросети активно интегрируются в различные области образования, включая такие естественнонаучные дисциплины, как химия и биология. Использование нейросетей в обучении этих предметов может сделать процесс изучения более увлекательным, наглядным и глубоким, предоставить студентам доступ к интерактивным моделям и совершенствованию инструментального анализа.

Цель: предложить педагогам методы интеграции нейросетевых технологий в учебный процесс. Рассмотреть возможные сложности и предоставить практические советы по их преодолению

Задачи:

- 1) Проанализировать потенциал нейросетей в образовательном процессе.
- 2) Проанализировать, как нейросети, используемые для интерактивного обучения, помогают повысить интерес к химии и биологии.

Использование нейросетей в обучении включает себя несколько этапов:

1. Поддержка исследовательской деятельности и развитие научного мышления

С помощью нейросетей студенты могут строить модели молекул, анализировать большие массивы данных, прогнозировать результаты экспериментов, что позволяет им развивать аналитическое мышление и понимание сложных биологических и химических процессов.

2. Визуализация сложных процессов и объектов.

Модели, созданные нейросетями, могут помочь визуализировать процессы на молекулярном уровне, которые трудно представить без современных технологий. Это способствует лучшему усвоению материала и облегчает преподавателям объяснение сложных тем.

3. Интерактивные лабораторные работы и эксперименты.

Современные нейросетевые приложения позволяют проводить виртуальные эксперименты, которые были бы невозможны или опасны в реальных условиях. Это также снижает затраты на оборудование и расходные материалы.

4. Персонализация обучения.

Нейросети помогают адаптировать обучение под каждого студента, подбирая материалы, тесты и задания в зависимости от его уровня знаний и темпа освоения предмета. Это важно для создания более гибкой и эффективной образовательной среды.

Применение нейросетей на уроках химии открывает новые возможности для обучения и развития учащихся. Нейросети могут не только облегчить понимание сложных химических процессов, но и способствовать развитию аналитического мышления, что крайне важно для успешного освоения предмета. Вот несколько ключевых аспектов и примеров, где нейросети могут быть полезны на уроках химии.

1. Визуализация химических процессов - для демонстрации молекулярных реакций и химических процессов, которые часто трудно объяснить только на словах.

2. Прогнозирование химических реакций - обученные нейросети могут прогнозировать результаты химических реакций, помогая учащимся видеть, какие продукты образуются при смешивании различных веществ.

3. Интерактивные задания и виртуальные лаборатории - с помощью нейросетей можно создавать интерактивные задания и лабораторные работы, где студенты могут экспериментировать в виртуальной среде. Например, можно использовать генеративные нейросети для создания различных сценариев реакций или цепочек взаимодействий веществ, которые студенты могут решать или исследовать самостоятельно.

Использование нейросетей на уроках химии может значительно улучшить образовательный процесс, предоставляя студентам новые, более интересные и интерактивные методы обучения. Нейросети помогают сделать изучение химии более доступным и понятным, а также подготовить студентов к современным вызовам в науке и промышленности.

Применение нейросетей на уроках химии и биологии соответствует современным образовательным тенденциям и дает студентам возможность приобретать знания и навыки, которые будут востребованы в их будущей профессиональной деятельности.

Список литературы

1. Гаврилов Г.П. (2019). Нейросети в образовании: новые подходы к обучению. Санкт-Петербург: Питер. – Описывает методы использования нейросетей для адаптивного обучения и оценки знаний.
2. Герасименко В.П., Карпова Н.С. (2022). "Применение нейросетей для моделирования биологических процессов в школьной программе." Биология в школе, 5(45), 102-110. – Исследование применения нейросетей для моделирования биологических процессов.
3. Полат Е., Бухаркина М. (2021). Современные образовательные технологии. Москва: Издательство Московского университета. – Рассматриваются современные технологии в образовании, в том числе ИИ и нейросети, которые можно внедрять в школьное образование.

ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абилова А. С.

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

***Аңдатпа:** Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл - рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Географиялық ойлаудың мәні — кеңістік заңдылықтарына талдау жасай білу, геожүйелер мен олардың компоненттерінің арасындағы өзара байланыстарды қазіргі әлемнің географиялық картинасына түсінік беретін тарихи әдістемелер негізінде анықтау.*

***Аннотаци:** У каждого народа, у каждой цивилизации есть общие святыни, которые знает каждый гражданин этого народа. Это одна из главных основ духовной традиции. Суть географического мышления состоит в том, чтобы уметь анализировать пространственные закономерности, определять взаимосвязи между геосистемами и их компонентами на основе исторических методик, которые дают представление о географической картине современного мира.*

***Annotation:** Every nation, every civilization has common shrines that every citizen of this nation knows. This is one of the main foundations of the spiritual tradition. The essence of geographical thinking is to be able to analyze spatial patterns, determine the*

relationships between geosystems and their components based on historical techniques that give an idea of the geographical picture of the modern world.

Зерттеудің мақсаты: География қоғам мен табиғат тоғысындағы мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Географиялық болжамдар мен білімдер мемлекеттің шаруашылық, экономика салалары үшін қажет. Бұл әсіресе, климаттық өзгерістер мен табиғи апаттар жиілеген қазіргі шақта өте өзекті болып отыр. Сондай-ақ, география –білім беру үдерісінің маңызды бір бөлігі. География дегеніміз ең алдымен кеңістік, аумақ. Қазақстан әлемде территориясы жағынан 9-орын алады деп мақтан тұтамыз

.География пәнінің жастар арасында отан сүйгіштікті, патриотизмді қалыптастырудағы маңызы мен рөлі қандай?

География пәні аймақты, қоршаған ортаны, саясатты, экономиканы, экологияны тұтас қамтиды. География дегеніміз – табиғи және қоғамдық жүйелерде, адамзаттың шаруашылықты жүргізу барысында жергілікті, аймақтық және ғаламдық деңгейде қоршаған ортаға тигізетін іс-әрекеті туралы ғылыми білімнің жиынтығы, мектептегі оқу пәні. Географиялық ақпарат қоршаған ортамен, оның ішінде экологиялық, әлеуметтік, экономикалық өзара әрекеттесу процесінде туындайтын мәселелерді анықтап, оларды шешуге қажетті мәліметтерді қорытып, жинақтап береді. География – оқушыларға Ұлы Қазақ елі мен байтақ жерінің табиғаты және жалпы Жер ғаламшары туралы жан-жақты, жүйелі түсінік қалыптастыратын ғылыми, әрі геосаяси сипаттағы академиялық оқу пәні болып есептеледі.

Географ әр түрлі материалдарды пайдалана отырып, жер беті мен оның жеке аудандарындағы табиғат пен шаруашылықта болатын өзгерістерге болжам жасай білуі керек. Мысалға су қорларын алсақ, су қоры – халық байлығы, өкінішке орай жер бетіндегі тұщы судың қоры өте аз. Өзендер мен көлдердегі тұщы судың қоры, гидросфера ресурстарының 1%-дейін жетпейді. Құрлық бетінің әр түрлі жеріндегі судың қоры әр алуан. Мысалы: Аляскада 1 адамға 2 млн м³ жаңа Зеландияда -100 мың м³. Қазақстандағы негізгі су көздері - ол өзендер мен көлдер. Егер өзенге тоқталатын болсақ, өзен-құлық бетіндегі бетіндегі сулармен тұрақты және жыл маусымының көпшілік уақытында ағатын су ағыны. Өзен тұщы ресурстарының маңызды көзі болып табылады. Қазақстандағы 85 мың өзеннің төртеуін ғана ұзындығы -1000 км- асады. Бұлар: Ертіс (1698ж), Сырдария (1692), Есіл (1719), Жайық (1084 км) өзендер. Жоғарыда көрсетілген басқан ұзындығы 10 км асатын 8 мыңнан астам өзендер бар: Жем, Тобыл, Торғай, Ырғу, Арыс, Талас, Шу, Іле, Ақсу, Сарысу, Қара Ертіс, Қаратал т.б.

Материалдары мен әдістері: Қазіргі географтар жер бетінің күрделілігі мен қайталанбас ерекшеліктерін түсіндіретін көптеген заңдылықтарды ашты: географиялық қабықтың зоналылығы мен ырғақтылығы, геожүйелердегі зат және энергия айналымы, геожүйелердің космоспен байланысы, әр түрлі елдердегі шаруашылық дамуы тағы басқалар. Сонымен, әлем туралы географиялық білім

уақыт өткен сайын кеңейіп отырады, ол табиғи процестердің динамикасы, мұхит суларының жағдайы мен циркуляциясы, шаруашылықтағы өзгерістер туралы мәліметтермен жыл сайын толығып отырады. Бүгінгі таңда кез-келген мемлекеттегі экономиканы дамытудың маңызды қадамдарының бірі-туристік әлеуетті арттыру әрі таныстыру болып табылады. Сондықтан біздің елімізде туризм саласын ілгерілетуге баса мән берілуде. Соның бірі- Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы аймағы деп білеміз. Өйткені Ақтөбе шаһарына жақын орналасқан бұл аймақтың әсем табиғатымен көз тоймайтын көрікті жерлерінің Отандық ішкі туризмді дамытуда алғышарттары басым, потенциалы жоғары. Сол Мәртөк ауданында «Зере» шипажайы орналасқан. Қазақстанның әр аймақтарынан адамдар толассыз келіп ем алып, дем алып жатады. Осындай көрікті жерлерге көп көңіл бөлінуі керек деп ойлаймын. Еліміздің Алматы шаһарын алып қарасақта көптеген табиғаты керемет жерлер көп. Қарасай ауданы-Алматы облысының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік бөлік. Орталығы –Қаскелең қаласы. Ауданның ең биік жері — Іле Алатауы баурайынан Ақсай өзені бастау алатын Айдатау шыңы (4029 м). Шыңды мәңгі мұз бен қар басқан. Климаты континенттік, қысы біршама жұмсақ, жазы ыстық. Қаңтардың жылдық орташа температурасы — $-6-9^{\circ}\text{C}$, шілдеде $22-24^{\circ}\text{C}$. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері жазық өңірде 300-500 мм. Мұнда таудың қара топырағынан бастап, қуаң даланың бозғылт қоңыр, сұр топырағына дейінгі барлық табиғи белдемге тән топырақ түрлері таарлған. Биік таулы белдеуде алмұрт, шие, алма, өрік, долана, арша, шырша, альпілік, субальпілік шалғын, жазық өңірде бетеге, жусан, ебелек, т.б. астық тұқымдас шөптесін өседі. Жануарлардан: арқар, таутеке, қасқыр, түлкі, қоян, борсық; құстардан: ұлар, кептер, бүркіт, сұңқар, т.б. мекендейді. Аудан жерімен Қаскелең, Шамалған (Қасқасу), Ұзынқарғалы, Ақсай, Үлкен Алматы өзенідері ағып өтеді. Жалпы туризмнің дамуына үш фактор негізгі құраушы болып табылады. Олар табиғи, әлеуметтік-экономикалық және туристер үшін қолайлы сапар шегу мен уақыт үнемдеу мүмкіндігінің жоғарылығы болып табылады. Қарасай ауданы аумағында табиғи туристік және танымдық-мәдени нысандар да жетерлік. Осы табиғаты тамаша жерлерді ластанудан сақтауымыз керек. Қазақстан Республикасының орналасқан жері, ұлан-ғайыр аумағымен дүниежүзінде 9-орын алуы, осыған байланысты табиғатының, ұлттық-этникалық құрамының, тарихи-географиялық дамуының, табиғат ресурстарының байлығы мен әртүрлілігі оның мәңгілік егемен мемлекет, тәуелсіз ел болып қалыптасуының негізгі тірегі, маңызды факторы болып танылады. Халқымыздың бойына ұлтжандылық қасиетті сіңіруде, жас ұрпақты тәрбиелеуде географиялық білімнің орны бөлек. Бұл оқушылардың жалпы ғылыми-мәдени деңгейін көтеруге айтарлықтай үлес қоса отырып, жаратылыстану және қоғамдық-экономикалық, саяси-әлеуметтік ғылымдар саласындағы білім мазмұнын кіріктіру міндетін сәтті ұштастыра алатын бірден-бір оқу пәні. «Қазақстан географиясы» пәні Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерімен қатар, оқушыларға қазақ даласындағы дәстүрлі ұлттық

рухани, саяси құндылықтар және өзіндік сана-сезімін қалыптастырудағы бірден-бір негізгі академиялық оқу пәні деп есептейміз.

Қазіргі уақытта жер бетіндегі экологиялық жағдайлар: ауа мен судың ластануы, шөлдің таралуы, топырақ тұздануы тағы басқа мәселелер зерттелуде. Карталарда стихиялық табиғат апаттары: жер сілкінуі, цунами, дауылдар, су тасқыны тағы басқалар Жер шары халқына, шаруашылығына зиянын тигізетін құбылыстар көрсетілуде. География мамандығының білім бағдарламасындағы пәндер де орта мектептегі жаңартылған білім бағдарламасының негізгі ерекшеліктеріне байланысты берілген.

Егер бұрын география жаңа жерлерді, елдерді, оларды зерттеуге қатысты мәліметтерді оқытса, қазір адамдардың қоршаған ортаны тиімді пайдалануы, экожүйенің тұтастығы, адам әрекетінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайту, пайдалы қазбаларды сақтау жолдарын табу, табиғатта болып жатырған процестерді, әлемдегі саяси, демографиялық, экономикалық өзгерістерді зерттеуге бағытталған.

Қорытынды: Барлық географиялық ғылымдар дамушы территориялық объектілердің кеңістіктегі арақатынасын зерттейді. Ғылым дамуы барысында географиялық зерттеулердің мақсаттары түрлене түседі, өйткені, жаңа объектілер мен жаңа әдістемелер пайда болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кадирбаева Д. А. Географияны оқыту әдітемесі – Қарағанды, 2009. – 56-60 б.
- 2.Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985. - 256 б.
3. Жанұзақов Т. Қазақстан географиялық атауларының сөздігі: Жезқазған облысы / - Алматы : Ғылым, 1990. – 296 б

РОЛЬ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОГО ПОДХОДА В ФОРМИРОВАНИИ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ : ИЗ ОПЫТА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ И ГЕОГРАФИИ

Алиева К.М.

*ГККП « Высший технический колледж, город Кокшетау» при управлении
образования Акмолинской области*

2-кезең: «Мағынаны тану». Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетінше жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Білімалушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқу стратегиялары бар. Соның бірі INSERT кестесі. Ол бойынша оқу тақырыбымен, мысалы Дүниежүзі тарихынан «ЮНЕСКО-ның адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтау жөніндегі қызметі» тақырыбымен танысу барысында, Ү-білемін; --білмеймін; + -мен үшін жаңалық; ? - мені таң қалдырды; белгілерін қоя отырып, мәтінді оқу тапсырылады. Білімалушылар білетіндерін анықтап, өткенді естеріне тусіреді, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді.

3-кезең: «Ой толғаныс». Күнделікті оқыту процесінде білімалушылардың толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады. Бұл кезеңде білімалушыларға «Тарихи диктант», «Венн диаграммасы», «Даталар сөйлейді» т.б. осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады. Олар оқушылардың бір-бірімен ой

алмастыруын камтамасыз етеді. Әр білімалушы өз шығармашылығын көрсете алады.

Сабақтарымда білімалушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды көздейтін сыни тұрғыдан ойлауды дамытатын жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша өз тәжірибеммен бөліскім келеді. «Қазақ хандығының құрылуы- тарихи үдерістердің заңды нәтижесі» тақырыбында білу мен түсіну кезеңінде білімалушылардың қызығушылығын ояту, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту мақсатында әдісі арқылы білімалушыларды топқа бөліп, сабақтың тақырыбына шығуды көздедім. Әбілхайыр хан, Керей хан, Жәнібек хан, Қасым хан, Ақ Орда мемлекетінің аумағы, Моғолстан мемлекетінің аумағы.

Білім алушылар кез келген бір суретті таңдай отырып ол суретте берілген адам туралы кез келген бір факт айтады, соған сәйкес сабақтың мақсатын да анықтап айтып берді. Бұл тапсырма білімалушыларға қиындық туғызған жоқ, себебі берген сурет бойынша қандай ой туды, неліктен, қандай дәлел айта аласыңдар деп сұрағанда, балалар өз ойларын еркін ортаға салды. Мен бұл тапсырма арқылы білімалушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, жаңа тақырыпқа шығуды көздедім. Сабақтың тақырыбы, мақсаты анықталды.

Білім алушылардың сыни ойлауын одан әрі дамыту мақсатында қолдану кезеңінде «Tarsia» әдісін қолдандық, мақсатым үш бұрышта берілген сұрақтардың жауабын құрастыра отырып білім алушылар тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеру және үш бұрыштарды құрастыру барысында олардың сыни ойлау дағдыларының жұмыс жасау әдісін одан әрі кеңейте түсу болатын. Өтілген тақырыптың анализі ретінде «Qizizz. com». программасы арқылы тақырыпқа қортынды жасау болатын. Интер белсенді тақтада программа ашылады, білімалушылардың ватсап чатына оның сілтемесі жіберіледі. Осы сілтеме арқылы білімалушылар программаға қосылады және өздерінің аты-жөнін жазады. Әдісті қолдану барысында байқағаным қанағаттанарлық деген дәрежедегі білім алушылардың өзі бәсекелестікке түсе отырып, сұрақтарға дұрыс жауап беріп отырды. Әдіс арқылы сабаққа анализ жасай алдық. Программа өзі кімнің қанша жинағанын қай сұрақтан қанша пайыз алғанын анықтап береді.

Қорыта айтқанда, тарих сабағында өзім қолданып жүрген оқыту технологиясын қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

- Білім алушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- Сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастыруға көмектеседі;
- Тіл байлығын дамытады;
- Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
- Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді;
- Өз бетімен білім алатын, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіғұлова Б. К. Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары. Алматы, 2000.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕАЛИИ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫХ СВЯЗЕЙ ИСТОРИИ И ГЕОГРАФИИ: НАУКА И ПРАКТИКА

Бигалинова А.Т.

КГП на ПХВ «Аксуский колледж черной металлургии», город Аксу

Аңдатпа: Мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру контекстінде тарих және география курстары арасындағы пәнаралық байланыстардың маңыздылығы қарастырылады. Студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал ететін әдістемелік тәсілдер келтірілген. Мұғалімдерге біртұтас білім беру кеңістігін құруға көмектесетін практикалық әдістерге назар аударылады. Тарих және география курсына атлас және контурлық картаны қолдану мәселелері педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан өзекті.

Аннотация: В статье рассматривается важность междисциплинарных связей между курсами истории и географии в контексте формирования функциональной грамотности учащихся. Приводятся методические подходы, способствующие развитию критического мышления и аналитических навыков у студентов. Основное внимание уделяется практическим методам, которые помогают учителям создавать целостное образовательное пространство. Вопросы использования атласа и контурной карты в курсе истории и географии актуальны как с педагогической, так и с методической точки зрения.

Annotation: The article discusses the importance of interdisciplinary connections between history and geography courses in the context of the formation of functional literacy of students. Methodological approaches that contribute to the development of critical thinking and analytical skills in students are given. Attention is paid to practical methods that help teachers create a unified educational space. The problems of using the Atlas and contour map in the course of history and geography are relevant from a pedagogical and methodological point of view.

«... Я вижу свою задачу в том, чтобы принести посильную пользу прекрасной Даме Истории, без которой не

может существовать ни один народ, и ее Мудрой Сестре – Географии, которая роднит людей с их праmaterью Биосферой планеты Земля».

Лев Гумилев

Именно с этой цитаты Льва Николаевича Гумилева мне хочется начать свою статью...

Речь пойдет о синтезе двух таких наук как история и география, которые взаимодополняют друг друга своими открытиями. Безусловно, на сегодняшний день существует множество гипотез, бесчисленное количество трудов подтверждающих неразрывную связь исторических событий и фактов в разрезе того или иного времени на определенных географически зафиксированных пространствах

Свои исследования я считаю целесообразным начать с упоминания творчества Льва Николаевича Гумилева, как человека способного через призму временного пространства наблюдать за динамикой развития цивилизаций и процесс переселения этносов, народностей, а так же культур. Будучи философом, историком, географом, археологом и ученым-востоковедом он становится автором таких знаменитых трудов как «Древние тюрки», «Хунны», «Открытие хазарии», «Этногенез и биосфера Земли», «Древняя Русь и великая степь» посвящены истории народов Евразии.

В современных образовательных реалиях междисциплинарные связи становятся не просто желательными, а необходимыми для формирования полноценного понимания учебного материала. В контексте функциональной грамотности, которая подразумевает способность применять знания на практике, связь истории и географии приобретает особое значение.

История и география развивались рука об руку, поэтому роль междисциплинарного подхода имеет место на уроках истории и географии.

Будучи студентами колледжа им необходимо ориентироваться на исследовательскую деятельность, путем объяснения некоторых исторических явлений в географии и уточнения географических наблюдений путем привлечения исторических данных.

Во-первых, должно присутствовать стремление к обучаемости, т.е. способностью к постоянному самообразованию. Прогресс науки и техники, а также век информатизации позволяет ученику осваивать новые виды информационной деятельности.

Во-вторых, время не стоит на месте и креативность, естественно, играет не мало важную роль в способности действовать и мыслить творчески. Ну, и конечно, интеллект – общая способность к познанию и решению трудностей, которая объединяет все познавательные способности человека (ощущение, восприятие, память, представление, мышление, воображение). Интеллектуально-физическим развитием, умением адаптироваться к ситуациям различного вида и в любом обществе. [1, с.116].

При подготовке к уроку необходимо выделить проблему. Проблема должна быть комплексной, жизненной, социально значимой, как требует от нас коллаборативное обучение, в основе которого лежит идея о том, что обучение – это социальное по своему характеру деятельность, в которой участники общаются друг с другом, и процесс обучения осуществляется посредством общения.

Одним из основ взаимодействия географии и истории являются карты, которые создаются на географической основе. Систематическая работа с картой формирует умения извлекать заложенную в ней необходимую информацию, способствует усвоению теоретических знаний, формирует образную, пространственную картину мира. [2, с.31].

Использование на уроках учебных атласов и контурных карт уже давно является неотъемлемой частью преподавания таких школьных предметов как география и история. Работа по данным учебным пособиям помогает не только учителю, но и обучающимся: учителю — расширить и дополнить дидактическую базу и методические приёмы, а обучающемуся-развить пространственно-художественное мышление и углубить знание по определённой теме. Большим подспорьем для применения учителем контурных карт являются наличие в них уже готовых заданий, позволяющих школьнику получить дополнительную отметку, а учителю активизировать периодичность наполняемости отметками журнал по своему предмету. Карты и атласы можно использовать на разных этапах урока: их можно использовать для закрепления нового материала урока, для повторения изученного на предыдущих уроках с использованием или без использования справочных пособий, для проверки знаний путём выполнения историко-географических работ. Одну и ту же карту можно использовать при изучении многих тем, и каждый этап заполнения карты учащимися оценивается[2, с.98].

Современные методы, в том числе интегрированный урок, дают возможность перестраивания учебного процесса под новую систему образования, которое требует от нас обновленное содержание образования. Сегодня ученик должен обладать дополнительными навыками для более осознанного освоения познавательной деятельности, а также необходимых качеств для усиления тенденций к синтезу знаний учащихся. Кроме того, необходимо учитывать, что междисциплинарный подход не только обогащает содержание уроков, но и способствует развитию социальной компетентности учащихся.

Список литературы

- 1.Алексашина, И.Ю. Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся: учебно-методическое пособие / И.Ю. Алексашина, О.А. Абдулаева, Ю.П. Киселев / под редакцией И.Ю. Алексашиной. - СанктПетербург: КАРО, 2019. – 160 с.
2. Душина И. В. «Методика и технология обучения географии»: Пособие для учителей и студентов.-М.: ООО Издательство «Астрель»,2014, 218 с.

Интернет ресурсы:
<http://www.schoolnano.ru /node/456>

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ СТУДЕНТОВ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ СИСТЕМЫ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*области Абай 24.04.2024 в ходе изучения географии
(Из обобщения опыта проведения областной олимпиады
по географии средистудентов учебных заведений
системы технического и профессионального образования области Абай
на базе КГКП «Политехнический колледж» города Семей)*

Гордеева Е.А., Сыдыкова А.Т.

КГКП «Политехнический колледж» города Семей области Абай

Аңдатпа: Бұл жұмыста олимпиаданы ұйымдастыру бойынша педагогтар тобының пәнаралық ынтымақтастық тәжірибесін жинақтау ұсынылған. Жоспарлаудан бастап өткізуге дейінгі барлық кезеңдерге егжей-тегжейлі талдау жасалды. Оқырман назарына қадамдық алгоритм түрінде осындай іс-шараларды әзірлеудің әдістемелік ұсыныстары ұсынылады. Зерттеу көптеген педагогтарға, әсіресе әдіскерлер мен ұйымдастырушы оқытушыларға қызықты болуы мүмкін. Жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламасын жүзеге асыру кезінде білімді қолдануға, түсіндіруге, талдауға, синтездеуге көп көңіл бөлінді. Өздеріңіз білетіндей, жақсы білім алу үшін қалыптасқан танымдық база қажет. Олимпиада белгілі бір пән бойынша білімді жүйелеудің мықты ынталандырушы факторы болып табылады. Пәндік олимпиадалар - әлемдік білім беру жүйесінің үздік дәстүрлерінің бірі.

Аннотация: В данной работе представлено обобщение опыта междисциплинарного сотрудничества группы педагогов по организации олимпиады. Сделан детальный анализ всех этапов от планирования до проведения. Вниманию читателя в форме пошагового алгоритма предлагаются методические рекомендации разработки подобных мероприятий. Исследование может быть интересно широкому кругу педагогов, особенно методистам и педагогам-организаторам. При реализации Программы обновленного содержания образования большое внимание стало уделяться применению, интерпретации, анализу, синтезу знаний. Зачастую это стало происходить в ущерб последним. Как известно, нужна сформированная когнитивная база, чтобы получить производное от знаний. Сильным стимулирующим фактором систематизации знаний по определенной дисциплине служит олимпиада. Предметные олимпиады вообще - одна из лучших традиций мировой системы образования.

В предшествующие годы, особенно в Пандемию и после, предметные олимпиады средистудентовучебныхзаведенийсистемы технического и профессионального образования были не частые – мы стали терять накопленный опыт их организации и проведения, подготовки студентов к ним. В силу того обстоятельства, что в нашей системе олимпиады по географии не проводились, актуальность данной работы невозможно переоценить.

Председателем ОМО химии, биологии и географии «УО области Абай» Айман Нуртаевной Ташметовой было сделано предложение педагогу модератору географии «Политехнического колледжа» Гордееваой Елене Анатольевне попробовать запланировать, организовать и провести олимпиаду по географии средистудентовпервого курсаучебныхзаведенийсистемытехнического и профессионального образования области Абай. Начались поиски единомышленников. Первым соратником в предстоящем делестала Сыдыкова Айгуль Турсыновна – методист этого же колледжа. Наметились сроки, включены в план работы не только областного методического объединения, но и внутриколледжный. И началась работа по формированию когнитивной базы олимпиады, организации технического сопровождения, а значит – команды оргкомитета, экспертов и наблюдателей.

Областная олимпиада по географиидля студентов учебных заведений системы технического и профессионального образования области Абай (далее Олимпиада) проводилась согласно годовому плану областного методического объединения преподавателей химии, биологии и географии, КГУ «Областного инновационно-методического центра» ГУ «УО области Абай» на базе КГКП «Политехнический колледж». Утвержденным ПОЛОЖЕНИЕМ областнойолимпиадыпо географии средистудентовпервого курсаучебныхзаведенийсистемы технического и профессионального образования области Абай (далее Положение) были определены цели и задачи, порядок проведения Олимпиады.

Целью Олимпиады ставилось обеспечение высокого уровня формирования когнитивных компетенций путем углубления и обобщения знаний, приобретенных в течение текущего учебного процесса.

Задачами Олимпиады определялось соотношение уровня знаний студентов колледжей нашей области в ходе обучения географии; выявление и развитие способностей обучающихся, поиск талантливой молодежи; содействия развитию творческой инициативы студентов и интереса к изучению географии.

В связи с этим, концепт составления заданий был определён как действие на формирование устойчивой мотивации в ходе реализации когнитивных компетенций. Вопросы разработаны преподавателем географии КГКП «Политехнический колледж» Гордеевой Еленой Анатольевной и Сыдыковой Айгуль Турсыновной по тексту двух основных учебников, применяемых при изучении географии студентами колледжей с очной формой обучения на базе общего среднего образования (9 классов средней общеобразовательной школы):

1. Каймулдинова К., Абилмажинова С. География. Учебник для 10 классов естественно-математического направления общеобразовательных школ. – Алматы: Мектеп, 2019. – 288 с., илл.

2. География. Учебник для 11 кл. естеств.-матем. Направления общеобразоват.шк./ К.Д.Каймулдинова, Б.Ш.Абдиманапов, С.А.Абилмажинова. – Алматы: Мектеп, 2020. – 296 с.: ил.

Задания Олимпиады (вопросы) выдержали экспертизу ВУЗа и СОШ.

Участниками Олимпиады потенциально могли стать студенты организаций ТиПО области Абай независимо от языка обучения (имеет право выбора языка участия: казахский, русский) и форм собственности, один студент от одного преподавателя профильного предмета, студенты первого курса. После публикации Положения Олимпиады в чате «Омк химии, биологии и гео», с председателем ОМО преподавателей химии, биологии и географии «УО области Абай» А.Н.Ташметовой начались консультации непосредственно по проведению Олимпиады В Олимпиаде приняли участие 17 студентов. Что содействовало решению задач Олимпиады.

При разработке формы заявок для участия намеренно не ставился пункт предварительного предпочтения рабочего языка участника, так как, в соответствии с Положением, рабочими выступали казахский и русский языки.

Чтобы избежать обмана, участники Олимпиады должны при себе иметь документы, удостоверяющие личность и зачетную книжку.

Датой проведения определялась - 24 апреля 2024 года. Начало в 09.30 часов. Регистрация с 09.00- до 09.30 ч. Место проведения: КГКП «Политехнический колледж», г.Семей, ул. Декоративная, 26. Олимпиада по географии проведена в сроки, указанные выше. Большинство участников приехали к 8 часам. В 9.30 закончилась регистрация, сделано обращение к участникам, студенты препровождены в компьютерный класс.

Неоценимую помощь оказала волонтерская группа из числа студентов колледжа, работу которой курировала преподаватель Жакпекова Асем Базарбековна.

Олимпиада проводилась в один этап: тестирование на компьютере -70 вопросов. Вопросы по содержанию программного материала курса география для колледжей. На выполнение заданий отводилось 90 минут. В то время, как студенты работали на компьютерах – отвечали на вопросы, сопровождающим их педагогам был предложен кофе-брейк. Чистое время тестирования заняло с 10.15 до 11.06, то есть меньше астрономического часа.

Для оценивания Олимпиады работала экспертная группа и наблюдатели - специалисты профильного предмета из учебных заведений города, студенты которых не входят в состав участников. Наблюдатели отслеживали процесс проведения Олимпиады. Председателем экспертной комиссии назначен старший преподаватель кафедры естественно-научных дисциплин НАО "Университет имени Шакарима" города Семей Нурпейсова Акерке Муратказиновна, другие

члены экспертной комиссии и наблюдатели: методист КГУ «Областной инновационно - методический центр» ГУ «Управления образования» области Абай Рахимжанова Галия Максutowна, председатель ОМО преподавателей химии, биологии и географии «УО области Абай» А.Н.Ташметова, преподаватель географии КГУ СОШ№15 Жапанова Асель Кадыловна, заведующая отделением учебной части КГКП «Политехнический колледж» Ахметқали Балнұр Қуанышқызы. Согласно пункту 7.6. Положения определили победителей и призеров.

Один из пунктов Положения «Экспертная группа проверяют работы участников в соответствии с выработанной методикой и критериями оценки, утвержденными организационным комитетом» был введен как альтернативный. В случае перебоев в работе интернета, во избежание срыва Олимпиады, продумана технология «Дубль тестирования»: распечатаны текстовый материал заданий, таблицы для заполнения ответов (в количестве заявленных студентов).

Для работы выбрана программа, обрабатывающая и представляющая процесс тестирования в прямом онлайн-режиме для наблюдателей, итог по завершению – участнику. В этом приложении участники Олимпиады могли реализовать возможность выполнять задания в любой последовательности, каждый правильный ответ на вопрос оценивался в 1 балл. Сразу же по итогам тестирования педагогам дана возможность ознакомиться со сводной таблицей результатов. По итоговой сумме баллов определилось 3 победителя (I, II, III места). Причем, предусмотрен был и оговорен в Положении момент, при совпадении итоговых баллов тестирования, преимущество отдавалось бы тому, у кого время было минимальным. Время окончания не совпало ни у одного участника. Таким образом, 3 участника получили дипломы, 14 – сертификаты. Подведение итогов Олимпиады и награждение победителей прошло в соответствии с пунктами Положения.

Ряд пунктов Положения предупреждающего характера не актуализированы ввиду отсутствия прецедента.

Анализируя сводную таблицу результатов участников, был выдержан принцип академической честности.

Ввиду того, что Олимпиада – это праздник, на участие в котором приглашены лучшие из лучших, возможно, допустить большее количество призеров.

Итоги проведения Олимпиады размещены на официальном сайте КГУ «Областного инновационно-методического центра» ГУ «УО области Абай» и на сайте КГКП «Политехнический колледж».

Как отмечают организаторы, участники, эксперты и наблюдатели в ходе проведения Олимпиады были реализованы задачи, всё вышеуказанное содействовало достижению поставленных целей.

Конкретнее об этом – в «Методических рекомендациях педагогическим сотрудникам (педагогам, методистам, педагогам-организаторам) по организации и

проведению олимпиады среди студентов учебных заведений системы технического и профессионального образования области Абай»

Чтобы предметные олимпиады стали хорошей традицией учебных заведений системы технического и профессионального образования области Абай, чтобы студенты ответственно готовились, систематически тренировались – зависит от всех нас вместе взятых. Нужно постоянно совершенствоваться и тогда с каждым разом станет интересней!

Список использованной литературы

1. Каймулдинова К., Абилмажинова С. География. Учебник для 10 классов естественно-математического направления общеобразовательных школ. – Алматы: Мектеп, 2019. – 288 с., илл.

2. География. Учебник для 11 кл. естеств.-матем. Направления общеобразоват.шк./ К.Д.Каймулдинова, Б.Ш.Абдиманатов, С.А.Абилмажинова. – Алматы: Мектеп, 2020. – 296 с.: ил.

3. Ресурсы Интернета: <https://ren.tv/longread/959285-kak-prokhdili-drevnie-olimpiskie-igry-i-kto-ikh-vozrodil>

ТАРИХ ПЕН ГЕОГРАФИЯ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ПӘНАРАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Д. Болатқызы

*«Геодезия, картография және құрылыс жоғары колледжі» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Семей қаласы*

Аннотация: Бұл зерттеу тарих пен география пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту жолдарын қарастырады. Тарих пен географияның пәнаралық интеграциясы оқушыларға өткен кезеңдер мен қазіргі географиялық құбылыстарды терең түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушылардың әртүрлі ақпарат көздерін сараптау, талдау және өмірде қолдану дағдыларын арттырады. Тарих пен география пәндерін пәнаралық байланыс арқылы оқыту оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау, зерттеу дағдылары мен ақпараттық технологияларды қолдану қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі білім беру жүйесі тек ғылыми біліммен шектелмей, оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға, сыни ойлау қабілетін дамытуға және болашақта нақты мәселелерді шешуге дағдыландыруға бағытталған. Оқушыларды функционалдық сауаттылыққа тәрбиелеуде пәнаралық байланыс әдістерінің рөлі

ерекше. Тарих пен география пәндерінің пәнаралық интеграциясы функционалды сапаттылықты қалыптастыруға тиімді жол болып табылады.

Пәнаралық байланыс — бұл әртүрлі пәндер арасындағы байланыстырып, білімді кешенді түрде меңгеруге мүмкіндік беретін әдіс. Бұл әдіс оқушылардың теориялық білімдерін практикалық дағдыларға айналдыруға көмектеседі.

Тарих пен география пәндері арасында тығыз пәнаралық байланыс бар, себебі екеуі де адамзаттың өмірі мен дамуын, оның әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени аспектілерін зерттейді. География — жер бетінің табиғи және адамдық ерекшеліктерін зерттейтін ғылым болса, тарих — өткен дәуірлердегі адамдардың іс-әрекетін, оқиғаларды және олардың себеп-салдарын қарастырады. Бұл екі пәннің пәнаралық интеграциясы оқушыларға кешенді білім береді, олардың дүниетанымын кеңейтеді және түрлі мәселелерге сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Тарих пен географияның өзара байланысы, әсіресе, функционалды сапаттылықты қалыптастыруда ерекше маңызға ие.

Тарих пен география пәндерін пәнаралық түрде оқыту арқылы оқушылардың функционалды сапаттылығын арттыруға болады. Мысалы, тарих пәні арқылы оқушылар өткен дәуірлердегі оқиғаларды, олардың себеп-салдарын, адамзаттың даму жолдарын талдай отырып, қазіргі географиялық жағдаймен байланыстырып көре алады.

Тарих пен география пәндерінің пәнаралық байланысы оқушыларға әртүрлі дереккөздер мен мәліметтерді кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушылар тарихи оқиғаларды, олардың географиялық жағдайларын, экономикалық және әлеуметтік факторларын қатар қарастырып, түрлі саладағы білімді біріктіре алады. Мысалы, тарихи оқиғалар мен географиялық жағдайды байланыстыра отырып, олар өткен кезеңдердегі халықтардың миграциясын, сауда жолдарының құрылуын, өркениеттердің дамуын және олардың табиғи ресурстарға тәуелділігін тереңірек түсінеді.

Осылайша, оқушылар өткен мен қазіргі дүниетанымдарын байланыстыра отырып, уақыттың, кеңістіктің, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік факторлардың әсерін бағалай алады. Олардың сыни ойлау қабілеті дамиды, ақпаратты сараптау дағдылары артады, сонымен қатар олар тарихи оқиғалар мен географиялық құбылыстарды кешенді түрде түсініп, әртүрлі дереккөздерінен ақпарат жинап, оны өз бетінше қолдана біледі.

Тарих пен географияны пәнаралық түрде оқытудың бірнеше әдістемелік тәсілдері бар:

Тақырыптық үйлесім. Тарих пен географияның тақырыптарын үйлестіре отырып оқыту, мысалы, тарихи оқиғалар мен сол оқиғалар орын алған географиялық кеңістікті талдау. Мысалы, Ұлы Жібек жолы арқылы өткен тарихи оқиғаларды географиялық тұрғыдан зерттеу. Жоба жұмыстарын ұйымдастыруда оқушыларға нақты бір тарихи кезең мен оның географиялық аспектілерін зерттеу бойынша

жоба тапсырмаларын беру. Мысалы, «Қазіргі Қазақстанның географиялық жағдайы мен тарихи сабақтастығы» тақырыбы бойынша зерттеу жүргізу.

Карталарды пайдалану. Географиялық карталарды тарихи оқиғалармен байланыстырып көрсету. Мысалы, тарих пәні бойынша Көк Орда, Алтын Орда империяларының аумақтарын карталармен көрсету арқылы тарихи оқиғаларға географиялық тұрғыдан талдау жасау.

Кейс-стади әдісін қолдану арқылы оқушыларға нақты тарихи жағдайларды немесе географиялық құбылыстарды талдай отырып, оларды шешу жолдарын ұсыну. Мысалы, климаттық өзгерістердің тарихқа қалай әсер еткенін зерттеу.

Тарих және география пәндерінің пәнаралық оқыту әдістері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту - оқушыларды тек біліммен ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, ақпаратты өңдеу, практикалық дағдыларды қолдану, және мәселелерді шешу қабілеттерімен қаруландыратын әдіс-тәсіл. Тарих пен географияның пәнаралық байланысы оқушыларға әлемнің дамуын, жер бетіндегі процестерді және әртүрлі тарихи оқиғалардың әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

География мен тарихты пәнаралық түрде оқытуда карталар мен диаграммаларды қолдану маңызды рөл атқарады. Тарихи кезеңдерді талдағанда географиялық карталар арқылы оқушылар сол кезеңдегі тарихи оқиғалардың орындарын, соғыстардың, көші-қондардың және экономикалық өзгерістердің географиялық көрінісін көре алады. Бұл тәсіл оқушылардың карталарды оқу дағдыларын дамытады және географиялық ақпаратты тарихи контексте дұрыс түсіну қабілетін арттырады.

Тарих пен географияның пәнаралық әдісі карталарды талдаумен қатар тарихи деректерді салыстыруды да қамтиды. Мысалы, белгілі бір аймақта болған тарихи оқиғаларға (сұрапыл соғыстар, мемлекеттердің шекараларының өзгеруі, халықтың көші-қоны) байланысты тарихи мәліметтермен географиялық өзгерістерді қарастыру оқушыларға әртүрлі көзқарастан қарауға мүмкіндік береді.

Тарих пен география арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту пәнаралық оқытудың басты мақсаттарының бірі — оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту. Тарих пен географияны біріктіре отырып, оқушылар түрлі зерттеу әдістерін пайдаланып, мәселені кешенді түрде шешуге үйренеді. Олар ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және қорытынды жасау дағдыларын игереді. Оқушыларды жеке зерттеулер жүргізуге ынталандыру арқылы олардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеттері де артады.

Тарих пен география пәндерінде зерттеу жүргізу барысында ғылыми әдістерді қолдану өте маңызды. Оқушыларды келесі әдістермен таныстыруға болады:

Бақылау: Географиялық нысандарды немесе тарихи орындарды бақылай отырып, ақпарат жинау. Мысалы, белгілі бір аймақтағы климаттық ерекшеліктерді зерттеу.

Сұрақ-жауап әдісі: Тарихи деректерді зерттеу барысында сұрақ қою әдісін қолдану. Мысалы, тарихи оқиғалардың себеп-салдарын анықтау.

Салыстыру әдісі: Өртүрлі тарихи кезеңдер мен географиялық нысандарды салыстыра отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Тарих пен география пәндері арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту — олардың сыни ойлауын, ғылыми әдістерді қолдану қабілетін, ақпаратты дұрыс жинап, талдай білу дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Тарих пен география пәндерінің пәнаралық байланысы функционалдық сауаттылықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл тәсіл оқушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларын да қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пәнаралық оқыту арқылы оқушылар кеңістіктік, уақыттық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді кешенді түрде талдай отырып, сыни ойлау, зерттеу дағдыларын дамытады және оларды өмірде қолдануға үйренеді.

Тарих пен география пәндерінің пәнаралық байланысын тиімді пайдалану — оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды қадам болып табылады. Бұл әдіс оқушыларды белсенді және сыни ойлауға үйретеді, олардың білімін өмірде қолдана білуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенбекова, Б. К. (2019). Қазіргі білім беру технологиялары және пәнаралық интеграция. Алматы: Ғылым.
2. Мұқанова, Н. Ә. (2018). Қазақ мектебінде пәнаралық оқытуды ұйымдастыру. Алматы: Қазақ университеті.
3. Рахметова, Ж. А. (2020). Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру: қазіргі әдістер мен технологиялар. Астана: Фолиант.
4. Керимов, М. Т., & Сейфуллин, Р. Т. (2017). Пәнаралық оқыту және оның тиімділігі: тәжірибе мен теория. Шымкент: Шымкент университеті.
5. Құдиярова, Н. Қ. (2018). География және тарих: пәнаралық байланыс. Қарағанды: Қарағанды университеті.
6. Орысбекова, А. Б. (2020). Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту: тарих пен география пәндеріндегі әдістемелік тәсілдер. Астана: Дәуір.
7. Мұхамедова, Ж. К. (2019). Қазіргі педагогикалық технологиялар және пәнаралық оқытудың тиімділігі. Алматы: Нұр-Принт.

ТАРИХ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ШАРТЫ РЕТІНДЕ РЕФЛЕКСИВТІ- БАҒАЛАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Демесинова Б.Н

Қаскелең Гуманитарлы-техникалық колледжі

Мақсаты: Тарих сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру арқылы оқытудың озық технологияларын тиімді пайдаланып, сапалы білім беру, өмірге бейім тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

** Білім алушылаға функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау:*

** Білім алушыларға білім сапасын арттыру үшін қолданылатын жаңаша әдіс-тесілдерді меңгеру, игеру.*

** Рефлексивті-бағалау дағдысын қалыптастыра отырып білім алушылардың өз бетінше ізденуге ынталандыру*

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

"Менің студенттерім жаңа нәрселерді менен емес, үйренетін болады. Олар бұл жаңалықты өздері ашатын болады.

Менің міндетім - оларға өз идеяларын ашуға және дамытуға көмектесу"

Функционалды сауатты тұлға - бұл дүниені бағдарлап, қоғамдық құндылықтарға, үміттер мен мүдделерге сай әрекет ететін тұлға. Ал қазіргі білім берудің міндеті - осындай тұлғаны тәрбиелеу.

Функционалдық сауаттылық терминінің түсінігі былайша түсіндіріледі:

"Адамның адам қызметінің барлық салаларында: еңбек, мемлекет, отбасы, денсаулық сақтау, құқық, саясат, мәдениет салаларында сауатты, білікті қызмет ете білуі". Функционалдық сауаттылық - қоғам игілігінің көрсеткіші. Сондықтан мектеп үшін өте маңызды мақсат туындайды: жекелеген таңдаулы білім алушыларды өмірге дайындау емес, қажет болған жағдайда мамандықты тез өзгертуге, жана әлеуметтік рөлдер мен функцияларды меңгеруге, бәсекеге қабілетті болға қабілетті мобильді тұлғаны тәрбиелеу. Осы функционалдық сауаттылық дағды да барлығы мектепте қалыптасады. Ал бүгінгі таңда мектептегі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі — оқушыны заманауи әлемге бейімделуге дайындау.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

Әлемдегі өзгерістер оқыту мен тәрбиелеудің жаңа параметрлерін белгіледі, мақсаттарды, білім беру нәтижелерін, оқытудың дәстүрлі әдістерін, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау жүйелерін түбегейлі қайта қарауды талап етті.

21 ғасыр адамның қандай дағдылар мен қасиеттер қажет?

Адам функционалдық сауатты болуы тиіс.

Функционалдық сауаттылық - бұл әлеуметтік қатынастар жүйесінде туылғанын қалыпты жұмыс істеуін қатамасыз ететін белгілі бір білім, білік және жады деңгейі, яғни оның мәні білім беру қызметін өмірге жақындатудан тұрады.

Функционалдық сауаттылық пен тұлғаның оқу іс-әрекетін өз бетінше жүзеге асыру және алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын адам қызметінің, қарым-қатынастың және әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларында өмірлік міндеттерді шешу үшін қолдану қабілетінен тұрады.

Білім беру жүйесін "XXI ғасырдың икемді дағдыларына", білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын және позитивті көзқарастарды дамытуға, оқу мотивациясына және әртүрлі жағдайларда білім алушының мінез-құлық, стратегияларына, өзгерістер дәуірінде өмір сүруге дайындығына байланысты жана нәтижелерге қайта бағдарлауды ескере отырып, оқу-әдістемелік материалдарды жаңарту.

- Мұғалімдерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесі арқылы мұғалімдердің біліктілігін мақсатты түрде арттыру, онда оқытудың мазмұны мен әдістерін түбегейлі жаңарту талап етіледі, сапаны арттырға бағытталған мұғалімдер жұмысының тиімділігі.

- Білім беру жетістіктерінің кешенді мониторингін тежірибеге енгізу білім алушылар және заманауи есептегі істерді пайдалана отырып білім беру сапасы. Білім алушылардың пәндік және тұлғалық нәтежиелерін кешенді бағалау. Білім алушылардың функционалдық сауатты болуын қалыптастыруды мониторингілеу үшін.

* білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін тапсырмалар банкін және пәнаралық технологияларды құру, функционалдық сауаттылығын табысты қалыптастыру және дамыту, сабақтарда түйінді және пәндік құзреттіліктерге қол жеткізу үшін келесілерді сақтау қажет шарттар:

*оқыту әрекеттік сипатта болуы тиіс

*оқу бағдарламасы білім алушылардың жеке қызығушылықтарын және олардың даму қажеттіліктерін ескеруі керек.

*Білім алушылар жаңа материалды меңгеру үдерісінің белсенді қатысушылары.

*оқу үдерісін оқушының дербестігін және қызметінің нәтижелеріне жауапкершілігін дамытуға бағыттау қажет: *сабақты іс-әрекетте топтық формаларын колдану:

Колледж күрделі жахандық меселелер бойынша білім алушылар зерттеулерін белсенді түрде колдайды.

Сонымен қатар, студенттерді функционалдық сауаттылығы қалыптастыруда өнімділікті қамтамасыз ету үшін мұғалімдер арнайы белсенді, тұлғалық-бағдарды, дамытушылық білім беру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша Ұлттық іс-әрекет жоспары 2012-2016 жылдарға.
2. Әдістемелік нұсқау хат 2016-2017 оқу жылы
3. Писаренко С.Н. Рефлексия и ее роль в преодолении профессиональных затруднений учителя школы, Магнитогорск, 2002, 26 бет
4. Тәңірбергенова А.Ш. Оқу әрекетінде деген рефлексивті қатынасты қалыптастыруды зерттеу бағыттары //Қазақстан орта мектебі 2008 №11, 3-7 беттер

СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Есенова М.А.

Талдықорған қаласының «Авиценна» медициналық колледжі

Аңдатпа: Мақалада бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде кеңінен енгізілген критериалды бағалау жүйесі ерекшелігі туралы баяндалады. Студенттің оқу қабырғасында сапалы білім алып, әрі оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру мақсатында күнделікті білімін әділ бағалау, оның оқу жетістіктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жаңа модельге сәйкес студенттердің білімін бағалау әдісі де өзгеріп, критериалды бағалау жүйесі енгізілуде.

Аннотация: В статье рассказывается о специфике системы критериального оценивания, которая сегодня широко внедрена в системе образования страны. В целях повышения интереса и мотивации студента к обучению и получению качественного образования в учебных стенах, справедливая оценка его ежедневных знаний играет важную роль в формировании его учебных достижений. В соответствии с новой моделью меняется и метод оценки знаний студентов, внедряется система критериального оценивания.

Annotation: The article describes the specifics of the criterion-based assessment system, which is widely implemented in the education sector of the country today. An important role in the formation of a student's educational achievements is played by a fair assessment of his Daily Knowledge in order to get a high – quality education at school and increase interest and motivation to study. According to the new model, the method of assessing students' knowledge is also changing, and a system of criterion – based assessment is being introduced.

Студенттердің күнделікті білімін бағалау – білім беру үдерісінің құрамдас бір бөлігі саналып, студенттің оқу қабырғасында сапалы білім алып, әрі оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру мақсатындағы оның оқу жетістіктерін қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласы жаңартылған білім беру бағдарламасына толық көшіп, оқып жатқаны белгілі. Жаңа модельге сәйкес студенттердің білімін бағалау әдісі де өзгеріп, критериалды бағалау жүйесі енгізілуде.

Студент білімін бағалау – педагогика ғылымындағы қоғамның заманауи даму үдерісіне сай, үнемі жетілдіріп, дамытып отыратын өзекті теориялық һәм практикалық мәселелердің бірі. Қазіргі таңда бағалау жүйесін оқу бағдарламасының замаманауи талаптарына толық көлемде сәйкестендіру жүзеге асырылуда.

Критериалды бағалау технологиясы оқытудың заманауи әдістемелерінің бірі ретінде саналып, білім сапасын арттыруда көптеген мәселелерді шешуде. Ұзақ жылдар бойы бағалау студент жетістіктерін басқа студенттердің нәтижелерімен салыстыра отырып жүзеге асырылды және бағалауда төменде көрсетілгендей бірнеше кемшіліктер болды:

- күнделікті сабақ барысында әр студенттің жекелеген тақырыпты игеру деңгейін анықтайтын нақты ортақ критерийлері болмады;
- студентті күнделікті сабақ барысында бағалаудың ортақ критерийлері негізінде емес, жалпы топтың орташа білім деңгейін бағдарлай отырып бағаланады;
- студентке қойылған баға оқу бағдарламасының жеке білімдері бойынша нақты білім мен дағдыларды меңгерудің шынайы нәтижесін көрсетпеді, сондықтан әр студенттің жеке оқу траекториясын анықтауға мүмкіндік бермеді;
- оқу үдерісі барысында студент пен оқытушы арасында шығармашылық байланыс болмай, студенттердің оқуға деген ынтасын туғызбады [1].

Осы проблемаларды оңтайлы шешу жолында орта білім жүйелерінде оқытудың мақсат міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкес студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесі әзірленді.

Студенттің күнделікті білімін бағалау критерийі – оның тек оқу материалдарын меңгеру деңгейінің көрсеткіші ретінде ғана емес, білім жетістіктерін ынталандыру, онан әрі ізденіп, талаптану үшін мәні бар шарт болып табылады. Сондықтан студенттің білім жетістіктерін критериалды бағалау – оқу-танымдық күзіреттілігін қалыптастырудың заманауи ғылыми технологиясы тұрғысынан қарастыру қажет.

Білім сапасы студент білімінің әділ, әрі шынайы бағалануымен маңызды, олай болса, бағалау критерийлері тек студентке ғана емес, ата-анаға да түсінікті болатындай, яғни, «бағалау жүйесі» толығымен айқын болуы шарт. Технологияның қарыштап дамыған заманауи қоғамда оған жететін педагогикалық технологияларда баршылық. Соның бірі – критериалды бағалау жолдары.

«Критериалды бағалау» – студенттің білім алу барысында жеткен оқу жетістіктері мен жеке бас қабілеті арасындағы байланысты бағалау, бұл ұғымды ғылымға алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) енгізген. Қазіргі кезде бұл бағалау жүйесін әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің білім жүйесінде кеңінен енгізіліп, қолдануда [2].

Бағалау жүйесінің басты ерекшелігі – ең алдымен күнделікті сабақтың оқу мақсатына орай критерийлер беріледі де, қарапайым тілмен айтқанда, критериалды бағалау – студенттің жаңа тақырыпты түсініп, меңгеру деңгейін бағалайтын өлшемдер. Себебі, студенттердің әр тақырып негізіндегі басты ұғымдар мен дағдыларды түсініп, өз білім деңгейін бағалауына мүмкіндік береді. Критериалды бағалау төмендегідей қағидаттарға (принциптерге) негізделеді:

- Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы;

- Шынайылық, анықтық және валидтілік;
- Ашықтық және нақтылық;
- Үздіксіздік;
- Дамытуға бағыттылық [3].

Критериалды бағалау студенттердің сабаққа деген белсенділігін арттырып, оқу материалын есте сақтауын жақсартатыны анықталды.

Әр білім орнында критериалды бағалаудың өз үйлестірушілері болып, бүкіл бағалау үдерісін сол үйлестірушілер жоспарлап, ұйымдастырады және өткізуді басқарады.

Критериалды бағалаудың дәстүрлі бағалау жүйесінен басты айырмашылығы – жаңа талап бойынша студенттің оқу пәнінің жаңа тақырыбын мақсатына сай игеру деңгейін бағалау критерийі нақтыланады.

Оқытушының мақсаты – студентті осы бағалау критерийлерін жаңа сабақ тақырыбын өтер алдында таныстыру. Критерий – оқыту міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, студенттердің жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Студенттер бағалау критерийімен таныса отырып, креативті тұрғыда ойлай отырып, алдына мақсат қоя біліп, оны орындау жолында ізденіп, жұмыс жасауы керек.

Студент білімін бағалау критерийіне: интерактивті тақта, географиялық карта мен глобусты пайдалана отырып, түрлі тәжірибелік жұмыстар мен бақылау жұмыстары, тақырыптық сынақтар, қолданбалы сипаттағы тапсырмалар мен проблемалық мәселелерді шешу дағдыларына ерекше мән береді. Нәтижесінде, студенттер бойына сыни және креативті ойлау мен функционалдық сауаттылық негізінде географиялық анықтамалар мен ұғымдарды терең меңгеріп, картографиялық және геоақпараттық жүйе жайлы географиялық құзіреттіліктерді дамытады.

Сондай – ақ, оқытушылар студенттермен тек практикалық жұмыстар жүргізбей, бүгінгі қоғамдағы басты проблема – коммуникативтік байланысқа да, яғни коммуникативтік технология барысында студент пен оқытушы және топ арасында тілдік қарым-қатынас орнап, еркін ақпарат алмасу жүргізе біледі.

Қорыта келгенде, студенттің білім сапасын арттыру мақсатында критериалды бағалау жүйесі – білім беру бағдарламасының мақсаттары мен мазмұнына сәйкес әр студенттің жеке бас құзыреттілігін дамытуға бағытталған нақты жүйе.

Білім беру қоғамның үздіксіз даму сипатына сай өзгеретіндіктен, оқытушы білім берудің дәстүрлі парадигмасынан тұлғаға бағытталған парадигмаға көшу барысында оқу жетістіктері мен бағалау жүйесі арасындағы қатынасты қайта қарауы қажет.

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау – олардың негізгі білім беру бағдарламаларын игеру нәтижелерін тексеруде критериалды бағалау арқылы, педагогикалық үдерістің ғылыми-әдістемелік талапқа сай шебер ұйымдастырылған жүйесі арқылы шешуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: учебно-метод. пособие / под ред. О.И. Можяевой, А.С. Шилибековой, Д.Б. Зиеденовой. – Астана: АОО «НИШ», 2016. С.–56.
2. Абекова Ж.А., Оралбаев А.Б., Бералиева М., Избасарова Ж.К. Технология критериального оценивания, методика ее применения в учебном процессе // Международный журнал экспериментального образования. – 2016.–№ 2–2.–С. 215-218.
3. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу – әдістемелік құрал. «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. Астана: АОО «НИШ», 2020.

ТАРИХ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Жакубаева М. М.

Жаркент жозары педагогикалық колледжі

***Аңдатпа:** Қазіргі әлемде функционалды сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.*

***Аннотация:** В современном мире функциональная грамотность является базовым фактором, способствующим активному участию учащегося в социальной, культурной, политической и экономической деятельности, а также обучению на протяжении всей жизни.*

***Annotation:** In today's world, functional literacy is a basic factor that contributes to the active participation of a student in social, cultural, political and economic activities, as well as lifelong learning.*

Функционалды сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада анық көрсетілген. Осы бағдарламаны басшылыққа ала отырып, ҚРсы Үкіметінің 2012ж. 25 маусымдағы №832 қаулысымен «Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары» бекітілді. Бұл Ұлттық жоспар – білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары. Жоспарда мақсат, міндеттер нақты қойылған, ағымдағы жағдайды талдау, мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту тетіктері, білім стандарттарын, оқу бағдарламалары мен

жоспарларын жаңарту, оқыту нысандарын, әдістері мен технологияларын жаңарту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесін қайта қарау, білім беру мәселелерін алдыңғы қатарлы елдердің деңгейінде жабдықтау қажеттілігіне тоқталған.

Сол сияқты педагог қызметкерлер оқушылар алған білімнің мемлекеттік стандарттан төмен болмауына күш салуға, оқушылардың өзіндік және шығармашылық қабілеттерінің көрінуі мен дамуы үшін жағдай жасауға міндетті» деп атап көрсетілген.

Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықты дамытудың төрт негізгі механизмі атап көрсетілді.

Бірінші механизм – оқыту методологиясы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту бойынша Министрлік әлемдік тәжірибе негізінде Мемлекеттік білім стандартын жасауға кірісті.

Екінші механизм – оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін әлемдік тәжірибені жан-жақты зерттеу арқылы енгізу.

Үшінші механизм бойынша – балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы үшін жаңа әдістемені әзірлеу.

Төртінші механизм бойынша – қосымша білім беру жүйелері дамытылып, материалдық техникалық база жаңартылатын болады.

Функционалдық сауаттылық – ұлттың, мемлекеттің немесе адамдардың мәдени және гуманитарлық бағытта дамуы, өмір сүріп жатқан әр адамның жасына қарамай қоғамдық-саяси, мәдени қызметтерге белсене араласуы және бүгінгі жаһандану дәуірінде заман ағымынан қалыспай ілесіп отыруы, мамандығын, білімін үнемі жетілдіріп отыруы ретінде түсіндіріледі.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. «Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат», - деп халық ағартушысы К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заманда оқушының білім алуға қызығушылығын ояту үшін мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жағдай жасауы керек.

Педагогикалық үдерісте жеті модульді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімдерін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, шынайы бағалау қабілеттерін де дамытады. Сонымен тиімді оқыту бағдарламасының жеті модулі: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді.

Сабақтарымда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды көздейтін сыни тұрғыдан ойлауды дамытатын жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша өз тәжірибеммен бөліскім келеді. «Қазақ хандығы кезеңіндегі қоғамдық-саяси ойлардың дамуы» тақырыбында білу мен түсіну кезеңінде оқушылардың қызығушылығын ояту, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту мақсатында «Суреттен бір факт» әдісі арқылы оқушыларды топқа бөліп, сабақтың тақырыбына шығуды көздедім. Оқушылар кез келген бір суретті таңдай отырып ол суретте берілген адам туралы кез келген бір факт айтады, соған сәйкес сабақтың мақсатын да анықтап айтып берді. Тапсырма орындалып жатқанда оқушының таңдаған суретіне қарай топқа бөлу қарастырылды. Осы ізденіс арқылы сабақтың тақырыбы мақсаты анықталды және сонымен қатар әр бір баланың және топтың бағалау шкаласын анықтап алдық. «Кімнің сөздері?» тәсілі арқылы оқушылардың үй тапсырмасын қаншалықты меңгергендігін тексеру барысында мен алдыңғы сабақта өтілген тақырыпты қайталау мақсатында жоғары дәрежелі сұрақ қоюдан бастадым. Plickers.com программасын қолдану арқылы оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергенін және оның уақытын үнемдеу мақсатында осы программаны таңдап алдым.

Мақсатым осы программа арқылы оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеру және бұрын пайдаланбаған әдіс арқылы оқушылардың жаңа дүниеге деген көзқарасын анықтау болатын. Үмітім ақталды оқушылар тақырыпты да программаны да тез меңгеріп алды.

• Школьники из Талдыкоргана запланировали в мае 2022 года отправиться в тур поход по красивейшим природным местам Жетысу. Ребята планируют посетить Долину замков в Чарынском каньоне, Кольсайские озёра и национальный парк Алтын Емель. Но у ребят возникла проблема они не знают, как правильно выстроить свой маршрут и сколько дней займет их путешествие в целом. Используя программу 2ГИС, помощи ребятам выстроить маршрут путешествия, определи километраж маршрута и количество дней, которые они будут в пути.

Список литература

1. Болотникова Н. В. Формирование и развитие естественнонаучной грамотности учащихся как необходимое условие достижения целей обучения в курсе географии / Материалы Всеросс. науч.-практ. конф., Волгоград, 15 мая 2019 г. С. 19–27.
2. Вершловский С. Г., Матюшкина М. Д. Функциональная грамотность учащихся: представления, критический анализ, измерение // Социологические исследования. — 2011. — № 5
3. Гакаев Р. А., Чатаева М. Ж. Преподавание географии в школе и его значение как междисциплинарного учебного предмета. // Научное обозрение 2014 — № 4 — С. 45–56.
4. Пентин А. Ю., Никифоров Г. Г., Никишова Е. А. Основные подходы к оценке естественнонаучной грамотности // Отечественная и зарубежная педагогика. — 2019. — Т. 1. — № 4 (61). — С. 80–97

ТАРИХ ПЕН ГЕОГРАФИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Кажым А.Е.

МКҚК «Бөрлі колледжі», БҚО, Бөрлі ауданы

Аңдатпа: Мақалада функционалдықы сауаттылықты дамытудағы пәнаралық әдістің маңыздылығы қарастырылады. Автор тарих пен география пәндерін интеграциялай отырып оқыту арқылы оқушылардың алған білімін өмірде қолдану қабілетін жетілдірудің жолдарын ұсынады. Зерттеу нәтижелері бұл әдістің

студенттердің сыни ойлауын дамытуға, деректерді интерпретациялау қабілетін арттыруға, сондай-ақ тілдік және ақпараттық сауаттылығын жетілдіруге ықпал ететінін көрсетеді. Пәнаралық оқытудың арқасында студенттер белгілі бір тарихи оқиғаларды географиялық жағдайлармен байланыстырып, күрделі себеп-салдарлық байланыстарды терең түсінуге мүмкіндік алады. Автор пәнаралық тәсілдің оқушылардың кең ауқымды білімге ие болып, оны өмірлік жағдаяттарға тиімді қолдануға көмектесетінін атап өтеді.

Аннотация: В статье рассматривается значимость междисциплинарного подхода в развитии функциональной грамотности. Авторы предлагают использовать интеграцию предметов истории и географии для повышения способности учащихся применять полученные знания в реальной жизни. Результаты исследования показывают, что такой подход способствует развитию критического мышления, навыков интерпретации данных, а также языковой и информационной грамотности. Благодаря междисциплинарному обучению учащиеся могут связывать исторические события с географическими условиями и глубже понимать сложные причинно-следственные связи. Авторы подчеркивают, что междисциплинарный подход помогает школьникам приобрести широкие знания и эффективно использовать их в жизненных ситуациях.

Annotation: This article examines the importance of an interdisciplinary approach in developing functional literacy. The authors propose integrating history and geography subjects to enhance students' ability to apply acquired knowledge in real-life contexts. Research results show that this approach promotes critical thinking, data interpretation skills, as well as language and informational literacy. Through interdisciplinary learning, students can connect historical events with geographical contexts and gain a deeper understanding of complex cause-and-effect relationships. The authors emphasize that the interdisciplinary approach helps students acquire broad knowledge and use it effectively in real-world situations.

«Білім мен ізгілік мұратқа жеткізеді» деп айтқандай Жүсіп Баласағұни айтқандай, болашақ ұрпақтың кешегіден гөрі білімді болуына, нарықта бәсекеге қабілетті болу, мықтырақ болуына ықпал ететін, адамзат қоғамын алға жетелейтін күш тек – білімде. Уақыт бір орында тұрмайтындай секілді, білім де әркез өсуді, әркез жаңашылдықты талап етеді. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етуде. Заманның талабына сай, өзгерісті қабылдау білімді болашақ жас ұрпақтың міндеті. Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды.

«Функционалдық сауаттылық» — ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттырында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық –білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – студенттің әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада анық көрсетілген. Осы бағдарламаны білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары.

Функционалдық сауаттылықты дамытудағы пәнаралық әдістің рөлі маңызды, себебі ол студенттердің алған білімін өмірде қолдану қабілетін қалыптастырады. Тарих пен география пәндерін біріктіре отырып оқыту осы мақсатты тиімді жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл әдіс студенттердің кең ауқымды білімге ие болуына, талдау, синтездеу және бағалау қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Тарих пен география сабақтарын интеграциялау арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың бірнеше артықшылықтары бар:

1. Контекстуализация және байланыс орнату:

Тарих пен географияны біріктіріп оқыту арқылы оқушыларға белгілі бір кезеңдегі оқиғалар мен сол кездегі географиялық жағдайлардың өзара байланысын түсіндіруге болады. Мысалы, халықтардың қоныс аударуының немесе елдер арасындағы сауда жолдарының қалыптасуының себептерін зерттеу, студенттерге тарихи және географиялық факторлардың маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

2. Сыни ойлауды дамыту:

Пәнаралық тәсіл тарихи оқиғаларды географиялық тұрғыдан қарастыруға көмектеседі, бұл студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын дамытады. Мысалы, климаттық өзгерістердің халықтардың өміріне қалай әсер еткенін немесе табиғи ресурстардың тарихтағы жанжалдарға ықпалын талқылау арқылы олар оқиғалардың көпқырлы себеп-салдар байланыстарын түсіне алады.

3. Картография және деректерді интерпретациялау:

География пәнінде карталарды пайдалану арқылы оқушылар тарихи деректерді визуалды түрде қабылдай алады. Мұндай жұмыстар деректерді талдау және нақты мәліметтерді түсіндіру қабілетін дамытады, бұл функционалдық сауаттылықтың маңызды бөлігі болып табылады.

4. Тілдік және ақпараттық сауаттылықты дамыту: Тарих және география пәндерінен мәтіндер оқу және карталарды талдау арқылы оқушылар терминдерді дұрыс қолдануды үйреніп, өз ойларын нақты және дәйекті жеткізуге үйренеді.

Қорытындылай келе, пәнаралық әдіс оқушылардың білімін өмірлік жағдаяттарға қолдануға мүмкіндік береді. Тарих пен география сабақтарында функционалдық

сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмаларды пайдалану оқушылардың білімін бекітіп, әлемге деген кең және терең көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шарафутдинова, Л.Р., және т.б. (2020). “Пәнаралық байланысты оқытудың әдістері мен тәсілдері” атты оқу құралы. Бұл кітапта білім беру үдерісінде әртүрлі пәндерді интеграциялаудың әдістемелік негіздері қарастырылады.
2. Аймағамбетова, Қ.А. және Ахметова, Ж.Ж. (2017). “Тарих және география пәндерін интеграциялау арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту” атты зерттеу мақаласы.
3. Жанзақов, Б. (2018). “Қазақстан тарихын оқытуда географиялық әдістерді қолдану”.

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Кипшақбаев Қ.З.

Қызылорда «Болашақ» университетінің жоғары колледжі, Қызылорда қаласы

***Аңдатпа:** Бұл мақалада қашықтықтан оқыту технологияларының құқық пен тарих негіздерін оқытудағы артықшылықтары қарастырылады. Әсіресе, уақыт пен ресурстарды үнемдеу тұрғысынан қашықтықтан білім беру процесінің тиімділігіне назар аударылады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқытудың қолжетімділігі, икемділігі, мультимедиа құралдары мен интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттерге тереңірек білім беру мүмкіндіктері қарастырылған.*

***Кілтті сөздер:** қашықтықтан оқыту, құқық, тарих, уақытты үнемдеу, ресурстарды үнемдеу, мультимедиа, интерактивтілік.*

***Аннотация:** В этой статье рассматриваются преимущества технологий дистанционного обучения в обучении основам права и истории. Особое внимание уделяется эффективности процесса дистанционного образования с точки зрения экономии времени и ресурсов. Кроме того, предусмотрены доступность, гибкость дистанционного обучения, возможности для более глубокого обучения студентов с использованием мультимедийных инструментов и интерактивных методов.*

***Ключевые слова:** дистанционное обучение, право, история, экономия времени, ресурсосбережение, мультимедиа, интерактивность.*

***Annotation:** This article explores the advantages of distance learning technologies in teaching law and history fundamentals. Special attention is given to the efficiency of distance education in terms of saving time and resources. Additionally, the article*

discusses how distance learning provides accessibility, flexibility, and the use of multimedia and interactive methods to enhance the depth of students' learning.

Keywords: *distance learning, law, history, time-saving, resource-saving, multimedia, interactivity.*

Қазіргі заманда білім беру процесінде қашықтықтан оқыту технологиялары маңызды рөл атқаруда. Әсіресе, тарих және құқық негіздерін оқытуда бұл технологиялар көптеген артықшылықтар ұсынады. Қашықтықтан оқыту, бір жағынан, заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды талап етсе, екінші жағынан, оқушылардың дербес оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

1. Қолжетімділік және икемділік.

Қашықтықтан оқыту технологияларының басты артықшылықтарының бірі – *қолжетімділік пен икемділік*. Тарих пен құқық негіздерін оқытуда бұл артықшылықтар білім алушылардың оқу процесіне еркіндік береді және оларды тиімді оқуға мүмкіндік туғызады.

Қашықтықтан оқыту арқылы кез келген оқушы интернетке қосылған кез келген жерде білім ала алады. Бұл әсіресе ауылдық жерлерде немесе қолжетімді білім беру орталықтары аз аймақтарда тұратын адамдар үшін өте маңызды. Оқушыларға нақты уақытта лекцияға қатысу міндетті емес, олар оқу материалдарын өздеріне ыңғайлы уақытта оқи алады. Бұл оқудың икемділігі студенттердің жеке кестелеріне сәйкес білім алуға мүмкіндік береді, әсіресе жұмыс істейтін немесе басқа міндеттері бар студенттер үшін өте тиімді[1].

Сонымен қатар, оқушылар өздерінің оқу процесін толықтай дербестендіріп, білім алу деңгейіне байланысты материалдарды игеру жылдамдығын реттей алады. Білім алушыларға бір тақырыпты түсіну үшін көбірек уақыт қажет болса, олар қайталап оқу мүмкіндігіне ие, ал күрделі емес тақырыптарды тез игеріп, алға жылжуына болады. Бұл оқыту тәсілі дәстүрлі оқыту формаларынан ерекшеленеді, өйткені ол әрбір студенттің жеке қажеттіліктеріне бейімделген.

Осының арқасында қашықтықтан оқыту жүйесі білім беру процесін қолжетімді, ыңғайлы және дербестендірілген етеді.

2. Дербестендірілген оқу процесі.

Қашықтықтан оқыту технологиялары оқушыларға жеке оқу траекториясын таңдауға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, тарих және құқық негіздерін оқытуда өте маңызды, себебі әр студенттің қызығушылықтары әртүрлі. Онлайн курстар оқушыларға өздері қызыққан тақырыптарды тереңірек зерттеп, қажеттіліктеріне сәйкес білім алуына жағдай жасайды.

Дербестендірілген оқу процесі қашықтықтан оқыту технологияларының маңызды артықшылықтарының бірі болып табылады. Бұл әдіс әрбір студентке өзінің жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың білім деңгейі, түсіну жылдамдығы және қызығушылықтары әртүрлі болғандықтан, дербестендірілген оқу процесі оларға өз қажеттіліктеріне сәйкес білім алуға жағдай жасайды.

Оқушылардың оқу материалдарын өздерінің қарқыны бойынша меңгеруіне мүмкіндік беріледі. Мысалы, кейбір тақырыптар оқушы үшін қиын болса, ол оны бірнеше рет қайталап оқып, толық түсінгенше уақытын ұзарта алады. Ал егер тақырып жеңіл болса, тезірек алға жылжып, келесі бөлімдерді оқуды бастайды. Бұл оқушыларға өз білім деңгейін бақылауға, әлсіз тұстарын анықтауға және сол бойынша тереңдетілген оқу жүргізуге жағдай жасайды [2].

Сонымен қатар, дербестендірілген оқу әдісі студенттерге қызығушылықтарына қарай қосымша материалдар мен ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Әрбір оқушы өзіне қажетті тақырыпты тереңірек зерттей алады, ал бұл олардың білім сапасын арттырады.

3. Тестілеу және кері байланыс мүмкіндіктері.

Тестілеу және кері байланыс мүмкіндіктері құқық пен тарих пәндерінде қашықтықтан оқыту процесінде маңызды рөл атқарады. Тестілеу білім алушылардың алған білімін тексеру үшін қажет болса, кері байланыс оларға жіберілген қателерін түсініп, оларды түзетуге мүмкіндік береді. Бұл екі процесс оқушылардың білімін бақылап қана қоймай, олардың оқу сапасын арттыруға ықпал етеді.

Құқық пәнінде тестілеу студенттердің заңнамалық актілер мен нормативтік-құқықтық құжаттарды меңгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, тесттер арқылы студенттер Қазақстан Республикасының Конституциясы, қылмыстық немесе азаматтық құқық нормаларын қаншалықты жақсы түсінгенін көрсете алады. Кері байланыс арқылы оқытушылар қате жауаптар бойынша түсіндірмелер беріп, студенттерге құқықтық нормаларды дұрыс қолдануды үйретеді [3].

Тарих пәнінде тестілеу оқушылардың тарихи оқиғаларды, хронологияны және маңызды тарихи тұлғаларды қаншалықты жақсы меңгергенін анықтайды. Тарихта себеп-салдарлық байланыстарды түсіну маңызды болғандықтан, кері байланыс жүйесі студенттерге қателерін талдап, сол арқылы оқиғаларды тереңірек түсінуге көмектеседі.

Бұл тәсіл арқылы құқық пен тарих пәндерінде оқушылар теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануды үйренеді, ал кері байланыс оларды тереңірек меңгеруге бағыт береді.

4. Интерактивтілік және мультимедиа құралдарын қолдану.

Интерактивтілік және мультимедиа құралдарын қолдану құқық пен тарих пәндерін оқыту процесін анағұрлым тиімді әрі қызықты етеді. Бұл әдістер студенттердің оқу материалын тереңірек түсінуіне және оны есте сақтауына көмектеседі.

Интерактивтілік оқу процесіне студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Мысалы, құқық сабақтарында студенттер заңды істерді модельдеу арқылы нақты жағдайларды талдап, шешім қабылдайды. Бұл әдіс студенттердің теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивті

тесттер мен викториналар арқылы құқықтық мәселелерді шешу дағдылары дамиды.

Тарих сабағында мультимедиа құралдары арқылы тарихи карталар, деректі фильмдер және тарихи құжаттар сияқты көрнекі материалдар қолданылып, оқушылардың тарихты түсінуіне ықпал етеді. Мысалы, интерактивті карталар арқылы тарихи оқиғалардың орын алған жерлерін көрсетіп, олардың себеп-салдарлық байланыстарын талдау мүмкіндігі пайда болады. Бейнематериалдар мен аудио жазбалар арқылы тарихи тұлғалардың өмірі мен маңызды оқиғалар туралы кеңінен ақпарат беріліп, сабақ мазмұны қызықты әрі жандандырылады [4]. Бұл тәсілдер студенттерді тек тыңдаушы ретінде емес, белсенді қатысушы ретінде тартуға мүмкіндік береді, осылайша олар өз білімін тереңдетіп, есте сақтауды жақсартады.

5. Уақыт пен ресурстарды үнемдеу.

Уақыт пен ресурстарды үнемдеу– қашықтықтан оқыту технологияларының маңызды артықшылықтарының бірі болып табылады. Құқық пен тарих пәндерін оқыту барысында қашықтықтан оқыту көптеген ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар студенттер мен оқытушыларға тиімді жұмыс істеу үшін икемділік береді.

Алдымен, қашықтықтан оқыту жолға кететін уақытты үнемдейді. Студенттер мен оқытушылар сабаққа қатысу үшін ешқайда барудың қажеті жоқ, бұл олардың жеке және оқу уақытының тиімді пайдаланылуына ықпал етеді. Бұл әсіресе қашықтан білім алушылар немесе басқа қалаларда тұратындар үшін өте тиімді.

Сонымен қатар, оқу материалдары цифрлық форматта ұсынылатындықтан, қағаз баспаға шығындалудың қажеті жоқ. Электрондық ресурстарды пайдалану кітаптар мен оқулықтарды сатып алу қажеттілігін азайтып, экологиялық тұрғыдан да тиімді. Құқық пен тарих сабақтарына қажетті барлық материалдар, заңдар, тарихи құжаттар және т.б. онлайн түрде оңай қолжетімді болады.

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту технологиялары тарих және құқық негіздерін тиімді оқытуға мүмкіндік береді. Ол студенттерге дербес оқу траекториясын құруға, қажетті ақпаратты кез келген уақытта алуға және жаңа білім беру әдістерін қолдануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, оқыту процесін тиімді әрі қызықты етуге ықпал ететін заманауи құралдарды қолдануға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Баймолдаев А. "Қашықтықтан оқыту технологиялары: теория және практика." - Алматы: Білім, 2019.
2. Әділбекова Ж. "Тарих және құқықты қашықтықтан оқытудағы жаңа әдістер." Білім беру журналы, 2020, № 4.
3. Мұратов Қ. "Қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы құқықтық білім беру." Құқық және заң журналы, 2018, № 2.

4. Бекенова С. "Оқытуды цифрландыру: тиімділік пен артықшылықтар." Білім және ғылым, 2021, № 6.

ОҚУ ПРОЦЕССИНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кудайбергенова З.С.

Талдықорған қаласының «Авиценна» медициналық колледжі

***Аңдатпа:** Мақалада студенттердің функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру –қазіргі оқу үдерісінің басты талабы болып отыр. Бұл тақырыпты таңдау колледж студенттерінің болашақ кәсіби қызметінде алған білімдерін оңтайлы пайдалануын қамтамасыз ету болып табылады.*

***Аннотация:** В статье подчеркивается, что формирование функциональной грамотности студентов является главным требованием современного учебного процесса. Выбор данной темы заключается в обеспечении оптимального использования студентами колледжа знаний, полученных в будущей профессиональной деятельности*

***Annotation:** In the article, the formation of functional literacy of students is the main requirement of the modern educational process. The choice of this topic is to ensure the optimal use of the knowledge gained by college students in their future professional activities*

Қазір колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі қоғам деңгейінде өзекті. Осыған байланысты болашақ мамандарды функцияналдық сауаттылығын дамытуға дайындау талаптары қойылып отыр.

Функционалдық сауаттылық ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60жылдарында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейінірек зерттеушілердің қолданысына енді. Функционалдық сауаттылықтың тұлғалық деңгейі нақты адам қызметінің кез келген түрін орындауға жарамдылығынан көреді[1].

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз – білімгердің пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сабақтан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Функционалдық сауаттылықтың бірнеше негізгі түрлері бар:

Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде еркін сөйлеуді көздейтін коммуникативтік сауаттылық. Басқа біреудің ауызша және жазбаша сөзін барабар түсіну қабілеті және өз ойын өз бетінше жеткізе алу;

Ақпараттық сауаттылық - оқулықтар мен анықтамалық әдебиеттерден ақпаратты іздеу, интернеттен және білім беру дискілерінен, сондай-ақ басқа да әртүрлі көздерден ақпаратты алу, ақпаратты өңдеу және жүйелеу және оны әртүрлі тәсілдермен ұсыну қабілеті.

Іс-әрекет сауаттылығы - ұйымдастырушылық қабілеттер мен дағдылардың көрінісі, іс-әрекетке мақсатын қою және ауызша тұжырымдау, жоспарлау және қажет болған жағдайда оны өзгерту, осы өзгерістерді ауызша дәлелдеу, өзін-өзі бақылауды, бағалауды жүзеге асыру, түзету және т.б

Функционалдық сауаттылықты түрлеріне орай әр пән оқытушысы өз пәніне байланыстыра отырып, білім мен тәжірибені байланыстыра отырып оқытады[2].

Білімгерлерді жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу мен білім беру мақсатында атқарылатын жұмыс түрлерінің саны өте көп. Кез келген пәнді оқыту кезінде білімгерлердің ынтасы, оқуға деген ниеті, оқытушының біліктілігі, материалдық-техникалық базаға көңіл бөлінеді. Бұлардың барлығы бір-бірімен байланысты бір жүйе.

Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – білімгердің әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай - ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады. Білімгердің ынта-ықыласын арттыруда оқытушы біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты болып келеді.

Білімгердің пән мазмұнын игеруге деген қызығушылығын ояту үшін әр сабақты жүйелі жоспарлап, соған бейімдеу қажет. Оқытудың озық жаңа технологияларын, тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана білуіміз қажет.

Кез келген пәнді оқытудың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижесі және тақырыптық жоспары мен мазмұны айқындалғаннан кейінгі мәселе оқыту технологиялары мен оқытудың әдіс-тәсілдерінің қолданылу ерекшелігі болмақ.

Білімгерлердің психологиялық және физиологиялық, әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктерін ескере келе дамудың жоғары сатысына жетуге бар ынтамызбен күш-жігерді жұмсау ата-ана мен ұстаз мойнындағы жауапты іс. Медицина мамандығында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда тәжірибелік жұмыс жасау өте маңызды роль атқарады.

Жаңа тақырыпты түсіндіруде тақырыптың өмірмен байланысын көрсетуде маңызды болып саналады. Оқытушы оқу үдерісінде білімгерлердің таным әрекетін ұйымдастырады, ақпарат көзі рөлін атқарады, білімгер әрекетінің көзге көрінетін нәтижелерін бақылап, бағалайды, білімгерді тәрбиелей отырып оқытады. Дұрыс ұйымдастырылған білімдік таным барысында оқытушы білімгерлерге сабақта өтіліп отырған білімін сезім арқылы қабылдау мүмкіндігін бере білуге міндетті.

Жақсы оқытушы білімгерлердің оқу және проблемаларды шешу қабілетін дамытады. Білімгер шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол ұстаздың әр сабағында қалыптасып отыратыны анық.

Құндылықтар негізінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда күтілетін нәтижелер:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;

- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Функционалды сауатты студент – бұл пәндік, пәнаралық, интегратив және функционалдық мәселелерді пайдаланалатын, қабылдау, ақпаратты өзгерту, қоғаммен қарым-қатынас процессімен байланысты қажетті және жоғары деңгейдегі білімге ие болатын тұлға. Әрі қарай білім алуға, еңбек нарығында және қоғамдық өмірдегі жинақылыққа, өзін жетілдіруге дайын адам[3].

Қорытындылай келе, неміс педагогы Адольф Дистервегтің «Ешбір адамға даму мен білім болмысынан берілмеген. Кез-келген адам оған өз іс-әрекетімен, өз күшімен, өз еңбегімен жетуі керек" деген екен [3]. Сондықтан әрбір ұстаз жаңа кезең талаптарына сай болу үшін педагогикалық үрдістің бірізділігін және оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, білімгердің рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға ынталы, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын, өзгермелі өмірге студентті де , өзін де даярлай білетін шығармашыл тұлға болуы тиіс .

Қолданылған әдебиетер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. – Алматы: Дарын, 2012.
2. Технология талаптарытiлдамьтуурдiстерiнде. – Астана, 2008.
3. Бұзаубақова К.Ж. Құзыреттілік тұрғыдан білім берудегі білім сапасының мәні //«Шаяхметов оқулары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар, 2009. – Б.237-243.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОГО ПОДХОДА В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ И ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ

Қали Д.Ж.

ГККП "Высший технический колледж, г.Кокшетау"

***Аңдатпа:** Тарихты оқытудағы пәнаралық тәсілді қолдану студенттердің сыни ойлау және функционалды сауаттылық дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада пәнаралық тәсілдің білім беру жүйесіндегі артықшылықтары қарастырылады.*

***Аннотация:** Применение междисциплинарного подхода в преподавании истории играет ключевую роль в развитии критического мышления и функциональной грамотности студентов. В статье анализируются преимущества такого подхода и его влияние на образовательный процесс.*

Annotation: *The interdisciplinary approach in history teaching plays a crucial role in developing students' critical thinking and functional literacy. This article analyzes the advantages of this approach and its impact on the educational process.*

Современное образование требует от студентов навыков критического мышления и функциональной грамотности, чтобы успешно ориентироваться в сложной информационной среде. Междисциплинарный подход в обучении истории позволяет не только расширить знания студентов, но и выработать у них умение анализировать события в культурном и социальном контексте. Это особенно важно для казахстанских образовательных учреждений, где история и культура страны тесно связаны с другими дисциплинами, такими как философия, литература и социология.

Основы междисциплинарного подхода

Междисциплинарный подход к преподаванию истории объединяет элементы различных дисциплин для более глубокого и структурированного восприятия материала. Например, исследование Абдильдина Ж. М. подчеркивает важность философского анализа как инструмента для развития критического мышления [1]. Также, по мнению Касымжанова А. Х., философия независимости Казахстана предоставляет прочную основу для интеграции междисциплинарных знаний [3].

Роль литературы и культуры в преподавании истории

Литература и культура играют важную роль в междисциплинарном подходе, поскольку они позволяют студентам понять исторические процессы через призму художественных произведений. В исследовании Сулейменова О. О. "Аз и Я" представлены культурные связи, которые помогают более полно понять развитие общества [8].

История Казахстана богата кочевой культурой, и Масанов Н. Э. подчеркивает важность этого аспекта для изучения национального самосознания, что способствует лучшему восприятию культурного и исторического наследия [4].

Произведения Чингиза Айтматова представляют собой уникальный источник знаний о культурных ценностях, традициях и жизненном укладе кочевых народов. В его романах и повестях глубоко раскрываются философские и моральные вопросы, которые позволяют студентам взглянуть на историю через призму культуры и человеческих переживаний. Например, в романе "Буранный полустанок" поднимаются темы отчуждения и утраты, столкновения традиционного и современного мира, что является отражением исторических перемен, происходивших в XX веке в Центральной Азии [5].

Айтматов умело использует мифологические и эпические элементы, что позволяет рассматривать его творчество как историко-культурный феномен. В романе "Плаха" метафорически отражены проблемы глобализации, утраты традиционных ценностей и конфликтов между поколениями [6]. Этот роман особенно ценен для педагогов, так как позволяет раскрыть темы духовных исканий, борьбы человека

за свою идентичность, что актуально для изучения культурных изменений и исторического пути Центральной Азии.

Культурное наследие Великой Степи как основа формирования исторического сознания. История и культура Великой Степи – это богатое наследие, которое включает эпосы, фольклор и устные традиции, такие как эпос "Манас". Эти произведения не только передают героические сюжеты, но и помогают осмыслить базовые ценности и философию кочевых народов [7]. Эпические сюжеты отражают дух свободы, уважение к природе, связь с родной землей и взаимопомощь, которые лежат в основе мировоззрения степных народов.

Включение культурного наследия Великой Степи в преподавание истории позволяет студентам понять не только хронологию событий, но и глубокий культурный контекст. Это способствует формированию чувства принадлежности к общему наследию, уважению к культурному разнообразию и осознанию важности сохранения традиций [2].

Формирование критического мышления через анализ исторических событий. Согласно работе Байпакова К. М., археологические находки помогают понять прошлое и развивают критическое мышление у студентов, изучающих древнюю историю Казахстана [9]. В процессе обучения студентов можно также применять междисциплинарный подход для анализа технических и культурных достижений древнего Казахстана, что помогает привить умение критически оценивать источники информации и делать выводы.

Примеры междисциплинарного подхода в образовательной практике

В рамках изучения индустриализации Казахстана привлечение технических знаний позволяет объяснить научные и инженерные достижения эпохи. Турсунов Е. Т. в своем исследовании "Казахская литература: история и современность" отмечает важность литературных произведений для понимания исторических процессов, что позволяет рассматривать историю через призму культурных изменений [10].

Заключение

Междисциплинарный подход к преподаванию истории является мощным инструментом для развития критического мышления и функциональной грамотности студентов. Он позволяет не только расширить кругозор студентов, но и способствует развитию их аналитических способностей и критического мышления. Используя работы таких авторов, как Выготский Л.С., Сулейменов О.О. и Масанов Н.Э., преподаватели могут создать учебную среду, которая развивает способность студентов мыслить самостоятельно и применять знания на практике. Это делает их более подготовленными к вызовам современного мира.

Список литературы

1. Абдильдин Ж. М. Философия и методология науки. Алматы: Ғылым, 2003.

2. Аманжолов К. Р. История Казахстана: учебное пособие. — Алматы: Білім 2004.
3. Касымжанов А. Х. Философия независимого Казахстана. — Алматы: Қазақ университеті, 2006.
4. Масанов Н. Э. Кочевая цивилизация казахов. — Алматы: Социнвест, 1995.
5. Айтматов Ч.Т. Буранный полустанок. Москва: Издательство "Художественная литература", 1980.
6. Айтматов Ч.Т. Плаха. Москва: Издательство "Художественная литература", 1986.
7. Мусаев К.М. Эпос и традиции кочевых народов. Бишкек: Издательство "Туран", 2001.
8. Сулейменов О. О. Аз и Я. — Алматы: Жазушы, 1992.
9. Турсунов Е. Т. Казахская литература: история и современность. — Алматы: Рауан, 1999.
10. Байпаков К. М. Археология Казахстана. — Алматы: Өнер, 2006.

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Матайбаева З.Т.

*Восточно-Казахстанский гуманитарный колледж имени Абая
г. Усть-Каменогорск*

Бұл мақалада тарих пәнін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері қарастырылады. Функционалдық сауаттылық – бұл білімді тәжірибелік тұрғыда қолдана алу қабілеті, өмірлік дағдыларды меңгеру. Автор тарих пәнінде осы сауаттылықты қалыптастыру үшін тиімді әдістер мен тәсілдерді ұсынады, соның ішінде интерактивті әдістерді қолдану, тарихи деректерді талдау, сын тұрғысынан ойлауды дамыту тәсілдері қарастырылады. Мақалада оқушылардың бойында ақпаратты сыни тұрғыда бағалау, тарихи оқиғаларды саралау, өткен оқиғаларды қазіргі заман мәселелерімен байланыстыру сияқты маңызды дағдыларды дамыту жолдары сипатталады.

Қазіргі заманның білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі — оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық адамның күнделікті өмірде, әлеуметтік қарым-қатынастарда және кәсіби ортада тиімді әрекет етуіне көмектесетін білім мен дағдыларды қамтиды. Тарих пәні осы сауаттылықты дамытуда ерекше рөл атқарады, себебі ол тек өткенді ғана емес, сонымен бірге болашаққа деген көзқарасты да қалыптастырады. Мақалада тарих сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары қарастырылады. Функционалдық сауаттылықтың тарих пәніндегі маңызы

Тарих пәнін оқу барысында оқушылар өткен оқиғалар мен тарихи тұлғаларды зерттеп, олардың қазіргі заманға әсерін түсіне алады. Функционалдық сауаттылықтың дамуы оқушыларға тарихи құбылыстарды талдап, оларды өз өмірінде қолдануға мүмкіндік береді. Тарих пәнінде функционалдық сауаттылық келесі бағыттарда дамытылады:

1. Сыни ойлау және талдау қабілеті Тарих пәні сыни ойлауды дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Оқушылар әртүрлі дереккөздерді, оқиғаларды және тұлғалардың іс-әрекеттерін салыстырып, оларға талдау жасау арқылы объективті қорытындылар шығара алады. Мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны талдағанда, әртүрлі көзқарастар мен фактілерді ескере отырып, шынайы бейнені қалыптастыруды үйренеді.

2. Қоғамдық сананы қалыптастыру Тарих арқылы оқушыларда ұлттық және жаһандық деңгейде қоғамдық сана қалыптасады. Олар белгілі бір тарихи оқиғалардың қалай өткенін және оның бүгінгі қоғамға әсерін түсініп, әлеуметтік жауапкершілікті сезінеді. Бұл оларға бүгінгі күннің мәселелеріне объективті әрі жауапты көзқараспен қарауға көмектеседі.

3. Проблеманы шешу дағдылары Тарихты оқыту барысында оқушылар әртүрлі тарихи жағдайлар мен мәселелерді шешуге байланысты мысалдардан сабақ алады. Бұл дағдылар оларға өмірдегі түрлі жағдайларды шешуге көмектеседі. Мысалы, тарихтағы күрделі саяси дағдарыстар мен келіссөздер, соғыс пен бейбітшілік сияқты жағдайларды талдау олардың проблемаларды шешу дағдыларын дамытады.

4. Коммуникациялық дағдылар Тарих сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін пікірталастар, топтық жобалар және презентациялар ұйымдастыру тиімді. Оқушылар өз ойларын басқаларға жеткізуді, дәлелдерін келтіруді, қарсы пікірлерді тыңдауды және соларға жауап беруді үйренеді. Мұндай тәжірибе олардың ауызша және жазбаша коммуникациясын дамытады.

5. Эмпатия және мәдениетаралық түсіністік Тарихты оқу барысында оқушылар әртүрлі халықтардың мәдениетін, өмір салтын, дәстүрлерін және олардың уақыт бойы қалай өзгергенін біледі. Бұл олардың басқа мәдениеттерге деген түсіністігін, эмпатиясын арттырып, мәдениетаралық қатынастарға оң көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері

1. Пәнаралық байланыстар. Пәнаралық әдіс функционалдық сауаттылықты арттыруға тиімді ықпал етеді. Мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны зерттегенде, география, әдебиет және экономика пәндеріндегі мәліметтерді қолдану арқылы оқушылар тақырыпты кеңірек түсінеді. Бұл оларға кешенді көзқарас қалыптастырып, әртүрлі пәндерден алған білімдерін байланыстыруға мүмкіндік береді.

2. Тарихи рөлдік ойындар мен симуляциялар. Тарих сабағында белгілі бір тарихи жағдайды қайта құру арқылы оқушылар сол кезеңдегі адамдардың рөліне еніп, сол

уақытта қандай шешімдер қабылданғанын түсіне алады. Мысалы, маңызды саяси шешімдерді қайта талқылап, топтық жұмыс барысында оқушылар шынайы сезімдерді бастан кешіріп, аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытады.

3. Жобалық оқыту. Жобалық жұмыс барысында оқушылар тарихи тақырыпты өз бетінше зерттеп, оның маңызын ашуға тырысады. Бұл әдіс оқушылардың жеке және топтық зерттеу жұмыстарын жүргізуіне, ақпаратты жинап, өңдеуіне мүмкіндік береді. Жоба нәтижесінде оқушылар белгілі бір тақырып бойынша толық түсінік алып, зерттеушілік дағдыларын дамытады.

4. Дереккөздермен жұмыс. Оқушыларға тарихи дереккөздерді талдау, оларды салыстыру және дұрыс қорытындылар жасау мүмкіндігін беру функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Архивтік құжаттар, карталар, тарихи құжаттар мен фотосуреттерді зерттеу оқушыларды дербес ойлауға, нақты дереккөздермен жұмыс істеуге баулиды.

5. Тарихи мәселелерді қазіргі уақытпен байланыстыру. Тарих сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін өткен оқиғаларды қазіргі заманмен байланыстыру тиімді тәсілдердің бірі. Мысалы, оқушыларға белгілі бір тарихи оқиғаның бүгінгі күнге әсерін талдауға тапсырма беру олардың өзекті мәселелерге көзқарасын қалыптастырады.

Тарих сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылардың өмірде қажетті дағдыларды меңгеруіне жағдай жасайды. Сыни ойлау, ақпаратты талдау, проблемаларды шешу, коммуникативтік қабілеттер мен мәдениетаралық түсіністік – барлығы тарих пәнінде дамытылатын маңызды дағдылар. Бұл дағдылар оқушыларды білімдерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абдығалиева, Ж. «Орта мектепте тарих пәнін оқыту әдістемесі». Алматы: Рауан, 2015.
2. Құрманғали А. Қ., Мухтаров М. Қ. «Тарихи білім беру және оның негіздері». Астана: Фолиант, 2016.
3. Құнанбай Б. «Оқу сауаттылығын арттырудағы функционалдық сауаттылықтың рөлі». Қазақстан мектебі, 2018.
4. Нысанбаева Г. «Функционалдық сауаттылық және оның тарих сабағындағы орны». Педагогикалық ізденістер, 2020.
5. ҚР Білім және ғылым министрлігі. «Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беру ұйымдарында тарих пәнін оқыту бағдарламасы». Астана, 2019.
6. «Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу-әдістемелік нұсқаулық хат». Астана, 2020.
7. Попова Т. В. Мектепте тарих сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру». Мәскеу: Просвещение, 2017.

ПӘНАРАЛЫҚ ӘДІС АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Маханбетова Л.М.

Қызылорда қаласы, М. Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі, Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Бұл дегеніміз, білім алушылардың алған білімдерін өмірде тиімді пайдалана алу қабілеттерін дамыту, сондай-ақ олардың сыни ойлау, ақпаратты талдау және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

Жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін, оқытуда пәнаралық байланыстың маңызы зор. Өйткені, бүгінгі таңда әлемдегі көптеген күрделі мәселелер тек бір пән шеңберінде қарастырылмайды. Сондықтан да пәнаралық әдіс арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — қазіргі білім беру үрдісіндегі ең тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Бұл баяндамада тарих пен география пәндерін пәнаралық байланыста оқытудың маңыздылығы, олардың өзара байланысы және осы пәндер арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тәсілдері қарастырылады. География мен тарихтың өзара байланысы білім алушылардың өткен мен бүгінді, әртүрлі мәдениеттер мен табиғи орта арасындағы байланысты түсінуіне ықпал етеді. Әсіресе, осы екі пәнді интеграциялау білім алушыларға ғылыми дүниетанымын кеңейтуге, оқиғаларды кең ауқымда талдап, өз көзқарастарын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Тарих пен географияның пәнаралық байланысы

Екі пән де:

- *Табиғат пен қоғамның байланысын көрсетеді.*
- *Саяси, экономикалық және мәдени процестердің географиялық факторлармен қалай өзара әрекеттесетінін түсіндіреді.*

Тарих пен географияны пәнаралық әдіс арқылы оқыту — білім алушылардың кеңістік пен уақыттағы оқиғалар мен процестерді түсінуін қамтамасыз етеді. Мысалы, білім алушылар Қазақстанның географиялық орналасуы мен оның саяси тарихы арасындағы байланысты, әртүрлі табиғи ресурстардың елдер мен империялардың дамуындағы рөлін зерттей отырып, олардың дүниетанымын кеңейтеді. Сонымен қатар, географиялық карта мен тарихи карталарды қолдану, тарихи оқиғаларды кеңістікте көрсету арқылы оқушыларды оқиға мен орын арасындағы байланысты көруге үйретуге болады.

Тарих пен географияны пәнаралық әдіспен оқытудың артықшылықтары:

1) Өткен мен қазіргі уақытты байланыстыру

- Тарихи оқиғалар мен географиялық жағдайлар арасындағы байланысты қарастыру арқылы білім алушылар оқиғаларды кең ауқымда түсінеді.

- Мысалы, Ұлы Жібек жолы — тарихи оқиға мен географиялық кеңістік арасындағы маңызды байланыс.

2) Картографиялық сауаттылықты арттыру

- Географиялық карталарды пайдалана отырып, білім алушылар нақты тарихи оқиғаларды кеңістікте көре алады.
- Тарихи карталар арқылы оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілеттері дамиды.

3) Географиялық жағдайлардың тарихи оқиғаларға әсері

- География пәнінде табиғи ресурстар мен климаттың тарихи оқиғаларға қалай әсер еткенін зерттеу.
- Мысалы, Климаттық өзгерістер мен тұрақсыз ауа райы белгілі бір халықтардың көші-қонына себеп болған.

Пәнаралық әдісті қолданудың мысалдары:

Тарих сабағында географиялық деректерді қолдану

- Ұлы Отан соғысы кезінде карталар мен жаулап алынған жерлерді көрсету арқылы оқушылардың тарихи түсініктерін кеңейту.
- Табиғи ресурстар мен сауда жолдарының экономика мен саясаттағы маңызын зерттеу.

География сабағында тарихи деректерді қолдану

- Алтын Орда хандығының кеңеюі мен оның географиялық шекараларын талдау.
- Географиялық карталар мен тарихи карталарды біріктіру арқылы мәдениеттердің таралуын көрсету.

Жоба жұмыстары мен зерттеулер

- Білім алушыларға белгілі бір тарихи кезең мен географиялық аймақты зерттеу тапсырмасын беру.
- Білім алушылар Тарих пен География пәндерін байланыстырып, ортақ тақырып бойынша өз жобаларын жасап, зерттеу жүргізеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар:

1) Аналитикалық тапсырмалар

- Географиялық карта мен тарихи деректерді салыстырып, білім алушылардан белгілі бір оқиғаның географиялық факторларға тәуелділігін түсіндіруді сұрау.

2) Шығармашылық тапсырмалар

- Білім алушыларға белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты *географиялық карта* жасауды немесе белгілі бір аймақтың тарихи өзгерістерін картамен көрсету тапсырмасын беру.

3) Топтық жұмыстар

- Тарих пен география тақырыптарын біріктіріп, қорытынды жасау және талқылау жұмыстарын ұйымдастыру.

Тарих пен географияны пәнаралық әдіспен оқыту білім алушыларға тек жеке пәндерден ғана емес, оларды өзара байланыстыра отырып, ғылымның толық әрі терең түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін, білім алушылардың алған білімдерін өмірде қолдану қабілетін арттыру, пәндер арасындағы байланыстарды көрсету маңызды.

Бұл әдіс білім алушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, нақты мәселелерді шешуге дайын болуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Қожагелдиева, Н.Нұртазаева. «Сын тұрғысынан ойлау оқытудың тиімділігі». 2009ж. №4, 28-33беттер
2. Әбдіғұлова Б.К. «Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары» Алматы, 2000ж. 17-21беттер.
3. Ғаламтор желісі.infourok.ru «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту»

СТРАТЕГИЯ СМЫСЛОВОГО ЧТЕНИЯ С ЦЕЛЬЮ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Муратбекова У.

Многопрофильный колледж при НАО «Кокшетауский университет им.Ш.Уалиханова» г.Кокшетау

Андатпа: Мақалада тарих сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту үшін семантикалық оқу стратегиясын қолдану қарастырылады

Аннотация: В статье рассматривается использование стратегии смыслового чтения для формирования читательской грамотности на уроках истории.

Annotation: The article examines the use of a strategy of semantic reading to form reading literacy in history lessons.

В Типовой учебной программе технического и профессионального образования по дисциплине "История Казахстана" педагогического направления[1] отмечено, что «... Формирование навыков исторического мышления, а также эффективная реализация целей обучения по предмету "История Казахстана" осуществляется на основе исторических концептов (понятий):1) изменение и преемственность; 2) причина и следствие; 3) доказательство; 4) сходство и различие;5) значимость; 6) интерпретация».

Формирование функциональной грамотности на уроках истории в данном контексте становится неотъемлемой частью образовательного процесса. Считаю, что обучение на основе концептов, прежде всего, требует читательской грамотности. Эксперты в области образования, педагоги, общественность бьют

тревогу: в мире наблюдается снижение читательского интереса, осознанности чтения. Для преподавателей истории низкий уровень читательской грамотности поступивших в колледж составляет проблему в формировании исторического мышления. На уроках истории первокурсники затрудняются не только при выполнении заданий на установление причинно – следственных связей, составлении сравнительных таблиц, анализировать события и делать выводы, но и, казалось бы, несложных: поиск и отбор информации (при огромном потоке источников). Одним из эффективных методов, способствующих формированию читательской грамотности на уроках истории, считаю стратегию смыслового чтения.

Смысловое чтение — это процесс, при котором читатель не только воспринимает текст на уровне его буквального значения, но и активно интерпретирует, анализирует и осмысливает информацию, содержащуюся в тексте. Это включает в себя понимание основных идей и аргументов, выявление связи между различными частями текста, а также возможность делать выводы и формировать собственное мнение на основе прочитанного.

Основные характеристики смыслового чтения включают:

Понимание контекста: умение воспринимать текст в его культурном и историческом контексте.

Анализ: способность выделять ключевые идеи, аргументы и поддерживающие детали.


Интерпретация: умение делать выводы, находить скрытые смыслы и оценивать значимость информации.

Критическое мышление: оценка достоверности источников и аргументов, формирование собственного мнения[2].

В практике преподавания использую следующие задания для формирования понимания и интерпретации материала.

Задания	Формируемые навыки
Составление плана учебного материала	Знание фактического материала, умение выделять основные мысли, устанавливать логическую последовательность изложения, определять формулировки для заголовков к каждой части учебного материала.
Выполнение заданий на сравнение изучаемых явлений	Развитие логического мышления
Составление схем, таблиц, диаграмм	Навыки анализа, синтеза, сравнения, умение преобразовать и обобщить исторический материал, привести его в систему и графически обобщить

Эссе, сочинение	Самостоятельность мышления, творческая интерпретация событий, аргументирования, ассоциативного мышления
Ведение терминологического глоссария	Пополнение словарного запаса историческими понятиями, терминами; расширение общего кругозора
Работа с текстом учебника	Навыки работы с научной литературой



Практические примеры заданий:

1. Используя текст, дайте определение понятия «Неолитическая революция» и перечислите предпосылки возникновения кочевой цивилизации:

«Неолитическая революция привела к появлению производящей экономики – скотоводства и земледелия. В Центральной Азии возникли оседло – земледельческая, а затем кочевая скотоводческая цивилизации. Оседло – земледельческая цивилизация возникла в оазисах крупных рек и в предгорьях. В степной зоне сложились предпосылки возникновения кочевой цивилизации: одомашнивание лошади и появление коневодства; специализация скотоводства; появление подвижных форм скотоводства; появление колесного транспорта и развитие всадничества».

2. Рассмотрите карту «Монгольские завоевания в XIII веке», «прочитав» карту составьте и заполните таблицу, ответьте на вопрос «Причины успешности завоеваний монгольских войск». Используйте материалы параграфа и дополнительные источники.

Задания требуют осмысленного чтения, постоянного анализа информации, что в конечном итоге способствует формированию исторического мышления.

Таким образом, суть «смыслового чтения» - осознание прочитанного текста, а читательская грамотность – это метапредметная компетентность, результатом которой и будет достижение целей образовательной программы дисциплины «История».

Список литературы

1. Типовая учебная программа технического и профессионального образования по дисциплине "История Казахстана" педагогического направления в соответствии с приказами Министра просвещения Республики Казахстан от 8 ноября 2012 года № 500 и Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348
2. Григорьева А.К. Смысловое чтение учебного и научного текста: теория и практика: учебное пособие/ А.К.Григорьева, И.И.Московкина. - М.: ФЛИНТА: Наука, 2016.-176.
3. Пяткова О.Б. Формирование стратегий смыслового чтения текстовой информации у обучающихся // Научно-методический электронный журнал «Концепт». - 2017. - № 7.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мухамбеталиев Е.Т.

«Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы»

Атырау музыка колледжі

Аңдатпа: Бұл мақалада колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын арттырудың маңыздылығы, оны қалыптастыру бағыттары және тиімді әдістері қарастырылады. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – студенттердің өмірлік жағдаяттарда өз білімін қолдана білу қабілеті, ол заманауи қоғамның талаптарына сай болу үшін қажет. Мақалада ақпараттық, математикалық, коммуникативтік және технологиялық сауаттылықтарды дамыту жолдары ұсынылады. Оқытушылардың рөлі, студенттерге қажетті практикалық дағдыларды беру тәсілдері талқыланады. Нәтижесінде, функционалдық сауаттылықты арттыру студенттердің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына және жеке өмірінде табысты болуына мүмкіндік беретіні дәлелденеді.

Аннотация: В данной статье рассмотрено значение повышения функциональной грамотности студентов колледжей, направления и эффективные методы ее формирования. Функциональная грамотность – это способность учащихся применять свои знания в жизненных ситуациях, что необходимо для удовлетворения требований современного общества. В статье предлагаются пути развития информационной, математической, коммуникативной и технологической грамотности. Обсуждается роль преподавателей, методы привития студентам необходимых практических навыков. В результате доказано, что повышение функциональной грамотности позволяет учащимся быть конкурентоспособными на рынке труда и успешными в личной жизни.

Annotation: *This article considers the importance of increasing the functional literacy of college students, directions and effective methods of its formation. Functional literacy is the ability of students to apply their knowledge in life situations, which is necessary to meet the requirements of modern society. The article offers ways to develop informational, mathematical, communicative and technological literacy. The role of teachers, methods of imparting necessary practical skills to students are discussed. As a result, it is proven that increasing functional literacy enables students to be competitive in the labor market and successful in their personal lives.*

Колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру маңызды, себебі ол олардың күнделікті өмірде, жұмыс орнында және қоғамдық өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарда тиімді әрекет ете алу қабілеттерін арттырады. Бұл мақалада функционалдық сауаттылықтың маңыздылығын, оны қалыптастыру жолдарын және тиімді тәсілдерді қарастырамыз.

Функционалдық сауаттылықтың мәні:

Функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның күнделікті өмірде қажетті ақпараттарды тауып, түсініп, қолдана алу қабілеті. Оған мәтіндерді оқу, математикалық есептерді шешу, ақпаратты талдау және логикалық ойлау дағдылары жатады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі бағыттары

Колледж деңгейінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

1. Ақпараттық сауаттылық – студенттер ақпаратты іздеп, оны дұрыс түсініп, талдай алуы тиіс.
2. Математикалық сауаттылық – есептерді шешу, статистиканы талдау сияқты математикалық дағдыларды меңгеру.
3. Жазу және сөйлеу сауаттылығы – коммуникативті дағдыларды жетілдіру, яғни өз ойын нақты, дұрыс жеткізе білу қабілеті.
4. Технологиялық сауаттылық – цифрлық құралдарды дұрыс пайдалану және ақпараттық қауіпсіздік негіздерін білу.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тәсілдері

1. Жобалық жұмыстар – нақты жобалар арқылы білімді қолдану, мәселені шешу барысында логикалық ойлау, аналитикалық және шығармашылық дағдыларды қалыптастырады.
2. Практикалық тапсырмалар – студенттерге нақты өмірлік жағдаяттарды қолдану арқылы оқу үдерісін жақындату.
3. Цифрлық құралдарды қолдану – сандық технологияларды пайдалану арқылы ақпарат іздеу, өңдеу дағдыларын дамыту.
4. Топтық жұмыстар – бірлесіп шешім қабылдау, қарым-қатынас орнату дағдыларын жетілдіреді.

Колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын дамыту – олардың кәсіби және жеке өмірінде жетістікке жетуіне қажетті маңызды факторлардың бірі. Бұл

білім беру мекемелерінің алдына қойылатын маңызды міндет, себебі қазіргі заманғы жұмыс нарығы тек білім ғана емес, оны қолдана білу қабілетін де талап етеді.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің басты мақсаты – студенттерді теориялық біліммен қамтамасыз етумен қатар, сол білімді өмірде қолдана білетін функционалдық сауатты тұлғаларды қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық адамның күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге, ақпаратты дұрыс талдауға және шешім қабылдауға қабілеттілігін білдіреді. Бүгінгі колледж студенттері тек академиялық біліммен шектелмей, еңбек нарығында табысты болуы үшін функционалдық сауаттылық дағдыларын меңгеруі қажет.

Функционалдық сауаттылықтың мәні

Функционалдық сауаттылық – бұл адамның күнделікті өмірлік мәселелерді шешу және өз білімін әртүрлі жағдаяттарда қолдану қабілеті. Ол тек ақпаратты игеруден тұрмайды, сондай-ақ, білімді шынайы өмірде пайдалана білуді көздейді. Студенттің ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білуі, қарым-қатынас жасау дағдылары, математикалық және цифрлық сауаттылығы, өз ойын еркін әрі нақты жеткізе білу қабілеттері функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненттері болып табылады. Бұл дағдылар еңбек нарығында және күнделікті өмірде сәтті әрекет етуге мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту бағыттары

Функционалдық сауаттылықты дамыту бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

Ақпараттық сауаттылық: Студенттер ақпаратты іздеу, іріктеу, түсіну және қолдану дағдыларын меңгеруі керек. Бұл олардың шынайы жағдайларды талдап, дұрыс шешім қабылдауына ықпал етеді.

Математикалық сауаттылық: Студенттер математикалық білімдерін тәжірибеде, күнделікті мәселелерді шешуде қолдануға бейімделуі тиіс. Бұл оларға деректерді талдау және есептеу жұмыстарын дұрыс орындауға көмектеседі.

Коммуникативтік сауаттылық: Өз ойын нақты жеткізе білу және пікір алмасу қабілеттері студенттердің функционалдық сауаттылығын арттырады. Бұл қабілет кәсіби және әлеуметтік ортада тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Технологиялық сауаттылық: Заманауи технологияларды меңгеру студенттердің өмірлік және кәсіби ортада сәтті жұмыс істеуіне ықпал етеді. Цифрлық дағдылар мен құралдарды қолдану оларды жаңа мүмкіндіктермен таныстырады.

Функционалдық сауаттылықты арттыру әдістері

Функционалдық сауаттылықты дамытуда оқытушының рөлі маңызды. Оқытушылар студенттерді сыни тұрғыдан ойлауға, ақпаратты дұрыс талдауға, өз пікірін дәлелді түрде жеткізуге үйретуі қажет. Сонымен қатар, студенттердің өз бетімен шешім қабылдау қабілетін дамыту үшін, бағыт-бағдар беріп, тиісті кері байланыс жасауы керек.

Функционалдық сауаттылықты дамыту – студенттерді өмірге және еңбек нарығына тиімді бейімдеудің негізгі құралы. Ол студенттердің жеке тұлға ретінде

дамуына, кәсіби ортада сәттілікке жетуіне ықпал етеді. Колледждерде функционалдық сауаттылыққа мән берілсе, студенттердің өз білімін өмірде қолданып, табысты болу мүмкіндігі артады.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық қазіргі заман адамы үшін өмірлік маңызы бар дағдылар жиынтығы болып табылады. Ол адамға әлеуметтік ортада тиімді әрекет етуге, өз құқықтары мен міндеттерін білуге және өз өмірінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтқұлова, Г. Б. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы педагогикалық тәсілдер. – Алматы: «Білім» баспасы, 2022.
2. Баймұратова, А. Т. Заманауи білім берудегі функционалдық сауаттылықтың орны мен рөлі. – Нұр-Сұлтан: «Оқу орталығы», 2021.
3. OECD. PISA 2021: Understanding Student Functional Literacy in a Global Context. – OECD Publishing, 2021. <https://www.oecd.org>
4. Жолдасбекова, Қ. М. Оқу процесінде функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері. – Тараз: «Ғылым», 2020.
5. Қалиев, М. С. Қазақстанда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тәжірибесі. // Білім және ғылым журналы. – 2019. – №4. – 52-58 бб.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ ӘДІСТІҢ РӨЛІ.

Нурманова С.С.

Кентау көпсалалы колледжі, Кентау қаласы

Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамыту қазіргі кездегі басты мақсаттардың бірі болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін әр түрлі оқыту әдіс-тәсілдерді қолданылады. Соның ішінде пәнаралық әдіс ерекше орын алады. География пәні-бұл пәннің өзінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер бар. Алайда, бұл процесті пәнаралық байланыстар арқылы тереңдету білім алушылардың дүниетанымын кеңейтуге, аналитикалық ойлау қабілеттерін арттыруға және әртүрлі салалар бойынша білімдерін байланыстыруға септігін тигізеді.

География сабағында функционалдық сауаттылық-бұл оқушылардың географиялық білім мен дағдыларды күнделікті өмірде әлеуметтік және кәсіби жағдайларда тиімді қолдана білу қабілеті. География пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін оқытушы әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу керек.

География сабағында пәнаралық байланыстарды тиімді пайдалану арқылы білім алушылар басқа пәндермен байланыс орнатып, географияның негізгі ұғымдарын

кеңейте алады. Мәселен, физика пәнімен байланыс арқылы климаттың өзгеруіне, ауа райының өзгерісіне әсер ететін физикалық құбылыстарды түсіну жеңілдейді. География мен математика байланысы арқылы білім алушыларға статистикалық деректерді өңдеуде, карталар мен диаграммаларды талдауда көмектеседі.

Пәнаралық әдіс-тәсілдер білім алушыларға сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, география сабағында тарихи мәліметтерді экономикалық деректермен үйлестіре отырып, білім алушылар географиялық мәселелерді кешенді түрде шешуге дағдыланады. Бұл арқылы олар ақпаратты талдау, өз пікірін білдіру, бірнеше көзқарасты салыстыру мүмкіндігін береді.

Қазіргі заманда география сабағында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы пәнаралық байланыстарды одан әрі күшейтуге болады. Мәселен, географиялық карталарда және 3D модельдерді қолдану, интернет ресурстарынан ақпарат іздеу және талдау жұмыстарын жүргізу білім алушылардың ақпараттық сауаттылығын арттырады. Бұл технологияларды пайдалану басқа пәндермен интеграцияланып, білім алушылардың түрлі дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Пәнаралық әдіс-бұл оқыту барысында бірнеше пәндерді байланыстыра отырып, тақырыптар мен мәселелердің кешенді қарастырылуын қамтамасыз ету. География пәнін оқытуда пәнаралық байланыстар арқылы білім алушылардың ір түрлі пәндер бойынша алған білімдері мен дағдыларын біріктіру мүмкіндігі туындайды. Мысалы, география мен экономика, тарих, математика, биология, физика пәндері арасында тығыз байланыс орнатуға болады.

География оқытуда пәнаралық әдісті қолдану.

География пәнін оқыту барысында пәнаралық әдіс функционалдық сауаттылықты дамыту үшін тиімді құрал болып табылады. Оның негізін былай көрсетуге болады:

- *Тарих пен география.* География мен тарихтың байланысы тарихи кезеңдердегі географиялық зерттеулер мен саяси картадағы өзгерістерді түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, бір елдің географиялық жағдайы оның тарихи дамуына қалай әсер еткенін талқылау.
- *Экономика мен география.* География мен экономика пәндерінің тығыз байланысы білім алушыларға табиғи ресурстардың пайдалануы мен экономикалық дамуды, экологиялық мәселелер мен өндірістік ресурстар арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі. Мысалы, табиғат ресурстардың пайдаланылуының экономикаға әсерін талдау немесе экологиялық апаттардың экономикалық шығындарын бағалау.
- *Биология мен география.* Географиялық белдеулер мен экожүйелер арасындағы байланыстарды талқылау кезінде биология пәнімен тығыз байланыс

орнатуға болады. Бұл арқылы білім алушылар табиғаттағы өзгерістерді және олардың экологиялық салдарын түсінеді.

- *Математика және география.* Географиялық карталар мен диаграммаларды талдауға математикалық дағдыларды қолдану маңызды. Білім алушылар деректерді жинауға өңдеу және талдау үшін математикалық әдістер мен статистиканы қолдану қабілеті қалыптасады.

Пәнаралық әдістердің география пәнінде қолданылуының артықшылықтары:

Кешенді түсінік қалыптастыру: білім алушылар бір ғана пәннің шеңберінде емес, бірнеше пән бойынша алған білімдерін интеграциялап, жан-жақты түсінік қалыптастырады.

Практикалық дағдыларды қалыптастыру: теория мен практиканы байланыстыра отырып, білім алушылар ақпаратты нақты өмірлік жағдайларда қолдануды үйренеді.

Критикалық ойлау: әр түрлі пәндерді байланыстыра отырып, білім алушылар талдау, бағалау, салыстыру сияқты дағдыларды дамытады.

Қорыта келгенде, география сабағында пән аралық әдіс-тәсілдерді қолдану білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс-тәсілдер білім алушыларға тек қана пәндік білім беріп қана қоймай сонымен қатар, оларды өмірде қажетті дағдыларын қалыптастыруға, деректерді талдай білуге, ақпаратты дұрыс қолдануға және әр түрлі мәселелерді шешуге дайын болуға, практикалық дағдыларын арттыруға көмектеседі. Пәнаралық байланыстарды орнату арқылы оқыту сапасы артып, білім алушылардың жалпы білім деңгейі жоғарылайды. География пәні бойынша функционалдық сауаттылық-бұл тек қана теориялық білім ғана емес, сонымен қатар оларды практикалық тұрғыда қолдана білу қабілеті. Географиялық сауаттылықты дамыту арқылы білім алушылар әлемді кеңірек түсінеді, табиғат пен қоғам арасындағы байланыстарды зерттейді, сондай ақ болашақта нақты шешімдер қабылдай алатын жауапты азаматтар болып қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «География сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту»- (Әдістемелік құрал) «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Астана 2018
2. «География пәнін оқытудағы пәнаралық байланыстың маңызы» М.Б.Тоқтамұратова- Алматы 2018
3. «География пәнінде пәнаралық байланыстарды пайдалану» А.К.Құдайбергенова-Алматы 2021
4. «География оқыту әдістемесі» Е.А.Тоқпанов, А.У.Абулғазиев, А.М.Сергеева, Б.Ш.Әбдіманапов-Алматы 2022

ПӘНАРАЛЫҚ ӘДІС АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Нурмуханов Ж.Ж.

«Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК,
Атырау облысы Құрманғазы ауданы

Аңдатпа: Тарих пен география пәнінің тығыз байланыстылығы ескеріліп, пәнаралық әдістің функционалдық сауаттылыққа тигізер әсері мен тиімділігі көрсетілген. Бұл әдіс арқылы әртүрлі пәндерден алған мәліметтерін біріктіре отырып білім алушының кешенді түсініктерін қалыптастыруға көмектесетіндігі, оны өмірде қолдануға септігін тигізетіндігі айтылған. Бұл жұмысты білім беру барысында түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру мен білім сапасын көтеруде пән мұғалімдеріне пайдалануына болады.

Аннотация: С учетом тесной взаимосвязи истории и географии показана эффективность и влияние междисциплинарных методов на функциональную грамотность. Отмечается, что посредством данного метода объединение данных из разных предметов поможет сформировать всестороннее представление обучаемого, поспособствует его применению в жизни. Данная работа проводится в целях повышения качества знаний и повышения функциональной грамотности учащихся, с использованием различных методов и способов обучения.

Annotation: Taking into account the close relationship between history and geography, the effectiveness and impact of interdisciplinary methods on functional literacy are shown. It is noted that through this method, combining the data from different subjects will help to form a comprehensive understanding of the learner, contribute to its application in life. This work is carried out in order to improve the quality of knowledge and improve the functional literacy of students, using various methods and methods of education.

1. Функционалдық сауаттылық түсінігі

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген...[1]. Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық – білім алушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

2. Пәнаралық әдістің функционалдық сауаттылыққа әсері

Функционалдық сауаттылықтың маңызды компоненттерінің бірі - пәнаралық әдіс арқылы білім алушының сыни ойлау және талдау дағдыларын дамыту. Өйткені, ол

білім алушының ақпаратты іздеу, талдау, оны түсіну және тиімді қолдану қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ал, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда пәнаралық әдіс ретінде тарих пен географияны біріктіре оқыту білім алушының әртүрлі пәндерден алған мәліметтерін біріктіре отырып кешенді түсініктерін қалыптастыруға көмектеседі және оны өмірде қолдануға септігін тигізеді. Тарих – өткен кезеңдегі оқиғаларды зерттеуге бағытталған пән болып, география - табиғи және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерді талдауға бағыт беретіндіктен, екі пән арасындағы байланыс білім алушыға түрлі мәліметтер мен деректерді біріктіріп, оларды жүйелі түрде өңдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, география сабағында климаттық өзгерістердің экологиялық әсерлерін зерттей отырып, тарих пәнінде осы факторлардың белгілі бір халықтардың мәдениетіне және көші-қон процестеріне қалай әсер еткенін талқылауға болады.

Бұл әдіс арқылы олар кеңістіктік және тарихи заңдылықтарды ғана емес, сондай-ақ қазіргі әлеуметтік мәселелерді де түсінуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, білім алушыға тарихи карта немесе географиялық карта ұсынып, ол картадағы мәліметтерді пайдаланып, тарихи оқиғаларды талдау тапсырмасын беруге болады.[2] Мысалы, "Қазақстанның Ресей империясына қосылу тарихы" тақырыбы бойынша Ресей мен Қазақстанның географиялық орналасуын және тарихи процестердің даму бағыттарын талдауға болады. Бұл пәндердің өзара байланысы оларға тарихи оқиғалардың географиялық факторларға тәуелділігін түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, орта ғасырлардағы Еуропа мен Азияның саяси тарихын зерттегенде, географиялық жағдайлар мен олардың экономикалық байланыстарының рөлін көрсетуде географиялық карта арқылы білім алушы тарихи оқиғалардың неге белгілі бір аймақтарда немесе жерлерде орын алғанын түсініп, сол аймақтардағы табиғи ресурстар мен сауда жолдарының маңыздылығын талдай алады.[3]

3. Тарих пен географияның пәнаралық әдісін қолдану жолдары:

1. Хронологиялық және картографиялық талдау. Тарихтағы маңызды оқиғаларды географиялық карталармен біріктіре оқыту. Мысалы, «Орталық Азия» ұғымының тарихи және географиялық аспектілері тақырыбында Орталық Азия, Түркістан және Дала өлкесі аталу себептерін анықтай отырып, ол елдердің сол кезеңдегі және қазіргі саяси географиядағы аймағын көрсетуге тапсырма беру.

«Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері» тарауындағы тақырыпта Ұлы Жібек жолының картасын көрсету арқылы сауда жолдарының маңызын түсіндіру, халықтардың миграциясы, мәдениет пен экономика байланыстарын көрсету. Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолының тармақтарындағы қалаларды карта арқылы анықтай отырып, осы қалалардың өмір сүру ерекшеліктерін салыстыру.

2. Аймақтық және тарихи зерттеулер. Белгілі бір аймақтың табиғи ерекшеліктерін, климаттық жағдайларын географиядан қарастырып, сол аймақта болған тарихи оқиғалармен байланыстыру. Мысалы, Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер тақырыбы бойынша карта арқылы ерте мемлекеттердің орналасқан аумағы мен орталықтарын қарастырып, осы мемлекеттердің қалыптасуының тарихи кезеңдері мен ерекшеліктерін анықтау. Ерте мемлекеттердің құрылуы мен ыдырау территориясын анықтай отырып, саяси құрылымы туралы дереккөздер мәліметтерін салыстыру.

3. Қазіргі заман мен тарихи параллельдер. Қазіргі кездегі жаһандық экологиялық немесе саяси жағдайларды тарихи оқиғалармен салыстыра отырып, оқушылардың критикалық ойлау дағдыларын дамыту.

5. Экономикалық және әлеуметтік факторларды салыстыру. Мысалы, орта ғасырдағы феодалдық жүйе мен қазіргі капитализмді салыстыра отырып, тарихи кезеңдердің экономикаға әсерін түсіндіру.

Осы тәсілдер білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни ақпаратты түсіну, талдау, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері мен өз өмірінде қолдану қабілеттерін дамытады. Олар бір тарихи кезеңді немесе географиялық аймақты зерттегенде түрлі деректер мен ақпаратты салыстырып, тұжырымдар жасай алады. [4]

Тарих пен географияны оқытуда пәнаралық жобалардың рөлі

Тарих пен география пәндерін біріктіре оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілетін және өз бетінше зерттеу жасауға ынтасын арттыратын тиімді құрал пәнаралық жобалар болып табылады. Мысалы, оқушылар Қазақстанның аймақтары бойынша тарихи ескерткіштер мен табиғи қорықтарды зерттеу жобаларын дайындап, әртүрлі аймақтардың мәдениеті мен табиғатын салыстыра алады. Осындай жобалық жұмыстар оқушылардың тақырыпқа терең үңілуіне және алған білімдерін іс жүзінде қолдануына мүмкіндік береді. Мысалы, Оқушыларға "Қазақстанның табиғи ресурстары мен оның тарихтағы рөлі" тақырыбында зерттеу жүргізу тапсырмасын беріп, географиялық мәліметтер мен тарихи деректерді біріктіре отырып, Қазақстанның экономикасы мен саяси жағдайына әсер еткен географиялық факторларды талдауға болады.

Тарих пен география пәндерін пәнаралық әдіспен оқыту функционалдық сауаттылықты дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

1. Тақырыпты талдау мен саралау сияқты тиімді тәсілдерді қолдану арқылы білім алушының танымдық қабілеттері мен пәнге деген қызығушылығы, логикалық ойлау құзыреттілігі артады.

2. Пәндерді интеграциялау арқылы оқу материалы тереңірек және мағыналы игеріледі.

3. Оқушылардың коммуникативтік қабілеттері, сыни ойлауы және проблемаларды шешу дағдылары дамиды. [5]

Нәтижесінде, мұндай оқыту әдісі оқушыларды қоршаған ортаны, тарихи және әлеуметтік құбылыстарды тереңірек түсінуге үйретіп қана қоймай, олардың өмірлік қажетті дағдыларын дамытады. Әсіресе, қазіргі заманда жаһандану, климаттың өзгеруі сияқты маңызды мәселелерді түсіну үшін бұл әдіс өте өзекті екендігі белгілі. Сондықтан тарих пен географияны пәнаралық негізде оқыту тәжірибесін жетілдіру – білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі болуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» www.akorda.kz.
2. «Қазақстан тарихы» №1, 2006 жыл
3. Қазақстан тарихы – әдістемелік журнал. Алматы 2006-2010жыл
4. Төлеубаева К. Тарихты оқытудағы әдістемелік технологиялар // «Қазақ тарихы», № 5, 2009 жыл
5. А.Н.Ертайұлы, Тарих сабақтарында пәнаралық байланыстар оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру құралы. Павлодар, 2023

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАРИХ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Оралбекова А.Б.

№ 8 колледж МКҚК, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы

Тарихты оқытудың маңызды міндеттерінің бірі - студенттерге өткеннің тарихи бейнесінің бөлшектенуін жеңуге көмектесу, тарихи процесті панорамалық түрде, оның тұтастығы мен алуан түрлілігімен көре алу үшін жағдай жасау. Бұл мәселелерді шешуге сабақтарда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға көмектеседі.

Пән аралық байланыс бойынша қосымша ақпарат сабақты шамадан тыс жүктемеуі және тарих бойынша оқу материалының мазмұнынан көңілдерін басқаға аудармайтындай болу керек.

1.Тарих-әдебиет. Қоғамда болып жатқан тарихи оқиғалар мен процестер көбінесе көркем шығармаларда көрініс табады. Сондықтан сабақта тарихи құжаттар, көркем шығармалардан үзінділер талданады, оларды тарих оқулықтарындағы тиісті сипаттамалармен және бағалаумен салыстыру жүргізіледі. Сабақта қолданылатын көркем әдебиеттер оқу материалын нақтылауға және оқушылардың тарихи идеяларының ажырамас бөлігі болып табылатын өткеннің жарқын бейнелерін қалыптастыруға көмектеседі. Көркем кітап оқушылардың назарын аударуға

көмектеседі, пәнге деген қызығушылықтың дамуына ықпал етеді. Көркем әдебиет шығармаларында әдетте оқулықтарда жоқ - дәуірдің атмосферасы мен түсі, өмірдің нақты сипаттамалары мен элементтері, жарқын фактілер мен өткен адамдардың сыртқы келбетін сипаттау - сияқты белгілі бір материалды табамыз. Көркем әдебиет тарихтың ғылыми материалын суреттейді, оның көркем тақырыптарына түсініктеме береді, түсінуді тереңдетеді, өмір құбылыстарына қызығушылық тудырады, эмоционалды тәжірибе тудырады.

Тарих сабағындағы көркем әдебиеттің орны және оны таңдау принциптері.

Тарих сабақтарына арналған көркем әдебиетті таңдау кезінде екі аспектіні ескеру қажет:

Біріншіден, материалдың танымдық-тәрбиелік құндылығы (яғни тарихи құбылыстардың шынайы баяндалуы).

Екіншіден, оның жоғары көркемдік құндылығы.

Тарих сабақтарында қолданылатын көркем әдебиеттерден үзінділер мыналарды қамтуы керек:

- 1) оқу бағдарламасында зерделенуі көзделген тарихи оқиғалардың жандыбейнесі;
- 2) тарихи қайраткерлердің бейнелері және халық бұқарасының бейнесі;
- 3) өткен оқиғалар өрбіген жағдайдың суреттемелік сипаттамасы.

Тарих сабақтарына арналған көркем шығармаларды жіктеу.

Әдеби ескерткіштер	Тарихи беллетристика
зерттелетін дәуірде жазылған шығармалар, яғни сипатталған құбылыстар мен оқиғалардың замандастары жазған шығармалар. Олар дереккөздерге жатады, бірақ олар өз заманының өмірін автордың көзқарастарының призмасы арқылы бейнелейтінін ескеру керек. Сондықтан көркем шығармаға сыни көзқарас қажет.	Тарихи романдар, повестер және т.б. Олар тарихи дерек көзі бола алмайды. Олар оқушыларды қызықты сюжеттер, нақты бейнелер мен экспрессивті кейіпкерлер арқылы тарихпен таныстырудың құралы бола алады, яғни түсінікті және қызықты.

2.Тарих-География. Қазіргі қоғамның тарихы күрделі және алуан түрлі, бұл әртүрлілік аймақтың географиялық жағдайына, табиғи жағдайларына және әлеуметтік құрылымына байланысты. Шын мәнінде, география және тарих курсында әр пәннің ерекшелігін ескере отырып, бірдей процестер зерттеледі. Тарих және география курстарының пәнаралық байланыстарының әлеуетін пайдалану білім алушылардың әлемнің кеңістіктік ұйымдастырылу заңдылықтары, дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы білімдерін кеңейтеді, статистикалық, кестелік, картографиялық материалдармен жұмыс істей білуін бекітеді. Мысалы, дүниежүзілік тарих бойынша 1 курстарға өркениеттердің экономикалық жүйелердің қалыптасу ерекшеліктері туралы мәселе зерделенеді, онда табиғи-географиялық фактордың әсері (климат, толып жатқан көптеген өзендер, әлемдік теңіз және мұхит жолдарынан қашықтығы, шекаралардың ашықтығы, Еуропа мен Азияда орналасуы және т.б.) ескеріледі. Соғыстарды зерттеу кезінде картографиялық материалға сүйену қажет. Өз тәжірибеме сүйене отырып, мен мына

пәнаралас сабақтың әдісімен бөліскім келеді. Оқу бағдарламасына сәйкес тарих пен география бір-біріне негіздес теориялық пәндер ретінде қараймын, біз оны арнайы пәндермен байланыстырып, қызықты сабақ өткіздік. Арнайы білім беру пәні бойынша мамандығы «Автокөлікті жөндеу және оны пайдалану» ал сабақтың тақырыбы "Автокөлікті жөндеу" болды, арнайы пән педагогі автокөліктерді жөндеу процесін түсіндіру үшін машинаның темір бөлшектерімен практикалық сабақ жүргізілді, ал мен функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында тарих пән педагогі ретінде дүниежүзі елдеріндегі ең алғашқы автокөліктердің пайда болуы, сумен, бумен жүргізілген автокөліктердің тарихын түсіндіріп, ал география пәні аң алғашқы автокөліктердің шыққан елін картографиялық материалға сүйене отырып картамен жұмыс жүргізіп, кері байланыс алды. Мақсатымыз: сабақта функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және пән бойынша емес, мамандық бойынша білім беру. Яғни дүниежүзі тарихы бойынша ғана емес, мамандықтың да тарихымен байланыстыру.

3.Тарих-Биология. Тарих пәнінің мұғалімі үшін биологиямен байланысты кейбір фактілер пайдалы және қызықты болуы мүмкін. Бірақ бұл жерде биологиялық фактілер тарихи аспектіде қарастырылады. Мысалы, адамның пайда болуы мен адамэволюциясы теориялары.

Тарихи уақыт ішінде, соңғы ғасырлар мен мыңжылдықтарда табиғатта болған өзгерістер "назардан тыс қалады". Колледж тарихының курсы тек адамзат қоғамының дамуын зерттеп, табиғатта болып жатқан өзгерістерді қарастырмайды. Ал мұндай өзгерістер туралы ақпарат, біздің өркениетіміздің дамуы туралы неғұрлым дұрыс түсінік қалыптастыруға, адамзат пен табиғат арасындағы күрделі қарым-қатынасты түсінуге, экологиялық ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді. Тарих сабағында әртүрлі тақырыптар қозғалуы ақиқат – тарих және биология сабақтарында тақырыпқа сәйкес. Мұнда ежелгі әлем тарихын қосымша материал ретінде зерттеуде қолдануға болатын бірнеше қызықты фактілердің мысалдары келтірілген. Мысалы, біздің дәуірімізге дейін Испания, Греция, Италия, Қытай аумақтары ормандармен жамылған. Еуропаның оңтүстігінде бұл негізінен бук-емен, липа ормандары болды. Біздің дәуіріміздің басында олар кесіліп, бұталармен алмастырылды. Римдік жаулап алушылардың жорықтары Еуропаның орталығында- Германияда, Францияда орман кесуге ықпал етті. Мұнда ормандар мал жайылатын шалғындарға ауыстырылды. Африканың солтүстігінде, Ливанда жуандығы 7м жететін Ливан балқарағайының қоры жойылды. Ливан балқарағайы Библияда суреттелген, одан аты аңызға айналған Сүлеймен патшаның сарайы салынған; храмдар балқарағайдан салынды, кемелер жасалды. Осы ағаштан жасалған мысырлық перғауын Тутанхамонның саркофагының егжей-тегжейлері 3200 жылдан кейін жақсы сақталған. Папирусқағазын шығару үшін материал ретінде пайдалану ливан балқарағайының қорларын жойды және біздің дәуіріміздің басында Египеттің үлкен аумағында олар сирек болды. Қазір Ливан балқарағайы Сирия мен Ливанның бірнеше жерінде өте аз мөлшерде қалды және қатаң қорғауға алынды.

Ежелгі әлемнің тарихы мәдени өсімдіктердің таралуымен де байланысты. Олардың көпшілігі олар пайда болған жерлерге жақын жерде өсірілді. Ең ежелгі

мәдениеттер бірнеше мыңжылдықтарда кездеседі: бидай-Египетте, күріш-Қытайда, арпа- Месопотамияда, бұршақ, қызылша – Еуропада, шалғам – Еуропа мен Қытайда, қырыққабат – Жерорта теңізінде, қияр – Үндістанда. Әскери жорықтар өсімдіктердің жаңа сорттарының таралуына ықпал етті. Сонымен, Александр Македонскийдің жорықтарыныңарқасында еуропалықтар банандармен танысты. Кіші Азиядағы Понтий патшасы Митридатқа қарсы жорықтардан шыққан римдік қолбасшы Лукулл Римге шие әкелді. Ассирия патшасы Тигратпалассар, Саргон өздерінің жорықтарынан ағаш тұқымдарын, атап айтқанда Кіші Азияда тарала бастаған балқарағай тұқымдарын әкелді.

Мәдениетте қасиетті өсімдіктер де үлкен рөл атқарды: Үндістан мен Қытайдағы лотос, Мысырдағы мысырлық лотос. Ежелгі Грецияда храмдарда емен және лавр тоғайлары қасиетті деп жарияланды. Діни нанымдардан батырларды лавр жапырақтарынан жасалған гүл шоқтарымен марапаттау дәстүрі пайда болды. Кейінірек Римде раушандар танымал болды, олардан гүл шоқтары мен гирляндалар жасалды. Букет орта ғасырларда пайда болды. Сәндік өсімдіктер ретінде раушандар Мысырда, ал лалагүлдер Персияда да танымал болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Дробышева О.В. Межпредметные связи на уроках истории и обществознания как способ формирования широкого научно-гуманитарного мировоззрения

2. // <https://infourok.ru/mezhpredmetnie-svyazi-na-urokah-istorii-i->

ТАРИХ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Рахимбаева А.С.

*Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі.
Саран қаласы.*

***Аңдатпа:** Тарих сабағында колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру — қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі. Бұл процесс студенттердің тарихи білімдерін қолдану, проблемаларды шешу, сыни ойлау қабілеттерін дамыту және ақпараттық сауаттылықтарына тәртіпті ағартуға бағытталған.*

***Аннотация:** Формирование функциональной грамотности студентов колледжей на уроках истории - один из важных аспектов современной системы образования. Этот процесс направлен на применение исторических знаний, решение проблем, развитие критического мышления и повышение информационной грамотности студентов.*

***Annotation:** The formation of functional literacy of college students in history classes is one of the important aspects of the modern education system. This process is aimed at*

applying historical knowledge, solving problems, developing critical thinking and increasing student information literacy.

Қазіргі білім жүйесінде колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру - маңызды аспектілерінің бірі.[1].Бұл процесс арқылытарихи оқиғаларды өту барысында студенттердің тарихи білімдерін қолдана отырып, олардың функционалдық сауаттылықтарын арттыруға болады.Енді студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың бірнеше жолдарына нақты тоқталатып өтейік.

Бірінші жолы- сыни ойлауды дамыту арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру:

Қолданылатын әдістер-тарих сабағында студенттерге тарихи оқиғаларды талдатамыз, баға бергіземіз және белгілі бір тарихи жағдайға байланысты ой-пікірлерін білдіруге мүмкіндіктер береміз, тарихи құжаттарды, мақалаларды оқыту арқылы олардың мазмұнын талдатамыз.[2].

Екінші жолы- ақпараттық сауаттылық арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру:

Қолданылатын әдістер-студенттер архив материалдары, ғылыми мақалалар, интернет ресурстары сияқты тарихи дереккөздермен жұмыс жасауды үйренеді. Ақпараттарды талдайды, сұрыптайды және синтездеу дағдыларын дамытады.[2]

Үшінші жолы- коммуникациялық дағдылар арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру:

Қолданылатын әдістер-топтық жобалар мен презентациялар ұйымдастыруға болады, тарихи тақырыпта пікірталастар өткізу, осы арқылы студенттердің өз ойларын жеткізу шеберлігін арттыруға болады.[2]

Төртінші жолы-практикалық тапсырмалар арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру:

Қолданылатын әдістер-тарихи зерттеулер жүргізіп, практикалық сабақтарда музейлерге барып, экспонаттарды зерттеуге болады. Кейс-стадиді пайдалану, яғни нақты тарихи жағдайларды талдап, оны шешу жолдарын ұсынуға болады.

Бесінші жолы-критикалық талдау арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру:

Қолданылатын әдістер-тарихи оқиғаларды түрлі көзқарастармен қарастыруға, әртүрлі тарихи тұжырымдамаларды салыстыруға болады. Сонымен қатар, студенттерді тарихи баяндауларды (жазбаша, ауызша) анализ жасауға үйретеміз.

Функциялық сауаттылықты қалыптастыруда мынандай сабақ түрлерін қолданамыз:

Семинар сабақтар-тарих сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – бұл оқушылардың тек тарих пәнінен ғана емес, жалпы білім беру процесінде алған білімдерін қолдана білу қабілетін дамытуға бағытталған маңызды процесс. Семинар сабақтары осы мақсатқа жету үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып ұйымдастырылады.Нәтижесінде студенттер тарихты тек ретінде емес,

сонымен қатар оның қазіргі тұрмысқа, қоғамға, мәдениетке әсерін зерделеп, функционалдық сауаттылықтарын, аналитикалық көзқарастарын және сыни ойлау дағдыларын жетілдіреді. [2] **Дебаттар**-тарих сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту, оның ішінде дебаттарды ұйымдастыру, оқушылардың сыни ойлау, зерттеу жүргізу, жария сөйлей білу, аргументация және талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Дебаттар тарих сабағының мазмұнын қызықты әрі шығармашылығына мүмкіндік туғызатын форматтардың бірі болып табылады. Дебаттарда оқушылар тарихтың әртүрлі кезеңдері, тұлғалары, оқиғалары туралы өз көзқарастарын білдіруге, пікірталасқа түсуге мүмкіндік алады. Сонымен, тарих сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін дебаттар білім алушылардың жан-жақты дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.[2]

Жобалық жұмыстар-тарих сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін жобалық жұмыстарды ұйымдастыру — оқушылардың пәнді тереңірек түсінуіне, аналитикалық ойлау қабілетін дамытуына, шығармашылық дағдыларын арттыруына септігін тигізеді. Жобалық жұмыстар тарих сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады, себебі олар оқушыларға өз білімдерін тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік береді және тарихи ой-өрістерін кеңейтеді.[2]

Қорытындылай келе, тарих сабағында студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру -бұл тек академиялық білім беру ғана емес, сонымен қатар, олардың жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін маңызды процесс. Оқытушылар студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, ақпаратты тиімді пайдаланудағы дағдыларын дамытуға, сонымен қатар, тарихи білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік беруі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары, Астана-2012
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық ДББҰ Назарбаев зияткерлік мектептері, 2012

ЦИФРЛЫҚ КАРТОГРАФИЯ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕГІ ІТ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Садуақасова М.А.

Талдықорған жоғарғы политехникалық колледжі

Цифрлық картография қазіргі заманғы география пәнінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Географияны оқыту процесінде картографиялық технологиялар мен геоақпараттық жүйелердің (ГАЖ) қолданысы үлкен маңызға ие. Бұл құралдар тек географиялық ақпаратты өңдеу мен визуализациялауда ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ІТ сауаттылығын арттыруда да үлкен рөл атқарады. Білім

беру жүйесінде цифрлық картографияның енгізілуі оқушыларға заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастырып, олардың картографиялық түсініктерін кеңейтеді.

Цифрлық картография және геоақпараттық жүйелердің маңызы

Цифрлық картография – географиялық деректерді сандық форматта көрсету мен талдау әдістері. Бұл технологиялар дәстүрлі карталарды цифрлық форматқа түрлендіруден басталып, қазіргі кезде ГАЖ көмегімен кеңістіктік деректерді жинау, өңдеу, талдау және визуализациялаумен толықтырылады. ГАЖ географиялық деректерді картографиялық, статистикалық, графикалық және мәтіндік түрде өңдеуге мүмкіндік береді.

Цифрлық картографияның география пәнінде қолданылуы оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Олар карталарды электронды түрде қарау, мәліметтерді іздеу, талдау және жаңа ақпарат жасау дағдыларын меңгереді. Осы арқылы география сабағында тек теориялық білім алу емес, сонымен қатар практикалық тапсырмаларды орындау мүмкіндігі пайда болады.

Цифрлық картографияның оқушылардың ІТ сауаттылығын арттырудағы рөлі

Цифрлық картографияның негізгі артықшылығы – бұл ақпараттық технологияларды пайдалануды үйрету. Оқушылар картографиялық жүйелер мен бағдарламаларды қолдану арқылы ІТ сауаттылығын арттырады. Мұндай білімдер қазіргі еңбек нарығында аса маңызды болып табылады, себебі ақпараттық технологиялар кез келген салада талап етіледі.

Геоақпараттық жүйелерді қолдану дағдыларын дамыту

Цифрлық картография ГАЖ-ды пайдалану арқылы оқушылар кеңістіктік деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістерін меңгереді. Бұл жүйелер әртүрлі деректер көздерін біріктіріп, кеңістіктік талдаулар жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар географиялық карталар мен мәліметтерді интеграциялап, экологиялық немесе экономикалық зерттеулер жүргізе алады.

Деректерді визуализациялау және интерпретациялау

Цифрлық картография оқушыларға деректерді түрлі форматтарда визуализациялауды үйретеді. Олар карталар мен диаграммаларды жасау арқылы кеңістіктік деректерді түсінуді және оларды нақты өмірде қолдануды үйренеді. Бұл дағдылар картографиялық ақпаратты тиімді түсіндіру және нақты географиялық сұрақтарды шешуге арналған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

ІТ сауаттылықтың жалпы дамуы

Цифрлық картография тек географиялық пәнмен шектелмейді. Оқушылар картографиялық бағдарламаларды және ГАЖ-ды қолдана отырып, компьютерлік сауаттылықтарын, деректерді басқару және өңдеу дағдыларын арттырады. Бұл оқушыларға кең ауқымды білім мен тәжірибе береді, оларды қазіргі заманғы технологияларға бейімделуге, инновациялық шешімдер табуға және ғылыми зерттеулер жүргізуге дайындайды.

Цифрлық картографияның болашағы мен мүмкіндіктері

Цифрлық картографияның болашағы өте үлкен. Географиялық ақпараттық жүйелер мен картографиялық технологиялардың дамуы география пәнін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар, мысалы, жасанды интеллект, мәліметтерді үлкен көлемде өңдеу (big data) және блокчейн технологиялары картографиялық процестерге енгізілуде. Бұл оқушыларға жаңа тәсілдермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді және білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қорытынды: Цифрлық картография география пәніндегі IT сауаттылықты арттырудың тиімді құралы болып табылады. Ол оқушыларға географиялық деректермен жұмыс істеудің заманауи әдістерін үйретіп, олардың ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамытады. Цифрлық картографияның болашағы зор, себебі ол тек географиялық білімді ғана емес, жалпы ақпараттық технологияларды меңгеруге де ықпал етеді. Бұл білімдердің болашақ ұрпақ үшін маңызы зор, себебі оларды қазіргі қоғамның талаптарына сай даярлайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Михайлова, Т. М. (2021). Геоақпараттық жүйелер: теория және тәжірибе. Алматы: Ғылым.
2. Ковалев, И. А., & Фролова, М. В. (2019). Цифрлық картография: жаңа мүмкіндіктер мен технологиялар. Москва: Наука.
3. Жукова, Т. Л. (2022). Географиялық ақпараттық жүйелер мен картографиялық бағдарламаларды оқытуда қолдану. Алматы: Университет баспасы.
4. Дьяченко, Ю. М. (2020). Цифрлық картографияның болашағы: жаңа білім беру құралдары. Санкт-Петербург: Питер.
5. Макаров, В. В. (2021). Географияны оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану. Москва: Высшая школа.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ БОЛАШАҚТЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Садық Ж.Ж.


Талдықорған жоғарғы политехникалық колледжі

Қазіргі заманғы білім беру үрдісі цифрлық технологиялардың дамуымен жаңа деңгейге көтеріліп, оқытудың жаңа мүмкіндіктері мен әдістерін ұсынады. Сандық білім кеңістігі әрбір пән бойынша сапалы әрі интерактивті білім беру мақсатында виртуалды (VR) және толықтырылған шындықты (AR) енгізуді қамтиды. Бұл технологиялар білім беру процесін қызықты әрі тиімді ететін құралдар ретінде қарастырылады. Әсіресе, география пәнінде бұл құралдар оқушыларға әлемдік

кеңістікті толық зерттеп, елдер мен табиғи құбылыстар туралы білімдерін нығайтуға мүмкіндік береді.

Цифрлық білім кеңістігі және география


География пәнінде сандық құралдардың қолданылуы сабақтарды қызықты және түсінікті етуге ықпал етеді. Интерактивті карталар, географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) арқылы оқушылар нақты географиялық деректермен жұмыс істеп, кеңістіктік талдау жасай алады. Мысалы, оқушылар сандық карталар арқылы әртүрлі елдер мен аймақтардың табиғи ерекшеліктерін, климатын, рельефін, халықтың орналасуын зерттей алады. Сандық білім кеңістігі география пәніне жаңа тәсілдерді қосып, оқушылардың белсенді қатысуын арттыруға және олардың зерттеу дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.



(1-сурет)

Виртуалды шындық (VR) мүмкіндіктері

Виртуалды шындық (VR) технологиясы білім беру саласында ерекше орын алуда, себебі ол оқушыларды өзге әлемге апарғандай әсер қалдырады. География сабағында бұл технологияның көмегімен оқушыларды алыстағы жерлерге, биік тауларға, мұздықтарға, теңіз тереңдіктеріне виртуалды саяхатқа апарып, олардың қызығушылығын оятып, танымдық деңгейін арттыруға болады. Мысалы, оқушылар VR көзілдірігін пайдаланып, Гранд-Каньонды немесе Үлкен тосқауыл рифін тамашалап, олардың географиялық ерекшеліктерімен таныса алады. Бұл тәжірибе тек оқулықтағы ақпаратты оқумен салыстырғанда әлдеқайда әсерлі және есте қалатын сабақ болмақ.



(2-сурет)

Толықтырылған шындық (AR) қолдану

Толықтырылған шындық (AR) арқылы география пәнінде кеңістіктік және физикалық процестерді нақты уақытта визуализациялау мүмкіндігі бар. Бұл әдіс оқушыларға нақты дүниеден алынған мәліметтерді толықтырылған ақпарат арқылы түсінуге көмектеседі. Мысалы, оқушылар планшет немесе смартфон арқылы камераны пайдаланып, таудың ішкі құрылымын көре алады немесе жер қыртысының қозғалысын модельдеу арқылы жер сілкінісінің себептерін түсінеді. Осылайша, AR технологиясы абстрактылы ұғымдарды нақты түсінуге, географиялық процестерді көзбен көріп, түсінуге көмектеседі. Оқушылар толықтырылған шындықты пайдалана отырып, вулканның атқылауы, атмосфералық құбылыстар немесе климат өзгерістері секілді күрделі табиғи процестерді интерактивті форматта зерттей алады.

Сауатты студенттер қалыптастыру

Цифрлық технологиялармен қаруланған білім беру жүйесі география пәнінде сандық сауаттылық пен аналитикалық қабілеттері дамыған студенттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақта цифрлық сауаттылық кез келген мамандықта талап етілетін маңызды құзыреттердің біріне айналатындықтан, оқушылардың осы бағытта дамуы өзекті. География пәнінде VR және AR құралдарын қолдану арқылы оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, кеңістіктік ойлау, мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл технологиялар арқылы студенттер өз бетімен деректер жинауды, оларды талдауды және интерпретациялауды үйренеді, нәтижесінде білім беру процесі тек дайын ақпаратты қабылдау ғана емес, керісінше, белсенді зерттеу мен өз бетінше ойлау процесіне айналады.

Қорытындылай келе, цифрлық технологиялар білім беру саласын жаңа деңгейге шығара отырып, болашақтың қажеттіліктеріне жауап беретін мамандарды қалыптастыруға көмектеседі. География пәнінде сандық білім кеңістігін енгізу арқылы жас ұрпаққа қызықты әрі терең білім беруге болады. VR және AR құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылар тек нақты құбылыстармен танысып қана қоймай, оларды өз көздерімен көріп, зерттеуге мүмкіндік алады. Бұл олардың танымдық қабілеттерін арттырып қана қоймай, сондай-ақ болашақта сандық және аналитикалық сауатты мамандар болып қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан цифрлық құралдарды білім беру процесіне енгізу қазіргі таңда маңызды және болашақтың білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. География оқулығы, интернет желісі

<https://eos.com/landviewer/?lat=43.58480&lng=79.76074&z=9&menuItem=hrImages&preset=highResolutionSensors&selectedTab=1&mapLabels>

<https://qgis.org/project/overview/>

2.Калягин, С. В. (2018). Цифровые технологии в образовательном процессе. Москва: Издательство МГУ.

Бұл кітапта цифрлық технологиялардың білім беру процесіне қалай енгені және олардың оқу құралдары мен әдістемелердегі рөлі қарастырылады.

Соловьева, И. А. (2020). Виртуальная реальность в обучении: возможности и перспективы. Санкт-Петербург: Издательство РГПУ им. А. И. Герцена. Виртуалды шындықтың білім беру жүйесінде қолданылуы мен оның тиімділігі туралы зерттеу. Березина, А. И., & Васильева, Н. В. (2019). Интерактивные технологии в географическом образовании. Москва: Географический факультет МГУ.

География пәнінде интерактивті технологиялардың, оның ішінде географиялық ақпараттық жүйелердің (ГАЖ) қолданылуы туралы зерттеу.

Jones, A., & McFarlane, A. (2018). Augmented Reality and Virtual Reality: Applications in Education. *Journal of Educational Technology & Society*, 21(1), 45-58.

Толықтырылған және виртуалды шындық технологияларының білім беру саласындағы қолданылуы мен олардың тиімділігін зерттейтін мақала.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ ӘДІС

Саламатова А.Ж.

*Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі Шамалған ауылы
Қарасай ауданы Алматы облысы*

***Аңдатпа:** Бұл баяндамада тарих пен география пәндерін оқытуда пәнаралық әдісті қолдану арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың рөлі қарастырылады. Студенттер тарихи және географиялық білімдерді біріктіре отырып, ақпаратты талдау, ойлау және күнделікті өмірде қолдана алатын дағдыларды дамытады. Пәнаралық байланысты оқу үдерісіне енгізу колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын арттырып, деректермен жұмыс жасау, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін жақсартуға ықпал етеді.*

***Аннотация:** В данном докладе рассматривается роль междисциплинарного подхода в формировании функциональной грамотности через преподавание истории и географии. Студенты колледжа, объединяя знания по истории и географии, развивают навыки анализа, мышления и умения применять полученные знания в повседневной жизни. Введение междисциплинарных связей в учебный процесс способствует повышению функциональной грамотности студентов, улучшению их способности работать с данными, анализировать и принимать решения.*

***Annotation:** This report examines the role of interdisciplinary approaches in developing functional literacy through the teaching of history and geography. By integrating*

knowledge from history and geography, students enhance their analytical, critical thinking, and practical skills applicable in daily life. Incorporating interdisciplinary connections into the learning process promotes students' functional literacy, improving their abilities in data analysis, critical assessment, and decision-making.

Қазіргі заман талабына сай, жаңартылған білім беру мазмұны аясында өскелең ұрпақтың бойында функционалдық сауаттылықты дамыту көзделгені баршамызға аян. Функционалдық сауаттылық – білім алушылардың қоғамдағы түрлі мәселелерді шешу үшін өз білімдері мен дағдыларын тиімді қолдану қабілеті. Ол студенттердің өмірлік қажеттіліктерге сәйкес келетін, күнделікті өмірде кездесетін түрлі мәселелерді шешуге және алған білімдерін шынайы жағдайда қолдануға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы пәнаралық әдіс — бұл білім беру үдерісінде әртүрлі пәндердің байланысы мен интеграциясы арқылы студенттердің нақты өмірде қолдануға болатын дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық тәсіл. Сондай-ақ, студенттердің танымдық және тәжірибелік мүмкіндіктерін кеңейтуде бұл әдістің маңызы зор.

Әрбір пәннің білімалушыға беретін өзіндік мүмкіндіктері бар, алайда пәнаралық әдіс оны үйлестіре отырып, студенттердің бірегей дағдыларды игеруіне жол ашады. Тарих пен география сияқты пәндер функционалдық сауаттылықты дамыту үшін өте тиімді құралдар болып табылады. Бұл пәндер студенттерге адамзат тарихын, әлемді, оның динамикасын және адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты, кеңістіктік және уақыттық өлшемдерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Тарих пен географияны біріктірудің тәжірибелік маңыздылығы – студенттердің өмірде кездесетін жағдайларды жеңіл түсініп, олардың шешімін табуда білімін қолдана алуы. Тарих пен география арқылы студенттер бір ғана пәнді емес, бүкіл әлемді кеңінен көріп, талдай отырып, өз білімін өмірде қолдануға дайын бола алады. Мысалы:

1. Тарихи оқиғалар мен географиялық факторлардың өзара байланысын түсіну. Студенттер түрлі тарихи оқиғалардың географиялық жағдайларға тәуелділігін зерттеу арқылы кеңістіктік ойлау қабілеттерін дамытады. Мәселен, мемлекеттердің пайда болуы мен дамуына климаттық жағдайлар, табиғи ресурстардың орналасуы үлкен әсер еткен. Студенттердің Ұлы Жібек жолының қалыптасуы немесе халықтардың қоныс аударуы сияқты тақырыптарды зерттеуі бұл байланыстарды түсінуге көмектеседі.

2. Пәнаралық жобалар мен зерттеу тапсырмаларын орындау арқылы студенттер деректерді талдау, сыни ойлау және логикалық қорытындылар жасау дағдыларын дамытады. Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау, картографиялық мәліметтерді талдау, әртүрлі тарихи және географиялық карталарды оқу, демографиялық және экологиялық деректерді салыстыру студенттерді зерттеушілікке ынталандырады және оларды шынайы өмірдегі мәселелерді шешуге дайындайды. Мәселен, Қазақстан тарихы пәнінен «Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті»

тақырыбы бойынша мына тапсырманы орындау: Сақ тайпаларын атап, олардың болжамды қоныстанған жерлерін картадан көрсет.

3. Жаһандық мәселелерді зерттеу. Қазіргі әлемде климаттың өзгеруі, халық санының артуы, табиғи ресурстардың таусылуы сияқты жаһандық мәселелерге терең көзқарас қажет. География мен тарихты бірлесе оқыту арқылы студенттер экологиялық және әлеуметтік құбылыстарды тек түсініп қана қоймай, олардың себептері мен салдарын кешенді талдауға үйренеді. Бұл жаһандық азаматтықты дамытуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

4. Әлеуметтік және мәдени дамуды түсіну. Пәнаралық тәсіл мәдениетаралық байланыстарды зерттеуге де мүмкіндік береді. Мысалы, тарих сабақтарында географияны қолдану арқылы студенттер бір елдің тарихы мен мәдениетіне басқа елдер мен аймақтардың әсерін көбірек түсінеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениетаралық байланыстарды зерттеу арқылы студенттер тарихи өзгерістердің географиялық кеңістікте қалай көрініс тапқанын ұғынады.

5. Қоғамдық және саяси құбылыстарды түсіндіру. Пәнаралық әдіс арқылы студенттер тарихи оқиғалардың саяси немесе экономикалық процестерге қалай әсер еткенін және олардың әлемнің түрлі аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпалын түсінеді. Бұл жастарды қоғамдағы күрделі құбылыстарды сыни тұрғыдан қарауға және сараптауға үйретеді.

Тарих пен географияны оқыту барысында функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған мүмкіндіктер көлемі кең:

Тарих пәнінде	География пәнінде
исследовать географические аспекты исторических событий, что делает обучение более наглядным и способствует развитию информационной грамотности.

4. Геймификация обучения. Геймификация – это внедрение игровых элементов в учебный процесс. Через создание квизов, викторин и исторических квестов можно стимулировать интерес к истории и мотивировать их активно участвовать в процессе. Например, формат квестов может использоваться для изучения эпохи Средневековья, где учащимся необходимо решать задачи и принимать решения, исходя из ситуаций того времени. Геймификация помогает развивать коммуникативные навыки, критическое мышление и умение решать задачи в условиях ограниченных ресурсов.

5. Работа с историческими источниками и фактчекинг. Важным аспектом функциональной грамотности является умение работать с информацией. Историческое образование предоставляет богатый материал для этой работы через анализ первоисточников и развитие навыков фактчекинга. При изучении, например, учащиеся могут работать с газетными статьями, манифестами, фотографиями и другими документами, учась проверять достоверность информации и анализировать её с учетом разных точек зрения.

6. Межпредметные проекты и интеграция дисциплин. История тесно связана с другими дисциплинами, и межпредметные проекты помогают увидеть эту связь. Например, студенты могут исследовать культурное наследие Советской эпохи, эпохи Возрождения, анализируя не только исторические события, но и литературные произведения, произведения искусства, философские учения того времени. Это способствует развитию междисциплинарного мышления и формированию целостного восприятия мира.

Формирование функциональной грамотности на уроках истории в колледжах – задача, требующая комплексного подхода. Однако в процессе её реализации существуют определённые трудности и пробелы, которые препятствуют достижению поставленных целей. Рассмотрим ключевые проблемы, с которыми сталкиваются педагоги работе.

1. Недостаток междисциплинарного подхода. Функциональная грамотность подразумевает умение применять знания из разных областей для решения реальных задач. Однако в учебных планах колледжей часто отсутствует междисциплинарный подход, необходимый для связи истории с другими предметами, такими как экономика, право или социология. В результате учащиеся видят историю как изолированную дисциплину и не могут интегрировать исторические знания в более широкий контекст, что ограничивает их функциональные навыки.

2. Ограниченное использование цифровых технологий. В колледжах нередко отсутствуют необходимые ресурсы и оборудование для использования таких технологий, как виртуальные экскурсии, интерактивные карты и симуляции. Это

ограничивает доступ учащихся к современным инструментам, которые могли бы повысить их интерес к истории и позволить глубже понимать материал.

3. Недостаточная подготовка педагогов к новым методикам. Многие преподаватели не имеют достаточной подготовки для эффективного использования этих методов на уроках истории, что приводит к трудностям в создании обучающих задач, которые развивают функциональную грамотность.

4. Недостаток практико-ориентированных заданий. История, как предмет, часто преподается через изучение теории, дат и событий, при этом упускается практическое применение полученных знаний. Многие задания направлены на заучивание материала, а не на развитие навыков анализа, сравнения и применения информации в реальных ситуациях. Это приводит к тому, что учащиеся знают исторические факты, но не могут эффективно применять их для решения современных задач или интерпретации текущих событий.

5. Низкая мотивация студентов. Причиной этого может быть недостаток интерактивных и практических заданий, недостаточное применение проблемно-ориентированного подхода, а также устаревшие методы подачи материала. Низкая мотивация снижает вовлеченность студентов в процесс обучения и ограничивает их интерес к активному освоению функциональной грамотности.

6. Ограниченное время на углубленное изучение тем. Программы в колледжах часто предполагают ограниченное количество времени на изучение истории, что затрудняет детальное погружение в исторические темы. Это приводит к поверхностному изучению материала, которое мешает формированию функциональной грамотности у студентов, так как они не успевают осмыслить полученные знания и применить их на практике.

7. Недостаток обратной связи. Формирование функциональной грамотности требует тщательного анализа прогресса учащихся и предоставления им регулярной обратной связи. Однако в колледжах часто не хватает времени и ресурсов для индивидуальной работы с каждым студентом и подробного анализа их успехов. В результате учащиеся не всегда понимают, в каких аспектах им следует улучшить свои навыки, и не могут скорректировать своё обучение.

Для преодоления этих трудностей важно развивать методическую подготовку педагогов, улучшать техническое оснащение учебных заведений и уделять больше внимания практико-ориентированным и междисциплинарным заданиям.

Список литературы:

1. «Формирование функциональной грамотности школьников: проблемы и перспективы» Меркушова, Н. И. Формирование функциональной грамотности школьников: проблемы и перспективы / Н. И. Меркушова. — Текст : непосредственный // Образование: прошлое, настоящее и будущее : материалы IX Междунар. науч. конф. (г. Краснодар, январь 2021 г.). — Краснодар : Новация, 2021. — С. 6-9.

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖЕЙ ЧЕРЕЗ ИНТЕРАКТИВНЫЕ ПОДХОДЫ ОБУЧЕНИЯ (ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОБЩЕСТВЕННЫХ РЕСУРСОВ - ПРИГЛАШЕНИЕ СПЕЦИАЛИСТА, ЭКСКУРСИИ) ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН.

Н.Ф. Абдуллина

Алматинский экономический колледж г. Алматы

Андатпа. Мақалада мұғалімнің өз қызметінде қолданатын оқытудың нысандары мен әдістері қарастырылған, сонымен қатар функционалды сапаттылықты арттыру үшін мұғалім өз қызметінде оқытудың қандай әдістері мен формаларын қолданатыны көрсетілген. Оқытудың интерактивті әдістерін қолданудың тиімділігі қарастырылған.

Аннотация. Статья охватывает в себе формы и методы обучения используемые преподавателем в своей деятельности, а также перечислены какие методы и формы обучения, использует преподаватель в своей деятельности для повышения функциональной грамотности. Показана эффективность использования интерактивных методов обучения.

Abstract. The article covers the forms and methods of teaching used by the teacher in his activities, and also lists which methods and forms of teaching the teacher uses in his activities to improve functional literacy. The effectiveness of using interactive teaching methods is shown.

Сегодня функциональная грамотность – это способность человека использовать приобретаемые в течение жизни знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений. Другими словами, навыки и умения, необходимые каждому для жизни в современном обществе и стремительно меняющемся мире. В качестве основных составляющих функциональной грамотности выделены: математическая грамотность, читательская грамотность, естественнонаучная грамотность, финансовая грамотность, глобальные компетенции и креативное мышление.

Проблема развития функциональной грамотности студентов до сих пор является одной из наиболее актуальных в теории и практике среднего профессионального образования. Так, в последнее время особенно актуальна проблема использования в современном образовательном учреждении и интерактивных форм и методов обучения, основанных на диалоговых (внутри- и межгрупповых) формах познания. В настоящее время для теоретиков и практиков образования очевидно, что главными факторами развития личности являются функциональная

грамотность, предметно-практическая деятельность и взаимодействие между людьми.

Одним из путей повышения эффективности подготовки будущих специалистов на современном этапе, является целенаправленное формирование их функциональной грамотности, профессионально-познавательной активности и самостоятельности, так как рынок труда требует конкурентоспособных специалистов, обладающих профессиональной мобильностью, знаниями, умениями, навыками, высокой профессиональной компетентностью в избранной профессиональной деятельности.

Внедрение интерактивных форм обучения - одно из важнейших направлений совершенствования функциональной грамотности подготовки студентов, где преподаватель показывает не только свою компетентность и эрудицию, но и умеет увлечь студентов новыми формами учебно-познавательной деятельности. Преподаватель создает такую среду образовательного общения, которая будет способствовать деловому взаимодействию участников при взаимной оценке и контроля.

Интерактивные методы основаны на принципах взаимодействия, активности обучающихся, опоре на групповой опыт и обязательной обратной связи. Преподаватель на таком занятии выполняет роль помощника в исследовательской работе студентов. Активность преподавателя уступает место активности студентов, его задачей становится создание условий для их инициативы. Участники активно вступают в коммуникацию друг с другом, совместно решают поставленные задачи, преодолевают конфликты, находят общие точки соприкосновения, идут на компромиссы. Организация занятия ведется преподавателем заблаговременно, тщательно отбираются задания, темы и вопросы для обсуждения на гостевых лекциях.

Интерактивное обучение – это специальная форма организации познавательной деятельности. Она подразумевает вполне конкретные и прогнозируемые цели. Главная цель состоит в создании педагогических условий обучения в колледже, при которых студент сможет стать уверенным в своей интеллектуальной состоятельности, что делает продуктивным сам процесс обучения. Другими словами, интерактивное обучение – это, прежде всего, диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие между студентом и преподавателем, а также между самими обучающимися.

Самыми распространенными формами интерактивного обучения среди преподавателей при развитии функциональной грамотности являются следующие формы обучения:

- круглый стол (дискуссия, дебаты);
- мозговой штурм (брейнсторм, мозговая атака);
- case-study (анализ конкретных ситуаций, ситуационный анализ);
- мастер-классы;

- работа в малых группах;
- обучающие игры (ролевые, имитационные, деловые, образовательные и др.);
- использование общественных ресурсов (приглашение специалиста, экскурсии);
- социальные проекты и другие внеаудиторные формы обучения (соревнования, фильмы, спектакли, выставки и др.);
- интерактивная лекция с применением видео- и аудиоматериалов и др.

Я бы хотела подробнее остановиться на одной из форм интерактивного обучения – использование общественных ресурсов (приглашение специалиста, экскурсии), которое развивает функциональную грамотность при подготовке будущих специалистов в экономической сфере. В своей педагогической практике при подготовке специалистов в области банковского дела применяю данную методику, которая вызывает ранний интерес к своей будущей специальности.

Известно, что от успешности профессиональной адаптации зависит продолжительность и эффективность деятельности молодого сотрудника. Характер данного процесса в банке имеет значимые особенности, поскольку первое «включение» молодых специалистов в трудовую деятельность очень часто приводит к разочарованию в самом себе, выбранной профессии, выбранном месте работы и т.д. Именно на первый год трудовой деятельности приходится большее количество увольнений молодых специалистов, поэтому профессиональной адаптацией следует начать заниматься еще в стенах колледжа, обеспечивая совместными усилиями с финансовой организацией успешное прохождение молодыми специалистами этого сложного периода.

Экскурсия по финансовым институтам (банк, МФО, предприятие) представляет собой не просто экскурсионную программу, в которой студенты слушают специалиста или преподавателя, но и принимают активное участие в мероприятии. Интерактивные экскурсии позволяют вовлечь участников в активное взаимодействие с специалистом и подтолкнуть их к «самостоятельному» исследованию объекта или объектов экскурсии. Это существенно усиливает остроту восприятия материала и делает экскурсию более интересной и более запоминающейся.

Основываясь на собственном опыте проведения экскурсий по банкам микрофинансовым организациям и предприятиям, можно привести пример экскурсии-путешествие, где специалисты рассказывают об основных целях и задачах будущих специалистов, основных функциях выполняемых каждым работником финансового учреждения, ознакамливает со своим участком работы, что дает представление будущему специалисту представление о выбранной специальности и повышает функциональную грамотность, рис.1 экскурсия в страховую компанию –Haluk Life



Рис.1 Экскурсия в страховую компанию –Halyk Life

Второй формой интерактивного обучения которую я использую в профессиональной деятельности для развития функциональной грамотности является приглашение специалистов (спикеров), т.е. гостевые лекции из различных банков, микрофинансовых организации и предприятия, рис.2 гостевая лекция со спикером из Национального банка РК, которые при проведении лекции подробно рассказывают и показывают студентам как все процессы действительно происходят на практике, что также вызывает интерес к своей выбранной будущей специальности, Гостевые лекции вызывают не только интерес к своей выбранной будущей специальности, но и повышают финансовую грамотность, которая является одним из компонентов функциональной грамотности.

В настоящее время выбор технологии в образовании зависит от учебного заведения. Но я считаю, что, если сам преподаватель будет подходить к своим занятиям с позиции, чем больше студентов заинтересовать, тем продуктивнее будет занятие и у будущего специалиста возрастет интерес к выбранной им будущей специальности, что и способствует развитию функциональной грамотности.

Список использованной литературы

1. Балин А.В. Использование инновационных методов в образовании Молодой ученый. - 2020. -
2. Жураева Г.Х., Усманов Б.Ш., Ядгарова А.А Инновационные методы обучения в преподавании технических дисциплин Технологии. Техника. Инженерия. - Международный научный журнал. - 2017.
3. Арсеньева Е. С., Когосова Ю. П., Мецлер А. А., Томилина М. Е. Опыт применения интерактивных форм обучения в процессе преподавания экономических дисциплин – 2016
4. Осмоловская И.М. Инновации и педагогическая практика Народное образование. - 2018.

"ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ" МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША АРНАЙЫ ПӘНДЕРІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЕНГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

А.Е. Айтбекова

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Көкшетау қаласы, құрылыс – технологиялық колледжі» МКҚК Көкшетау қаласы.

Андатпа. "Тамақтандыруды ұйымдастыру" мамандығы бойынша арнайы пәндердің оқу бағдарламаларына функционалдық сауаттылықты енгізудің маңызы " мақаласы тамақтандыруды ұйымдастыру саласында маманданған студенттердің білім беру процесіне функционалдық сауаттылықты интеграциялаудың маңыздылығын зерттейді. Мақала авторы осы саладағы мамандарға қойылатын заманауи талаптарды талдап, тек теориялық білімнің ғана емес, сонымен қатар кәсіби мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін практикалық дағдылардың қажеттілігін атап көрсетеді.

Аннотация. Статья "Значение внедрения функциональной грамотности в учебные программы специальных дисциплин по специальности 'Организация питания'" исследует важность интеграции функциональной грамотности в образовательный процесс студентов, специализирующихся в области организации питания. Автор статьи анализируют современные требования к специалистам в этой сфере, подчеркивая необходимость не только теоретических знаний, но и практических навыков, которые позволяют эффективно решать профессиональные задачи.

Abstract. The article "the importance of introducing functional literacy into the curricula of special disciplines in the specialty "Catering" examines the importance of integrating functional literacy into the educational process of students specializing in catering. The authors of the article analyze the modern requirements for specialists in this field and emphasize the need not only for theoretical knowledge, but also for practical skills that can effectively solve professional tasks.

Функционалдық сауаттылық адамның өзгермелі әлемде табысты бейімделуге дайындалуына ықпал ететін білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. "Тамақтануды ұйымдастыру" мамандығы бойынша кәсіби пәндер шеңберінде функционалдық сауаттылықты интеграциялау білім беру сапасын жақсартуға және мамандарды даярлауға мүмкіндік береді, оларды нақты жағдайларда жұмыс істеу үшін қажетті дағдылармен қамтамасыз етеді.

Тамақтануды ұйымдастыру саласындағы мамандардан тамақ дайындау технологиясы саласындағы базалық білімді ғана емес, сонымен қатар ақпаратпен тиімді өзара әрекеттесу, әртүрлі деректерді талдау, клиенттермен жұмыс істеу, сондай-ақ заманауи технологиялар мен критерийлер негізінде шешім қабылдау

дағдыларын талап етеді. Мұның бәрі студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуды талап етеді.

Осы баяндаманың мақсаты - "Тамақтандыруды ұйымдастыру" саласындағы мамандарды кәсіби даярлауда функционалдық сауаттылықты сауаттылыққа интеграциялау қажеттілігін қарастыру және оны енгізудің ықтимал тәсілдерін ұсыну.

Тамақтануды ұйымдастыру саласында функционалдық сауаттылық ерекше маңызға ие болады. Бұл саладағы кәсіпқойлар дәстүрлі салаларда (тамақ дайындау технологиясы, санитарлық нормалар, қызмет көрсету процестерін ұйымдастыруды) ғана емес, сонымен қатар ақпаратты талдауға, деректерді өңдеуге және белгісіздік пен өзгерістер жағдайында шешім қабылдауға байланысты мәселелерді шеше білуі керек.

Тамақтануды ұйымдастыру саласындағы мамандар үшін оқу материалдарының мәтіндерімен жұмыс істей білу ғана емес, сонымен қатар нақты кәсіби қызметте кездесетін ақпаратты түсіндіру маңызды. Бұл технологиялық карталар, формулалар, ережелер, санитарлық және гигиеналық талаптар, сондай-ақ азық-түлік нарығын маркетингтік зерттеулер болуы мүмкін [1]. Мысалы, қоғамдық тамақтандыру мекемесіне арналған мәзірді әзірлеу кезінде калорияға, тамақтанудың тепе-теңдігіне және санитарлық нормаларды сақтауға қойылатын талаптарды түсіну қажет, бұл тек білімді ғана емес, сонымен қатар ақпаратты талдау және салыстыру қабілетін де қажет етеді.

Тамақтануды ұйымдастырудағы математикалық дағдыларға тамақ дайындауға арналған тағамдардың санын есептеу, дұрыс бөліктерді жасау, сатып алу шығындарын анықтау, сондай-ақ оларды өңдеу кезінде өнімдердің көлемін немесе массасын өзгерту сияқты әртүрлі технологиялық процестерді ескеру кіреді [2]. Мысалы, тағам дайындау кезінде бір нормаларды сақтау және тамақтану сапасын қамтамасыз ету үшін қанша тағам немесе шикізат қажеттілігін дәл анықтау қажет.

Қазіргі заманғы тамақтануды ұйымдастыру ақпараттық технологияларды көбірек қолданады. Бұған өнімді есепке алу бағдарламаларымен, мәзір жасауға арналған автоматтандырылған жүйелермен, сатылымдар мен тапсырыстарды талдаумен жұмыс істеу кіреді. Кейбір жағдайларда мамандар тауарлы-материалдық құндылықтарды есепке алу бағдарламаларымен, сондай-ақ онлайн тапсырыстарды ұйымдастыру және азық-түлік жеткізу жүйелерімен жұмыс істей алуы керек. Сондықтан студенттерге дәстүрлі жұмыс әдістерін ғана емес, сонымен қатар олардың функционалдық сауаттылығын арттыратын және нақты жұмыс жағдайларына дайындайтын заманауи цифрлық құралдарды үйрету маңызды.

Функционалдық сауаттылықты оқу бағдарламаларына біріктіру оқу жоспарлары мен оқыту әдістерін қайта қарауды, сондай-ақ инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалануды қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының пәндерінің оқу бағдарламалары тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар функционалдық сауаттылыққа байланысты практикалық дағдыларды да қамтуы тиіс. Мысалы, «Ұн және кондитер өнімдерінің технологиясы», «Тамақ дайындау технологиясы», «Тамақтану физиологиясы, санитария және гигиена негіздері» сияқты дәстүрлі пәндерді оқудан басқа, оқу курстарына сыни ойлауды дамытуға, ақпараттық ресурстармен және негізгі цифрлық дағдылармен жұмыс істеуге бағытталған тақырыптарды қосуға болады.

Мысалы, «Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру және технологиясы» пәні аясында теңгерімді тамақтану қажеттілігін ескере отырып, тұтынушылардың қажеттіліктері туралы деректерді талдауға, азық-түлік сатып алуды есептеуге және жоспарлауға арналған блоктарды қосуға болады. Мұндай курстарда студенттерге мәзірді қалай дұрыс жасау керектігін үйретіп қана қоймай, сонымен қатар ас-үйдің жұмысын оңтайландыру, қонақтардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін ескеру, шығындарды есептеу және басқа да маңызды аспектілер үшін деректерді қалай пайдалану керектігін үйрету маңызды.

Функционалдық сауаттылықты оқу процесіне біріктіру оқыту әдістерін өзгертуді талап етеді. Қазіргі студенттер-цифрлық технологияларды белсенді қолданатын ұрпақ өкілдері. Сондықтан оқу процесіне дәстүрлі дәрістер мен семинарларды ғана емес, сонымен қатар жобалық жұмыс, жағдаяттық тапсырмалар, кейстермен жұмыс істеу, сондай-ақ бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып практикалық сабақтар өткізу сияқты әдістерді енгізу маңызды.

Мысалы, студенттер азық – түлік қажеттіліктерін есептеу, мәзір құру және түгендеуді басқару бағдарламалық құралын пайдалана отырып, мейрамхана немесе мектеп асханасы үшін тамақтануды ұйымдастыру мәселелерін шеше алады. Бұл сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар мамандықтың практикалық жағын жақсы түсінуге көмектеседі.

Функционалдық сауаттылықты интеграциялаудың маңызды аспектілерінің бірі-нақты сектормен тығыз қарым-қатынас. Студенттердің алған білімдері мен дағдыларын қоғамдық тамақтандыру мекемелерінде тағылымдамадан және практикадан өту арқылы практикада қолдану мүмкіндігі болуы маңызды. Бұл оларға нақты деректермен жұмыс істеу, аналитика негізінде шешім қабылдау және заманауи технологияларды қолдану дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Ол үшін оқу орындары қоғамдық тамақтану орындарымен ынтымақтаса алады, бұл студенттерге саланың қажеттіліктерін жақсырақ түсінуге және нақты әлемде ақпаратпен тиімді жұмыс істеуді үйренуге мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту студенттерге ақпарат шешуші рөл атқаратын қазіргі әлем жағдайында жұмысқа дайын болуға көмектеседі. Функционалдық сауаттылық дағдылары бар мамандар тиімді шешім қабылдай алады, деректер мен технологиялармен жұмыс істей алады, бұл оларды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті етеді.

Жоғары функционалды сауаттылығы бар мамандар кәсіби мәселелерді тезірек және дәлірек шешеді, бұл ұйымның жалпы тиімділігін арттырады. Бұл уақытты тиімді пайдалануға және жүйені реттеу үшін маңызды.

Функционалды сауаттылықты интеграциялау қонақтарға қызмет көрсету сапасын жақсартуға ықпал етеді, өйткені мамандар тамақтану процесін сауатты ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар қонақтардың қажеттіліктерін, олардың қалауы мен ерекшеліктерін ескере алады. Сабақ барысында қонақтармен араласудың сценкалары мен жағдаяттарын қарастырып, талқылауға болады.

Жылдам технологиялық прогресс пен өзгеріп отыратын әлеуметтік және экономикалық шындықтар жағдайында тамақтануды ұйымдастыру саласындағы мамандар өздерінің кәсіби саласының мамандары ғана емес, сонымен қатар олардың алдында тұрған міндеттерді нақты өмірде тиімді шешуге мүмкіндік беретін кең ауқымды құзыреттерге ие болуы керек.

Функционалды сауаттылық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін, математикалық және цифрлық дағдыларды, сыни ойлауды және әртүрлі деректер көздерімен өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтиды. Бұл құзыреттерді оқу бағдарламаларына енгізу дәстүрлі дағдыларға ғана емес, сонымен қатар жаңа талаптар мен жұмыс жағдайларына бейімделуге бағытталған мамандарды даярлау сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Функционалды сауаттылықты тамақтануды ұйымдастырудағы білім беру процесіне біріктірудің негізгі артықшылықтарына студенттердің жалпы кәсіби дайындығын арттыру, қызмет көрсету сапасын жақсарту, жоспарлау мен сатып алудан бастап тұтынушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруға дейінгі барлық деңгейлерде жұмыс тиімділігін арттыру кіреді. Функционалды сауаттылық білімімен қаруланған студенттер неғұрлым негізделген шешімдер қабылдай алады, деректерді талдай және түсіндіре алады және жұмыс процестерін оңтайландыру үшін заманауи цифрлық құралдарды қолдана алады.

Осылайша, функционалды сауаттылықты «Тамақтандыруды ұйымдастыру» оқу бағдарламаларына интеграциялау үнемі өзгеріп отыратын нарық пен заманауи технологиялық сын-қатерлер жағдайында тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлау үшін стратегиялық маңызды қадам болып табылады. Бұл түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар жаһандану жағдайында және өнімдер мен қызметтердің сапасына қойылатын талаптардың артуы жағдайында маңызды болып табылатын қоғамдық тамақтандырудың барлық саласының сапалы дамуын қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Гостева Ю.Н., Кузнецова М.И., Рябинина Л.А., Сидорова Г.А., Чабан Т.Ю. Теория и практика оценивания читательской грамотности как компонента функциональной грамотности // «Отечественная и зарубежная педагогика» № 4 Т.1 (61) 2019.

2. Рослова Л.О., Краснянская К.А., Квитко Е.С. Концептуальные основы формирования и оценки математической грамотности // Отечественная и зарубежная педагогика. 2019. Т. 1, № 4 (61). С. 58–79.
3. Рутковская Е.Л. Финансовая грамотность как компонент функциональной грамотности // Отечественная и зарубежная педагогика. 2019. Т. 1, № 4 (61). С.98–111.
4. Коваль Т.В., Дюкова С.Е. Как оценивать умения учащихся в сфере глобальных компетенций // Отечественная и зарубежная педагогика. 2019. Т. 1, № 4 (61). С.208–217.
5. Фруммин И.Д., Добрякова М.С., Баранников К.А. и др. Универсальные компетентности и новая грамотность: чему учить сегодня для успеха завтра. Предварительные выводы международного доклада о тенденциях трансформации школьного образования. М.: НИУ ВШЭ, 2018. 28 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІ

М.М. Алтыбаева

Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндерінің оқытушысы,
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Семей қаласы, Абай облысы

Андатпа. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейі және бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесіп отыруы, үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Аннотация. В статье рассматривается влияние функциональной грамотности на изучение казахского языка и литературы.

Функционалдық сауаттылықтың мазмұны: оқу мен жазудағы сауаттылық, жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық, математикалық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, денсаулық саласындағы сауаттылық, заңды сауаттылық.

Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – білім алушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген танымал халықаралық бағалау зерттеулерінің бірі - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламалары.

Оқу сауаттылығы қандай да бір мәселені шешу, нақты тапсырманы орындауға қажетті ақпаратты тауып оқуды мақсат етеді. Оқуда нақты ақпарат алу үшін оқу (scanning) және аналитикалық оқу (тірек сөздерді белгілеу, дәйек сөздерді іріктеу, кесте, график құру) тәсілдері қолданылады.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері

1. Білім алушылардың оқыған мәтінін қаншалықты түсінгенін немесе түсінбегенін анықтау үшін мынандай сұрақтар қоюға болады:

1. Оқыған мәтініңізді өз сөзіңізбен баяндап берсеңіз.
2. Мәтінді оқығаныңызды қалай және немен дәлелдеп берер едіңіз?
3. Мәтінде берілген ақпараттарды жіктеп айтыңыз.
4. Қысқаша ғана бірнеше сөйлеммен негізгі ойды айтып беріңіз.
5. Мәтіндегі көтерілген мәселеге қарама-қайшы не мәселе болуы мүмкін?
6. Мәтіндегі оқығаның не құбылыстың әрі қарай өрбуін, оның себебі мен салдарын (нәтижесін) болжап айтыңыз.

Оқылымнан кейінгі тапсырма

Мәтіндегі негізгі ақпараттарды қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, өз мәтініңізді құрап жазу.

Қолдануға ұсынылатын сөздер: менің ойымша... «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» демекші, қорытындылай келе...

Бағалау критерийі:

1. Белгілі бір жанрда мәтін құрастыра алады.
2. Құрылымы сақталған.
3. Сауатты жазады.

Жағдаяттық жаттығулар

Білім алушылар мәтінді оқып, көп нүктенің орнына сөздерді жазып, пікірін жеткізеді.

Бағалау критерийі:

1. Көп нүктенің орнына бірнеше сөзді тауып жазады;
2. Мәтіннің мағынасын түсініп, мағынасына сәйкес сөзді орнымен қолдана алады.

«Жоба әзірлеу» әдісі

Тыңдалым мәтіні

1. Тарихымыздың қайталанбас көрінісін қайдан көре аламыз?
2. Ұлттық киім неге негізделіп жасалған? Қалыптасуында қандай ерекшелік байқалады?
3. Кейіпкердің айтуынша, үстіндегі ұлттық киімдер қай ғасыр туындысына сәйкес келеді? Ол туралы не айта аласыз?
4. Соңғы кезде сән үлгілерінде қандай өзгерістер байқалады?
5. Журналист неліктен ұлттық киімдерді күнделікті тұрмысқа енгізуді маңызды деп санайды? Сіз қалай ойлайсыз?

(Оқушылардың алдына бейнефильмге қатысты сұрақтар қояды. Білім алушылар бейнефильмді көре отырып, сұрақтарға жауап береді)

Бағалау критерийлері:

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықтау үшін пікірлесуге қатыса алады.
2. Кемінде 1 сұраққа ойын білдіреді.

Көркем шығарманы талдаудағы тиімді әдістер

«Бағытталған оқу» әдісі

Бұл әдіс – білім алушыларды мәтінді оқу барысында сұрақтар арқылы оны түсінуге бағыттайтын стратегия. Білім алушылардың мәтінді оқу үдерісін мұғалім әр мағыналы абзац сайын тоқтатып отырады. Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам. Мұғалім мәтінді алдын ала мағыналы бөліктерге бөлу керек. Сонан соң түсінуге бағытталған әр үзінді бойынша, әр бөлікті оқығанға дейін немесе оқыған соң қойылуы мүмкін сұрақтар ойластырады.

2-қадам. Соңында оқыған мәтінін қайта қарауға және алынған білімді қолдануға ықпал ететін тапсырма беру керек. Бұл сондай-ақ үй тапсырмасы болуы мүмкін.

«Тұжырымдамалық кесте» әдісі

Бұл әдісте білім алушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан тік үш сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар: бөліктің оң жағына мәтіннен үзінді жазады; бөліктің ортасына автордың айтар ойын жазады; бөліктің оң жағына өзінің ойын, тұжырымын, пікірін жазады.

Мәтіннен үзінді	Автордың айтар ойы	Менің тұжырымым

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиет сабағында осы оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

1. Тақырыптың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
2. Білім алушыларды сабаққа толық қатыстыруға жағдай, мүмкіндік туады;
3. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген нық сенімін қалыптастыруға көмектеседі;
4. Тіл байлығын дамытады;
5. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
6. Шығармашылық белсенділігін арттырып, топта бірігіп жұмыс істеуге дағдыландырады.
7. Өз бетімен білім алатын, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығының, қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімін өмір бойы пайдалана алатын тұлға өсіру – білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оразахынова Н.А. Әдебиетті сатылай кешенді талдау: әдістемелік құрал. – Алматы, 2012 жыл.

2. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2015. Халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. – Астана, 2017 жыл.
3. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2018 / Компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары. – Астана, 2016 жыл.
4. Жалпы орта білім беретін мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2024 жыл.

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЕНГІЗУ

Ж.Н. Альмаханова

«Ақтөбе автожол колледжі», Ақтөбе қаласы

Аннотация. Қазіргі заманда қоғамның даму деңгейі мен технологияның үнемі жаңаруы адамнан тек кәсіби білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар өмірде табысты болуға қажет болатын функционалдық сауаттылықты да талап етеді. Бұл сауаттылық адамның ақпаратты тиімді пайдалану, өмірдегі мәселелерді шешу және күнделікті өмірде дербес шешімдер қабылдай алу қабілетіне негізделген.

Аннотация. Автор рассматривает в статье влияние функциональной грамотности на преподаваемых дисциплинах на профессиональные компетенции студентов.

Annotation. The author examines in the article the influence of functional literacy in the taught disciplines on the professional competencies of students.

Функционалдық сауаттылықты дамыту қажеттілігі бүкіл әлем бойынша білім беру жүйесінде үлкен маңызға ие. Сонымен бірге, арнайы білім беру мекемелерінде оқитын балалар үшін бұл дағдыларды дамыту – өте маңызды мәселе. Себебі арнайы білім берудің басты мақсаты – әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оны тұлға ретінде қалыптастыру, қоғамда өзін-өзі табысты әрі бейімделген азамат ретінде көрсету.

Баяндамада арнайы білім беру бағдарламаларына функционалдық сауаттылықты енгізудің маңыздылығын, мүмкіндіктерін және тиімді жүзеге асырылуы үшін қажетті тәсілдерді талқылаймыз.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның ақпаратты тиімді пайдалану, оны түсіну, жинақтау және әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті. Бұл дағды оқу, жазу, есеп шығару, ақпараттық технологияларды пайдалану, әлеуметтік қарым-қатынас орнату және өзіндік шешімдер қабылдау қабілеттерін қамтиды.

Арнайы білім беру мекемелерінде оқитын балалар үшін функционалдық сауаттылықтың маңызы ерекше. Себебі олардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін тек оқу және жазу дағдылары жеткіліксіз. Олар әртүрлі даму

ерекшеліктеріне, психологиялық және физикалық мүмкіндіктеріне ие болғандықтан, өмірде өз орындарын табу үшін функционалдық сауаттылықты дамыту аса маңызды.

Функционалдық сауаттылықты дамыту осы балаларға өмірлік дағдыларды игеріп, қоғамда, кәсіби салада және күнделікті өмірде өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарлардың бірінде, ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықты дамытудың 4 базалық механизмдерін атап көрсетуге болады. Оның біреуі - оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты өлшемдер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді» – деген болатын. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру талаптарына сәйкес әдістемелік құралда білім алушылардың жағдайы мен іс-әрекеттерін ескере отырып арнайы білім беру мекемелерінде жетістіктерін бағалаудың жобасы ұсынылып отыруда.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымының міндеттерін арнайы білім берудің оқу бағдарламаларына функционалдық сауаттылықты енгізу

Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі, білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасымен тікелей іске асырылуымен байланысты арнайы білім берудің мазмұнына функционалдық сауаттылықты енгізу болып табылады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде қазақстандықтарды жаңа формацияда тәрбиелеуге және Қазақстанды адам капиталы бәсекеге қабілетті елге айналдыруға ықпал ететін интеллектуалды ұлттың дамытудың маңызды аспектілерін атап өтті. Әсіресе, білім беру жүйесін инновациялық дамыту қажеттілігін ерекше атап өтті: «Білім беруге деген дәстүрлі тәсіл оқушыларға ақпарат пен білімнің барынша кең көлемде берілуін мақсат тұтатын. Бүгінде жағдайлар өзгеруде. Мамандардың есептеуінше, әрбір жеті-сегіз жылда кәсіптік ақпараттардың көлемі екі есеге ұлғайып отырады екен. Жаңартылған білімнің легіне ілесіп отыру үшін қазіргі заман қызметкерлері жүйелі және сын тұрғысынан ойлауды меңгеруі тиіс және үнемі өз білімін жетілдіріп отыруы керек. Бұдан басқа, біздің жастарымыз тек білімді алып қана қоймай, жаңа білім беру жүйелер құруға да күш салысулары керек. Бүгінгі таңда ең маңызды сапа креативті ойлау, білімді қайта өңдей білу, жаңа шешімдер, технологиялар мен инновациялардың пайда болуы болып табылады. Бұл үшін жаңа әдістер, оқытудың жаңа формалары, жаңа мамандар қажет».

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеу болып табылады. Осыған байланысты білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары әзірленді, аталған жоспар шеңберінде функционалдық сауаттылық

бойынша шетелдердің адыңғы қатарлы тәжірибелерін зерделеу және Қазақстан Республикасының арнайы білім беру мазмұнының ерекшеліктерін ескере отырып, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың жолдарын әзірлеу міндеттері қойылуы қажет..

Қазіргі ұғым бойынша функционалдық сауаттылықты білімнің (бірінші кезекте, жалпы) көп жоспарлы адам әрекетімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделу әрекеті ретінде түсінуге болады. Бұл функционалдық сауаттылықтың ерекшелігі жылдам өзгеріп отыратын қоғамда барлығы үшін қажетті қолданбалы білімдер негізінде әртүрлі қызмет салаларында өмірлік мәселелерді шеше алуымен сипатталатыны оның анықтамасында берілген. (Бранд О). Арнайы білім беретін мекемесінің жағдайында ол әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтің педагогика негіздеріне, сондай-ақ өмір бойы өз білімін жетілдіруге қызмет етеді.

Қорытынды. Арнайы білім берудің оқу бағдарламаларына функционалдық сауаттылықты енгізу — тек академиялық білім беру ғана емес, сонымен қатар өмірде табысты болуға қажет дағдыларды қалыптастырудың маңызды қадамы болып табылады. Бұл балалардың жеке тұлға ретінде дамуына, қоғамда өз орындарын табуына және болашақта тиімді еңбек етуіне жол ашады. Сондықтан функционалдық сауаттылықты арнайы білім беру бағдарламаларына енгізу — бұл әр баланың өмірлік әлеуетін ашып, оның толыққанды азамат болып қалыптасуына ықпал ететін маңызды қадам.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Селевко, Г.К. Заманауи білім беру технологиялары. – 2012.
2. Хуторская, А.В. Негізгі құзыреттер және білім беру стандарттары // "Эйдос" интернет-журналы. – 2002.
3. <https://stud.kz/>

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КӨЗҚАРАСЫ: AR/VR ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Б.Қ. Ахметқали, Ш.С. Атантаева

«Политехникалық колледжі» КМКҚ Семей қаласы

Андатпа. Бұл мақалада AR/VR технологияларының қазіргі заманғы білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты арттырудағы рөлі қарастырылады. Техникалық пән мұғалімдеріне арналған функционалдық сауаттылық құралдарының тиімділігі AR/VR арқылы зерттеледі. Мақалада бұл технологиялардың мұғалімдер мен студенттерге оқыту тәжірибесін жақсартуға, интерактивті оқу құралдарын дамытуға және білім беру нәтижелерін жоғарылатуға қалай ықпал ететіні талданады.

Аннотация. В данной статье рассматривается роль AR/VR технологий в повышении функциональной грамотности в современной системе образования. Эффективность инструментов функциональной грамотности для учителей технических предметов исследуется с помощью AR/VR. В статье анализируется, как эти технологии способствуют улучшению опыта преподавания для учителей и студентов, развитию интерактивных учебных материалов и повышению образовательных результатов.

Abstract. This article examines the role of AR/VR technologies in enhancing functional literacy within the modern education system. The effectiveness of functional literacy tools for technical subject teachers is explored through AR/VR. The article analyzes how these technologies help improve the teaching experience for teachers and students, develop interactive learning tools, and elevate educational outcomes.

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінің негізгі міндеті – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Бұл сауаттылық өмір сүру үшін қажетті дағдыларды меңгеру мен ақпаратты тиімді қолдануды қамтамасыз етеді. Арнайы білім беру саласында бұл міндеттер ерекше өзектілікке ие. AR/VR технологиялары оқу үдерісін жетілдірудің инновациялық тәсілдерінің бірі ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда үлкен мүмкіндіктерге ие.[1]

AR/VR технологиялары білім беру саласында мынандай артықшылықтарды ұсынады:

1. Көрнекілік және интерактивтілік

AR/VR технологиялары ақпаратты визуалды және интерактивті түрде ұсыну арқылы оқушылардың түсінуін жеңілдетеді. Мысалы:

– Материалтанудан виртуалды саяхат арқылы оқушылар әлемнің кез келген металдың шығу жерін зерттей алады.

– Тарих пәнінде тарихи оқиғаларды қайта жаңғырту арқылы оқушылар сол кезеңнің атмосферасын сезінеді.

2. Оқу мотивациясын арттыру

AR/VR технологиялары оқу процесін қызықты әрі тартымды етеді. Оқушылар оқу материалдарымен ойын форматында жұмыс істей отырып, белсенді қатысады және мотивациялары артады. Бұл әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін маңызды.

3. Жекешелендірілген оқыту

AR/VR технологиялары әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу материалдарын бейімдей алады.

– Оқушылардың білім деңгейіне сәйкес материалдардың күрделілік деңгейін реттеу.

– Оқуда қиындықтар туындайтын салаларды анықтап, оларды түзету үшін нақты тапсырмалар беру.

4. Қауіпсіз тәжірибелік аймақ

Кейбір пәндерде тәжірибелік жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік мәселесі туындайды. AR/VR технологиялары оқушыларға қауіпсіз виртуалды ортада жұмыс істеуге мүмкіндік береді:

- Өзара ауыстырымдылық негіздерінде қауіпті реакцияларды виртуалды зертханада орындау.
- Механика пәнінде күрделі механизмдердің жұмысын модельдеу.
- Техникалық пәндерде құрылғыларды бөлшектеу немесе жинау тәжірибесін жасау.[2]

5. Қиын түсініктерді жеңілдету

AR/VR технологиялары күрделі ұғымдарды визуалды түрде ұсыну арқылы түсінуді жеңілдетеді. Мысалы:

- Сызуда геометриялық фигураларды үш өлшемді форматта көрсету.
- Электротехникада гравитация, магнит өрісі сияқты абстрактілі түсініктерді визуалдау.

6. Кеңістіктік ойлауды дамыту

AR/VR технологиялары кеңістіктік түсініктерді жетілдіруге мүмкіндік береді:

- Оқушыларға карталармен немесе үш өлшемді модельдермен жұмыс жасау арқылы кеңістіктік қабылдауды дамыту.
- Құрылыс және инженерия бағытындағы сабақтарда сызбалар мен құрылымдарды зерттеу.

7. Қашықтықтан оқыту мүмкіндігі

AR/VR технологиялары оқушыларға кез келген жерде білім алуға мүмкіндік береді. Мысалы:

- Виртуалды шынайылық сыныптары арқылы мұғалім мен оқушылардың тікелей байланысын қамтамасыз ету.
- Виртуалды экскурсиялар мен лабораториялық жұмыстарға қатысу.

8. Командалық жұмыс пен әлеуметтік дағдыларды дамыту

AR/VR технологиялары арқылы оқушылар бірлескен тапсырмалар орындап, командалық жұмысты жақсарты алады. Виртуалды ортада рөлдік ойындар мен топтық жобалар арқылы олардың коммуникативтік дағдылары дамиды.

9. Инклюзивті білім беру мүмкіндіктері

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған арнайы AR/VR шешімдері олардың оқу процесіне белсенді араласуына көмектеседі:

- Есту қабілеті нашар балалар үшін визуалды құралдарды қолдану.
- Көру қабілеті шектеулі балалар үшін дыбыстық эффекттер мен тактильді құрылғылар арқылы ақпарат беру.[3]

AR/VR технологияларының бұл мүмкіндіктері оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауын және өз бетімен білім алу дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Функционалдық сауаттылықты дамытудағы AR/VR рөлі

Функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненттері — оқу, жазу, есептеу және ақпаратты талдау дағдылары. AR/VR технологияларын қолдану бұл дағдыларды дамытудың келесі мүмкіндіктерін ұсынады:

1. Кеңістіктік ойлауды дамыту

Геометриялық фигуралармен жұмыс істеу, карталарды зерттеу немесе тарихи орындарға виртуалды саяхат жасау оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілеттерін арттырады.

2. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру

Виртуалды ортада командалық жұмыс пен рөлдік ойындар арқылы оқушылардың қарым-қатынас дағдылары жетілдіріледі.

3. Ақпаратты өңдеу және қолдану

AR/VR технологиялары арқылы нақты тапсырмалар мен сценарийлерде ақпаратты пайдалану және талдау қабілеттері қалыптасады.

Арнайы білім беруде AR/VR қолдану мысалдары

1. Дыбыстық және визуалды құралдар

Мысалы, есту қабілеті шектеулі оқушылар үшін визуалды AR құралдары ақпаратты жақсырақ түсінуге көмектеседі.

2. Қозғалыс дағдыларын дамыту

Физикалық терапия мақсатында арнайы VR құрылғыларын қолдану оқушылардың қозғалыс мүмкіндіктерін жетілдіреді.

3. Тілдік дағдыларды меңгеру

AR/VR арқылы оқушылар шет тілдерін оқытуда диалогтық сценарийлерді тәжірибеден өткізе алады [4].

AR/VR технологияларын арнайы білім беруде қолдану функционалдық сауаттылықты арттырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Бұл технологиялар білім беру процесін жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Болашақта AR/VR технологиялары инклюзивті білім беруді дамытуда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Төлегенова, Г., & Абдрахманов, Ж. (2022). AR/VR арқылы техникалық білім берудің артықшылықтары. Қазіргі заманғы білім беру технологиялары, 15(3), 45-52.
2. Сәрсенова, Д. (2021). Виртуалды шынайылық және физикалық процестерді модельдеу. Білім берудегі инновациялар, Алматы: ҚазМемБаспа, 112-125.
3. Бекенов, А. (2020). Инженерия саласында VR технологияларын қолдану: мүмкіндіктер мен тәжірибелер. Техникалық білім және технологиялар журналы, 8(4), 67-74.
4. Қалқаманова, Р. (2019). Механика пәнінде VR құралдарын қолдану. Инженерлік білім беру зерттеулері, 6(2), 82-89.

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ: ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР МЕН НӘТИЖЕЛЕР

Г.Т. Ахметова

№266 мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Арнайы білім беру жүйесінде функциональдық сауаттылықты интеграциялау – оқушылардың өмірлік қажеттіліктеріне жауап беретін дағдыларды дамытуға бағытталған стратегиялық тәсіл. Бұл үрдіс кезінде мұғалімдер оқу бағдарламасын оқушылардың ерекшеліктері мен қабілеттеріне сәйкес бейімдей отырып, практикалық және шығармашылық тапсырмаларды енгізеді. Мысалы, қаржылық сауаттылықты дамыту үшін оқушыларды күнделікті өмірде ақша басқару дағдыларын игеруге дағдыландыру қажет, бұл оларды әлеуметтік интеграцияға дайындайды. Функциональдық сауаттылықты арттыру — білім алушылардың дербестік деңгейін көтеріп, өз пікірін білдіру, проблемаларды шешу қабілетін дамытуға негіз болады.

Методологиялық тәсілдер оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту үшін қажетті шарттар жасайды. Жобалық әдіс, диалогтық оқыту, интерактивті сабақтар мен рөлдік ойындар сияқты инновациялық әдістер арқылы оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыру мақсатында қолданылады. Оқушылар тәжірибеде өз дағдыларын қолдана отырып, білімдерін нақты жағдайларда пысықтау мүмкіндігіне ие болады. Мұндай тәсілдер оқудың тиімділігін арттырып қана қоймай, білім алушылар арасында ынтымақтастық пен командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Функциональдық сауаттылықты интеграциялағаннан кейін арнайы білім беру жүйесінде оқушылардың білім деңгейінің жоғарылағаны анық байқалады. Оқыту нәтижелерінің мониторингі және бағалау жүйелері оқушылардың функциональдық сауаттылығын арттыруға бағытталған оқу бағдарламасының тиімділігін дәлелдеуде маңызды рөл атқарады. Нәтижелер көрсеткендей, оқу бағдарламасын жаңартумен қатар, оқушылардың дербестік, инициативтілік және әлеуметтік байланыстарды орнату қабілеті де айтарлықтай жақсарады. Арнайы білім беруде функциональдық сауаттылықты дамыту нәтижелері қоғамда инклюзивтілік деңгейін арттыруға, арнайы білім алушылардың әлеуметтенуіне ықпал етеді, бұл өз кезегінде олардың болашақтағы кәсіби және әлеуметтік жетістіктеріне негіз болуы мүмкін [2].

Арнайы білім берудегі функциональдық сауаттылықты интеграциялаудың әлеуметтік аспектілері:

Технологияның дамуымен қатар, функциональдық сауаттылықты интеграциялауда заманауи технологиялық құралдарды пайдалану да маңызды рөл атқарады. Интерактивті платформалар, онлайн ресурстар мен мультимедиялық материалдар оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, сабақта практикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Технологияларды пайдалану, әсіресе, қашықтықтан білім алу жағдайында, оқушыларға білім алудың жаңа тәсілдерін көрсету және практикалық дағдыларды дамыту үшін тиімді құрал бола алады. Функциональдық сауаттылықты интеграциялауда педагогтардың кәсіби дайындығы ерекше маңызға ие. Арнайы білім беру контекстінде жұмыс істейтін мұғалімдер, олардың педагогикалық тәсілдері мен әдіснамалары, осы саладағы басымдықтарды ескере отырып, өз білімдерін үнемі жаңартып отыруы қажет. Мұғалімдерге арналған арнайы курстар және тренингтер, сонымен қатар жан-жақты ресурстар педагогтерге оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамытуға көмектесетін заманауи стратегияларды меңгеруге мүмкіндік береді. Педагогтардың инклюзивтік білім беру әдістемелерін жақсы түсінуі, оларды сыныпта тиімді қолдану үшін өте маңызды. Бұл педагогтер, әрбір оқушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, әртүрлі білім беру құралдарын және технологияларды шебер пайдалана алады. Тиісті дайындық деңгейі бар педагогтар, оқушылардың түрлі қабілеттеріне байланыссыз, функциональдық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін орта қалыптастыра алады [3].

Функциональдық сауаттылықтың интеграциясы, сонымен қатар, мектеп ішіндегі және мектептен тыс қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған. Мұғалімдер мен оқушылар, білім беру процесіне ата-аналарды тарту арқылы, әлеуметтік қолдау жүйесін қалыптастыру қажет. Ата-аналардың қатысуы балалардың оқу жетістіктеріне және әлеуметтік масштабта интеграциялануына оң әсер етеді. Сонымен қатар, мектептің қоғаммен байланысы, яғни, жергілікті ұйымдармен, оқу орындарымен және кәсіпорындармен ынтымақтастық жасау, оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді, өйткені практикалық тәжірибелер мен жобалар оқушылардың шындығында дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Функциональдық сауаттылықты интеграциялау үшін нормативтік-құқықтық базаның тұрақтылығы мен тиімділігі де аса маңызды. Мемлекеттік деңгейде арнайы білім беруді дамыту стратегиялары мен жоспарларының болуы, инклюзивті мәдениетті қалыптастыратын заңнамалық шаралар мен стандарттарды қажет етеді. Функциональдық сауаттылықтың интеграциясы, білім алушылардың құқықтарын қорғау және әділетті білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін қажетті заңдар мен ережелерді қарастыруды міндеттейді. Болашақта функциональдық сауаттылықты интеграциялау мәселелері білім алушылардың интеллектуалдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына арналған бағдарламаларды дамытуда сонымен қатар педагогтердің біліктілігін арттыруда ерекше орын алады. Инновациялық технологияларды одан әрі енгізу, курс бағдарламаларын өзектендіру және инклюзияның стандарттарына

сәйкестікті қамтамасыз ету қажет. Экономикалық, әлеуметтік және технологиялық өзгерістерге байланысты, функциональдық сауаттылықты интеграциялаудың жолдары мен әдістері жаңартылып отыруы тиіс. Тиімді басқару мен қолдаудың арқасында, арнайы білім алушылар арасындағы функциональдық сауаттылықты дамыту арқылы, қоғамның барлық мүшелерін толығымен интеграциялауға көзделген жаңа мүмкіндіктер ашылады [4].

Функциональдық сауаттылықты интеграциялау барысында маңызды кезеңдердің бірі — нәтижелердің тиімділігі мен прогрессін бағалау. Оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту бағдарламалары мен стратегиялары жүзеге асырылғаннан кейін, олардың нәтижелері мен әсерін бағалау үшін жүйелі мониторинг жүргізу қажет. Мұғалімдер, мектеп әкімшілігі мен білім беру ұйымдарының арасындағы тығыз байланыс және ынтымақтастық арқылы ғана, оқушылардың жетістіктерін объективті түрде бағалауға болады. Осының нәтижесінде, алған тәжірибелер негізінде, бағдарламаларды оңтайландыру және жаңарту мүмкіндігі туындайды.

Функциональдық сауаттылықты интеграциялау үрдісінде инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу ерекше мәнге ие. Заманауи білім беру технологиялары мен құралдарын пайдалану, білім алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың оқу мотивациясын көтеруге ықпал етеді. Онлайн платформалар, интерактивті оқыту құралдары, виртуалды шынайылық және ойын элементтерін енгізу, оқушыларға заманауи дағдыларды игеруге және функциональдық сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Педагогтардың кәсіби дамуы функциянальдық сауаттылықты интеграциялаудың кілті болып табылады. Мұғалімдерге арналған үздіксіз білім беру бағдарламалары, семинарлар, вебинарлар және тәжірибе алмасу іс-шаралары педагогтердің кәсіби дамуына ықпал етеді. Осының нәтижесінде, педагогтер оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамытуда заманауи әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалана алады. Сонымен қатар, педагогтарды өзін-өзі дамытуға және өз қабілеттерін жетілдіруге ынталандыру маңызды.

Функциональдық сауаттылықты интеграциялау үшін қоғамның пікірін қалыптастыру да маңызды. Білім беру саласындағы барлық мүдделі тараптар, соның ішінде ата-аналар, білім беру мекемелері және жергілікті қауымдастықтар, функциональдық сауаттылықтың маңыздылығын түсінуі қажет. Семинарлар, ашық есік күндері, ақпараттық кампаниялар арқылы, қоғамда функциональдық сауаттылықтың маңыздылығына қатысты ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Ата-аналар мен қоғам мүшелерін білім беру үдерісіне тарту, балалардың әлеуметтік адаптациясын және академиялық жетістіктерін арттыра алады [2].

Арнайы білім беру жүйесінде функциональдық сауаттылықты интеграциялау — білім алу мен әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды қадам. Оқушылардың сөз бостандығы, дербестік, және әлеуметтік дағдыларының дамуы оларға болашақта табысты азамат болуға көмектеседі. Оқу бағдарламалары мен

методологиялық тәсілдерді жетілдіру арқылы арнайы білім беру жүйесінде функциональдық сауаттылықтың деңгейін арттыру, қоғамдағы инклюзияны нығайту және мамандық нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында маңызды қадамдар жасалуда. Осының барлығы болашақтағы әлеуметтік және кәсіби жетістікке бағытталған механизмдердің бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс [1].

Осылайша, функциональдық сауаттылықты интеграциялаудың әлеуметтік аспектілері арнайы білім берудің бағытын белгілеуде, оқушылардың қоғамдағы мәртебесін көтеруге, және бәсекеге қабілеттіліктерін арттыруға ықпал етеді. Инклюзивті білім беру мен әлеуметтік интеграция, қоршаған ортадағы әр түрлі мүмкіндіктер мен ресурстарды тиімді пайдалануды талап етеді. Сол себепті, функциональдық сауаттылықты дамытуға бағытталған кешенді шаралар жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Функциональдық сауаттылықты интеграциялау – тек білім беру жүйесінің ғана емес, тұтастай қоғамның дамуына бағытталған стратегия. Педагогтардың дайындығы, инновациялық технологиялардың енгізілуі, мектеп пен қоғам арасындағы байланыс, сондай-ақ нормативтік-құқықтық базаның жоғары деңгейде болуы — барлығы оқушылардың функциональдық сауаттылығын тиімді дамыту және инклюзивті білім беру мен әлеуметтік интеграцияға қол жеткізу үшін қажет. Осы үрдісті жүзеге асыру, қоғамның барлық мүшелерін білім беру процесіне тартуға, әртүрлі мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға және қоғамдағы теңдік қағидаларын сақтауға мүмкіндік береді. Жаңа мүмкіндіктер әлемі – бұл функциональдық сауаттылықтың арқасында жететін болашақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бимашева, Г.Ж. (2022). Арнайы білім берудегі технологиялар. Алматы: Қазақ университеті.
2. Тлеубекова, А. (2021). Функциональдық сауаттылықты арттыру: теория мен практика. Астана: Айгүл баспасы.
3. Назарова, С. (202). Психологиялық аспектілер арнайы білім беруде. Алматы: Ғылым ордасы.
4. OECD (2019). Skills for Social Progress: The Power of Social and Emotional Skills. Paris: OECD Publishing.

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН ИНФОРМАЦИОННЫХ-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Э.Э. Беккер

Колледж информационных технологий, г. Павлодар

Мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы арнайы пәндердің оқу бағдарламасында колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қажеттілігінің негізгі себебі қарастырылған. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру процессінде оқытушылар мен студенттер қандай қиындықтармен кездеседі, сондай-ақ сауаттылықты қалыптастыруда тиімділікті арттыра алатын әлеуетті әдістер қарастырылады.

Аннотация. В статье рассмотрена первопричина необходимости в формировании функциональной грамотности студентов колледжей в учебной программе специальных дисциплин в сфере информационных-коммуникационных технологий. Рассматриваются проблемы, с которыми сталкиваются преподаватели и студенты в процессе формирования, а также какие потенциальные методы могут повысить эффективность в формировании функциональной грамотности.

This article examines the underlying reasons for the necessity of developing functional literacy in college students' curricula in the field of information and communication technologies. It considers the challenges encountered by educators and learners in this process, as well as potential strategies for enhancing the efficacy of functional literacy development.

Грамотность как явление возникла в ответ на потребность общества в эффективной коммуникации и передаче знаний. С развитием человеческой цивилизации, когда люди стали обмениваться опытом, развивать технологии, устанавливать торговые и культурные связи, возникла необходимость в стандартизированном способе передачи информации. Грамотность, прежде всего, включает в себя способность читать и писать, что стало основой для дальнейшего развития человеческой цивилизации.

Однако в определённый момент базовые навыки чтения и письма, как основа грамотности, перестали быть достаточными для того, чтобы успешно функционировать в социально-экономической и культурной жизни. Именно тогда сформировалась концепция функциональной грамотности, которая охватывает более широкий спектр навыков и знаний, чем традиционная грамотность.

Переходя в наше время, при условиях стремительных изменений, происходящих в сфере информационных технологий, особое внимание необходимо уделить подготовке студентов, особенно в колледжах, которые являются важным звеном в системе образования. С учетом широкого внедрения цифровых технологий в различные сферы жизни, актуальность развития функциональной грамотности

учащихся в области информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) выходит на первый план. Функциональная грамотность, в контексте ИКТ, не ограничивается лишь техническими навыками работы с устройствами и программным обеспечением, но включает в себя и способность эффективно использовать технологии для решения разнообразных задач, анализа информации, создания контента и взаимодействия в цифровом пространстве.

Одной из основных причин, по которой формирование функциональной грамотности стало актуальным, является быстрое развитие цифровых технологий, которые охватывают все сферы жизни: образование, экономику, здравоохранение, культуру и т. д. Студенты колледжей, обучаясь специальностям в области ИКТ, должны не только овладеть знаниями и навыками, необходимыми для выполнения профессиональных задач, но и уметь критически воспринимать и анализировать информацию, используя современные инструменты и ресурсы.

Функциональная грамотность предполагает, что студент способен эффективно и безопасно использовать различные цифровые инструменты, работать с большими объемами информации, анализировать ее, а также принимать обоснованные решения на основе полученных данных. Без этих компетенций невозможно полностью адаптироваться к быстро меняющимся условиям профессиональной среды.

Проблемы, с которыми сталкиваются преподаватели и студенты

Процесс формирования функциональной грамотности сталкивается с рядом проблем, как для преподавателей, так и для студентов:

Проблема	Описание проблемы
Недостаточная подготовленность преподавателей.	Многие преподаватели, несмотря на высокую квалификацию в своей области, не всегда имеют достаточный уровень знаний в сфере педагогики и методики преподавания ИКТ. Кроме того, они могут быть не знакомы с новыми методами обучения, инновационными технологиями и современными цифровыми платформами, что затрудняет процесс обучения.
Неоднородность уровня подготовки студентов.	Студенты, поступающие в колледжи, могут иметь разный уровень подготовки в области информационных технологий. Некоторые из них уже обладают определенными навыками работы с компьютерами, в то время как другие только начинают осваивать базовые элементы. Это создаёт сложности для преподавателей, которым приходится адаптировать свои методики

	обучения под разнообразные уровни знаний.
Быстрое устаревание знаний.	Область ИКТ развивается с чрезвычайной скоростью, и то, что было актуально несколько лет назад, сегодня может быть уже устаревшим. Это требует от преподавателей постоянного обновления своих знаний и навыков, а также постоянной адаптации учебных программ к современным требованиям.
Ограниченность практического опыта у студентов.	Теоретические знания, получаемые на занятиях, часто не находят должного применения в реальных условиях. Студенты часто сталкиваются с трудностями при попытке перенести теорию в практическую плоскость, что снижает эффективность обучения.

Таблица 1. Проблемы преподавателей и студентов при формировании функциональной грамотности

3. Методы повышения эффективности формирования функциональной грамотности

Для повышения эффективности формирования функциональной грамотности в учебных программах специальных дисциплин в области ИКТ преподаватели могут использовать различные методы и подходы, такие как: **интеграция теории и практики** для того, чтобы студенты имели возможность не только изучать теоретические основы, но и применять их на практике. Например, можно предложить студентам разработать сайты, создать приложения, решить задачи по обработке данных с использованием современных программных средств. Таким образом, студенты научатся не только использовать полученные во время учебы знания, но и решать возникающие проблемы, иными словами, освоят навык **«troubleshooting»**, то есть решение проблем: развивая таким образом критическое мышление, аналитические навыки, принятие решений и эффективное использование ресурсов. Далее рассматривая **проектный подход**, который считается одним из наиболее эффективных методов в обучении ИКТ, необходимо отметить, что студенты могут работать в группах, разрабатывая и реализуя проекты, что способствует не только формированию функциональной грамотности, но и развитию навыков командной работы, управления проектами, а также улучшению цифровых компетенций. В цифровом мире, все больше и больше **интерактивных инструментов, которые идут рука об руку с гибкими методами обучения**. Прекрасные примеры данного метода, различные

интерактивные формы обучения — онлайн-платформы, обучающие приложения, видеоконференции и виртуальные лабораторий. Они в свою очередь способствуют не только лучшему усвоению материала, но и повышению вовлеченности студентов. Один из немаловажных методов повышения эффективности — это **обучение критическому мышлению и цифровой безопасности**. Формирование функциональной грамотности невозможно без умения ориентироваться в информационной среде. Это включает в себя навыки поиска, оценки и обработки информации, а также знания в области информационной безопасности и защиты персональных данных. Преподаватели должны акцентировать внимание студентов на этих аспектах, обучая их безопасному и ответственному использованию технологий. Помимо прочего, существует необходимость в коммуникации между студентом и преподавателем и даже несмотря на то, что существует понятие СРСП (самостоятельная работа с преподавателем), то **менторство и индивидуальная работа с студентами** может сыграть ключевую роль в развитии функциональной грамотности. Данный метод позволит создать условия для индивидуальной работы с учащимися, выявления их сильных и слабых сторон, а также предоставления дополнительных материалов и помощи в освоении сложных тем.

Формирование функциональной грамотности в области ИКТ является необходимым условием подготовки студентов, которые смогут в первую очередь стать конкурентноспособными специалистами и эффективно работать в условиях цифрового общества, адаптируясь к профессиональной среде. Важно учитывать существующие проблемы в образовательном процессе и применять разнообразные методики для их решения. Применение инновационных подходов в обучении, интеграция теории и практики, а также развитие критического мышления и навыков цифровой безопасности помогут студентам стать компетентными специалистами, способными решать реальные задачи и адаптироваться к быстро меняющемуся миру технологий.

Список литературы

1. Самсонова Татьяна Ивановна, Серeda Татьяна Юрьевна, Исторический аспект развития функциональной грамотности // Наука в условиях пандемии: трансформации, коммуникации, стратегии – 2021.
2. Ковцун Анастасия Андреевна, Кохичко Андрей Николаевич, НАУЧНЫЕ ПОДХОДЫ К ПОНЯТИЮ «ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ» В ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ТЕОРИИ И ПРАКТИКЕ // Наука и Школа / Science and School №6`2022 – 2022.
3. Нурмуратова К.А. Функциональная грамотность как основа развития гармоничной личности в современных условиях // Научный журнал

«Педагогическая наука и практика» – Филиал акционерного общества «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников по Костанайской области» – 2019.

4. Фролова, П.И. К вопросу об историческом развитии понятия «функциональная грамотность» в педагогической теории и практике // Наука о человеке: гуманитарные исследования. – 2016.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУҒА ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Блялов Арман Серикович

Көкшетау қ. Жоғары техникалық колледжі МКҚК
өндірістік оқыту шебері

Түйіндеме: Мақалада студенттердің функционалдық сауаттылығын дамыту құралы ретінде өндірістік тәжірибеде заманауи технологияларды қолдану қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі еңбек нарығының тез өзгеретін жағдайларына тиімді бейімделе алатын мамандарды даярлау қажеттілігіне байланысты. Практикалық жұмыста цифрлық құралдар студенттердің сыни ойлау, проблемаларды шешу және топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Аннотация: В статье рассматривается использование современных технологий в производственной практике как средство развития функциональной грамотности студентов. Актуальность темы обусловлена необходимостью подготовки специалистов, способных эффективно адаптироваться к быстро меняющимся условиям рынка труда. В практической работе цифровые инструменты способствуют формированию у студентов навыков критического мышления, решения проблем и работы в команде.

Abstract: The article considers the use of modern technologies in industrial practice as a means of developing students' functional literacy. The relevance of the topic is due to the need to train specialists who are able to effectively adapt to rapidly changing labor market conditions. In practical work, digital tools contribute to the formation of students' skills of critical thinking, problem solving and teamwork.

Қазақстанда көлік құралдарының орташа жасы тек өсіп келеді, жолдардың сапасы жақсаруда, осыған сүйене отырып, көлік кәсіпорындарындағы автомобильдердің техникалық жағдайын сапалы қолдау маңызды. Мерзімді тексеруді адамдар ғана емес, көлікте де талап етеді. Автокөліктерге заманауи техникалық қызмет көрсету-бұл көлік құралын пайдалану кезінде пайда болатын ақауларды анықтауға және жоюға бағытталған жұмыстар мен тексерулер кешені.

Автоматтандырылған диагностикалық шешімдер, электронды басқару блоктары, 3D құралдары ақауларды анықтау дәлдігін арттыра отырып, қызмет көрсету және жөндеу уақытын қысқартып, қауіпсіздік пен өнімділікті жоғарылататын қызмет

көрсету орталығының жұмысының ажырамас бөлігіне айналды. Мұндай инновациялар тұтынушылардың қанағаттануын арттырады, шығындарды оңтайландырады және автомобиль өнеркәсібіндегі соңғы стандарттарға сәйкес келеді. Нәтижесінде соңғы технологияларды пайдалану ұсынылатын техникалық қызмет көрсету сапасын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар тұрақты технологиялық прогресс жағдайында қарқынды дамуға және сәтті бейімделуге ықпал етеді.

Диагностикалық сканерлер

Бұл диагностикалық құрылғы автомобильдің электр жүйелерін тұтастай тексеруге және ықтимал ақаулар мен қателерді табуға мүмкіндік береді. Басқа сенсорлар мен басқару блоктарынан ақпаратты оқуға қабілетті сканерлер көліктің жағдайын жылдам және дәл талдаудың жеңілдетеді, бұл ақауларды жою уақытын қысқартады және жөндеу жұмыстарын жеңілдетеді.

Бұл техникалық қызмет көрсету сапасын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар заманауи автомобиль өнеркәсібінің маңызды аспектісі болып табылатын көлік сенімділігін арттыруға көмектеседі.

Компьютерлік диагностика –бұл бағдарламалық жасақтама автомобиль сенсорларын тиімді талдауға мүмкіндік береді. Ол жасырын ақауларды анықтауға, қозғалтқышты және басқа да негізгі жүйелерді дәл диагностикалауға, ақауларды іздеуді және жоюды жылдамдатуға көмектеседі

3D модельдеу технологиялары -автомобиль бөлшектерінің дәл виртуалды үлгілерін жасауға мүмкіндік береді, бұл қосалқы бөлшектерді жобалау мен өндіруді жеңілдетеді. Диагностика және жөндеу өнеркәсібінде 3D сканерлеу зақымдалған бөліктердің жоғары дәлдіктегі сандық көшірмелерін жасау үшін пайдаланылады, бұл зақымдану дәрежесін анықтауды және жөндеуді жоспарлауды жеңілдетеді. 3D құралдарының арқасында техниктер техникалық қызмет көрсету кезінде көліктердің көрнекі үлгілеріне қол жеткізе алады, бұл жұмыс тиімділігін арттырады және ықтимал ақаулардың алдын алады.

Бұл технологиялар автокөлік ақауларын дер кезінде біліп, оларды күрделі ақау немесе апат болғанға дейін жөндеуге мүмкіндік береді. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету белгілі бір жүйелікпен орындалатын жоспарлы іс-шараларды қамтиды. Бұл бірдеңе бұзылған кезде қажет жөндеу емес, бұзылудың алдын алу. Жоспарлы ТҚ үш кезеңнен тұрады:

- толық диагностикалау немесе жеке авто агрегаттарды диагностикалау;
- жүйелер мен түйіндерді реттеу;
- бөлшектер мен техникалық сұйықтықтарды ауыстыру;

Диагностика кезеңінде айқын бұзылуларды анықтау үшін алдымен машинаны тексеру керек. Содан кейін өлшеу жабдығының көмегімен терең диагностикалық процедуралар жүргізіледі. Мысалы, манометр шинаның қысымын тексереді, ал бұрау кілті арқылы –бекіткіштердің беріктігін тексереді. Осыдан кейін, компьютерлік жабдықта маман борттық электрониканы зерттейді және

анықталған қателіктер негізінде автомобильдің жағдайы туралы қорытынды жасайды. Реттеу кезеңінде шебер оққылықтарды жояды, бос бекіткіштер мен жетек белдігін қатайтады, дөңгелектердің -конвергенциясын түзетеді. Аталған жұмыстар шеңберінде пайдалану ресурсы шектеулі компоненттер ауыстырылады: майлау материалдары, сұйықтықтар, сүзгілер, белдіктер және т.б.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету – көліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға көмектесетін шығын материалдарын ауыстыру процедурасы. Диагностика да әртүрлі болуы мүмкін, олар күрделілігі бойынша ерекшеленеді. Ең оңай нұсқа - визуалды тексеру. Ол қызмет көрсету станциясына әрбір барған кезде жүзеге асырылады және оның негізгі міндеті ағып кетуді немесе көрінетін бұзылуларды анықтау болып табылады. Мысалы, тексеру кезінде жетек бөлігінің жыртылған қорғаныш қақпағын, деформацияланған аспа тұтқасын, коррозия көзін және көзге көрінетін басқа заттарды табуға болады. Тексеру кезінде кейбір шығын материалдарының жай-күйін тексеру оңай - мысалы, тежегіш төсемдер мен дискілер, сондай-ақ резервуарлардағы сұйықтық деңгейін. Тереңірек диагностика жасау үшін өлшеу жабдығы қолданылады. Бұл шинаның қысымын тексеруге арналған қарапайым манометр, бекіткіштердің дұрыс тартылғанын тексеру үшін бұрау кілті немесе дөңгелектердің туралануын анықтауға арналған толыққанды сынақ стендтері болуы мүмкін. Өзін-өзі диагностикалау кезінде борттық электроникамен жазылған қателерді анықтау үшін компьютерлік жабдық қолданылады. Ол көліктің не туралы «шағымданғанын» көрсетеді. Заманауи автомобильде оның басқару блогы қалыпты жұмыстан немесе құрамдас бөліктердің күйінен ауытқулардың көпшілігін мұқият жазады - кілттегі өлі батареядан қате жану немесе сенсор көрсеткіштеріндегі оқшауланған ақауларға дейін көрсетеді. Жазылған қателерді оқу көліктің жағдайын тексеруге және оның ақауларын анықтауға мүмкіндік береді. Машинада көптеген қосылымдар мен қозғалатын элементтер бар, сондықтан жұмыс кезінде кері соққылар, бос орындардың өзгеруі, тіпті бекіткіштердің босатылуы қалыпты жағдай. Реттеулер көлік құрамдастарының параметрлерін оңтайлы мәндерге қайтаруға көмектеседі. Реттеу процесінде барлық осы «нормадан ауытқулар» жойылады. Мысалы, олар жетекші белдікті қатайтады, клапанның саңылауларын реттейді, доңғалақтарды туралайды және т.б. Бұл жұмыстар жұмыс кезінде олардың табиғи тозуын өтей отырып, автомобильдің тораптары мен бөлшектерін үнемдеуге мүмкіндік береді. Жүйелі техникалық қызмет көрсету бұл машина бөлшектерінің істен шығуын күтпестен ауыстыруға мүмкіндік береді. Оларға жағармайлар, салқындатқыштар, сүзгілер, тежегіш төсемдер, белдіктер және т.б. жатады. жастықшалар, белдіктер және т. б. бөлшектер жатады. Техникалық қызмет көрсетудің қандай түрлері бар? Техникалық қызмет көрсету, күнделікті, жоспарлы, маусымдық болады. Күнделікті тексеруді жүргізушінің өзі жүргізеді. Әрбір сапар алдында көлік иесі тежегіш жүйесінің, жарықтандыру құрылғыларының, рульдік басқарудың және т.б. жұмысқа жарамдылығын тексеруі керек. Жоспарлы тексеру техникалық қызмет

көрсету ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Маусымдық тексеру міндетті емес, бірақ ол көлік қауіпсіздігін арттырады. Мысалы, маусымдық техникалық қызмет көрсету кезінде олар шиналарды жаздан қысқа ауыстырады немесе керісінше тығыздағыштарды өңдейді, майлайды, радиаторларды тазартады, кондиционердің жұмысқа жарамдылығын тексереді және т.б.

Қорытынды:Автокөлікке техникалық қызмет көрсету – бұл көліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға және ақауларды апатқа немесе аса ауыр зақымға әкелгенге дейін ерте анықтауға бағытталған іс-шара.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А.С. Васенин, Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйелерін бағалау А.Г. Шумков. Жас ғалым. - 2016. - № 15 (119)
2. Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамын күтіп ұстау және жөндеу туралы ереже. - М.: Көлік, 2010 ж.
3. Ю. А. Смирнов . автомобиль электроникасы және электр жабдықтары
4. В. И. Ковалевский .Автомобиль қозғалтқыштары
5. В. Ф. Яковлев .Автомобильдің электронды жүйелерін диагностикалау
6. С. Ф. Зеленин . Автомобиль құрылғысы.

«ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫ: ХХІ ҒАСЫР ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ»

Г.А. Бұрлыбаева

Қаратау құрылыс – техникалық колледжі. Қаратау қаласы

Функционалдық сауаттылық – бұл жеке адамның күнделікті өмірде қажетті тапсырмаларды тиімді орындау, білімін өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті. Арнайы білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамыту студенттердің болашақта еңбек нарығына және қоғам өміріне бейімделуін қамтамасыз етеді. Бұл білім беру тәсілдері мен дағдыларды кеңейтуді талап етеді, себебі функционалдық сауаттылық оқушыларға өз білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануға көмектеседі.

Функционалдық сауаттылық терминінің түсінігі былайша түсіндіріледі: " ХХІ ғасырда функционалдық сауаттылық - адамның тек оқып-жазу дағдыларын меңгеруі емес, оның алған білімін күнделікті өмірде және кәсіби іс-әрекетте тиімді пайдалана білуі. Функционалдық сауаттылық – бұл адамның тек оқу, жазу, және есептеу дағдыларын меңгеруімен шектелмей, алған білімін күнделікті өмірде, кәсіби қызметте және түрлі өмірлік жағдайларда тиімді қолдана білу қабілеті.

Функционалдық сауаттылыққа жеке тұлғаның ақпаратты іздеу, өңдеу, талдау және оны шешім қабылдау үшін қолдану дағдылары да кіреді. Бұл ұғым қазіргі қоғамдағы тез өзгеріп отыратын ортаға бейімделу мен өзін-өзі дамытуға бағытталған маңызды күзiреттiлiктердi қамтиды. Функционалдық сауаттылықты меңгерген адам әлеуметтік және кәсіби ортада кездесетін мәселелерді шешуге дайын болады. Ол білім мен тәжірибені интеграциялауды, өз ойын сауатты жеткізуді және түрлі ақпарат көздерінен қажетті деректерді таңдауды біледі.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру — бұл жеке тұлғаны дамытуға, мәдени жетістіктер туралы жаңа білім алуға, жаңа технологияны игеруге, кәсіби міндеттерін сәтті орындауға, отбасылық өмірді ұйымдастыруға қажетті дағдылар мен білімдерді беретін білім берудің нәтижесі. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін сыныпта ғана емес, сыныптан тыс уақытта да арнайы білім беру ортасын құру қажет. Сонымен бірге, проблемалық оқыту да функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал етеді.

21 ғасырда адамға қажетті дағдылар мен қасиеттер функционалдық сауаттылық ұғымына тығыз байланысты. Қазіргі заманғы талаптарға сай болу үшін әр адамда мынандай қабілеттер мен қасиеттер болуы қажет:

– Сыни ойлау және мәселелерді шешу қабілеті: Ақпаратты саралап, әртүрлі көзқарастарды ескере отырып шешім қабылдау қабілеті, сонымен қатар кез келген мәселені конструктивті жолмен шешуге икемділік.

– Шығармашылық және инновациялық ойлау: Стандартты емес ойлау, жаңа идеялар ұсыну және өзгерістерге бейімделу қабілеті маңызды. Бұл дағды тез өзгеріп жатқан қоғамда өзекті болып отыр.

– Цифрлық сауаттылық: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, цифрлық ортада жұмыс істеу дағдылары және ақпараттық қауіпсіздік негіздерін білу.

– Коммуникация және топпен жұмыс жасау: Әртүрлі әлеуметтік және кәсіби жағдайларда тиімді қарым-қатынас орнату, түрлі мәдениет пен көзқарасты түсініп, ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін бірге жұмыс істеу.

– Өмір бойы білім алу дағдысы: Білім мен дағдыларды үнемі жетілдіру, жаңа білімді игеру, өздігінен білім алу арқылы жаңа тәжірибелерге ашық болу.

– Эмоционалды интеллект: Өз эмоцияларын басқару, басқа адамдардың сезімдері мен көңіл-күйін түсіну, эмпатия көрсету және стресске төзімді болу.

– Икемділік және бейімделгіштік: Күтпеген жағдайларда жылдам шешім қабылдау және өзгерістерге оңай бейімделе білу қабілеті қазіргі динамикалық әлемде өте қажет.

– Жауапкершілік және өз ісіне адалдық: Өз әрекеттері мен шешімдері үшін жауапты болу, міндеттерді адал атқару және кәсіби этикаға сай болу.

21 ғасыр адамының функционалдық сауаттылығы тек білім мен ақпаратты меңгерумен шектелмей, оны түрлі жағдайларда тиімді қолдануды талап етеді. Бұл дағдылар жеке және кәсіби өмірде табысты болуға септігін тигізеді.

Функционалдык сауаттылыкты тиімді қалыптастыру үшін бірқатар жағдайлар мен талаптар қажет. Олар оқу үдерісінің барлық аспектілерін қамтиды және оқушылардың дағдыларын, білімдерін және өмірлік тәжірибелерін жақсартуға бағытталған. Олар:

1. Тиімді оқу бағдарламалары мен мазмұны: - Оқу бағдарламалары функционалдык сауаттылыкты дамытуға бағытталған болуы керек, яғни студенттерге тек теориялық білім емес, практикалық дағдылар мен өмірлік мәселелерді шешу қабілеттері берілуі тиіс.

Мазмұнды күнделікті өмірде қолдануға болатын нақты жағдайлармен байыту, мысалы, қаржылық сауаттылық, уақытты басқару, әлеуметтік жауапкершілік.

2. Оқытушының кәсіби біліктілігі: Оқытушылардың функционалдык сауаттылыкты дамытуға арналған әдістемелерді білуі және оларды тиімді пайдалану үшін қажетті біліктілігі болуы керек.

Оқытушылар студенттердің ойлау қабілеттерін дамытуға, оларды өмірлік дағдылармен таныстыруға бағытталған оқыту стратегияларын қолдануы қажет.

Оқытушылардың заманауи оқыту әдістері мен технологияларды меңгеруі маңызды.

3. Жеке және әлеуметтік дағдыларды дамытуға жағдай жасау: Студенттерге өздерінің тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін қолайлы орта мен жағдайлар қажет. Мысалы, топтық жұмыс, пікірталастар және басқа да коммуникативтік іс-әрекеттер.

Әлеуметтік жауапкершілік, этикалық құндылықтарды дамыту, басқа адамдардың пікірін тыңдау және құрметтеу сияқты дағдыларды қалыптастыру.

4. Технологиялар мен ресурстардың қолжетімділігі: Оқушыларға функционалдык сауаттылыкты дамыту үшін заманауи ақпараттық технологиялар мен ресурстарды пайдалану мүмкіндігі берілуі тиіс. Бұл жағдайда интернет, білім беру платформалары, арнайы бағдарламалар және басқа ресурстар маңызды рөл атқарады.

5. Қолайлы оқу ортасы мен мәдениет: Оқу ортасы студенттерге сенімді, шығармашылыққа ынталандыратын және қауіпсіз орта ұсынуы керек. Оқушыларға өздерінің пікірлерін еркін білдіруге, жаңашыл идеяларды ұсынуға мүмкіндік жасалуы қажет. Оқушылар мен оқытушылар арасында өзара құрмет пен ынтымақтастықтың болуы да маңызды.

6. Ата-аналар мен қоғамның қолдауы: Студенттердің функционалдык сауаттылығын дамыту үшін ата-аналар мен қоғамның қолдауы маңызды. Оқу процесіне ата-аналарды тарту, олардың білім беру үдерісіне белсенді қатысуы студенттердің тиімді білім алуына көмектеседі.

7. Оқушылардың қызығушылығын ояту: Студенттердің функционалдык сауаттылыкты дамытуға деген қызығушылығын арттыру үшін оқу бағдарламалары мен әдістері мотивациялық сипатта болуы тиіс және күнделікті

өмірде маңызды болып саналатын дағдылар мен мәселелерге қызығушылығын тудыру арқылы оларды сабаққа белсенді қатысуға ынталандыру.

Функционалдық сауаттылықтың мұғалімдер жұмысының тиімділігіне әсері өте зор. Бұл оқушылардың өмірде қолдануға қажетті дағдыларды меңгеруіне ықпал етіп, оқыту процесін тиімдірек етеді.

Мұғалімдердің өздерінің кәсіби дағдыларын жетілдіруі, инновациялық әдістерді қолдануы және оқушылармен қарым-қатынасын жақсартуы білім сапасын көтереді және студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Сөзімді Шығыс ойшылының сөзімен аяқтағым келеді. "Білімді болғаннан кейін, оны қолдана білу - ең маңыздысы." Бұл сөз адамның алған білімін тек теориялық түрде меңгеріп қана қоймай, оны күнделікті өмірде, әртүрлі жағдайларда дұрыс әрі тиімді қолдана білуі керек екенін көрсетеді. Конфуцийдің бұл ойы функционалдық сауаттылықтың негізіне жақын, себебі ол білімнің тек ақпарат жинау емес, оның практикалық қолданылуы мен пайдалы іс-әрекетке айналуы керектігін айтады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дәулетбекова, Ж.Қ. (2018). Функционалдық сауаттылық: теориясы мен практикасы. Алматы: Қазақ университеті.
2. Асанова, К.О. (2020). Функционалдық сауаттылықтың негіздері мен әдістемесі. Алматы: "Мектеп" баспасы.
3. Руденко, Е.А. (2017). Функционалдық сауаттылықтың қалыптасуы мен дамуы. Қостанай: Қостанай мемлекеттік университеті.
4. ЮНЕСКО (2013). Тұрақты даму үшін білім беру: функционалдық сауаттылықты дамыту [Электронды ресурс]. Париж: ЮНЕСКО.

«ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР»

М.А. Бухамбаева, А.С. Узбанова

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі Талдықорған қаласы

Аңдатпа. Бұл жұмыс халық арасындағы функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруға арналған стратегиялар мен ұсыныстар. Функционалдық сауаттылық деп әртүрлі өмірлік жағдайларда білім мен дағдыларды тиімді пайдалану қабілеті түсініледі, бұл өмір сапасы мен кәсіби жетістікке кепілдік береді. Құжатта оқу, жазу және цифрлық сауаттылық сияқты салаларда сауаттылықты өлшеу әдістері ұсынылған. Әр түрлі топтарға арналған оқу бағдарламаларын әзірлеуге, ағымдағы сауаттылық көрсеткіштерін бағалауға және техникалық әдістерді әртүрлі қолдануға

Аннотация. Работа посвящена разработке стратегий и рекомендаций по повышению уровня функциональной грамотности среди населения. Под функциональной грамотностью подразумевается способность эффективно использовать знания и навыки в различных жизненных условиях, что обеспечивает качество жизни и профессиональный успех. В документе предложены методы измерения грамотности в таких областях, как чтение, чтение и цифровая грамотность. Особое внимание уделяется разработке обучающих программ, оценке текущих показателей грамотности и адаптации технических методик для разных групп населения.

Annotation. The paper is devoted to the development of strategies and recommendations for increasing the level of functional literacy among the population. Functional literacy is understood as the ability to effectively use knowledge and skills in various life situations, which ensures quality of life and professional success. The paper proposes methods for measuring literacy in areas such as reading, reading, and digital literacy. Particular attention is paid to the development of training programs, assessment of current literacy rates, and adaptation of technical methods for different population groups.

Колледж студенттерінің функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта есептеу техникасы мен ақпараттық технологиялар саласы қарқынды дамып келеді, сондықтан студенттер тек теориялық біліммен ғана шектелмей, сол білімді тәжірибеде тиімді пайдалана білуі қажет. Бұл орайда, функционалдық сауаттылықты арттыру үшін әртүрлі стратегиялар мен ұсынымдар қолданылады.

1. Функционалдық сауаттылықты анықтау

Функционалдық сауаттылық – адамның күнделікті өмірде, жұмыста және кәсіби салада ақпаратты тиімді пайдаланып, шешімдер қабылдай алу қабілеті. Бұл тек компьютерлік техниканы меңгерумен ғана шектелмей, сонымен қатар ақпаратты дұрыс талдау, шешім қабылдау және өз білімін үнемі жаңартып отыруды білдіреді[1].

2. Студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған стратегиялар Интерактивті оқыту әдістерін қолдану

- Практикалық сабақтар: Студенттердің теориялық білімін тәжірибе арқылы жетілдіруге бағытталған практикалық сабақтар ұйымдастыру. Мысалы, бағдарламалау тілдері мен ақпараттық жүйелерді нақты жобалар арқылы үйрету.

- Кейстік әдіс: Студенттер нақты өмірден алынған жағдайларды шешуге бағытталған тапсырмалар орындайды. Бұл әдіс олардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілетін дамытады[2].

Мультимедиялық және онлайн ресурстарды пайдалану

- Онлайн курстар мен тренингтер: Курстар мен видео дәрістер студенттердің білімін түрлі форматтарда кеңейтуге мүмкіндік береді. Олардың өздігінен оқу дағдыларын қалыптастыру маңызды.

- Интерактивті құралдар мен бағдарламалық қамтамасыздандыру: Өртүрлі симуляциялар мен бағдарламаларды қолданып, студенттер нақты өмірлік жағдайларға негізделген тапсырмаларды орындап, техникалық сауаттылықты арттыра алады[3].

Мәселелік шешімдер арқылы оқу

Студенттер өз бетінше қиындықтарды шешуді үйренуі керек. Мұндай тәсілдер олардың логикалық ойлау және проблема шешу дағдыларын жетілдіреді. Мысалы:

– Бағдарламалау тілдері арқылы шешілетін нақты мәселелер.

– Компьютерлік жүйелерді жобалау немесе басқару.

– Жобалық оқыту әдісі

Жобалық оқыту барысында студенттер нақты жобаларды орындау арқылы алған білімдерін тәжірибеде қолдана алады. Мұндай оқыту тәсілдері оларды командамен жұмыс істеуге, уақытты тиімді басқаруға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге үйретеді. Мысалы, веб-сайт немесе қосымша жасау, жүйелік әкімшілік жобаларын жүзеге асыру[4].

Құзыреттілік негізіндегі оқыту

Құзыреттілік негізіндегі оқыту студенттердің қажетті дағдыларды меңгеруіне, оларды нақты кәсіптік міндеттерді шешуге қолдануға бағытталған. Бұл білім беру барысында студенттердің:

- Техникалық дағдылар (бағдарламалау, жүйелік әкімшілік, деректер базасын басқару, т.б.),

– Талдау және жоспарлау дағдылары,

– Коммуникация және командада жұмыс істеу қабілеттері қалыптасады.

Ақпараттық қауіпсіздік және этика тақырыбын оқыту

Жаңа технологияларды меңгеру кезінде ақпараттық қауіпсіздік және этикалық мәселелер өте маңызды болып табылады. Студенттерге этикалық кодекс, деректерді қорғау әдістері, хакерлік шабуылдардың алдын алу сияқты тақырыптар бойынша арнайы курстар өткізу қажет.

Өзін-өзі оқыту және үнемі даму дағдыларын қалыптастыру

– Өзін-өзі дамыту: Студенттерге өз білімін өз бетінше жетілдіруге бағытталған арнайы жоспарлар мен құралдар ұсыну. Бұл оларға әлемдік деңгейдегі соңғы жаңалықтарды бақылап, өз білімдерін толықтыруға мүмкіндік береді.

– Сертификаттау: Технологиялық компаниялардың сертификаттарын алу мүмкіндігін ұсыну арқылы студенттерді өз дағдыларын жүйелі түрде тексеруге ынталандыру[5].

3. Ұсынымдар

- Колледждің білім беру бағдарламаларын жаңарту: Оқытылатын пәндер мен курстардың мазмұнын, олардың қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігін және кәсіптік қажеттіліктерді ескеретін түрде жаңарту.

– Өндірістік тәжірибе мен стажировка: Студенттер үшін кәсіпорындарда, IT-компанияларында немесе басқа ұйымдарда тәжірибе жинақтау мүмкіндіктерін арттыру.

– Оқытушылардың біліктілігін арттыру: Оқытушылардың жаңа технологиялар мен әдістемелерді меңгеруі және оларды оқу процесінде қолдануы маңызды. Оқытушыларға арналған арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастыру.

– Әрараптандырылған бағалау жүйесі: Студенттердің білімін тек теориялық тұрғыда емес, сондай-ақ практикалық тапсырмаларды орындау арқылы бағалау жүйесін енгізу.

– Аралас оқыту моделін енгізу: Онлайн және офлайн оқыту әдістерін тиімді біріктіру, студенттерге әртүрлі форматта білім алу мүмкіндігін ұсыну[6].

4. Қорытынды

Білім алушылар үшін функционалдық сауаттылықты арттыру оқу процесінде жаңашылдықты енгізуді, оқу әдістерін әрараптандыруды және практикалық дағдыларға көбірек көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл арқылы студенттер өз білімдерін тек теориялық деңгейде ғана емес, кәсіби салада да тиімді қолдана алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі :

1. Смайылова, Ш. (2020). Студенттердің ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту әдістері / Ш. Смайылова // Қазақ білім беру журналдары. – 2020. – № 3 (15). – С. 52-58.
2. Zhu, J., & Zhang, L. (2019). Developing functional literacy in the digital age / J. Zhu, L. Zhang // Springer Nature: Educational Technology Research and Development. – 2019. – Vol. 67, Issue 1. – P. 75-92.

«РОЛЬ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ КОМПЕТЕНТНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ В ЛАНДШАФТНОМ ДИЗАЙНЕ»

Л.К. Гильманова

«Бурлинский колледж», ЗКО., Бурлинский р-н, п. Бурлин

Андатпа. Мақалада ландшафттық дизайн саласында мамандар даярлауда функционалдық сауаттылықтың маңызы қарастырылады. Функционалдық сауаттылықты оқу бағдарламаларына интеграциялау әдістеріне, сондай-ақ студенттердің практикалық дағдыларын дамыту үшін цифрлық құралдарды қолданудың маңыздылығына көңіл бөлінеді. Бұл салада білім беру сапасын арттыруға бағытталған табысты тәжірибелер мен әдістер талқыланады.

Аннотация. В статье рассматривается значение функциональной грамотности в подготовке специалистов в области ландшафтного дизайна. Уделяется внимание методам интеграции функциональной грамотности в учебные программы, а также

важности применения цифровых инструментов для развития практических навыков студентов. Обсуждаются примеры успешных практик и подходы, направленные на улучшение качества образования в данной области.

Annotation. The article discusses the importance of functional literacy in preparing specialists in the field of landscape design. It focuses on methods for integrating functional literacy into educational programs, as well as the significance of using digital tools to develop students' practical skills. Examples of successful practices and approaches aimed at improving the quality of education in this area are also discussed.

Современные требования к специалистам в области ландшафтного дизайна предполагают наличие не только профессиональных навыков, но и высокой функциональной грамотности. Это включает умение анализировать информацию, принимать обоснованные решения и эффективно использовать цифровые инструменты в проектировании. Функциональная грамотность становится ключевым компонентом в образовательном процессе, способствующим формированию конкурентоспособных специалистов.

Основные методы повышения функциональной грамотности

1. Интеграция цифровых технологий в учебный процесс

Использование цифровых платформ и инструментов для обучения позволяет студентам освоить новые технологии, необходимые в ландшафтном дизайне. Применение программного обеспечения для 3D-моделирования, таких как SketchUp и AutoCAD, развивает у студентов навыки работы с цифровыми данными и проектирования. Пример: Программа «Digital Design in Landscape Architecture» на платформе Coursera обучает студентов основам работы с цифровыми инструментами и их применению в проектировании.

2. Проектные задания и практические работы

Проектные методы обучения способствуют развитию функциональной грамотности через практическое применение теоретических знаний. Студенты работают над реальными проектами, что помогает им научиться анализировать данные, разрабатывать концепции и принимать решения. Пример: Студенты могут разрабатывать проекты благоустройства общественных пространств, учитывая экологические и социальные аспекты, что требует глубокого анализа и применения полученных знаний.

3. Сетевые сообщества и обмен опытом Участие в профессиональных сообществах, онлайн-форумах и вебинарах предоставляет студентам возможность обмениваться опытом, обсуждать новые идеи и подходы к ландшафтному дизайну. Такие платформы, как LinkedIn и специализированные форумы, помогают в налаживании контактов с практикующими специалистами. Пример: Вебинары по ландшафтному дизайну, проводимые экспертами отрасли, дают студентам доступ к актуальной информации и лучшим практикам.

4. Разработка учебных материалов, ориентированных на функциональную грамотность. Создание учебных пособий и онлайн-курсов, которые включают элементы функциональной грамотности, способствует углубленному изучению предмета. Учебные материалы должны включать задания, требующие критического мышления и анализа. Пример: Учебное пособие «Функциональная грамотность в ландшафтном дизайне» может включать задания на анализ случаев, решение задач и проектирование.

5. Оценка и самооценка функциональной грамотности важно не только развивать функциональную грамотность, но и оценивать ее уровень. Разработка критериев оценки, тестов и практических заданий позволяет студентам видеть свой прогресс и области, требующие улучшения. Пример: Использование портфолио для отслеживания проектов и задач, выполненных студентами, помогает им увидеть свой рост и развитие навыков.

В заключении хочу сказать, что функциональная грамотность играет ключевую роль в подготовке компетентных специалистов в области ландшафтного дизайна. Интеграция цифровых технологий, проектные методы обучения и активное участие в профессиональных сообществах способствуют развитию необходимых навыков у студентов. Повышение функциональной грамотности не только улучшает качество образования, но и обеспечивает успешную карьеру будущих специалистов.

Список литературы

1. Селезнева, А.И. Функциональная грамотность в образовании: методические рекомендации. – М.: Просвещение, 2022. – 180 с.
2. Иванова, Н.А. Интеграция цифровых технологий в ландшафтный дизайн. // Дизайн и искусство. – 2023. – №3. – С. 34–40.
3. Петрова, Е.В. Проектные методы обучения в подготовке специалистов по ландшафтному дизайну. // Образование в XXI веке. – 2022. – №2. – С. 15–20.
4. Лавров, П.П. Роль профессиональных сообществ в формировании компетенций у студентов. // Наука и образование. – 2024. – №1. – С. 22–26.
5. Платформа Coursera для повышения квалификации специалистов в области ландшафтного дизайна // Официальный сайт Coursera. URL: <https://www.coursera.org> (дата обращения: 01.11.2024).

«БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ: ӨСІМДІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КАРАНТИН МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ»

Б.А. Джунисова

Көксу ауылшаруашылық колледжі, Жетісу облысы,
Ескелді ауданы, Жастар ауылы

Аңдатпа. Бұл мақала өсімдік қорғау және карантин мамандығы бойынша студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында қолданылатын белсенді оқыту әдістерін талқылайды. Қазіргі заманғы білім беру процесінде оқу сапасын жақсарту үшін белсенді әдістерді тиімді пайдалану аса маңызды. Мақалада теория мен практиканы үйлестіре отырып, студенттердің дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі стратегиялар қарастырылған. Сондай-ақ, осы әдістердің студенттердің кәсіби даярлығын арттыруға, болашақта маман ретінде табысты жұмыс істеуге қалай ықпал ететіні зерттеледі.

Аннотация. В статье рассматриваются активные методы обучения, направленные на повышение функциональной грамотности студентов по специальности «Защита растений и карантин». В современных образовательных процессах важным аспектом является эффективное использование активных методов для повышения качества образования. В статье представлены различные стратегии, направленные на развитие навыков студентов через сочетание теории и практики. Также исследуется, как данные методы способствуют улучшению профессиональной подготовки студентов и их успешной карьерной деятельности в будущем.

Annotation. This article discusses active learning methods aimed at enhancing the functional literacy of students specializing in "Plant Protection and Quarantine." In contemporary education, the effective use of active learning methods is crucial for improving educational quality. The article presents various strategies designed to develop students' skills by combining theory and practice. It also explores how these methods contribute to the improvement of students' professional training and their successful future careers in the field.

Белсенді оқыту – студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін әдістердің жиынтығы. Бұл әдістер білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу, сыни ойлау дағдыларын дамыту, сондай-ақ ақпаратты талдап, жүйелеу қабілеттерін арттыруға бағытталған. Белсенді оқыту әдістерінің бірнеше түрлерін студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында сабақта жиі қолдануға болады. Оларға топтық жұмыс, рөлдік ойындар, симуляциялар, дебаттар, кейс-стадилер және класстерлер жатады.

1. Топтық жұмыс. Топтық жұмыс студенттерге бірлесіп, нақты проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, студенттер зиянкестермен күрес

стратегияларын талқылап, әр түрлі әдістердің тиімділігі туралы пікір алмасады, қортындылайды, шешім қабылдай алады. Топ ішінде пікір алмасу функционалдық сауаттылықты дамытуға зор ықпал етеді

2. Рөлдік ойындар .Рөлдік ойындар өсімдік қорғау саласындағы нақты жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, студенттер энтомолог немесе фитопатолог рөлінде бола отырып, өсімдіктерді қорғау мәселелерін талқылап, шешімдер ұсына алады. Бұл әдіс студенттердің практикалық дағдыларын арттыруға көмектеседі, білім деңгейлерін арттыра түседі.

3. Симуляциялар. Симуляция әдісі студенттерге нақты жағдайларды тәжірибе жүзінде зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, студенттер өсімдіктердің ауруларын диагностикалау немесе зиянкестермен күрес әдістерін дұрыс таңдау қолдану барысында функционалдық сауаттылықтарын дамыта алады. Симуляциялық оқыту студенттерге теориялық білімдерін практика жүзінде қолданудың тиімді жолдарын ұсынады.

4. Дебаттар Дебаттар функционалдық сауаттылықты дамыту үшін тиімді әдіс болып табылады. Студенттер өсімдік қорғау мен карантин мәселелері туралы дебатқа қатысып, пікірталас жүргізу барысында ақпаратты талдап, аргументтерді құрастыруға дағдыланады. Дебаттар студенттердің сыни ойлауын және коммуникация дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

5. Кейс-стадилер. Кейс-стадилер нақты жағдайларға негізделген мәселелерді талдауға және шешуге бағытталған. Студенттерге берілген кейстерді зерттеу барысында олар нақты мысалдар негізінде функционалдық сауаттылықтарын арттырады. Мысалы, белгілі бір аурудың немесе таралуы мен оған қарсы шараларды талқылау студенттердің практикалық білімін тереңдетеді.

Анотация. Доклад посвящен важности интеграции функциональной грамотности в учебную программу специальности 04110100 «Учет и аудит», с акцентом на дисциплину «Автоматизация бухгалтерского учета по программе 1С: Предприятие 8.3». Рассматривается необходимость расширения образовательного процесса через развитие практических навыков, аналитических и критических способностей студентов, а также их подготовки к применению современных информационных технологий в бухгалтерии.

Андатпа. Бұл баяндама 04110100 «Есеп және аудит» мамандығының оқу бағдарламасына функционалдық сауаттылықты енгізудің маңыздылығына, әсіресе «Бухгалтерлік есеті 1С:Предприятие 8.3 бағдарламасымен автоматтандыру» пәні аясында қарастырылады. Баяндама білім беру процесін кеңейту, студенттердің практикалық дағдыларын және аналитикалық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ оларды ақпараттық технологияларды қолдануға дайындау қажеттілігін негіздейді. This report highlights the importance of integrating functional literacy into the "Accounting and Auditing" curriculum, focusing on the "Automation of Accounting using 1С 8.3" course. It emphasizes the need to expand education by developing

practical skills, analytical thinking, and preparing students to use modern information technologies in accounting. Functional literacy is defined as the ability to effectively work with different types of information, make informed decisions, apply theoretical knowledge, and adapt to changing professional conditions.

Интеграция функциональной грамотности в учебные программы специальности 04110100 "Учет и аудит" на примере предмета «Автоматизация бухгалтерского учета по программе 1С:Предприятие 8.3» требует комплексного подхода, включающего развитие не только профессиональных навыков работы с программным обеспечением, но и более широких аспектов функциональной грамотности: математической, информационной, правовой, а также коммуникативной и критической грамотности. Включение этих элементов помогает студентам стать более конкурентоспособными и эффективными специалистами.

Цели интеграции:

1. Развитие математической грамотности: студенты должны быть способны не только работать с бухгалтерскими данными, но и понимать математические и статистические методы, используемые для анализа финансовых результатов.
2. Информационная грамотность: навыки работы с программными продуктами и их правильное использование для обработки данных.
3. Правовая грамотность: умение интерпретировать бухгалтерскую отчетность с учетом действующих законодательных норм и стандартов.
4. Критическое мышление: способность анализировать данные, выявлять ошибки и предлагать решения для их исправления.
5. Коммуникативные навыки: способность представить результаты работы и отчетность в понятной и доступной форме для различных заинтересованных сторон.

Основные направления интеграции функциональной грамотности в предмет:

1. Информационная грамотность

В рамках предмета «Автоматизация бухгалтерского учета по программе 1С:Предприятие 8.3» особое внимание стоит уделить развитию информационной грамотности, которая включает в себя навыки работы с современными информационными системами и технологиями.

Включение практических заданий по работе с программой, таких как:

- Создание и настройка учетных регистров.
- Ведение бухгалтерских операций с учетом специфики учета (налоги, зарплата, основные средства и т.д.).
- Составление и проверка отчетности с использованием программы.

Эти задания развивают не только навыки работы с программой, но и более широкие информационные компетенции, например, использование аналитических отчетов и создание графиков для представления данных.

2. Математическая грамотность

Важным аспектом автоматизации бухгалтерского учета является работа с большими объемами числовых данных и их интерпретация. Программа «1С: Предприятие 8.3» активно используется для вычислений в учете (например, расчеты по налогам, амортизации, заработной плате), и студенты должны уметь проверять корректность расчетов и при необходимости настраивать параметры программных средств.

Например, студенты могут:

- Работать с расчетами налога на прибыль, НДС, удержаниями по заработной плате.
- Разрабатывать шаблоны отчетности с учетом налоговых и финансовых нормативов.
- Понимать механизмы математического моделирования в программе для составления прогнозов и планов (например, расчет кассовых разрывов, оценка финансовых рисков).

3. Правовая грамотность

При обучении автоматизации бухгалтерского учета необходимо учитывать актуальные законодательные и нормативные акты, регулирующие бухгалтерский учет и налогообложение. Это позволяет студентам не только работать в программе «1С: Предприятие 8.3», но и корректно настраивать систему с учетом действующих правил и стандартов.

В этом контексте студенты могут выполнять практические задания, такие как:

- Проверка соответствия настроек программы «1С: Предприятие 8.3» действующим налоговым и бухгалтерским стандартам.
- Составление отчетности в соответствии с законодательными требованиями.
- Создание отчетов по МСФО и анализ их корректности.

4. Критическое и аналитическое мышление

Важной частью курса является умение анализировать бухгалтерские данные, выявлять ошибки и недочеты в автоматизированных процессах. Студенты должны развивать способность анализировать отчетность, проверять правильность расчетов и решать проблемы с настройкой программы.

Для этого можно внедрить задания на:

- Анализ ошибок в отчетности: изучение неправильных расчетов, несоответствий в данных, и их корректировка.
- Тестирование программы: настройка системы учета, поиск и устранение ошибок в процессе работы.
- Разработку и проверку рабочих процессов: студентам можно предложить настроить учет для компании с учетом специфики отрасли и провести анализ полученных данных.

5. Коммуникативная грамотность

Аудиторы и бухгалтеры часто должны представлять результаты своей работы в доступной форме для руководства, налоговых органов или внешних аудиторов. В этом контексте важно развивать навыки подготовки отчетности, визуализации данных и общения с клиентами.

Практические задания могут включать:

- Подготовку презентаций для руководства компании по результатам бухгалтерской отчетности.
- Документирование бизнес-процессов в рамках автоматизированной системы учета.
- Разработка инструкций по использованию программы «1С: Предприятие 8.3» для сотрудников компании.

Список литературы

1. Гусев, В. И. Теория и практика функциональной грамотности: учебное пособие / В. И. Гусев. – М.: Просвещение, 2018. – 320 с.
2. Автоматизация бухгалтерского учета на предприятии: теоретические и практические аспекты / Е. С. Чистова, И. П. Попова. – М.: Экономика, 2019. – 300 с.
3. 1С:Предприятие 8.3. Бухгалтерия для начинающих. Практическое руководство / И. Н. Васильев. – М.: Диалектика, 2019. – 320 с.
4. Информационные технологии в бухгалтерском учете / В. А. Ильин, А. Г. Панченко. – М.: Инфра-М, 2019. – 272 с.
5. Сергеева, Т. В. Развитие функциональной грамотности студентов в условиях цифровизации образования // Вестник науки и образования. – 2020. – № 6. – С. 45-48.
6. Морозова, И. Н. Роль информационных технологий в обучении бухгалтерскому учету и автоматизации // Современные проблемы экономики и управления. – 2019. – № 4. – С. 73-76.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ»

Г.К. Касымжанова

Семей қаласы. «М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Аңдатпа. Баяндамада қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыс тапсырмалары арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары қарастырылады. Сабақ барысында қолданылатын жұмыс түрлері, мақсаттары, интерактивті әдістер, олардың мақсаттары, іске асырылу жолдары көрсетілді. Баяндамада тапсырмаларды саралаудың, функционалдық сауаттылықты арттыру тәсілдерінің, интерактивті оқыту әдістері арқылы оқу нәтижелеріне қол жеткізудің талдауы жасалынды.

Қорытынды бөлімде сабақтың тапсырмалары оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беріп, бағалау критерийлеріне сәйкес келіп, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін, қарым-қатынас жасау қабілетін, уақытпен санасу функционалдық сауаттылығын дамытатындығы туралы айтылады.

Аннотация. В докладе рассмотрены пути повышения функциональной грамотности обучающихся посредством выполнения заданий по текстовой работе на уроках казахского языка. Показаны виды работ, используемые на уроках, цели, интерактивные методы, их задачи, способы реализации. В докладе был проведен анализ дифференциации задач, методов повышения функциональной грамотности и достижения образовательных результатов посредством интерактивных методов обучения.

Annotation. The report examines ways to improve students' functional literacy by completing tasks on text work in Kazakh language lessons. The types of work used in lessons, goals, interactive methods, their tasks, and methods of implementation are shown. The report analyzed the differentiation of tasks, methods for increasing functional literacy and achieving educational results through interactive teaching methods.

The final part states that the objectives of the lesson make it possible to achieve learning outcomes, meet assessment criteria, and also develop communicative competence, communication skills, and functional literacy of students.

Жалпы, сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары; минималды сауаттылық – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары болса, функционалды сауаттылық – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын шынайы өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілеті. Яғни, адамға

өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға тез бейімделуге жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. [1]

Функционалды сауаттылықтың негізгі ерекшелігі өзгермелі қоғамның түрлі салаларында қолданбалы білімге сүйене отырып, өмірлік мәселелерді шеше білумен сипатталады.

Мен өз баяндамамада қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыс тапсырмалары арқылы білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыру жолдарын қарастырдым. Оқу сауаттылығын арттыруда белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекет жүзеге асады, мәтін мазмұнын түсіну, одан қажетті ақпаратты алу, көтерілген мәселені анықтау сияқты білім алушының жеке мақсаттарынан оқу сауаттылығы құралады. Ал, функционалды сауаттылықты арттыру мақсатында мәтінмен жұмыс бойынша қандай тапсырмалар құрастырдым? Сабақ жоспарын жоспарлауда әрбір оқушының қажеттілігін анықтап, олардың танымдық дағдыларын дамытуға бағыттайтын тапсырмаларды саралап құрастыру керек, ішкі дағдылар мен функционалды сауаттылықты сабақтың өн бойында дамытып, нәтижеге жетудің тәсілдерін меңгеруі қажет. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес алынған «Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш» тақырыбын меңгертуде құрастырылған тапсырмалар арқылы білім алушылардың функционалды сауаттылығын қалай арттырамыз, қарастырып көрсек.

Оқу нәтижесін (оқу мақсатын) Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес: «Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау; Тиісті ақпаратты анықтай білу», ал бағалау критерийлерін оқу нәтижесіне сәйкес: «Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды; Тиісті ақпаратты анықтай біледі» - деп алдым.

Бұл жерде бір оқу нәтижесі арқылы екі бағалау критерийін шығардым. Бағалау критерийлері ойлау дағдылары деңгейінің: білу, түсіну, қолдану деңгейіне сай. Білу, түсіну деңгейі бойынша мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, болжам жасайды, қолдану деңгейі бойынша білім алушылар жаңа тілдік бағдар - айқындауышты еркін қолдана алу деңгейіне ауысып, тиісті ақпараттарды анықтайды. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқытудың келесі белсенді әдістерін жоспарладым: Сөздікпен жұмыс - «Қос жазба күнделігі» әдісі, «Болжау» стратегиясы, топтық жұмыс - «ДЖИГСО» әдісі, жұптық жұмыс - «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі және кері байланыс «Бір минуттық әңгіме» әдістері арқылы жүзеге асады.

Тілдік ортаға ену үшін тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді күнделікке жаза отырып, есте сақтау, сөйлесімде қолдану дағдысын қалыптастыруда «Қос жазба күнделігі» әдісі ұтымды болып табылады. Орыс аудиториясында «Қос жазба күнделігін» күнделікті сабақ барысында жүргізіп, жаңа сөздерді қайталап отыруға дағдыландыру керек.

Жаңа сабақ тақырыбына болжам жасау үшін «Болжау стратегиясын» қолданамын. Білім алушы: «Уақыт – емші», «Ештен кеш жақсы», «Елу жылда ел жаңа» сияқты мақал-мәтелдерді оқиды, мағынасын анықтайды, тақырыпты анықтауға болжам жасайды. Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Білім

алушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі, білім алушының болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтау дағдысын дамытады.

Сабақ барысында «Жеке жұмыс», «Жұптық жұмыс», «Топтық жұмыс» түрлерін міндетті түрде қолдану керек және олардың мақсатын көрсету керек. Мысалы, топтық жұмыстың мақсаты: барлық білім алушылар мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, тиісті ақпаратты анықтайды. Әдіс түріне келсек, «ДЖИГСО» әдісі оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді, бағалау критерийлеріне сәйкес келеді. Әдістің мақсаты: жұптаса, топтаса жұмыс істеу арқылы нәтижеге жету. Мәтін үзінділерін алдымен жұппен, сосын ұжымда талқылау. «Джигсо» әдісі арқылы білім алушының оқуға деген қызығушылығы артып, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады.

Білім алушылар уақыт өлшемдеріне байланысты мақал-мәтелдерді құрастыру арқылы топқа бөлінеді.

1-топқа: Шаруашылық ерекшелігіне байланысты уақыт өлшемдері; 2-топқа: Табиғатпен байланысты уақыт өлшемдері; 3-топқа: Уақыт мезгілдерін анықтау барысында қолданған халықтық теңеулер мен өлшем атаулары туралы мәтіндер беріледі. Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырма қадамдары құрастырылды:

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды;
- тиісті ақпаратты, негізгі ойды анықтайды;
- сұрақтар құрастырады. Бұл тапсырмалар арқылы білім алушының болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтау сауаттылығы артады. Айта кететін маңызды жайт: Оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін саралаудың тапсырма бойынша саралау түрін алдым. Саралау түрлері: ресурс бойынша саралау, қарқын бойынша саралау, қарым-қатынас бойынша саралау, оқушының қабілеті мен жауапкершілігі бойынша саралау, т.б. [2]

С деңгейіндегі білім алушылар мәтін мазмұнымен, жаңа сөздермен танысады; Оқытушының көмегімен сұрақтар құрастыруға тырысады.

В деңгейі мәтін бойынша болжам жасап, тиісті ақпаратты анықтайды. Сұрақтар құрастырып, жауап береді.

А деңгейі мәтін бойынша болжам жасап, тиісті ақпаратты анықтап, қазақ халқының уақыт туралы ойларын түйіндейді, сөйлеу тілінде қолданады. Бұл тапсырмалар арқылы Білім алушылар коммуникативтік құзыреттілігін, қарым-қатынас жасау қабілетін, уақытпен санасу функционалдық сауаттылығын дамытады.

Білім алушылардың оқуын жеке қажеттіліктеріне сәйкес қолдау мақсатында «Жеке жұмыс» әдісін және саралауды білім алушылардың қарқыны бойынша жүргіземін. С деңгейі: Мәтін мазмұнын, негізгі ойды сипаттайды. Оқытушының көмегімен диалог құрастыруға тырысады. В деңгейі: Айқындауыш мүшелерді

қосып, сөйлемдерді қайта құрастырып жазады. «Бос уақытымды қалай жоспарлаймын?» тақырыбында күн тәртібін құрастырады. А деңгейі: «Күн тәртібін» құрастырып, айтады. Өз уақытын дұрыс жоспарлай алу білігінің қаншалықты маңызды екендігі туралы ойды түйіндейді. Білім алушылар тапсырманың талабы арқылы бір-бірін бағалайды, ауызша «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы кері байланыс береді.

Тапсырма қадамдары: 1.Шағын мәтіндегі ойды сипаттайды.2.Айқындауыш мүшелерді қосып, сөйлемді қайта құрастырып жазады. 3. «Бос уақытымды қалай жоспарлаймын?» тақырыбында күн тәртібін құрастырып, айтады. Тапсырманы төменгі деңгей мен орта деңгейдегі білім алушылар жұптаса отырып орындау арқылы нәтижеге жетуде «Жұптық жұмыс» өте тиімді. Бұл тапсырманы орындауда «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісін қолданған тиімді. Бұл әдістің мақсаты: білім алушының жекелей, жұптаса, топтаса жұмыс істеуі арқылы нәтижеге жету. Білім алушыға жеке жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі, сосын үздік білім алушы мен әлсіз білім алушы жұптасып, мәселені талқылайды, сұрақты жұптаса ойластырады: уақыт өлшемдері туралы диалог топта талқыланады, пікір алмасады. Бүгінгі тақырыптан алған білімдеріңді күнделікті өмірде қалай қолданасыңдар?- деген сұрақ көлемінде білім алушылар жұптаса отырып, бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорытады, өз ойларымен бөліседі.

Интербелсенді тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар шығармашылық қабілетін және өз бетінше жұмыс істеу дағдысын көрсете алады. Бұл тұста білім алушы тұлға ретінде дамиды, ол басқалармен бірлесіп жұмыс істеуді, диалогқа түсуді, аргумент келтіре отырып, өз пікірін дәлелдеуді үйренеді. Сонымен, сабақ барысында ұсынылған оқыту әдістері оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді, барлық білім алушыларды оқу процесіне тартуға мүмкіндік береді. Болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтау, диалог құрастыру - сияқты ішкі дағдыларды дамытады.

Сабақтың тапсырмалары оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беріп, бағалау критерийлеріне сәйкес келеді, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін, қарым-қатынас жасау қабілетін, уақытпен санасу функционалдық сауаттылығын дамытады.

Функционалдық сауаттылықты арттыру арқылы білім алушылардың күнделікті өмірде түрлі жағдаяттардан шыға алу дағдылары қалыптасады, өз өмірлерінде тиімді пайдалану тәжірибелері дамиды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2023;
2. <https://bilimnur.wordpress.com/2018/05/15> Саралау тәсілдерін дұрыс таңдай аламыз ба?

3. Тыңдаушыға арналған нұсқаулық. «Колледжде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курсы, 2023.

4. <https://ru.scribd.com/document/726247286/%> Үлгілік оқу бағдарламасы

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ» В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

К. В. Коверчик

ГКП на ПХВ «Высший педагогический колледж, город Щучинск» при управлении образования Акмолинской области

Аннотация: Формирование функциональной грамотности студентов педагогического колледжа представляет собой многогранный процесс, включающий в себя развитие критического мышления, навыков коммуникации и адекватного применения знаний в различных ситуациях. Важнейшим аспектом данного процесса является интеграция теоретических знаний с практическими умениями.

Түйін: Педагогикалық колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру сыни ойлауды, қарым-қатынас дағдыларын және әртүрлі жағдайларда білімді барабар қолдануды дамытуды қамтитын көп қырлы процесс болып табылады. Бұл процестің маңызды аспектісі теориялық білімді практикалық дағдылармен біріктіру болып табылады.

Abstract: The formation of functional literacy of pedagogical college students is a multifaceted process that includes the development of critical thinking, communication skills and adequate application of knowledge in various situations. The most important aspect of this process is the integration of theoretical knowledge with practical skills.

В современном мире, характеризующимся неопределенностью, непостоянством, неоднозначностью, и продолжающемся усложняться, требования к личности и как следствие к системе образования быстро меняются.

Специалист должен обладать не только базовыми профессиональными компетенциями, которые прописаны в профессиональном стандарте, но и быть готов к изменениям системы образования, быть динамичным, способным меняться, адаптироваться, подстраиваться под требования этого мира.

В Модели развития дошкольного воспитания и обучения от 15 марта 2021 года № 137 определены требования к специалисту дошкольного воспитания и обучения, который должен иметь способности развиваться, слушать и слышать детей,

задавать вопросы, искать доказательства, критически анализировать их и проводить творческие эксперименты. Педагоги должны быть активными исследователями и создателями новых форм работы с детьми, инновационными и ответственными [1].

В соответствии с этим наша задача, подготовить выпускника, не только владеющего глубокими знаниями по дошкольной педагогике и методикам обучения, но и формировать умения работать самостоятельно, ориентироваться в большом объеме информации, быть творческим, уметь критически-аналитически мыслить, вести учебно-исследовательскую деятельность.

В новых обстоятельствах процесс обучения специалистов в педагогическом колледже ориентирован на развитие компетентностей, способствующих реализации концепции «образование через всю жизнь».

Предпосылкой развития компетентности является наличие определённого уровня функциональной грамотности. Ядром учебного процесса обучения специальным дисциплинам выступает функциональная грамотность, так как под ней понимают «способность человека решать стандартные жизненные задачи в различных сферах жизни и деятельности на основе прикладных знаний».

Понимание функциональной грамотности применительно к профессиональному образованию базируется на том, что основу функциональной грамотности составляет познавательная среда решения проблем, формируемая в процессе обучения специальных дисциплин путем решения студентами типовых учебных и профессиональных задач, а также задач взаимодействия с обществом на основе преимущественно практико-ориентированных знаний [2].

Формирование функциональной грамотности студентов специальности "Дошкольное воспитание и обучение" представляет собой сложный и многогранный процесс, который актуализируется в рамках специальных дисциплин. Важную роль в этом процессе играют интеграция теоретических знаний и практических навыков, что позволяет студентам осознать необходимость применения полученных знаний в реальных образовательных ситуациях. Студенты должны не только овладеть педагогическими теориями, но и уметь применять их в практике работая с детьми. Одной из ключевых особенностей является акцент на междисциплинарные связи, что способствует созданию целостного понимания образовательного процесса. На занятиях по дошкольной педагогике применяем методы решения педагогических ситуаций. Студенты учатся анализировать ситуации, находить оптимальные пути решения задач, связанных с воспитанием и обучением детей.

Кроме того, внедрение современных педагогических технологий и цифровых инструментов в учебный процесс значительно расширяет горизонты студентов, развивает их креативное мышление и умение адаптироваться к быстро меняющимся условиям образовательной среды. Это формирует у будущих специалистов уверенность в своих силах и готовность к профессиональным

вызовам, что является одним из главных аспектов успешной реализации их будущей деятельности в сфере дошкольного воспитания. Введение современных технологий в процесс обучения становится необходимым для подготовки студентов к работе в условиях цифровизации образования. Это включает использование образовательных платформ, интерактивных инструментов и ресурсов для создания разнообразных видов деятельности. В учебно-исследовательской лаборатории по типу мини-центр «Гульдер» при высшем педагогическом колледже студенты в своей практической деятельности используют: интерактивный логомер, интерактивную песочницу, интерактивный скалодром.

Также в рамках специальных дисциплин необходимо акцентировать внимание на развитии критического мышления. Это важно для анализа различных образовательных ситуаций и выбора оптимальных методов работы с детьми. Педагогами на занятиях специальных дисциплин применяются стратегии критического мышления, критериального оценивания, дифференцированный подход, которые способствуют развитию сложных мыслительных операций.

Еще одним аспектом является развитие коммуникативных навыков: студенты должны развивать навыки общения с детьми, родителями и коллегами. Это включает как вербальные, так и невербальные способы общения, что является основой для успешной профессиональной деятельности. Ежедневно педагогами на уроках применяются такие модули как диалоговое обучение, групповая работа, активные методы и приемы, которые побуждают к диалогу, рассуждениям, конструктивным высказываниям.

Следующим аспектом развития функциональной грамотности является проектная деятельность: использование проектных методов обучения способствует формированию функциональной грамотности, так как студенты проходят все стадии работы над ним: сбор материала, его обработка, выстраивание проекта, согласование, экспертиза и реализация. Эта работа выявляет не только положительные качества личности, но и позволяет определить ему свои слабые стороны, над которыми в дальнейшем ему необходимо работать.

Также, развитие функциональной грамотности требует совершенно новых подходов оценки учебных достижений по новой системе критериев «знание – понимание – применение – систематизация и обобщение», поэтому, во – первых, для начала нужно учить студентов самооценки. Во-вторых, научить умению анализировать, сравнивать, классифицировать, делать выводы. В – третьих, способствовать профессиональному самоопределению личности и формированию потребности в творческой деятельности [2]. Все эти моменты были учтены при создании учебного пособия «Практикум по дошкольной педагогике». В данном пособии практические задания разделены по уровню сложности: репродуктивный, продуктивный, продвинутой. При этом разноуровневые задания способствуют мотивации студентов, стремящихся решить задания повышенного уровня/

Таким образом, формирование функциональной грамотности у студентов специальности "Дошкольное воспитание и обучение" предполагает комплексный подход, который включает развитие различных навыков, знаний и умений, необходимых для эффективной профессиональной деятельности в сфере дошкольного образования.

Список литературы:

1. «Об утверждении модели развития дошкольного воспитания и обучения» Постановление Правительства Республики Казахстан от 15 марта 2021 года № 137.
2. «Формирование функциональной грамотности студентов в процессе обучения специальным дисциплинам», Волошко В. И., Нуганова Г. А., Вестник «Өрлеу»-kst, 1(3)/2014 г.

«ВЕТЕРИНАРИЯ МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ»

А.Ж. Қымбатова

«Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК,

Аннотация. Қазіргі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау. Функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Сонда, функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі.

Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзіреттерді қалыптастыру үздіксіз білім

беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын арнайы білім берудегі дуалды оқыту басым бағыттарының бірі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуында ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы болып табылады.

А.А.Леонтьевтің анықтамасы бойынша «Функционалды сауатты адам – ол өзінің бүкіл өмірі бойы алған білімдерін, білігі мен дағдылары өзінің өмірлік іс-әрекетінде, әлеуметтік қарым-қатынастарында кездесетін түрлі ауқымды мәселелерді шешуде пайдалануға қабілеті бар адам».

Қазіргі таңда оқытудың жаңа идеяларын әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Нәтижеге бағдарланған білім беру моделіне көшу жағдайында қазіргі заманғы арнайы білім берудің мақсаты студенттердің таным қабілетін одан әрі дамытуды, алған білімдерін кез келген оқу және өмірлік жағдайда шығармашылық пайдалануды, өмір бойы өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі басқаруға дайындығын, яғни функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды қамтамасыз етуді көздейді.

Функционалдық сауаттылық неғұрлым кең анықтаудағы білім берудің көп жоспарлы адам қызметімен байланысын ықпалдастыратын тұлғаның әлеуметтік бағдарының тәсілі ретінде көрінеді. Қазіргі заманғы, серпінді әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы оқытуға ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық - бұл білімділіктің деңгейі және адамның өмірі мен қызметінің түрлі салаларында үйренген білім негізінде өмірлік міндеттерді шешуге, яғни тұлғаны әлеуметтендіруге қабілетті болуын көздейді.

Білім беру үдерісінің субъектілерінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және дамыту проблемасы Қазақстанның білім беру жүйесінде ерекше орын алады.

Ветеринария мамандарын дайындауда оқу орындарына қойылар талап жоғары. Бұл тұрғыда оқу орындары үшін білікті кадрлар даярлауда оқыту технологияларын дамыту, студенттер арасында практика жұмысын ұйымдастыру, бітіруші түлектерге мүмкіндігінше жұмыс тауып беру, мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру секілді жұмыстарды атқару өзекті.

«Ветеринария» мамандығы функционалдық сауаттылықты арттыру негізінде дуальді оқыту жүйесіне көшкен. Ең алғашқы жылы 89 студент дуальді оқытумен

оқытылған болса, қазір осы тәсілмен білім алатын студенттер саны 94-ке жеткен. Алдағы уақытта студенттер санын арттыру жоспарланып отыр. Дуальді оқыту – білім беру ұйымдарында өндірістік оқытудың және кәсіпорында (ұйымда) кәсіптік тәжірибенің міндетті кезеңдерімен жұмыс орындарын ұсынумен және білім алушыларға кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде өтемдік төлеммен білім беруді үйлестіретін кадрларды даярлау нысаны. Бұл жүйе екі бағыт бойынша – теориялық және тәжірибелік маманды дайындауды көздейді. Оқыту уақытының үштен бірі колледжде базалық білім алуға қатысты болса, ал қалған уақытта білім беру кәсіпорнында іс жүзінде жүзеге асады.

Мұндағы басты мақсат – өндірісте базалық жұмыс дағдылары қалыптасқан білікті және сауатты түлекті дайындау, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде қазақстандық модель әзірлеу. Басқаша айтқанда, алғашқы күннен бастап жұмысқа қосылып, оны жоғары кәсіби деңгейде орындайтын маман дайындау. Бүгінде «Дуальді оқыту» жүйесінде оқитын білімгерлермен үшжақты келісімшарт жасалып, кәсіпкерлер палатасы арқылы тіркеуге алынып, мекеме, колледж, аудандық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арасында үшжақты меморандумға да қол қойылған.«Дуальді оқыту» жүйесі негізінде оқып жүрген білімгерлерден, мекеме басшыларынан сауалнама алу арқылы дуальді оқытудың деңгейі анықталып отырады.

Колледж өзінің қалыптасу, даму тарихында үздіксіз әрі нәтижеге бағытталған жұмыстарды жүргізумен келеді. Ұжымдағы әрбір маман бәсекеге қабілетті, білімді, еркін дамыған, жан-жақты ұрпақ тәрбиелеу бағытында еңбек етуде. «Ветеринария» мамандығы бойынша функционалдық сауаттылық негізінде «WorldSkills» факультатив сабағының жүргізілуі мақсаты – білікті мамандарды даярлау, студенттерді жануарларды жұқпалы аурулардан қорғаудың жана әдістерін табуға ынталандыру. Түрлі жан-жануарлар арасында таралатын аурулардан адамзатты қорғау, еліміздегі ветеринарлық жағдайды зерттеу арқылы жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу, шаруашылық иелігіндегі төрт түлікті жұқпалы аурулардан сақтау және ауырған малды емдеу, мал басының көбеюіне тікелей ықпал етуді студенттерге үйретудеміз. Ветеринария саласының адам өміріндегі маңызы мен студент жастарға алған білімдерін тәжірибеде іске асыруға және малшаруашылығы саласындағы өндірістік қызметке дайын, бәсекеге қабілетті маман болуға дайындау мақсатында тәжірибелік сабақ өткізіп тұрады. Студенттердің теориялық білімдерін практикада қолданып, көрсету де басты мақсаттың бірі. Студенттердің сабақ барысында практикалық жұмыс жүргізіп, болашақ маман ретінде түрлі аппараттарды тану тәжірибелік сабақтарда қарастырылған, оған дәлел заманауи трихинеллоскоп жабайы доңыз еттерінде кездесетін трихинелл, трематод және басқа да паразит құрттарды анықтауға қолданылады. Колледж студенттерінің осы аппаратты қолдану арқылы болашақта

еттің сапасын тез және тиімді анықтап ветеринарлық санитар мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына ықпал етеді.

Функционалдық сауаттылық талантты жастарды қолдау, жұмысшы және техникалық мамандықтарды насихаттау, кәсіптік білім беру ұйымдарының үздік студенттерін анықтау да ең өзекті мәселенің бірі. Студенттер арасында өткен аталған «AgroSkills-2023» аймақаралық конкурсы, Жетісу облысында техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы жас мамандардың кәсіби шеберлігін айқындау мақсатында «WorldSkills Zhetysu-2024» чемпионаты өтті. Сонымен қатар колледж ауданындағы ветеринариялық станциялармен, «Алакол агро», «Шаңырық» шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі :

1. Заир – Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке – М.: Просвещение, 2004 – 175б.
2. Ричардсон Джон «Преврати свою группу в команду»/ ToolsforSchools 9, №2 (ноябрь-декабрь) 2005 г. Интернет-ресурс: <http://www.nsdс.org/members/tools11-05.pdf>.
3. Интернет-ресурсы http://www.akorda.kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan_14-dekabrja_2012-d-1357813742 [htt://www.ruscenter.u/319.html](http://www.ruscenter.u/319.html).

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЖЕТТІ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ ҮШІН БІЛІМАЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.

*«Шиелі индустриалды-аграрлық колледждің» КМҚК
Арнайы пән оқытушысы Қуандық Жалғас Ергалиұлы*

Біз ортақ талқыға салып отырған тақырып геологиялық мамандықтарды оқыту кезіндегі озық тәжірибемен бөлісу. *Тұрақты педагогикалық нәтиже беретін* оқыту және тәрбие тәжірибесі десек қате болмас еді. Мамандыққа оқыту барысында теория мен тәжірибені ұштастыра білу ,нақты жағдайларды, білім алушылардың ,ұжымның мүмкіндіктері (яғни базалық жабдықталуы,

оқулықтармен қамтамасыз етілуі) мен ерекшеліктерін ескеру мен бірге педагогтың жұмыс тәжірибесінде педагогтің заңдары мен принциптерін білуі, жаңашылдықты белсенді түрде меңгеруі мен іске асыруы деген сөз. Оқытушының тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол оқытуда белгілі бір принциптерді табысты түрде қолданып нәтижеге жетуі мүмкін. Жәй шеберлік пен жаңашылдық арасындағы айырмашылықты көру қиын, себебі педагог қол жеткен жетістіктермен шектелмейді, жаңа әдістерді қолданып немесе ескі әдістерді ұштастырып, бірте-бірте жаңашыл болады, олай болса кез-келген тәжірибені, оқыту дағдысын колледж жүйесіне енгізуге болады, бірақ оны осы іспетті семинарда талдап, жан-жақты тарату маңызды. Бұл баяндамада Шиелі өңірі өндіріс орындарымен бірігіп «дуалды оқыту» жобасы аясында жасалынып жатқан жұмыс оқу бағдарламаларының дәлдігі, үш жақты келісім шарт арқылы білім алушылардың жеткен жетістіктері мен тәжірибесі. Сонымен қатар жетілдіріліп жатқан мәселелер, біздің бұл жаңашылдықтан алар үлесіміз оқып отырған студент болашақ мамандығының және басқада осы саладағы кәсіпорындардың қозғалысын үнемі бақылап отыру мүмкіншіліктеріне жол ашу және үйрету. Нақты оқыту методикамызды техникалық оқу орны негізінде өндіріске бағыттау бағытында жасалынып жатқан іс-шаралардың жетістіктерін таныстыру. Оқу орынының мүмкіншіліктерін, жаңашаландырудағы жүйелі жұмысты көрсету.

Сонымен оқыту үрдісін технологияландыру үшін оқытушыға педагогикалық қызметті жүйелі ұйымдастыру берілетін теориялық өндірістік білімнің нақты мақсаты мен нәтижесін күнделікті дағдыларды үйрету кезінде нақты бағамдау.


Кәсіби білім мен оқытудың дамудың жаңа траекторияларын анықтау технологиялық даму факторларының әсерінен болатын құрылымдық өзгерістерге байланысты.

- ✓ ***Цифрландыру,***
- ✓ ***автоматтандыру,***
- ✓ ***роботтандыру,***
- ✓ ***жасанды интеллект енгізу,***
- ✓ ***4.0 индустриясына көшу,***
- ✓ ***тұтынушылық сұраныстың өзгеруі***

Оқыту процесінде қажетті нәтижеге жету үшін білім алушылар мен оқытушылардың ақытын және де басқа да игіліктерді оңтайлы жұмсау үшін оқытушы жалпы педагогикалық АКТ құзыреттілігін

(оқу үдерісін ұйымдастыру мен бақылауды жоспарлау технологияларын меңгеру) және пәндік педагогикалық АКТ құзыреттілігін

(ақпараттық ресурстардың қолжетімділігі, тағайындалуы туралы білім; өз пәні бойынша нақты дидактикалық міндеттерді шешуге арналған қызметтер мен бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы) меңгеруі тиіс.




Кестеде көрсетілген байланысты жүзеге асырып отырған оқытушы мен өндірістік оқу шеберлері тығыз байланыста жұмыс жасап оқыту сағаттарын тиімді қойған жағдайда білікті маман дайындап шығарары сөзсіз.

Теориялық оқыту процесінде оқытушы мен білімалушы арасындағы іс-әрекеттерді оңтайлы, жүйелі жоспарлаудеңгейлік тапсырмаларды беру уақытты тиімді пайдалану үшін заманауи платформалардың көмегі орасан зор. Креативтілік пен жоғарыда айтқан қабілеттерді қолдану кезінен келесі слайдта өз тәжірибеммен бөлісіп отырмын. Мұнда сабақ белгілі бір теле бағдарламаға енгізілген пульттің кез-келген цифрын таңдау арқылы біз үй тапсырмасына, жаңа сабаққа немесе тапсырмаларға жылдам ауыса аламыз. Сонымен қатар өндірістік оқу шебері немесе студенттер штрих код арқылы сабақты алдын ала көріп танысып отыра алады.

Ерекшелік деңгейлік тапсырмаларда мұны бір мезетте барлық студенттер орындай алады, біз осылай уақытты үнемдейміз. Кері байланыс та тв кнопканы басу арқылы интербелсенді тақтаға шығады. Мұндағы тағы ерекшелік әрбір сабақ «+» әдісі арқылы қосымша ізденушіні таңдайды.

Сонымен қатар мен сабақтың әр бөлігінде қолданылатын дағдылар мен әдістерді арнайы жүйелеп қоямын, бұл оңтайлы әдіс. Мысалы үшін



Сонымен қатар, қосымшада бірнеше материал келтіріп отырмын.

(https://www.youtube.com/watch?v=ey-lqx_c4DQ)

ТЖКБ негізгі, кәсіби құзыреттілікті біріктіреді. Білім беру ұйымының профилі, мақсатты топтар, оқу жоспары мен білім беру ортасының шекарасын жою тұрғысынан білім беру «гибридті» болуы тиіс және жұмыс жасалып келеді. Бастапқы және үздіксіз ТЖКБ мен еңбек нарығы арасындағы байланыс екі жақты. Қызметкерлердің үздіксіз дамуы мен біліктілігін арттыру объективті қажеттілікке айналды. Мұның барлығы орындалып келе жатқан жүйе.

Қорытындылай келе келесідей ұсыныс айтқым келеді.

1. Дағдылар, бағдарламалар мен біліктілік бойынша тиімді болжау жүйесін жасау; осы бағдарламалардың сапалық жүйесін, әлеуметтік серіктестердің үздіксіз қатысуымен біліктілікті қамтамасыз ете отырып, нарықтық өзгерістерге жедел әрекет ету механизмдерінің жүйесін құру.
2. Басқару мәселелеріне мүдделі тараптар мен әлеуметтік серіктестердің белсенді қатысуы артып келеді, осы жүйені цифландыру (яғни кәсіпорын оқыту процесін бақылап, ұсыныс айта алу мүмкіндігі)
3. Оқыту әдістері мен білім беру кеңістігінде технологиялық компоненттердің маңызын арттыру.
4. Оқытушыларын нақты еңбек жағдайларында қайта оқыту арқылы дамытуға баса назар аудару.
5. Мазмұнын кеңейте отырып, берілетін біліктіліктер санын қысқарту.

Пайдалынған әдебиеттер

- 1.«Мұғалімнің озық педагогикалық тәжірибелерін зерттеу мен қорыту педагогикалық проблема» [https:// stud.kz /layfstay1/bilim/gumanitarly-ylymdar/2727/](https://stud.kz/layfstay1/bilim/gumanitarly-ylymdar/2727/)
2. Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы». №1089
3. Нағымжанова. Қ. Педагогикалық инновацияның зерттелуі 2009ж.
4. Тұрғынбаева Г. Ұстаздық шығармашылық.. 2018 ж.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ ӘДІС: КОЛЛЕДЖДЕГІ ТАРИХ ПЕН ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

З.З. Лесова

Ақтөбе қаласы, Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары аграрлық – техникалық колледжі

Аннотация. Қазіргі білім беру саласында пәнаралық байланысты күшейту арқылы функционалдық сауаттылықты дамытуға баса назар аударылып отыр. Тарих пен география пәндерін ұштастыра оқыту оқушылардың білімін тереңдетуге және оны өмірлік жағдайларда қолдануға көмектеседі. Ақтөбе облысының мысалында тарих пен география пәндерін бір-бірімен байланыстыра оқыту тәжірибесі осы әдістің тиімділігін көрсетеді.

Аннотация. В статье рассматривается влияние функциональной грамотности при изучении географии.

Annotation. The article examines the influence of functional literacy in learning geography.

Функционалдық сауаттылық – қазіргі заманғы білім беру саласындағы маңызды ұғым. Әсіресе, тарих пен география пәндері функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Пәнаралық әдіс, яғни бірнеше пәннің мазмұнын үйлестіре отырып оқыту, оқушылардың пәндік білімдерін өмірлік қажеттіліктерге тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Функционалдық сауаттылық – білім алушының алған білімін, дағдысын күнделікті өмірде және түрлі жағдаяттарда қолдана білу қабілеті. Білім беру саласында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, олардың болашақ қоғам мүшелері ретінде құзыреттілігін арттырады. Білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамыту – қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына әсер етеді.[1]

Пәнаралық әдіс – білім мазмұнын құру кезінде бірнеше пәннің элементтерін біріктіру болып табылады. Бұл әдіс функционалдық сауаттылықты арттырып қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және ақпаратты тұтастай қабылдауына ықпал етеді.[2]

Тарих пен географияны оқытудағы пәнаралық әдіске тоқталсақ, тарих пен география пәндерінің өзара байланысы, олардың мазмұнын пәнаралық тәсілмен меңгеру функционалдық сауаттылықтың дамуына оң әсер етеді. Мысалы, тарихи оқиғалар мен географиялық жағдайлардың өзара әсерін түсіну оқушылардың білімін кеңейтеді. Білім алушының алған білімін күнделікті өмірде және нақты жағдаяттарда пайдалана білу қабілеті. Тарих пен география пәндерінің мазмұнын біріктіру арқылы білім алушылардың кеңістіктік ойлау қабілеті, логикалық

байланыстарды орнату және тарихи оқиғалардың географиялық шарттарын түсіну мүмкіндігі кеңейеді. Тарих пен географияны пәнаралық әдіспен оқытуда басты мақсат – екі пәннің мазмұнын біріктіру арқылы оқушылардың жалпы білімдерін кеңейту және олардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Мысалы, тарихи оқиғалардың географиялық аспектілерін ескере отырып, оқушылардың кеңістіктік ойлау дағдыларын қалыптастыруға болады. Бұл екі пәннің мазмұнын біріктіру оқушыларға тарихи оқиғаларды географиялық жағдайлармен байланыстыра отырып түсінуге мүмкіндік береді.[3]

Тарих пен географияны оқытуда пәнаралық әдісті қолдану тәжірибесі. Тарих пен географияны біріктіріп оқыту кезінде оқушылар карталармен жұмыс істеп, тарихи оқиғаларды аумақтық тұрғыдан талдауды үйренеді. Мысалы, Ұлы Жібек жолы туралы оқығанда, тек тарихи деректермен шектелмей, оның географиялық бағытын, елдер мен қалаларды картада анықтау тапсырмаларын орындау арқылы оқушылардың білімі кеңейтіледі. Осылайша, олар оқытылатын материалды жүйелі түсінеді және тарихи оқиғалар мен географиялық мәліметтер арасындағы байланысты тереңірек меңгереді.

Ақтөбе облысының тарихы мен географиясын зерттей отырып, оқушылар аймақтың тарихи оқиғаларын, табиғи ерекшеліктерін және экономикалық дамуын тереңірек түсіне алады. Мысалы, Ақтөбе облысы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістеріне қатысып, кейінірек мұнай өндірісі дамыған аймақтардың бірі болды. Тарих сабағында аймақтың тарихи оқиғаларын қарастыра отырып, оқушылар география сабағында оның табиғи ресурстарының ел экономикасына әсерін талдай алады. Оқушыларға Ақтөбе облысының картасын пайдалана отырып, тарихи ескерткіштер мен өнеркәсіп орталықтарын анықтау сияқты тапсырмалар беріледі.

Тарих пен географияны байланыстыра оқыту барысында Ақтөбе облысының мәдени мұраларын зерттеу, табиғи ресурстарын талдау арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге және өз аймағының ерекшеліктерін бағалай білуге үйретеді. Мысалы, Мұғалжар таулары, Жем өзені бойындағы ежелгі қалашықтар мен ежелгі сауда жолдарының географиялық орны мен тарихи мәнін зерттеу тапсырмалары арқылы оқушылардың танымдық қабілеттері артады.

Қорытындылай келе, Ақтөбе облысының тарихи және географиялық ерекшеліктерін зерттей отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға болады. Бұл тәсіл оқушылардың туған жерін танып-білуге, оның тарихи және географиялық маңызын түсінуге көмектеседі. Тарих пен географияны пәнаралық тұрғыдан оқыту олардың оқудағы қызығушылығын арттырып, алған білімдерін нақты өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Ақтөбе облысының тарихы мен географиясын креативті зерттеу арқылы оқушыларды туған өлкесінің ерекшеліктерін түсініп, бағалауға, әрі оны қорғауға үйретуге болады. Мұндай зерттеулерді шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыру оқушылардың танымдық қызығушылығын оятып, білімдерін нақты өмірде

қолдануға жағдай жасайды. Міне, креативті зерттеу тәсілдерінің кейбір мысалдары:

1. Тарихи-географиялық квесттер

Ақтөбе облысының тарихи орындары мен табиғи нысандарын зерттеу мақсатында арнайы квесттер ұйымдастыру оқушыларды қызықтыра түседі. Мысалы, Есет батыр кесенесі, Мұғалжар таулары, Жем өзені бойындағы ежелгі қалашықтар, Көкжиде құмдары немесе Абат-Байтақ кесенесі бойынша «тарихи-географиялық квест» жасауға болады. Квесттер кезінде оқушылар картадан бағыттарды табу, нысандар туралы қызықты мәліметтерді жинау сияқты тапсырмаларды орындайды. Бұл оларға аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін жақсы меңгеруге мүмкіндік береді.

2. Далалық зерттеулер

Ақтөбе облысының табиғи және тарихи орындарына саяхат жасап, далалық зерттеулер ұйымдастыру — оқушыларға жергілікті ландшафттар мен тарихи ескерткіштерді зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, олар облыстың әртүрлі географиялық аймақтарына (Мұғалжар таулары, Жем-Сағыз өзендерінің алқабы) барып, табиғи жағдайларының, өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін зерттей алады. Бұл зерттеулер арқылы оқушылар табиғаттың түрлі әсерлерін көріп, жергілікті экологиялық мәселелер туралы ақпарат алады.

3. Жобалық жұмыстар мен виртуалды саяхаттар

Оқушыларға Ақтөбе облысының тарихы мен географиясына арналған зерттеу жобаларын жасау ұсынылады. Мысалы, «Ақтөбе облысының ежелгі қалалары», «Мұнай өнеркәсібі және экология», «Қарғалының табиғаты және тарихи ескерткіштері» сияқты тақырыптарда жобалар жасау. Қажет жағдайда виртуалды саяхаттар мен 3D модельдерді пайдалану арқылы зерттелетін нысандарды кеңінен көрсетуге болады.

4. Тарихи деректерді креативті қайта жасау

Ақтөбе облысының маңызды тарихи оқиғаларын (мысалы, Ұлы Отан соғысы кезінде аймақтың рөлі, мұнай өнеркәсібінің даму тарихы) шығармашылық тұрғыдан қайта жасау оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, олар өңірдің белгілі тұлғалары туралы деректерді зерттеп, шағын қойылымдар қоюы мүмкін немесе белгілі тарихи оқиғалар туралы иллюстрациялар жасай алады. Бұл жұмыс арқылы оқушылар аймақтың тарихын тереңірек түсінеді.

5. Экологиялық зерттеулер және қоршаған ортаны қорғау жобалары

Оқушыларды Ақтөбе облысының экологиялық мәселелерін зерттеуге және оларды шешу жолдарын ұсынуға бағыттау маңызды. Мысалы, Жем өзенінің ластануы, орманның азаюы немесе Мұғалжар тауларының экожүйесін сақтау мәселелерін зерттей отырып, олар экологиялық жобалар жасай алады. Бұл зерттеулер табиғатты қорғау мен сақтаудың маңыздылығын түсіндіруге көмектеседі.

6. Гео-мәдени карталарды құрастыру

Оқушыларға Ақтөбе облысының географиялық және мәдени мұраларын қамтитын интерактивті карталар жасау тапсырмасын беру қызықты әрі пайдалы. Карталарда аймақтың тарихи оқиғаларының орналасуы, табиғи ресурстардың орындары, жергілікті мәдени нысандар көрсетіледі. Гео-мәдени карталарды жасау арқылы оқушылар аймақтың мәдени және табиғи ерекшеліктерін тереңірек зерттейді, әрі аймаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Қорыта келсек, бұл әдістер Ақтөбе облысының тарихы мен географиясын креативті зерттеу арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың туған жерін тереңірек танып, оның тарихи-географиялық ерекшеліктерін бағалауы оларды табиғат пен мәдени мұраларды сақтауға тәрбиелейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі :

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандық жол: тұрақтылық, жаңғырту және өркендеу. – Астана: Елорда, 2011.
[3]. Қазіргі оқыту жағдайында тілдік және әлеуметтік-тұрмыстық сауаттылықты қалыптастыру құралдары жеткілікті: бұл мектеп кітапханасы, кез-келген әлеуметтік-тұрмыстық жағдаяттарды модельдей алу білігі мен іскерлігін қажет ететін жағдаяттар. Тұлғаның ең басты функциялық сапалары: белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлау және шешім қабылдай алу, кәсіби жолын таңдай білу, өмір бойы білім алуға дайын тұру.

Осыған орай, жоғарыда көрсетілгендерге негіздей отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: бүгінгі таңда білім беру ұйымдарында білімалушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға жеткілікті дәрежеде жағдай жасалған, ал қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабағында тілдік және әлеуметтік-тұрмыстық сауаттылықты дамыту мүмкіндіктері мол.

Әдебиет арқылы білімалушы бойына өмір туралы дұрыс талғам, түсінік қалыптастырамыз. Оқытушы білімалушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, топаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет[4]. Сонымен қатар әртүрлі көрнекі құралдарды қолдану, сұрақ-жауап, талдау, қазақ әдебиеті сабақтарында Интербелсенді оқытудың теориясындағы жетістікке жетелейтін әдіс-тәсілдер арқылы жүргізілген тәжірибеме тоқталып өтейін.

«Фанфикшн» әдісі - креативті ойлауларын, алған білімдерін өмірмен байланыстыра отырып, өзіндік тұжырым жасауға жетелейтін әдіс әрі оқыған шығарма бойынша жазылым жұмысына дайындыққа оң әсерін береді[5].

Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» повесі бойынша топқа мынадай тапсырма беруге болады.

1. Шығармадан тыс қалған көрініс. Осы шығармада тағы қандай оқиға болуы мүмкін деген сұрақты қоя отырып, шығарманы өзінше қайта жазу.

2. Жалғастырып жазу. Бекболат пен жез мұрт офицер тағдыры әрі қарай қалай болуы мүмкін? Шығарманы жалғастырып жаз.

3.Фокусты ауыстыру. Шығармадағы қосалқы кейіпкерлер Ақбілектің әкесі мен өгей шешесі туралы жазу. Бұл кейіпкердің шығармадағы орны қандай? Ол бұл шығармада болмағанда оқиға желісі қалай болар еді?

4.Моральдық қайта бағдарлау. Жағымды кейіпкерді жағымсыз кейіпкер ретінде таныту немесе керісінше. (Мұқаш туралы)

5.Жанрлық трансформация. Шығарманың бір сюжетін газеттік мақала, пьеса түрінде ұсыну; комедиялық сюжетті трагедиялық сюжетке айналдыру немесе керісінше.

6.Кроссовер. Шығарма кейіпкерлерінің диалогын жазу. Өзің таңдап осы шығарманың өзекті мәселесіне арнап, екі адам арасындағы диалог құрап жаз.

Тапсырманың мақсаты – білімалушының шығарма идеясын түсінгенін, алған теориялық білімін практикада қолдана білуге дағдыландыру, сыни көзқарасын қалыптастыру.

«FILA толтыру» әдісі көркем шығармадағы кейіпкердің тұлғасын ашуға бағытталады

F (дерек) – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;

I (пікір) – кейіпкер туралы өзінің ой- пікірі;

L (сұрақ) – кейіпкер тұлғасын ашатын сұрақтар;

A (іс-әрекет) – автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі.

Деректер	Ойлар	Сұрақтар	Іс-әрекет
----------	-------	----------	-----------

Көркем шығарманың идеясын, автор ойын, сезімін түсіну – білімалушылардың назарын шоғырландырып, сөздің астарлы мағынасын түсінуге, мәтінмен жұмыс істеп, негізгі ақпаратты табу дағдыларын арттырады. Кестені қолдану тиімді болады.

1-мысал. Өлең идеясын анықтау.Өлең шумақтарынан автордың көңіл-күйін түсінуге тырысыңдар.Өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.

Өлеңнен үзінді	Автор ойы, сезімі	Менің түсінігім
Көк аспандай жарқылдап, күркірерміз, Көк аспанның бұлтындай сілкінерміз, Көкбөріден туғанымыз рас болса, Көк Тәңірден қуат ап, бір түлерміз.	Өкініш... Үміт...	
Кеудемізді билеген асқақ арман, Тарихымыз дастан боп таста қалған,		

«Инфографиканы шығарма мазмұнымен байланыстыра сөйлеу» әдісі білімалушының логикалық ойлауын, байланыстыра сөйлеу дағдысын дамытуға арналған.



**Тарбағатай, Қытай
10 сәуір-1 мамыр, көшіп....., босып, 150
шақырым**

Қ.Жұмаділов «Тағдыр» романы

Қорытындылай келе, заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді тиімді пайдалану – жас ұрпақты функционалды сауатты, алған білімін өмірде қолдана алатын жан-жақты тұлға етіп даярлаудың кепілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы бұйрық № 726 12.10.2021ж. //www.gov.kz
2. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012--2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары //Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысы.
3. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» С.Мирсеитова, Қарағанды, 2011 ж,
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. «Сөздік-Словарь» 2005.
5. Назарбаев зияткерлік мектептерінде пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін (clil) қолдану. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалар орталығы» филиалы. Астана, 2013.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.Е. Нурумов

Ақмола облысы Білім беру басқармасының жанындағы «Көкшетау қаласы,
Жоғары техникалық колледжі» МКҚК. Көкшетау қаласы

Аннотация: Мақала авторы колледж жағдайында тұлғаның белгісіздікке бейімделуі тұрғысынан функционалды сауаттылық дағдыларын қалыптастыру идеясын сипаттайды.

Аннотация: Автор статьи описывает идею формирования навыка функциональной грамотности с точки зрения адаптации личности к неопределенности в условиях колледжей.

Abstract: The author of the paper describes the idea of functional literacy skill formation in terms of personality adaptation to uncertainty in college settings.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің заманауи жүйесі өз алдына өршіл мақсат қояды: студенттерде өмірге және кәсіби қызметке табысты бейімделуді қамтамасыз ететін әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыру. Бұл мақсатқа жетудің негізгі көрсеткіші-функционалдық сауаттылық-әртүрлі өмірлік жағдайларда білім мен дағдыларды тиімді пайдалану мүмкіндігі. Халықаралық тәжірибе мәтіндерді нәтижелі оқу және түсіну, математикалық және жаратылыстану-ғылыми білімді практикалық қолдану, заманауи технологиялық жағдайларда мәселелерді шеше білу, сондай-ақ оқытудың тиімді әдістерін меңгеру сияқты функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерінің маңыздылығын атап көрсетеді. Тар мағынада функционалдық сауаттылық көбінесе оқу, математика, жаратылыстану және қаржы саласындағы құзыреттіліктермен байланысты. Мәтіндерді түсіну және талдау, олардан қажетті ақпаратты алу және оны өз мақсаттарына жету үшін қолдану қабілеті оқу сауаттылығының негізі болып табылады. Алайда, кең мағынада функционалдық сауаттылық жаһандық құзыреттіліктерді қамтиды: сыни ойлау, әлеуметтік-мәдени хабардарлық, шығармашылық және коммуникативті мәдениет. Функционалдық сауаттылық-колледж түлектерін кәсіби қызметке және жалпы өмірге сәтті бейімдеудің негізгі дағдысы. Ол жоғары мамандандырылған білімнен асып түседі, бұл алған білімдерін іс жүзінде қолдану, ақпаратты талдау, мәселелерді шешу және әртүрлі жағдайларда тиімді өзара әрекеттесу қабілетін білдіреді. Колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру-кешенді тәсілді және оқу процесіне кірігуді талап ететін бірінші кезектегі міндет [1].

Кәсіптік білім беру контекстінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тәжірибеге бағытталған оқытуға негізделген. Типтік оқу және кәсіби міндеттерді, сондай-ақ қоғаммен өзара әрекеттесуге байланысты міндеттерді шешуге негізделген танымдық орта шешуші рөл атқарады. Бұған оқу жобаларын әзірлеу, оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану (соның ішінде пәнаралық байланыстар, цифрлық технологияларды пайдалану және интерактивті әдістер) және студенттердің өзіндік жұмысына және мәселелерді шешу үшін әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану қабілетіне назар аудару кіруі мүмкін [1].

Колледждегі функционалдық сауаттылық бірнеше негізгі компоненттерді қамтиды:

- Оқу сауаттылығы: кәсіби мәселелерді шешу үшін мәтіндердің әртүрлі түрлерін (техникалық құжаттама, ғылыми мақалалар, нұсқаулықтар, шарттар және т.б.) түсіну, талдау және түсіндіру қабілеті.

- Математикалық сауаттылық: практикалық мәселелерді шешу, деректерді талдау, болжамдар жасау және т. б. үшін математикалық білім мен дағдыларды қолдана білу.

- Жаратылыстану сауаттылығы: жаратылыстану ғылымдарының негізгі принциптерін түсіну және осы білімді жағдайларды талдау, мәселелерді шешу және негізделген шешімдер қабылдау үшін қолдану мүмкіндігі.

- Цифрлық сауаттылық: ақпараттық технологияларды меңгеру және оларды ақпаратты іздеу, өңдеу және талдау, коммуникация және есептерді шешу үшін тиімді пайдалана білу.

- Коммуникативтік сауаттылық: ауызша да, жазбаша да анық және тиімді қарым-қатынас жасай білу, командада жұмыс істеу және өз жұмысының нәтижелерін ұсына білу.

- Сыни тұрғыдан ойлау: ақпаратты талдау, қайшылықтарды анықтау, дереккөздердің дұрыстығын бағалау және негізделген шешімдер қабылдау қабілеті [2].

Колледждер студенттерді кәсіби қызметке дайындауда маңызды рөл атқарады. Оқу барысында студенттер функционалды сауаттылықты қажет ететін әртүрлі міндеттерге тап болады. Мұның техникалық пәндер сабақтарында қалай жүзеге асырылатынына бірнеше мысал келтірейік.

Функционалды сауаттылықты тиімді қалыптастыруға оның компоненттерін барлық арнайы пәндер бойынша оқу процесіне біріктіру арқылы қол жеткізіледі. Мысалдарды қарастырайық:

1 Тапсырма: студенттерге ақаулы көлік беріледі. Олар Ақаулықтың себебін анықтау және оны жою жоспарын ұсыну үшін көлік құралының құрылысы, техникалық құжаттама, диагностикалық құралдар және сыни ойлау туралы білімдерін пайдалануы керек. Бұл жаттығу оқу, математикалық (параметрлерді есептеу), жаратылыстану (физикалық процестерді түсіну) және цифрлық сауаттылықты (диагностикалық жабдықты пайдалану) дамытады.

2 тапсырма: Студенттер нақты әлемдегі деректерді пайдалана отырып, белгілі бір тапсырманы орындау үшін Бағдарламалық құралды әзірлеу тапсырмасын алады. Олар Бағдарламалық жасақтамаға қойылатын талаптарды талдап, алгоритм әзірлеп, код жазып, оны өнімділікке тексеруі керек. Бұл жаттығу цифрлық, математикалық, логикалық және коммуникативті сауаттылықты дамытады [3].

Өмірлік және өндірістік жағдайларды модельдеу:

Функционалды сауаттылықты қалыптастырудың негізгі элементі кәсіби қызметте кездесетін нақты жағдайларды модельдеу болып табылады. Бұл болуы мүмкін:

1. Рөлдік ойындар: клиенттермен, әріптестермен, басшылықпен өзара әрекеттесуді ынталандыру.

2. Кейстер: ақпаратты талдауды, шешім қабылдауды және өз іс-әрекеттерін негіздеуді талап ететін күрделі жағдайларды білдіреді.

3. Жобалық қызмет: студенттерге өз білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, нақты міндеттерді өз бетінше шешуге мүмкіндік береді.

4. Зертханалық жұмыстар мен практикумдар: нақты өндірістік жұмыстарға барынша жақын жағдайда студенттер жабдықтармен, құралдармен және материалдармен жұмыс істеу дағдыларын пысықтайды. Бұл әсіресе техникалық мамандықтарға қатысты [4].

Колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру - бұл әртүрлі пәндер мен дағдыларды біріктіруді талап ететін көп деңгейлі процесс, бұл олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін және үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға сәтті бейімделуін қамтамасыз ететін болашаққа инвестиция. Практикалық тапсырмаларды біріктіру, нақты жағдайларды модельдеу және оқытудың инновациялық әдістерін қолдану осы мақсатқа жетудің негізгі факторлары болып табылады. Функционалдық сауаттылықты сәтті игеру оларға тек оқуда ғана емес, сонымен қатар одан әрі кәсіби қызметте де көмектеседі. Мұндай дағдыларды техникалық пәндерде қолдану студенттерге болашақ мансаптарының кілті болып табылатын нақты мәселелерді тиімді шешудің қажетті құралдарын ұсынады.

Осылайша, колледждер функционалдық сауаттылықты оқу бағдарламаларына біріктіру арқылы оқытудың инновациялық тәсілдерін жалғастыруы керек, бұл өз кезегінде студенттерге қиын және тез өзгертін әлемде табысты өмір сүру үшін қажетті дағдылардың толық спектрін дамытуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. «Жинақ Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмалары» Алматы қ., 2021 ж.
2. «Заманауи сабақтағы тиімді әдістер» (іс-тәжірибеден сабақтар топтамасы)) Ақтөбе қ. 2021 ж.
3. В.И. Блинов Концепция формирования функциональной грамотности студентов среднего профессионального образования // Профессиональное образование и рынок труда. – 2019. – №4. – С. 4 – 21.
4. Е.Ю. Навойчик Формирование современной парадигмы профессионального образования как открытой системы// Современные проблемы науки и образования. 2014. № 1.

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЕНГІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ

М.С. Нурамбаева

Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі

Андатпа. Мақалада функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың маңызы мен жолдары қарастырылады. Функционалдық сауаттылықтың негізгі аспектілері ретінде оқу, жазу, ақпараттық технологияларды пайдалану, қаржылық сауаттылық және сыни ойлау дағдылары қалыптасады. Оқушылардың бұл дағдыларды меңгеруі олардың күнделікті өмірде, кәсіби және әлеуметтік ортада тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ функционалдық сауаттылықты дамыту үшін қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдер, соның ішінде мазмұнды оқыту, интерактивті әдістер және көпжоспарлы бағалау жүйесі ұсынылған. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы оларды қоғамға пайдалы, жауапты азаматтар етіп тәрбиелеу мақсаты көзделеді, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың білім беру жүйесі мен қоғам үшін маңызды екендігі туралы қорытынды жасалады.

Аннотация. В статье рассматривается важность и пути формирования функциональной грамотности. Основными аспектами функциональной грамотности являются чтение, письмо, использование информационных технологий, финансовая грамотность и критическое мышление. Освоение этих навыков учащимися позволяет им эффективно действовать в повседневной жизни, профессиональной и социальной среде. В статье предлагаются различные методы формирования функциональной грамотности, такие как содержание обучения, интерактивные методы и многозадачная система оценки. Повышение функциональной грамотности учащихся способствует воспитанию ответственных граждан, полезных для общества. В заключении подчеркивается важность формирования функциональной грамотности для образовательной системы и общества в целом.

Abstract. This article discusses the importance and methods of developing functional literacy. The main aspects of functional literacy include reading, writing, information technology use, financial literacy, and critical thinking. Mastery of these skills enables students to act effectively in daily life, professional, and social environments. The article proposes various methods for developing functional literacy, such as content-based teaching, interactive methods, and multi-dimensional assessment systems. Enhancing students' functional literacy helps foster responsible citizens who are valuable to society. The conclusion emphasizes the significance of functional literacy for both the educational system and society as a whole.

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – оқушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың практикалық дағдыларын,

шығармашылық қабілеттерін дамыту. Осы тұрғыда функционалды сауаттылықтың маңызы ерекше. Функционалды сауаттылық – бұл адамның алған білімдерін күнделікті өмірде, жұмыс барысында, қоғамда тиімді пайдалану қабілеті. Студенттердің функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған әдістер мен тәсілдер әртүрлі болғанымен, олардың барлығы бір мақсатты көздейді: білім алушылардың болашақта қоғамда белсенді, саналы, жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал ету.

Функционалды сауаттылықтың мәні

Функционалды сауаттылықты дамытудағы негізгі бағыттары				
Күнделікті өмірдегі оқу және жазу дағдыларын дамыту	Көптілділік және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	Ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру	Қаржылық сауаттылықты дамыту	Шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту
Студенттерге функционалды сауаттылықты қалыптастыру үшін бірінші кезекте оқу мен жазуды терең меңгеру қажет.	Қазіргі қоғамда көп тіл білу маңызды рөл атқарады. Сондықтан, колледж білімгерлері бірнеше тілде оқуға және сөйлесуге үйрету маңызды.	Ақпараттық технологиялардың дамуы оқу үдерісінде де маңызды рөл атқарады. Студенттерге интернетті тиімді пайдалану, сандық ресурстарды іздеу, ақпараттарды сүзу және тексеру қабілеттерін дамытады	Қаржылық сауаттылық – бұл ақшаны үнемдеу, жоспарлау, инвестициялау, қарыз алуды басқару сияқты дағдыларды қамтиды. мүмкіндік береді.	Функционалды сауаттылықты дамыту барысында шығармашылық және сыни ойлау маңызды орын алады.

Функционалды сауаттылықты қалыптастыруға арналған әдіс-тәсілдер

а) Мазмұнды оқыту тәсілдері

Функционалды сауаттылықты дамыту үшін оқу мазмұны өмірмен байланысты, практикалық тапсырмалармен қамтылуы қажет. Мысалы, сабақтарда тек теорияны ғана емес, практикалық өмірде кездесетін тапсырмаларды да ұсыну тиімді.

б) Интерактивті оқыту әдістері

Интерактивті әдістер студенттердің өз ойларын ашық айтуға, талқылауға және сұрақтарға жауап беруге үйретеді. Мұндай әдістер білім алу процесін белсенді әрі

қызықты етеді, сонымен қатар оқушының функционалды сауаттылығын арттырады.

в) Көпжоспарлы бағалау жүйесі

Білім алушылардың функционалды сауаттылығын бағалау тек дәстүрлі тестілеу немесе емтихан арқылы емес, түрлі тапсырмалар мен жобалар арқылы жүргізілуі тиіс. Бұл алған білімін өмірде қолдану қабілетін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жеке қабілеттері мен дағдылары бағаланып, олардың өз бетімен шешім қабылдауы ынталандырылады.

Студенттерді функционалды сауаттылыққа үйретудің нәтижелері

Қазіргі білім беру жүйесінде функционалды сауаттылықты қалыптастыру – болашақ ұрпақтың табысты және жауапты азамат болып өсуіне септігін тигізетін маңызды процесс. Бұл бағыттағы жұмыстарды колледж үдерісінде оқу бағдарламаларында білім берудің жаңартылған жағдайында оқытудың белсенді формаларын түрлі платформалар мен әдіс-тәсілдерді пайдаландым, Жаңа педагогикалық технология пәнінде функционалдық сауаттылықты дамыту үшін қолдануға болатын әдіс-тәсілдер көп. Олардың ішінен кейбірін атап өтейін:

Жобалау әдісі. Жобалау әдісі функционалдық сауаттылықты дамытуға мүмкіндік береді, өйткені бұл әдіс оқушыларды нақты бір жобаны жоспарлап, жүзеге асыруға ынталандырады. Бұл әдіс арқылы оқушылар өздерінің зерттеу, шығармашылық және ұйымдастыру дағдыларын дамытады.

Нәтиже: Студенттер топпен жұмыс істей отырып, зерттеу дағдыларын жетілдіреді, өзара әрекеттесуде белсенділік танытады.

Ұтымды тұстары: Оқушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, жеке тұлғалық дамуға мүмкіндік береді.

Кейс-әдіс (Жағдайлық талдау). Кейс-әдіс нақты өмірлік жағдайларды талқылауға негізделген, сондықтан ол оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Бұл әдісте студенттер белгілі бір жағдайға қатысты мәселелерді шешу үшін ақпаратты өңдейді, өз пікірін білдіреді, шешім қабылдайды.

Нәтиже: Оқушылардың мәселелерді жан-жақты талдау қабілеті артты, шешім қабылдау дағдысы қалыптасты.

Ұтымды тұстары: Кейс-әдіс нақты өмірлік мәселелермен байланысты болғандықтан, ол оқушылардың білімін күнделікті өмірде қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар аталмыш платформалардың негізінде **Edmodo** – мұғалімдер мен оқушылар арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты жеңілдететін әлеуметтік білім беру платформасы.

- Қолданылу әдістері: оқу тапсырмаларын басқару, оқушылардың жұмыстарын бағалау, пікір алмасу, онлайн дискуссиялар мен топтық жұмыстар ұйымдастыру.

- Ұтымды тұстары: Оқытушы мен студент арасындағы кері байланыстың тиімділігін арттырады, топтық жұмыстарды ұйымдастыруды жеңілдетеді

Nearpod – бұл интерактивті оқыту платформасы, мұғалімдерге сабақ барысында мультимедиалық мазмұнды, сауалнамалар мен тесттерді енгізуге мүмкіндік береді.

- Қолданылу әдістері: дәрістер, мультимедиалық презентациялар жасау, оқушылардың сұрақтарға жауап беруін бақылау.

- Ұтымды тұстары: оқушылардың белсенділігін арттырады, сынып ішінде нақты уақыттағы кері байланысты басқаруға мүмкіндік береді.

Оқытушының сабақтағы күнделікті жұмысы және өзі таңдаған білім беру технологиялары Студенттердің жас ерекшеліктеріне сай функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Сондықтан қазіргі мұғалімнің кәсіби қалыптасуындағы ең маңыздысы оның технологиялық құзыреттілігін арттыру мәселесі болып табылады, оның ішінде терең теориялық дайындық және сабақта заманауи білім беру технологияларын өнімді қолданудың практикалық тәжірибесі. Заман талабына сай заман талабы сондай, біздің балаларымыз күн сайын сан алуан мәселелерге тап болады, оларды шешіп қана қоймай, ұтымды және ерекше шешім табу керек. Осы платформалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін өте тиімді құралдар болып табылады. Олар оқу процесін интерактивті әрі қызықты етеді, білімнің теориялық қана емес, практикалық қолданылуына мүмкіндік береді. Әрбір платформа оқушылардың білімін түрлі әдістермен тексеруге және дамытуға мүмкіндік береді, ал мұғалімдер оқу процесін оңай бақылап, әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне жауап бере алады. Функционалдық сауаттылықтың негіздері бастауыш сыныптарда қаланады, мұнда сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлері – жазу және оқу, сөйлеу және тыңдау, мәтінмен жұмыс істеу қарқынды оқытылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы. – Астана, 2012. – 64 б.
2. Садықова Г.Қ. Функционалды сауаттылық және оның білім берудегі рөлі // Білім және қоғам. – 2016. – №2. – 45–52 б.
3. Рахметова С.Ж. Функционалды сауаттылықты дамытудағы оқыту әдіс-тәсілдері // Оқу мен тәрбие. – 2017. – №4. – 35–40 б.
4. ЮНЕСКО. Қазіргі білім беру: жаһандық трендтер мен локальды шешімдер // ЮНЕСКО-ның Білім берудегі жаһандық баяндамасы. – Париж, 2015. – 112 б.
5. Тұрғанбекова Қ.Ж., Қанатбаева А.Б. Қазақстандағы білім берудегі инновациялық технологиялар мен функционалды сауаттылық // Оқу үдерісіндегі жаңашылдық. – Алматы, 2018. – 90–98 б.
6. Сұлтанова А.Т. Қаржылық сауаттылықты арттыру: Мектептегі білім беру жүйесі // Қаржы және экономика. – 2019. – №5. – 22–30 б.

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Н. Омарова

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college»,
Талдықорған қаласы

Аңдатпа. Мақалада функционалдық сауаттылық түсінігі, оның шығуы, даму кезеңдері, колледж студенттерінің функционалдық сауаттылықтарын арнайы пәндерді оқыту үрдісінде қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматривается понятие функциональной грамотности, ее происхождение, этапы развития, особенности формирования функциональной грамотности студентов в процессе обучения специальным предметам.

Abstract. The article discusses the concept of functional literacy, its origin, stages of development, features of the formation of functional literacy of students in the process of teaching special subjects.

Біз тез өзгертін әлемде өмір сүрудеміз, ол жиырма, отыз жыл бұрынғыға қарағаннан әлдеқайда қиындыққа толы. Бұл қиындықтар жаңа технологиялардың, жаңа кәсіптердің, экономика салаларының пайда болуымен және адамның әлеуметтік-психологиялық өзгерістерімен байланысты. Сондықтан адам өзінің бүкіл өмірінде білім алуы, туындаған қиындықты жеңе білуі, өзінде бар білімді тиімді пайдалана білуі қажет.

«Функционалдық сауаттылық» түсінігі 1957 жылы Юнеско материалдарында «сауаттылықтың ең төменгі деңгейі» түсінігімен бірлікте ұсынылды. Мұнда сауаттылықтың төменгі деңгейі деп қарапайым хабарламаларды оқу және жазу, ал функционалдық сауаттылық - оқу және жазу дағдыларын әлеуметте пайдалана білу, яғни банктік шот ашу, сатып алынған музыкалық орталықтың нұсқауларын оқу, сотқа талап арыз жазу және т.б. ретінде түсіндірілді. Функционалдық сауаттылық белгілі бір географиялық жерде өмір сүруге қажетті сипаттамалар жиынтығы болды, ол адамның қоғаммен қарым-қатынасының белгілі бір мәдени деңгейі, яғни оның толыққанды қызметін қамтамасыз ететін әрекеттерден тұрды [1].

Ал "функционалдық сауаттылық" термині алғаш рет 1965 жылы қыркүйекте Тегеран қаласында өткен Білім министрлерінің сауатсыздықты жою жөніндегі дүниежүзілік конгресінде ұсынылды. ЮНЕСКО әзірлеген сауаттылықты таратудың дүниежүзілік эксперименттік бағдарламасында (1967-1973жж.) функционалдық сауаттылық тұжырымдамасы мен стратегиясы оқу мен жазуды меңгеру процесінің байланысын қамтамасыз ету, еңбек өнімділігін арттыру және

өмір сүру жағдайларын жақсарту деп түсінілді, яғни оның мәні білім беру қызметін өмірге жақындату болып табылды [2].

Функционалдық сауаттылықтың даму кезеңдерін зерделей отырып, оның термин болып енгізілгелі бері дәстүрлі сауаттылыққа қосымша ретінде қарастырылғанын, дамыған елдердің проблемасы ретінде түсіндіріліп, дәстүрлі сауаттылықтан бөлек қарастырылғанын, жаһандық және жергілікті делінген екі деңгейлі құрылымға жіктелгенін, оның "өмір бойы" білім берудің негізі ретінде қарастырылып, сауатты тұлғаны қалыптастырудағы маңыздылығының көрсетілгенін, адам өмірінің қауіпсіздігінің кепілі, өзгермелі әлемде табысты өмір сүрудің құралы ретінде түсіндірілгенін байқауға болады[2].

Қазіргі уақытта функционалдық сауаттылық – адамның қоршаған ортаға бейімделуі және белгілі бір жағдайларда бұрыннан бар білімін (іскерлігін, дағдысын) қолдана отырып, әртүрлі өмірлік мәселелерді шеше алу дәрежесімен сипатталатын білім деңгейі. Ол халықтың және жалпы мемлекеттің әл-ауқатымен байланысты болатын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Функционалдық сауаттылықты дамыту балабақшадан бастап білім берудің барлық деңгейлерінде жүргізілетіндігін, білім беруді педагог іске асыратындығын ескерсек, педагогика саласының мамандарын даярлауда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және дамыту мәселесін барлық пәндерде іске асыру қажеттігі туындайды.

Функционалдық сауаттылық «адамның өмір мен қызметтің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік мәселелерді қолданбалы білімдер негізінде шешу қабілеті» болғандықтан, арнайы пәндерді оқытудың өзегі болып табылады.

Арнайы пәндерді оқыту процесінде студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін төмендегі жағдайларды ескеру қажет:

- Білім беру белсенді сипатта болуы керек (студенттердің өз бетінше оқу дағдыларын қалыптастыру);
- Ұсынылатын материал білімгердің жеке мүдделері мен олардың даму қажеттіліктерін ескеруі керек;
- Білім алушылар жаңа материалды меңгеру процесінің белсенді қатысушылары болуы керек;
- Сабақта топтық жұмыстың нәтижелі түрлерін қолданған жөн;
- Тақырыпты ашуда күрделі жаһандық мәселелер бойынша зерттеулерді қолдануға болады (мыс: дау-дамайларды шешуді психология пәнінің тақырыптарын меңгеру сатысында қарастыру);
- Сыни ойлауды дамытатын, өмірмен тығыз байланысты тапсырмаларды қолданған жөн (мысалы: педагогикалық жағдаяттар шешу) [3].

Студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту үшін, оларға арнайы пәндер бойынша білім беруді түрлі тапсырмалар арқылы ұсынған жөн. Тапсырмалар іс-тәжірибе барысында кездесетін кәсіби міндеттерді бірлесе талқылау, бірнеше нұсқалы шешімдерді зерделеу, іс-тәжірибеге бағытталған білім

негізінде қоғаммен өзара әрекеттесудің ұтымды жолдарын қарастыру, сараланған тапсырмаларды әзірлеу, тұсаукесерлер, бейнероликтер жасау, педагог-ата-ана-бала үштігі арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ететін ойындарды, шығармашылық тапсырмаларды таңдау, белгілі бір тақырыпқа педагогикалық және психологиялық терминдерді пайдалана отырып эссе жазу, әртүрлі позицияларды ескере отырып мәтін құру, жағдайға баға беру, жобалар жасау және қорғау, сабақтың мақсатын анықтау, мақсаттар мен міндеттер қою, кезең-кезеңмен жоспар құру, негізгі ұғымдарды, идеяны тұжырымдау, қазақстандық және өңірлік компоненттерді енгізу, көптілділікті, пәнаралық байланыстарды пайдалану, интернетте жұмыс істеу сипатында болғаны дұрыс [3]. Тапсырмалар студенттің өз бетінше білім алуына ықпал ететіндей құрылуы керек, яғни өтілген тақырыпты жанама байланыста қарау, кәсіптік іс-тәжірибе барысында кездестірген өмірлік жағдайды сипаттау, оны шешудің бірнеше нұсқасын ұсыну, тапсырмалардың мазмұнын күнделікті өмірде туындайтын проблемалық жағдайларға жақындату, сұрақтарды қарапайым, түсінікті түрде құру, ақпаратты ұсынуда суреттер, кестелер, ассоциативтік карталарды пайдалану тиімді болмақ [4].

Түрлі тақырыптарда жобалар дайындату арқылы студентке ой-өрісін кеңейтуге, сабақтарда алған білімі мен педагогикалық зерттеу әдістерін нақты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік беруге болады. Сондай-ақ жоба әзірлеу жеке тұлғаның оң қасиеттерін ғана емес, өзінің одан әрі жұмыс істеуі қажет болатын осал тұстарын да анықтауға мүмкіндік береді. Студент жобаны әзірлей отырып, үлкен көлемдегі материалдарды жинайды, оны өңдейді, жобаны құрады, кәсіптік практикадан өту кезінде іске асырады. Осылайша оқытушы мен студент арасындағы өзара қарым-қатынас диалогке құрылады, яғни оқытушы студентке оқу процесі кезінде де, іс-тәжірибеден өту кезінде де кәсіби қолдау көрсетеді [5].

Тапсырмаларды орындауда ресми деректермен немесе дереккөздермен тексерілмеген фактілерге күмән келтіру, естіген немесе көрген ақпарат дәл ме, оның негіздемесі бар ма, негізгі ой қандай деген сұрақтарға жауап бере отырып сандар мен пайымдаулардың нақтылығына назар аудару арқылы студенттің сыни тұрғыдан ойлауы қалыптасса, көпшілік алдында сөйлеу, өз идеясымен бөлісу және оларды талқылауға шығу арқылы коммуникативті дағдылары дамиды.

Қорыта айтқанда, өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін, оны оқытатын педагогтің функционалдық сауаттылығы жоғары деңгейде болуы керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Развитие функциональной грамотности обучающихся основной школы: методическое пособие для педагогов / Под общей редакцией Л.Ю. Панариной, И.В. Сорокиной, О.А. Смагиной, Е.А. Зайцевой. – Самара: СИПКРО, 2019.

2. «Функциональная грамотность в образовании». Под редакцией А. В. Хуторского, ЦДО «Эйдос», 2024 г.
3. Губайдуллина Г.Б. Педагогиканы оқыту әдістемесі: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 328 бет
4. Психологияны оқытудың белсенді әдістері: оқу құралы/ Бапаева М.Қ., Ауталипова Ұ.И., Бапаева С.Т.- Алматы: "Отан" баспасы, 2016.- 188 б.
5. Смолкина А. М. Методы активного обучения /А.М. Смолкина. - М.: Юрайт, - 1991. – 260с.

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А. Онгарова

Алматы экономикалық колледжі Алматы қаласы

Андатпа. Бұл жұмыста функционалды сауаттылық-адамның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық іс-әрекетінің факторы, адамның өмір бойы білім алуына ықпал етуін түсіндіру тұжырымдамасы. Студенттер арасындағы функционалды сауаттылықтың қалыптастырудың жоғары деңгейі қоғамда тиімді қызмет етудің қабілеттілігіне, өзін-өзі дамытуға және қалыптастыруға бағытталады. Нәтижесінде, қоғамға функционалды сауатты, нәтижеге жұмыс істеуге және маңызды жетістіктерге жетуге қабілетті тұлға қажет. Арнайы пәндерді оқытуда функционалды сауаттылықты қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері арқылы жүзеге асырады, мысалы: кейс әдісі, ақпараттық технологияларды қолдану т.б.

Аннотация. В данной работе функциональная грамотность является фактором социальной, культурной, политической и экономической деятельности человека, концепцией объяснения влияния человека на образование на протяжении всей жизни. Высокий уровень сформированности функциональной грамотности среди студентов направлен на способность эффективно функционировать в обществе, саморазвитие и формирование. В результате обществу нужна функционально грамотная личность, способная работать на результат и добиваться значительных успехов. Осуществляет через методы и приемы формирования функциональной грамотности при изучении специальных дисциплин, например: кейс-метод, использование информационных технологий и др.

Annotation . In this work, functional literacy is a factor of social, cultural, political and economic activity of a person, the concept of explaining the influence of a person on Lifelong Learning. A high level of formation of functional literacy among students is aimed at the ability to effectively function in society, self-development and formation. As a result, society needs a person who is functionally competent, capable of working on

the result and achieving significant achievements. It is carried out by means of methods and techniques for the formation of functional literacy in the teaching of special disciplines, for example: case method, the use of information technologies, etc.

Функционалдық сауаттылық-бұл адамның алған білімі мен дағдыларын әртүрлі өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалану қабілеті. Оның арнайы пәндердің оқу бағдарламаларына кіруі қазіргі әлемде табысты жұмыс істей алатын мамандарды даярлау мен білім беру сапасын арттырудағы маңызды қадам болып табылады.

Студенттер арасындағы функционалды сауаттылықты қалыптастырудың жоғары деңгейі қоғамда тиімді қызмет етудің қабілеттілігіне, өзін-өзі дамытуға және қалыптастыруға бағытталады. Нәтижесінде, қоғамға функционалды сауатты, нәтижеге жұмыс істеуге және маңызды жетістіктерге жетуге қабілетті тұлға қажет. Функционалдық сауаттылықты біріктіру неге маңызды?

Нақты өмір: функционалдық сауаттылық теориялық білімді іс жүзінде қолдануға, нақты мәселелерді шешуге және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Пәнаралық: ол білімнің әртүрлі салаларын біріктіреді, студенттерде әлем және олардың ондағы орны туралы тұтас түсінік қалыптастырады.

Дағдыларды дамыту: сыни ойлауды, қарым-қатынас дағдыларын, ақпаратпен жұмыс істеу және басқа адамдармен жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал етеді.


Болашақ мамандыққа дайындық: функционалдық сауаттылығы бар түлектер еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болады.

Функционалды сауаттылықты қалай біріктіруге болады? Функционалдық сауаттылықты арнайы пәндердің оқу бағдарламаларына біріктірудің бірнеше тиімді әдістері бар:

Жобалық қызмет: нақты проблемаларға байланысты тапсырмалар студенттерден теорияны білуді ғана емес, оларды іс жүзінде қолдана білуді, ақпарат іздеуді және шешім қабылдауды талап етеді.

Осы әдісті, 04110100 – Есеп және аудит, 4S04110102 – Бухгалтер біліктілігі бойынша студенттер теориялық білімін қорытынды аттестация кезінде көрсетеді, студенттерге тапсырмалар беріледі, тапсырманы кәсіпорынның құрылған кезінен бастап, бір айға барлық мәліметтер бойынша ІС: бухгалтерия бағдарламасында есебін жасайды, қаржылық есеп беру нысандарын қалыптастырады.

Мысалы былтырғы 2023-2024 оқу жылында осы мамандық бойынша 73 студент қорытынды аттестация тапсырды, 62% -ы 90 баллдан жоғары және 38% -ы 70-90 баллға дейін тапсырды.



Ақпараттық технологияларды қолдану: студенттерге үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеуге, деректерді іздеуге және талдауға, презентациялар мен цифрлық өнімдердің басқа түрлерін жасауға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандай 04110100 – Есеп және аудит, 4S04110102 – Бухгалтер біліктілігін дайындағандықтан, ақпараттық технологияның көмегімен студенттер ІС: Бухгалтерия бағдарламасы бойынша жұмыс жасай алады.

Кейс-әдіс: нақты жағдайларды талдау студенттерге аналитикалық қабілеттерін дамытуға, белгісіздік жағдайында шешім қабылдауға және өз көзқарастарын дәлелдеуге көмектеседі.

Бүгінде экономикалық және әлеуметтік мамандықтар бойынша білім алудың тиімді әдістерінің біріне арналған Кейс-стади әдісі теориялық білім алған студенттерді болашақ мамандықтың практикасына негізделген әрекеттерге баулиды. Кейс-стади- таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Мысалы: Жұмысшыға 100000 теңге есептелген. Қолға берілген сомасы 83488 теңге. Жұмысшы қолға берілетін сома 85488 болу керек деп бухгалтермен дауласты. Не үшін 83488 теңге есептелген. Қатені табыңыз.

Осы берілген жағдаятқа қандай шоттар байланысы құрылады? Қолға берілгенге дейінгі есептеу жолдарын көрсетіңіз.

Пәнаралық жобалар: бірнеше пәндерді біріктіру студенттерге әртүрлі білім салалары арасындағы байланысты көруге және күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Қазіргі білім беру бағдарламасына сай модульдік технологияны қолдануды айтар едім. Әр оқыту нәтижесінен кейін ретімен студент білімдері толықтырылып, тәжірибемен байланыстырылып отырылады. Мысалы: 04110100 – Есеп және аудит, 4S04110102 – Бухгалтер біліктілігі бойынша оқыту бағдарламасында 5 кәсіптік модуль қарастырылған.

Осы мамандық бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының ішінде болдым.

Қазіргі білім берудегі функционалдық сауаттылық ұғымы сауаттылықты оқу және жазу қабілеті ретінде дәстүрлі түсінуден асып түседі. Ол адамға қоғамда және кәсіби қызметте табысты өмір сүру үшін қажетті дағдылардың кең спектрін қамтиды. Жоғары білім контекстінде функционалдық сауаттылық студенттің алған білімін іс жүзінде қолдану, мәселелерді шешу, сыни тұрғыдан ойлау және басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін білдіреді.

Студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы арнайы пәндердің рөлін асыра бағалау қиын. Арнайы пәндерді оқу барысында студенттер теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемнің тез өзгертін жағдайларына бейімделуге мүмкіндік беретін практикалық дағдыларды алады.

Арнайы пәндерді оқыту процесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі бағыттары:

Сыни ойлауды дамыту: әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау, деректердің дұрыстығын бағалау, өз пікірін тұжырымдау, дәлелді пайымдаулар жасау. Мысалы: арнайы пәндерді оқыған кезде кәсіпорындармен ұйымдардың бухгалтерлік балансымен танысып, тараулары мен бөлімдерін зерттеп, талдау жасайды.

Қарым-қатынас дағдыларын арттыру: топта тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндігі, жұмыс нәтижелерін ұсыну, ғылыми пікірталастар жүргізу, ғылыми мақалалар мен баяндамалар жазу. Былтырғы оқу жылында бірнеше студенттерді баяндамалар жазуға және бизнес жобалар жасауға дайындадым, тақырыптары: 1. Виртуалды білім берудің пайдасы, 2. Су асты мейрамханасы, 3. Revegen шығарған плитка-генератордың экологиялық пайдасы, 4. Кайдзеннің қазіргі замандағы рөлі және т.б.. Осы студенттермен дайындаған баяндамалар мен бизнес жоспарлар тек жүлделі орындарды иеленді.

Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру: әр түрлі көздерден (кітапханалар, мәліметтер базасы, интернет) ақпаратты іздеу және талдау, әр түрлі форматтағы ақпаратты жобалау және ұсыну, кәсіби мәселелерді шешу үшін ақпараттық технологияларды қолдану.

Проблемаларды шешу дағдыларын дамыту: проблемалық жағдайларды талдау, стандартты емес шешімдерді іздеу, қабылданған шешімдердің тиімділігін бағалау.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру: теориялық білімді практикада қолдану, жабдықтар мен құралдармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын дамыту, зерттеу әдістерін меңгеру.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы оқытушының рөлі:

Ынталандырушы білім беру ортасын құру: студенттердің тәуелсіздігі мен шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған оқу процесін ұйымдастыру, оқытудың әртүрлі әдістері мен әдістерін қолдану.

Студенттерге жеке қолдау көрсету: студенттерге оқу қызметі мәселелері бойынша кеңес беру, қажетті дағдыларды дамытуға көмектесу.

Өз педагогикалық құзыреттерін үнемі жетілдіру: оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын зерттеу, кәсіби қауымдастықтарға қатысу..

Студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру-бұл оқытушылардың, студенттердің және колледж әкімшілігінің бірлескен күш-жігерін талап ететін күрделі және көп қырлы процесс. Функционалдық сауаттылық білім берудің түпкі мақсаты емес, қазіргі әлемнің өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделуге бағытталған тұлғаның үздіксіз даму процесі екенін түсіну маңызды.

Перспективалар:

Оқытушылардың біліктілігін арттыру: оқытушылар үшін тренингтер мен семинарлар өткізу.

Заманауи технологияларды қолдану: оқу процесіне цифрлық құралдарды белсенді енгізу.

Тәжірибешілер қауымдастығын құру: оқытушылар арасында тәжірибе және үздік тәжірибелермен алмасу.

Функционалдық сауаттылықты арнайы пәндердің оқу бағдарламаларына біріктіру-бұл жай ғана сән ағымы емес, қазіргі әлемнің талаптары талап ететін қажеттілік. Бұл тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын және күрделі мәселелерді сәтті шеше алатын мамандарды қалыптастыру.

Арнайы пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықтың нәтижесінде студенттердің білімдерін тереңдету, нығайту, пәнге деген қызығушылықты арттыру, өз бетімен жұмыс істеуге, іздену-зерттеу жұмыстарына үйрету және де өз ойларын еркін жеткізуге дағдылану.

«Шәкірт- нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші студенттердің жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мектептің басты мақсаттарының бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Техникалық және кәсіптік білім беру қызметкерлерінің ІІІ облыстық педагогикалық оқулары, «Техникалық және кәсіптік білім берудегі инновация, ізденіс, шешім» 29 ақпан 2016 ж, Баяндамалар жинағы,358 б
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері // А. Әлімов // Алматы, 2013. – 446 б
3. Интернет-ресурстар

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕПІЛІ

Ж.Г.Сахибеденова

Түлкібас агробизнес және саяхат колледжі, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,
Т.Рысқұлов ауылы.

Андатпа. Функционалдық сауаттылық – бұл жеке тұлғаның білімді қолдана білу, ақпаратты тиімді өңдеу және өмірлік мәселелерді шешу қабілетін дамытуға бағытталған маңызды білім саласы. Бұл мақалада функционалдық сауаттылықтың білім беру жүйесіндегі маңызы және оны дамыту жолдары талқыланады. Заманауи қоғамдағы функционалдық сауаттылықтың рөлі мен тиімді оқыту әдістері қарастырылады. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында қолданылатын инновациялық тәсілдерге назар аударылады.

Аннотация. Функциональная грамотность является важной составляющей в образовании, направленной на развитие способности личности использовать знания, эффективно обрабатывать информацию и решать жизненные проблемы. В данной статье рассматривается значение функциональной грамотности в системе образования и пути ее развития. Обсуждаются роль функциональной грамотности в современном обществе и эффективные методы обучения, а также инновационные подходы, применяемые для воспитания грамотных граждан.

Annotation. Functional literacy is a key aspect of education aimed at developing an individual's ability to apply knowledge, process information effectively, and solve real-life problems. This article explores the significance of functional literacy in the education system and ways to develop it. It discusses the role of functional literacy in modern society and effective teaching methods, as well as innovative approaches to cultivating an educated and capable generation.

Функционалдық сауаттылық – сапалы білім берудің кепілі. Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықтың маңызы ерекше. Ол білім алушының тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар оны күнделікті өмірде тиімді қолдану қабілетін де дамытуға бағытталған. Бұл, әсіресе, ақпараттық қоғамның барлық салаларында маңызды, себебі адамзаттың өмірі мен жұмысы технологиялардың дамуына және ақпаратты дұрыс пайдалануға тікелей байланысты.

Қазіргі таңда әлемдегі білім беру жүйесі мен қоғамның дамуы білімді азаматтарды қалыптастыруды басты мақсат етіп отыр. Бұл бағытта маңызды орын алатын

ұғымдардың бірі — функционалдық сауаттылық. Функционалдық сауаттылықтың мазмұны тек білім алумен шектелмей, адамның алған білімін күнделікті өмірде, әртүрлі жағдайда қолдану дағдыларын қалыптастыруды қамтиды. Бұл мақалада функционалдық сауаттылықтың маңызы, оның сапалы біліммен байланысы және қазіргі білім беру жүйесіндегі рөлі талқыланады.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі аспектілері:

1. Мазмұнды түсіну және қолдану: Оқушылар мен студенттер тек алған білімін түсініп қана қоймай, оны өмірдегі нақты жағдайларда пайдалана білуі керек. Бұл тұрғыда функционалдық сауаттылық тек оқу пәндерінен ғана емес, өмірдің әртүрлі салаларынан ақпаратты тиімді қабылдау мен қолданудан тұрады.

2. Ақпаратты өңдеу және талдау: Қазіргі қоғамда ақпараттың көлемі үнемі артып келеді. Бұл ақпаратты өңдеу, бағалау, талдау және қолдану қабілеттерін дамыту қажеттілігін туғызады. Мұның бәрі функционалдық сауаттылықтың маңызды құрамдас бөліктері болып табылады.

3. Шешім қабылдау дағдылары: Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру барысында білім алушының дұрыс шешімдер қабылдай білуі, әртүрлі ақпарат көздерін салыстырып, қорытынды жасау дағдылары маңызды болып табылады. Бұл дағды күнделікті өмірде және кәсіби салада үлкен мәнге ие.

Функционалдық сауаттылықтың анықтамасы

Функционалдық сауаттылық дегеніміз — жеке адамның алған білімін нақты өмір жағдайларында тиімді пайдалану қабілеті. Бұл тек оқып, жазуды білумен ғана шектелмейді, сонымен қатар жеке тұлғаның логикалық ойлау, мәселені шешу, ақпаратты өңдеу, дұрыс шешім қабылдау қабілеттерін де қамтиды. Білім алушының қоғамдағы түрлі міндеттерді орындауға, әлеуметтік ортада өз орнын табуға дайындығы оның функционалдық сауаттылығына тікелей байланысты.

Функционалдық сауаттылықтың түрлері

Функционалдық сауаттылық әртүрлі бағыттар бойынша жіктеледі. Олардың ішінде:

– Математикалық сауаттылық – есептерді шешу, деректерді дұрыс түсіну және қолдану қабілеті;

– Ақпараттық сауаттылық – ақпаратты іздеу, таңдау, өңдеу және қолдану дағдылары;

– Қаржылық сауаттылық – қаржы және экономика негіздерін түсіну, жеке қаржыны тиімді басқару дағдылары;

– Әлеуметтік сауаттылық — қоғамда өмір сүру үшін қажетті әлеуметтік дағдылар мен білімдер.

Функционалдық сауаттылықтың сапалы біліммен байланысы Функционалдық сауаттылық пен сапалы білім арасындағы байланыс өте тығыз. Оқушылар мен студенттер тек теориялық біліммен ғана емес, практикалық дағдылармен де қарулануы қажет. Әрбір оқушының алған білімін өмірде қолдану қабілеті оның сауаттылығының деңгейін көрсетеді. Егер білім беру процесі тек

теорияға ғана сүйенсе, онда түлектер қоғамның нақты талаптарына жауап бере алмайды. Ал функционалдық сауаттылықты арттыру арқылы, білім алушылардың мәселелерді шешу қабілеттері, инновациялық ойлау дағдылары, өз бетінше жұмыс істей алу қабілеттері дамиды.

Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары Қазақстанның білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған түрлі жобалар мен бағдарламалар іске асырылуда. Мысалы, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында функционалдық сауаттылықты арттыру маңызды міндет ретінде қарастырылған. Бұл бағдарламаның аясында мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен технологиялары енгізілуде. Жоба бойынша оқушыларға сыни тұрғыдан ойлау, мәселелерді шешу, ақпаратты талдау және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларына көп көңіл бөлінеді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары:

1. Инновациялық оқыту әдістері: Технологиялар мен интернет ресурстарын тиімді пайдалану білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жобалық жұмыстар, кейс-стадилар, топтық жұмыстар сияқты инновациялық әдістер білім алушылардың дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

2. Кросс-пәндік білім беру: Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін пәндердің бірігуі мен өзара байланысы маңызды. Бұл оқушылардың білімді әртүрлі салада тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

3. Оқытушының рөлі: Мұғалімдер тек білім беруші емес, сонымен қатар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын нұсқаушы, бағыттаушы болып табылады. Оқытушыларға арнайы дайындықтар мен семинарлар өткізу арқылы функционалдық сауаттылықты дамытуда маңызды рөл атқарылады.

В современных условиях информационного общества, традиционные средства обучения, образовательные технологии, учебный материал на бумажных носителях перестает быть актуальным еще до их попадания в учебные заведения, не успевая за мобильностью информационно-коммуникационного взаимодействия в открытом информационно-образовательном пространстве [2]. Современные социально-экономические условия и информационно-коммуникационные технологии выдвигают новые требования к учебным заведениям ТиПО, к выпускнику. На сегодняшний день образовательные учреждения имеют компьютеры, цифровые образовательные ресурсы (ЦОР) для совершенствования учебного процесса.

Я в своей педагогической деятельности широко использую цифровые образовательные ресурсы и информационно – коммуникационные технологии (ИКТ), что позволяет использовать ресурсы медиатеки на занятиях электротехнических дисциплин. Работа с ЦОР усилила наглядность моих учебных занятий, позволила оживить занятия, вызвать у студентов интерес к изучаемым предметам, подключила одновременно нескольких каналов представления

информации. Применение ЦОР в учебном процессе позволяет активизировать, разнообразить деятельность студентов на занятиях, а учебный материал делать более разнообразным и содержательным, т.е. повышать эффективность обучения, иметь возможность научить применять компьютерную технику для решения учебных и трудовых задач, повышать мотивации к учению, развивать наглядно-образное мышление, формировать навыки работы с информацией [3]. Благодаря мультимедийному сопровождению занятий, экономится до 30% учебного времени, нежели при работе с мелом у классной доски. Я использую ЦОР не только в учебной, но в воспитательной и научно- исследовательской работе.

Следует отметить, что подготовка к любому занятию с использованием ИКТ, конечно, кропотливая, требующая тщательной переработки разнообразного материала, но она становится творческим процессом, который позволяет интегрировать знания в инновационном формате [4]. А зрелищность, яркость, новизна компьютерных элементов занятия в сочетании с другими методическими приемами, делают урок необычным, запоминающимся.

Неотъемлемой частью содержания образования является объективная и достоверная система оценки учебных достижений студентов. Самые различные способы проверки знаний и умений существовали во все времена. Внедрение ИКТ повышает объективность при проведении контроля знаний студентов.

Совместно с преподавателем – программистом мною создана программа для ЭВМ – электронное учебное пособие "Тестовая программа для промежуточного и итогового контроля знаний по дисциплине «Теоретические основы электротехники»" для специальности 07130100 Электрооборудование (по видам и отраслям).

Данная тестовая программа позволяет:

- активизировать учебный процесс,
- индивидуализировать обучение,
- закреплять изучаемый материал в виде тестов как по отдельным разделам, так и по курсу дисциплины в целом с использованием информационно-коммуникационных технологий,
- развивать информационную культуру студентов,
- повышать объективность при проведении контроля знаний студентов за счет внедрения ИКТ на этапе промежуточной и итоговой аттестации по дисциплине «Теоретические основы электротехники».

Тестовая программа может быть использована студентами, как тренажер при подготовке к экзамену по дисциплине «Теоретические основы электротехники», т.е. к итоговой аттестации знаний. Преподаватель, в свою очередь, имеет возможность ознакомиться с выполненными студентами заданиями и их результатами. Высокая степень наглядности представленного материала в электронном учебном пособии, комплексность и интерактивность делают

программу незаменимыми помощниками, как для обучаемых, так и для обучающихся.

При запуске программы пользователи могут выбрать язык тестирования (русский или казахский), ознакомиться со списком использованной литературы, с коллективом авторов, либо сразу начать тестирование, нажав на кнопку «Далее» (рисунок 1)



Рисунок 1 – Начальная форма проекта.

При нажатии кнопок «RU» или «KZ» произойдет смена языка приложения.

При нажатии «Об авторах» и «Литература» произойдет переход в соответствующий раздел приложения (рисунок 2).



Рисунок «Об

2 – Разделы «авторах» и

«Литература».

При нажатии кнопки «Далее» откроется окно «режим тестирования» (рисунок 3), т.е. по какой теме, будет выполнено тестирование.




Рисунок 3 –

Окно выбор режима тестирования.

Начав тестирование, в окне указывается вопрос и 5 вариантов ответов (слева), номер вопроса по порядку и выбранный вариант ответа (справа), а также сразу рассчитывается текущий результат пользователя в процентах (рисунок 4).



Рисунок 4 – Окно тестирования.

По окончании тестирования (рисунок 5), в окне показан результат, процент выполненных (и количество) правильных ответов и предложение «Далее», позволяющее вернуться к началу работы.



Рисунок 5
Окно

вывода результатов тестирования.

Электронное учебное пособие реализуют функциональные возможности:

- наглядность, что обеспечивает осознание студентами учебной информации, формирование представлений и понятий;
- закрепление знаний, как по отдельным разделам, так и по курсу дисциплины в целом;
- возможность отслеживать динамику результатов, просматривать их историю.

В качестве среды разработки данного пособия была выбрана среда Adobe Animate – мощный инструмент для создания и отладки мультимедийных приложений на языке программирования Action Script 3.0 в среде разработки Adobe Animate.

Данная тестовая программа не требует установки специального программного обеспечения, так как скомпилировано в формат исполняемого файла .exe, включающим в себя все необходимые для работы ресурсы.

Список литературы:

1. Закон Республики Казахстан от 8 мая 2003 года N 412 "Казахстанская правда" от 14 мая 2003 года N 138-139.
2. Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании. М.: Полиграфический участок Института общеобразовательной школы Российской академии образования, 1994. 216 с.

3. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса: методические основы. М., 1982. 375 с.
4. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В., Краснова Г.А., Роберт И.В., Щенников С.А. и др. Теоретические основы создания образовательных электронных изданий. - Томск: Изд-во Томского университета, 2002.- 86 с.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Тілеубайұлы Әнуарбек, Ерғазы Бақтияр Махмұджанұлы
Қызылорда облысы, Қазалы қаласы, «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Андатпа. Қазіргі заманғы жастар арасындағы дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, дене тәрбиесі сабағында функционалдық сауаттылығын арттыру болап табылады.

Аннотация. Формирование физического воспитания и здорового образа жизни у современной молодежи заключается в повышении функциональной грамотности на занятиях по физическому воспитанию.

Annotation. Forming physical education and healthy lifestyle among modern youth is to increase functional literacy in physical education classes.

Қазіргі кезде адамдар мен қоғамның салауаттылығы бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Өйткені, әрқайсымыздың денсаулығымыз – бұл жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ еліміздің дамыған елдер қатарына қосылу үшін де қажетті шарт. Яғни, адамдардың денсаулығы да сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты.

Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады.

Дене тәрбиесінде білім беру — бұл дене шынықтыру және спорттық дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын оқу процесі. Оның басты

мақсаты — дене тәрбиесі арқылы балалардың денсаулығын нығайту, олардың бойында үйлесімді дамуды қалыптастыру, физикалық және рухани күштерін дамыту.

Дене тәрбиесі сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту — оқушылардың денсаулық сақтау, спорт, дене шынықтыру және қозғалыс дағдыларын меңгеру арқылы өмірде дұрыс таңдау жасау қабілеттерін арттыруға бағытталған. Функционалдық сауаттылықты дамыту — бұл тек пәндік білімдерді меңгеру емес, сонымен қатар алған білімдерді нақты өмірде қолдану, түрлі жағдайларға сай шешімдер қабылдай алу.

Функционалдық сауаттылық — бұл адамның өмірде қажетті ақпаратты табу, оны түсіну, талдау және қолдана білу қабілеті. Дене тәрбиесінде функционалдық сауаттылық студенттердің немесе оқушылардың дене шынықтыру және спорт саласындағы білімдерін, дағдыларын тиімді пайдалану, денсаулықты сақтау, физикалық белсенділікті арттыру, дұрыс өмір салтын қалыптастыру қабілетін қамтиды.

Дене тәрбиесінің функционалдық міндеттері — бұл оның қоғамдық және жеке тұлғааралық дамуда атқаратын маңызды рөлін сипаттайды. Осы міндеттер арқылы дене тәрбиесі оқушылардың денсаулығын сақтауға, физикалық және психоэмоционалдық дамуына ықпал етеді.

Дене тәрбиесінде функционалдық сауаттылықтың мәні мен міндеттері:

1. Денсаулықты сақтау мен нығайту: Функционалдық сауаттылық денсаулықты сақтау мен нығайтуға байланысты ақпаратты түсіну және оны күнделікті өмірде пайдалану қабілетін қамтиды. Бұл дене шынықтыру сабақтарында дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу, дене белсенділігін арттыру және физикалық жүктемелерді дұрыс үйлестіру сияқты мәселелерді дұрыс қабылдап, өмірде қолдану дағдыларын дамытуға негізделеді.

2. Дене жаттығуларын таңдау және дұрыс орындау: Функционалдық сауаттылықты меңгерген студент дене жаттығуларын дұрыс таңдайды, оларды орындау техникасын біледі және жаттығулардың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы ақпаратты игереді. Мысалы, дене жаттығуларын орындау кезіндегі техникалық қателіктерді болдырмау, жаттығулардың әртүрлі топтарын (жылдамдық, төзімділік, күш, икемділік) үйлестіру.

3. Физикалық даму деңгейін бағалау: Функционалдық сауаттылыққа ие адам өз денсаулығын және физикалық дамуын бақылап, оны бағалай алады. Бұл жеке дене көрсеткіштерін (жүрек соғу жиілігі, тыныс алу, бұлшық ет күштері, икемділік) өлшеу, олардың нәтижелерін талдау және дұрыс әрекет ету тәсілдерін таңдау қабілетін білдіреді.

4. Спорттық және дене шынықтыру жаттығуларының артықшылықтарын түсіну: Дене тәрбиесінде функционалдық сауаттылықты дамыту студенттерге спорттың денсаулыққа пайдасын түсінуге көмектеседі. Бұл тұрғыда сауаттылық тек дене жаттығуларын орындау ғана емес, сонымен қатар олардың ағзаға қалай

әсер ететінін білу, спорттың әртүрлі түрлерінің ерекшеліктерін түсіну болып табылады.

5.Стрессті басқару және психологиялық тұрақтылық: Дене тәрбиесі психоэмоционалдық аспектілерді де қамтиды. Функционалдық сауаттылық студенттерге стрессті жеңу және психологиялық денсаулықты сақтау үшін дене жаттығуларын қолдануды үйретеді. Мысалы, жүйелі жаттығулар стресс деңгейін төмендетуге және көңіл-күйді көтеруге көмектеседі.

6.Өмір бойы белсенді өмір салтын ұстану: Дене тәрбиесінде функционалдық сауаттылық дене белсенділігін тұрақты түрде қолданып, белсенді өмір салтын қалыптастыруды көздейді. Бұл адамның өмірінің әр түрлі кезеңдерінде физикалық белсенділікті сақтау қабілетін дамытуға бағытталған.

Арнайы білім беру оқу бағдарламасын дене тәрбиесі сабағында функционалдық сауаттылықты енгізу – бұл оқушылардың дене шынықтыру және спорттық қызметтер арқылы өз денсаулығына, қозғалыс әрекеттеріне байланысты білімдерін дамытып, оларды күнделікті өмірде қолдануға үйрету процесі. Функционалдық сауаттылық оқушының әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін қажетті ақпаратты табу, түсіну және қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Дене тәрбиесі сабағында бұл бағытты жүзеге асыру үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1.Теориялық білімдер мен дағдыларды үйрету: Студенттерге дене шынықтыру саласындағы негізгі ұғымдарды (дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты, жаттығулардың түрлері) түсіндіру.Спорттық ойындардың ережелері мен техникасын үйрету арқылы студенттерге функционалдық сауаттылықты дамыту. Мысалы, футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, қазақтың ұлттық ойындары сияқты ойындардың ережелері мен ойын барысындағы шешімдер туралы ақпарат беру.

2.Қозғалыс дағдыларын дамыту: Студенттердің дене жаттығуларын дұрыс орындауға, әртүрлі спорт түрлерінде қажетті қозғалыс қабілеттерін дамытуға баулу.

Дене тәрбиесі сабағында функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі тәсілдері болады.

1. Денсаулық сақтау және алдын алу дағдыларын қалыптастыру:Студенттерге денсаулықты сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру.Жарақаттанудың алдын алу және алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын үйрету. Жаттығулардың дұрыс орындалу техникасын көрсету.

2.Қозғалыс дағдыларын дамыту:Әр түрлі спорт түрлері мен дене жаттығуларын үйрету арқылы қозғалыс дағдыларын жетілдіру.Қозғалыс барысында дене мүшелерінің дұрыс жұмыс істеуі, тыныс алу, тепе-теңдік сақтау сияқты маңызды аспектілерді түсіндіру.

3. Дұрыс тамақтану мен дене белсенділігі арасындағы байланыс:Студенттерді дұрыс тамақтануға ынталандыру, фитнес пен денсаулық үшін қажетті энергияны

қалай алу керектігін түсіндіру. Спортпен айналысатын адамның ағзасы үшін қандай тағамдар мен сұйықтықтар пайдалы екенін көрсету.

4. Қауіпсіздік ережелерін үйрету: Спорттық жаттығулар мен ойындар кезінде қауіпсіздікті сақтау туралы нұсқаулықтар беру. Жаттығу алдында және кейінгі қыздыру мен салқындату жаттығуларының маңыздылығын түсіндіру.

5. Өзін-өзі реттеу және мотивация: Студенттерге өз күштерін дұрыс бағалауға, жетістіктерін бақылауға және мақсаттар қоюға үйрету. Физикалық белсенділікті тұрақты ету үшін өзін-өзі ынталандыру мен мотивацияны дамыту.

6. Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Командалық спорттар арқылы студенттерді өзара әрекеттесуге, ынтымақтастық пен жауапкершілікке үйрету.

Дене тәрбиесі сабағы әлеуметтік ортада қарым-қатынас дағдыларын, сондай-ақ көшбасшылық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

7. Кәсіби даярлық: Кейбір мамандықтар физикалық күшпен шыдамдылықты қажет етеді. Студенттер дене тәрбиесі арқылы өз мамандықтарына байланысты физикалық дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік алады. Мысалы спорт, дене шынықтыру немесе басқа да физикалық күшті қажет ететін салаларда білім алып жатқан студенттерге бұл маңызды міндет болып табылады.

8. Тұрақты физикалық белсенділікке ынталандыру: Студенттерді тек сабақта ғана емес, күнделікті өмірде де физикалық белсенділікке тарту. Спортпен шұғылданудың артықшылықтарын түсіндіре отырып, студенттердің дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттыру.

Дене тәрбиесі сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылардың тек дене шынықтыру деңгейін арттырып қоймай, сонымен қатар өмір бойы денсаулықты сақтау, дұрыс тамақтану, қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, қоғамдағы өз орнын табу сияқты маңызды қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған. Мұның бәрі жастарды белсенді, сау және жауапкершілікті азамат ретінде тәрбиелеуге көмектеседі.

Сондықтан да оқытушы сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім студенттермен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық студенттердің дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру. Барлық студенттер өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл студенттер арасындағы бәсекелестікті және әр студенттің өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. – Алматы: Санат, 2000ж.

2. «Мектептегі дене шынықтыру» журналы, № 2, 201
3. Дене тәрбие жүйесінің мазмұны мен негіздері. //Ұлт тағылымы. № 4. – Алматы, 2005.
4. Мухтаров С.М.. Дене тәрбиесі сабағында // Қазақстан мектебі., 2001. – № 6 .
- 5.Танекеев М.Т. Қазақстандағы дене тәрбиесі. Алматы, 2001.
- 6.Уанбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы, 2001.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Н.Ж. Тілеубергенова

Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары аграрлық-техникалық колледжінің
ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, Ақтөбе қаласы

Андатпа. Мақалада ағылшын тілі сабақтарында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары, соның ішінде тәжірибеге бағытталған оқыту әдісі арқылы коммуникативтік сауаттылықты дамыту жолдары қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются пути развития функциональной грамотности обучающихся на занятиях английского языка, в том числе способы развития коммуникативной грамотности посредством практико-ориентированного метода обучения.

Annotation. The article discusses ways of developing students' functional literacy, including the ways of developing communicative literacy through a practice-oriented teaching method.

Қазіргі таңда әртүрлі саладағы жас мамандардың бәсекеге қабілетілігі мәселесі айтарлықтай өзекті. Тәжірибе көрсеткендей, қазақстандық білім алушылар пәндік құзыреттіліктерді барынша жақсы игере тұра, өз білімдерін күнделікті өмірде қолдануда және түрлі формада ұсынылған ақпараттармен жұмыс істеуде қиналады. Мұның ең басты себептерінің бірі, бұл практикалық тапсырмалардың қоршаған орта шындығынан алшақтығы және білім мазмұнының тәжірибеге бағытталуының жеткіліксіздігі.

Функционалдық сауаттылық бүгінгі таңда халық әл-ауқатының маңызды индикаторына айналды, ал білім алушының функционалдық сауаттылығы білім деңгейінің маңызды көрсеткіші болып есептеледі. Ресейлік лингвист, психолог, психология ғылымдарының докторы А.А.Леонтьевтің анықтамасы бойынша, функционалдық сауаттылық - адамның өмір бойы алған білімін адам қызметінің, қарым-қатынастың және әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларында кездесетін өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін пайдалана білу

қабілеті[1]. Заманауи адам әлемде болып жатқан өзгерістерге тез бейімделіп, икемделуі тиіс. Біздің заманымыз – ақпарат дәуірі, соңғы онжылдықта ақпарат көлемі мен мазмұны 5 жыл сайын емес, 2 жыл сайын өзгеріп жатыр. Қазір адамның қандай да бір фактілерді білуі емес, оның ақпараттар ағынына төтеп беруі бірінші орында тұр. Қазіргі білім беру пәндік білімді емес, оның көмегімен мәселелерді шешуді алдыңғы орынға қояды.

Бүгінгі таңда шетел тілін меңгеру – кәсіби құзыреттілікке қойылатын талаптардың бірі. Шетел тілі бізге басқа елдердің мәдениетімен және салт-дәстүрімен танысуға, сыни тұрғыда ойлауға мүмкіндік береді. Шет тілін оқытудың негізгі мақсаты еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыру және білімді практикада қолдану, сондықтан ағылшын тілі сабақтарында оқытушы функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың барлық бағыттары бойынша жұмыс жасайды десем қателеспеймін.

Ағылшын тілі сабақтарында қалыптасатын функционалдық сауаттылық мазмұнына мыналар кіреді:

- сауатты сөйлеу және жазуды меңгеру;
- күнделікті өмірде диалогқа түсуге қабілеттілік;
- өз бетінше мәселені қалыптастыру және шешу қабілеттілігі.

Ағылшын тілін оқыту барысында түрлі тәсілдер арқылы функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуге болады. Дегенмен, шет тілін оқытудың негізгі құрамдасы білім алушылардың қызығушылығы болып табылады [2]. Сондықтан мен ағылшын тілі сабақтарында негізінен ойын әдісін қолданамын, сондай-ақ жобалау әдісін, бейнероликтер арқылы оқыту әдісін, тәжірибеге бағытталған оқыту әдісін және сыни ойлау әдістерін, цифрлық платформалардың мүмкіндіктерін қолдану арқылы білім алушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыруға басымдық беремін.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыты – оқу сауаттылығы. Ағылшын тілі сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыру мақсатында мәтінмен жұмыс істеуді сыни ойлау әдістері арқылы қызықты әрі тиімді етіп ұйымдастыруға болады.

Ағылшын тілі сабақтарында қалыптастырылатын функционалдық сауаттылықтың бір бағыты, бұл сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде еркін сөйлеуді көздейтін коммуникативтік сауаттылық. Коммуникативтік сауаттылықты дамытудың мақсаты басқа біреудің ауызша және жазбаша сөзін барабар түсіну және өз ойын өз бетінше жеткізе алу.

Коммуникативтік сауаттылықты қалыптастыруда тәжірибеге бағытталған оқыту әдісін рольдік ойындармен біріктіре отырып оқыту әдісін қолдану өте тиімді деп айтар едім. Өз тәжірибемде ағылшын тілі сабақтарында мамандықтың ерекшелігіне қарай ситуациялық жағдаяттар туғызып, білім алушыларды рольдік ойындарға жұмылдыра отырып сөйлеуін дамытуға мүмкіндік жасаймын. Оқыту

тәсілі ретінде ойын әрекетінің төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

- білім алушыларға берілетін мотивация;
- өз еркімен қатысу мүмкіндігі;
- ұжым арқылы ұжымда оқыту және тәрбиелеу мүмкіндігі;
- психикалық функциялар мен қабілеттердің дамуы;
- қызығушылықпен оқу.

Оқытуда ойын әдісін қолдану, бұл белгілі бір дағдыларды қалыптастыру, нақты сөйлеу қабілетін дамыту, қарым-қатынас жасай алуға үйрету, тілдік материалды есте сақтау, қажетті қабілеттер мен психикалық функцияларды дамыту. Осы аталғандардың барлығы тәжірибеге бағытталған оқытудың міндеттері болып табылады[3].

Тәжірибеге бағытталған оқыту әдісін қолдана отырып, ағылшын тілі сабақтарының мамандыққа байланысты зертханаларда өткізуді өз тәжірибемде қолданып жүрмін. Мысалы, «Тағам өндірісін ұйымдастыру» мамандығы бойынша кейбір сабақтар тағам өндірісі зертханасында өтеді. «Ветеринария» мамандығы бойынша білім алып жатқан топтарда ағылшын тілі пәнінің кейбір сабақтары виварийде, ветеринарлық клиникада өтсе, «Агрономия» мамандығы бойынша кейбір сабақтар жылыжайда, тәлімбақта немесе өсімдіктерді өсіру зертханасында өтеді. Мұндай сабақтар білім алушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймайды, олардың алған білімін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік жасайды. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мақсатында тәжірибеге бағытталған оқыту әдісінің элементі ретінде білім алушыларға бейнеролик дайындау тапсырмаларын жиі беремін. 2-3 студент топтасып өтілген тақырыпқа сәйкес диалог құрып, оны рольдік ойын арқылы бейнероликпен көрсете алады. Мұндай тапсырмалар білім алушыларға тек диалог құрып қана қоймай, оны рольдік ойын арқылы трансляциялауға мүмкіндік береді. Тапсырмаларды орындау білім алушылардың ізденісін, шығармашылық қабілетін талап етеді, бірігіп ұжымда жұмыс істеуге жұмылдырады.

Қорытындылай келгенде, неміс педагогы Адольф Дистервегтің «Ешбір адамға даму мен білім болмысынан берілмеген. Кез-келген адам оған өз іс-әрекетімен, өз күшімен, өз еңбегімен жетуі керек" деген екен[3]. Заманауи білім беру мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген білім алушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Леонтьев Д. А., Леонтьева А. А., Тарасов Е. Ф. Алексей Алексеевич Леонтьев // Отечественные лингвисты XX века / Отв. ред. В. В. Потапов. — М.: Издательский Дом ЯСК, 2016. — С. 283—290.
2. Панфилова Е.И. К вопросу о формировании функциональной грамотности учащихся на уроках английского языка / Концепт: Современные научные исследования: актуальные теории и концепции. Шығарылым 3. 2015 ж.
3. Селевко Г. К. Заманауи білім беру технологиялары. Оқу құралы. М. 1998

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ НА УРОКАХ ПЕДАГОГИКИ

М.С. Тойынбекова

Жамбылский гуманитарный высший колледж имени Абая. г.Тараз

Аннотация. Бұл мақала колледж студенттерінің функционалдық сауаттылығын дамыту мәселелеріне арналған. Педагогиканы оқытудағы педагогикалық тәсілдерді қайта қарастыруға баса назар аударады. Бүгінгі таңда функционалды сауаттылық-бұл өмірлік мәселелерді шешуге арналған оқу және жазу дағдыларының жиынтығы.

Аннотация. Данная статья посвящена проблемам развития функциональной грамотности студентов колледжей. Акцентирует внимание на переосмыслении педагогических подходов в обучении педагогике. Функциональная грамотность на сегодняшний день - это совокупность навыков чтения и письма для решения жизненных задач.

Annotation. This article is devoted to the problems of the development of functional literacy of college students. Focuses on rethinking pedagogical approaches in teaching pedagogy. Functional literacy today is a set of reading and writing skills for solving life problems.

Понятие «функциональная грамотность» появилось в 1957 году применительно к взрослому населению, которое нуждалось в ликвидации своей неграмотности¹.

В целом функциональная грамотность - это способность человека использовать приобретенные в течение жизни знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений.

Современный же мир требует переосмысления педагогических подходов в обучении. Сегодня функционально грамотный студент - индикатор качества

образования. Одних теоретических знаний в жизни теперь недостаточно. То есть простое знание правильного счета, грамматики, правописания и чтения – не предел, нужно практическое применение знаний в реальных жизненных ситуациях и электронном мире. Акцент смещается на умение использовать полученную информацию и навыки в конкретных ситуациях. Процесс повышения функциональной грамотности длителен и логично встроен в учебную программу нескольких лет.

Каждый педагог при подготовке будущего педагога 12-летнего образования должен сформировать знания и профессиональные навыки, которые будут основой для формирования всесторонне-развитой и конкурентоспособной личности. Современный студент с развитой функциональной грамотностью обладает отличительными чертами:

- успешно решает разные бытовые проблемы;
- коммуникабелен и соответственно находит выход в различных социальных ситуациях;
- использует базовые навыки чтения и письма;
- выстраивает межпредметные связи, когда один и тот же факт или явление изучается, а затем и оценивается с разных сторон.

Индикаторами функциональной грамотности студентов могут служить такие показатели как:

Общая грамотность: написать сочинение, реферат; считать без калькулятора; отвечать на вопросы, не испытывая затруднений в построении фраз, подборе слов; написать заявление, заполнить какие-либо анкеты, бланки.

Компьютерная: искать информацию в сети Интернет; пользоваться электронной почтой; создавать и распечатывать тексты; работать с электронными таблицами; использовать графические редакторы; пользоваться обучающими платформами; использовать по максимуму инновационные технологии.

Грамотность действий в чрезвычайных ситуациях: оказывать первую медицинскую помощь пострадавшему; обратиться за экстренной помощью к специализированным службам; заботиться о своем здоровье; вести себя в ситуациях угрозы личной безопасности.

Информационная: находить и отбирать необходимую информацию из книг, справочников, энциклопедий и др. печатных текстов; читать чертежи, схемы, графики; использовать информацию из СМИ; пользоваться алфавитным и систематическим каталогом библиотеки; анализировать числовую информацию.

Коммуникативная: работать в группе, команде; расположить к себе других людей; не поддаваться колебаниям своего настроения, приспосабливаться к новым, непривычным требованиям и условиям, организовать работу группы.

Владение иностранными языками: перевести со словарем несложный текст; рассказать о себе, своих друзьях, своем городе; понимать тексты инструкций на

упаковках различных товаров, приборов бытовой техники; общаться с зарубежными друзьями и знакомыми на различные бытовые темы.

Для повышения качества образования и формирование функциональной грамотности студентов колледжей важно внедрять новые методики, включая использование электронных ресурсов и обучение в онлайн-формате. Это позволяет студентам активно применять свои знания, осваивать новые глобальные технологии, совершенствовать навыки и креативное мышление личности и развивать финансовую грамотность.

Функциональная грамотность студента колледжа – это цель и результат образования. Формирование функциональной грамотности – обязательное условие работы педагога. Задача педагога, преодолевая сложности и риски, радуясь успехам – решить ее. Решения, которые мы принимаем в этом направлении, не должны быть скоропалительными. Работа должна быть хорошо продумана, тщательно спланирована, проводиться системно, должна быть возможность оценивания результатов во времени. А в итоге, студент должен обладать: готовностью успешно взаимодействовать с изменяющимся окружающим миром, возможностью решать различные (в том числе нестандартные) учебные и жизненные задачи, способностью строить социальные отношения, совокупностью рефлексивных умений, обеспечивающих оценку своей грамотности, стремлением к дальнейшему образованию. Каждый студент должен шагать в ногу со временем в современной цифровой стране.

Список использованной литературы:

1. Алексашина И.Ю. Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся: учебно-методическое пособие: [текст] /
2. Ермоленко В.А., Перченков Р.Л., Черноглазкин С.Ю. Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях
3. Ермолаева С.А., Яковлева Т.В.; Технологии активного и интерактивного обучения в современном образовании// Учебное пособие для студентов вузов: Государственный социально-гуманитарный университет. - Коломна: 2022. С. 33.
4. Нурмуратова К.А., Функциональная грамотность как основа развития гармоничной личности в современных условиях. Текст научной статьи по специальности «Науки об образовании», Журнал/ Педагогическая наука и практика, 2019.
5. Смирнова С.В. Основы проектной и исследовательской деятельности обучающихся: учебное пособие для студентов педагогических специальностей.
6. Учебно-методический материал. Будякова Наталья Александровна. Функциональная грамотность как цель.

FLUTTER ФРЕЙМВОРКІН АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

О.Т. Тоқтасын

Жамбыл инновациялық жоғары колледжі, Тараз қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы цифрлық сауаттылықты арттыру үшін информатика пәнін жаңарту және Flutter фреймворкі арқылы мобильді қосымшалар жасауды оқыту қарастырылады. Оқушылардың цифрлық дағдыларын дамыту мақсатында білім беру жүйесі талданып, практикалық білім берудің маңыздылығы көрсетіледі. Flutter фреймворкінің мобильді қосымшаларды үйренуді жеңілдетіп, оқушылардың бағдарламалау дағдыларын дамытуға көмектесетіні зерттеледі.

Цифрлық экономиканың қарқынды дамуы оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруды талап етеді. Қазақстанда бұл бағытта жұмыстар жүргізіліп жатқанымен, информатика пәнінің оқу бағдарламасы мен оған бөлінген уақыт жеткіліксіз. Бұл мақалада оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруда Flutter фреймворкін қолданудың тиімділігі қарастырылады. Flutter - Google әзірлеген кросс-платформалық фреймворк. Зерттеудің мақсаты - Қазақстандағы цифрлық сауаттылық деңгейін талдау, информатика пәнінің мазмұны мен оқыту уақытын реформалау қажеттілігін анықтау және Flutter фреймворкін қолданудың тиімділігін дәлелдеу.

Негізгі бөлім

а) Қазақстанда цифрлық сауаттылықты арттыру қажеттілігі

Қазақстанда цифрлық сауаттылықты арттыру – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы. Цифрлық сауаттылық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен қатар, ақпаратты өңдеу, саралау және қауіпсіз пайдалануды қамтиды. Дегенмен, зерттеулер Қазақстандағы цифрлық сауаттылық деңгейінің, әсіресе ауылдық жерлерде, жеткіліксіз екенін көрсетеді [1]. Бұл проблеманың негізгі себептері - ақпараттық технологияларға қолжетімділіктің шектеулілігі және мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің төмендігі [2].

Білім беру бағдарламаларының цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталмауы да маңызды проблема. Цифрлық сауаттылықтың жеткіліксіздігі технологиялық прогреске ілесуді қиындатып, әлеуметтік теңсіздікті ушықтырады, сонымен қатар, интернет алаяқтығы мен киберқылмыстың өсуіне ықпал етеді. 2019 жылға дейін Қазақстанда ақпараттық технологиялар арқылы жасалған қылмыстардан келтірілген залал 28 миллиард теңгеден асты [3].

Осыған байланысты, цифрлық сауаттылықты арттыру, интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету және киберқылмыспен күресу – Қазақстан үшін басым бағыт. Бұл мәселені шешу үшін білім беру жүйесін жаңғырту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, интернетке қолжетімділікті кеңейту және ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру қажет.

б) Информатика пәнінің қазіргі жағдайының жеткіліксіздігі және оны жаңарту қажеттілігі

Қазақстанда информатика пәнінің оқу бағдарламасы теорияға бағытталған, бұл оқушылардың АКТ саласындағы практикалық дағдыларын жеткіліксіз дамытады. Қазақстанда информатикаға бөлінген сағат саны дамыған елдермен салыстырғанда төмен.

Эстония информатика сабағының сағат санын көбейтіп, жетістікке жеткен елдердің бірі [5]. Эстонияның тәжірибесі Қазақстан үшін үлгі бола алады. Информатика пәнінің оқыту уақытын ұлғайтып, оқу бағдарламасын жаңарту қажет. Жаңарту барысында заманауи технологияларды енгізу, практикалық дағдыларды дамыту маңызды.

в) Flutter фреймворкі арқылы мобильді қосымшалар жасауды оқытудың тиімділігі.

Flutter фреймворкі білім беруде тиімді, себебі ол кросс-платформалы, оңай үйренетін Dart тілін қолданады, жоғары өнімді және үлкен қауымдастыққа ие [6]. Зерттеулер мобильді қосымшаларды әзірлеуді үйрену арқылы оқушылардың интернет алаяқтығынан қорғану мүмкіндігі артатынын көрсетеді [7]. Flutter оқушылардың бағдарламалау дағдыларын дамытып, шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін арттырады [8].

г) Бұл бастаманың қоғамға тигізетін оң әсері.

Flutter фреймворкін білім беруге енгізу жастардың технологиялық дағдыларын дамытып, қоғамға оң ықпал етеді. Зерттеулер бұл әдістің тиімді екенін дәлелдейді [9]. Мобильді қосымшалар жасауды үйрену алаяқтықтан қорғануға көмектеседі [10]. Бұл бастама цифрлық қауіпсіздікті арттырып, технологияларды саналы пайдалану мәдениетін қалыптастырады.

Қорытынды

Қазақстанда цифрлық сауаттылықты арттыру және оқушылардың АКТ білімін жетілдіру қажет. Информатика пәні заман талабына сай жаңартылуы керек. Flutter фреймворкі арқылы мобильді қосымшалар жасауды оқыту оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуда тиімді құрал.

Информатика сабағын практикалық дағдыларды игеруге бағыттап, оқу бағдарламасындағы сағат санын көбейту маңызды. Цифрлық сауаттылықты мектептен бастап дамыту қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- [1] Katyetova, A., 2023. DEVELOPMENT OF ALGORITHMIC AND PROGRAMMING THINKING AT PRIMARY SCHOOL IN STATE EDUCATIONAL PROGRAMS. Trends in Education. <https://doi.org/10.5507/tvv.2023.001>.
- [2] Bykov, I., Gladchenko, I., Ibrayeva, G., & Myssayeva, K., 2019. Digital Literacy and Strategy of PR-education in Russia and Kazakhstan: Comparative Analysis. 2019 Communication Strategies in Digital Society Workshop (ComSDS), pp. 47-49. <https://doi.org/10.1109/COMSDS.2019.8709635>.
- [3] Temirzhanova, L., Imangaliev, N., Syzdykov, A., Eshnazarov, A., & Sagymbekov, B., 2019. Improving the Mechanism of Countering Certain Types of Fraud in the Republic of Kazakhstan. Journal of Advanced Research in Law and Economics. [https://doi.org/10.14505/JARLE.V9.5\(35\).33](https://doi.org/10.14505/JARLE.V9.5(35).33).
- [4] Lee, N., 2018. Fake news, phishing, and fraud: a call for research on digital media literacy education beyond the classroom. Communication Education, 67, pp. 460 - 466. <https://doi.org/10.1080/03634523.2018.1503313>.
- [5] Merimaa, Kertti & Lepik, Krista. (2020). Information literacy on the political agenda: An analysis of Estonian national strategic documents. 13. 183-201. 10.19195/1899-5101.13.2(26).3. [https://doi.org/10.19195/1899-5101.13.2\(26\).3](https://doi.org/10.19195/1899-5101.13.2(26).3)

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

Н.Т. Тоқташева

Талдықорған қаласының «Авиценна» медициналық колледж

Андатпа: Функционалды сауаттылық деңгейінің жоғарылауы жеке адамның мүмкіндіктеріне, оның саяси белсенділігіне, мәдени дамуына, әлеуметтік белсенділігі мен экономикалық мүмкіндіктеріне жағымды әсер етеді. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық- педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі функционалды сауаттылықтың мақсаты – тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол білім алу қағидасын баса ұстанып, өзін дамытудың маңызын тереңдете түседі. Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы - білім беру жүйесінде функционалды сауаттылығын бағалауға арналған заманауи ғылыми және әдістемелік тәсілдер қолдану.

Аннотация: Повышение уровня функциональной грамотности благоприятно сказывается на возможностях индивида, его политической активности, культурном развитии, социальной активности и экономических возможностях. Возникает необходимость обновления содержания образования и их технологически - педагогического совершенствования. Целью функциональной грамотности на уровне образования является не только путь в мир знаний и умений, но и стремление к саморазвитию с упором на принцип получения знаний.

Сегодня наша главная проблема-качество образования, это эффективный способ повышения качества образования - применение современных научных и методических подходов к оценке функциональной грамотности в системе образования.

Abstract. An increase in the level of functional literacy has a beneficial effect on the individual's capabilities, political activity, cultural development, social activity and economic opportunities. There is a need to update the content of education and their technological and pedagogical improvement. The goal of functional literacy at the educational level is not only the path to the world of knowledge and skills, but also the pursuit of self-development with an emphasis on the principle of obtaining knowledge. Today, our main problem is the quality of education, this is an effective way to improve the quality of education -the use of modern scientific and methodological approaches to assessing functional literacy in the education system.

XXI-ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Елбасымыздың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” еңбегінде қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балаларға тәрбие беру және оқытумен қамтылады деп көрсетті. Қазіргі жаңа талаптар оқушыға емес, қазіргі заман мұғаліміне қойылады, мұғалімдер тек «сабақ беруші» ғана емес, баланың оқу ортасын құра алатын адам болуы керек. Білім беру деңгейіндегі функционалдық сауаттылықтың басты мақсаты тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол білім алу қағидасын баса ұстанып, өзін дамытудың маңызын тереңдете түседі. Қолданыстағы сандық зерттеулер сауаттылықты танымдық ойлау процестері тұрғысынан жиі қарастырылады. Сандық зерттеулерден айырмашылығы сапалы зерттеулер мәдени теория мен сауаттылықтың сыни теориясына сүйенеді. Бүгінгі ғылым мен техниканың қарыштап даму заманында дәстүрлі оқыту технологиясының оқушылардың ғылым негіздерін мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермей отырғандығы оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелерінен көрінуде. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісін жандандырудың қазіргі педтехнологияларын жетілдіріп, оны пән сабақтарын оқытуда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлату үшін басты бағыт-бағдар берілуде.

Бүгінгі таңда колледждерде оқу-тәрбие үрдісінде түрлі инновациялық педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір пән сабақтарында қамту мүмкін емес.

Сондықтан, әрбір пәнді ұтымды меңгертуде оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының әрекеті-технологияны қабылдауы, оған деген ынтасы, құштарлығына мұғалім тәрпынан көңіл бөлінуі тиіс. Оқытудың жаңа технологияларын бағыттарына қарай жіктеп, төмендегідей топтастыруға болады. Оқыту технологиясы оқу мазмұнын өңдеуге, көлемі мен

мақсатын тұжырымдауға арналған әдістер мен құралдардың жиынтығы болса, екінші жағынан, оқушының оқыту үрдісінде қажетті ақпараттық, техникалық құралдарды пайдаланып, оқушыға оң әсер ету әдістерін зерттейді.

Демек, оқыту технологиясы – педагогикалық әрекеттерді ғылыми-әдістемелік, іс-тәжірибелік негізде нәтижелі болатындай етіп, жоспарлы түрде ұйымдастыру қажет.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- Балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- Баланың танымдық үшін қалыптастыру және дамыту;
- Балаға өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- Баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- Оқу үрдісін оқушының сезінуі т.б.

Ғылыми-қолданбалы бағытта нақты педагогикалық идеялар мен тұжырымдарға негізделген жаңа педагогикалық технологиялар жобаланады; мұғалімдерге педагогикалық технологияларды оқытудың бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Қазіргі әдістемеді технологиялардың бірнеше түрлері бар. Қазіргі таңда технологияны пайдаланып өткізілген сабақтар мен дәстүрлі сабақтарды салыстыру нәтижесі:

Күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғыларды мен теледидарды, компьютерді, интерактивтік тақта мен мультимедиялық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер беретініне әр мұғалім өзі көз жеткізіп отыр.

Оқушылардың функцияналдық сауаттылығын дамыту – оқу процесін ықпал етудегі өмір талабы. Колледждерде оқу-тәрбие үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіледі. Электрондық оқулық оқушыларды ақпараттық технологияны кіші жастан меңгеруге көмектесіп, оқушылардың өз бетімен білімдерін толықтыруларына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда колледж сатысында әрбір пән бойынша деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындауға болады. Оқытудан күтілетін нәтижені негізге ала отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырма түрлерін ауызша, жазбаша тексеру, тапсырма беру, жауапты талдау тапсырмалары, бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмалар, ашық және еркін жауабы бар тапсырмалар, түрлі практикалық сипаттағы тапсырмалар түрінде қарастыруға болады.

Колледжден бастап жеке тұлғаға бағытталған озық педагогикалық технологиялық сабақтар беруі дегеніміз - оқытушының шығармашылық орта қалыптастыруы ғана емес, оқушылардың субъект ретіндегі өмірлік тәжірибесін үнемі назарда ұстауы, сол тәжірибеге сүйенуі. Мен өзім үлкен топқа сабақ бергендіктен, балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін ойын технологиясын пайдаланамын.

Ойын-төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, көп білуді, сондай-ақ басқа да толып жатқан сапалылық

қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістерінің бірі.

Ойын-халық педагогикасының құрамды бір бөлігі. Ұлттық ойындар халықтың элеуметтік - экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанына қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныса отырып, көзіміз әбден жетеді. Ұстаздың өзі – ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта функционалдық сауаттылықты пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әр кез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007./
2. Еркебаева Г.Ф. Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми- практикалық конференция. Шымкент, 2017. – Б.6-9.//
3. Мұғалімге арналған Нұсқаулық. Екінші басылым. ПШО//

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ: ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КЕДЕРГІЛЕР

Л.У. Туктыбаева

Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті

Аннотация. «Жасанды интеллект арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту: технологиялар мен білім беру жүйесіндегі кедергілер» тақырыбы қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің рөлі мен мүмкіндіктерін зерттейді. Бұл зерттеу жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың әдістемелік тәсілдері мен оның тиімділігін қарастырады. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде осы жаңа технологияларды енгізуге байланысты туындайтын қиындықтар мен кедергілер талданады. Оқытушылардың даярлығы, инфрақұрылымның жетіспеушілігі, және цифрлық теңсіздік сияқты мәселелер функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісіне әсер етуі мүмкін. Зерттеу нәтижелері технологияларды тиімді пайдалану арқылы бұл кедергілерді жеңуге және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған ұсыныстарды қамтиды.

Аннотация. Тема «Развитие функциональной грамотности с помощью искусственного интеллекта: технологии и препятствия в образовательной

системе» исследует роль и возможности искусственного интеллекта в современной образовательной системе. В рамках исследования рассматриваются методические подходы и эффективность использования инструментов искусственного интеллекта для повышения функциональной грамотности учащихся. Также анализируются трудности и барьеры, возникающие при внедрении этих технологий в образовательный процесс. Вопросы подготовки преподавателей, нехватки инфраструктуры и цифрового неравенства могут оказывать влияние на развитие функциональной грамотности. Результаты исследования предлагают рекомендации по преодолению этих препятствий и эффективному использованию технологий для повышения функциональной грамотности.

